

QAZAQSTAN RESPUBLIKASYNYŇ BILIM JÁNE GÝLYM MINISTRLOGI
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

М.АУЕЗОВ АТЫНДАǴЫ ОЃТÚСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ҰНИВЕРСИТЕТІ
ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ М.АУЭЗОВА



AUEZOV
UNIVERSITY
1943

«QAZAQTANÝ»

RESPÝBLIKALYQ GÝLYMI JÝRNALY
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC JOURNAL

SHYMKENT
2019



QAZAQSTAN RESPUBLIKASYNYŇ BILIM JÁNE ĞYLYM MINISTRLOGI
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
М.АУЕЗОВ АТУНДАǴЫ ОЏТÚСТИК QAZAQSTAN
MEMLEKETTİK ÝNIVERSITETI
ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ М.АУЭЗОВА

«QAZAQSTANÝ»

respýblikalyq gylymı jýrnaly
республиканский научный журнал
republican scientific journal

I nomer 2019 jyly 21 aqpana ótken
«**ULY DALA ÓRKENIETINIŇ MÁNI MEN QUNDYLYQTARY**»
Halykaralyq gylymi-tájirıbelik konferencıasyna arnalgan

I номер посвящен
Международной научно-практической конференции
«**СУЩНОСТЬ И ЦЕННОСТИ ЦИВИЛИЗАЦИИ
ВЕЛИКОЙ СТЕПИ**»
проведенной 21 февраля 2019 года

I issue is dedicated to the
International Scientific and Practical Conference
«**ESSENCE AND VALUES OF THE GREAT STEPPE CIVILIZATION**»
held on February 21, 2019

SHYMKENT, 2019
ШЫМКЕНТ, 2019

ISBN 978-9965-03-873-0

УДК 378: 008

ББК 74.58

Ұ37

I номер 2019 жылы 21 ақпанда өткен
«ҰЛЫ ДАЛА ӨРКЕНИЕТІНІҢ МӘНІ МЕН ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ»
арналған

I номер посвящен
Международной научно-практической конференции
«СУЩНОСТЬ И ЦЕННОСТИ ЦИВИЛИЗАЦИИ
ВЕЛИКОЙ СТЕПИ» проведенной 21 февраля 2019 года

The first number is dedicated to the International Scientific and Practical Conference
«ESSENCE AND VALUES OF CIVILIZATION OF THE GREAT STEPPE»
held on the 21st of February 2019

Меншік иесі: М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА:

Бас редактор: Қожамжарова Д.П. - М.Әуезов атындағы ОҚМУ ректоры, т.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі.

Редакциялық алқа мүшелері: Нұрманбетов Қ.Ә.- з.ғ.к., М.Әуезов атындағы ОҚМУ бірінші проректоры, Мәжитов С.Ф. - т.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі «Интеллект Эксперт» халықаралық әлеуметтік-гуманитарлық зерттеулерді ықпалдастыру институтының бас директоры, Қапалбекұлы Н.- жазушы, «Бәйдібек баба» республикалық қорының Президенті, Тұрғараев Б.Т. – з.ғ.д., «Жеті жарғы және Қожаберген жырау» халықаралық қоғамдық қайырымдылық қорының директоры, Қабылдинов З.Е. – т.ғ.д., профессор, Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры, Шаяхметов Н.У. – т.ғ.д., профессор, Л.Гумилев атындағы ЕҰУ Еуразиялық зерттеулер кафедрасының меңгерушісі, Артықбаев Ж.О. - т.ғ.д., профессор, Л.Гумилев атындағы ЕҰУ «Археология және этнология» кафедрасының профессоры, Енсенов Қ.А. – т.ғ.к., доцент, ҚРБЖҒМ Ғылым комитетінің «Мемлекет тарихы институты» бас ғылыми қызметкері, Джурсунбаев Б.А. – т.ғ.к., ТарМПУ «Қазақстан тарихы» кафедрасының доценті, Қойгелдиев М.Қ.- т.ғ.д., Абай атындағы ҚҰПУ профессоры, ҚР ҰҒА академигі, Қазақстан тарихшылар ассоциацияның төрағасы, Кәрібаев Б.Б. - т.ғ.д., профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі, ҰҒА корреспондент-мүшесі кафедрасының меңгерушісі, Нұржанов А.Ә. - т.ғ.к., профессор, Ә.Х. Марғұлан атындағы археология институтының жетекші ғылыми қызметкері, Жұмағұлов Б.С. – т.ғ.к., профессор Абай атындағы ҚҰПУ, Тарих және құқық институтының директоры, Турсын Х.М. – т.ғ.д., Қ.А.Яссауи атындағы ХҚТУ «Тарих» кафедрасының профессоры, Қожа М. – т.ғ.д., Қ.А.Яссауи атындағы ХҚТУ «Тарих» кафедрасының доценті, Әбуәкіров С.Ә. – т.ғ.к., ОҚМПУ «Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер» кафедрасының доценті, Исабек Б.Қ. – т.ғ.к., ОҚМПУ «Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер» кафедрасының доценті, оқу және оқу-әдістемелік жөніндегі бірінші проректоры, Мырзахметов М.М.- ф.ғ.д., М.Әуезов атындағы ОҚМУ «Абайтану» ғылыми орталығының директоры, Жанысбекова Г.А. - т.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚМУ «Қоғамдық сананы жаңғырту» жобалық кеңсесінің басшысы, Есеналиев А.Е. –з.ғ.к., доцент М.Әуезов ат. ОҚМУ «Қазақстан халқы Ассамблеясы» арнайы кафедрасының меңгерушісі, Тлеубердиев Б.М. – филолог.ғ.д., профессор, М.Әуезов атындағы ОҚМУ «Филология» факультетінің деканы, Орынтаев Ж.Қ. – з.ғ.к., М.Әуезов атындағы ОҚМУ «Заңтану және халықаралық қатынастар» факультетінің деканы, Әжібеков Қ.Ж. – п.ғ.к., М.Әуезов атындағы ОҚМУ «Педагогика және мәдениет», Қалыбекова А.А. – п.ғ.д., М.Әуезов атындағы ОҚМУ «Жалпы педагогика және музыкалық білім» кафедрасының профессоры, Мәжінбеков С.А. – философ.ғ.к. М.Әуезов атындағы ОҚМУ - «Тәрбие жұмысы және жастар саясаты» департаментінің директоры, Авизова А.Қ. – т.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚМУ «Жалпы тарих және мұражай ісі» кафедрасының профессоры, Анефияев Д.Ә. - М.Әуезов атындағы ОҚМУ заң бөлімінің меңгерушісі, Кәрібаев С.Ө. – т.ғ.к., М.Әуезов атындағы ОҚМУ «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі, Тилеукулов Г.С. - т.ғ.к., М.Әуезов атындағы ОҚМУ «Қазақстан тарихы» кафедрасының доценті, Отарбаева Г.К. – т.ғ.к., доцент М.Әуезов атындағы ОҚМУ «Жалпы тарих және мұражай ісі» кафедрасының меңгерушісі, Әлібек С.Н.- т.ғ.д., профессор, Джунисбаев С.М. - т.ғ.к., доцент М.Әуезов атындағы ОҚМУ «Тарих және этнология» ғылыми орталығының директоры, Рысбаева С.Ж.- с.ғ.к., доцент М.Әуезов атындағы ОҚМУ «Сұраншы бағыр» тарихи тұлғаларды зерттеу орталық басшысы, Мынбаев Н. - т.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚМУ «Тюркология» ғылыми орталығының директоры, Камалдинов Р.А. – т.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚМУ стратегиялық даму және сапаны басқару департаментінің директоры, Шабанов Е.И.- т.ғ.к., доцент. М.Әуезов атындағы ОҚМУ «Халықаралық қатынастар және кеден ісі» кафедрасының доценті, Назарбек Ұ.Б. - доктор PhD, доцент, жауапты редактор, М.Әуезов атындағы ОҚМУ ҒЗБ директоры, Торғаутова Ш.А. - тарих магистрі, техникалық редактор, М.Әуезов атындағы ОҚМУ ҒЗБ бас маманы.

ISBN 978-9965-03-873-0

@Южно-Казахстанский государственный университет им.М.Ауэзова, 2018



КІРІСПЕ СӨЗ

Дария Пернешқызы Қожамжарова

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің ректоры,
тарих ғылымдарының докторы, профессор,
Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының академигі

Құрметті қонақтар және конференцияға қатысушылар!

Сіздерді, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университетінде 2019 жылын ашқан «Ұлы Дала өркениетінің мәні мен құндылықтары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясына қош келіпсіздер!

Конференцияның мақсаты - Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2017 жылғы 12 сәуірдегі «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» және 2018 жылғы 20 қарашадағы «Ұлы Даланың жеті қыры» бағдарламалық мақалаларын насихаттау және іске асыру.

Бүгінгі конференция М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университеті «Қазақстан Халықтар Ассамблеясымен», Шымкент қаласының және Түркістан облысының әкімдіктерімен бірігей ұйымдастырды.

Осы сәтті пайдаланып, Елбасының 2016 жылғы 14 қаңтардағы №173 Жарлығымен бекітілген келе жатқан 1 наурыз – елімізде тұрып жатқан барлық этнос бір-біріне ризашылығын айтатын күн - «Алғыс айту» күнімен құттықтаймын!

«Кеңістік – барлық нәрсенің, ал уақыт – бүкіл оқиғаның өлшемі. Уақыт пен кеңістіктің көкжиегі тоғысқан кезде ұлт тарихы басталады» деп Елбасымыз айтқандай Ұлы Дала өркениетінің маңызы мен құндылықтарын терең түсіну және ауқымды зерттеулерді жүргізуге қазақстандық қоғам бет алды.

Елбасы мақалада: «Қазақстан тарихы да жеке жұрнақтарымен емес, тұтастай қалпында қазіргі заманауи ғылым тұрғысынан қарағанда түсінікті болуға тиіс», «...Ұлы даланың жаһандық тарихтағы орнына тың көзқараспен қарауға. Сонымен бірге ұзақ уақыттан бері біздің жерімізде өмір сүріп келе жатқан көптеген этностарға ортақ Қазақстан тарихы. Бұл – түрлі этностардың көптеген көрнекті тұлғалары өз үлестерін қосқан бүкіл халқымызға ортақ тарих», «...көпқырлы әрі ауқымды тарихымызды дұрыс түсініп, қабылдау, басқа халықтардың рөлін төмендетіп, өзіміздің ұлылығымызды көрсету емес, ең бастысы, біз нақты ғылыми деректерге сүйене отырып, жаһандық тарихтағы Ұлы даладағы өз рөлін байыппен әрі дұрыс пайымдау және Мәңгілік Елге айналу» деп нақтылады.

Елбасы Ұлы Даланың - Түркістан, Отырар, Ұлы Жібек Жолының құндылығын; Ұлы Даланың ұлы есімдері - ойшылдар, ақындар, ел билеген тұлғалар бейнесінің маңызды галереясын қалыптастыру бастамасының жұмыстарын жүйелендіру және жандандыруға ықпалын тигізді.

Осыған орай, конференция өз міндетінде Ұлы даланың ежелгі, ортағасырлық және жаңа тарихтың жаңа деректерімен танысу; Түркі өркениетінің әлеуметтік, саяси, экономикалық, мәдени дамуын зерттеуде заманауи дерек-көздерді талдау және енгізу; тарихи және қоғамдық сананы жаңғырту; гуманитарлық бағытта перспективалық ғылыми зерттеулердің проблемаларын және жаңа бағыттарын талқылау; объективті тәсіл негізінде және жаңа гуманитарлық білімдерді енгізу негізінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүйелендіру; халықаралық көпсалалы топтарды қазақстандық ғалымдармен, шетелдік мамандарды бірге зерттеуге тарту; тарихи сананың қалыптасуына - тарих, филология, педагогика, заң, мәдениет пен өнер саласында жаңа идеялардың таралуын іске асыруда ғылыми-зерттеулерді нығайту мәселелерін күн тәртібіне шығарып отыр.

Осы сәтте М.Әуезов атындағы ОҚМУ 2019 жылы 30 қаңтарда №17493-Ж Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар Министрлігінің Ақпарат Комитетінде тіркеуден өтіп, ресми куәландырылған «QAZAQSTANŪ» - республикалық ғылыми журналында І-ші нөмерінде тікелей жоғарыда айқындалған «ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ» мақаласын насихаттау және іске асыру мақсатында өзекті ғылыми-зерттеу нәтижелерін және бүгінгі конференцияның материалдары жарияланатыны туралы мақтан тұтып, хабарлаймыз.

Төл тарихын білетін, бағалайтын және мақтан ететін халықтың болашағы зор. Өткенін мақтан тұтып, бүгінін нақты бағалай білу және болашаққа оң көзқарас таныту – еліміздің табысты болуының кепілі дегеніміз осы. Қазақстанның қазіргі қоғамына, өскелең өркендер мен жалынды жастар бойында Ұлы Дала өркениетінің маңызы мен құндылықтарына сүйене отырып, патриоттық сезімді ұялататын саяси алаңдағы рөлдері рухани құндылықтарымыздың баға жетпес байлығы екенін еш уақытта ұмытпауымыз тиіс. Бүгінгі конференция негізін құрайтын: Ұлы даланың құндылықтары - Жаһандық тарихтағы маңызы; Ұлы даланың Ұлы мекендері - Отырар мен Түркістан; Мемлекет пен құқықтың қалыптасуы, қазіргі заманның өзекті мәселелері; «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясында тарихи сананы жаңғырту - басты бағыттарын ұстанып

Конференция жұмысымысына сәттілік тілеймін!

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІСТІҢ БАЯНДАМАЛАРЫ

Хазретәлі Маханұлы Тұрсын -

тарих ғылымдарының докторы, Қ.А.Яссауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті «Тарих» кафедрасының профессоры. Түркістан, Қазақстан

Н.НАЗАРБАЕВТЫҢ «ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ» МАҚАЛАСЫНДАҒЫ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ ПАРАДИГМАЛАР

Ұлы дала құндылықтарының жаһандық тарихтағы маңызын айқындау және оны ғылыми ортада орнықтыру үшін ең алдымен қажетті мәселе – ол отандық тарих ғылымының методологиясында ұлттық, мемлекеттік мүддеге сай қазіргі заманғы және әлемдік ғылыми қауымдастық мойындаған ұстанымдар мен қағидаларды орнықтыру болмақ. Тарих ғылымы да өзге ғылым салалары сияқты дамуы мен қалыптасуында іркіліске ұшырататын проблемалардан кенде емес. Кеңес Одағының ыдырап, посткеңестік кеңістікте тәуелсіз мемлекеттердің пайда болуы тарих ғылымының алдына осындай күрделі проблемаларды тосты. Ол проблемалар ең алдымен тарих ғылымның методологиялық мәселелерінен туындайды. Ғылым методологиясы әдетте, саясаттан тыс, қоғамдық өзгерістерге бағына бермейтін консерваторлық, барынша тұрақты мәнге ие болып келеді. Ал тарих ғылымының саяси-идеологиялық функциясы оның методологиясының ұлттық-мемлекеттік тапсырысқа біршама тәуелді болатындығын жоққа шығармайды.

Осы тұрғыда Елбасының мақаласында айтылған «...біздің ұлттық тарихымыздың көкжиегі бұған дейін айтылып жүрген кезеңнен тым әріде жатқанын айғақтайды. Еуропацентристік көзқарас сақтар мен ғұндар және басқа да бүгінгі түркі халықтарының арғы бабалары саналатын этностық топтар біздің ұлтымыздың тарихи этногенезінің ажырамас бөлшегі болғаны туралы бұлтартпас фактілерді көруге мүмкіндік берген жоқ. Сонымен бірге, ұзақ уақыттан бері біздің жерімізде өмір сүріп келе жатқан көптеген этностарға ортақ Қазақстан тарихы туралы сөз болып отырғанын атап өткеніміз жөн» [1] деген тұжырымын кәсіпқой тарихшылар отандық тарих ғылымының методологиясын қалыптастыруға қатысты мемлекеттік тапсырыс деп қабылдайды. Көбіне мемлекеттік тапсырыс, ұлттық мүддеден туындаған сұраныстар тарих ғылымының дамуына елеулі деңгейде ықпал жасайтыны белгілі. Осы жолы да солай болып отыр. Ұлттық идеяға айналған Қазақстанның үшінші жаңғыруындағы адам факторы шешуші маңызға ие болғандықтан да ұлттың рухани жаңғыруы болашақ дамудың бағдарын айқындайтын мәнге ие болды.

Демек, осы кезге дейінгі тарихи танымда үстемдік етіп келген евроцентристік тұжырымның ұлттық тарих ерекшеліктері мен мақтаныштарын көлегейлеп келген постулаттарынан бас тарта отырып, отандық тарих ғылымы методологиясының жаңғырған қағидалары мен ұстанымдарын қалыптастыруымыз қажет.

Елбасының мақаласында тарих ғылымында үстемдік етіп келген евроцентризм тұжырымына ресми тұрғыда сыни көзқарас ұсынылғандығы отандық тарих ғылымының методологиясын ортақ ұстанымдарға топтастыруға бағытталған. Евроцентризмге балама тұжырым - отандық тарих ғылымының мазмұнын мен құрылымына түбірлі өзгерістер орнықтырады. Ортақ, орныққан методологиясыз тарих ғылымының функциялары бірін бірі сүйемелдеудің орнына әрқайсы өз алдына дербес, тұтастығы жоқ салаға айналады. Осы тұрғыда алып қарағанда тәуелсіздік жылдары ғана қалыптасуға мүмкіндік алған отандық тарих методологиясын тұтастандыруда Елбасының «Болашаққа бағдар; рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» мақалаларының маңызы ерекше.

Бұл ғылыми мәселенің теориялық және практикалық деп топтастыратын екі түрлі мәні бар.

Біріншіден: жаңарған, жаңғырған отандық тарих методологиясы ұлттық рухани жаңғыруға қатысты белгіленген мәдени, гуманитарлық және саяси міндеттерді іске асыруға теориялық негіз қалыптастыратын болады. Сол арқылы рухани жаңғырудың мемлекеттік бағдарламасы нақты ғылыми-теориялық тұғырнамамен қамтамасыз етіледі.

Екіншіден: рухани жаңғырудың мәдени және гуманитарлық міндеттерін іске асыру үшін таяу болашақта отандық тарих ғылымы жаңа танымдық кеңістіктерді игеруі, ғылыми ойдың жаңа биіктерін бағындыруы қажет. Бұндай ғылыми-танымдық мақсат «мен өзімді таныдым, енді өзгелер мені танысын» деген ұстанымды басшылыққа алады. Бұл ұстанымда ешқандай да ұлттық даңғойлыққа себеп қалдырмайтын өзек тарихи объективтілікке негізделген методология болмақ. Осы негіз «Ұлы Даланың ұлы құндылықтары» деп лайықты ағай бастаған Ұлы Даланың жеті қырын ұлттық мақтаншыққа айналдыруымызға жеткілікті дәлел бол алады.

Бұл жердегі тарихи сана қалыптастырудың басты міндеті «Көпқырлы әрі ауқымды тарихымызды дұрыс түсініп, қабылдай білуіміз керек. Біз басқа халықтардың рөлін төмендетіп, өзіміздің ұлылығымызды көрсетейін деп отырғанымыз жоқ. Ең бастысы, біз нақты ғылыми деректерге сүйене отырып, жаһандық тарихтағы өз рөлімізді байыппен әрі дұрыс пайымдауға тиіспіз» [1] деген тұжырымдар арқылы нақтылық сипат алған.

Осы кезеге дейін отандық тарих ғылымында тәуелсіз тарихи сана қалыптастыруға тірек, рухани жаңғыруға өзек болатын ғылыми тұжырымдар жасалды және ол тұжырымдар жеткілікті дәрежеде өз дәлелін тапты. Нақты ғылыми деректерге сүйенген ондай тұжырымдарға қазіргі заманғы зерттеу әдіс-тәсілдерін сәтті және үйлесімді қолдану арқылы қол жетті. Отандық тарихтың мазмұнын жаңалау, оның бүтін болмысын ғылыми қалпына келтіру бұнымен шектелмейді. Тарих ғылымы жанды қоғамдық-әлеуметтік үдеріс ретінде үнемі жаңалап, жетілдіріп отыруды қажет ететіндігі белгілі. Жеке, қалыптасқан сала ретінде тарих ғылымының бірнеше функциялары бар. Отандық тарих методологиясының қалыптасуы осы функциялардың аясын кеңейтеді және нақтылайды.

Тарих ғылымының әлеуметтік жад функциясы мифология мен ертегілерден басталып, аңыздар, шежірелер, тарихи жырларда шындалып, қазіргі заманғы зерттеулерде ғылыми тұжырымдалады. Мақалада тарихи сананы жаңғыртуға қатысты айтылған тұжырымдар тарих ғылымының осы әлеуметтік жад функциясының өрісін кеңейтеді. Отандық тарих бойынша «көтерілген мәселелер жан-жақты ой елегінен өткізіп, терең зерделеуді талап етеді. Сондай-ақ, біздің дүниетанымымыздың, халқымыздың өткені мен бүгінгінің және болашағының іргелі негіздеріне тікелей қатысты» екендігін негізге алсақ, онда әлеуметтік жадты бекітудің нақты қадамдары жасалуы тиіс. Ежелгі киелі кітаптардан «Ең алдымен сөз болды» деген тезисті кездестіреміз. Оның мәнісі – ең алдымен идея пайда болады, ол содан кейін барып материалданады дегенді білдіреді. Отандық тарих ғылымындағы әлеуметтік жадтың жоғарыда аталған формаларының барлығы да тілдік, танымдық, тұжырымдық сипатқа ие болып келеді. Айталық, мақалада атап көрсетілген ұлы Даланың жеті қыры ежелгі мифтерден бүгінгі академиялық жинақтарға дейінгі аралықта әлеуметтік жадтан берік орын алғаны белгілі. Отандық тарих ғылымы тәуелсіздік жылдары осы аталған ұлттық брендтердің ғылыми тұжырымын жасай алды. Дәлелдеді, дәйектеді. Ендігі кезекте осы ғылыми-танымдық игіліктер материалдануы керек. Сонда ғана ғылыми ой монументальды сипат алып, тұрақты мәнге ие болады. Бұл жағдай тарихи сананы тәуелсіздік рухында жаңғыртуға ықпал етуші факторға айналдырады. Ғылыми ойдың жетістігіне негізделген тарихи сананың материалдануы тарихи тәжірибені ғана емес, сонымен бірге оның өнегесін де кейінгі ұрпаққа жеткізудің басты шартына айналады.

Тарих ғылымының тәжірибелік-саяси немесе саяси-идеологиялық функциясының

мәні ғылыми негізделген саяси бағытты қалыптастыруға, субъективті шешімдер қабылдауға жол бермеу әрекеттерімен айқындалады. Яғни, қазіргі уақыттағы және болашақта адам өмірін жақсартуда өткен күннің сабақтарын пайдалануға келіп саяды.

Мемлекеттік бағдарламаларға өзек болған «ҚР тарихи сана қалыптастыру тұжырымдамасы» (1995 ж.) еліміздегі тәуелсіз тарихи сана қалыптастырудың негізін қалап берген болатын. Бұл бағыттағы мемлекеттік деңгейде жүргізілген жұмыстар эволюциялық даму жолынан өтті. Әлемде орын алып жатқан жаһандық саяси өзгерістер Қазақстан Республикасының да өз ұлттық идеологиясының бағыт-бағдарына түзетулер енгізуге итермеледі. Осындай әрекеттер барысында елімізде «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы қабылданып, іске асырылды. Бұл бағдарлама ұлтымыздың мәдени-рухани байлығын арттырған ғылыми маңызымен бірге елімізді әлемдік қауымдастықта тамыры терең тарихы бар ұлт ретінде әлемдік қауымдастыққа танытқан аса зор саяси мәнге ие болды.

Ұлттық идеологияда осылайша ғылыми және саяси маңыз алған жетістіктер ендігі кезекте Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» және «Ұлы Даланың жеті қыры» мақалаларында белгіленген міндеттер арқылы ұлт болып іске асыратын және ел болып игілігін көретін қолданбалық сипат алып отыр деп білеміз.

Тарих ғылымының тәрбиелік функциясына Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында жаңа міндеттер жүктелген болса, «Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласында тарих ғылымының тәрбиелік функциясына қатысты атқарылатын нақты жұмыстардың бағыты белгіленді. Отан тарихының әлемдік өркениетке қосқан үлесі – ол ұлттық мақтаныш. Ал ұлттық мақтаныш қай қоғамда да өз отанын сүю, оны қорғау сияқты тәрбиелік құндылықтарға өзек болатындығы белгілі. Мақалада осындай ұлттық мақтаныш сезімдеріне қуат беретін құбылыстар ретінде «Атқа міну мәдениеті», «Ұлы даладағы ежелгі металлургия», «Аң стилі», «Алтын адам», «Түркі әлемінің бесігі», «Ұлы Жібек жолы», «Қазақстан – алма мен қызғалдақтың отаны» [1] деген ұғымдар ұсынылады.

Тарих ғылымының ғылыми-танымдық функциясы жоғарыда аталған функциялардың өзегін құрайды. Кәсіпқой тарихшының ғалым ретіндегі екі миссиясы – жаңалық ашуы және ақиқатты айтуы да мемлекет тарапынан болатын қолдауға тәуелді екендігі жасырын емес. Осы кезге дейін іске асырылған «Мәдени мұра» сияқты мемлекеттік бағдарламалар кәсіпқой тарихшыларға кең мүмкіндіктерге жол ашқандығы сияқты алдағы уақытта да бұл мәселе қарқындап іске асырылатын болады. Мақалада осыған байланысты мемлекет басшысы «Архив - 2025», «Ұлы Даланың ұлы есімдері», «Түркі әлемінің генезисі», «Ұлы Даланың ежелгі өнер және технологиялар музейі», «Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы», «Тарихтың кино өнері мен телевизиядағы көрінісі» атты ірі жобалар арқылы «біздің дүниетанымымыздың, халқымыздың өткені мен бүгінгінің және болашағының іргелі негіздеріне тікелей қатысты» мәселелерді алға тартты. Мемлекеттік деңгейде қолға алынған осындай ірі жобалар тарих ғылымының әлеуметтік жад функциясын бекітуге қызмет жасайтын болады. Жобалар негізінде тарихи тұлғалар туралы көркем және танымдық фильмдер түсіріліп, ежелгі мәдениетіміздің төлтумалығын танытатын және насихаттайтын бірқатар мұражайлар ашу қарастырылған. Сол сияқты ежелгі Отырар қаласының қалпына келтірілуі туристік кластерді дамытумен бірге тарихи сананы жаңғыртуға да қызмет ететін болады. Бұл жобалар киногерлер мен археолог-ғалымдардың осы кезге дейін қол жеткізген жетістіктерін таным нысанына айналдыруына кең мүмкіндіктер беріп отыр. Отандық киногерлердің соңғы жылдары түсірген тарихи тақырыптағы көркем фильмдерінің деңгейі олардың осындай ауқымды міндеттерді іске асыра алатын шығармашылық және техникалық әлеуетін танытады. Ал археологтарымыздың ғылыми жетістіктерін кеңейтуіне де жаңа мүмкіндіктер ашылды деп айта аламыз.

Осы жобалардың арасында Президенттің «Ұлы даланың ежелгі өнер және технологиялар музейін» құру идеясы ерекше назар аудартады. Бұл жоба ұлттық брендке айналған Ұлы Далада өткен күндерде дүниеге келіп, әлемдік өркениетке үлес болып қосылған төлтума өнері мен мәдениетін, ежелгі технологияларды әлемге танытуға мүмкіндік береді. Ұлтымыздың «Алтын адам, жылқыны қолға үйрету, қару-жарақ пен сауыт-сайман дайындау» сияқты материалдық құндылықтары, темір өндіру және өңдеу, мал өнімдеріне қатысты төлтума технологиялар арқылы қазақ тарихы әлемдік өркениетпен сұхбатта болғандығы айқындала түседі.

Ендігі кезекте ғылыми жетістіктерге берілетін саяси баға мәселесіне назар аударайық. Тарихи оқиғалар мен құбылыстарға қатысты жасалған ғылыми тұжырымдар қанша ақиқат болса да саяси бағасы берілмесе, ол қолданбалық мәнге ие бола алмайды. Ғылымда жиі қолдана бермейтін, ұлттың даму бағдарына өзгеріс енгізуді айқындайтын этнодеформация деген ұғым бар. Оның мәні қандай да сыртқы күштердің ықпалымен ұлттық болмыстың жағымсыз өзгерістерге ұшырауы. Бұл жерде модернизация мен этнодеформация ұғымдарын шатастырмауымыз керек. Модернизация – қоғамды оң өзгерістерге бастайды да ұлттық жаңғыруға түрткі болады. Ал этнодеформация керісінше ұлтты дәстүрлі мәдени-рухани, әлеуметтік-экономикалық және саяси болмысынан ажыратып, эволюциялық даму бағдарын күтпеген апатты да азапты арнаға бұрады [2].

Дәстүрлі қазақ қоғамында осы кезге дейін орын алған қандай да болмасын ұлттық қайғы-қасіреттер осы этнодеформация құбылысының нәтижесі болып келді. Евроцентристік тұжырым ықпалынан шығып, тәуелсіз тарихи таныммен жасалған бұл ғылыми тұжырымның мазмұны мынаған саяды: демократиялық бастауларды басып-жаншып, билікті озбырлықпен тартып алған коммунистер орнатқан тоталитарлық билік қазақтың дәстүрлі қоғамының тоз-тозын шығарды. Этнодеформацияның не бір сорақысын жасады. Қазақ жері коммунистік идеяны желеулеткен саяси, әлеуметтік-экономикалық реформалардың сынақ алаңына айналды. Сол реформалардың аясында өткен кәмпеске мен отырықшыландыру, ұжымдастыру науқандары ешқандай да модернизация емес еді. Өйткені, олардың нәтижесі өсу, өну, гүлденумен бірге дәстүрлі мәдениетті, ұлттық құндылықтарды өшіру, жою түрінде қарама-қайшылықты мақсаттарды көздеді. Күштеу тәсілдерімен жүргізілген отырықшыландыру мен ұжымдастыру саясаты – дәстүрлі қоғамның соңғы тірегін – көшпелі мал шаруашылығын және соған байланысты ғасырлар бойы шындалып, қалыптасқан мәдени-шаруашылық типін күйретті. Бір сөзбен айтқанда, қоғам өзгерді, заман өзгерді, заманмен бірге адам өзгерді. Осы революциялық сілкіністерде қазақ ұлтының тапқаны мен жоғалтқаны тең түседі.

Ғылыми танымда ашаршылықтың шынайы себебі әртүрлі түсіндіріліп келді осы кезге дейін. Осы тақырыпты арнайы зерттеген ғалымдар қазіргі кезде 2,2 млн қазақты қырғынға ұшыратқан ашаршылықтың басты себебі ұлтымыздың саяси биліктен айрылып қалуы деген қорытындыға тоқталып отыр. Ғылыми дәйек, дәлелдерге негізделген бұл тұжырым – 1931-1932 жылдардағы Қазақстанда орын алған ашаршылыққа берілген ғылыми баға еді.

Ендігі кезекте – бұл құбылысқа саяси баға берілуі керек. Осы ғылыми тұжырымның материалдануы үшін, оның жасампаздық мәнге ие болуы үшін де саяси баға берілуі керек. Тарихи таным тұрғысында рухани жаңғырудың бір тетігі осы болмақ. Тарихи танымда осы кезге дейін үстемдік етіп келген жауырды жаба тоқып, шындыққа көз жұма қарау Елбасымыз атап айтқандай «мейлінше көнерген, жахандық әлеммен қабыспайтын» арылуға тиіс әдеттер мен дағдылардың біріне айналып отыр.

Қорыта айтқанда, Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында көтерілген мәселелерді одан әрі ұшқырлап, нақты міндеттер белгілеп берген «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы отандық тарих методологиясына тың тұжырымдар ұсынады және тарих ғылымының алдына үлкен міндеттер жүктейді және

осы бағыттағы зерттеулерге кең тыныс ашады. Мемлекеттік бағдарламаға айналатын тарихи сананы жаңғыртуға байланысты ұсынылған жобаларды болашаққа жасалған нық қадам деп бағалауға болады.

Асқат Ералыұлы Есеналиев

заң ғылымдарының кандидаты, доцент «Қазақстан Халықтар Ассамблеясының» арнайы кафедрасының меңгерушісі.

М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

«ҚАЗАҚТАНУ»

ҒЫЛЫМИ-АҒАРТУШЫЛЫҚ ЖОБАСЫ ЕЛ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ТІРЕГІ

"Қазақтану" басылымы Ел Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың өткен 2018 жылғы сәуір айының 27-де өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының 26 сессиясында ұсынған "Қазақтану" жобасы аясында қазақ мәдениетінің тарихын, философиясын, ұлттық құндылықтарын насихаттауға бағытталған бастама. "Қазақтану" жобасы Қазақстанда тұрып өмір сүріп жатқан ұлттармен ұлыстарды бірлікке бастайтын қадам, осы бойынша біздің дәріс беретін оқушыларымыз аудандарға, алыс жатқан ауылдарға барады. Негізгі мақсат - ортақ құндылықтарымызды қалыптастыру арқылы Қазақстан халқын біріктіру. Оның негізінде қазақ халқының құндылықтары жатыр. Қазақтар әрқашан да біріктіруші болған. Бұны Елбасы әрдайым айтып отырады. Қазақ халқының қадір-қасиетінің арқасында Тәуелсіздік жылдары елімізде этностық ерекшелікке байланысты бірде-бір қақтығыс болған емес. Осыны сақтауымыз керек. Оған жастар да белсене қатысуда. Айта кету керек, жобаны жүзеге асыру барысында осы жастарға ерекше назар аударылмақ. Сондықтан, оларға арналып "Жаңғыру жолы" жобасы қолға алынады. "Қазақтану" жобасы аясында бірқатар бағыттар бойынша жұмыстар жүргізілмек. Олар ғылыми-ағартушылық, мәдени-көпшілік сипатқа ие. Ұлы даланың киелі жерлері де кеңінен насихатталмақ. Ең бастысы - бізді қазақ тілі, қазақ ұлты біріктіреді.

Қазақстандағы саяси-қоғамдық ахуал тұрақты. Еліміздегі этносаралық татулық мен қоғамдық келісім көпке үлгі. Бұл халықаралық деңгейде мойындалған. Ассамблея да - бірегей институт. Дегенмен, бұл бағыттағы жұмыстарды жүйелі түрде жалғастырған жөн. Ол үшін қазақ ұлтының мәдениетін, тілін, салт-дәстүрін біріктіруші құрал ретінде қабылдау керек. Себебі қазақ ұлты еліміздегі барлық игі істердің бастамашысы. Сондықтан "Қазақтану" жобасы қолға алынды.

Қазақтың тарихы, Қазақстан мемлекеті біріктіреді деген идеология ғой. Оның ішінде біздің қатысуымыз - Қазақстанның киелі жерлері. Бұл да бұрыннан келе жатқан тарихи, мәдени нышандар, бұл да елді біріктіреді. Тұтас тарих, тұтас ұлттық сана-сезім сонда қалыптасады. "Қазақтану" жобасы 3 жылға жалғаспақ. Оның аясындағы шараларды әртүрлі форматта өткізу көзделіп отыр. Сондай-ақ, жоба мақсатына жету үшін жаңа ұсыныстарға да жол ашық. Бұл Жобаға этно мәдени өкілдерін шақыру қажет.

2014 жылдың 17 қаңтарында Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев кезекті халыққа жолдауында: «Бір жыл бұрын мен еліміздің 2050 жылға дейінгі дамуының жаңа саяси бағдарын жария еттім. Басты мақсат — Қазақстанның ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылуы. Ол — «Мәңгілік Қазақстан» жобасы, ел тарихындағы біз аяқ басатын жаңа дәуірдің кемел келбеті», - деп бастады. Бұл орайда елең еткізген жаңалық — тұңғыш мемлекеттік ресми идеология, яғни «Мәңгілік Ел» идеясының жариялануы. Бұл — Қазақстан Республикасының ұлттық идеясынан келген түйін-тұжырым. Мәңгілік Ел отандастардың бірегей тарихи мақсаты

мен қаһармандық ұраны десек қателеспейміз. Аталған идея қазақ елінің ғасырлар бойы армандаған мақсаты ғана емес, Тәуелсіздік жолындағы жанқиярлық еңбегі мен тынымсыз шығармашылығының нәтижелері арқылы қол жеткен асу. «Мәңгілік Ел» ұғымын тереңнен түсіндіру, тарихи негіздерін көрсету мәселелері маңызды болып табылады.

Ұлт тарихы мен ұлттық идеяның өрістеуін ұлы тұлғаларсыз, кемел ой иелерінсіз көзге елестету мүмкін емес. Ұлттың рухани және материалдық құндылықтарын сақтап, адамзат өркениетінен қалыс қалмау жолдарын, тұтас бір ұлттың өмірлік философиясын негіздеп беру осы көшбасшылардың құзырында болған.

Еліміз егемендігін алғаннан бері қарыштап алға басуда, Елбасымыздың кезекті жолдауы дағдарыс кезеңімен тұспа-тұс келуде. Елді елеулі етіп тұғырында ұстай алатын көреген басшы мен оның соңынан ере білген кемеңгер халық. Біздің мақсат дағдарыстан шығып қана қоймай, дамыған 30 елдің қатарына кіру. Бұл тек бір ғана адамның қолынан келетін ісі емес, бұл көптің бірлікте болып тірлік етуі, алдағы жылдар қазақ елі үшін аса үлкен белестер болмақ, мақсатқа жету, еңбектің жемісін жеу оңай болмақ нәрсе емес, ол уақытты, еңбекті қажырлықты, қайсарлықты, табандылықты, төзімділікті қажет ететін нәрсе, біз болашаққа қажымас қайрат пен талмас еңбектің арқасында уақытты ұтымды пайдалану арқылы жетпекпіз. Бұл іс жалғыз ғана бір тұлғаның ісі емес, көпшілік елдің ісі, бұл жолдарда ұлтымыздың тағдыры шешілмек.

Жобаның өзектілігі: Осыдан 13 ғасыр бұрын түркі жұртының данагөй қайреткері Тоныкөк негізін қалаған «Мәңгілік Ел» идеясы бүгінде Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың ерен патриотизмінің арқасында қазақ елінің яғни «Ұлы Дала Елінің» басты ұранына айналуда. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Мәңгілік Ел» идеясының бір ауыздан бүкіл қазақстандықтар тарапынан қолдау табуы осының басты айғағы. «Мәңгілік Ел» идеясы қазақ ұлтының мақсат-мүддесімен қатар елімізді мекен еткен ұлттар мен ұлыстардың ортақ идеясына негізделген жалпы ұлттық идеология. Яғни, «Мәңгілік Ел» идеясының түп қазығы – қазақстандық патриотизм. Қазақстан халқы Ассамблеясының «Қазақтану» жобасын Оңтүстік Қазақстан облысынан бастап белсенді түрде жүзеге асыру қажет. Қазақстан халқы Ассамблеясының «Қазақтану» жобасын Оңтүстік аймақ Түркістан облысы мен Шымкент қаласынан бастап белсенді түрде жүзеге асыру қажет.

3. Жобаның негізгі мақсаты: Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың биылғы халқына жолдаған «Мәңгілік Ел» идеясы жолдауын бұрынғы өткен бабалардың билік жолдарымен, елге ірі өзгеріс әкелген реформаларымен салыстыра саралап, жолдаудың қазіргі сәттегі құндылығы мен оның іске асу барысын жіті назарға алып, ел болып елеулі іс атқарудың маңызын айқыштап, халықты жасампаздық пен еңбекқорлыққа негіздеп тапсырылған істерінің іске асуы. Қазақ халқының басынан өткен қилы-қилы кезеңдерінің тарихына шолу жасай отырып, ұлы тұлғалардың рухты тағылымдарын зерделей келе, ата-бабаларымыздың тәуелсіздік жолындағы ерлік үлгісін, ел Тәуелсіздігінің 27 жылындағы жеткен бірегей табыстарымызды жете түсіндіру арқылы Елбасының ұйымдастыру көрегендігін, бейбітшілікті, ұлттық татулықты мақтанышпен айта отырып, шығармашылық жобаны қорғау.

4. Жобаның барысы: Жолдау! Талдау! Қолдау!

5. Жобаның міндеттері:

1. «Қазақтану» жобасы «Қазақ» елін мәңгілік ел ету жолында елеулі үлес қосқан ұрпақтарының саяси жолдарын зерделеп, өткенінен өнеге алып, болашаққа нық қадаммен жылжу.

2. «Қазақтану» жобасы ел Президентінің халыққа жолдауын–дұрыс саралап, болашаққа бағыт бағдар алып, халқына дәріптеп, барынша қолдау білдіру.

3. «Қазақтану» жобасы баланың бойына ұлттық мұраны сіңіру жолдарын терең зерттеу, талдау.

4. Жобаның басты шарты - қазақтың әбеп-ғұрып, салт дәстүрі мен тілінің баланың бойына сіңіру жолдарын тәсілдерін жетілдіру жолдарына жаңашыл бастамалар жасау.

6. Жобаны жүзеге асыру аясындағы ұсыныстар:

1. «Қазақстандағы тұрақтылық мемлекет құрушы ұлтқа, яғни, қазаққа тікелей байланысты. Өйткені, бүгінде басқа ұлттар қазақты терең танып, тілін білсе, қазақ дүниетанымын, тарихын оқып білетін болса, ол

2. халықтарды біріктіреді. Біздің қоғамымыздағы қарама-қайшылықтың көбісі ең бірінші қазақ тілі мен тарихын, қазақтың мінезі мен сана-сезімін, мәдениетін білмегендіктен туындап жатады. Шын мәнінде біз мемлекет құрушы ұлт, халықтың көпшілігі болғандықтан, ұлтымыздың асылын жұртқа таныту қазақтар үшін өте маңызды болуы керек. Сондықтан, бұл «Қазақтану» жобасы – өзге ұлт өкілдері мен қазақтың арасын жақындату, бір ұлтты кеңірек тану тақырыбындағы көлемді жұмыс. Әрине, Қазақстандағы этностар мен қазақтар өзара танысып, бір-бірінің тарихта жүріп өткен жолына қанығып, татулық пен бірлікте өмір сүрсе, елде үнемі тұрақтылық болмақ. Бір-бірін тану, түсінуге ұмтылудың өзі халықтарды жақындастырады. Қазақтың ұлттық құндылығын, дәстүрін насихаттау, қазақтың киелі жерлері арқылы қазақты тануға қызығушылық тудыру – қазақтану жобасының негізі. Сондықтан да біз осы жобаны толықтай қолдап отырмыз. Бұл жобаның мақсатына қазақтың болмысы мен дәстүрін елімізде тұрып жатқан түрлі этностар мен кейбір қазақтардың өздеріне таныстыру да енген. Себебі қазір кей қазақтың өзі салт-дәстүрді біле бермейді, бір салтты әр аймақта түрліше ұстанатынын да көріп жүрміз. Ал «Қазақтану» – тал бесіктен жер бесікке дейін орындалатын дәстүрлерімізді, қазақы тәрбиені насихаттаудың, күнделікті тұрмыста атқарып жүрген салт-жоралғының бірізділігін табудың жолы, тетігі ғой».

3. Естеріңізге сала кетсек, жоба аясында еліміздің қасиетті жерлерін аралау мен лекторийлер өткізу жоспарланған. Бұл – уақытша науқан ғана емес, осы салада жүрген мамандардың күнделікті жұмысы. Сондықтан, қазақтың дәстүрін, мәдениетін өзгелерге танытып, тілді насихаттау сынды жұмыстың барлығын кешенді түрде жүзеге асыру көзделген. Елімізде бір жағынан мемлекеттік тіл саясаты орындалып жатса, бұл жоба «Рухани жаңғыру» бағдарламасының аясында ұлттығымызға қосымша дем беретін шара.

Қазақстан халқы Ассамблеясының «Қазақтану» жобасы бүкіл халықты шоғырландыратын ортақ құндылықтарды қалыптастыруға, қазақтың тарихын, мәдениетін, философиясы мен этикасын дәріптеуге бағытталған. «Біз ортақ тарих, азаматтық бастаулар негізінде қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірліктің қазақстандық үлгісін одан әрі жетілдіруге күш салып, елімізді гүлдендіруге атсалысу.

7. Қорытынды

Қорыта айтқанда ел ертеңі көреген басшы мен кемеңгер халқының негізінде болмақ басшысына бағына алған халық пен халықының мүдесінен шыға алған басшысы бар ел мәңгілік болмақ! Елбасымыздың «Қазақтану» жобасы өзінен бұрын өткен бабалар реформасы мен мақсаты бір болғанымен мағынасы мен жүйесі жағынан зор айырмашылық жасайды. Бабаларымыз халқын ауызбіршілікпен алға бастырып, әдет-ғұрпымен руханиятын шыңдап, заңдарымен ел бүтіндігін жер амандығын қорғап отырса, Елбасымыз сындарлы саясатымен өз халқын дамыған елдердің қатарына қосып, басқа елдермен терезесін тең етіп, бақытты да шадыман тірлікке жеткізу, бұл дегеніміз бабалар арманымен мақсаты мен маңызы бір, мәні мен жүйесі бөлек іс.

Елбасы бастаған істі ел де қолдамақ, біз секілді ұрпағы жалғамақ. Ол ұлы міндет. Сол үшін біз ұрпақ мәңгілік ел болмақ үшін мәңгілік тілдің өрісін кеңейту үшін «Қазақтану» жобасын жүзеге асыру парыз іс.

Құлбек Сәрсенұлы Ерғобек

филология ғылымдарының докторы, профессор, Шымкент, Қазақстан

АЛТЫН ОРДА ЖӘНЕ ОТЫРАР ӨРКЕНИЕТИ

Тарих тереңіне көз жіберейікші. Түрік қағанаты (Ү-ҮІІІ ғ) дүниені тітіреткен ұлы империя! Өзара ынтымақ таппады. Ыдырады. Ұйғыр қағанаты пайда болды. Дәуірледі. Өзара ынтымақ таппады. Ыдырады. Қарлұқ мемлекеті пайда болды. Өзара ынтымақ таппады. Ыдырады. ХІІІ ғасырда Шыңғыс хан империясы пайда болды. Бұл екінші Түрік қағанатының дәуірлеуі еді. Жер-дүниені өзіне бағындырды. Бағындырған Жер-дүниені ұлдарына билікке бөліп берді. Құбылайы Қытайға әмірін жүргізді. Әмірін жүргізді де қытайланып кете барды. Өзгесі Түрік қағанаты жерінде. Яки бүгінгі Ресей жерін қоса айтқанда алып жер біздің бабаларымыздың бір кезгі байтақ атамекені. Бір атаның балалары өзара ынтымақ таппады. Ыдырады. Шыңғыс хан қағандығы ыдырады.

Бабаларымыз Алтын Орда хандығын (қағандық) құрды. Оның Бату Сарай, Сарай (Сарайшық), Сығанақ сияқты астаналары, Түркістан, Отырар, Шаш (Ташкент), Баласағұн сияқты бас қалалары болды. Сырдария өзенінің жоғары ағысында Ақтөбе атымен төрт қала танымал. Бірі Шардара су қоймасының астында қалды. Оны кезінде Москвалық Максимова, Вайнберг бастаған археологтар асығыс та болса қазып үлгерді. «Древности Чардари» аталатын археологиялық кітап қалдырды олар. Екіншісі әлі күнге қайтқан кісіні қоятын қорым. Шындығында қорым астында қаншама қабатты Ақтөбе 2 қаласы жатыр. Үшіншісі дарияның арғы бетінде. Күні бүгін Ақтөбе аталады. Төртіншісі бірде Ақтөбе, кейінгі аты Көксарай аталып дарияның арғы беткейінде көлбей түсіп жатыр. Бұлар обаға айналған төбелер. Сырдарияның ортаңғы, төменгі ағысы түгел осындай Алтын Орда қалаларының қирандылары. Ол аз болса, Қарақұм мен Қызылқұм арасы толы бір-біріне жалғасқан (Жібек жолы) Алтын Орда кезінде бой көтерген кенттік өркениет қирандылары! Алтын Орда кезінде қисапсыз мол қала салынған деген пікірді айтқан шығыстанушы ғалым, тюрколог Массон. Осыған жақын пікір өзбек ағайынның этногенезін жазған Эрматов еңбегінде де бар. Профессор Бейсембай Кенжебайұлы Алтын Орданың дәуірлеген заманында 110 қала салынған дейді. Шамасы Бартольд, Тизенгаузен мәліметіне сүйеніп айтады-ау. Алтын Орданы Өзбек хан билеген заман. Тәңірілік дін орнына мұсылман діні батыл ене бастады. Араб дүниесі түріктерге Шыңғыс хан кезінде ислам дінін ұсынған. Қауіп ойлағаны. Қауіптің алдын алғаны. Шыңғысхан сұрайды:

- Ол дінді кім шығарған?
- Мұхамед пайғамбар!
- Ерекшелігі неде?
- Құдайды қапысыз мойындау!
- Тәңірінің Құдайдан несі кем?
- Құдай жоқтан пайда болмайды.
- Оны кім айтты?
- Мұхамед пайғамбарға түскен кітап.
- Мүмкін мен Тәңірі жіберген пайғамбар шығармын...
Қысқасы, Шыңғыс хан исламды қабылдамайды.

Ұрпағы Өзбек хан ислам дінін қабылдады. Ясаудің сопылық ілімі жетті Алтын Ордаға!

Діналмасу оңай процесс емес. Алтын Ордада алауыздық туды. Бір тайпа ел ақырын жырылып бүгінгі Самархан алабына кетті. Ол атырапты Байсын атаушы еді. Олар өздерін Өзбек хандығының адамдарымыз деп атады. Ықшамдалып көшпелі өзбектер аталып кетті жүре-бара. Олар Хорезмдік отырықшы елдің үстіне келіп килікті. Өзара қақтығысты,

бірақ, біртіндеп сіңісті. Малшаруашылығымен айналысатын бір парасы бүгінгі Қашқардария, Сухандария атырабына ойыса тіршілік кешіп жатты. Бұл процестер өзбектің көрнекті тарихшысы Бөрібай Ахмедовтің «Государство кочевых узбеков» (Фан 1965 ж.) аталатын кітабында тамаша айтылған.

Алтын Ордадан тағы бір тайпа ел жырылып Қаратау асып, Жиделі атырабына жайғасты. Олар бірде қайсақ, бірде киргиз аталып жүретін бүгінгі қазақтар еді. Қазақтардың этногенезін жазған тарихшы Мұсатай Ақынжанов. Советтік идеология сорын қайнатып бекітпей тастады. Олар да Өзбек ханның қол астында жасаған тайпалар болатын. «Алпамыс батыр» жырында айтылатын «Жиделі-Байсын елі» - бүгінгі өзбектер мен қазақтар! «Алпамыс батыр» жырын біресе қазақтікі, біресе өзбектікі деген алыпқашпа сөздің туу сыры осында! Қазақ пен өзбек екеуі бір ұлттың екі тайпасы ғана. «Алпамыс батыр» жыры екеуіне де, тіпті қарақалпақ, татар, башқұрт, алтай халықтарына ортақ – ең көне, архаикалық ұлы эпос. Керек болса жалғыз тұтастану цикліне ұшыраған алып эпос «Манастың» өзі «Алпамыс батыр» жырының бір сағасы деп ойлаймын. Өйткені, Алпамыс жырының алтайлықтардағы нұсқасы «Алып Манаш» аталады.

Түрік халықтары этногенезін ортақ қарастыратын еңбектер - Бартолдтың мақала, монографиялары, С.Камаловтың «Қарақалпақтары», С.Амбрамзонның «Қырғыздары» ара-кідік Б.Ғафуровтың «Тәжіктер» аталатын сүбелі еңбектері!

«Алтын Ордада» алауыздық күшейе берді. Есесіне Түркістан жерінде Темір әмірлігі пайда болды. Ол «Алтын Орданың» ханы Тоқтамышпен, Османлы сұлтаны Баязитпен ынтымақтаса алмады. Ынтымаққа шақырып Едіге батыр жүр арада. Ыдыраған елдің берекесі кететін әдеті. Ақыры ендігі күшті Қытайға саламын деген ойдағы Әмір Темір онсыз да ырықсыздықтан әлсіреп, шайқалып тұрған Алтын Орданы шапты, Еуропаны тітіретіт ұстап тұрған Баязитті тізе бүктірді. «Сен соқыр мен ақсақ екеуміз тіл табыса алмай түрік ықпалын әлсіреттік-ау»-депті. Жеңерақыға айтылған сөз! Жеңімпаздың сөзіне сын болмайтын әдеті. Сын болмады. Есесіне түрік ынтымағы ыдырап, түріктің бағы тайған заманға айналды.

Алтын Орда орыстан алым-салық алып келсе, енді алым салық төлейтін елге айналды.

2018 жылы Бату сарайға сапарладық. Ғылыми экспедиция! Хажы Тархан (Астрахан) аймағында. Отырар төбе секілді төбе. Жанынан Еділ өзені ағып жатыр мөлдіреп. Бізге лайланып, ағысы бәсеңсіп жетеді-ау. Көне жыраулар үні келеді құлаққа: «Еділді алғаны, Етекке қолды салғаны...» «Дүние ғаламды шарлай жүріп Алтын Ордадай су өзі ағып келіп кіріп, қолданыстан кейін ағып шығып кететін мұндай ғаламат қаланы көрмеппін»- жиһанкез Ибн Баттута таңқалып жазатын Алтын Ордаңыз міне, осы! Өзі жоқ. Жоқ деген дұрыс емес шығар. Қираған. Жер астына түскен. Көз алдымызда үйіндісі ғана. Көз жасыңды жұтасың.

Алтын Орда руханияты тіпті ғажап.

АЛТЫН ОРДА РУХАНИЯТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ДӘСТҮРІ

Бүгінге дейін салғырт қарап келе жатқан бір мәселе – Алтын Орда руханияты. Алтын Орда бүгін түріктің тарихында айырықша із қалдырған ұлы кезең. Кеңестік 70-80 жыл беделінде Алтын Орданы тарихта айтқызбады. Ключевский, Соловьев, Карамзин сынды орыстың ұлы тарихшылары еңбегінде Алтын Орда айтылар еді. Жан-жақты талқыланар еді десек те жарасады. XIX ғасырдың екінші жартысында басыла бастап XX ғасыр басына жете аяқталатын Эфрон, Бракагуз энциклопедиясында, Гранат энциклопедиясында, Южаковскийдің энциклопедиялық сөздігінде Алтын Орда өзінің тарихи бағасын алады. Ол кезең әлі Кеңес үкіметі орнамаған кез. XX ғасырдың 1925 жылынан бастап ғылым саясатқа бағынды. Бағынайын дей ме? Бағындырды қызыл көз большевиктер. Ғылым саясиланған соң ол ғылымнан әділдік, тазалық күту қиын-ақ. Күні кешеге дейін орыс саясатшы тарихшылары Алтын Орданы орысты күйретуші мемлекет ретінде трактовка жасап келгені әмбеге аян. XXI ғасырда орыс тарихшылары (саясаттан іргесін аулақ салған

тарихшылар) Алтын Орданы орыс мемлекетін қалыптастырушы тарихи фактор ретінде қарай бастады. Бұл енді дұрыс көзқарас. Бірақ олар Алтын Орданы түрік халқына қимақ емес. Тек орыстық еткісі келеді. Бір қиырдан бір қиырға қарай ұйытқу дегеніміз осындай-ақ болар асылы.

Ұлы орыстық бұл пиғыл қай қырынан алып қарасаң да дұрыс емес. Біріншіден, Алтын орданы құраған ру-тайпалар бүгінгі түрік халықтары құрамында. Олар кезінде Алтын Ордадан енші алып бөлініп шыққан ру-тайпалар. Екіншіден, Атақты түріктанушы профессор Бейсембай Кенжебайұлының: «Қазақ халқының құрамына енген рулар ежелден, арғы заманнан осы күнгі Орта Азияны, Қазақстанды, Орталық Азияны, шығыс-оңтүстік сибірді, орта, төмен Еділді, Каспий жағалауларын мекендеген. Сол жерлерді ертеде мекендеген көптеген түрік, монғол руларымен, кейін әзербайжан, түрікпен, қарақалпақ, өзбек, қырғыз, ұйғыр, ойрат, тува, хакас, башқұрт, татар халықтарының құрамына енген ру-тайпалармен бірге, кейде қатар жасаған. Солардың біразымен кейде жауласып, қақтығысып, соғысып; кейде одақ құрып, қыз алысып құда болып, әскери топ жасап, анда болып жүрген.»[1]-дейтіні сондықтан. Тіпті былай деп те ой сабақтайды: «тегі ерте уақыттарда арғы, бергі тарихтарда аталатын скиф, ғұн, қаңлы, сақ, сармат, алан, қарлұқ, хазар, оғыз, құман – бәрі де есте жоқ ерте замандардан Орталық Азия мен Византия аралығын мекендеген түрік, монғол рулары, солардың әр кездегі ру-ұлыстық, түрлі бірлестік, құдандалық аттары» [2] Көріп отырмыз, түрік ру-тайпалары Алтын Орда ғана емес, одан арғы дәуірлерде де байтақ кеңістікті жаулап алған, меншігіне айналдырып қоныстанған, түрлі шаруашылық саласын жүргізген, тіпті қала салған. Осыдан шығарып айтсақ, Алтын Орда дәуірінде түріктер сол ғажайып өркениет үлгісі болып табылатын мемлекетті құраған. Алтын Орда тұтасымен түрік мемлекеті. Қала салған деп қалдық. Арғы тарихты айтпағанда Алтын Орда дәуірінде шаһардың неше атасы салынған екен. Атақты зерттеуші Массон ол кезде мыңдаған қала салынған дейді. [3]. Профессор Б.Кенжебайұлы: «Қазақ рулары түгелдей өмір бақи көшіп жүрмеген, Маркс айтқандай, ерте уақыттан жартылай көшпелі болған. Яғни бірқатары көшпелі, бірқатары отырықшы боп өмір сүрген. Қыстақты, кентті, қалалы жерлерді мекендеген, солардың маңында тұрған». [4] дейді. Қазақ ғалымы Р.Бердібай Алтын Орда кезінде бабаларымыз 110 қала салған деп ұстазы Бейсекең ізімен Алтын Орда қалалары санын нақтылайды. [5]. Қала салған жерде мәдениет гүрлеп өседі. Қала салудың өзі сәулет өнерімен сабақтас жататын мәдениет үлгісі. Венеция жиһанкөзі Марко Полоның Алтын Ордада болған кезінде дүние-ғаламды аралап жүріп үйді-үйіне тұтынатын су өзі кіріп, өзі шығып кететін мұндай өркениет биігіндегі қаланы көрген емеспін [6]-дейтіні де көп жәйтті аңғартады. Мұндай пікірді Ибн Баттутадан да кездестіреміз. Бірінің көргенін екіншісі көрмес деймісіз?! Көрген!

Екіншіден, Алтын Орданың тілі бүгінгі түрік тілдерінің атасы. Ата-бабамыз пайдаланған тіл – берісі Алтын Орда тілі, арғысы түрік қағанаты ру-таңба тілі. «Ерте кездерде Қытай, Рим арасын мекендеген көптеген ру-тайпалар, шамамен айтқанда, IX ғасырға дейін қоғамдық дамудың ру-ұлысытық сатысында болды. Соған лайық олардың тұрмыс-тіршілігі, шаруашылығы, тілі, мәдениеті, әдебиеті болады.

Бірте-бірте халықтың наным-сенімі, ұғым-әдеті, салт-санасы, даналығы пайда болады; халық түрлі таңба, өнер, жазу-сызу ойлап шығарады» [7]. Бүгінгі ғылым дәлелдегендей, біздің байырғы бабалық тіліміз Түрік қағанаты заманынан келе жатқан түрік тілі. Түрік тілі Алтын Орданың мемлекеттік тілі.

Үшіншіден, Алтын Орда тілінде көл-көсір руханият жасалған. «Меру, Самарқан, Үргеніш, Бұхар, Пенжікент, Отырар, Тараз сияқты үлкенді-кішілі қалалар, кенттер мәдениет орталықтары жасалған. Оларда керамика, тоқыма, зергерлік сияқты әртүрлі қолөнер кәсібі, астрономия, математика сияқты ғылымдар дамыған; сурет, сәулет, музыка өнерлері өрістеген, ілім таратар бай кітапханалары болған.» [8]. Демек, Алтын Орда

дәуіріне дейін де, Алтын Орда тұсында да, кейін де түрік руханияты жасалған. (Алтын Орда дәуірі кезеңінде Өзбек хан мұсылман дінін кіргізуіне байланысты сурет өнері аздап тоқыраған деген де пікір бар.) Және Алтын Орда руханияты тек Орта Азия жерінде ғана жасалмаған. Араб діні (ислам) кіруіне байланысты, араб тілінде Араб елдерінде де жасалған Алтын Орда руханияты. Әйгілі түріктанушы Әмір Нәжіптің айтуына қарағанда көптеген руханият (олардың ішінде қыпшақ тілінде жасалған) Египетте жасалыпты. [9] Қазақ түріктануы басында тұрған профессор Бейсембай Кенжебайұлының «Осыдан бірқатар оқымыстылар осы күнге дейін Орта Азия мен Қазақстанда бұрынғы уақыттарда жасалған мәдени, әдеби үлгі- нұсқаларды арабтікі деп, жергілікті халықтардан шыққан кейбір жазушылар мен ғалымдарды араб жазушысы, араб ғалымы деп көрсетеді, түрік текті халықтарды өз мәдениеті болмаған деп кемітеді» [10]-деп жазады.

Ілгеріде тамаша түрколог (Ә.Марғұланның, С.Мұқановтың ұстазы) В.В.Бартольд та: «Бағдад шаһарында мұсылман елдерінің көптеген әдебиетшілері мен ғалымдары болған, олардың басым көпшілігі Таяу Шығыс пен Орта Азиядан еді»- [11] деп жазғаны мәлім.

Бүгіндері оннан астам Фараби, оншақты Тарази, Сығанакилер ғылым дүниесінде мәлім бола бастады. Араб дүниесі ғалымдары да ол ғалымдарды түрік ру-ұлыстары ғалымдары екенін айтады. Араб тілді түрік ғалымдары шығыстық ренессанс жасады. Ғылымның бар саласын аса биік өреге көтерді. Бұл саладағы Фарабилер, Синалар, Бирунилер, Таразилер аты белгілі тарихта. Жасаған ғылымдары да әлемдік деңгейде мойындалған. А.В.Буткевич, М.С.Зеликсон «Мәңгілік календарлар» (Вечные календари) [12] аталатын зерттеуінде көне тас календарлардан тартып ортағасырлық Орта Азия оқымыстылары жасаған календарға дейін тарата әңгімелегенде түрік оқымыстылары жасаған үлгінің мәнін әлі де жоймағанын айырықша айтады. Осындай ойды қазақ зерттеушісі Мыңбай Исақов «Халық календары» [13] (Қазақстан 1980 ж.) да айтады. Тіпті ол бұл пікірін А.В.Буткевич, М.С.Зеликсоннан бұрын айтқан екен. [14] Бұл календарлар да ренессанстық сипатқа ие деген сөз! Демек, Алтын Орда дәуірі руханияты да түрік халықтарына барынша ортақ. Ол руханият дүниелері рухы, тілі жағынан бүгінгі түрік тілдеріне барынша түсінікті. Біріне аз, біріне көп те шығар түсініктілігі. Түрік тілдерінің бәріне дерлік барынша түсінікті. Тіл психологиясына бір кіріп алса ұлы түрік жұртының баршасы да еркін түсіне алады.

Төртіншіден, Алтын Орда дәуірінің руханияты сақталып жеткені бар, сақталмағаны – уақытында кең таралғаны бар, олар дәстүр туғызған. Алтын Орда руханиятының дәстүрінің таралуы да қызық. Шығыс оянушылығы – ренессанс аталады. Көп уақытқа дейін еуроцентризм әсерімен Батыс оянушылығы кеңінен айтылып келді де, шығыс оянушылығы айтылмай үнсіз қалды. Адам Мецтің «Мұсылман ренессансы» [15] (1970), шығыстанушы (жапонтанушы) Н.Конрадтың «Батыс және Шығыс» [16] (1971) аталатын еңбектерінен кейін шығыс ренессансы ұғымы кеңірек етек ала бастады. Мәселе шығыстанушылар конгресінде кеңінен айтылатын болды. Шығыс ренессансы Батыс ренессансынан бұрын пайда болғаны белгілі. Ол көне Қытай, көне үнді мәдениеттерін айналып араб дүниесіне өтеді, одан Орта Азия жеріне жетеді. Айталық әл-Фараби, Ибн-Сина, әл-Бируни ренессанс жемісі. Шығыс ренессансы Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымы арқылы бүкіл Орта Азияға таралады. Әлішер Новои арқылы күшейіп Абай өңіріне өтеді. XIX ғасырдың екінші жартысында оңтүстік өңірінде, Сыр бойында жасаған шайырларды қамтиды. XX ғасыр басында Сарыарқаға Түркістан ақын-шайырлары арқылы өріс алады.

Алтын Орда кезеңінде қандай руханият туды? Дәстүр түзетіндей соншалықты өркениетті ме еді ол руханият?

«Көрсетілген әдеби, ғылыми шығармалардың бірқатары түрік, ұйғыр, шағатай тілдерінде, бірқатары бұрынғы түрік, шағатай, араб тілдерінде (көбірек шағатай тілінде) жасалған. Ал, шағатай тілі араб, парсы сөздері араласқан, араб, парсы тілдеріндегі

кітаптар стиліне түскен түрік тілі, түрік ру-тайпаларының кітаби тілі еді.

Осы күні бірқатар ғалымдар шағатай тілі жөнінде әртүрлі пікір айтады: бірі оны Орта Азия мен Қазақстанда жасалған бір тайпаның - өзбек тайпасының тілі еді дейді, енді бірі – шағатай тілі қазақ ру-тайпаларына мүлде түсініксіз тіл болған еді дейді. Мұның бәрі әбес, жаңылыс.

Себебі, «Өзбек тайпасы, өзбек хандығы тарихта ХҮ ғасырдың жиырмамыншы жылдарында, Алтын Орда мемлекеті ыдыраған кезде пайда болды» (Б.Ахметов. Государство кочевых узбеков. М., «Наука», 1965, стр 5.) Ол басқа жақтан ауып келмеді, ежелден Орта Азия мен Қазақстанды мекендеген, Алтын Орда қол астында болған көптеген ру-тайпаларынан іріктеліп, бөлініп шықты.

Ал, шағатай тілі Орта Азия мен Қазақстан жерлерін мекендеген ру-тайпалардың кітаби тілі ретінде өзбек тайпасы, өзбек хандығы пайда болғаннан көп бұрын, аталған жерлерді арабтар жаулап алғаннан бастап жасала, қалыптаса бастаған болатын. Сол өлкедегі ру-тайпалардың бәріне ортақ, бәріне түсінікті тіл болатын. Тіпті ХІ ғасырда нағыз шағатай тілінде жасалған Рабғузидың «Хисса-сұл-әнбия» деген кітабын алсақ, оның тілі сол дәуірдегі қазақтарға ғана емес, бүгінгі қазақтарға да түсінікті. (Б.К. 89 бет).

Шағатай тілі дегенде ғалым терминдік атауын айтып отырған жоқ. Кейін шағатай тілі аталып кеткен көне түрік тілін айтып отыр.

Д.Ж.Қасымова: «В лингвистике до сих пор нет единого мнения относительно основы чагатайского языка, его генеалогии. Ряд узбекских ученых (А.Усманов, В.Захидов и др.), а также русские советские тюркологи А.М.Щербак, В.В.Решетов считали, что чагатайский и староузбекский – это один язык. «Узбекский язык рассматриваемого периода (XIV-XVI вв.) мы называем староузбекским. Найменование «староузбекский» является относительно новым. Старая тюркологическая традиция избегала его и пользовалась другим найменованием – «чагатайский», особо подчеркивая при этом книжный, сугубо литературный характер последнего» (Щербак А.М. Грамматика староузбекского языка. М-Л., 1962. с.12)

Г.Ф.Благова: «При трактовке узбекского литературного языка как «единой линии развития», без какого бы то ни было разрыва, на протяжении пяти веков (а при теперешнем понимании, с включением в «древнеузбекский» языка енисейско-орхонских надписей, на протяжении почти десяти веков) не придается значение собственно структурным отличиям современного узбекского литературного языка от «чагатайского»...» (Благованың еңбегін кейінгі кітаптарынан қарау керек.)

Она отмечает, что в исследованиях узбекских авторов исчезает даже термин «древнеуйгурский», или «караханидский», «золотоордынский», тогда как известные тюркологи отмечали «о преемственности литератур и литературных языков государства Караханидов – Золотой Орды – Чагатаева улуса». (Д.Ж.Қ.с.279)

«ссылаясь на А.Н.Кононова, она подчеркивает его высказывание о том, что «под чагатайским» (равно как и «староузбекским») языком всегда понимали письменный (книжный) литературный язык, который явился не «мастерской» переработкой какого-то одного диалекта, а восходит к нормам и традициям старых литературных языков Средней Азии – караханидского (X-XII вв., Кашгар) и золотоордынского (XII-XV вв., низовья Сыр-Дарьи и Хорезм)...» (Д.Ж.Қ. 279 б.)

Зікірия Заманханұлы Жандарбек

тарих ғылымдарының кандидаты, дінтанушы

Қ.А.Яссауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті
«Тарих» кафедрасының доценті, Түркістан, Қазақстан

«ШЫҢҒЫС ХАН РИСАЛАСЫ» - ТҮРКІСТАНДА ЖАЗЫЛҒАН ТАРИХИ ШЫҒАРМА

2013 ж. басында осы жолдардың қос авторы және Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетінің Түркология ғылыми-зерттеу институтының директоры, философ. ғылым докторы Досай Кенжетай үшеуіміз Ордабасы ауданы, Төреарық елді мекеніне сапар шегіп Үсенхан Жамалханұлы Тұрсынбай отбасында Тоғай мен Әліақбар хандардың ұрпақтарымен кездестік. Сол жерде Әліақбар ұрпағы - Жанысбек Оразханұлы қолында сақтаулы тұрған қолжазбамен танысып оны фотосуретке түсіріп алдық.

Бұл қолжазбаны Тоғай ханның інісі - сұлтан Әліақбар Түркістан қаласында мұсылманша 1228 жылы / біздің қазіргі санауымызша шамамен 1813 ж. жаздырған екен. Ол жөнінде қолжазбада мынадай хабар бар: «Таммат ар-рисалату Чингиз хан фи тарих санати 1228. Бу дана ‘ала йад ‘Абд аз-За‘иб, фақир ал-хақир ақл мин ал-қатим фи балдати Туркистан. Хамит ал-афат уа-т-тафсан би-л амри ‘Али Акбар султан зафар нишан Қарабаш Мұхаммад султан». Қазақшасы «Осымен 1228 жылы Шыңғыс хан рисаласы аяқталды. [Бітіріп] бүтіннің бөлшегін қолға берген бейшара, міскін. Түркістан қаласы. Жаздырушы Али Акбар сұлтан Қарабас Мұхаммет сұлтанның ұлы». Қолжазбаны жазған ретінде мына бір кісіні тануға болатын сияқты. Оның есімі Абд Рахим Узканди. Яғни қазіргі Қызылорда облысындағы байырғы Өзгент қаласының тумасы. Осы кісінің аты жөні соңғы парақтың сол жағындағы жиекте жазулы тұр.

Әлекең ұрпағы қолында сақталған қолжазба «Шыңғыс хан рисаласы» деп аталады, яғни Шыңғыс хан әулетінің шежіресі болып табылады. Тарих үшін маңыздысы мұнда қазақ хандарының шежіресі біршама тарқатылған. Әрине бұл қолжазбаны тарихи тұрғыдан көп зерттеу керек. Онда Шыңғыс ханнан тарататын шежіре дұрыс басталып Шыңғыс-Жошы - Сайын - Тоқай Темір болып басқа деректермен сай келеді. Тарих ғылымында қазір қазақ хандарының шығу тегіне байланысты екі түрлі пікір қалыптасқан. Олардың бірі қазақ хандарын Тоқай Темірден, екіншісі Орда Еженнен таратады. Құрбанғали Халид «Таурих Хамса» атты еңбегінде «әйтсе де Тоғай Темір тұқымынынан көп кісі билікке жетке» деп көрсетеді. Расында көптеген билеушілер, Қырым, Қажы Тархан хандары осы Тоқай Темірден тараған. Түркістанның соңғы ханы Тоғай хан есімін осы Жошының ұлы Тоғай немесе Тоқай құрметіне қойылған деп болжам айтуға болатын сияқты.

Сонымен қатар басқа деректерде кездеспейтін мәліметтер де бар. Солардың бірі Тоғай мен Әліақбардың Жәнібек ханға апаратын шежіресі. Шежіреде «Әзиз Жәнібек хан. Оның ұлы Жәдік хан. Оның ұлы Шығай хан» делінген. Бұл тарих ғылымы анықтаған фактілерге сай келеді.

Жәнібектің тоғызыншы баласы Жәдік болғаны мәлім. Алайда Жәдік хан дәрежесіне көтерілгені жөнінде мәлімет жоқ. Оны шығыс деректерде сұлтан деп аталады. Бірақ белгі шежіреші Құрбанғали Халид оны хан деп атайды. Сондықтан бұл мәселені де тереңірек зерттеу керек. XVII ғ. тарихшысы Қадырғали би Жәдіктің шайқаста қайтыс болғанын жазады және оның қабірі Үргенч қаласындағы Бақырған атада деп көрсетеді.

Жәдік ханның ұлы Шығай да қазақтың белгілі хандарының бірі еді. Өзбек ханы

Абуллаға көмек бергені үшін ол Ходжент жерлерін иеленді. Әлекең ұрпағы қолында сақталған қолжазба - «Шыңғыс хан рисоласы» бойынша «Шығай хан Самарқанд ... жатыр» екен. Бұл да зерттеушілер тексеруге тиіс мәлімет. Себебі Қадырғали би Шығай хан Бұхара қаласы қасында қайтыс болған, оны Күміскент деген елді мекенге қойғанын хабарлайды. Т.И. Сұлтанов ол шамамен 1580-1582 жж. билік құрған деп санайды.

Шығайдың ұлы атақты қазақ ханы Есімхан Тоғай мен Әлиақбардың арғы бабасы болып табылады екен. Шежіреде «... Шығай хан. Оның ұлы Есім хан. Оның ұлы – Жәңгір хан. Оның ұлы Тәуеккел Мұхаммет бахадүр хан. Оның ұлы – Әли шах. Оның ұлы – Шах Мұхаммет бахадүр хан. Оның ұлы – Шах Саййид бахадүр хан. Оның ұлы – Қарабас Мұхаммет сұлтан. Оның ұлы – Әлиакбар сұлтан» деп көрсетіледі.

Шежіреші Құрбанғали Халид «Ишм (Есімхан) ұзын бойлы, денелі кісі болған соң «Еңсегей бойлы ер Есім» деп дәріптеледі екен. Орыс ханның қызыл туы осының қолында қалған» деп жазады Құрбанғали Халид «Таурих Хамса» атты еңбегінде.

Соңғы кезге дейін Есім хан Түркістанда жерленген деп жазып келдік. Әлекең хан ұрпақтары қолындағы «Шыңғыс хан рисоласы» бойынша «Ишим хан Ташкандта Шайх ан-Тахур бабада», яғни Есімхан қабірі атақты Шайхантауырда жатқан болып шықты. Есімхан Түркістанда жерленді деп санауға ХХ ғ. басында жарияланған хабарлар негіз болған еді. Соның ішінде ХХ ғ. басында Түркістанда болған М.Е. Массонның жазбасы еді. Есім атты қазақта бірнеше хан болғаны мәлім. Тарихта осындай есімі, аты ұқсастықтан көп шатасу туып отыр. Таяу арада белгілі тарихшы Е.В.Ерофеева бізге ХVIII ғ. атақты Абылай ханнан басқа бірнеше Абылай болғаны жөнінде тарихи құжаттар таптым деген болатын. Тарихи шындыққа жету оңай шаруа емес. Тарихи ақиқатқа тек барлық деректерді өз ара салыстыру, сараптау арқылы жетеріміз анық.

Атақты Есімханның Ташкентті өзіне бағындырғаны мәлім. Кейбір деректерде оның қасында шайхантауырлық қожа болғаны, ол ханның сенімді кісі болғаны, оны елшілікке жібергені айтылады. Осы қосалқы мәліметтер Есім ханның Ташкенте жерленді дегенге қарсы келмейтін сияқты. Ташкент бір кездері Қазақ хандырының ордасы, астанасы болғаны тарихи шындық. Н.В. Кюнер аударған қытайдың бір дерегінде мынадай хабар барын еске алуымыз қажет: «... казахский аймак считает столицей Ташигань (Ташкент), однако его князья и ханы зимой летом имеют свое место кочевья. Когда умирают, то их (прах) возвращается для погребения в Ташигань». Шығыстанушы Т.И. Сұлтанов Есімхан шамамен 1590-1613-14 жылдары бірінші мәрте, 1627-1628 жж. екінші мәрте аға хан болғанын көрсетеді.

Ал Есімханның туы қандай түсті болған екен? Бұл жөнінде шежіреші Құрбанғали Халид: «Ишм хан ұлы Жәңгірхан, ұлы Тәуке хан бір әйелден жеке. Мұның ұлы Полат хан, ұлы Әбілмәмбет хан, ұлы Әбіл Файыз хан қызыл тулы төрелердің бабасы» деп хабар береді. Осы мәліметтер Тәуке ханнан тараған ұрпақ қызыл ту ұстаған деп болжауға негіз береді. Құрбанғали Халид «Полат баласы Әбілмәмбетке қызыл ту беруп, өз орнына қойып, Абылайға жасыл ту беріп, кейбір тайпаларға уәли қойған. Соңынан Абылай хан өз қабілетімен орта жүздің бәріне, ұлы жүздің көбіне, кіші жүздің біразына ие болып, жалпы төре атаулыдан басым келген себепті, үш жүздің ханы деп аталған. Жасыл тулы төрелердің бабасы болады. Білетіндер осы үш тудың бәрі Орысханнан дейді» - деп жазады. Осыған мәліметтерге қарағанда Тәуке хан ұрпағына жататын Тоғай мен Әлекең хандар қызыл түсті ту ұстаған деп жорамалдауға болады.

Әлекең хан ұрпақтары қолындағы «Шыңғыс хан рисоласы» бойынша «Жахангир хан, Тауаккал Мұхаммад Бахадур хан, Шах Мұхаммад Бахадур хан Түркістанда йатқан», яғни «Жәңгір хан, Тәуеккел Мұхаммет бахадүр хан, шах Мұхаммет бахадүр хан Түркістанда жатыр». Бұл қазіргі зерттеушілердің аталған хандардың Түркістан қаласында жерленген деген пікірімен сай келеді. Шежіредегі «Жахангир ханымыз» атақты Жәңгір хан. Ол 1629-1652 жылдары билік еткен деп санайды Т.И.Сұлтанов.

«Тәуекел Мұхаммет бахадүр хан» деп атақты Тәуке ханды атаған, ол оның төл аты болған. «Тәуекел Мұхаммет бахадүр хан» деп құжаттарды кұәландыратын жеке мөрінде жазылыпты. Әлекең хан ұрпақтары қолындағы қолжазбада кездесетін тағы бір аса маңызды тарихи мәлімет - Тәуке ханға Исфахан патшасының мылтық жіберу туралы хабар: «Исфахан патшасы Шах Сүлеймен Тәуекел Мұхаммет бахадүр ханға сексен мылтық, сексен қылыш, екі тоғыз арғымақты сыйға тартты. Бәрі алтындалған». Зеңбірек-мылтықпен қаруланған қалмақтармен соғысып жатқан қазақ ханына осындай аз да болса қару сыйлау үлкен көмек еді. Бұл Тәуке ханның халықаралық абыройы жоғары екенін көрсетеді.

Тәуке хан билік басына 1651-52 жж. келіп 1715 ж. дүние салған екен. Шежіреде «Оның ұлы Әли шах. Оның ұлы – Шах Мұхаммет бахадүр хан» делінеді. И.В. Ерофеева Тәукенің екі баласын атайды. Бірі Болат, екіншісі Семеке. Әли шах деген баласын білмейді. Мүмкін ол Болаттың мұсылманша аты немесе бізге белгісіз болып келген ұлы болса керек.

Ал тарихи зерттеулерде Шах Мұхаммет бахадүр ханды әдетте Семеке деп атайды. Ал ол жоғарыда айтқандай Тәуке ханның баласы. Яғни Әлекең хан ұрпақтары қолындағы «Шыңғыс хан рисаласы» шежіресінде көрсетілгендей Тәукенің ұлы Әли шах, ал оның ұлы – «Шах Мұхаммет бахадүр хан», яғни Семеке деу қате. Семеке Тәукенің немересі емес, төл баласы болған. Ерофеева деректер негізінде Шах Мұхаммет бахадүр хан, яғни Семеке хан билік басына 1724/25 жж. келіп 1737/38 ж. қайтыс болған деп көрсетеді.

«Шах Саййид бахадүр хан» тарихи әдебиетте әдетте Сеит деген атпен белгілі болған, ол Семекенің үлкен баласы. Одан басқа Семекенің Есім деген кіші ұлы белгілі, ол XVIII ғ. орта белімен 1798 ж. аралығында Түркістанда билік жүргізген. Түркістандағы Есімхан кесенесі дегенде Семекеұлы Есіммен атақты Шығай ұлы Есіммен шаттастырып жүруіміз мүмкін. Ал Семекеұлы Сеит шамамен 1741-1745 жж. аралығында Түркістанда хан болғанын И.В. Ерофеева көрсетеді. Кейде билікті Әбілмәмбет ханмен бөліскені туралы хабарлар бар. Семекенің үлкен баласын не себепті осылай аталғаны қолжазбада көрсетіледі: «Шах Саййид ат қою себебі, аналары Ташкенттің әек пірінің қызы еді. Саййид аты осыған байланысты қойылды». Ол дәуірде сеіт қожаның қызын алу үлкен мәртебе болған. Сеіттер Мұхаммед пайғамбардың ұрпағы болып саналған.

Сеіттің ұлы Қарабас Мұхаммет сұлтан екен. Алайда И.В. Ерофеева Қарабас сұлтанды Санхай сұлтанның баласы, Кушықтың немересі деп санайды. Біздің пікірімізше осы қолжазбаны жаздырып отырған Әлекең сұлтан арғы бабаларын шатастырса да тұған атасына келгенде ақиқатын жаздырған деп ойлаймыз.

Қарабас сұлтан туралы бір хабар казак атаманы Дмитрий Телятников пен сержант Алексей Безносиковтың Ташкент билеушісі Жүнісқожаға 1796 ж. мамыр айы мен -1797 ж. шілде айында барғаны туралы журналында келесі хабар кездеседі. 15 маусым күні Созақ елді мекені қасында Ташкент кереуенінен Карабас сұлтан бастаған 30 шақты қарулы қазақтар келіп алым-салық талап еткені жазылады. Онда Карабас қоңырат болысыны сұлтаны деп көрсетіледі.

Қарабас сұлтанның екі баласының аты тарихқа мәлім. Атақты Майлықожа өз жырына қосып атап кеткен Тоғай хан мен Әліакбар ағайынды еді :

Әліакбар інісі Тоғай ханның

Атасы бір, анасы басқа болған.

Сәкеұлы Зейлабдин, Адамүсілімұлы Өскенәлі жазған «Қараспандық төрелердің шежіресі» атты 2010 ж. жарық көрген кітапта Қарабас сұлтанның жеті бала тарайды. Ал Тоғай ханнан бірақ ұл көрсетіліпті. Ал жоғарыдағы Майлықожаның айтуынша


«Тоғайханнан Бұхарда қалған ұл бар

Мусрапжаны болмады малға құмар».

Атақты ақынның Бұқарада біраз ілім-білім алып тұрғанын ескерсек бұл дерекке

сенуге болады. Әліакбар шамамен 1858-1860 жж. біртоп қазаққа хан болып шамамен 1860 ж. қайтыс болды деп санауға негіз бар.

Қорыта келе тарих ғылымы белгілі болып тұрған қолжазба - Әлекен сұлтан тапсырысымен жазылған «Шыңғыс хан рисаласы» аса маңызды тарихи дерек. Біріншіден, осы уақытқа дейін мына тарихи шығарманы мына қазақ ханы не сұлтаны өз тапсырысымен жаздырыпты дегенді білмейтін едік. Енді бізде нақты тарихи құжат, қолжазба бар. Бұл Әлекен сұлтан тапсырысымен жазылған «Шыңғыс хан рисаласы». Екіншіден, басқа деректерде кездеспейтін қазақ билеушілері, олардың жерленген жерлері, Тәуке ханның Исфаханмен байланысы туралы мәліметтері қызықты. «Шыңғыс хан рисаласында» кейбір шатасуларға бой бергенмен кейінгі қазақ хандары мен сұлтандардың шығу тегі, шежіресі туралы жайлы жазғандары құнды. Әрине ондағы мәліметтерді басқа деректермен мұқият салыстырып тексеріп отыру керек. Тағы бір назар аударарлық нәрсе аталған тарихи шығарманың Түркістан қаласында жазылуында. Қорыта айтқанда ту басы мен шежіре-қолжазба қазақ тарихы үшін құнды дүниелер тобына жатады.



«Шыңғыс хан рисаласы» атты қолжазбаның бірінші беті

Калыбекова Асма Ахметовна

доктор педагогических наук, профессор,

Южно-Казахстанский государственный университет им.М Ауэзова, г.Шымкент,

Казахстан академик Академии Гуманитарных Наук Республики Казахстан

НАРОДНЫЕ ОБЫЧАИ И ТРАДИЦИИ КАК ОСНОВА ДУХОВНОЙ КУЛЬТУРЫ МОЛОДЕЖИ

Выступая на торжественной церемонии открытия Года молодежи, Президент Нурсултан Назарбаев подчеркнул: "Программа "Рухани жаңғыру" и статья "Ұлы даланың жеті қыры" нацелены на духовную культуру молодого поколения. Я хочу, чтобы вы гордились своей страной, хорошо знали ее историю и уверенно смотрели вперед".

"Нашу историю обязательно должна знать молодежь",- считает наш Президент Нурсултан Абишевич. Таким образом возникает необходимость глубокого знакомства молодежи с духовными ценностями своего народа, с его национальной культурой, обычаями и традициями. Мы должны всемерно содействовать тому, чтобы все граждане Казахстана с гордостью заявляли о себе как о представителях интеллектуальной, образованной и единой в своем многообразии нации. Для этого всем нам необходимы вера, мудрость и терпимость друг к другу. В итоге такой многогранной и целенаправленной работы наш общий казахстанский дом становится богаче от развития и взаимообогащения различных культур. Казахстанцев должно объединять общее желание построить государство, в котором высшей ценностью признаются человеческая личность, права и свободы каждого гражданина вне зависимости от национальной принадлежности. И кто бы куда ни поехал, говорил с большой гордостью и достоинством: "Я- казахстанец."

Культура, народные обычаи, традиции, становятся сегодня базовой основой воспитательно-образовательного процесса. Большую часть жизни ребенок проводит в семье, и долг пап и мам, бабушек и дедушек - привить ему нравственные качества. А вот союзниками родителей в процессе воспитания станут детский сад и школа, точно так же опирающиеся в своей работе на народную мудрость и традиции. Многовековой опыт показывает, что культура межнационального общения, преемственность традиций, уважительное и бережное отношение к народной мудрости уходят своими корнями в этнопедагогику. Воспитание человека в современных условиях вряд ли возможно без учета психологического склада народа, его обычаев и ценностей. У казахского народа было много традиций, облагораживающих жизнь. Они проявлялись и в отношении к природе, и в устном народном творчестве, и в удивительных народных ремеслах, и в красоте одежды. У казахов очень тщательно продуманы ритуалы, обряды, которые сопровождают человека с рождения до смерти. Все они очень красивы по форме, имеют глубокий смысл и воспитательную роль. К примеру, в юрте четко распределены места - где кому сидеть, существуют правила, как встречать гостей. Все это вырабатывалось из поколения в поколение.

Важнейшее место в народном этическом кодексе занимает, например, такое понятие, как почитание старших. Уважение к ним внедряется в сознание как высший принцип, следуя которому можно достичь успехов в жизни и завоевать авторитет народа. "Слово старца - мед", "Слово старца - лекарство", "Как отблагодаришь отца, так отблагодарят дети тебя." Эти пословицы служат подтверждением того, что люди пожилого возраста олицетворяют мудрость, они хранители житейского опыта. Идея воспитания у подрастающего поколения чувства ответственности за заботу о родителях в старости лежит в основе понятий - "қара шаңырақ", "кенже ұл".

Существуют правила, которым должны следовать дети по отношению к старшим:

перед старшим не проходи – вырастишь, никто уважать тебя не станет, не вмешивайся в разговоры старших и не подслушивай, выйди и не мешай, иначе станешь глухим, со старшими всегда разговаривай на «вы». Старшие в свою очередь проявляют заботу о детях, стараясь в непринужденной обстановке, в процессе общения с ними передать свои знания. Без их участия не обходится ни одно семейное торжество, к ним молодые обращаются за советами, их мнением дорожат, стараются обеспечить им спокойную старость. Знания об этикетном поведении дети получали от родителей.

Заслуженным уважением пользуется женщина-мать. Многие источники свидетельствуют о том, что существует культ матери. «Родичей много, а мать одна», «Ребенок без отца – наполовину сирота, ребенок без матери – полный сирота», «Трижды на себе мать в Мекку сvezи – с материнским долгом не считаешься».

Многие обычаи, традиции, ритуалы казахского народа по существу стали неписанными законами воспитания, своего рода моральным кодексом семьи в нашей стране, ибо в них выкристаллизовался вековой опыт воспитания молодежи в семье. Народная мудрость не только содержит ценные мысли о воспитании ребенка, о формировании его личности, о привитии юному поколению любви к труду, благородных нравственных качеств, светлых идеалов, тонких эстетических чувств и вкусов, но и указывает, в каком возрасте, какими приемами и методами следует прививать эти благородные человеческие качества.

Обычаи и традиции, ритуалы, пословицы, поговорки, сказки оказывают воспитательное воздействие не сами по себе, а при условии, если родители личным примером в семье поддерживают принципы и идеи, выраженные в них. Каждая поговорка, пословица, каждый ритуал, обычай, если они разумны, правильно применимы, соответствуют духу и традициям казахской семьи, если они понятны и близки сердцу детей, становятся прекрасным поучительным нравственным уроком.

Ум - понятие универсальное, и содержание следующей притчи тому подтверждение. "Как -то раз Жиренше повстречал девушку, которая сидела под морозящим дождем. Сняв платье, она накинула его на собранный кизяк. Путника эта картина заинтересовала, и он спросил: "Милая, почему ты сняла одежду? Промокнешь же". На что девушка ответила: "Агай, я из бедной семьи. Скоро отец вернется с работы, а таким образом я решу все проблемы - и кизяк останется сухим, и одежду высушу, и обед приготовлю". Жиренше был восхищен умом, проницательностью столь юного создания".

Удастся ли кому-нибудь найти в стране казах, который не поймет русского языка, и совсем наоборот - людей другой национальности, не знающих язык земли, на которой живут, родной для них земли - таких очень и очень много.

Основой нашего единства и прогресса Президент страны Н.А.Назарбаев назвал сбалансированную языковую политику, в частности, им было подчеркнуто, "что за прошедшие годы в нашем обществе произошло осознание роли казахского языка как фундамента, на котором строится все здание нашей государственности и сближения". Во всех национально-культурных центрах нашей области организована и не первый год проводится работа по изучению государственного языка. ведь только зная свои национальные "корни", уходящие вглубь веков, можно воспитать у детей и молодежи уважение к достоянию прошлого, искреннюю любовь к родной Земле и вырастить из них настоящих истинных патриотов своей Родины, которые сохранят и бережно передадут накопленные знания будущим поколениям.

Многое из того, что происходит в последнее время в нашем обществе, вселяет надежду, что наступит время, когда особенно острой будет потребность в массовом приобщении молодого поколения к идеям народной педагогики казахов. Элементы старинной обрядности все активнее включаются в сегодняшние обычаи и ритуалы.

Сейчас заметны движение и интерес молодежи к народным обычаям и традициям своих предков, к исконно национальному музыкально-поэтическому, хореографическому, изобразительному творчеству, к народным казахским костюмам, жилищу, к народному миропониманию. Все это следует рассматривать как стремление к духовному возрождению. Главное – не упустить этот момент. Помочь подрастающему поколению узнать «свои корни», развить интерес и потребность к истории своей национальной культуры – вот в чем задача всех, кто призван воспитывать, и, прежде всего, работников образования и культуры.

В реализации и использовании идей народной педагогики нуждаются не только представители многочисленных народов, населяющих многонациональный Казахстан, но и сами казахи, в силу разных причин не владеющие родным языком. Используя обычаи, традиции, всю духовную культуру нашего народа, родители, педагоги, воспитатели могут постараться привить подрастающему поколению знания о сложившихся веками традициях и обрядах казахского народа, переплетенных ярким орнаментом пословиц и поговорок, постичь всю самобытную красоту и мудрость народного гения, над которым не властны ни время, ни суровые жизненные обстоятельства, развить чувство гордости за героические свершения своих предков. Ведь только зная свои национальные «корни», уходящие вглубь веков, можно воспитать у детей и молодежи уважение к достоянию прошлого, искреннюю любовь к родной Земле и вырастить из них настоящих истинных патриотов своей Родины, которые сохранят и бережно передадут накопленные знания будущим поколениям.


Мұхтар Қожа

тарих ғылымдарының докторы, археолог
Қ.А.Яссауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті
«Тарих» кафедрасының профессоры. Түркістан, Қазақстан

ОТЫРАР АЛҚАБЫНДАҒЫ ҚАЛАЛЫҚ МӘДЕНИЕТТІҢ ДАМУ ДИНАМИКАСЫ

XX ғ. мен XXI ғ. басында археологтар тапқан жаңа ескерткіштер мен табылымдар, оларды талдау нәтижелері Отырар алқабындағы қалалық мәдениеттің дамуын реконструкциялауға мүмкіншілік береді. Отырар қаласының тарихын тануда негізінен 1970 ж. Қазақстан Ғылым академиясы құрып Кемел Ақышев басқарған Оңтүстік Қазақстандық кешенді археологиялық экспедицияның Отырарда жүргізген кең көлемді қазба материалдары қызмет етеді (Акишев, Байпаков, Ерзакович, 1972; Акишев, Байпаков, Ерзакович, 1981; Акишев, Байпаков, Ерзакович, 1987). Отырардың ортағасырлық дәуірдегі даму кезеңдерінің мәселелері К.М. Байпаковтың, Л.Б. Ерзаковичтың мақалаларында (Байпаков, 1976, с. 11-14; Ерзакович, 1990, с. 28-30; Ерзакович, 1992, с. 177-182) қаралғанмен Отырар алқабындағы қалалық мәдениеттің пайда болуы мен даму тарихы біртұтас үдеріс ретінде әліде қарастырылмаған. Жинақталған материал негізінде Отырар алқабындағы қалалық мәдениеттің дамуын келесі кезеңдерге бөліп қарауға болады.

I кезең. Отырар алқабы б.э.д. соңғы ғасырларда және б.э. бірінші ғасырлары Сырдарияның орта ағысы Орта Азия тарихында маңызды роль атқарған көшпелі Кангха /Қаңлы/ иелігінің бір бөлігі болды. Кангха /Қаңлы/ иелігінің тұрғындары жергілікті көшпелі халық болды. Көшпелі қаңлыларды алдыңғы сақ-массагет тайпаларының тіке ұрпағы деп санауға негіз бар. Осы кезде Сырдария аңғарында хұндардың болғанын



айғақтайтын материалдар кездеседі. Осы дәуірге жататын қалалық өркениет жәдігерлері Отырар алқабының шетінде Сырдарияның сол жағалауынан табылып отыр. Сырдарияның байырғы арнасы аймағында Шаншар-Асаршық және Аққорған қалашықтары орналасқан. Қалашық жоспарлары геометриялық сипатта, жер бедерінде мұнаралар орындары анық оқылады. Шаншар-Асаршық қалашығы бетіндегі көтерме керамика б.э.д. I ғ. жатады (1-сурет). Аталған қалашық Кангха иелігінің астанасы болуы мүмкін (Қожа, 2007, 81-82, 91-94 бб.)

1-сурет. Шаншар қалашығынан табылған керамика.

II кезең. Б.э. бірінші ғасырлары Отырар алқабының орталық бөлігінде отырықшы, егінші - мал шаруашылықты, археологиялық әдебиетте отырар-қаратау мәдениеті деп белгіленген мәдениеттің елді мекендері пайда болады. Оларда анық фортификациялық құрылымдар байқалмайды. Олардың сыртқы пошымдары орналасқан жер бедерін қайталайды.

Отырар алқабы б.э. бірінші ғасырлары белсенді түрде шаруашылық тұрғыдан игеріле басталды. Елді мекендер тұрғындары кешенді түрде егіншілікпен мал шаруашылығымен айналысты. Егін егу үшін көктемгі су жайлатын жерлерді – кейін суы тартылатын ұсақ көлшіктер табаның немесе жал үйіп су жинаған орындарды пайдаланды. Бұл жерлерде ылғал жақсы сақталды, өзеннің суымен келетін құнарлы топырақ жиналды. Уақыт өте арналардан су алатын қарапайым арықтар қазыла бастады, ескі арнаны жасанды түрде көтеріп су жинау, су қоймаларын жасап егінге су апару қолға алынды.


Отырартөбенің стратиграфиялық шурфында IV-VI ғғ. жататын құрылыс деңгейінен кейін тағы 3,5 м қалыңдықтағы мәдени қабаттың болуы (Отырар қалашығының ең төменгі қабаты б.э. бірінші ғасырларына жататынын, Отырардың негізі антикалық дәуірде қаланғанын айғақтайды. Бірінші ғғ. жататын әріп таңбалары бар ыдыстың Отырар өңірінде табылуы тұрғындардың жазу білгенін көрсетеді (2-сурет). Отырар алқабының тұрғындарын ерте темір дәуірі көшпенділерімен байланыстырып тұратын белгілер байқалады (3,4- суреттер).




2- сурет. Қаракөншектен табылған жазуы бар құмыра.

III кезең. 552 ж. Алтай таулары айналасында қуатты Түркі қағанаты дүниеге келді. Біршама уақыттан соң Түркі қағанатының құрамына Тарбанд атты иелік, оның бөліктері Испиджаб, Отырар, Шауғар (қазіргі Түркістан аймағы), Тараз өлкелері, Шаш (қазіргі Өзбекстанның Ташкент облысы) кірген.

Отырар өңірі Қаңғу Тарбан деген атпен түркі жазбаларында аталады Иеліктің саяси-әскери астанасы Отырар қаласы болды. Онда Түркі қағанатының өкілдері отырды. Отырарда соғылған теңгелердің бір бетінде билеуші жұбайымен, кейбіреулерінде арыстан бейнеленсе, екінші жағында айыр іспетті таңба салынды. Тарбанд иелігінің билеушілері 640 ж. бастап тудун деген атақты иеленді. Бұл олардың түркі қағандарының әулетіне жататынын көрсетеді. Археологиялық зерттеулер ортағасырдың басында Отырар шамамен 15-20 га аумақты алып жатып қалыңдығы 10 м қабырғамен қоршалған қала болғанын көрсетеді. Отырардың айналасында үлкен шаруашылық аймақ болды және оны бір топ серіктес қалалар қоршады. Егін алқаптарында бидай, тары, күріш, арпа өсіріліп оларды суғару үшін өзендерден каналдар тартылды. VII-VIII ғғ. қабаттарынан археологтар алма, шитті мақта, бидай қалдықтарын тапты.



3-сурет. Көкмардан мазаратындағы А құрылыстан табылған заттар.



4-сурет. Көкмардан мазаратында табылған тұмарлар.

IV кезең. VIII ғ. Отырармен Оңтүстік Қазақстан тарихына үлкен өзгерістер әкелді. Ал-Балазури арабтардың 712/713 ж. Шашқа жорығы барысында Кутайба Исфиджабқа жетті деген мәлімет береді (Испиджаб қаласы қазіргі кезде Сайрам қалашығымен баламаланады). 737 ж. және 739 ж. Сырдария бағытында арабтардың жорығы барысында Абд ар-Рахим бастаған араб әскерлерінің бір бөлігі Сырдария бойымен жүріп отырып, Сүткент пен Зарнұқты басып алады. Сүткент тұсында Сырдариядан өтіп Отырарды басып алады.

Отырардан соң шежіре бойынша араб әскерлері Қараспан, Сайрам, Сауран өңірлерін басып алады. Біз Отырартөбенің шағын шеткі бөлігіндегі стратиграфиялық қазбадағы 13-еден мен 14-еден арасын, және 14-еденнің өзін іліккен үйлердің бос, иесіз қалып қаңырап қалуын арабтар әскерінің жорығынан кейінгі көрініс деп есептейміз. Отырартөбенің стратиграфиялық кесіндісінде X-XI ғғ. қабаты мен VII-VIII ғғ. қабаттары анықталып, жеке-дара суреттеледі де ортасындағы IX ғ. қабаты жоқ болып шығады. Бұл Отырардың осы бөлігінің бір ғасырдай қаңырап тұрғанын көрсетсе керек. VIII ғ. Арыс өзенінің солтүстік жағалауындағы Көкмардан аймағында сол уақытқа дейін өмір сүріп келе жатқан барлық елді мекендерде тіршілік тоқтайды. Бұл өзгерістер араб әскерлерінің VIII ғ. Оңтүстік Қазақстан аймағына жасаған жорықтарына байланысты деп санауға негіз бар. Күйікмардандағы күшті өрт іздері, Құйрықтөбедегі сарайдың өрті де VIII ғ. болған.



5-сурет. Отырар рабадындағы тұрғын үй ішіндегі михраб.

V кезең. Фарабтың IX ғ. қарлықтарға бағынышты болғанын Ибн Хордадбехтің мына хабары қоштайды: «Ал Фараб қаласында бір мезгілде мұсылман және түркі-қарлықтардың әскерлері орналасқан». Алғашқы мұсылмандардың үйлерінде намаз оқитын бағытты нұсқайтын михраб болған (5-сурет). X-XII ғғ. Отырар үшін гүлденіп өсу дәуірі болды. Отырар құрылымы жетілген, шахристан мен цитаделінің жалпы көлемі 16 га және 200 га рабады бар ірі қалалық орталыққа айналды.

Шамамен 985 ж. жазылған әл-Макдисидің шығармасындағы мәліметтерге қарағанда Отырар өңірінің бас қаласы уалаяттың атымен аталғаны, яғни, оның Фараб деп аталатыны көрсетіледі. Онда аса ірі қала ретінде қажетті жағдайда 70 мыңдай әскер жинай алатын, шахристанда жұма мешіті бар, негізгі базарлары рабадта, қалалық қорған ішінде кейбір дүкендер болғаны айтылады.

X ғ. Отырарды саманилер басып алды. Барабта (Фарабта) 922-23 ж. саманилік әмір Насыр II б. Ахмед атынан соғылған теңге аталған аймақтың Саманилер мемлекетіне кіргенін көрсететін іс-шара болды. Теңге бетінде жергілікті әкім есімі - Әли көрсетілген.

X ғ. аяғында қарлықтар арасынан шыққан қарахан әулеті саманиліктерді талқандап, Орта Азияны өзіне бағындырады. Отырар қарахандар билік жүргізген жеке иелікке айналды. Сафи ад-дин Орын Қойлақының «Насаб-намасында» қарахандықтардың Отырарда орнығуы және билеушілер тізімі беріледі: «Қылыч Арслан хан Отрарда келіп 40 йыл падшаһлық қылды. Анық оғлы Ысмайыл хан. Анық оғлы – Йлійас хан. Анық оғлы Ахмад хан. Анық оғлы - Санжар хан. Анық оғлы - Хасан хан. Анық оғлы - Мұхаммад хан, лақабы Білге хан ерді. Анық оғлы - Дадбек хан. Анық оғлы - Абд ал Халық хан. Жұмласы Отрарда турар ерділар». Нумизмат Б.Д. Кочневтің пікірінше, Отырардағы соңғы қарахандықтың аты Шамс ад-Дүнйа ва д-Дин (немесе Тадж ад-Дин) Кұтлық Білге-хакан Хасан б. Абд әл-Халік болды. Ол һижра бойынша 590-600 жж. билікке келіп, 607 ж. (қазіргі жыл санауымызша) өлтірілді.

Алқаптың орталық бөлігіндегі қалалар жылдам дамиды. Суғармалы егіндер аумағы кеңейе түседі. VII-IX ғғ. каналдардың ескі жүйесі орнына жаңа жетілген Алтынарық жүйе салынады. Жеке дара болған арық-омандар X - XIII ғғ. жұмыс жасап тұрған ортақ жүйеге біріктіледі. Ирригацияның дамуы суғармалы егіншіліктің күрт өсуіне мүмкіншілік берді. Суғармалы егіншілік жергілікті тұрғындардың негізгі шаруашылығына айналды. Ауыл шаруашылығы қолөнер мен саудадан бөлінді. Халықтың едәуір бөлігі алқаптың орталығында орналасқан Құйрықтөбе, Отырартөбе, Алтынтөбе қалашықтарында шоғырланады. Бұл кезеңде Пышақшытөбе, Жалпақтөбе I, Қаракөншік атты елді мекендерде тіршілік жалғасты. Сырдарияның сол жағалауында Оқсыз, Қауғаната, Ақтөбе I елді мекендері дамыды. Ал Бөгеннің төменгі ағысында тіршілік тек Бұзықтөбеде ғана болды.

Отырар ғұлама-ғалым Әбу Насыр әл-Фарабидің отаны. Ол 870 ж. Фарабта дүниеге келді.

Деректерде Фараб-Отырар иелігінің жалпы сипаттамасы сақталған: «Фараб – бұл аймақтың атауы. Оның ұзындығы шамамен бір күндік жол. Алайда барлық жер қорғалған. Аймақ таулы, онда [жайлымдар көп]. Оның шетінде Шаш өзені суымен суғарылатын жазық бар». Жазба деректердегі мәліметтерге қарағанда кейбір уақыттарда Фараб уалаятының солтүстік шегі Сырдарияның төменгі ағысына дейін жеткен. Сығанақ қаласы алғаш рет Ал-Истахри атты X ғ. парсы географының аты беймәлім қолжазбасында Фараб уалаятындағы шағын, және өте бай қала ретінде көрсетіліп ол елді мекеннен әртарапқа садақтар әкелілетіні айтылады.

XIII ғ. жазбагері Ибн Ийаса «Натк ал-азхар фи гараиб ал-актар» атты шығармасында «Фараб – бұл қазір Отырар деп аталатын қала, ол ұлы қала болды. Оның халқы түркілер» деп жазады.


Ибн Халикан (XIII ғ.) Фараб қазір Отырар деп аталады, «Ол аш-Шаштың арғы жағында және Баласағұн төңірегінде... Ол түркілердің астаналық қалаларының бірі» деп көрсетеді.

VI кезең. XIII ғ. басында Отырар қарақытайларға (қидандарға) бағынышты болды. Қарақытайлар және мұсылман діндегі хорезмшах арасындағы соғыста Отырар билеушісі Мұхаммедті қоштады. Алайда кейін күшейіп алған хорезмшах Отырар билеушісі қиын кезде келіп көмек бергенін ұмытып, оған опасыздық жасады. Сұлтан Иракқа соғысқа аттанарда Отырар билеушісін Ниса қаласына айдауға жібереді, кейін сол жерде оны өлтіртті. 1210 ж. Отырар Хорезмшах мемлекетіне күштеп қосылды. Хорезмшах Отырарды өзіне қаратқанда қала тұрғындарының біразы өлтірілген. Фарабтың 607/1212 ж. теңгелерінде тек хорезмшах аталады. Бұл Отырардың дербестіктен айырылып хорезмшах мемлекетіне қосылғанын көрсетеді. Хорезмшах Отырар қаласына әкім етіп өз туысқанын Иналшықты отырғызады. Оның толық лауазымы: Тадж ад-Дунья ва-ад-Дин Каир-хан Абул-Фатх Йаған тұғды.

1219-1220 жж. Отырарды моңғол әскерлерінің қоршауға алып басып алуы жазба деректерде сипатталған. Жазба мәліметтерді археологиялық деректер түзейді. Отырар жермен - жексен болған жоқ. Бүкіл қалалық өрт іздері жоқ. Шахристан қысқа уақыт бос тұрғансоң тұрғындар өз үйлеріне қайтқаны анықталды. Монғолдар хорезмшахтың өкілі мен оны қоштап қаланы аяғына дейін қорғағандар тығылған цитадельді бұзған.

XIII ғ. ортасында Отырар қайта жандана бастайды. Қалада алтын, күміс, мыс теңгелер соғылады. Қала айналасында үй-жайлар, тұрғын орамдар, түрлі шеберханалар, моншалар бой көтерді. XIII - XIV ғғ. Мыңшұңқұр мен Күйікмардан іргесінде колөнершілер елді мекендері, XIII - XV ғғ. Құйрықтөбе қасында темір өндеуші шеберханалар қызмет етті. XIII - XIV ғғ. Құйрықтөбе мен Алтынтөбе ортасы ені 0,5 км аумақты тұтас алып жатқан шаруашылық жайлар бой түзейді.

Ірі экономикалық орталық болғандықтан Отырар қаласын иелену үшін жошылықтармен шағатайлықтар арасында тұрақты күрес жүрді. XIV ғ. бірінші онжылдықтарда қала жошылықтар қолында болды. «Ескендір анонимі» атты қолжазбаның Ерзен хан туралы хабарлауынша ол аса ақылды, діндар болды және Отырар, Сауран, Жент пен Баршынкент қалаларындағы медресе, ханака, мешіт және басқа да қайрымдылық мекемелерді жасады. Шетелдік бұйымдардың табылымдары Отырардың кең халықаралық байланыстарын көрсетеді. Ол Моңғол империясындағы Еуропадан Қытайға апаратын Ұлы Жібек жолы бойындағы маңызды сауда қаласы болды.




6-сурет. Отырар. Мешіт бөлігінен табылған майолика.

VII кезең. XIV ғ. соңғы ширегінде – XV ғ. Отырар Әмір Темір мемлекетінің құрамына кірді. Ол аймақтың стратегиялық, әрі экономикалық орталығы болып қала береді. Темірдің әкімдері Отырарда отырды. Археологиялық мәліметтер бойынша қаланың орталық бөлігінде зәулім құрылыстар – мешіт пен әкім сарайы тұрғызылады, рабад аумағындағы шеберханалар жұмысы қайта жанданады. Сәулетті құрылыстар майолика мен алтын жалатылған сырлы қаптамалармен көмкеріледі (6-сурет). Отырар іргесіндегі ирригациялық жүйе жеке тұрғынжайлар қалпына келтірілді. Ирригациялық жүйе кеңейтілді, Темірарық қазылып іске қосылды. Ясы аймағындағы Шойтөбе мен Текке егістіктеріне су жеткізу мақсатында болашақ Арыс-Түркістан каналына үлгі боларлық Ақарық-Бөген, Аяккөл-Шаманарық ирригациялық жүйесі салына бастайды (Қожа, Байсариева, 2006, 23-26-бб.).

Темірліктер уақытындағы Отырардағы әкімдердің есімдері белгілі –Әмір Бердібек, Әмір Шейх-Нұр-ад-дин. Мырза Мұхаммед Хайдар хабарлауынша «Бұл кезде Түркістан билеушісі Әмір Темірдің атақты қолбасшылары қатарында болған Әмір Шейх-Нұр-ад-дин б. Сары Бұға Қыпшақи еді». Бабырнамада оны «Темірдің рақымы түскен түркістандық қыпшақ бегі» деп атайды. Отырарда көшпелілерге тиесілі деп саналатын сұрақ белгісі үлгісінде жасалған сырға табылған (7-сурет).

Темірдің алғашқы мирасқорларының билік үшін өз-ара таластары Отырардың XV ғ. екінші жартысындағы екінші жалпықалалық өрттерге алып келеді. Қаладағы тіршілік құлдырай түседі. Цитадель қаңырап қалады. Отырарда теңге соғу тоқтайды. Отырарда соңғы соғылған теңге 1415-1416 жж. жатады. Феодалдық өз-ара таластар Отырарды құлдыратып дәрежесі төмен қалаға айналдырады.

VIII кезең. XVI ғ. Археологиялық деректер негізінде XVI ғ. Отырарда біршама өзгерістер байқалады. Иесіз қалған қала учаскілерінде жаңа үйлер салынады. Күйдірген кірпіштен жаңа мешіт салынады. Байырғы мешіт орны тұрғын орамға айналады. Қолөнершілердің шеберханалары қызмет етеді. Солардың бірінде жолбарс бейнесі салынған құмыра жасалынады (8-сурет). Алайда қала халқының басым бөлігі ауыл шаруышылықпен айналысады (Ерзакович, 1992, с. 177-182).



7-сурет. Бердібек сарайы бұзылған соң пайда болған үйлердің ішінен табылған әшекейлер.

XVI ғ. аяғы Отырар тарихында қаланың біршама құлдырауымен аяқталды. Махмұд ибн Уәлидің XVII ғ. ортасында жазылған «Бахр ал-асрар фи манакиб ал-ахйар» атты еңбегінде «Отырар – Йассының ар жағында орналасқан қала... Не кетті сол жоғалды. Бұл қала осындай аласапыран мен талас кезінде талқандалды, қазіргі кезде қаңырап қалды» деп жазады.

Отырар дағдарысқа тап болады. Қаланың шығыс пен оңтүстік-батыс аймағындағы

үйлердің басым бөлігі қаңырап қалады. Босап қалған үйлердің бір бөлігі қоксық тастайтын орынға айналса, кейбірі мәйіттерді жерлейтін орынға айналады. Рабад босап қалады. Отырар қаласының орны тек 20 га алып жатқан Отырартөбемен шектелді. Қорған қабырғасын іш жағынан өскен мәдени қабат жауып қалады. Қорған қызметін шахристан орнында пайда болған биіктігі 15 м төбе шетіне шыққан тұрғын үйлердің сыртқы қабырғалары атқарды (Ерзакович, 1992, с. 177-182).

IX кезең. XVII ғ. басынан және 80-жж. дейін Отырар тіршілігінде қаланың орталық аймағын қамтыған құрылыс салу кезеңі байқалады. Қала жаңаша бой көтереді. Қаланың көптеген учаскілерінде бір жоспармен бір уақытта тұрғын орамдары салынады. Қала ішінде әкімшілік, идеологиялық орталықтар байқалмайды. Тұрғын үйлерде әлеуметтік айырмашылық көріністер кездеспейді (Ерзакович, 1992, с. 177-182). Археологтардың кейбір есептері бойынша Отырарда XVII ғ. 761 үй болып онда 5212 тұрғын болған (Ерзакович, 1988, с. 53-58).

Қаланың негізгі құрылымы тұрғын орам /квартал/ болды. Олар шаршы, төртбұрышты немесе одан да күрделі пошымда болып есіктері ішкі көшеге қараған тұрғын үйлерден тұрды. Орам шекарасы үйлердің сыртқы тұтас қабырғаларымен жүрді. Орам ішіндегі көшелердің үй алдындағы алаңы күйдірген кірпіш қалдықтарымен көмкерілді. Орам ішіндегі көшелер тар 1-3 м болды. Олардың кейбір бөліктерінде «қалталар» болып малды қамауға пайдаланылды немесе керамистердің пештері орналастырылды. Кейбір орамдарда мал қамайтын бөлмелер байқалады. Олардың еденінде қалың тезек қалдықтары кездеседі (Ерзакович, 1992, с. 177-182)..

Орамдарды колөнершілік тұрғыдан сұрыптауда тек біреуін ғана керамика өндірумен айналысты деп санауға болады. Басқа орамдарда бір-екі үйдің егесі ғана құмырашы, темірші, мата тоқымашы болғаны анықталды. Қала экономикасы біржақты дамып колөнершіліктен гөрі ауылшаруашылық кәсіп бағытына ауып бара жатты. Қаланың әрбір үшінші үйінде бидай сақтайтын қамба болды. Онда бір отбасыға бір жылда керекті мөлшерден үш есе көп бидай сақталды. Әрбір үшінші отырарлық отбасы сату үшін бидай өндірісімен айналысты деуге негіз бар. Бұл мәліметтерді жазба деректердегі кейінгі ортағасырлық Сырдария қалалары бидай өндірумен айналысты деген хабарлармен қосғанда.

XVI-XVII ғ. бірінші жартысында Темірарық ирригациялық жүйе толықтырылып екі бас арықпен негізгі бөлігінде қосымша құрылыстар жүргізілді. Егін ауданы күрт көбейгені байқалады. Осымен қатар сауда жандана бастағаны байқалады. Әсіресе Түркістан қаласында соғылған мыс тиындар және орыстың мыс теңгелері қамтамасыз еткен ішкі аймақаралық сауда өсті. Қазба барысында кейбір үлкен көшелер бойындағы үйлердің сырқы жағында шағын бөлмелер болғаны. Оларды сауда дүкендері деп тануға болатын сияқты. Әдетте олардың есігі кең және тұрғын үй жағынан оқшаланған (Ерзакович, 1992, с. 177-182).


Бұл кезең өртпен және Отырардың XVIII ғ. ортасында қаңырап қалумен аяқталады. Өрт бүкіл қалалық сипатта болып барлық қазбаларда көрініс тапқан (Ерзакович, 1980, с. 96-106). Өрт қаланы жоңғар ханы Галдан әскерлерінің қоршап тонауынан шыққан.

Халық аңызы бойынша «Отырарлықтар бір жарым жылдай ерлікпен қарсылық көрсетті. Ешбір нәтиже шығара алмаған Аляку күзге таман Ескі Ташкентке кері шегінеді де қыс бойы көп әскермен Дариядан Шыршыққа (Иіржардан Шыназға) дейін арық қазады. Көп су таситын көктем кезінде арықтың басын ашып, Шыршық арқылы Отырар жеріне су жібереді де әскерімен Отырарға бет алады. Су тасқынынан аман қалғандардың бір бөлігін Аляку өлтіреді, одан қалғандарын тұтқынға айдап әкетеді».

X кезең. XVII ғ. 80-ші жылдарынан кейін кейбір өртенген және тастап кеткен үйлер жөнделді, аса шектеулі аудандарда жаңа үйлер салынды. Бұл кезеңде қаладағы тіршілік құлдырауда. XVIII-XIX ғғ. жазба мәліметтер шоғыры, археологиялық деректер

(нумизматикалық және керамикалық кешен), жергілікті аңыз әңгімелер Отырарда тіршілік 1750 ж. тоқтағанын көрсетеді (Қожа, 2008, 13-17-бб.).

. Отырарда тіршілік тоқтауына бірнеше факторлар әсер етті. Біріншіден жоңғар шапқыншылығы кезінде арық-каналдардың бұзылуы және Отырар халқы санының күрт кемуінде. XVIII ғ. бірінші жартысында Отырарда 200-280 адам болған. Осындай аз қол күшімен көктемде суы мол арнасынан шығып жататын, жазда суы биік арнасының төменінде жататын Арыс өзенін бөгеп арыққа су шығару, жер деңгейі жазық аймақта оман-арық қазып суды жүргізу көп күшті, көп шығынды қажет етті. Яғни, Отырарға су жеткізетін Темірарықты қалпына келтіруге отырарлықтарда шама болмады. Бұған қоса XVIII ғ. ауа райы өзгеріп, қуаңшылық үстем болып өзендердегі су деңгейі төмендеп кетті. Отырардың соңғы тұрғындары Түркістан, Шымкент, Шілік елді мекендеріне көшкен.



8-сурет. Отырар. Жолбарыс бейнесі салынған құмыра.

Таракшы Вахдет

Қ.А.Яссауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті
«Тарих» кафедрасының профессоры. Түркістан, Қазақстан

РУХАНИ ЖАНҒЫРУДАҒЫ МҰСТАФА ШОҚАЙДЫҢ ӨНЕГЕСІ

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласы тарихи ойға жаңа серпін берді. Осы мақаладағы «Ұлы Даланың ұлы есімдері» деген атпен топтастырылған ой тұжырымдар зерттеушілерді тұлғатану бағытының жаңа қырларын ашуға ынталандырады.

Осы бағдарлама Түркия мемлекетіне жете таныс Мұстафа Шоқай жөніндегі зерттеулерге жаңа көзқараспен қарауға итермелейді.

Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы өлке халықтарының тәуелсіздік жолында XIX ғ. соңы – XX ғ. басында қазіргі заманғы жалпыадамзаттық және демократиялық құндылықтар мен ұстанымдар негізінде әрекет жасаған ұлт-азаттық қозғалысының жиынтық атауы ретінде айқындалады. Қарулы және саяси күрес сипатындағы қозғалыс уақыт шегінде бірнеше кезендерді қамтиды. Бірінші кезең – XIX ғ. 60 жылдарының соңынан XX ғ. бас кезіне дейінгі аралық. Бұл кезең ең шырқау биігі 1889 ж. Андижан көтерілісі болған тәуелсіздік үшін қарулы күрес кезеңі болды. Екінші кезең – 1917 ж. дейінгі аралықты қамтып, өлкеде жәдитшілік сияқты мәдени-ағартушылық ағымдардың билікті конституциялық жолмен өзгертуді мақсат етіп қойған саяси күрес тетіктерінің қалыптасып, орнығуы. Бұл кезең 1916 ж. өлкенің көп аймақтарын қамтыған, әсіресе Сырдария облысында күрделі сипат алған ұлт-азаттық көтеріліспен қортындыланады. Үшінші кезең – 1917 ж. ақпан төңкерісінен 1918 ж. Түркістан мұхтариятының қуып, таратылуы және Түркістан кеңестік социалистік автономиясы құрылғанға дейінгі аралықты қамтиды. Бұл кезеңнің басты белгілері «Шурои Исламия», «Шурои Улема», «Иттифоқи муслимун» сияқты ұлттық саяси партиялар мен қозғалыстардың қоғамдық-саяси қызметі және Түркістан Мұхтарияты (Қоқан автономиясы) атты ұлттық мемлекеттік құрумен ерекшеленеді.

1917 ж. ақпан төңкерісіне дейін Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының қалың ортасында жүрген М.Тынышбаев, М.Шоқай, С.Лапин, Ә.Оразаев, С.Ақаев, Қ. Қожықов сияқты этноэлита өкілдері еуропалық білім алған, Ресейдің демократиялық қозғалыстарының ықпалында саяси дайындықтан өткен тұлғалар еді. Олар 1917-1918 жж. Түркістандағы тарихи оқиғалардың алдыңғы сапында болды. Үшінші кезең 1918-1929 жж. аралығындағы кеңестік билікке тартылған ұлт коммунистері Т.Рысқұлов, С.Қожанов, С.Асфендияров және т.б. жергілікті ұлт қайраткерлерінің кеңестік билік құрылымына ұлттық мазмұн беру жолындағы күресімен ерекшеленеді.

Аймақтық оқиға болып қалыптасқан Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының халықаралық сипат алып, әлемдік ұлт-азаттық қозғалысқа ұласуына және хронологиялық шегінің ұзаруына елеулі ықпал жасаған Мұстафа Шоқай еді. Мұғажырлық жағдайдағы күрескерлік қызметі аталған қозғалысты әлемдік деңгейге шығарған көрнекті қоғам қайраткері, күрескер Мұстафа Шоқайдың 12 томдық шығармаларының толық жинағы оның өмірі мен қызметінің тарихын ғылыми тұрғыда қалпына келтірген іргелі еңбек болуымен қатар Түркістан ұлт-азаттық қозғалыс тарихының аса құнды дереккөздеріне айналып отыр.

«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы бойынша атқарылған іргелі зерттеулердің қатарында М.Шоқайдың 12 томдық толық шығармалар жинағының жарық көруін айтуға болады. Аталған жинаққа қайраткердің қазақ, ағылшын, француз, неміс, поляк тілдерінде және шағатайша жазылған 586, орыс тілінде 488 материалы енгізілген, жалпы көлемі 430 баспа табақты құрайды. Мәселе жинақтың көлемінде ғана емес,

ондағы мақалалардың басым бөлігінің түпнұсқа мәтінімен және түсіндірмесімен алғаш рет ғылыми айналымға ұсынылғандығында. Осыншама мол деректердің осы кезге дейін ғылыми қауымға қолжетімсіз болып келгендігі олардың жақын және алыс шетелдік архив қорлары мен кітапханаларында жинақталуында еді. Жинаққа енген материалдар отандық архивтер мен кітапханалардан өзге Ресей, Германия, Франция, Польша, Түркия, Өзбекстаннан алынған. Бас аяғы жиырмадан астам архивтер мен кітапханаларды сүзіп шығудың өзі аз шаруа емес. Сонымен бірге алдағы уақытта АҚШ, Ұлыбритания, Швейцария, Румыния мемлекеттеріндегі архивтер мен кітапханалардан да қолға түспеген туындылары мен құжаттары табылуы мүмкін.

Мұстафа Шоқай көп тіл білген, полиглот қайраткер. Ол қазақ тілімен қатар өзбек, түрік, көне шағатай және орыс, француз, ағылшын тілдерінде мақалалар жазған. Содан да ол жазбаларында араб, кириллица және латын әліпбилерін қолданған. Оның мақалалары хинд, урду, араб, грузин және т.б. тілді басылымдарда жарияланған. М.Шоқай 1919 жылдан бастап Грузияға қоныс аударып, ондағы «Борьба», «На рубеже», «Шефак», «Вольный горец»-«Независимый горец», «Янги Дунья» газеттерінде халыққа Қазан төңкерісі әкелгенқасірет жөніндегі мақалаларын жариялаған [1, 6 б.].

Ресей отаршылығының идеологиясын әшкерелеген М.Шоқайдың тұжырымы ағылшын отаршылығының идеологиясына қатысты үнді елінің ұлы қайраткері Д.Неру «История почти пишется победителями и завоевателями и отражает их точку зрения, и она берет верх» [2, С.3] деп өрбітеді. Демек, отарлық биліктің бодан халыққа жасаған идеологиялық озбырлығының жыртқыштық бейнесі ұлт таңдамайды екен.

Шоқайдың қайсы шығармасын алып қарасаңыз да оның тарихқа тікелей қатыстылығы аңғарылады. Ал, тарихи шығарма қашанда субъективтілігімен ерекшеленеді. Мұстафа Шоқай шығармашылығының субъективизмі – оның ұлтжанды дүниетанымы мен саяси көзқарасынан туған. Ол Орта Азия мен Қазақстанда орын алған кез келген тарихи оқиға мен құбылыстың мазмұны түркілік бірлік және азаттық жолындағы күреспен өлшейді. Саяси элита өкілдерінің қызметіне де олардың ұлттық мүддеге қаншалықты қызмет жасай алуына қарай баға береді.

Мұстафа Шоқай ең алдымен күрескер, сосын барып шығармашыл тұлға болып қалыптасты. Күрескерлігі шығармашылыққа ұласқан, ал шығармашылығы саяси күреспен астасқан бұндай тұлға ұлттық саяси элита арасында санаулы ғана. Ал әлемдік деңгейде танылғаны Мұстафа Шоқайдың жалғыз өзі. Шоқай ең алдымен түркілік бірлік пен тәуелсіздік идеясын бағдарға алған саясаткер. Оның энциклопедиялық білімі мен сұңғыла саясаткерлігі түркі халықтарының тәуелсіздігіне қызмет жасауға үлкен мүмкіндік бергендігі «Бірлік туы», «Яш Түркістан», «Йени Түркістан», «Түркістан» газет-журналдарын ұйымдастыруы, қаншама газет, журналдарға редколлегия мүшесі, автор болып қатысуынан анық көрінеді.

Мұстафа Шоқайдың өмірі мен қызметі туралы деректерді, шығармашылық мұрасын шетелдік архивтер мен кітапханалардан іздеп табу, оларды түсініп-оқып, аудару ғалымнан археографтың, деректанушы мен мәтінтанушының жоғары біліктілігін талап етері сөзсіз. Ғалымнан қанша уақыт пен ерік-жігерді қажет ететін бұндай ерлік екінің бірінің оңтайына келе бермейтін шаруа.

К.Есмағамбетов «Мұстафа Шоқай батыс советологиясының негізін қалаушылардың бірі» деген баға береді. Батыс советологиясының негізін қалағандардың көпшілігі «ақ эмиграцияның» өкілдері болатын. Солардың бірі философ Н.Бердяев шетелде жүріп панславизмді насихаттады, ал екіншісі А.Ф.Керенский уысынан шығып кеткен Ресейдегі билігін қайтаруды көксіп, ұлыорыс шовинизмінің отын маздатты. Ал М.Шоқай советологиясының мәні кеңестік биліктің Орта Азиядағы «түрі ұлттық, мазмұны социалистік» ұлт саясатының көзбояушылығын әшкерелеуге негізделді. Осы тұрғыдан алып қарағанда батыстық советологияның қалыптасуында М.Шоқайдың алар

орны мен атқарған қызметі ерекше.

Шоқайдың кеңестік билікті әшкерелеген әрекеттері ізсіз кеткен жоқ, жазған материалдары стол тартпасында жатып қалмады. Бірнеше европалық тілдердегі газет, журналдарда жарияланған өткір саяси мақалаларында көтерілген мәселелер Батыс елдері мемлекет басшылары мен саясаткерлерінің назарын аударды және Кеңес Одағының жүргізіп отырған озбырлық саясатына қарсы ақпараттық күрес науқанына жол салып берді. Мұстафа Қазақстандағы 1932-1933 жж ашаршылыққа байланысты түрлі жиындарда оқыған лекциялары, жасаған баяндамалары мен мақалалары арқылы Европа жұртшылығының назарын аударған.

Шоқайдың эмиграциядағы кеңеске қарсы жүргізген күресінен үлкен идеологиялық қауіп ойлаған И.Сталин Қырғыз Өлкелік партия Комитетінің бюро мүшелеріне 1925 жылдың 29 мамырында «Ақ жол» газеті туралы жазған хатында былай деп мәлімдеген болатын: «Мен осыған байланысты белгісіз емес Шоқаевтың ақгвардияшыл баспасөздегі кейбір мақалаларын еске түсірдім және өзімді шошытқан осы мақалалар мен «Ақ жол» журналының рухани «бірлігі» деуге болатын кейбір жаңалықты аштым. Ақылға сыймаса да бұл факт. «Ақ жол» әрине, өзі де аңғармастан Шоқаевқа көлемді материал берді» [3, Л.1-2.] Бұл жерде әңгіме «Дни» газетіндегі М.Шоқайдың мақалалары жөнінде болып отыр. Сталиннің өз қарсыласына әділ баға бере алған саяси көрегендігіне тәнті болмасқа әддіміз жоқ.

Большевиктер көсемінің осы хатын партиялық-мемлекеттік номенклатура Шоқайды қаралау науқанына жол ашқан нұсқау ретінде қабылдады. Әрі қарай саясат пен биліктің шотын шапқан саясаткерлер, ғалымдар мен әдебиетшілер кешегі күні әлем таныған, бүгінгі күні әлем мойындаған М. Шоқайды «пантүркіст», «ұлтшыл-фашист», «алашордашыл», «ұлтшыл», «отанын сатқан», «фашистермен ауыз жаласқан», «Түркістан легионын» құруға қатысқан» және т.б. деген саяси айдарлармен туған халқына құқай етіп көрсету науқаны басталып жүре берді және еліміз тәуелсіздік алғанға дейін жалғасып келді. Үлкен террор кезінде кеңестік құқық құрылымдары танымал саяси қайраткерлермен бірге қатардағы шаруаға дейін Мұстафа Шоқаймен байланысы бар деген айыптар тақты. Ол айыптаулар қаншама жазықсыз жандардың ату жазасына кесіліп, бас бостандығынан айырылып, жер аударылуына ұласты.

Жинақта осындай аңыздар бірінен соң бірі әшкереленеді. Мысалы ретінде айтар болсақ, 1948 жылы КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік министрлігі өзінің Берлиндегі 4-оперативтік секторының 2-бөліміне «М.Шоқайды әшкерелеуші материалдар» табу жөнінде құпия түрде сұрау салады. Осы тапсырма бойынша жаңағы құрылым «Берлиннің СВ оперативтік-анықтамалық картотекасында ондай мағлұмат жоқ» деп жауап береді [4, 484 б]. К.Есмағамбетовтың өзі Ресей Мемлекеттік әскери мұрағатында кездейсоқ сақталған осы құжатты кеңес өкіметі ұзақ уақыт бойы жасырып келгендігін айтады.

Мұстафа Шоқай әлем таныған тұлға деңгейіне көтерген оның Түркістан халықтарының тәуелсіздігі жолындағы қайраткерлік қызметі және осы күрестегі басты қаруы – шығармашылық еңбегі екендігі даусыз. Ол ең алдымен Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының қайраткері ретінде танылды. Біріншіден, Шоқайдың ұлт-азаттық күрестегі қайраткерлігі ең алдымен Түркістан өлкесінде қалыптасты, ол студент кезінен араласқан саяси күресте «Шура и Ислам» саяси қозғалысының көшбасшысы, Түркістан Мұхтарияты ұлттық мемлекетінің басшысы деңгейіне көтерілді. Екіншіден, эмиграция жағдайында бірнеше ұлттық басылымдар ұйымдастырып, редакторлық қызмет жасаудан шетелдегі кеңестік тоталитарлық билікке қарсы күрес жүргізген Түркістан ұлттық бірлігі ұйымының басшысы деңгейіне дейін көтерілді. Міне, осы екі бағыт Шоқайдың Түркістан ұлт-азаттық қозғалысындағы көшбасшылық қызметін айқындайды.

Мұстафа Шоқай Түркістан халықтарының тәуелсіздігі жолындағы күресте

журналистикадағы көсемсөздік жанрларды ғана емес, әдеби шығармаларды да шебер пайдаланылады. Осыған байланысты Шоқайдың басшылығымен жарық көрген журналдарда эмиграциялық Түркістан әдебиеті қалыптасқандығын атап айтуға болады. Саясат майданы идеологиялық күрестің құралы ретінде әдеби туындыларды дүниеге әкелді. Қазақ, өзбек, түркімен эмигранттар қатарының аз болуы қолайлы жағдай туғыза алмағанымен түркістандықтардың эмиграциялық әдебиеті деп атауға болатындай дүниелер жарық көрді.

1927 жылы жарық көре бастаған «Иені Түркістан» журналында түркістандық әдебиет нұсқалары аздап болсада жарияланып тұрған еді. Ал 1929 жылдан жарық көре бастаған «Яш Түркістан» журналының алғашқы санынан бастап әдебиет айдары ашылып, оның беттерінде өлең-жырлар жариялана бастады. Осы журналының 3-4 сандарында М. Жұмабаевтың «Алыстағы бауырыма» атты өлеңі жарияланды. 1920-1921 жж Анадолы түріктері мемлекетті өз ықпалында ұстап қалуға ұмтылған Антанта елдерінің отарлық басқыншылығына қарсы азамат соғысын жүргізген болатын. Екі ел арасында тұрақты түрдегі сыртқы ресми байланыс жоқ болғанымен, мәдени-әдеби байланыстар жалғасын тауып жатқан тұста қазақтың ұлы ақыны М. Жұмабаев осы өлеңді жазып, 1923 жылы Сұлтанбек Қожановтың алғысөзімен Ташкент қаласында кітап етіп бастырған еді. Осы өлеңдегі :

Алыста ауыр азап шеккен бауырым,
Қуарған бәйшешектей кепкен бауырым.
Қамаған қалың жаудың ортасында,

Көл қылып көздің жасын төккен бауырым - деген сөздер алыстағы қандас бауырлардың ауыр халін жете түсінген, қайғысына ортақтасып, қиналғанда қол ұшын созған шын жүректен айтқан сәлемдеме еді.

Мұстафа Шоқай «Түркістан шайырларынан» деген айдармен ақ жол тілеп, «Біз құл болып тұра алмаймыз, біз ұлт азаттығымызды аламыз» деп, «Мағжанның «Алыстағы бауырымының» Анадолы түркілері болғаны әркімге белгілі жайт» дей келіп, «Біздің Москва «азабынан» құтылып, ұлттық азаттығымызға тезірек жетуіміз үшін ең дұрыс және үмітті жол - түрікшілдік. Міне, Мағжанның «Алыстағы бауырға» деген өлеңі бұл түрікшілдік идеясы үшін ең қымбатты және пайдалы бір өлең» [5, Б.54] деп баға берген. Шоқайдың Мағжан поэзиясына берген бағасын ақынның шет елде үздік қазақ ақыны ретінде танылуының бастауы деп қабылдаймыз.

Шоқай журналдың әдебиет айдарын кеңестік Орта Азия мен Қазақстандағы әдеби үрдістерге талдау жасап, баға беруге де пайдаланады. Айталық, «Абай Құнанбаевты «Түркістанның ең ұлы ақыны» деп журнал айдай әлемге жар салып жатқанда Қазақстанда ол «байшыл, ескішіл ақын» деген таптық бұғаудың шырмауынан шыға алмай жатқан еді.

Тотаритарлық қоғамның ұлт әдебиеттеріне деген таптық-партиялық ұстанымын әшкерлеуде де М.Шоқай түркілік бірлік идеясын алдыңғы орынға қояды. Айталық ол 1931 ж жазған мақалалардың бірінде «А.Байтұрсынұлы мен Шолпан - ұлттық әдебиетіміздің ең үздік тұлғалары, олардың шығармаларынан біз орыс тепкісінде қысым көрген тіліміз бен мәдениетіміздің өлмес, өшпес өміршең қуатын көреміз. Қазір Ахмет пен Шолпандар қайда жүр? Олар неге қуғын-сүргінге ұшырайды? Орыс әдебиеті мен рухани мәдениетіне қатысты дүниелердің бәрі Пушкин, Тургенов, Толтойсыз шығарылмайды. Ал біздің халқымыз өзінің Байтұрсыны мен Шолпанын неге оқи алмай отыр?» (*Мұстафа Шоқай. Ақ-қызыл // «Яш Түркістан» 1931 №15 3-8б*) деп сауал тастайды. Әрине, ол сауалдың жауабы да дайын. Шынайы ұлт әдебиетін оқытпаудың себебі – ұлттық тарихи танымнан айыру, сол арқылы отарлық билігін күшейту екендігі белгілі еді.

Түркия Республикасының құрылуының алғашқы жылдарында Мұстафа Кемалдың «түріктің түріктен басқа досы жоқ» деген ұраны түркі халықтары арасындағы бірлікті күшейтті. Ал М.Шоқайдың Мұстафа Кемал Ататүрікті қолдауының басты себебі де осы.

Осыған байланысты айта кетеріміз, Мұстафа Шоқай ағылшын бас қолбасшылығымен арнайы кездескенде Мұстафа Кемал Пашаны және құрылып жатқан жас Түркия Республикасын қолдайтындығын білдіреді [6, s. 54]. Түркия Республикасы осыдан кейінгі жылдары түркі эмиграциясы орталықтарының біріне айналды [7, Б.112].

Бұл пікірді осындай көңіл-күйде болған Ю.Ақшораның «Түркістанның да, басқа түрік өлкелерінің де тәуелсіздігі Түркияның тәуелсіздігіне байланысты, егер Түркия мемлекет ретінде сақталып қалса, Мұстафа Кемал амалын тауып Түркияны, Анадолины құтқарып қалса, бұл біздің және сіздің Түркістанды құтқаруымыздың да басы болар еді» [8, Б.127] дегені сөзімізді дәлелдей түседі.

Шоқайдың қоғамдық-саяси қызметінің жаңа белеске көтерілуіне Мұстафа Кемал Ататүрік бастаған түркішіл қайраткерлермен өткізген кездесулері мен пікір алмасулары үлкен серпін берді. Осындай кездесулерде ол өзінің саяси көзқарастарын шындап, идеялас қайраткерлермен тығыз байланыстар орнатты.

Қорыта айтқанда, Мұстафа Шоқайдың сан-салалы шығармашылық мұрасында түркілік бірлік идеясын негіздеушілік бағытындағы теориялық ойлары мен Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының тәжірибесіне жасалған талдау пікірлерін көптеп кездестіреміз. Оларды жүйелеу және жіктеу – мұстафатану ғылыми бағытын байыта түседі. Ең бастысы, әлем таныған тұлғаның ұлттық рухани жаңғырудағы тағлымдық және тәрбиелік өнегесі жан-жақты ашылуы керек деп білеміз.

Қалдыбек Бөлеев

педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
Тараз инновациялық-гуманитарлық университеті, Тараз, Қазақстан

ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІНДЕ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ

Кіріспе: Ұлт көсбасшысы Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Ұлт жоспары–қазақстандық арманға бастайтын жол» атты еңбегінде: «Біз жаңа Қазақстанды–Ұлы дала елін құрдық» [1] деп, бүкіл әлемге жария етті.

Елбасы сөзінен «Ұлы дала елінде тәрбие қандай болу керек?» деген педагогикалық сұрақ туындайды. Меніңше, Ұлы дала елінде тәрбие – ұлттық тәрбие болу керек! Өйткені ұлттық тәрбие туралы идея бүгінгі күннің талабы және қазіргі өміріміздің қажеттігінен туындап отырған көкейкесті проблема.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызды мәңгі қалуы тиіс» [2]. деп, ұлттық сананы жаңғырту арқылы қалыптастыру арқылы ұлттық тәрбие беру міндеті қойылды.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында «Өз тарихына деген мақтаныш сезімін ұялатып, отаншылдық тәрбие беру мектеп қабырғасынан басталуы тиіс. Ұлт тарихын санаға сіңіру барша қазақстандықтардың бойында өз бастауларына деген ортақтық сезімін қалыптастырады» [3] деп, тарихи сананы жаңғырту арқылы ұлттық тәрбие берудің ерекше атады.

Теориялық талдау: Ұлы дала елінде ұлттық тәрбие берудің қажеттігі–елімізде бүгінгі таңда орын алып отырған төмендегідей қайғылы қасіреттер мен құбылыстар бірте-бірте жоюдың, болашақта олардың алдын алып болдырмаудың бірден-бір сенімді және ғылыми дұрыс жолы екендігі:

1. Қазақ тілін, қазақ тарихын, қазақ мәдениетін, қазақ салт-дәстүрлері мен дінін шала немесе тіпті білмейтін жастар;
2. Қарттар үйлері мен балалар үйлерінде жылап отырған аталар, әжелер мен жетімдер;
3. Азаматтық неке, жатжұрттық неке, ұлтаралық неке, бір жыныстық неке, некеден ажырасу;
4. Әйелдермен мен қыздардың түсік тастауы, мектеп оқушыларының екі қабат болуы;
5. Бойдақтар, қызтекелер, бедеулер;
6. Жұмыссыздық, жезөкшелік, жалқаулық;
7. Ланкестік, экстремизм, басқа дінге сену;
8. Сыбайлас жемқорлық, пара алу, пара беру, қызметтің сатылуы;
9. Ата-ананың тәрбие жұмысымен айналыспауы;
10. Шетелдік ақпарат құралдарының және теледидармен интернеттің ықпалы;
11. Зиянды әдеттер: темекі шегу, ішкілік ішу және нашақорлық;
12. Жастар арасындағы қылмыстық қаулауы, тәртіпсіз ұл мен қыз, т.б.
13. Мектепте және ЖОО-дағы тәрбие үрдісінің нашарлауы, мұғалімдер мен оқытушылардың беделінің төмендеуі, т.б.
14. Экономикалық және әлеуметтік дағдарыстар;

Айтылған қайғылы қасіреттер мен құбылыстар нақты статистикалық мәліметтер келтірейін.

1. Елімізде 34.000 жетім балалар бар, олар балалар үйлерінде өмір сүруде.
2. Еліміздің бірнеше қаласында қылмыскер балалардың колониялар бар.
3. Күн сайын, апта сайын, ай сайын нәрестелерді темір жол, тас жол, әжетхана, үйлердің алды мен қоқыс жәшіктеріне қыздарымыз бен келіншектеріміз тастап кетуде.

4. Елімізде бүгінгі күні 15 пен 25 жас аралығындағы қыздарымыздың тең жартысы шетелдіктерге тұрмысқа шығуға даяр, жылына 9000-нан аса қыздар шетелдіктерге тұрмысқа шығуда.

5. Елімізде 25 жастан асқан тұрмыс құрмаған 250.000-ға жуық «кәріқыздар» мен 175.000-аса «сұр бойдақ» жігіттер бар. Егер оған жесір қалғандар мен ажырастқандарды қоссақ, бұл көрсеткіштер 2-3 есе асады.

6. Елімізде әр 10 некенің 5-і ажырасуда.

7. Мектепте оқушылардың екі қабат болу орын алуда. Мысалы, 2017 жылы Астана қаласында 73 оқушы қыз жүкті болған.

8. Мектептерде 10 оқушының 3-і темекі шегеді, 4-і ішкілік ішеді, жастар арасында нашақорлық жайлай бастады.

9. Қазақ жастарының арасында 30%-дан аса жастар бедеулік кесапатқа ұшыраған.

10. Елімізде 20%-отбасы азаматтық некеде тұрады екен, олардан жыл сайын 5000-ға жуық некесіз балалар дүниеге келуде.

11. Қызтеке жігіттер мен еркекшора әйелдер көбеюде. Олар өздерін ашық жариялай бастады.

12. Елімізде 100.000-нан аса жезөкше бар. Мысалы, Шымкент қаласының өзінде бір түнде 2000-2500 жезөкше «қызмет» етуде екен.

13. Еліміз қонақ үйі мен саунасы ең көп елге айналды. Әр қалада 5-20 жуық сауна-моншада қыз-келіншектер жезөкшелік «қызмет» етуде.

14. Елімізде 87 қарттар үйлері бар, онда 32.000 әжелер мен аталар жылап отыр, оның 40%-ның бала-шағалар бар, 60-70% қазақтар екен.

Міне осы айтылғандардың салдарынан бүгінгі таңда елімізде 40-тан аса тәрбиесіз балалардың түрлері пайда болды. Олар: тастанды бала, жетім бала, қиын бала, қылмыскер бала, ұры бала, қайыршы бала, дене және ақыл-ойы кем бала, ауру бала, қаңғыбас бала, қатыгез бала, сатылған бала, сатылатын бала, надан бала, сауатсыз бала, некесіз бала, асыранды бала, бейпіл-ауыз бала, аш бала, құл бала, жезөкше бала, бұзық бала, қорланған бала, зорланған бала, анасы өлтірген бала, әкесі өлтірген бала, ұрланған бала, жолдасы өлтірген бала, әкесіз бала, анасыз бала, әжесіз бала, атасыз бала, маскүнем бала, нашақор бала, ғаламтор тәрбиелеген бала, басқа дінге сенетін бала, т.б.

Қайталап айтам: егер жас ұрпаққа және жастарға отбасы мен оқу-тәрбие орындарында ұлттық тәрбие берілсе, онда жоғарыда келтірілген қайғылы қасіреттер мен құбылыстар бірте-бірте жойылар еді, тіпті болмас еді.

Теориялық бөлім: Ұлттық тәрбие деген не? Оны тәжірибеде қалай жүзеге асыруға болады? деген сұрақтар туындайды.

«Ұлттық тәрбие» ұғымы дүниежүзілік педагогика тарихында әлі нақты анықталмаған. Бұл мәселеде Батыс және Шығыс елдерінің ғылымдары әртүрлі пікірде.

1. Батыс педагогикасында ұлттық тәрбие беру мәселесі тіпті қарастырылмайды. Өйткені онда рухани құндылықтар ескерілмейді.

2. Шығыс педагогикасында – Жапония, Қытай, Корея, Араб елдері–ұлттық тәрбиеге ерекше көңіл мән береді. Өйткені онда рухани құндылықты өте жоғары бағалайды. Онда «ұлттық тәрбие деп жеке тұлғаның бойына ұлттық құндылықтарды сіңіруді айтады».

Адам өмірі құндылыққа құрылған. Құндылықтың екі түрі бар: біріншісі-материалдық құндылық, екіншісі рухани құндылық. Материалдық құндылық–ішіп-жеу, баю, ал рухани құндылық екіге бөлінеді: ұлттық құндылық және жалпыадамзаттық құндылық болып.

Ұлттық құндылыққа–ұлттың тілі, тарихы, мәдениеті, салт-дәстүрі мен діні жатады. Ал жалпыадамзаттық құндылық–білім, ғылым, озық мәдениет үлгілері, т.б.

Егер адамға тәрбие ұлттық құндылықтар арқылы берілсе–ол ұлттық тәрбие алады егер адамға тәрбие ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар арқылы берілсе ол

«кемел адам», «жетілген адам болып қалыптасады.

Абайдың 11-ші қарасөзінде адамды қалай тәрбиелеу керек, «нағыз адам» деп кімді айтуға балатыны туралы пікірін келтіруді жөн санадық. Абай былай депті: «Адамды махаббат арқылы тәрбиелеу керек. Махаббат әуелі адамның адамдығы. Ғақыл Ғылым деген нәрселермен бірге талап, ұғым, білім махаббаттан шығады. Қашан бала ғылымды махаббатпен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады. өзі үшін өмір сүретін адам өз бетінше оттаған хайуанға тең ал көпшілік үшін тіршілік ететін адам «нағыз адам» [4,121,б.].

Ұлттық тәрбие беруді тәжірибе жүзінде іске асырағн және қазақ педагогикасының тарихында, нақты айтсақ қазақ этнопедагогикасы ғылымында «ұлттық тәрбие» ұғымын ең алғаш ендірген қазақтың ұлы ағартушы-педагогы Мағжан Жұмабаев. Ол өзінің 1922 жылы Орынбордан шығарған «Педагогика» атты оқу құралында ұлттық тәрбие, оның қажеттігі, тәрбиешісінің (ата-ана мен мұғалімнің) ұлттық тәрбиемен таныс бөлу, ұлттық тәрбие алған баланың ерекшеліктерін туралы мынадай керемет пікірлер айтқан: «Әр тәрбиешінің (ата-анамен мұғалімнің) қолданатын жолы–ұлт тәрбиесі. Әрбір ұлттың бала тәрбие қылу туралы ескіден келе жатқан жеке-жеке жолы бар. Әрбір тәрбиеші (ата-ана мен мұғалім), сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болу тиіс. Және де әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті [5,16-17 б.] деген екен.

Мен көпжылғы зерттеу жұмысымыздың нәтижесінде «ұлттық тәрбие» ұғымына мынадай анықтама бердім: «Ұлттық тәрбие деп жеке тұлғаның ана тілін, ата тарихын, төл мәдениетін, ұлттық салт-дәстүрін бойына сіңіріп, ұлттық санасының, ұлттық намысының, ұлттық мінез-құлқының және ұлттық дүниетанымының қалыптасуын айтамыз» [6, 8. б]: Сонда ұлттық тәрбие алған жас ұрпақ, білімді ақылды, еңбекқор, иманды, адамгершілікті, салауатты, сұлу да сымбатты, үнемшіл, отансүйгіш, бір сөзбен айтсақ–ұлтжанды азамат болып шығады. Бұл қорытындыға келу үшін мен жас ұрпаққа және жастарға ұлттық тәрбие беру мәселесімен 30 жыл айналысып, 60-тан аса жеке еңбектер, 300-ден аса мақалалар шығардым. Оларды тәжірибеге толық ендірдім. Нәтижесінде ұлтжанды азамат тәрбиелеу мәселесі өз шешімін табуда.

Нәтижелер мен талдау: Ұлттық тәрбие алған жас ұрпақ білімді, ақылды, еңбекқор, иманды, адамгершілікті, салауатты, сұлу да сымбатты, үнемшіл, отансүйгіш, бір сөзбен айтсақ ұлтжанды азамат болып шығады.

Жас ұрпаққа және жастарға ұлттық тәрбие берудің екі жолы бар: отбасында ұлттық тәрбие беру және оқу-тәрбие мекемелерінде ұлттық тәрбие беру.

Қазақ халқы балаға отбасында ұлттық тәрбие беруді ана құрсағынан бастап, адамды өмір бойы және оны о дүниеге шығарып салумен аяқталатын әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер негізінде үздіксіз жүргізіп, іс-әрекеттер мен қарым-қатынастар арқылы тұрақты жүзеге асырған. Осыдан келіп қазақта отбасылық ұлттық тәрбие берудің мынадай 6 кезеңі түрі пайда болған: құрсақ тәрбиесі, бесік тәрбиесі, қыз бала тәрбиесі, келін тәрбиесі, ұл бала тәрбиесі, ер жігіт тәрбиесі. Бұл кезендерге сипаттама автордың «Қазақ отбасылық тәрбиесі» атты оқу құралында жан-жақты мазмұндалған [7, 160 б.]. Ал қазіргі оқу-тәрбие мекемелерінде жас ұрпаққа және жастарға ұлттық тәрбие беру үрдісі оларда оқытылатын оқу пәндерінің бағдарламаларына ұлттық мазмұн жасап, ұлттық тәрбие берудің әдістемесін пайдаланып, ұлттық тәрбиені жүзеге асыру керек.

Қорытындылар. 1. Ұлттық тәрбие деп ұлттық құндылықтар кеңістігінде ұлттық санасы қалыптасқан жеке тұлғаны айтамыз.

2. Бүгінгі қазақ отбасыларына дәстүрлі отбасылық тәрбиені ендіру.

3. Орта және орта кәсіби оқу орындарында «Қазақ отбасылық тәрбиесі» атты факультативтік курс ендіріп, оқыту.

4. Жоғары оқу орындарының барлық мамандықтарының оқу үрдісіне «Қазақ этнопедагогикасы» пәнін ендіру.

5. Елбасының Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақалаларын кеңінен насихаттау және жүзеге асыруға атсалысу.

1 секция

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ - ЖАҒАНДЫҚ ТАРИХТАҒЫ МАҢЫЗЫ; ЦЕННОСТИ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ - ЗНАЧЕНИЕ В МИРОВОЙ ИСТОРИИ

ӘОЖ: 511.124.

Алдешов С.Е., Бүркіт Ә.Қ., Аманбаев Р.

п.ғ.к., доцент. М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент қаласы, Қазақстан
аға оқушы М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент қаласы, Қазақстан
магистр, аға оқушы М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент қаласы, Қазақстан

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫНЫҢ БІРІ - ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛЫ ЕСІМДЕРІ

Түйін: Көпшіліктің санасындағы тарихи үдерісті, әр тұлғада өзіндік бейнеленетіндігі белгілі. Көптеген халықтар ата-бабаларының есімдерін мақтан тұтады, олар өз елдерінің алғашқы елшілері болып табылады. Мәселен, өткен дәуірдегі әлемге әйгілі тұлғалары өз мемлекеттерінің құнды символикалық капиталы болып саналады және осы елдерді халықаралық аренада тиімді насихаттауға ықпал етеді. Ұлы дала да көптеген көрнекті ұлы тұлғалар шоғырын дүниеге әкелді. Олардың ішінде Әл-Фараби мен Әл-Хорезми сияқты көптеген ауқымды тұлғалар бар. Сондықтан, ең алдымен, атақты тарихи тұлғалардың құрметіне мүсіндік ескерткіштер мен олардың жетістіктері ашық түрде ұсынылатын «Ұлы даладағы ұлы есімдер» атты білім беру саябағы энциклопедиясын құру қажет. Екіншіден, мақсатты мемлекеттік тапсырысты ұйымдастыру арқылы заманауи суретшілердің, музыканттардың, театр қайраткерлерінің, ақындар мен суретшілердің маңызды галереясын құру қажет.

Кілттік сөздер: Ұлы Дала, математика, Әл Фараби, Әл-Хорезми, Алгоритм, Алгебра, Көпшіліктің санасында тарихи үдерістер, негізінен, тұлғаландыру сипатына ие болатыны белгілі. Көптеген халықтар өз елінің ерекше елшісі сынды ұлы бабаларының есімдерін мақтан тұтады. Мысалы, өткен дәуірлердегі Тутанхамон, Конфуций, Ескендір Зұлқарнайын, Шекспир, Гете, Пушкин және Джордж Вашингтон сияқты дүние жүзіне белгілі тұлғалар бүгінде «өз мемлекеттерінің» баға жетпес символдық капиталы саналады әрі сол елдердің халықаралық аренада тиімді ілгерілеуіне септігін тигізіп отыр. Ұлы дала Әл-Фараби мен Ясауи, Күлтегін мен Бейбарыс, Әз-Тәуке мен Абылай, Кенесары мен Абай және басқа да көптеген ұлы тұлғалар шоғырын дүниеге әкелді. Сондықтан, біз біріншіден, атақты тарихи тұлғаларымыз бен олардың жетістіктерінің құрметіне ашық аспан астында ескерткіш-мүсіндер қойылатын «Ұлы даланың ұлы есімдері» атты оқу-ағарту энциклопедиялық саябағын ашуымыз керек. Екіншіден, мақсатты мемлекеттік тапсырыс ұйымдастыру арқылы қазіргі әдебиеттегі, музыка мен театр саласындағы және бейнелеу өнеріндегі ұлы ойшылдар, ақындар және ел билеген тұлғалар бейнесінің маңызды галереясын жасауды қолға алу қажет. Сондай-ақ бұл жерде классикалық қалыптан тыс, баламалы жастар өнерінің креативті әлеуетін де пайдаланудың мәні зор. Осыған орай, бұл іске тек отандық қана емес, сонымен бірге шетелдік шеберлер мен шығармашылық ұжымдарды да тартқан жөн. Үшіншіден, еліміздің тарихи кезеңдерін кеңінен қамти отырып, «Ұлы Дала тұлғалары» атты ғылыми-көпшілік серияларды шығарып, тарату жұмыстарын жүйелендіру және жандандыру қажет. Бұл бағытта қазақстандық ғалымдармен қатар шетелдік мамандар да тартылатын халықаралық көпбейінді ұжым құруға болады. Нәтижесінде, біздің қаһармандарымыздың өмірі мен қызметі жөнінде тек еліміздегілер ғана емес, сондай-ақ шет елдегілер де білетін болады. Шығыстың ұлы математигі, ғұлама ғалым Әбу Насыр әл Фараби. Әл Фараби 870 ж. Арыс өзенінің Сырдарияға келіп құятын жағасына орналасқан Фараб қаласында дүниеге

келген. Толық аты-жөні әл Фараби Әбу Насыр Мұхаммед ибн Ұзлағ ибн Тархан, яғни әкесінің аты - Ұзлағ, ал арғы атасының аты - Тархан. Оның туған жері - ежелгі қазақ қаласы Отырарды арабтар Барфа, Фараб деп атаған, есімі осыдан келіп, Фарабтан шыққан Әбу Насыр болып аударылады. Қазіргі орны Оңтүстік Қазақстан облысы, Шәуілдір ауданының аумағы.

Әл Фарабиді неміс шығыстанушылары ұлы, бірегей тұлға деп атап көрсетеді. Ғалым-энциклопедист, Ренессанс дәуірінің қайнар бастауында тұрған ғұлама көзі тірі кезінде-ақ Аристотельден кейінгі "Екінші ұстаз" атанған. Жаратылыстану ғылымын, білімін Бағдатта, Халебте (Алеппода) алған. Оны астрономия, логика, музыка теориясы, математика, этика, медицина, психология, құқық қызықтырды. Білімнің әр түрлі салаларын қамтитын 160 трактат жазған.

Исламмен, араб халифатымен байланысты барлық қалаларда болған. Ол сарайлық әбігершіліктен алыс өмір сүруді жөн көріп, ғұмырының соңғы жылдарын Сайф ад-Дауль Хамиданың қамқорлығымен Алеппо мен Шамда (Дамаскіде) өткізеді. Ол 80 жасында Шам шаһарында қайтыс болады. Сүйегі Кіші қақпалардың ар жағына қойылады. Ол жалпы теориялық ойлар әлемін жасап, өзіндік философиялық тұжырымдама ұсынды. Оның бұл көзқарастары қоғамдық пікірлерімен белгілі бір қақтығыстарға да ұшырады. Фараби өз шығармаларында араб, парсы, грек, үнді, түрік мәдениетінің жетістіктерін талдап, жақындастыра білді. Мұны "Үлкен музыка кітабы" атты еңбегінен де байқауға болады. Ол өз заманының ғылымын жүйелеуге ұмтылды.

Бұл ойын "Ғылым жігі жөніндегі сөз" атты трактатында көрсете білді. Фараби халыққа білім беруді армандады. Адамзат бойында ағарту мен дамуды біріктіргісі келді. Ұлы баба ұстанған мұраттың бір парасы мынадай: ғылымның қайнар көзіне ұмтылған адам өнегелі де жақсы тәрбиеленген болуы керек. Ең алдымен Құран, заң ғылымдарын оқуы керек. Адал, шыншыл болу керек. Бұзақылық, өтірік, алдау, арбаудан аулақ болу керек. Заңды тағайындарға жақындай отырып, заңдық негіздердің тірегін, сүнне мен шарият ережелерін бұзбай, қажетті мүдделер арқылы еркін ойлы болуы керек.

Саяси этика мен философияның арқасында шынайы бақытқа жетуге болатынын тапқан Фараби ізгілікті қала мен надан қаланы салыстырады. Бақыт пен лайықты өмірге барар жол, адам табиғаты, зиялы және этикалық кемелділік, нағыз әмірші жайындағы талдаулар әлі терең зерттеле қоймаған "Мемлекет қайраткерінің афоризмдері", "Азаматтық саясат", "Бақыттың жетістіктері" атты еңбектерінде өрбиді. Фарабише, бақыт - абсолюттік игілік. Адам кейбір заттарды (ақша, даңқ, қажеттілік және т. б.) өмірдің негізі деп ойлайды. Бірақ бақыттың не екенін танып-білу, оны мақсат етіп көздеп, сол мақсатқа жету үшін, үздіксіз соған қарай жүру үшін жанның теориялық жағын әбден жетік білу керек. Бұған тек ақылгөйлер ғана бара алады.

Фарабидің этикалық тұжырымдамасында негізгі орынды жақсылық санаты алады. Ойшыл "Әлеуметтік-этикалық трактатында": "Жақсылық негіздің атрибуты бола тұра, материяға кіреді, жақсылықтан жамандық болмысының жоқтығымен ажыратылады" - деп есептейді. "Музыка туралы үлкен трактатында" музыка ғылымының мәселелерін зерттейді (музыкалық дыбыстардың құрылысынан музыка мен поэзияның байланысына дейін). Музыканың жақсы жақтары мен оның тәрбиелік мәнін жан-жақты ашып көрсетеді. Музыканың әр түрлі жанрын жетілдіруде пайда болатын адам дарындылығының дәрежелерін талдайды. Әлеуметтік өмірдің шындығына тән кереметтілік тұрмыстық құбылыстардың шындығын көрсете білуде екенін дәйектейді.

Фараби адамзат құрметі үшін интеллект өте қажет нәрсе деп есептейді. Ақыл халықтар арасындағы тартыстың (соғыстардың) мағынасыздығын көрсетеді. Содан олар "ең биік игілікке", яғни жер бетіндегі бақыт пен бейбітшілікке жету үшін "келісімге көшуіне тура келеді". Шынайы бақытқа жету үшін үнемі іздену мен оқу керек дейді. Өзінің

"Әлеуметтік-этикалық трактатында" ғалым: "Үлгі-өнегенің арқасында бұзақылық та, керемет істер де шығады", - деп жазды.

Фараби "Ғылымды жіктеу және анықтау туралы кітап" деген еңбегінде орта ғасырлық ғалымдардың ақырғы жігін ашып береді. Бұл кітап ғылым салаларының өзіндік жікке бөлінуімен ерекшеленеді.

Сайып келгенде, Әл-Фараби "Қайырлы қала тұрғындарының кітабы", "Дүниедегі қозғалыстардың тұрақтылығы", "Музыканың үлкен кітабы", "Өлең сөз және шешендік туралы", "Өлең өнерінің қағидалары туралы трактат", "Логика", т. б. еңбектері - ғылым тарихында өзіндік орны бар дүниелер

Орта Азияның ұлы математигі, ғұлама ғалымы Әл-Хорезми

Толық есімі: Әбу Абдулла Мұхаммед ибн Мұса әл-Хорезми



Әл-Хорезми (араб Әбу Абдулла Мұхаммед ибн Мұса әл-Хорезми: محمد بن موسى خوارزمی) (толық есімі - Әбу Абдулла (немесе Әбу Жафар) Мұхаммед ибн Мұса әл-Хорезми) - Орта ғасырлық Ұлы ғалым - математик, астроном (жұлдызшы), тарихшы, географ. Бұл ғалымның өмірі туралы мәліметтер өте аз сақталған. Әл-Хорезми есімі оның туған елін көрсетеді – ортаазиялық Хорезм мемлекеті, ал ғалымның тағы бір лақап аты - әл-Маджуси – оның ата-тегінде зороастриялық абыз-жәдігөйлер (арабша «маджус») бар екендігін көрсетеді.

Әл-Мамұн (813—833) халифінің кезеңінде Әл-Хорезми Бағдаттағы Академия іспеттес «Даналық үйі» кітапханасын басқарды. Әл-Васике (842—847) тұсында Әл-Хорезми хазарларға экспедицияны басқарды. Әл-Хорезми жайында сақталған соңғы мәлімет 847 жылға сәйкес келеді.

Оларға арифметика бойынша ең алғаш позициялық қағидаларға негізделген нұсқау жазылды. Сонымен қатар, оның алгебра және күнтізбе жайында трактаттары сақталды. Мұхаммед әйгілі «әл-жебр уәл-мұқабала кітабы» — «Қалпына келтіру және қарсы қою туралы кітап» кітабын (сызықты және квадратты теңдеулерді шешуге арналған) жазды, оның атынан «алгебра» атауы шықты. Оның алгебра бойынша трактатында геометрия, тригонометриялық кестелер және қалалардың ені мен ұзындығы жайында тараулар бар.

Әл-Хорезми нұсқауы арифметиканың дамуына өте маңызды рөл атқарды. Автордың есімі латындалған түрінде Algorismus және Algorithmus ортағасырлық Еуропада бүкіл ондық арифметика жүйесін білдіретін болды. 1983 жылы Әлем жұртшылығы Ұлы Ұстаздың туғанына 1200 толғанын халықаралық деңгейде атап өтті. Еңбектері Адамзат өркениетінің дамуына және қалыптасуына өлшеусіз үлес қосқан, көне өркениеттер тағылымының тал бесіктерінің бірі Ежелгі Хорезм еліндегі Хиуа қаласында дүниеге келген. Ол - әйгілі «Шығыстың жеті жұлдызының» бірі, әлемдік қазіргі алгебра ғылымының негізін салушы ретінде белгілі. Орта ғасырлық Ұлы ғалым - математик, астроном (жұлдызшы), тарихшы, жағрапияшы. Деректер бойынша арғы аталары бұл аймақта, Соғды әлемінде кең таралған зороастризм дінінің қасиетті абыздарынан болған. Ғалымның латынша есімі «Алгоризми», «Алгоритми» түрінде айтылған. Әл-Хорезми –

жан-жақты энциклопедист ғалым болған тарихи ерекше тұлға Оның есімі негізінен әлемге, кейінгі ұрпақтарға математика саласындағы зерттеулермен танымал болды. Сондықтан, қазіргі математика ғылымдарының, алгебра ғылымының атасы болып саналады. Қазіргі "алгебра", "алгол" және "алгоритм" сөздері соған байланысты. Яғни бұл ғұламаның есімінен (Алгоритми) тікелей шыққан... Әлемге танымал ғалымның негізгі ғылыми өмірі негізінен Араб халифатының Орталығы болған Бағдад қаласындағы "Даналық үйінде" өткен. Бұл ғылыми Академияға халифаттың түкіпір-түкіпірінен данышпан ғалымдар жиналған және аса ірі обсерватория және ғылыми-тарихи қолжазбалар қоры мол кітапхана бар еді. Ғалымды замандастары "Әл Мажуси" деп мадақтаған. Бұл араб тілінен алғанда "Ғажайыптар иесі" деген мағынадағы сөз. Әл-Хорезми өзінің ұрпаққа өлмес мұра етіп қалдырған төмендегідей 9 ірі көлемді шығармалардың авторы болып саналады:

1. Үндістан арифметикасы туралы кітап - Көне Үндістан есептерінің және амалдарының талдануына арналған;
2. Алгебра (Ал-джабр) және алмукабаланың есептеулері туралы қысқаша кітап - Алгебра ғылымының негізгі қағидалары мен амалдарын жинақтауға арналған;
3. Астрономиялық таблицалар (зидж) – Жұлдызнамалық еңбек, яғни аспан денелерінің, ғаламшарлардың қозғалысын зерттеуге арналған ;
4. Жер шары бейнесінің кітабы - Планетамыздың жағрапиясы, яғни Жер бедерін, елдер мен өзен, көлдерді, таулар мен шөлдердің орналасуын анықтап, картаға түсіруге бағытталған;
5. Астролябияның көмегімен жасалатын зерттеу әдістері туралы кітап;
6. Күн сағаттары туралы кітап;
7. Еврейлер дәуірінің (пайғамбарлар дәуірі) сипаты және оның мейрамдары туралы трактат;
8. Тарих кітабы – адамзат тарихына арналған туынды.

Әл-Хорезмидің жазған еңбектері оның замандастарының көрсетуінше берілген. Алайда қазір оның шығармаларына түсіндірмелер жазған, көшірмелер жасаған және көне латын тіліне аударылған еңбектерінің бүгінге дейін сақталғандарының барлық санын қосып есептегенде, бізге оның осы жоғарыда аталған шығармаларының жетеуінің ғана көшірмелері немесе жалпы мазмұны жетті. Анықтап көрсеткенде, жоғарыдағы тізімнің ішінен соңғы екеуі, адамзат мәдениеті мен тарихына арналған шығармалары бізге дейін сақталып жетпеген, тек атауы ғана таныс. Оның арифметика тарихындағы жетекші орнын айқындап берген шығармаларының негізгі түпнұсқасы мен арабша мәтіні жоғалып кеткен, тек қана латынша қысқаша аудармасының жалғыз данасы ғана Кембридж кітапханасында сақтаулы. Онда есептеудің ондық санау жүйесі туралы толық мәліметтер мен талдаулар берілген. Қазіргі кезде бастапқы негізге сүйеніп, белгілі бір ережеге бағына, жалғасып-сабақтасып жүретін есептеу жүйесін "алгоритм" деп атайды. "Китаб мухтасаб ал-джабр и ва-л-мукабала" («Құрастырулар мен қарсылықтар (салыстырулар) туралы») кітабы екі тараудан құралған: алгебра мен геометрия туралы қағидалар бөлімі және тәжірибелік-есептеулер бөлімдерінен. Кітаптың теориялық бөлімінде тізбектік және шаршылық теңдеулердің (линиялық және квадраттық) шешілу жолдары анықталады. Келесі еңбектерінің бірі тригонометриялық және астрономиялық таблицаларға арналған. Ол хронология мен күнтізбе туралы мәліметтен басталады және алғашқы зидждардың (сызбалар) бірі болып табылады. Араб ай күнтізбесі мен юлиан күнтізбесін салыстыра отырып, "тасқын су дәуірі" (Нұх пайғамбар заманы) мен Селевк дәуірі (көне Грек кезеңі), "темір ғасырының" хронологиялары туралы мәліметтер береді. Келесі еңбегі сол замандағы астрономиялық зерттеулерде кеңінен қолданылған құрал - астролябияны пайдаланудың қыр-сыры туралы мәселелерге арналған. Осындай астрономиялық және математикалық еңбектерімен бірге оның жағрапия саласындағы шығармасының да орны

бар. Хорезми адам мекендейтін құрылықтың, онда орналасқан әртүрлі халықтар мен жер бедерін, өзен-көлдерін, тау-құмдарын, теңіз-мұхиттарын, мемлекеттері мен қалаларын мен сауда жолдарын көрсете қамтитын жер шарының жағрапиялық картасын құрастырды. Бұл мақсатта ол түрлі ғылыми саяхатшылардың, алысқа сапар шегерін саудагерлердің мәліметтерін пайдаланумен қатар, Византия, Хазария және Ауғанстан елдеріне ғылыми экспедициялар ұйымдастырып, бұл саяхаттарға, шәкірттерімен бірге зерттеуші ретінде тікелей өзі қатысқан. Мысалы, ол карта құрастыру барысында жер меридианының бір градусының ұзындығы туралы өте дәл есептеулер жүргізді. Әл-Хорезми негізін салған Алгебра ғылымы және оның жасаған есептеулері мен теңдеулері қазір жер шарының барлық оқу орындарында мектептерде оқытылады. Әлемдік, адамзат ақыл-ойының және ғылымның тарихын жазған Дж Сартон: "Әл-Хорезми - адамзат тарихындағы ең ұлы математиктердің бірі" деп баға берді. Қазіргі әлем жұртшылығы, өркениетті адамзат пен тарихшылар Әл Хорезмиді негізінен Ұлы математик, қазіргі алгебра ғылымының негізін салушы ретінде, Ислам әлемінің ежелгі Орта Азиядан шыққан ғұламасы ретінде біледі. Халиф Әл-Мамунның (313-833) тұсында Ислам Академиясы атанған Бағдадтағы «Даналық үйі» кітапханасын басқарған. Ал Хали Әл-Васикенен (842-847) кезінде Хазарияға барған ғылыми-зерттеу экспедициясының жетекшісі болған.

ӘЛ ХОРЕЗМИ (783–850). Толық есімі – Әбу Абдаллах (немесе Абу Жаббар) Мұхаммед ибн Мұса Әл Хорезми. Адамзат өркениетінің дамуына және қалыптасуы өлшеусіз үлес қосқан, көне өркениеттер тағылымының тал бесіктерінің бірі Ежелгі Хорезм еліндегі Хиуа қаласында дүниеге келген. Ол — әйгілі «Шығыстың жеті жұлдызының» бірі, әлемдік қазіргі алгебра ғылымының негізін салушы ретінде белгілі. Орта ғасырлық Ұлы ғалым — математик, астроном (жұлдызшы), тарихшы, жағрапияшы. Деректер бойынша арғы аталары бұл аймақта, Соғды әлемінде кең таралған зороастризм дінінің қасиетті абыздарынан болған.

Ғалымның латынша есімі «Алгоризми», «Алгоритми» түрінде айтылған. Әл-Хорезми – жан-жақты энциклопедист ғалым болған тарихи ерекше тұлға Оның есімі негізінен әлемге, кейінгі ұрпақтарға математика саласындағы зерттеулермен танымал болды. Сондықтан, қазіргі математика ғылымдарының, алгебра ғылымының атасы болып саналады. Қазіргі «алгебра», «алгол» және «алгоритм» сөздері соған байланысты. Яғни бұл ғұламаның есімінен (Алгоритми) тікелей шыққан...

Әлемге танымал ғалымның негізгі ғылыми өмірі негізінен Араб халифатының Орталығы болған Бағдад қаласындағы «Даналық үйінде» өткен. Бұл ғылыми Академияға халифаттың түкіпір-түкпірінен данышпан ғалымдар жиналған және аса ірі обсерватория және ғылыми-тарихи қолжазбалар қоры мол кітапхана бар еді. Ғалымды замандастары «Әл Мажуси» деп мадақтаған. Бұл араб тілінен алғанда «Ғажайыптар иесі» деген мағынадағы сөз.

Әл-Хорезми өзінің ұрпаққа өлмес мұра етіп қалдырған төмендегідей 9 ірі көлемді шығармалардың авторы болып саналады:

1. Үндістан арифметикасы туралы кітап — Көне Үндістан есептерінің және амалдарының талдануына арналған;
2. Алгебра (Ал-джабр) және алмукабаланың есептеулері туралы қысқаша кітап — Алгебра ғылымының негізгі қағидалары мен амалдарын жинақтауға арналған;
3. Астрономиялық таблицалар (зидж) – Жұлдызнамалық еңбек, яғни аспан денелерінің, ғаламшарлардың қозғалысын зерттеуге арналған ;
4. Жер шары бейнесінің кітабы — Планетамыздың жағрапиясы, яғни Жер бедерін, елдер мен өзен, көлдерді, таулар мен шөлдердің орналасуын анықтап, картаға түсіруге бағытталған;
5. Астролябияның көмегімен жасалатын зерттеу әдістері туралы кітап;
6. Күн сағаттары туралы кітап;

8. Еврейлер дәуірінің (пайғамбарлар дәуірі) сипаты және оның мейрамдары туралы трактат;

9. Тарих кітабы – адамзат тарихына арналған туынды.

Әл-Хорезмидің жазған еңбектері оның замандастарының көрсетуінше берілген. Алайда қазір оның шығармаларына түсіндірмелер жазған, көшірмелер жасаған және көне латын тіліне аударылған еңбектерінің бүгінге дейін сақталғандарының барлық санын қосып есептегенде, бізге оның осы жоғарыда аталған шығармаларының жетеуінің ғана көшірмелері немесе жалпы мазмұны жетті. Анықтап көрсеткенде, жоғарыдағы тізімнің ішінен соңғы екеуі, адамзат мәдениеті мен тарихына арналған шығармалары бізге дейінсақталып жетпеген, тек атауы ғана таныс.

Әдебиеттер тізімі

1. Н.Ә.Назарбаев. Ұлы даланың жеті қыры. // Егемен Қазақстан, 2019 ж. 15 ақпан.
2. А.Көбесов. Математика тархы. Алматы, 1995,Б. 25.
3. Ә.Дербісәлі. Қазақ даласының жұлдыздары. Алматы, 1995,Б.7-20.
4. Б.Ахметова, Н. Қойшыбаев. Ұлы есімдер. Алматы, 1971,Б. 11-17.
5. А.Ысқақов. Математика тарихы және математиктер жайлы әңгімелер. Алматы: Мектеп, 1971. 1-том.
6. А.Ысқақов. Математика тарихы және математиктер жайлы әңгімелер. Алматы: Мектеп, 1972. 2-том.
7. А.Ысқақов. Математика тарихы және математиктер жайлы әңгімелер. Алматы: Мектеп, 1973. 3-том.
8. О.Жәутіков. Математика тарихы. Алматы: Мектеп, 1971.
9. М.Әбенова. Математика тарихы. Алматы: Мектеп, 2000.

Аннотация: Известно, что исторический процесс в массовом сознании носит преимущественно персонифицированный характер. Многие народы заслуженно гордятся именами великих предков, ставших своеобразными послами своих стран. Например, такие всемирно известные личности давно ушедших эпох, теперь считаются бесценной символической капитал своих государств и способствуют эффективному продвижению этих стран на международной арене.

Великая степь также породила целую плеяду выдающихся деятелей. Среди них такие масштабные фигуры, как *аль-Фараби* и Аль-Хорезми и многие другие. Поэтому нам следует, во-первых, создать учебно-образовательный Парк-энциклопедию «Великие имена Великой степи», в котором под открытым небом будут представлены скульптурные памятники в честь наших знаменитых исторических деятелей и их достижений. Во-вторых, организова целевой государственный заказ, необходимо создать важную галерею современных художников, музыкантов, театральных деятелей, а также поэтов и художников.

Abstract: It is known that the historical process in the mass consciousness is mainly personified. Many nations are deservedly proud of the names of great ancestors who have become the original ambassadors of their countries. For example, such world famous personalities of bygone eras, are now considered invaluable symbolic capital of their states and contribute to the effective promotion of these countries in the international arena. The Great Steppe also spawned a whole galaxy of prominent figures. Among them are such large-scale figures as Al-Farabi and Al-Khorezmi and many others. Therefore, we should, first of all, create an educational Park Encyclopedia “The Great Names of the Great Steppe”, in which sculptural monuments in honor of our famous historical figures and their achievements will be presented in the open. Secondly, by organizing a targeted state order, it is necessary to create an important gallery of contemporary artists, musicians, theater figures, as well as poets and artists.

Баймурзаева К.Б., Исабаева Г.Н., Рысбаева М.К.
преподаватель ЮКГУ им.М.Ауезова, Шымкент, Казахстан
преподаватель ЮКГУ им.М.Ауезова, Шымкент, Казахстан
преподаватель ЮКГУ им.М.Ауезова, Шымкент, Казахстан

ПЕРЕХОД НА ЛАТИНИЦУ – ОТВЕТ НА ВЫЗОВЫ ВРЕМЕНИ

Аннотация: В данной статье рассмотрен вопрос перехода казахского алфавита на латиницу. Автор в начале статьи совершает небольшой экскурс в историю создания казахского алфавита. При этом подчеркивается то, что переход на латиницу также имеет свою глубокую историческую логику: это и особенности современной технологической среды, и особенности коммуникаций в современном мире, и особенности научно-образовательного процесса в XXI веке.

Далее, в статье говорится о необходимости проведения модернизации государственного языка для того, чтобы раскрыть весь его богатый потенциал, а не только использовать, как средство коммуникации, а помочь стать мощнейшим фактором духовного возрождения и укрепления национальной идентичности. И еще в статье обращено внимание на главное преимущество нововведения – это то, что, изучая государственный язык на латинице, будет проще осваивать английский язык, на котором сейчас говорит и пишет мировое сообщество.

В заключении говорится о том, что логическим завершением подготовительного процесса явился Указ Президента Республики Казахстан от 19 февраля 2018 года № 637 «О внесении изменения в Указ Президента Республики Казахстан от 26 октября 2017 года № 569 «О переводе алфавита казахского языка с кириллицы на латинскую графику». Таким образом, в процессе перехода казахского языка на латинскую графику, определены конкретные сроки и реальные действия на сегодняшний день. Также в заключении говорится, что начиная с 2018 года, страна приступила к подготовке кадров для преподавания нового алфавита и подготовке учебников для средних школ.

Ключевые слова: алфавит, модернизация, интеллигенция, независимость, Стратегии «Казахстан-2050», переход на латиницу, поэтапно, развитие языка, национальная идентичность, претворение в жизнь, программа

Путь казахского алфавита нам известен из истории письменности. В VI-X веке использовалась тюркская руническая письменность. В X-XX веках, около девяти столетий, казахи использовали арабскую письменность. Известно и то, что в XX веке алфавит менялся трижды (арабский, латиница, кириллица). Применение латинской графики не является абсолютным новшеством для нашего общества. В Казахстане, как и в других тюркоязычных советских республиках, она применялась с 1929-го по 1940 год. Надо отметить, что данная графика оказалась более удобной для применения, чем арабская, которую применяли казахи не одно столетие.

Латинский алфавит в Казахстане просуществовал недолго: 1940 году казахская письменность перешла на кириллицу. Модернизация алфавитов — это нормальная историческая практика. В мировой истории немало примеров модернизации алфавитов. Модернизировались европейские алфавиты. А в XX веке в 20–30-е годы из 72 языков СССР 50 языков были переведены на латиницу. Цивилизованный мир давно пользуется латинской графикой. Латиница используется в более 100 странах мира

Еще до обретения независимости, в 1989 году, среди казахской интеллигенции поднимался вопрос о необходимости перехода на латиницу. В некоторых республиках переход на латиницу начался практически сразу после распада Советского государства, в

частности, в Азербайджане, Молдове, Узбекистане, Татарстане.

После приобретения независимости вопрос о переходе на латиницу стал актуальным в нашей республике. «Казахстан в перспективе откажется от кириллического алфавита и перейдет на латиницу» - говорил в ноябре 2010 года тогдашний министр культуры республики Мухтар Кул-Мухаммед [2]. По его словам, президент Нурсултан Назарбаев поручил изучить этот вопрос, все доводы «за» и «против». «Я абсолютно уверен, рано или поздно мы к этому перейдем, жизнь заставляет это сделать,- подчеркнул министр культуры,- вопрос перехода на латиницу не имеет никакой политической подоплеки. Это всего лишь знаки, обозначения, поэтому в этом никакой политики не должно быть. Алфавит не имеет национального лица». Начало политического решения по вопросу латинизации Глава Государства озвучил в своей Стратегии «Казахстан-2050» в декабре 2012 года, в которой он указал на необходимость перехода на латинский алфавит: «... к 2025 году все деловые документы, периодические издания и книги должны начать выходить на латинице. Сейчас начнется большая подготовительная работа. Правительство должно подготовить график перехода на латиницу» [1].

С одной стороны, это один из этапов становления независимости республики, с другой, латинизация - это один из этапов глобализации. Этот период не за горами, поэтому мы не должны терять время и уже сейчас нужно приступить к этой работе. Реализация Стратегии вхождения Казахстана в число пятидесяти наиболее конкурентоспособных стран мира, Стратегии индустриально-инновационного развития Республики Казахстан и модернизации общественного сознания непосредственно связаны с передовыми технологиями, новейшими достижениями науки и техники, особенностями научно-образовательного процесса в XXI веке, где латинская графика должна найти все большее применение. Однако наиболее конкретные очертания приобрел в программной статье Президента Казахстана «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» (2017 г.). В статье подчеркивалось, что «переход на латиницу имеет свою глубокую историческую логику. Это и особенности современной технологической среды, и особенности коммуникаций в современном мире, и особенности научно-образовательного процесса в XXI веке».

Действительно, приобретение статуса значимого субъекта мировой политики, выход страны на новый уровень развития международных отношений, межгосударственных связей в значительной мере способствовали вхождению республики в мировое образовательное пространство, что в свою очередь актуализировало приоритетные направления современного образования, модернизации общественного сознания, в контексте которого процесс перехода казахского языка на латинскую графику будет способствовать его включению в мировое информационное пространство. При этом важной особенностью процесса перехода на латиницу, подчеркивал Глава государства, - является «спокойный поэтапный переход». [3].

Модернизация казахского языка и переход на латиницу – это необходимое условие выживания и развития языка. Языки, которые не развиваются, обречены на забвение. Согласно проведенным исследованиям, ежегодно в мире исчезает около 40 языков. Современным исследователям удалось подсчитать, что в Европе, и Малой Азии исчезло более 70 языков, а в США более 100 языков. Только сегодня в Индии почти 200 языков находятся под угрозой исчезновения.

Причины исчезновения языков разные, но их объединяет неспособность языка приспосабливаться к новым меняющимся условиям. Переход казахского языка на латиницу позволит обогатить государственный язык, что сохранит его самобытность и своеобразие звуковой системы. И здесь речь идет не просто о смене графики. Ведь сегодня необходимо провести модернизацию государственного языка, для того чтобы раскрыть весь его богатый потенциал, а не только использовать как средство коммуникации.

Латиница должна помочь ему стать мощнейшим фактором духовного возрождения и укрепления национальной идентичности.

Латинский алфавит лидирует на сегодняшний день в глобальном информационном пространстве. Поэтому значимость перехода на латиницу для развития и укрепления казахского языка трудно переоценить. Латинский алфавит - инструмент современной коммуникации. В современном мире латиница ассоциируется с новыми технологиями и прогрессом. На латинице пишутся все доменные имена и адреса электронной почты.

Одним из главных преимуществ нововведения является то, что, изучая государственный язык на латинице, будет проще осваивать английский язык, на котором сейчас говорит и пишет мировое сообщество. Даже в таких странах, как Индия, Китай и Япония, где используется традиционная письменность, в сфере бизнеса и развитии технологий максимально применяется английский язык. При этом сегодня созданы все условия для перехода казахского языка на латиницу. Общество, государство, все социальные группы, молодежь, представители бизнеса и науки де-факто используют латинскую графику.

Успешный переход казахского алфавита с кириллической графической основы на латинскую сыграет позитивную роль в процессе укрепления независимости РК и формирования самостоятельной национальной идентичности казахстанцев.

Логическим завершением подготовительного процесса явился Указ Президента Республики Казахстан от 19 февраля 2018 года № 637 «О внесении изменения в Указ Президента Республики Казахстан от 26 октября 2017 года № 569 «О переводе алфавита казахского языка с кириллицы на латинскую графику». Таким образом, в процессе перехода казахского языка на латинскую графику, определены конкретные сроки и реальные действия на сегодняшний день. Теперь необходима неустанная работа по претворению в жизнь намеченной программы действий.

Начиная с 2018 года, страна приступила к подготовке кадров для преподавания нового алфавита и подготовку учебников для средних школ. Общественное сознание требует не только выработки принципов модернизации, но и конкретных проектов, которые могли бы позволить ответить на вызовы времени.

Список литературы

1. Назарбаев Н.А. Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания, 2017, 12 апреля <https://informburo.kz/stati/statya-prezidenta-vzglyad-v-budushchee-modernizaciya-obshchestvennogo-soznaniya.html>
2. Казахстанская правда, 2010, 9 ноября
3. электронный ресурс: <https://e-history.kz/ru/publications/view/3875> © e-history.kz

Түйін: Мақалада қазақ әліпбиін латын графикасына көшірудің елімізге саяси жағынан да, ғылым-білім тұрғысынан да, заман талабына сай екендігі көрсетілген. Автор қазақ алфавитінің тарихына біраз шегініс жасап, соңғы сексен жылдың бедерінде қазақ әліпбиі үш рет түбірлі өзгеріске ұшырағанын атап өткен. Мақалада жалпы тілге деген әлеуметтік қатынас жай ғана коммуникация құралы ғана емес, ол сонымен қатар халықтың мәдени келбетін анықтауға, оның дүниетанымдық негіздерін, құндылықтық бағдарларын қалыптастыруға деген талпыныс екенін байқаймыз. Осыған орай, қазақ тілінің әліпбиін латынға ауыстыруға деген қызметтің астарында, оның мемлекеттік мәртебесін белгілі бір биік дәрежеге жеткізуге деген негізгі мақсат пен талпыныс тұрғанын байқауға болатынына көңіл бөлініп, қазақ графикасының латын әліпбиіне көшуі арқылы ұлттық бірегейліктің жаңаруын және оның қалыптасуын тездетуге себеп болатындығы аталып өткен.

Осы мақалада Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру жөнінде қойған міндеттерге байланысты қазақ әліпбиіне көшудің тиімді

жолдары талқыланып, ұсыныстар жинақтау қарқын алғанына тоқтала өтіп, осыған орай Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасында еліміз үшін аса маңызды зор саяси шешім қабылдағаны баршаға белгілі екені көрсетілген.

Қорытындылай келе, латын қарпін таңдаған елдердің мәдениеті көбінесе өркениеттіліктің көрінісі, дамығандықтың белгісі екені қарастырылып, заманауи дүниетанымдық жүйелерде дәстүрлі ұстанымға айналғаны анық екені аталып өтілген.

Abstract: This article discusses the transition of the Kazakh alphabet to the Latin alphabet. The author at the beginning of the article makes a small excursion into the history of the Kazakh alphabet. At the same time, it is emphasized that the transition to the Latin alphabet also has its deep historical logic: these are the features of the modern technological environment, the features of communication in the modern world, and the features of the scientific and educational process in the XXI century.

Further, the article refers to the need to modernize the state language in order to reveal its rich potential, and not only to use it as a means of communication, but to help become a powerful factor of spiritual revival and strengthening of national identity. And the article draws attention to the main advantage of the innovation – is that, studying the state language in Latin, it will be easier to master the English language, which is now spoken and written by the world community.

The conclusion says that the decree of the President of the Republic of Kazakhstan dated February 19, 2018 № 637 “On Amending the Decree of the President of the Republic of Kazakhstan dated October 26, 2017 № 569” “On the translation of the alphabet of the Kazakh language from Cyrillic to Latin” ". Thus, in the course of the transition of the Kazakh language to the Latin script, specific terms and real actions for today are defined. The report also says that starting in 2018; the country began training for teaching the new alphabet and preparing textbooks for secondary schools.

УДК 94(574)

Батырбекқызы Г.,¹ Баимбетова А.Т.²

Магистр, аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
Д.Нұрпейісова атындағы №116 жалпы орта білім беретін мектебі,
Шымкент, Қазақстан

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ – МӘНГІЛІК ЕЛ БАСТАУЫ

Түйін: Мақалада мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың бағдарламалық «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы «Мәңгілік ел» ұлттық идеясымен ұштастырылған. Жоғары оқу орындарында «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын іске асыру мәселесін – жаңа заман талабы тұрғысынан қарастыра отырып, бабалардың ерлігі, бүгінгі буынның ерен істері және жас ұрпақтың жасампаздығы арасындағы сабақтастық болғанда ғана қазақ елін «Мәңгілік Ел», «Қазақ Елі» дәрежесіне көтеруге болады. «Мәңгілік ел» ұғымын тереңнен түсіндіру, тарихи негіздерін көрсету мәселелері тарихшылардың негізгі міндеті болып саналады. Елбасы өзінің «Ұлы даланың Жеті қыры» мақаласында, төл тарихын білетін, бағалайтын және мақтан ететін халықтың болашағы зор болады деп сенетінін және өткенін мақтан тұтып, бүгінін нақты бағалай білу және болашаққа оң көзқарас таныту - еліміздің табысты болуының кепілі екенін халқымызға паш етті. Жалпы бұл бағдарламалық мақаладан ұлттық рухтың айрықша салтанат құрғанын көруге болады. Стратегиялық сипатқа ие бұл бағдарламалық мақала ауқымды тарихымызды дұрыс түсінумен қабылдауға шақыратынын жеткізеді.

Кілттік сөздер: «Мәңгілік ел», идея, Н.Ә.Назарбаев, мемлекет, президент, тарих, қазақ, түрік, ұлт, халық.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты еңбегінде: «Тарихтың алға қойып отырған өктем талабы әрбір түрік еліне әртүрлі салада саяси, экономикалық, мәдени және гуманитарлық тәсілдермен бірігу проблемасын шешудің бәріне бірдей тең институттық тетіктерін жаппай-тұрмай іздестіруді міндеттейді» - дей отырып, түрік мемлекеттері интеграциясының тиімді жолдарын іздеу қажеттілігін көрсетті.

«Мәңгілік Ел» болу идеясы ұлттық идеология ұстанымына айналды. Мәңгілік елге айналуы ата-бабамыз сан мыңдаған жылдар бойы армандаған. Ол туралы тарихи деректер де бар. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі «Мәңгілік Ел» манифесіндегі жазбалар, Әл-Фарабидің «Ғажап ел», «Қайырымды қала» «Азаматтық саясат», «Мемлекет билеушінің нақыл сөздерінде» бұл идеяның теориялық-методологиялық тұрғыдан нақтылануы, Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастаны сөзімізге дәлел [1].

«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының мәнін жоғарыда айтылған қағидалар аясында зерделеу нәтижесінде келесі ой қорытылады: «Мәңгілік Ел» - Қазақстан Республикасының мемлекет құрушы ұлты болып табылатын қазақ халқының – Қазақ елінің тарихы. Сонымен қоса бұл – әлемді мойындатуға және дүниежүзілік қауымдастықта өзіне лайық орнын алуға ұмтылған көпұлтты мемлекет ретіндегі Қазақстан Республикасының қалыптасу тарихы бола тұра, тағы да Қазақ елінің тарихы екендігі баршамызға белгілі [1].

2014 жылдың 17 қаңтарында Қазақстан Республикасының президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың кезекті халыққа жолдауын: «Бір жыл бұрын мен еліміздің 2050 жылға дейінгі дамуының жаңа саяси бағдарын жария еттім. Басты мақсат – Қазақстанның ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылуы. Ол - «Мәңгілік Қазақстан» жобасы, ел тарихындағы біз аяқ басатын жаңа дәуірдің кемел келбеті», - деп бастады. Бұл орайда елең еткізген жаңалық – тұңғыш мемлекеттік ресми идеология, яғни «Мәңгілік Ел» идеясының жариялануы. Бұл Қазақстан Республикасының ұлттық идеясынан келген түйін-тұжырым. Мәңгілік Ел отандастардың бірегей тарихи мақсаты мен қаһармандық ұраны десек қателеспейміз. Аталған идея қазақ елінің ғасырлар бойы армандаған мақсаты ғана емес, Тәуелсіздік жолындағы жанқиярлық еңбегі мен тынымсыз шығармашылығының нәтижелері арқылы қол жеткен асу. «Мәңгілік ел» ұғымын тереңнен түсіндіру, тарихи негіздерін көрсету мәселелері маңызды болып табылады.

Елтеріс Құтлық қаған екінші Түрік қағанатын құрғаннан кейін Тоныкөк «Мәңгілік ел» идеясын қолға алды. Мәңгілік ел мақсаты түрік елінің билігі деп осыдан 13 ғасыр бұрын мәңгілік идеясын ұсынған. Елдің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін геосаяси және ішкі, сыртқы қорғаныс шеңберін жасап, мәңгілік ел саясатын Көк Түріктер іске асырды. Сол идея, сол мұрат бүгінгі қазақ елінің бас ұранына айналуда. «Күл тегін» жазуының қазіргі қазақ тілінің нормасына келтірілген Ғұбайдолла Айдаровтың нұсқасында: «Көктегі түркі тәңірісі, түркінің қасиетті жер-суы былай депті: Түркі халқы жоқ болмасын дейін, халық болсын дейін...» деген жолдар бар [2, 63 б.]. Бұл жерде елдің тарих сахнасынан кетпей, сақталуын тілейді. Мәңгілік ел дегеніміз мемлекеттің ғасырлар тоғысында, ірі державалар арасында бәсекеге төтеп беріп, өзіндік қорғаныс саясатын ұстану деп түсінуге болады. Орхон өзенінің бойында Түрік қағанатының Ордабалық деген астанасы болған. Қағанаттың хан ордасы мемлекеттің ішкі ядросы. Оны қорғайтын арнайы полиция(тұрғақ деп аталған) және оған қоса тұрақты әскер (шерік деп аталған) пайдаланылды. Ішкі қорғаныс деп атаған екінші шеңбер белдеуін түрлі тайпалар қорғап тұрды. Үшінші шеңберде он-оқ Түркештер тұрды. Қырғыздар, Кидандар, Татабилер, Таңғыттар, Басмылдар да үшінші шеңбердің қорғаушысы болды. Осы үш шеңбер тұтас империяны қорғап тұрды. Түріктер осы 3 шеңберді орнатып болған соң, «Мәңгілік ел» идеясын нық бекемдейді. Ғұлама ойшыл, сазгер, қобыз жасаушы Қорқыт бабамыздың өлімге қарсы тұрып, мәңгі өмірге ұмтылуы, тек Қорқыттың ғана емес, сол замандағы билеушілердің елдің мәңгі өмір сүруін қалағандығын білдіреді.

М.Әуезов Қорқыттың мәңгілік өмір туралы толғаныстарының негізгі философиялық түйініп аша келіп, оның болашақ ұрпақ үшін дүниетанымдық маңызы зор, мәңгілік мұра екенін атап өткен. Қазақ халқы арасында тараған аңыздардан Қорқытты бірде айтулы күй атасы ретінде көрсек, енді біразында ол өлім атаулыға қарсы шара іздеген камқоршы ретінде көрінеді. Қорқытты мәңгі өмірді іздеген, бақилық болғысы келмеген деген түсінікті, халқына жерұйықты іздеген Асан Қайғымен түсіндіруге болады. Асан Қайғы өз халқы үшін ең қолайлы, ең құнарлы жерді іздегендігі белгілі. Утопиялық көзқарастағы Асан қайғының жерұйықты іздеудегі мақсаты, халқының жайлы жерге қоныстанып, болашақта мәңгі ел болуын қалаған. Көрнекті еуразияшыл ғалым, тарихшы-этнолог Л.Н.Гумилев «От Руси к России» атты еңбегінде: «Еуразия құрлығы үш рет біріктірілді. Алғашында оны Ұлы Түркі қағанатын құрған көне түріктер біріктірді. Түріктерден кейін Шыңғыс хан бастаған монғолдар, кейіннен Ресей өз қолына алды» дейді.[4, 382б.] Л.Н.Гумилев еуразия құрлығының бірлігі, мәңгілігі туралы ойын көне түріктерден бастайды.

Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен қалыптасып жатқан Еуразиялық идеясының негізінде Ресейлік емес, түріктік ынтымақтастыққа қол жеткізіп, көне түріктердің мәңгілік ел идеясының өміршеңдігін дәлелдеуіміз керек. «Тұтас түрік елі» идеясынан «біртұтас Түркістан» идеясына дейінгі бабаларымыздың атқарған істері едәуір. Елбасы Түрік бірлігі идеясын тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап көтеруде. Ел азаматтары мен Қазақстан саяси элитасының ұлттық идеология қалыптастыру жолындағы ойларын Елбасы сараптады. «Біртұтас Түркістан идеясы», «Түркістан конфедерациясы», «Еуразиялық одақ идеясы», «Қазақстандық ұлт идеясы», «Жерұйық», «Атамекен», «Қазақ Елі идеясы» сынды ұғымдар арқылы мемлекет құрушы қазақ халқы мен тарихи тағдыр тоғыстырған ұлттарға ортақ боларлық идея, мемлекеттік мәнге ие боларлық идеология қарастырылды. Мәңгілік Ел идеясы қазақ ұлтының мақсат-мүддесіне және елімізді ортақ Отан еткен жүз отыздан астам ұлттар мен ұлыстардың ұлттық идеясына негізделген идеология болатынына сенуге болады. Еуроцентристік көзқарас бойыншатүркі тілдес халықтардың ынтымақтастығына деген сын айтушылар көп.

Түркі интеграциясын Т.Рысқұлов пен М.К.Ататүрік бастаса, кейін нақты практикалық шараларды қолға алған ҚР тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың шешуші саясаты өз жемісін берді. Н.Ә.Назарбаевтың түрік халықтарының бірлігін нығайтудағы тарихи рөлінің қаншалықты маңызды болғанын аңғаруға болады. Қазақстан Халықаралық «Түрксой» ұйымына қолдау көрсетіп, түрік дүниесінің барын бағалап, жоғын түгендеуге жол сілтеді. Халықаралық аренада Қазақстанның беделі нығайған сайын, түрік мемлекеттерінің бірлігі идеясы ашық әрі табанды насихаттала бастады. Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты еңбегінде: «Тарихтың алға қойып отырған өктем талабы әрбір түрік еліне әртүрлі салада саяси, экономикалық, мәдени және гуманитарлық тәсілдермен бірігу проблемасын шешудің бәріне бірдей тең институттық тетіктерін жаппай-тұрмай іздестіруді міндеттейді» [3, 120б.], дей отырып, түрік мемлекеттері интеграциясының тиімді жолдарын іздеу қажеттілігін көрсетті. Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2000 жылы 14-желтоқсанда латын алфавитіне көшу мәселесіне қатысты өз пікірін білдіре келіп, өте мұқият дайындықтан соң латын алфавитіне көшетінімізді айтты.

Тоныкөк негізін салған «Мәңгілік ел» идеясын қалпына келтіруші, жандандырушы Ұлт Көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың қазақ халқына славяндық кириллица емес, түркі тектес бауырларымыз қолданатын латын қарпіне көшудің қажеттілігін айтты. «Тарих толқынында» атты еңбегінде: «Түркі халықтары жұмылған жұдырықтай болып біріккен кезде геосаяси өмірге тең құқықты субъект ретінде ықпал ете алады, мәдени әлемдегі өзара қарым-қатынастарда қайдағы бір енжар, ынжық элемент ретінде емес, өзгелермен терезесі тең тұлға ретінде бой көрсете алады. Бұл бағыттағы алғашқы игі қадам

ортаазиялық одақтың құрылуы болды. Оның шеңберінде біздің бәрімізге ортақ мәдени ұқсастығымызды жете сезіну арқылы деңгейіміздің көтеріле түсетіні сөзсіз» деп түрік бірлігінің болашағына зор үмітпен қарады [3, 121б.].

Қазіргі кезде, Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен жүргізілген түркі тілдес мемлекеттерді жақындастыру саясаты, елімізді Орталық Азияның көшбасшысына айналдыру идеясы өз жемісін берді. Оған Түркістандағы Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетінің ашылуы, 2009 жылы Түркияның «Түрік ошақтары» қоғамдық ұйымынан Н.Ә.Назарбаевқа «Түркі әлеміне қызмет» марапатының берілуі, Астанада Түркі академиясының ашылуы, сонымен қатар, Анкара қаласындағы «Генчлер» саябағына Н.Назарбаев ескерткішінің орнатылуы, Түркия Президенті Абдулла Гүлдің Президент Н.Назарбаевты «түркітілдес халықтардың көшбасшысы» деп бағалауы Елбасының түркі әлемін біріктіру, экономикалық және мәдени салаларды тығыз байланыстыру жолындағы тарихи еңбегіне берілген әділетті баға болды.

Елбасының түркі интеграциясы жолындағы қызметінің мақсаттарының бірі экономикалық ынтымақтастыққа негізделген. 2012 жылдың 12-желтоқсаны күні Түркия астанасы Анкара қаласында Лев Гумилевтің 100 жылдығына орай өткен «Лев Гумилев және оның түркологиялық ғылыми мұрасы» атты конференцияда Алтайлық түркітанушы Беликовтың: «Бүгін Мая күнтізбесі бойынша тұтас бір кезең аяқталып, түркі жұртының дәуірі басталды!» деген жалынды сөздері барша түркі халықтарын дүр сілкіндіріп, ертеңге деген ерен сенім ұялатып отырғаны аян. ХХІ ғасырды Түрік мәдениетінің ғасыры болады деп болжам жасаушылардың қатары күн санап артып келеді. Осы орайда Түркі кеңесі Бас хатшысының орынбасары, түркітанушы ғалым Дархан Қыдырәлі: «Енді осы Еуразиялық кеңістікті толтыра беруіміз керек. Түріктің бойындағы пассионарлық қасиет қайта оянууда. Түркі мәдениетінсіз, түркілік санасыз, түркі тарихынсыз Еуразия кеңістігін елестету мүмкін емес. Ежелгі түркілер, сақтар мен скифтер, ғұндар мен қыпшақтар Еуразияның ең даласын еркін қоныстанған. Бүгінгі түсінікпен алғанда, Алтын Орданы да Еуразиялық мемлекет деп атауға болады. Біздіңше, Шыңғысхан идеялық тұрғыда ұлы түркілік идеяны көтеріп, қос мұхиттың арасын мекендеген халықтың жадындағы тарихи сананы қайта жаңғыртқан», дейді.

Белгілі тарихшы, 1837-1847 жылдардағы Кенесары Қасымов бастаған қазақтардың көтерілісі жайында диссертация жазған ғалым Елтоқ Ділмұхамедовтың қызы Эльза Ділмұхамедова Л.Н.Гумилевтен сұхбат алады. Лев Николаевич Гумилев «Қазақтың пассионар тұлғасы кім?» деген сұраққа: «Ол, әрине, хан Кенелерін» деп жауап беріпті. Эльза Елтоққызы «Қазақстанды алда не күтіп тұр?» деп сұрайды. Сонда ол: «Қазақстанда таяу уақытта мықты серпіліс, пассионарлық дүмпу болады» деген екен. Бұл жерде Л.Н.Гумилевтің этностардың өмір сүруі теориясы бойынша әрбір ұлт, әр халық 1200-1500 жылдай өмір сүреді. Осы кезеңде халықтың туып, өсіп-өркендеп, даму шыңына жететіні, содан соң біртіндеп құлдырап құрдымға кететіні дәлелденген. Осы эволюциялық үрдіске 1500-дей жыл кетеді екен. Ал Қазақ хандығы XV ғасырдың ортасында құрылды. 14 ғасырдың орта шенінде қазақ халқы пайда болады. Соған қарағанда, халықтың даму жолының шырқау шегіне жақындап қалдық деп ойлаймын. Эльза Ділмұхамедова Гумилевке тағы да бір сұрағын қойып, «халықтың күшейіп бара жатқанын қалай білуге болады?» дейді. Сонда ғалым: «Оның белгісі сол жерде алқалы жиындар өтеді».

Халық пассионарлық болып жатса, тарихын зерттейді. Пассионар тұлғалар көбейеді. Алдымен бір адам туады, ол өз ойларымен екінші адамның ойын қозғайды. Және адам баласының ойына келмейтін биік мақсаттар қойып, елді жұмылдырып, соған қол жеткізеді. Міне, пассионар халықтың белгісі осындай» деген екен [5]. Гумилевтың айтқан сөздері жаңа дәуірге қадам басып жатқан Қазақ елінің қазіргі жағдайымен тұспа-тұс келеді. Гумилевтың «алқалы жиындар өтеді» дегені түркі ұрпақтарының

ынтымақтастық жолында атқарып жатқан шаралары болса, «тарихын зерттейді» дегені түркі академиясының құрылуы және де 2013 жылы 5 маусымдағы М.Тажиннің ұлттық тарихты зерделеу бағдарламасының жариялануы, сонан кейін, «бір адам туады» дегені Ұлт Көшбасшысының дүниеге келуі, сонымен қатар, «адам баласының ойына келмейтін биік мақсаттар қойып, елді жұмылдырып, соған қол жеткізеді» дегені Елбасының Қазақстан 2030 стратегиясын мерзімінен бұрын аяқтап, дамыған 30 елдің қатарына кіру бағытын алға қоюы деуге болады.

Көне түркілердің «Мәңгілік Ел» идеясы үш негізден тұрады: оның біріншісі көне түркі жазба ескерткіштеріндегі «Мәңгілік Ел» идеясы, екіншісі Әл-Фарабидің «Қайырымды қалада» философиялық шығармасында, әсіресе, бұл идеяның теориялық-методологиялық тұрғыдан тиянақталуы және үшіншісі Жүсіп Баласағұнның осы идеяны негіздеген «Құтты Білік» дастаны. Тоныкөк ескерткішінде мемлекеттің тұрақты болуы үшін билікті ұстап отырған қаған мен ақылгөй дана бірауыздылығы, сөз бен істің ажырамауы, елдің тұтастығы үшін ынтымақтың, барлық күштердің ұйытқысы болу қажеттігі түп нысана ретінде айтылады. Түркі халқының елдігінен айырылып, қағансыз қалып, тағы да басқаларға бағынып, одан қайта көтеріле бастағаны, жаңа қаған отырғаннан кейін елдің басын біріктіру шаралары, яғни «түнде ұйықтамай, күндіз отырмай, түркі елі үшін қызыл қанын ағызып, қара терін төккені, күш-қуатын бергені» паш етіледі. Осының бәрі кейінгі ұрпаққа да үндеу ретінде айтылғаны көрінеді. Сонымен қатар, бұл жерде «Мәңгілік Ел» ұғымы, тәуелсіздік рухы, азаттық идеясы бір-бірімен үндесіп тұр [6].

Әл-Фараби ежелгі грек философиясы мен шығыстың мұсылман ілімдерін байланыстыра отырып, түркі дүниесінің «Мәңгілік Ел» философиясының теориялық негіздемесін жасап берді. Ғалым «Мәңгілік Ел» теориясының негізгі ережелерін «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы», «Мемлекет билеушінің нақыл сөздері», «Азаматтық саясат» шығармаларында баяндайды. Бақытқа жету жолында адамдардың арасындағы қайырымдылық пен түсінушілік, бір-біріне көмек беру, достық пен бейбітшілік, тәрбие мен тәлім Әл-Фарабидің тұтас әлеуметтік-саяси теориясының ажырамас бір бөлігін құрайды. Мемлекет пен қоғамның кемелденуі туралы әлеуметтік-саяси теориясында мемлекет басқарушылары мен сол қоғамда өмір сүретін адамдардың да ұстануы тиіс мемлекетті басқарудың императивтері мен механизмдері көрсетілді. Сондықтан, бұлардың бәрі қазіргі таңда түркітілдес мемлекеттердің ұлттық құндылықтары ретінде саналуы тиіс.

Әл-Фараби мемлекеттің міндетін және оның ішкі және сыртқы міндеттерін толық анықтап береді. Сыртқы міндеті ретінде мемлекеттің қайырымды қала тұрғындарын немесе мемлекетті сыртқы жаулардан қорғау, яғни күшті қорғаныс ұйымдастырумен жүктеледі. Ішкі міндеті ретінде мемлекеттің өз халқының бақытқа жетуі үшін көрнекті шараларды іске асыру керек: олар әділеттілікті орнату, халықты оқыту, оларды керекті ғылыммен толықтыру, адамгершілікке тәрбиелеу, қайырымдылықты тарату және ең жақсы бақытқа жеткізетін әдеттерді бойға сіңіру. Қалған мәселелердің бәрі экономикалық және саяси мәселелер негізгі міндетке бағынады, яғни адамдардың бақытқа жетуі олардың рухани жетілуіне тәуелді.

«Құтты білік» дастаны Қарахан мемлекеті түріктерінің тілінде жазылғаны белгілі. Жүсіп Баласағұн «Құтты білікті» 1069-1070 жылдары Баласағұн қаласында бастап, он сегіз айдың ішінде Қашқар қаласында аяқтаған. Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» шығармасы, араб-парсы әдебиетінің көшірмесі емес. Дастанда X–XI ғасырлардағы Жетісу жерінде тұрған тайпалардың салт-санасы, әдет-ғұрыптары, наным-сенімдері көп жырланған. «Құтты білік» кейіпкерлерінің есімдері де бұрынғы тәңірілік дін нанымдарына қатысты. Басты бейне Күнтуды әділ ел басшысының рәмізі. Бұл бейне «Күлтегін» («Түркі қағанаты туралы сөз») жазуларынан басталып, әл-Фараби мен Қожа

Ахмет Иассауи армандаған түрік мәдениетіндегі үлгі, мұрат тұлғаның бастысы. Жүсіп Баласағұнның басты кейіпкер қылып Күлтегінді көрсетуі түркі мәдениетін жалғастырушы, мәңгілік ел бағдарының қолдаушысы екендігін айқындайды [7].

XVIII ғасырда Қазақ хандығының басын қосып, Айдаһардай Қытайдың аузына түсірмей, ақырған аюдың тырнағынан аман алып қалған Абылай ханның саясаты түркілік мәңгілік ел идеясын жандандырушы тұлғаның ерлігі. Шығыстағы ежелден дұшпанымыз қытайлар жоңғарларды қазақ жеріне айдап салып, сол арқылы қазақ жерін де, жоңғарларды да өзіне қарату еді. Осы соғыста не қазақ, не жоңғар, болмаса екеуі де құруы керек екендігі алпауыт елдердің жаттанды саясаты еді. Бірақ қазақ елі аман қалды. Қазақтың бақытына орай Абылай хандай дара тұлға тарих сахнасына келді. Нәтижесінде бұл соғыста қазақ емес, жоңғар 1758 жылы тарих сахнасынан мүлдем жойылып кетті. Ел басына түскен үлкен қиыншылықтан Абылай хан бабамыз елді біріктіріп, жұмылдырып, соның арқасында қазақ елін аман сақтап қалды. Ендеше, Абылай хан елді біріктірген ұлы тұлға және «мәңгілік ел» идеясын жалғастырушы екендігін мақтанышпен айтуға болады [8].

Мәңгілік Ел жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Бабаларымыздың арманы. Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен Астанада асқақ рухымыз бен мәңгілік мұраттарымызды паш етіп тұрған «Мәңгілік Ел» салтанат қақпасының салынуы «Мәңгілік Ел» идеясының мемлекеттік идеологияға айналғандығының бір дәлелі. «Мәңгілік Ел» сөзінің терең тарихи тамыры және үлкен мағыналы мәні бар. Түрік шежіресінде «мәңгі» сөзі «Тәңір», «Құдай», «Алла» сөздерімен мағыналас қолданылды. Мәңгілік Ел ұлттық идеясының негізгі мәні мәңгілік мақсат-мұраттарымыз бен мәдени-рухани құндылықтарымызға негізделген, мемлекет құрушы қазақ халқы мен өзге де ұлттардың ұлттық идеяларын бір арнаға тоғыстыратын идеология арқылы қалыптастырылатын қазақтың ұлттық мемлекеті. Мәңгілік Ел ұлттық идеясы дегеніміз өткенімізден сабақ ала отырып, болашағымызды баянды ету жолындағы хақ мұраттарымыз!

Әдебиеттер тізімі

1. Қожамжарова Д.П. «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдау басымдықтарына орай // Адами капиталды арттырудың алғышарты. Егемен Қазақстан . - 2017.- 5 мамыр (№ 86).
2. Күлтегін Тоныкөк: Ежелгі түркі рун жазбалары (Әдеби нұсқасын жасаған Қадыр Мырза Әли..) Алматы, «Өлке» баспасы, 2001. 144 б.
3. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. Алматы, «Жібек жолы» баспа үйі, 2010. 232 б.
4. Гумилев Л.Н. От Руси к России. М: ООО «Издательство АСТ». 2002. 392 с.
5. Сыздықов С.М., Селиверстов С.В., Сыздықова Ж.С., Джаферсой Н., Кара А., Қабылдинов З.Е. Н.Назарбаевтың еуразиялық идеясы және түркі кеңістігі. Ұжымдық монография. Астана, «Сарыарқа» баспасы, 2011. — 404 б.
6. «АСЫЛ МҰРА» түркі антологиясы. Астана: Сарыарқа, 2012. 568 б.
7. Тоғысбаев Б., Сужикова А. Тарихи тұлғалар. Алматы, «Алматы кітап» баспасы, 2005. — 368 б.
8. Әбжанов Х., Қинаятұлы З., Қамзабекұлы Д., Нұрымбетова Г., Ювалы Аюдулдақыр. Түркі әлемінің көшбасшылары: өткені мен бүгіні. I кітап. Ұжымдық монография. Астана: Сарыарқа баспасы, 2011, 456 б.

Аннотация: В статье рассматривается программная статья главы государства Н.А.Назарбаева «Семь граней Великой степи», которая связана с национальной идеей «Мангилик ел». Вопрос реализации национальной идеи «Мангилик ел» в высших учебных заведениях является делом современного мира, поднять казахскую нацию до «Мангилик ел» и «Казах ел»

можно только при условии преемственности между героическими поступками предков, творчеством нынешнего молодого поколения. Основная задача историков - глубокое осмысление понятия «Мангилик ел» и показать исторические перспективы. В своей статье «Семь граней великой степи» Президент выразил уверенность в том, что люди, которые знают, ценят и гордятся историей своей страны, имеют большие перспективы и гордятся прошлым, по-настоящему ценят прошлое и позитивно относятся к будущему, и это служит залогом успеха нашей страны. Эта программная статья своими стратегическими характеристиками показывает дух нации, то что мы должны придерживаться нашей единой истории.

Abstract: The article discusses the program article of the head of state N.A. Nazarbayev «Seven facets of the Great Steppe», which is associated with the national idea «Mangilik el». The question of the implementation of the national idea «Mangilik el» in higher educational institutions is a matter of the modern world; it is possible to raise the Kazakh nation to «Mangilik el» and «Kazakh el» only if there is continuity between the heroic acts of the ancestors, the work of the current young generation. The main task of historians is a deep understanding of the concept «Mangilik el» and show historical perspectives. In his article “Seven Facets of the Great Steppe”, the President expressed confidence that people who know, value and pride themselves in the history of their country, have great prospects and pride in the past, really appreciate the past and have a positive attitude to the future, and this serves as a guarantee the success of our country. This program article with its strategic characteristics shows the spirit of the nation, that we must adhere to our single story.

УДК 94(470)

Батырбекқызы Г., Бердекова Р.М., Муратова Г.Т.

аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТАРИХЫ – ҰЛЫ ДАЛА ТАРИХЫ

Түйін: Ұсынылып отырған мақалада Қазақстанда ұлт зиялыларының қалыптасу тарихы және аталмыш мәселе бойынша жазылған негізгі еңбектерге тарихнамалық тұрғыда шолу жасалынды. Қазақ зиялыларының қалыптасу тарихы ХІХ ғасырдың соғынан ХХ ғасырдың басындағы уақыт аралығында басылып шыққан еңбектері мен мәліметтері қарастырылады. Бұл кезең халықтың Ресейдің колониалдық саясатына наразылық танытатын басылымдар мен әдебиеттердің басылуымен сипатталады. Қаруды қаламға айырбастаған зиялылар алыс жақын шет елдерде Ресейдегі ірі оқу орындары мен Европадағы оқу орындарында білім алып, ұлттық мемлекеттік тәуелсіздік туралы сөз қозғады. Мақалада төңкеріске дейінгі тарихты ұмыттыруға бағытталған кеңес идеологиясының әсері көрсетілген, сонымен қатар, төңкеріске дейінгі тарихнамаға және тәуелсіз Қазақстанның тарихнамасына шолу жасалынған. Кеңес қоғамындағы дәстүрге сай орталықта жүргізілген бұндай зерттеулер Орта Азия мен Қазақстанда осы тақырыптағы зерттеулерге концептуалдық, мазмұндық және тақырыптық тұрғыда үлгіге алынды.

Кілттік сөздер: зиялы қауым, элита, интеллигенция, Алаш қайраткері, тарихнама, идеология, Кеңес өкіметі.

Қазақ зиялыларының қоғамдық-саяси қызметінің тарихын зерттеуді олардың өздері бастап берген болатын. Бұл ретте Ә.Бөкейхановтың, М.Дулатовтың, М.Тынышпаевтың және Е.Омаровтың өз замандастырының өмірі мен қызметіне байланысты түрлі басылымдарда жарияланған еңбектерін айтқан жөн. Қазақ зиялылары кім туралы

жазбасын, уақыт рухына сай қайраткердің ұстанған айқындамасы мен атқарған еңбегін бірінші кезекке қойды. Кеңес үкіметі тұсында қазақ зиялыларының тарихын жасау ісі ресми саясатқа тікелей тәуелді болды, соған сай өзгеріп отырды. Мұндай саясаттың астары түсінікті болатын. Қазақ бұқарасының санасын өзіне қаратып алуды көздеген большевиктер, өзінің негізгі қарсыласы ұлттық тәуелсіздік тұғынамасында тұрған қазақ демократиялық интеллигенциясын күрес аренасынан біржола ығыстыруды алдына мақсат етіп қойған еді. 1922 жылдан бастап жоғары билікте жүрген Алаш қайраткерлері ығыстырыла бастайды. Қазақтың демократиялық интеллигенциясының қоғамдық-саяси қызметін бағалау алғашқы кезде екіге жарылып, кейін жоғарыдан берілген нұсқаумен біржақты зиянды жағынан көрсететін еңбектер шыға бастады. 1937-1938 жылдардағы интеллигенцияға қарсы жүргізілген жаппай жазалау саясаты бұл мәселені 1980 жылдарға дейін жауып қойды. Көбіне ол революцияларға, шаруалар көтерілісіне, Қазан төңкерісінен кейінгі қайраткерлерге бағышталды. Бірақ мұндай зерттемелер марксизм-ленинизм аясынан шыға алмады [2].

Академик Манаш Қозыбаев «ұлттық зиялы қауымның тарихы қалыптасып, ғылыми арнаға салынбағанның тағы бір себебі-коммунистік методологиядағы интернационализм принципінің большевизмнің өз пайдасына, таптық мүддесіне ғана бағындыруда» Марксизм-ленинизм методологиясын басшылыққа алған зерттеушілердің бір бөлігі Қазан төңкерісіне дейін қазақта ұлттық интеллигенция қалыптасып үлгермеді деген тезисті тұжырымдады. С. Асфендиаров қазақ зиялылары үш топтан тұрады деп санады: «Біріншісі – ол қызметкер зиялы қауым: негізінен қазақтың феодалдық аристократтарының (сұлтан-дәрігерлер) ортасынан шыққан чиновниктер мен офицерлер; екіншісі – бұл арада феодалдық аристократтар мен байлардың ортасынан шыққан әр түрлі мамандар: дәрігерлер, инженерлер т.б., үшіншісі – бұл демократиялық қауым, басым көпшілігі мұғалімдер, жазушылар және басқалары» Қазан төңкерісінде белсенділік көрсеткен зиялылардың демократиялық қанаты демократиялық қауым (интеллигенция) болып қалыптасты, – деп санады С.Асфендиаров. Зиялылардың бұқараның азаттық қозғалысымен қосылуы, ащы шындықты айтсақ, – деп көрсетті С.Асфендиаров, – 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыстың, ақпан буржуазия-демократиялық революциясының, ақпаннан Қазанға көші барысындағы тәжірибенің негізінде болды, сөйтіп Қазан социалистік революциясы кезеңінде аяқталды».

Міне, осылай зиялы қауым тарихы совет заманымен шектелді. Зиялы қауым, жұмысшы табы мен совет шаруаларының арасын қосатын дәнекер топ ретінде қаралады. Сонымен қатар, марксизм-ленинизм методологиясының шеңберінде ұлттық зиялы қауымның ғылыми тарихын жасау мүмкін емес еді. 1980 жылдардың соңы, қоғамды қайта құру, қуғындалған зиялылар ақталысымен, еліміз тәуелсіздігін алуымен қазақ зиялыларының тарихы туралы тарихнамалық еңбектер шыға бастады. Олардың тарихтағы орны анықталып, тұғырына қондыра бастадық. Енді біз кеңінен қарастырып, тарихнамалық шолу жасасақ. Алаш, Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы және ондағы ұлттық зиялының қалыптасуы мен қызметіне қатысты зерттеулерге әдіснамалық негіз қалаған К.Нұрпейістің [6] іргелі зерттеу еңбектерінің маңызын атап көрсетуіміз керек. К.Нұрпейіс зерттеу еңбегінде алғашқы болып Түркістанда қызмет жасаған Алаш қозғалысының Оңтүстік қанаты туралы идеяны тұжырымдады. Бұл тұжырым зерттеу жұмысымызда Алаш қозғалысының Оңтүстік қанатына топтасқан ұлттық зиялы өкілдерінің алаштық идеядан бас тартпай жартылай жасырын, жартылай жария жағдайда 1924 ж. дейін қызмет жасағандығы туралы концепцияны негіздеуімізге жол сілтеді.

М.Қойгелдиевтің [3] Түркістан Мұхтарияты мен Алашорда үкіметін бір-бірімен сабақтас ұлттық мемлекеттік құрылымдар ретінде қарастыруы Түркістан тарихына отан тарихының құрамды бөлігі ретінде маңыз беруге негіз қалады. Оның Түркістан қозғалысының көсемі М.Шоқайға қатысты зерттеулері тақырып бойынша таным аясын

кеңітті. Сол сияқты партиялық-мемлекеттік номенклатураның жоғарғы эшелонына көтерілген Т.Рысқұлов, С.Қожанов, Н.Төреқұлов, С.Сәдуақасовтардың элиталық қызметіне ұлттық мүдде тұрғысында барынша әділ баға берілді. Д.Аманжолованың [9] еңбегі мәселеге қатысты құжаттық деректерге талдау жасай отырып, ұлт-азаттық қозғалыстың шынайы мазмұнын қалпына келтіріп, сипатын айқындау және ұлттық зиялының жеке құрамының қызметіне баға берудегі объективтілігімен ерекшеленеді. Ғалымның «...в отличие ряда других мусульманских этносов России, особенно Центрально-Азиатского региона, в кочевых и полукочевых аулах Казахстана влияние ислама сказывалось главным образом в быту, обычаях и традициях и значительно менее – в сфере идеологии и политики. Особенно отчетливо это проявилось в 1905–1920 г.г.» деген тұжырымдары Түркістандағы этносаяси және конфессиялық ахуалға айқындық береді.

Ресейдің орталығында кең өріс алған мұсылмандық қозғалысқа қазақ элитасының кейбір өкілдері ғана белсене қатысты. Атап айтқанда Ж.Досмұхамедов пен У.Танашев Бүкілресейлік мұсылмандар съездеріне қатысса, М.Шоқай IV Мемлекеттік думаның мұсылмандар фракциясы бюросының хатшысы болып қызметке араласты. Бірақ, бұл жердегі мұсылмандық атауы ислам дінін ұстанатын халықтардың жиынтық атауы ғана екендігі есте болуы керек. Ал, Сералы Лапиннің діни бағытты ұстанған «Шуро и Улема» қоғамдық-саяси қозғалысының саяси серкесі болуы да қазақ этноэлитасының арасында діни ағымның басымдығын танытпайын еді.

Тақырып тарихнамасының едәуір бөлігін шетелдік (эмиграциялық) әдебиеттер құрайды. Ұлттық зиялы өкілдерінің саяси, тарихи көзқарасы таптық идеологияның қағидаларына балама өршіл ұлттық рухымен ерекшеленеді. Атап айтқанда М.Шоқай, З.В.Тоған, Б.Хайт, Х.Оралтай еңбектерінде көрініс тапқан. Отарлық езгіге қарсы күресте қазақ қайраткерлерімен тығыз байланыста болған Заки Валиди Тоғанның естеліктері М.Шоқай естеліктері жақын. Мәселен, А.З.Валиди Тоғанның шет елге кетер алдында В.И.Ленинге жолдаған хаты кеңес үкіметінің ұлттық мәселеде патшалық империя дәстүрлерінен қол үзе алмаған билік екенін айғақтайтын құжат есебінде қарастыруға болады. Алаш қайраткерлерінің тарихын, әсіресе шет елдерде қоныс аударуға мәжбүр болған зиялылардың өмірі мен қызметін Х.Оралтай қарастырған. «Алаш» партиясының 1905 жылдың өзінде-ақ құрылғаны және оның 1917 жылға дейінгі құпия қызметі туралы айтқан көзқарасына О.Әбдіманов қосылса М.Қойгелдиев келіспейді. Бұл жерде «Қазақ» газетімен бірге «Айқап», «Қазақстан» басылымдарының Алаш партиясының органына жатқызуға келісу қиын дейді [4].

Еліміздің қоғамдық ғылымында элиталық концепция соңғы жылдары ғана қалыптасқандықтан кеңестік тарихнамада осы саладағы арнайы зерттеулер кездеспейді. Тақырыпқа қатысты әрі оның мақсаты мен міндеттеріне барынша жақын келетін ұлттық интеллигенцияның қалыптасуы мен қызметі туралы зерттеулер ХХ ғ. 60–70 жылдары жүргізіле бастады. Ой еңбегімен кәсіби тұрғыда шұғылданатын, шығармашылық қызметінің нәтижесінде материалдық және рухани игіліктер жасайтын адамдардың қоғамдық құрылымы интеллигенция атауымен элеуметтік құбылыс ретінде ХХ ғ. 60-жылдардан бастап шұғыл зерттеле бастады. Таптық қағиданы басшылыққа алған әдіснамалық негіз тақырыпта батыл игеруге тосқауыл болғанымен ХХ ғ. басындағы Ресей интеллигенциясының тарихын саяси билікке қатысына қарай зерттеу қолға алынды.

Осы саладағы іргелі еңбектердің бірі Л.К.Ерманның монографиясында интеллигенцияның қалыптасуы және оның зиялыға тән қоғамдық-саяси қызметі алғаш рет жан-жақты қарастырылды. Осы зерттеудің ізін ала 70-80 жылдары ХІХ-ХХ ғ. басындағы орыс интеллигенциясының тарихын әр қырынан зерттеген П.С.Гусятников, А.В.Ушаков, В.Р.Лейкина-Свирская, С.А.Федюкин, В.Л.Соскин сияқты ғалымдардың еңбектері жарық көрді. Таптық көзқараспен жүргізілген бұл зерттеу еңбектердегі интеллигенцияның қалыптасуы мен қызметіне қатысты ұстанған концепциялар мен жасалған

тұжырымдардың қазіргі заманғы ғылыми ой талабына сай келмейтін тұстары жоқ емес. Әйтсе де, бұл еңбектердің деректік маңызы үлкен екендігін есте ұстауымыз керек. Кеңес қоғамындағы дәстүрге сай орталықта жүргізілген бұндай зерттеулер Орта Азия мен Қазақстанда осы тақырыптағы зерттеулерге концептуалдық, мазмұндық және тақырыптық тұрғыда үлгіге алынды.

Тақырып тарихнамасының алғашқы тобын құраған Ж.Карагусов, А.К.Валиев, Т.Дурдиев, Ш.Тастановтардың еңбектерінде ұлттық интеллигенцияның қалыптасуы мен қызметінің жетістіктерін бірыңғай Кеңес үкіметінің ұлт саясатымен байланыстырған жалаң идеологиялық баяндауларға негіздегендігіне қарамастан, тың деректік құжаттардың дәйектеріне сүйеніп, ұлттық интеллигенция жайлы ғылыми ой-пікірлер қалыптасты. Осы жерде атап өтерлік мәселе ұлттық интеллигенция тақырыбының тарихнамасы 20-30 жылдардан бастап қолға алына бастаған болатын. Түркістан элитасының көрнекті өкілі Т.Рысқұлов өз еңбектерінде қазақ интеллигенциясының тарихына көп көңіл бөліп, оның пайда болуы мен қалыптасуы ХІХ ғ. соңында басталды деп тұжырым жасайды. Ол ұлттық интеллигенцияның қызметін саяси, әлеуметтік және ұлттық бағдарды басшылыққа алып қарастырудың негізділігін алға тартады.

Түркістандағы ұлттық элитаның келесі өкілі С.Асфендияров та ұлттық интеллигенцияның қалыптасу кезеңін ХІХ ғ. ортасынан бастауды ұсынады. Тақырыпты игеруге қызығушылықтың артуымен 70-жылдары ұлттық интеллигенцияның қалыптасуы мен қызметін идеологиялық қондырғының қағидалары аясында барынша ауқымды талдап, мүмкіндігінше объективті бағалауға бағдар ұстаған Ә.К.Қанапин, А.Д.Яндаров, Р.Б.Сүлейменов, Х.И.Бисеновтердің еңбектері жарық көрді. Осы кезеңдегі зерттеулердің арасынан Р.Б.Сүлейменовтың Қазақстанның қазан төңкерісіне дейінгі мәдени мұраларына баса мән беріп, Ресейдің шет аймақтарындағы ұлттық интеллигенцияның тағдырына талдау жасаған еңбектерінің маңызын атап өтуге болады. Отандық тарих ғылымының коммунистік идеологияның ықпалынан арылуы және гуманитарлық, демократиялық қағидалар мен жалпыазаматтық құндылықтар бағытында дамуы мәселені жаңа көзқараспен бағалауда кең мүмкіндіктерге жол ашты.

Тәуелсіздік жылдары Х.Әбжанов [1] пен А.Гурьевич, А.Амрекулов пен Н.Э.Масановтардың еңбектері жарық көріп, ұлттық интеллигенция тақырыбын жаңа мазмұнда игеруге кең мүмкіндік ашты. «Қазақ интеллигенциясы қашан қалыптасты?» деген сауалға Х.Әбжанов мынадай жауап қайтарады: «Россияның қол астына енгенге дейін ХІV-ХVІІ ғасырлардағы қазақ қоғамы ой еңбегі адамдарына кенде емес болатын. Олардың арасында сәулетшілер де, басқарушылар да, композиторлар да, әскер басшылары да, ақындар, сал, серілер, жыраулар да, дипломаттар да бар еді. Ұшы-қиыры жоқ кең даладағы цивилизация талабына творчестволық қызметі толық жауап берген интеллигенцияның әлеуметтік тобы, осы тұста құрылды». Ғалым зиялылардың ел алдындағы қызметінің сырын ашу үшін Ш.Құдайбердіұлының «Терең ой, түзу тәжірибесі бар адам ғайыптан хабар береді. Әулие деген сол болса керек» деген сөзін алға тартады. Осы тұжырымның элиталық тұлғаға деген дәстүрлі қоғамдағы өлшем-бағаны танимыз.

Х.Әбжанов [1] қоғам алмасқанда ұлттық интеллигенцияның саны өскенімен оған деген қажеттілік бәрібір өтелмейтіндігін айтады. «Мұның сыртында ат төбеліндей аз осынау интеллигенция тобы «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып дегендей» туған халқының жоғын жоқтап, жыртысын жырта бермеді. А.Байтұрсынов 1911 жылы айтқандай, олардың бірі: «мал табуға салынды, білді жалғыз алымды», екіншісіне шен мақсұт болды. Осының өзі халық пен оның зиялыларының арасына алшақтатпаса жақындатпады» деп интеллигенция қатарындағы саяси және әлеуметтік жіктелудің сырын ашады. Ғалымның ұлттық интеллигенция қалыптасуының кезеңін айқындауының да әдіснамалық тұрғыда маңызы зор. Қоғамдағы зиялыны қалыптастырушы әлеуметтік орта ретінде кеңестік дәуірдегі интеллигенцияны Х.Әбжанов негізінен үш кезеңге бөліп

қарастыруды ұсынады.

Бірінші кезең 1917 ж. қазанынан Голощекиннің үстемдігі орныққан 20-жылдардың екінші жартысы аралығы; екінші кезең – 1991 жылға дейін; үшінші кезең – тәуелсіздік жылдары. Әрине, үлкен құбылысты бұлай кезеңдеудің өз шарттылықтары болады. Дегенмен ғалымның бірінші кезеңге тән ерекшеліктерді айқындаудағы объективтілігі көңіл аударуды қажет етеді. Оның «халықтың нағыз ортасынан шыққан және халқына қалтқысыз қызмет етуге әзір жаңа үлгідегі интеллигенция күштерінің қалыптасуымен» қатар «байырғы интеллигенция өкілдерінің жасампаздық потенциялының жаңа қырының ашылуы» деп айқындаған тұжырымы кеңестік идеология күстаналап келген алаштық үлгідегі ұлттық зиялы қызметін әділ бағалауымен маңызды деп білеміз.

Түркістанда өнеркәсіптің қалыптасуы барысында өндіргіш күштердің қарыштап дамуы өлкедегі саяси-әлеуметтік үдерістерді жаңартушы рөл атқарды. Осы экономикалық тетіктің саяси-әлеуметтік сипатын айқындауға баса мән берген М.Х.Асылбеков зерттеулерінде теміржол саласында ұлттық кадрлардың пайда болуы мен қалыптасуы жан-жақты зерттелді. Әсіресе ғалымның еңбектерінде Түркістандағы ұлттық зиялы өкілдері М.Тынышпаев пен Т.Рысқұловтың Қазақстанның экономикасын индустрияландырудағы қызметі жаңа қырынан танылады. Соңғы жылдары академик М.Х.Асылбеков отандық тарих ғылымының тұлғатану саласында өнімді еңбек етіп, тың тұжырымдарымен көш бастап жүргендігін атап өтуіміз керек.

Ұлттық саяси элитаның алғашқы буынының көсемі болған Әлихан Бөкейхановтан бастап кеңестік тоталитарлық жүйенің тезінен өткен Төлеген Тәжібаевтарға дейінгі бірқатар қайраткерлер туралы ғалымның тұжырымдары мәселені ұлттық мүдде тұрғысында бағалауымен ерекшеленеді. Тәуелсіздік жағдайында тақырыпты жаңа әдіснамалық негізде қарастыру бағытында М.Қозыбаевтың [5] еңбектерінде интеллигенция тарихының «ақтандақтары» жаңа мазмұнмен толықты. Осындай жаңа концептуалдық бағыт пен әдіснамалық негіз Ж.Абылхожиннің, Т.Омарбековтың іргелі зерттеулерінде одан әрі өріс алды. Е.Сыдықовтың зерттеулерінде «Алашорданың ақсақалы» Шәкәрім Құдайбердіұлы бастаған бірқатар алаштық үлгідегі элита өкілдерінің қызметі жаңа көзқарас тұрғысында қарастырылды.

Ал мәселені жаңа қырынан қарастырған Д.Махаттың саяси қуғын-сүргінге түскен ұлт зиялыларының қатал тағдыры туралы зерттеу еңбегі 20-30 жылдардағы күрделі қоғамдық-саяси ахуалдың себептерін ашып, оған объективті баға беруге арналды. Ол әсіресе ресми биліктің ұлттық зиялыны жікке бөліп, олардың ұлттық мүдде жолындағы бірлігін әлсіреткен саяси күрес шараларының идеялық негізін айқындауға күш салған. Соған сай «рысқұловшылдық», «қожановшылдық», «мендешовшілдік», «сейфуллиншілдік» сияқты саяси айдарларға партиялық билік ойдан шығарған жікшілдік деп баға беріп, элита арасында ұлттық негіздегі терең алауыздықтың болмағандығын дәлелдейді.

Ұлттық шығармашылық интеллигенцияның өсу жолдары мен кәсіби қызметін кешенді тұрғыда қарастырған З.Дүкенбаева [2] зиялы ұғымына біршама кең мағына беруге ұмтылады. Ол зиялыны өз тағдырының халық тағдырымен тығыз байланыстылығын жақсы ұғынған, халық мүддесін бәрінен жоғары қойып, халықтың жоғын жоқтаушы, ұлттық мұраттар жолындағы күрескерге теңейді. Ол «Саяси жағынан зиялы бостандықтың, демократияның, ұлттық және мемлекеттік тәуелсіздіктің жаршысы. Зиялылардың шығармашылық мұрасы олардың ұлт тәрбиешісі болғандығын көрсетеді» деп элитаға тән сапалық белгілерді санамалай келіп, «өзге елдерде интеллигенцияны «халықтың ары» деп атайтын болса, қазақта халықтың ары болған түгел интеллигенция емес зиялы перзенттер» деген тұжырым жасайды. Осы тұжырым арқылы зерттеуші қазіргі заманғы элита категориясына біршама жақындағанымен зерттеу тақырыбына сай зиялыларға ешкімге ұқсамайтын, «сыңары жоқ» (Шәкәрім), қайталанбас бейне,

замандастарының алды, теңдесі жоқ шығармашыл тұлға деп анықтама береді. Демек, бұл анықтама бойынша дәстүрлі қазақ қоғамының осы категориясындағы зиялыларды қызметтік сипатына, тұлғалық өлшемдеріне сай шығармашылық элита қатарына қосамыз.

Тақырыпқа тікелей қатысты Ә.М.Ауанасованың зерттеу еңбегі отандық тарихта Түркістан интеллигенциясын алғашқы болып дербес зерттеуімен ерекшеленеді. Бұл еңбектің маңыздылығы, онда Түркістан тарихы отан тарихының құрамды бөлігі ретінде жан-жақты қарастырылуы деп білеміз. Ә.М.Ауанасова Түркістан ұлттық интеллигенциясы басшыларының кеңестік тәртіптің қуғын-сүргінінен бой тасалап, эмиграциялық жағдайдағы ұлт-азаттық күресті одан әрі жалғастырған қызметіне біршама жан-жақты тоқталған. Ол мұғажырлық жағдайдағы Түркістан ұлттық интеллигенциясын ұлттық белгісінен бұрын олардың саяси көзқарастарына қарай жіктейді.

Еңбекте өлкедегі интеллигенция тұтас бірлікте қарастырылғандығына қарамастан тақырыптың өзекті желісі ретінде қазақ интеллигенциясының қалыптасуы мен қызметі басты назарға алынғандығын ескеруіміз қажет. Интеллигенция тақырыбында осы аталған және басқа ғалымдардың еңбектерінде ұлттық элитаның қалыптасуы мен қызметі ішінара қарастырылғанымен оған барынша объективті баға беріледі. Бұл еңбектерде қазіргі заманғы зерттеудің ғылыми-теориялық және әдіснамалық негіздері кеңестік тарихнаманың тұжырымдарын қайта қарау арқылы тың деректік материалдар негізінде ХХ ғ. бас кездегі ұлт-азаттық қозғалыстың отандық тарихнамада тәуелсіз концепциясы қалыптасады.

Тақырып тарихнамасының қомақты бөлігін тұлғатануға қатысты еңбектер құрайды. Соған сәйкес элиталық теория негізінде зерттеу жүргізудің бір тәсілі ретінде тарихи танымды элитаның жеке құрамының саяси өмірбаяны арқылы қарастырудан бас тарта алмаймыз. Бұл тәсілдің көп қатпарлы тарихи оқиғалар тізбегінде эпизодтық сипаты басым болғанымен де жекелеген желілерді терең де байыпты қарастыруға мүмкіндік береді. Академик М.Қозыбаев отандық тарих ғылымын тарихи қайраткерлермен тұлғалау зәру мәселелердің бірі екендігін айта келіп: «Күні кешеге дейін жеке адам мен халықтың қатынасы толық ашылмай келді. «Қайраткерлер» ұғымы қызметкерлер, мансап иесі дәрежесіне төмендетілді. Қайраткер – жасампаз адам, жоқтан бар жасаушы, өз мүддесін халық мүддесімен қабыстырып, өз халқын өркениет көгінде жарастырушы болса керек» деген тұжырым жасайды [7].

Әрине, бұл сапалардың элита қызметіне тән екендігіне талас жоқ болғандықтан да ғалымның тұжырымын элитатануға қатысты деп айта аламыз. Жоғарыдағы ойды одан әрі өрбіткен ғалым «Отан тарихынан кейбір кездейсоқ адамдарды аластап, тарихи тұлғаларды өз тұғырына қондыру керек» деген пікірді айтады. Тарих мазмұнын қайта бағалау тұрғысында айтылған бұл пікір тұлғатану тақырыбын зерттеулерді элиталық әдістемеммен жүргізудің негізділігін алға тартады. Отандық тарихнамадағы тұлғатану бағыты ХХ ғ. басындағы ұлттық зиялы өкілдерінің шығармашылық қызметінен бастау алды. Ә.Бөкейханов, М.Тынышпаев, М.Дулатовтардың «Қазақ» газетінде ұлттық зиялының жеке тұлғалары туралы жарияланған мақалалары тұлғатануға қатысты алғашқы үлгілер болды. Бұл еңбектер билік жүйесінің қыспағына түспеген, демократиялық қағидалар мен еркін ойға негізделгендіктен онда ұлттық мүдде ашық та батыл айтылуымен ерекшеленеді.

Өкінішке орай отандық тұлғатанудағы бұл бағыт белгілі себептермен кең өріс ала алмады. Ал тоталитарлық жүйе нығайған кезде жарық көрген тұлғатану тақырыбындағы зерттеудің үлгісін кеңестік тарихшы Ғ.Тоғжановтың еңбегінен көреміз. Ресми биліктің ыңғайымен тарихшы бұл еңбегінде А.Байтұрсынов бастаған ұлт зиялылары қазан төңкерісі мен азамат соғысы жылдарында ұлтшылдық бағытта контрреволюциялық рөл атқарды деп биліктің ұстанымын алға тартады. Осы мазмұндағы еңбектердің қатары едәуір, бірақ олардың мәселені қарастыруы бір сарында болғандықтан оларға тоқталудың қажеттілігі аз. Оның үстіне 30-жылдары Алаш пен Алашорда тақырыбына қалам тарту іс

жүзінде тоқтатылып, Алаш қозғалысын жан-жақты зерттеуге тиым салынуына байланысты бұл бағыттағы зерттеулер мүлдем тоқырап қалды. Ал осы кезеңде Түркістан тарихына қатысты зерттеулер мүлдем жүргізілмеді [8].

XX съезден кейінгі кезеңде құжаттық негізде ұлттық элитаның көптеген өкілдерінің өмірбаянын қамтыған еңбектер жарық көре бастады. Көптеген тың құжаттық деректерді айналымға ұсынып, тарих мазмұнын толықтыру бағытында жаңашыл тұжырымдар жасалғанымен оларға тән ортақ кемшілік – ол еңбектерде большевик қайраткерлердің қызметі дәріптелгенімен, ол тұлғалардың көпшілігінің 1937 ж. қуғын-сүргіннің құрбаны болғандығының себебі айтылмауы еді. 1980-жылдардың ортасынан жандана бастады. Қорыта айтсақ, заманында ұлт азаттығы жолында халқына қызмет еткен зиялыларымыз болашақ тәуелсіз мемлекеттің іргетасын қаласты. Сондықтан да тәуелсіздік жолында күрескен ұлттық зиялыларымыздың есімдері ұлттық мүдде жолындағы белсенді қоғамдық саяси қызметі бүгінгі тәуелсіз Қазақстан тарихының қасиетті төрінен орын алуы керек.

Әдебиеттер тізімі

1. Әбжанов Х. Ұлт зиялысы мен зиялылық: тарихи негіздер // Егемен Қазақстан, 2007 ж. 26 шілде.
2. Дүкенбаева З. Қазақтың шығармашылық интеллигенциясының тарихы (1917–1941). Алматы. «Ғылым», 2003, 330 б.
3. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы: Көмекші оқу құралы. Алматы. «Санат», 1995, 368 б.
4. Қойгелдиев М. Саяси элита және ұлт мүддесі Қаз МҰУ хабаршысы. Тарих сериясы. 1998, №10. 3–9 б.
5. Қозыбаев М.Қ. Өркениет және ұлт, Алматы, 2001. 369 б.
6. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. Алматы: «Ататек», 1995. 256 б.
7. Озғанбай Ө. Ресей мемлекеттік думасы және қазақстан. Алматы, 1997, 461 б. Тұлғалар тұғыры /Құраст. І. Қозыбаев. – Алматы: «ҚазАқпарат», 2009. 540 б.
8. Тұрсұн Х. Алаш һәм Түркістан: монография /Тұрсын Хазретәлі. Алматы. «Ел-шежіре» ҚҚ. 2013, 400 б.
9. Аманжолова Д.А. Казахский автономизм и Россия. История движения Алаш. Москва. Россия молодая, 1994, с. Ауанасова А. Национальная интеллигенция Туркестана в первой четверти XX века. Алматы.Қазақ университеті, 2001, 260 с.

Аннотация: В настоящей статье рассматривается история становления казахской национальной интеллигенции, проводится историографический обзор основных трудов, написанных по данной теме. В работе освещается история казахской интеллигенции конца XIX–начала XX веков, приведены научные труды и свидетельства. В этот период происходит переход от вооруженного сопротивления колониальной политике России к просвещению народа путем распространения периодической печати, литературы. Казахская интеллигенция обучалась в высших учебных заведениях России и странах Европы. Именно просвещенные казахи стали распространять идею национальной государственной независимости казахского народа. В статье описывается влияние идеологии советского периода, направленной на забвение дореволюционной истории. В статье также делается обзор дореволюционной историографии и историографии независимого периода истории Казахстана.

Abstract: History of becoming of Kazakh national intelligentsia is examined in the real article, and also a historiography review over of basic labours written is brought on this topic. This research work examines the history of the Kazakh intelligentsia late XIX - early XX centuries , their scientific papers and evidence , when there was a transition from armed resistance to the colonial policy of Russia to educate the people by means of periodicals and

literature. Kazakh intellectuals trained in higher educational institutions of Russia and Europe, when he came to his native steppe, from them beginning to spread the idea of national independence of the state of the Kazakh people through socio-political activities. These authors and their works are described in the scientific article. For writing this article, the author shows the influence of the ideology of the Soviet period, aimed at prerevolutionary history oblivion. The article also provides an overview of the researcher pre-revolutionary historiography and the historiography of the independent period in the history of Kazakhstan.

ӘОЖ 791.43

Джукеева Б.А., Сихимбаева А.Е., Шикиртаев Б.Б.

магистр, аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

МЕРЕКЕ – ДУМАНДАРДЫҢ БЕЗЕНДІРУЛЕР СӘН – САЛТАНАТЫ

Түйін: Мәдениет - жеке адамның өмір сүру мақсаты мен құндылық жүйесі, адамның өмір сүрген ортамен қарым-қатынасы. Ол - өзара қарым-қатынас нәтижесінде қалыптасатын ерекше құбылыс. Адамдар өздерін қоршаған ортаға, оның әлеуметтік және мәдени қатынасына әсер етеді, өзгертеді. Олар оны өз мақсатына пайдаланады. Болашақ қоғамға, ұрпаққа мұра етіп қалдырады, ал ол мұра белгілі жағдайда үнемі дамуда болады. Тіл - адамның ой парасатының шешен шежіресі. Амал не, адам баласының ой қазынасын ақтарып алдына жайып салатын тіл құдіреті мен тіл қасиетінің қызметін олақ пайдаланамыз. Ал, ақиқатына келсек, әір буын, әр бунақ, әр сөз, әр сөйлемнің өз табиғаты, өз жан дүниесі бар. Біз сөздің осындай сиқыр сарайы мен тылсым құпиясына атүсті қараймыз. Соның салдарынан өмірде қалай сөйлесек, сахнада да солай сөйлейміз.

Кілттік сөздер: өнер, композиция, театр, көркем, идея, эстетика, мәдениет, режиссер, пьеса, роман, дауыс.

Мәдениеттің рухани тірегі – дәстүр. Ол – ұлттық мәдениеттің басты құрамдас бөлігі, ұрпақтың тарихи сабақтастығының жемісі. Мәдениетті ұлт дәстүрсіз болмайды. Салттық дәстүрлерге негізделген мәдениетті жаңғырту – қазіргі қазақ қоғамындағы маңызды сипатқа ие ұлттық мүдделі мақсат деп түсінеміз. Ұлттық, этностық белгілердің көбі салттық мәдениеттің жеке сөз, сөз тіркестері түріндегі тілдік бейнесінде көбірек сақталған. Мәселен, тұсаукесер, құйрық-бауыр жеу, үкі тағу, иткөйлек, тоқымқағар, ерулік, т.б. Қазіргі қолданыста терминдік сипат иеленген тұсаукесер сөзінің мағынасында жаңғыру бар. Негізінен, баланың қаз тұрған соң тез жүріп кетсін деген ниет-тілекпен жасалатын ырым түрі болса, бүгінде алғаш рет таныстыру рәсімін білдіретін терминдік мағынасы қалыптасқан мәдени атаусөз. Бұл – ұлттық мәнділікке ие мәдениет пен тілдің өміршендік, мұрагерлік қызметін дәлелдейді.

Тіл - адамның ой парасатының шешен шежіресі. Амал не, адам баласының ой қазынасын ақтарып алдына жайып салатын тіл құдіреті мен тіл қасиетінің қызметін олақ пайдаланамыз. Ал, ақиқатына келсек, әір буын, әр бунақ, әр сөз, әр сөйлемнің өз табиғаты, өз жан дүниесі бар. Біз сөздің осындай сиқыр сарайы мен тылсым құпиясына атүсті қараймыз. Соның салдарынан өмірде қалай сөйлесек, сахнада да солай сөйлейміз. Өйткені, өмірдегі өзіміздің сөз саптасымызға құлағымыз үйреніп кеткен. Сөздің астарына үңіліп, үніне құлақ аспаймыз. Оларды былай қойғанда, дауысты дыбыс пен дауыссыз

дыбыстың үндестік заңын білмегендіктен олардың қалай айтылуын да ажырата алмаймыз. К.С. Станиславский аса жоғары бағалаған зиялы сөз зергері С.М. Волконский өзінің атақты «Бейнелі сөз» деген еңбегінде: «дауысты дыбыс - өзен болса, дауыссыз дыбыс - жағалау», - деп дыбыстың әуендік, үндік сипатына дейін терең үңілсе, режиссеріміз бен актерлеріміздің көпшілігі аққан өзенді арнасынан шығарып алып, жағалауын тасқын астында қалдырып жатады. С. М. Волконский бейнелеп айтқандай, көктемде тасыған өзен кедергіге кездесіп, арнасынан адасса, жағалауын жуып аңғарын бүлдірмей ме? Дауысты дыбыс та сол сияқты - өзінің ішкі әуендік ағысы кедергіге соқтығып кідірсе, үннен айрылады. Жағалау жартасқа соғылған әсем әуен - жағымсыз жаңғырық шығарады.

Мәдениет - жеке адамның өмір сүру мақсаты мен құндылық жүйесі, адамның өмір сүрген ортамен қарым-қатынасы. Ол - өзара қарым-қатынас нәтижесінде қалыптасатын ерекше құбылыс. Адамдар өздерін қоршаған ортаға, оның әлеуметтік және мәдени қатынасына әсер етеді, өзгертеді. Олар оны өз мақсатына пайдаланады. Болашақ қоғамға, ұрпаққа мұра етіп қалдырады, ал ол мұра белгілі жағдайда үнемі дамуда болады.

Мәдениет әр түрлі әлеуметтік құрылымдардың, топтардың, таптардың, жіктердің, ұлттардың, жеке адамдардың өмір сүру жағдайына, талабына сәйкес пайда болып, қалыптасады. Мысалы: аң аулау, еңбек құралдарын жасау, от жағу, тамақ пісіру, киіну, жарасымды өмір сүру, екінші біреуге ұнау, ортамен қатынаста болу, т.б.

Бұл талап-тілектер қоғамдық прогреске, өрлеуге тікелей байланыста. әр қоғамдық кезеңде жаңа талап, тілектер пайда болады, өндіріс құралдары дамиды. Мәселен, бір кездерде жазба әдебиеті болмады соның нәтижесінде фольклор қалыптасты, кейінірек те білімнің қалыптасып, жазудың шығуы жаңа талап қойды. Бүкіл құндылықты, мифті жазып қалдыру талабы пайда болды. Информатика дамыды, оларды микрофон, магнитофон, компьютерге түсіру арқылы мәңгі ету қажеттігі туды. Сөйтіп, мәдениет әлеуметтік құрылымдардың, жеке адамның тілегіне, талабына сәкес қалыптасты. Қоғамда адам тілегінен тыс мәдениет қалыптаспайды.

Мәдениет - әлеуметтік фактор, қоғамның қозғаушы күші. Мәдениеттің дамуы қоғамды ілгері жылжытады. Жеке адам мәдениеті мен қоғам талабы тікелей байланысты.

Өнердегі өмірлік тартыс – көркем шығарманың идеялық мазмұнындағы үзілмес желісі. Шын мәнінде мереке – адамзаттың тазалыққа, шаттыққа, көңіл шабытының серпілісіне арналған рухани науқаны. Ол - көк күмбез аспан асты аясында өмір сүрген ұлт пен ұлыстардың талай ғасырлар бойы тәжірибе елегінен өткізген, мәдениет пен өнерінің қазына-қорына жинақтаған асыл рухани дүниелері. Әлемнің шығармашылық мұрасының көркем өнер көрмесіне тарту еткен қымбат жиһазы. Өнер әлемінде кең түрде таралып қалыптасқан қағида бойынша нағыз театр өнерін құрайтын негізгі үш компонент болса, ал, көпшілік, бұқаралық мерекелер ерекшелігі бүкіл өнер түрлерін қамтиды. Міне, осындай кең ауқымды, көпшілік сахнаға қатынасушылары мен бүкіл өнер компоненттерін бір ғана тақырыптық – идеялық негізге бағындырып, суреткер ретінде көркемдік шешімін шебер таба білетін, шығармашылық мәдениет пен өнер саласындағы мамандық иелері-драматург пен режиссер. В.Н. Всеволодский – Гернгросс орыс ұлтының мәдениетін зерттей келе: «Мереке – думандардың безендірілер сән – салтанаты, ойын – сауығы, тамашалар қызығы, өздерімен бірге дүниеге келді. Мереке – думандардың сән – салтанаты, ойын – сауығы, тамашалар қызығы өздерімен бірге дүниеге келді. Мәдениет пен өнер тұрғысынан тұжырымдай келсек, мереке – адамзаттың тазалыққа, шаттыққа, көңіл күйі шабытының серпілісіне арналған рухани науқаны»-деп атап өтеді.

Композиция - көркем әдеби шығармасының құрылысын түзіп құрастыру, қиыстыру, жеке бөлшектерді бірлестіріп тұтастыру деген мағынаны білдіреді. Композиция - элементтері бірлікке ұштастырылған, бір-біріне және жалпы мүддеге бір бағындырылған, ортақ мақсатты көздеген, көркем әдеби құрылым. Пластикалық өнер тұрғысында

композиция - көркем форма түзілімінің жеке сәтгерін біріктіріп тұрады. Композиция - жалпы алғанда драматургиялық элементтерді хронологиялық тұтастырылып, идеяға бағындырылады. Композицияның негізгі қағидалары – эстетикалық таным: қорытындысы, олар ақиқаттың тереңде жатқан өзара, байланысын танытады. Композиция өзіндік мазмұнға ие, оның құралдары мен тәсілдері суреттелген құбылысты қайта жаңғыртып, мәнін тереңдетеді. Бұларды және жеке-жеке емес, бір тұтас композициялық ұстаным негізінде шешуге тура келеді. Кейбір ғалымдар мұндай ұстанымды «архитектаника» деп атайды. Бұл сөз гректің «архитектура – сәулет өнері» деген сөзінен туындайды. Белгілі бір дәрежеде жазушылар да сәулетшілер сияқты, олар да болашақ туындысының жобажоспарын алдын – ала белгілейді. Архитектоника алдын – ала түйсіну арқылы пайда болса, ең жақсы композициялық шешімнің шығармашылық үрдісте ғана толық шешімін табады.

Қарапайым тілмен айтқанда көркем шығарманың ішкі құрылысы толып жатқан бөлшектерден тұрса, композиция сол бөлшектерді өзара құрастырып, біртұтас етеді. Жұмысты бастар кезде композицияның орны ерекше, ал қалған салалары соған байланыстылығын ұмытпаған жөн. Сондықтан да суретші, нақ нұсқаны қойып, өз орнын белгілігін соң, салынар суретті қағаз бетіне қалайша әсерлі орналастыруды ойластырады.

Композицияның негізгі талабы – шығарманың көркемдік бірлігін табу. Шығарма авторы сурет, кескіндеме, роман, пьеса, симфония т.б. болсын, солардың жекелеген бөліктерін біріктіріп, тұтас бір әсер беретіндей ету немесе әр қилы дүниелерден ортақ бір композициялық ойға бағындырылған шығарма жасау. Бұл үшін суретші алдымен композицияның орталық нүктесін табу керек. Композицияның қалған бөліктерін соған байланысты құрады.

Композициялық орталықты қандай тәсілмен анықтау әр суретшінің өз қалауы. Кейде кейбір картинаның шебер де, нәзік орындалғаны сондай, композициялық орталықты табу оңайға түспейді. Ешқашан да картинаның композициялық орталығын оның геометриялық орталығымен топтастыруға болмайды. Көп жағдайда сәйкес келеді де. Сондай-ақ композициялық ортақ тақырыптық орталықпен қабыса бермейді. Ал геометриялық, композициялық, тақырыптық орталықтардың бір жерден шығуы сирек құбылыс. Композиция суретші үшін негізгі мақсат емес екенін ескеру қажет, өйткені композицияның негізгі мұраты - суретшінің идеялық ойын көрсету. Осыдан композициялық орталық көркем шығарманың композициялық құрылымының түйіскен жері ғана емес, сонымен қатар, шығарма мазмұнын анық көрсетуге қызмет етуі керек.

Суреттегі денелердің көлемі, пішіні, орналасуы, композициялық орталық деп саналатын заттың немесе тұлғаның көлеміне, пішініне және орналдасуына көп тәуелді. Бұл тәуелділікті композициялық ырғақ деп атауымызға болдаы. Бейнелеу өнеріндегі композициялық ырғақ, музыкалық шығармадағы ырғаққа ұқсас, әрі пайда болған дыбыс, өзінен бұрынғы дыбыстың табиғи жалғасы. Осынау дыбыстардың сан түрлі гаммасы бірігіп, жалпы үндескен гармонияға ұласады. Жалғыз жалған нота осы бірлікті бұзған уаытта гармония ыдырап, берекесі кеткен дыбыстарға айналады. «Суретші ең қызықты да, маңызды дүниелерді өзі бақылап үйренбейінше, композиция құруды да үйрене алмайды» (М.В. Крамской). Әсіресе алғашында өз бетімен көңілде түйген дүниелерден ойша композиция құрып үйрену көп көмектеседі. Демек, композиция өзіндік мазмұнға ие, оның құралдары мен тәсілдері суреттелген құбылысты қайта жаңғыртып, мәнін тереңдетеді.

Әрбір өскелең ұрпақтың ой-өрісінің, сана-сезімінің дамуына қарай тақырыптық, идеялық өзектілік тұрғысында өзгеріп отыратын драматургия түр, сапа, жанр жағынан да күрделене түсетіні белгілі. Сол тұрғыдан алғанда тәуелсіздікке қол жеткеннен бергі жиырма жылдан аса уақыт ішінде ұлттық драматургияның белгілі бір мәнді де мазмұнды арнасын байқаған жоқпыз. Сахналық солғын дүниелердің актерлік өнердің дамуына мүмкіндік бермейтіні белгілі. Индивидуалды ізденістің бәсеңдігі де, сюжеттік-

ситуациялық негізде өрістейтін кейіпкерлер мінездеріне берілген трактоvkаның шектеулігі де осыған байланысты.

Біздің режиссерлеріміз заманауи қойылымдарды сахналауға қанша тырысқанымен, бәрінің жұмысы біркелкі, сол баяғы таптаурын, ескі дүние болып шығады. Ал шынайы өмірде дәуір тынысы мүлде бөлек. Бүгінгі өмірдің ырғағы да, жүйке-жүйесі де, жүрек соғысы да бұрынғыдан мүлде басқа. Бүгінгі өмір әлдеқайда қатал. Ал біздің бүгінгі режиссерлеріміздің жұмысының 1980-ші жылдардағы қойылымдардан еш айырмашылығы жоқ. Актерлердің сахнадағы ойыны да сол кезеңде қалып қойған. Осындай әртүрлі себептерге байланысты болар, мен көрген қазақ театр сахналарында жарқ еткен заманауи кейіпкер жоқ, бүгінгі күннің қаһарманы жоқ...

Бүгінде заманауи тақырыпқа жазып жүрген драматургтеріміз баршылық, дегенмен, көркемдік деңгейі жоғары пьеса тапшылығы деген мәселе әлі күн тәртібінен түскен жоқ.

Егер театр тарихына зер салсақ, онда театр өнері қай кезде де заманауи шындықты бейнелегенін көреміз. Бүгін біз үшін классикаға айналған шығармалар, мысалы, антикалық дәуірдегі Еврипидті, Аристофанды алыңыз, қайта өрлеу дәуіріндегі Лопе де Вега, Шекспир немесе классицизм дәуіріндегі, ағарту кезеңдеріндегі талантты драматургтердің шығармаларын алыңыз – бұлардың бәрі де өз уақытында сол кезеңнің өзекті мәселелерін сөз еткен драматургия еді. XIX-XX ғасырдағы немесе бүгінгі заманауи драматургтер де өз уақытының өзекті мәселелерін шығармаларына арқау етеді. Дегенмен, бүгінгі қазақ театрының көкейкесті мәселелерінің бірі – театрдың шынайы өмірден бөлініп, өзінше өмір сүруі. Бүгінде қазақ театрларының репертуарында тарихи тақырыптар, сентиментальды драмалар, коммерциялық комедиялар басым. Алайда театр актуальды болуы тиіс, бүгінгі өмірді көбірек көрсетуі шарт, көрерменге ой салу үшін өз уақытының өзекті мәселесін көрсете білуі керек. Бүгінгі театр сахналарынан көріп жүрген қойылымдарға қарап, біздің театрлар заманауи кейіпкерлерден гөрі, тарихи кейіпкерлердің өмірін жақсы білетін болғаны ғой деген ойға қаласыз. Бірақ жаңа компьютерлік технологияларды меңгерген, күнде, тіпті, сәт сайын виртуалды әлемге сапар шегетін бүгінгі көрермен үшін ондай театр қызықты емес.

Басты мәселе – бүгінгі уақыттың өзекті мәселесін көтеретін, заман тынысын шынайы суреттейтін, көркемдік деңгейі жоғары пьеса жоқ. Ал «бүгінгі заманауи кейіпкер қандай болуы керек?» деген мәселеге келер болсақ, ол тек «жағымды» немесе «жағымсыз» болмауы тиіс. Бүгінгі кейіпкер – өмірдің дәл өзіндей әрі күрделі, әрі қиын, сан қырлы болуы шарт. Ең бастысы, ол қарама-қайшылықтарға толы, тірі кейіпкер болуы керек. Өкінішке қарай, замандас драматургтер кескіндеген бүгінгі күннің қаһармандарына шынайылық пен жүрек соғуы жетіспейді.

Әдебиеттер тізімі

1. Токпанов А. Бүгінгі күнге дейін Алматы. «Өнер» 2012 ж. 152 б.
2. Рахимов Ә.С. Режиссура шеберлігі. Пьесадан қойылымға дейін Алматы, Тарих тағлымы, 2014, 248 б.
3. Крымова Н.А. Станиславский-режиссер Москва, «Искусство» 2012ж. 96 б.
4. Ботаев Б.Ч. Режиссура-II оқу құралы Шымкент, ОҚМУ 2016ж. 105 б.

Аннотация. Культура - цель жизни и система ценностей личности, взаимоотношения человека и окружающей среды. Это уникальное явление, возникающее в результате взаимодействия. Люди влияют и меняют окружающую среду, свое социальное и культурное отношение. Они используют его в своих целях. Он унаследует будущее общество, потомков, и будет продолжать развиваться при определенных обстоятельствах. Мы используем ловкость языка и речи, чтобы распространять мысли человеческого разума. Что касается истины, есть поколение, каждое слово, каждое слово, каждое предложение имеет свою природу, свою душу. Мы смотрим на этот вид волшебного

дворца и загадочных тайн. В результате, как мы говорим в жизни, мы также говорим на сцене. К сожалению, современным героям, играющим современных драматургов, не хватает искренности и сердца.

Abstract. Culture - the purpose of life and the value system of the individual, the relationships between the human being and the environment. It is a unique phenomenon that arises as a result of interactions. People influence and change the environment, their social and cultural attitudes. They use it for their own purposes. It will inherit the future society, the descendants, and it will continue to evolve in certain circumstances. We use dexterity of language and speech to spread the thoughts of the human mind. As for truth, there is a generation, every word, every word, every sentence has its own nature, its own soul. We look at this kind of magical palace and mysterious secrets. As a result, as we say in life, we also speak on stage. Unfortunately, modern heroes playing modern playwrights lack sincerity and heart.

ӘОЖ 930:001.83(100)

Әмірхан Е.Ә., Баймаханов Н.Б

гуманитарлық ғылымдар магистрі, М.Әуезов атындағы ОҚМУ,
Шымкент, Қазақстан
гуманитарлық ғылымдар магистрі, М.Әуезов атындағы ОҚМУ,
Шымкент, Қазақстан

ҰЛТ ИГІЛІГІ – ҰЛЫ ДАЛА ҚҰНДЫЛЫҒЫ

Түйін: Бұл мақалада бұрынғы біздің тарихи санамыздың барлығы ол басыбайлы көзқарас, тәуелді елдің көзқарасы болып келді. Ал бұл еңбекте Елбасы тарихқа тәуелсіз көзбен қарауға шақырды» мақаланың маңызы біздегі атқарылған істердің барлығын қорытындылау емес, болашаққа бағыт-бағдар беріп отырған дүние. Ендігі осы бай тарихымызды түгендеп, өткенімізді жаңғыртып, өшкенімізді қайта жағу жолында «Архив-2025» жеті жылдық бағдарламасының маңызы айтпасада белгілі. Себебі ұлтымыздың ұлылығын дәлелдейтін деректер мен тарихи тың материалдар шаң басқан архивтермен ұлы тұлғалардың еңбектерінде екені ақиқат. Міне осы орайда мемлекет басшысының ұсынып отырған «Ұлы даланың ұлы есімдері» және «Ұлы Дала тұлғалары» сынды жобаларды мақалада көзделген мақсаттарды жүзеге асыру жолындағы атқаратын рөлін ерекше деп, санауға болады. Сонымен қатар мақалада айтылған адамзаттың екінші ұстазы Әбу Насыр әл-Фарабиді өмірге әкелген орны бөлек Отырар, Қожа Ахмет Яссауи ілім алған Түркістан қалаларын тарих сахнасында қайта жаңғыртып, «Түркі өркениеті: түп тамырынан қазіргі заманға дейін» атты жобасы негізінде бейбітшіліктің символына айналған ажарлы Астанамыз түркі тілдес халықтарының ортақ үйіне айналары айдан анық.

Кілттік сөздер: «Ұлы даланың жеті қыры», Еуроцентристік, Рим, Жібек жолыны, Түркі, «Мәдени мұра», «Қазақтың дәстүрлі 1000 әні», «Ұлы Дала тұлғалары», «Архив-2025», Әбу Насыр әл-Фараби, Отырар, Қожа Ахмет Яссауи ілім, Түркістан.

Елбасы «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында жалпы адамзат тарихы мен өзіміздің төл тарихымызға мүлдем жаңа көзқарас ұсынып отыр. Әлем елдерінде өздерінің ежелгі тарихына деген көзқарастары қалыптасқан. Соның ішінде империялық көзқарас, шығыс халқының өз тарихына деген көзқарасы, еуроцентристік көзқарас деген болады. Осы әлемдік тарихи көзқарастарды сараптай келіп, бұл мақала тарихқа деген жаңа тұжырымдамалық көзқарас дер едім. Әлемнің тарихы шағын мемлекеттің немесе ұлттың

тарихымен өлшенбейді. Тарих дүниенің, жердің тарихымен тығыз байланысты дүние. Әр өркениеттің мысалы, Рим, Жапон, Америка елдерінің өз ерекшеліктері бар. Өркениеттердің барлығы көнеден келе жатыр. Сонда біздің Ұлы даланың тарихы қайда қалды? Адамзаттың тарихында Ұлы дала адамзаттың өркениетіне не берді, қандай жаңалық әкелді? Біздің сол өркениеттен алатын орнымыз қандай? Елбасы осы мәселелер төңірегінде сұрақ қойып, жауабын осы еңбекте тұжырымдап береді. [1]

Бұл тарихқа деген жана тұжырымдамалық көзқарас. Бұрынғы біздің тарихи санамыздың барлығы ол басыбайлы көзқарас, тәуелді елдің көзқарасы болып келді. Ал бұл еңбекте Елбасы тарихқа тәуелсіз көзбен қарауға шақырды» мақаланың маңызы біздегі атқарылған істердің барлығын қорытындылау емес, болашаққа бағыт-бағдар беріп отырған дүние. Осы тұрғыдан алғанда бұл тарихшыларға, зиялы қауымға бәрімізге керек мақала болып отыр. Елбасы бұл мәселеге ежелден көңіл бөліп келеді. Елдің бірлігі тарихты білгенде ғана шын бірлік болады. Жалған тарихта бірлік те, рух та болмайды. Қазақ еліне рух керек. Рухты тек шындық әкеледі. [2]

Біз Жібек жолының бойында емес - біз Жібек жолының тоғысқан орны болдық. Біз Батыс пен Шығыс арасындағы өркениеттерді байланыстырдық. Сол арқылы қазақ мәдениеті өз алдына бөлек өркениет болып қалыптаса алды. Қазақ мәдениеті әлемдік мәдениеттің ажырамас бөлігі, өзегі. Түркі мәдениеті, ислам мәдениеті, көшпелі мәдениеттердің эпицентрінде болған қазақтың санасына өзінің бай мәдениетінің орнын анықтауымыз қажет. Бұл мемлекеттіліктің бір маңызды тірегі. [3]

Бүгінгі күнге дейін біз тарихымызды жинақтап, толықтырып, бары мен жоғын анықтаумен келдік. Ендігі ретте қазақ ұлтының әлемдік өркениеттегі орнын және үлесін көрсету. Алаш қайраткерлерінің есімдерін жаңғырту, баһадүр батыр бабаларымыздың астарын беріп, тойларын атап өту - ұлттық тарихи сана-сезімнің қалыптасуына үлкен серпіліс берді. Одан кейін, жаңа мыңжылдыққа аяқ басқанда, Елбасының бастамасымен жүзеге асқан «Мәдени мұра» бағдарламасы – ұлттық тарихымыздағы жоғымызды түгендеп, жинақтауға мүмкіндік тудырды. [4]

Даланың дүлдiлi сәйгүлiктi қолға үйретiп, адамзат баласына атқа мiну мәдениетiн қалыптастырып, тасты талқандап, болатты балқытып, темiрден түйiн түйiп, дала заңына бас ұрған данышпан қазақ екенi тайға таңба басқандай жазылған. Тауында жатқан тасын түрсең тарихы сөйлейтiн даламыздан Алтын адам табылып, Ұлы Жібек жолы жүрiп өткен алтын етек Алтайдың Түркі әлемiнiң алтын бесiгi атануы заңдылық деп бiлемiн. [5]

Бүгінгі жас ұрпаққа белгілі болғандай, ежелден Алтай мен Атыраудың арасын ен жайлаған қазақ халқының адамзат тарихында зор мәдени жетістіктерге жеткені және ұлы даладағы көшпенділер өркениетінің алдыңғы һәм соңғы ұрпағы екендігі әлемдік ғылымда дәлелденді. Қазақ халқы өзінің мәдени-рухани шежіреге толы сан ғасырлық ұзына тарихында, ат тұяғы тозып, құс қанаты талатын осынау ұлы даламызды, сұрапыл жауынгерлік қасиетімен қолға келтірумен қатар күллі адамзат баласына қажетті дала өркениетін қалыптастырды. [6]

Еліміз егемендік алып етек-жеңін жиған соң, ұлттық мәдениетіміз бен тарихымызға қатысты аса ауқымды мемлекеттік бағдарламалар жүзеге асты. Атап айтсақ: «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында «Бабалар сөзі 100 томдығы», «Қазақтың дәстүрлі 1000 күйі», «Қазақтың дәстүрлі 1000 әні» атты бағдарламалар ұлттық тарихымызды ғылыми зерделеу мақсатында жүргізілді. Осының жалғасы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың ұлттың рухани қайта түлеуінің маңызы жөніндегі терең концептуалды идеясы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында жалғасын тапты. Осы арқылы өткенімізді ұлықтап, салт-дәстүрімізді жаңғырттық. Оның айғағы, күні кеше ғана алты алашқа сауын айтқан, Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы жарық көрді. Бұл тарихи бастама, келешек ұрпақтың тарихымыз бен мәдениетімізді жаңа қырынан танып, тәуелсіз елдің

еңсесін одан әрі берік тіктеуіне мол тағылым болары сөзсіз. Аталған мақалада ұлы құндылықтарды сақтаудың негізінде ұлт болып қалыптасуымызбен бірге қасиетті қазақ жерінің күллі түркі әлемінің алтын бесігі, ескі жұрты екендігі айтылған. Тарихи сананы жаңғыртуға байланысты келелі ой, келешегі кемел бастамалар ортаға салынды.[7]

Ендігі осы бай тарихымызды түгендеп, өткенімізді жаңғыртып, өшкенімізді қайта жағу жолында «Архив-2025» жеті жылдық бағдарламасының маңызы айтпасада белгілі. Себебі ұлтымыздың ұлылығын дәлелдейтін деректер мен тарихи тың материалдар шаң басқан архивтермен ұлы тұлғалардың еңбектерінде екені ақиқат. Міне осы орайда мемлекет басшысының ұсынып отырған «Ұлы даланың ұлы есімдері» және «Ұлы Дала тұлғалары» сынды жобаларды мақалада көзделген мақсаттарды жүзеге асыру жолындағы атқаратын рөлін ерекше деп, санауға болады.[8]

Сонымен қатар мақалада айтылған адамзаттың екінші ұстазы Әбу Насыр әл-Фарабиді өмірге әкелген орны бөлек Отырар, Қожа Ахмет Яссауи ілім алған Түркістан қалаларын тарих сахнасында қайта жаңғыртып, «Түркі өркениеті: түп тамырынан қазіргі заманға дейін» атты жобасы негізінде бейбітшіліктің символына айналған ажарлы Астанамыз түркі тілдес халықтарының ортақ үйіне айналары айдан анық. Мұнда Ұлы дала мұрагерлерінің өткен мыңжылдықтағы халық ауыз әдебиетінің таңдаулы үлгілері – ертегілері, аңыз-әфсаналары, қиссалары мен эпостары жинақталады. Сонымен қатар қазақтың қобыз, домбыра, сыбызғы, сазсырнай және басқа да дәстүрлі музыкалық аспаптарымен орындауға арналған маңызды туындылар топтамасын халық арасында дәріптеу сол арқылы мәденетімізді салт-дәстүрімізді әдеп ғұрыпымызды кең көлемде әлем мәденетіне таныту қажет.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» Мақаласы 2014 жыл 21 желтоқсан.
2. Күлтегін Тоныкөк: Ежелгі түркі рун жазбалары (Әдеби нұсқасын жасаған Қадыр Мырза Әли..) Алматы, «Өлке» баспасы, 2001, 144 бет.
3. Назарбаев Н. Ә. Тарих толқынында. Алматы, «Жібек жолы» баспа үйі, 2010, 232 бет.
4. Сыздықов С.М., Селиверстов С.В., Сыздықова Ж.С., Джаферсой Н., Кара А., Қабылдинов
- 3.Е. Н.Назарбаевтың еуразиялық идеясы және түркі кеңістігі. Ұжымдық монография, Астана, «Сарыарқа» баспасы, 2011, 404 бет.(орыс тілінде)
5. Тоғысбаев Б., Сужикова А. Тарихи тұлғалар, Алматы, «Алматы кітап» баспасы, 2005, 368 бет.
6. Ханкелді Әбжанов, Зардыхан Қинаятұлы, Дихан Қамзабекұлы, Гүлшат Нұрымбетова, Абдулкадыр Ювалы.Түркі әлемінің көшбасшылары: өткені мен бүгіні. I кітап. Ұжымдық монография. Астана, «Сарыарқа» баспасы, 2011, 456 бет.
7. «Күлтегін» жыры. Аударған Мырзатай Жолдасбеков. Түркі халықтары әдебиеті./Құрастырушы және авторы Келімбетов Немат. – Алматы: «Рауан», 1996. 7-16 беттер.
8. Назарбаев Н. Ғасырлар тоғысы. Алматы: «Атамұра», 2003. 197-198 бет.

Аннотация: Это новый концептуальный подход к истории. Все наше прошлое историческое мышление было видением зависимой страны. И в этой работе президент приказвал к независимому взгляду на историю. Суть статьи - не краткое изложение того что мы достигли, а направление на будущее. Вновь когда мы придумали эту богатую историю, возродили наше прошлое и вновь дали нам возможность стереть «Архив-2025»семилетняя программа стала хорошо известна. Это правда, что факты и исторические факты о величии нашей нации находятся в работах великих личностей с педчеркнуть роль «Великих степных имен» и «Людей Великой

степи» в реализации целей, изложенных в статье. Кроме того, второй учитель человечества, Абу Наср аль-Фараби, упомянутый в статье, раскрывает тюркоязычные города Отрар. Понятно, что тюркоязычные города, образованных Ходжа Ахметом Яссауи, будут превращены в общий дом тюркоязычных народов тюркоязычных народов, которые возродились в истории и стали символом мира на основе «тюркской цивилизации от корней до современности».

Abstract: This is a new conceptual approach to history. All of our past historical mindset has been a vision of a dependent country. And in this article, the President called for an independent view of history. "The essence of the article is not a summary of all the work we do, but a direction for the future. Now, it is important to understand the rich history of the "Archives-2025" program, which will help us to reconsider our past and revive our past. It is true that the evidence of the greatness of our nation and the historical archaeological finds are in the works of great personalities with dusty archives. Here, we can conclude that the role played by the head of the state in the implementation of the goals set out in the article, such as "The Great Names of Great Steppe" and "The Great Steppers". In addition, the second teacher of humanity, Abu Nasr al-Farabi, mentioned in the article, revived Turkestan cities in Ottoman history, Kozha Ahmet Yasawi's teachings, and revived the history of Turkic civilization on the basis of the project "Turkic Civilization: From the root to the present" It is obvious that the people of the world will be home to their home.

ӘОЖ 391/395

Жумабай Л.Ж., Ормолдаева М.А., Байгунова Д.М.

аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

магистр, аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕР – ТАБЫСТЫ ЖАҢҒЫРУДЫҢ МАҢЫЗДЫ АЛҒЫШАРТТАРЫ

Түйін: Жана тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты - ұлттық кодынды сақтай білу. Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалу үшін не істеу керек? «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасын жүзеге асыруда салт-дәстүрлеріміздің негізгі мазмұнын сақтай отырып, бүгінгі күнге лайықтап, өркениет көшінде өзіндік ұлттық бірегейлігімізді сақтау - мәдениет пен өнер саласы мамандарынан үлкен жауапкершілікті талап етеді. Өмірімізге енген аға буын өкілдерінің сынына ұшыраған, жастар арасында кең белең алған, біздің менталитетімізге сай емес әрекеттер санамызды одан әрі уламасын десек, ұлттық салт-дәстүрлерімізге трансформация жасап, жаңа үлгілер ұсыну қажет.

Кілттік сөздер: рухани жаңғыру, ұлттық код, салт-дәстүр, мәдениет, өнер, мәдени-тынығу жұмысы

Қазақ мәдениетінде салт-дәстүрлік әрекеттер ерекше орын алады. Оның себебі қазақ халқының өмір салтының өзгешелігінде. Ол өзгешеліктер Қазақстанның географиялық орналасуынан бастап, көпұлтты мемлекеттің мәдениет саласында ұстанған саясатына да, тағы да басқа әлеуметтік және саяси факторларға байланысты.

Ата-бабаларымыз үшін шекара тұтастығын, халық бірлігін сақтау көздеген басты мұрат болғандықтан, соған лайықты өмір тәртібін де орната білген, ұрпағына айнымас мұра етіп қалдырған қасиеті. Сонымен бірге, қазақ халқының ұстанған ішкі даму саясатының бірі – жеке тұлғаны қастерлеп, оның бойындағы адами қасиеттерді дәріптеу,

үлгі тұту, ұрпағына өнеге ету. Бұл әлеуметтік күрделі мақсатқа жету үшін де халықтық той-мерекелер мен салт-дәстүрлер қалыптастырылған. Ел ырысын сақтау үшін, оны сырт шапқыншыларға тапталпау үшін де батырлық, елдік, ерлік сабағынан өткізер салт-дәстүр мен жөн-жоралғылар пайда болған. Осы рухани құндылықтарды сақтап, елдік қасиеттерді дамыту үшін қазақ халқының басты қажеттіліктері өмір үйлесімділігін сақтау қабілетіне байланысты болған.

Дербестікті сақтап, өзіндік орта құру, оның өзгелер алдында абыройлылығы жеке тұлғалық қасиеттерге байланысты екенін, адам дүниедегі ең алып та алпауыт күш екенін біліп-байқаған бабаларымыз, адам бойындағы қабілет-қасиеттерді қалыптастыруға арналған салт-дәстүрлер ойластырып, философиялық, психологиялық, педагогикалық ұғымдары айқын далалық ғылым негізін қалыптастырған. Ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатырған ұлттық салт-дәстүрлеріміздің ел дамуындағы маңыздылығына Елбасы да үнемі ерекше мән беріп отырады.

Мемлекет басшысы өзінің 2017 жылғы 12 сәуірде жарияланған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында - «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты - ұлттық кодынды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп оңай. Бірақ ұлттық кодымды сақтаймын деп бойындағы жақсы мен жаманның бәрін, яғни болашаққа сенімді нығайтып, алға бастайтын қасиеттерді де, кежегесі кері тартып тұратын, аяқтан шалатын әдеттерді де ұлттық сананың аясында сүрлеп қоюға болматыны айдан анық. Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғыртудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды», – деп атап өтуі соның айғағындай.

Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалу үшін не істеу қажет? Бұл сұрақтарға жауап беру үшін аз ғана шегініс жасап, тарихқа көз жүгіртсек. Көшпелі халықтың өзгелермен қарым-қатынас жасап, тіл табысуы тек өз аты емес, елге танылар жасқа келген ұл-қызы үшін да абырой жолына бастама болғандықтан, өзге халықта кездеспейтін көші-қоны, салт-дәстүрлерінің пайда болу тамыры тереңде жатыр.

Әр халықтың өмір салтын қалыптастырушы шаруашылық бағыты. Сондықтан да шаруашылық, тұрмыстық салт-дәстүрлердің ата-бабаларымыздың күнделікті өмірінде алар орны ерекше болғаны даусыз. Қазақтың ішер-жері, киер киімі, қоныс-мекенінің жабдығы, үй болып отандасу үшін қалыңын төлеп, той қамын жасауы, ел аралап жер көруі, тіпті бәйгіге шауып мақтан тұтары да – мал. Шаруашылық көзі, тіршілік нәрі – бәрі мал шаруашылығына байланысты. Сол себептен де қазақ салт-дәстүрлері ішінде мал шаруашылығына байланыстылары, оның ішінде шаруашылыққа бейімдеу мен тәрбиелеу үлгілерін тарату мақсатында қалыптасқандары дараланып тұрады. Ал ең бастысы, осы аталған бағыттардың қай-қайсысында да қоғамдық-мәдени даму кезеңдерінің бәрінде де адам өміріндегі басты уақиғаларды атап өту қажеттігі салт-дәстүрлер мен той-мерекелерді туындатты. Ол табиғат құбылыстарының өзгеруі, еңбек табыстары, көңіл-күйдің салтанатты қуанышы мен қайғылы-қасіретті кезеңдеріне байланысты ұйымдастырылған. Осындай эмоционалдық талпыныстан дәстүрлік мәдениет бастау алып, салт-дәстүрлер мен мерекелер қалыптасуына ықпал етіп, әлеуметтік-мәдени өмірдің басты формаларының біріне айналған.

Күн көрісі мен қорғанысы, жері мен байлығы мал шаруашылығына байланысты дамыған халық еңбекке баулу, еңбек нәтижесі, тіпті ен салу мен қырку, сою мен ұрықтандыруды да рәсімдеп той-салтанатқа айналдырған. Тіршілік көзі - мал шаруашылығының сәттілігі малды баптап күтумен қатар, олардың иелеріне табынуға байланысты деп түсінген. Сол себептен Жылқышы ата, Ойсыл қара, Зеңгі баба, Шопан

ата мал, жануар басын аман сақтайтын, төлін көбейтетін, Аруана інген мен Сәйгүлікті, сүтті сиыр мен қой жүнін молайтатын, қорғайтын пірлер. Малды қастерлеп, олардың пірлеріне жалбарынған, тиым сөздер арқылы қасиеттеп қастерлеген. Сондықтанда сәбиін бота мен құлынға, азаматын нарға теңеп, сұлуын танакөз атаған. Бұл дүниетаным мал шаруашылығына, оның табиғат дүлейінен аман болуына байланысты: шашыратқы, уыз той, күзем той, қымыз той, ботаны қырқынан шығару, т.с.с. той-мерекелер қалыптасып дамуына негіз болған.

Орта Азия мен қазақ той-мерекелерінің ішінде жеке тұлға дәріптеуге арналғандары күрделі орын алады. Адамды табиғаттың алыбы, жаратушының құлы деп түсінгендіктен оның өсіп-өнуіне, қоғамдасуына, физиологиялық өзгерісімен күш-парасат байқату сәттілігіне де көңіл аударып, елеусіз қалдырмаған.

Дүниеге келуден бастап дүниеден өткенге дейін, рәсімделген әрекеттер ойын-сауық құру емес ұрпақ өсіріп, оның даралығын танытуға бейімделгендей.

Құрсақ шашу тойында табиғат заңы сақталып, келіні жүкті өзі немерелі болудың қуанышын енесі өзгелермен бөліссе, шілдеhana, ат қою, бесікке салу, қырқынан шығару, бауырынан ботқа жүгірту, тұсау кесу, тұлым қою, айдар тағу, атқа отырғызу, сүндеттеу, тоқым қағар, оң босағаға шығару т.с.с. ұрпақ өмірінің әр кезеңін қадағалап, көңілден тыс қалдырмау мақсатымен, әлеуметтік топтарға енгізіп жарастыру үшін жасалған әрекеттер.

Жаңа қоныс тепкен адамдарға көшін түсіріп, қазан-ошағы орнағанша үйіне шақырып қонақ еткен. Бұл шақырысты ерулік деп атаған. Жергілікті халықтың өмір салтын ұғынып, шаруашылығы, тіршілігі, бала тәрбиесі сол үрдіске бағынып еретіндей тәртіпке келтіру мақсатын көздесе керек. Бауырмалдығын байқатып жаңа қоныстанғандармен жауласпау мақсаты да көзделсе керек. Ерулікке өз кезегінде қарулық жасалынған.

Жоғарыда аталған салт-дәтүрлеріміз, мерекелеріміздің көбісінің күнделікті қолданыстан шығып, кейбірінің уақыт өте келе мүлде ұмытылып кеткенінің де куәсі болып жүрміз. Өркениеттілік дәрежеге жетудің мәдени дамуға оң ықпалы бар екенін жоққа шығара алмаймыз. Адамзат мәдениетінің озық туындыларын тек тамашалап қана қоймай, қазақ мәдениетіне де енгізу мүмкіндіктері туды. Бұрын соң болмаған опера, балет, кино өнері, хормен ән айту т.б. қазақ халқын кәсіби өнермен сусындатты. Дегенмен де бір кезде бүкіл дала Құрманғазы мен Сүгірлердің күйлерін естігенде бірден танып, Естай мен Мұхиттың әнін бәрі бірге қосыла айта алатын дәрежеден қалып, кейбіреулері олардың бәрінен табиғатын тыс ұстайтын кейіпке келді. Мұндай жағдайдың себебі бар.

Біріншісі, көненің бәрі тозық деген ұғым күшпен насихатталып, ұлттық бейне мен оны дәріптеу қабілеттілігі европалық мәдени үлгіге бейімделуінде. Ұлттық ой-сана түбегейлі кеңестік социалистік қалыпқа салынып, «өркениеттіліктің сара жолына» түсіру идеологиясына байланысты. Екінші себеп біріншіден туындайды. Бүкіл даланы мұражайға айналдырып тұрған қазақ қолөнері ескінің сарқыншағы болып саналып, барлық бұйымдар өнеркәсіп мекемелері жасаған, тоқыған, күйған ыдыс-аяқтар, тұрмыстық бұйымдармен алмастырылды. Әжеміздің отбасы берекесінің құты іспеттес кебежесі, ою-өрнегі көз жауын алатын текеметтері мен кілемдері, қолөнер шеберлігімен ауылының атын шығарған ағаш, темір ұсталары мен зергерлер туындыларының сәті түскендері мұражай сөрелерінде сақтаулы. Мәдени-тынығуды кәсібімен ұштастыра білген шеберлердің тәжірибесінің тамыры үзіле жаздап, әлі де болса көпке тарай алмай отыр. Ол асыл мұраны бағалаушы өз халқы емес, экзотикалық бұйым деп санайтын шет елдік қонақтар. Олар текемет пен бешпетке түсірілген оюдың, ашамай ер мен көкпаршы ер-тұрманының ерекшелігін ұғынып жатыр деп санауға болмайды. Өйткені оны сезінетін ұлттық мәдени таным болуы шарт. Сол танымның отандастарымыз арасында қалыптастырылмауы арқасында ұлттық мәдениетті лайықты бағалау дәрежесі болмай отыр. Онысыз ұлттық сезім, намыс, жанашырлық, құптаушылық, қызығушылық,

қолдаушылық болуы мүмкін емес. Мәдениет қызметкерлерінің негізгі міндеттерінің бірі осы тұрғыда мойындалып жүзеге асырылғанда ғана дәстүрлі мәдениет жаңа заманда өз орынын алар еді.

Тағы да Мемлекет басшысының пікіріне құлақ түрсек. «Өзімдікі ғана таңсық, өзгені қаңсық» деп кері тартпай, ашық болу, басқалардың ең озық жетістіктерін қабылдай білу, бұл – табыстың кілті, әрі ашық зерденің бастыкөрсеткіштерінің бірі. Біз жат идеологиялардың әсері туралы айтқанда, олардың артында басқа халықтардың белгілі бір құндылықтары мен мәдени символдары тұрғанын есте ұстауымыз қажет». Осы тұрғыда «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасын жүзеге асыруда салт-дәстүрлеріміздің негізгі мазмұнын сақтай отырып, бүгінгі күнге лайықтап, өркениет көшінде өзіндік ұлттық бірегейлігімізді сақтау - мәдениет пен өнер саласы мамандарынан үлкен жауапкершілікті талап етеді. Өмірімізге енген аға буын өкілдерінің сынына ұшыраған, жастар арасында кең белең алған, біздің менталитетімізге сай емес әрекеттер санамызды одан әрі уламасын десек, ұлттық салт-дәстүрлерімізге трансформация жасап, жаңа үлгілер ұсыну қажет. Бұл мәдениет мамандарынан білім мен біліктілікті, тәжірибе мен табандылықты талап етеді. Керемет жаңалық ашпасақ та, «Оң босағаға шығару», «Құрсақ шашу», «Тоқымқағар» рәсімдерін бүгінгі күнге лайықтап жүзеге асырған жайымыз бар. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласындағы «Туған жер» бағдарламасын жүзеге асыруда «Тоқымқағар» рәсімі үлкен роль атқарар еді. Патриотизм - кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады десек, рәсімге қатысу арқылы Отан қорғауға аттанған жігіттердің туған жерге туын тігіп, ел тірегі атануға деген жігерін қайрап, бойларында мақсаткерлік, қайраттылық қасиеттерін тәрбиелеуге ықпал етері сөзсіз. «Оң босағаға шығару» дәстүрін (тойдеп те айтылады) орта білім беретін мекемелермен бірлесе отырып өткізудің бүгінгі қоғамдағы қыз тәрбиесіне қатысты олқылықтардың орнын толтыруда алатын орны ерекше. 13-ке толған қыздарымыз бойжеткендерге қатысты тәрбиелік тағлымы мол көріністерді тамашалап қоймай, сол әрекеттерге тікелей қатысып, қызығушылықтары артса, сонымен бірге бүгінгі күні күнделікті өмірлерінде ұялмай тағып жүруге болатын әдемі әшекейлермен (құс мұрын жүзік, күміс белбеу, бойтұмар) жақын танысар еді. Дизайнерлеріміз тек тойға киетін киімдердің үлгісін ғана емес, 13-ке толған қыздарымызға европалық үлгі мен ұлттық нақыштарды үйлестіре отырып жаңа киім үлгілерін ұсынса, «Оң босағағашығару» тойында дефиле жасатып, сол киімдерді жарнамалауға әбден болады. Жастарымыз батысқа еліктейді, ашық-шашық киінеді т.б. деп сынап бермей, ұлттық дәстүрге негізделген, бірақ заман талабына да сай келетін киім үлгілерін, қол жетімді ұлттық әшекей бұйымдарын насихаттап, көпшілікке ұсыну жолдарын қарастыруымыз қажет сияқты. Бүгінгі күні көптеген салт-дәстүрлерімізге өзге ұлттардың рәсімдерінің еніп еткені рас. Тұсау кесу тойында баланың алдына нан, кітап, қайшы, машинаның кілті т.б. заттарды қойып, алғашқы ұстаған затына қарап болашағын болжап жүрміз. Бұл кәріс халқының дәстүрі. Осындай өмірімізден өз орнын алған басқа ұлттардан келген көптеген рәсімдер айта берсек жетерлік. Бұл тұрғыда қоғамда түрлі пікірлер қалыптасқан. Қазіргі өмір сүру қалпымызға қарай бар өмірі төрт түлікке қатысты болған ата-бабаларымыздың салт-дәстүрлерінің барлығын толығымен жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайда басқа да халықтардың көңілімізден шыққан рәсімдерін қолданысқа енгізу қаншалықты дұрыс екендігіне баға беру біздің құзырымызда емес. Бұл тұрғыда Елбасымыз айтқандай - «Өзгеру үшін өзімізді мықтап қолға алып, заман ағымына икемделу арқылы жаңа дәуірдің жағымды жақтарын бойға сіңіруіміз керек».

Сонымен, әр халықтың мәдениет көшінен өз орын алуы екі мәселеге байланысты болып отыр. Біріншіден, ұлттық дәстүрлі мәдени әрекеттердің мазмұнын игеруге, оларды әр адам өзі танып қызығушылық байқатқан жағдайда амал-тәсілдерін үйреніп, насихаттық

жұмысына араласып, мүмкіндігі болған жағдайда кәсіпкер ретінде танылуға үлес қоса алуына байланысты. Ұлттық мәдениеттің сақталуы мен сұранысқа ие болуына қарай өзгелер алдында саналы ел болып танылу міндетін мәдени ұстанымға айналдыру арқылы жүзеге асырылады. Жеке тұлғадан бастап, отбасылық, ұжымдық мәдени сұраныс пен ұстанымға айналуы мен қызығушылық байқатылуы арқылы ұлттық мәдени дәстүрлер сабақтастығын тауып, елдік бейне сақтала алады. Екіншіден, дәстүрлі мәдениеттің ауқымын кеңейтіп, әлемдік мәдениетті игеруде мазмұндық қамтылуымен қатар, идеялық негізі мен дүниетанымдық сипаты ұлттық нақышта болуына қатаң назар аудару қажеттілігін ұстану арқылы елдік мәдениеттің ұлттық мән-мағынасы мен сипаты тұрақты дамуға мүмкіндік алады.

Әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». 12 сәуір 2017 жыл
2. Арғынбаев Х. Қазақтың отбасылық дәстүрлері, Алматы, Қайнар, 2005, 216 б
3. Камалова Н.К. Қазақтың мәнін жоймас құндылығы: Монография/Н.Камалова, 2 - бас. Алматы: «Нұрай Принт Сервис» ЖШС. 2014, 164 б.
4. Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 2 том/құрастырған С.Әжіғали. Алматы: «Арыс» баспасы 2006, 416 б.

Аннотация: Основным условием модернизации нового типа является сохранение национального кодекса. Суть возрождения заключается в том, что оно до сих пор не должно придерживаться исторических традиций и национальных традиций. Каковы национальные обычаи, языки, музыка, литература, ритуалы, одним словом, национальный дух, чтобы выжить навсегда? В реализации проекта «Современная казахская культура в мире», сохраняя основное содержание наших традиций, мы должны нести большую ответственность за сохранение нашей самобытной национальной идентичности - профессионалов культуры и искусства. Нам нужно преобразовать наши традиции в национальные и дать нам новые образцы, которые подвергаются критике со стороны нашего старшего поколения, которые популярны среди молодежи и не следуют нашему менталитету.

Abstract: The basic type of modernization of the new type is the preservation of the national code. The vogue of vomit is the one in which the so-called old traditions and history of traditions and national traditions. Kakovy Native language, language, music, literatura, ritual, single word, national spirit to drive you to the end? In the realm of the project "Modern Kazakh Culture in the World", which is based on the basic traditions, we have no responsibility for the preservation of our own national identity - professional culture and art. We need to transform our traditions into national and dance, and these are just new concepts that have been criticized by our new generation of superstitions, who are popular among the younger generation and hence justify their mentality.

Балтабекова А.Б., Тапилдиев Ә.Т., Айдосов Ә.
магистр аға оқытушы АӘИУ, Шымкент, Қазақстан
аға оқытушы АӘИУ, Шымкент, Қазақстан
ҚР Мәдениет Қайраткері, доцент. АӘИУ, Шымкент, Қазақстан

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫМЫЗ ҚОЛӨНЕР ӨНЕР АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ІСМЕРЛІК ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Түйін: Бұл мақалада халық педагогикасының кейбір тәсілдері талқыланады. Халық педагогикасының негізгі мазмұны анықталды, ол әртүрлі тәсілдер үшін қолданылады, оқудың мәні анықталады, білім беру процесінде ойындарды пайдалану үшін кәсіби және қолданбалы өнердің негізгі тәсілдері алынды. Демек, кәсіптік оқытуды зерттеуде көптеген түрлері мен еншілес ұйымдары дамыған. Осылайша, біз әзірлеген кәсіби білім беру үрдісі біздің студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуға, ұлттық өнердің дамуына жәрдемдесуге, халық педагогикасының ерекшеліктерін зерттеуге, халық педагогикасы арқылы студенттерді оқытудың тиімді әдістеріне және көркемдік пәндер мұғалімдерінің рөлін анықтайтын этномәдениетті оқытуда білім беру үдерісінің проблемаларын дәлелдеді. Студенттер әр түрлі суреттер мен сәндік-қолданбалы өнер үлгілерінде мектепте ұлттық өнерді үйрену барысында, сондай-ақ, сыныпта қолданбалы өнерді оқытудың әдістері мен формаларын қолданды.

Кілттік сөздері: Этномәдениет, қолданбалы өнер, халық педагогикасы, ұлттық өнер, мәдени мұра

Қазақстан Республикасының Білім министрлігінің тәлім-тәрбие тұжырымдамасында: “Ұлттық мәдениет пен өнер негізінде жан-жақты тәрбие беру сұлулыққа, тазалыққа үйрету, адамзат қоғамындағы бұрын соңды жасалған мәдени мұраны жүйелі меңгеруге, жалпы әсемдік рухани құнды игіліктерді бағалай білуге тәрбиелеу” деп атап көрсетілген. Адамзаттың мәдени өмір сүру дәрежесі көтерілген сайын тұтыну бұйымдарының сапасы, үйлесімділігі мен көркемдігіне қойылатын талаптар да күшейе түсуде. Олардың әрі сәнді, әрі қолайлы болуы адамдардың көңіл-күйін қуанышқа бөлеп, өмірге деген сүйіспеншілігін арттыра түспек. Қолөнер бұйымдарының қай-қайсысын да қазіргі заман тұрмыста тиімді қолдануға болады.

Қазақ халқының қолөнері деп халық тұрмысында жиі қолданылатын өру, тігу, тоқу, мүсіндеу, құрастыру, бейнелеу сияқты шығармашылық өнер жиынтығын айтады. “Халықтық қолөнеріне әдеп-ғұрып жабдықтарымен қатар, аң аулауға, мал өсіруге және егіншілікке қажетті құрал-жабдықтар да кіреді. Киіз үйдің сүйегі, ағаш керуерт, кебеже, сандық жасап, кілем, сырмақ, алаша, ши, түрлі бау-басқұрлар тоқып, арқан, жіп есіп, көннен және илеулі теріден қайыс, таспа тіліп, өрім-өрім қолдан әр алуан ыдыс-ақ, адалбақан, асадал, бесік, және т.б. көптеген заттарды халық шеберлері, өнерпаздар өз қолдарымен жасап, түрлі нақыштарымен әшекейлейтін болды”. XIX ғасырда және XX ғасырдың бас кезінде қазақ халқының қолөнері ішінде киіз үйдің сүйегін, ағаш төсек жасау, ағаш өрнектеу, кесте тігу, өрмек тоқу, киіз басу кең өріс алды. Бертін келе, адамзат қоғамы дамыған сайын қолөнердің біразы жаңа әдіс тауып, жаңа түрге ие болды, кейбіреулерді тұрмыс қажетіне жарамсыз болғандықтан тіпті қолданылмады. Тігу ісі мен кестелеу өнері де машинамен орындалды, тастан қашап, сүйектен оюлап, құмнан құйып жасайтын бұйымдар енді заводтарда көптеп шығарылды. Бұл айтылғандардан қолөнер халық тұрмысында ежелгі маңызын жойды, ендігі жерде онымен шұғылданудың керегі

жоқ деген ұғым әсте тумайды. Қайта халық колөнерінің бай мұраларын жинап, сұрыптай отырып, заманымызға лайықты сапа, түр беру әдісімен оларды ілгері дамыта беру керек. Шығармашылық қазақтың ұлттық колөнер бұйымдарын қазіргі заман үй ішін әсемдеуде талғаммен орналастыру, оларды тиімді таңдау немесе жаңасын жасау, оны көркемдеп тігу, сөйтіп, жасалған заттың құндылығын арттырып, бағасын көтеру, нәтижеде бұл оның бәсекедегі ұтымдылығын қамтамасыз етеді. Бұған қол жеткізу - тігіншілік өнерінің негізі болған ісмерлік дағдылардың дамып, қалыптасуына байланысты. Осыған орай, ғылыми-педагогикалық, әдістемелік, тарихи-өнертану ғылымдары саласындағы әдебиеттерді зерттеу арқылы ісмерлік дағдылар жүйесін айқындауға қол жеткіздік. Ісмерлік дағдылар - материалдарды (мата, жіп т.б.) үйлесімді және ұтымды орналастырып тігуді асқан шеберлікпен орындау үшін қажетті дағдылар жүйесі. Студенттер сабақта және сабақтан тыс уақытта колөнер бұйымдарының үлгілерін түрлендіріп жаңа туындылар жасап шықты. Бұл олардың шығармашылық іс-әрекетінің бір көрсеткіші болып табылады.

Ол шапшаң, көркем, ұтымды, үйлесімді, тиімді деген секілді іс-қимыл түрлерімен қатар ине шаншу тәсілдерінен тұратын технологиялық, матаға сай жіп таңдау, заттың моделіне сай ою, өрнек таңдау секілді компоненттерден де құралады. Осы компоненттердің болуынан заттың не бұйымның құндылығы арта түседі. Дағды педагогиканың аса маңызды ұғымдарының бірі болып білім мазмұнының құрамдас бөлігі және ғылыми білім, іскерлікпен (білік) тығыз байланыста И.Ф.Харламов. Дағдыны психологтар зерделік, сенсорлы, қимыл дағдылары деп бөледі Г.П.Щедровицкий, С.Л.Рубинштейн, Е.В.Гурьянов, В.Д.Шадриков, А.Н.Леонтьев, П.Я.Гальперин т.б. Оқыту теориясында дағдыны зерделік-талдау, топтастыру, жіктеу, жалпылау, дерексіз ойлау т.б; практикалық-құрастыру, жасау, еңбек дағдылары; арнайы немесе заттық картамен жұмыс, приборлар, материалдар т.б. қолдану; жалпы оқу-кітаппен жұмыс, жоспар түзу, жылдам жазу, жылдам оқу, өзін бақылау т.б болып бөлінеді, дейді Ю.К.Бабанский.

Педагог, психолог ғалымдардың дағдыға байланысты зерттеулерін ескере отырып, тігіншілік дағдыларының ерекшеліктерін зерделей келе, тігін бұйымдарында қолданатын ісмерлік дағдылар жүйесін зерделік дағдылар, сенсорлы дағдылар, қимыл-әрекет дағдылары деп, оның компоненттерін анықтадық. Дағды іс-әрекет бағытына қарай қимыл дағдылары, сенсорлы дағдылар, интеллектуалды дағдылар болып бөлінгенімен олар өзара байланыста, сонымен бірге дағды білім, білікпен де (навык) астарласып, оны қалыптастырудың негізі болып саналады. Ақыл-ой еңбегі, дене еңбегінің сипатына қарай дағды түрлерінің басымдығы әрқалай, мысалы, ақыл-ой еңбегінде ой жүргізу дағдылары көбірек, ал, дене еңбегі мен қол еңбегінде қимыл, әрекет дағдылары басым болатыны белгілі.

Дағды - қимылды жоғары дәрежеде меңгеру сипаты; бұл сатыға қимыл жоғары автоматтандырылғандығы себепті-саналы бақылау, байқау қиын болғандықтан ол жоқ секілді болып көрінеді; мұнда қимылдың жылдамдығы мен жеңілдігі, байланысы соншалықты тұтас болғандықтан өзінен-өзі, санасыз орындалып жатқандай болып көрінеді. Мұндай саналы, бірақ автоматтандырылған қимыл іске асуы үшін тұрақты жағдай, өзгермейтін компоненті оны үнемі бақылап отыруға мүмкіндік береді. Дағды, жаттығу барысында қимылды меңгеру арқылы қалыптасады. Шығармашылық дәрежесі қаншалықты жоғары болса, ісмерлік дағды да соншалықты тиімді болғанда ғана ол нәтижелі болып, таза пайда әкеледі. Еңбек сипатына, шарттарына байланысты дағдыны ретсіз не болмаса жоспарлы меңгеруге болады. Ісмерлік шығармашылықты қалыптастыруда оқу үрдісінде дағды қалыптастыруды, әрине, жоспарлы түрде жүзеге асыру керек. Әсіресе, қолдың басы немесе білезігінен бастап, бармақтардың ептілігінің маңызы зор. Іс тігу, ісмерлік

өнерінде дағдының қалыптасқандығының критериялары басқаша айтқанда, нәтижесінің көрсеткіштері болып қол,бармақтардың бұлшық еттеріне күш түспеуі, артық қимылдардың болмауы, қимылдар арасында кідірістің болмауы, көзбен бақылаудың азайып, қимылды сезіну арқылы бақылаудың күшейе түсуі, қимылдың орнықты көрінуі, қимылды әр түрлі тәсілдермен орындау мүмкіндігінің жоғарылығын айтуға болады. Атап айтсақ, істің нәтижесі тігілген зат не бұйымның сапасы ісмерлік дағдылардың қалыптасқандығының көрсеткіші бола алады. Студенттің дағдыны меңгеруінде оқытушының жұмысты дұрыс ұйымдастыруының өзі де сол дағдыны олардың тиімді, жетік меңгеруінің маңызды шарттарының бірі. Қимылдың құрамындағы әрекеттердің кеңістіктегі көлемін, оған кететін күш пен уақытты зерделеу қажетті қимылды іздеп табуға, кететін қателіктерді азайтып, "артық" қимылдарды жоюға көмектеседі. Дағды қалыптастыру барысында оның нәтижесін, кеткен қателіктерді, олардың келіп шығу тегін талдау, болашақта оны ескерудің де өзіндік орны бар.

Кәсіптік оқыту мамандығы студенттерінің шығармашылығын дамытудың тиімді жолы - белгілі бір өнім алуға бағытталған өндірістік-жасампаздық тапсырмалар негізіндегі шығармашылық мәселелерді шешу. Шығармашылық тапсырманың шешімін жобалау арқылы ойлау амалдарын ұйымдастыру оны тиімді шешудің бір жолы. Осыған орай Я.А.Понамарев орындамақ болып отырған мәселенің не шығармашылық тапсырманың алдымен мазмұндық мәнін талдау және бұны сөз түрінде айтып шығу жаңа ойларға жетелейді; одан соң шығармашылық тапсырманы шешудің бірнеше түрленулерін табу (варианттарын) бұл тәсілді жеңілдетеді деп белгілеген.

Бұлар орындау ретін және себебін айтып шығу; түсіндіру нені, қалай орындайды; соңғы бейнесін көзге елестетіп айтып шығу; іс-әрекет моделін түзу; аналогиялар табу т.б. Шығармашылық тапсырманы ұжымдық орындауда әр топ өзіне берген тапсырманы мынадай сөз түріндегі формуланы пайдалану арқылы жүзеге асыруын ұсынамыз:

- а)мынаны былай істесек қайтеді...
- б)..мүмкін оны алдымен...
- в)...одан соң.... көрсек қайтеді..
- г)... өткенде былай істеп едік қой...
- д)...мынаны ... өзгертсе болатын шығар...
- ж)...жоқ олай емес...
- з)...үлгіге салып оған мынаны жапсырса...
- и)... сәл ғана өзгертсе...
- к)... жоқ, мүлде басқаша болуы керек емес пе....
- л) меніңше,... болуы керек...
- м) ...әрине, басқа түрленуін іздестіріп көру керек...

Мәселені шешу не шығармашылық тапсырманы орындауда кейбір тұйыққа тірлеген жағдайда оқытушының көмегі қажет. Ол осы формулаларды реттеу, оның тапсырманы дұрыс шешуге септігін тигізетін тұстарын айтып жіберу, көрсетіп жіберу секілді көмегі орынды.

Көрсетілген тәсілді қолдануда шығармашылыққа қажетті дағдылар:

- ойлау дағдылары: талдау, жіктеу, топтау, салыстырмалау, ұқсату,саралау, сараптау, сұрыптау, іріктеу, талғау т.б. барлығын пайдалануға жұмылдыру;
- ойлау сипатының - жылдам, баяу, шапшаң, жай, сонымен қатар,логикалы ойлау, жүйелі ойлау, байланыстыра ойлау т.с.с
- ойдағыны затқа айналдыру;
- ойдағыны іске асыру.

Бұлар іс-қимыл түрінде жүзеге асады. Осыларға дағдылануда аса маңызды

мынадай оқыту қағидаларын ұстану ғана табысқа жеткізеді: жүйелі ойлау және орындау; іс қимылды байланыстыра ойлау және орындау; жылдам орындауға біртіндеп дағдылану; ептілікке дағдылану. Ептілік дегеніміз ісмерлікте көркемдікпен тығыз байланысты. Ептілік болмаса бір заттың көркем шығуы өте қиын. Бұл бармақтар мен қолдың қимылының ықшам, икемділікпен байланысты қимылдары болып саналады.

Кәсіптік оқыту мамандығы студенттерінің шығармашылық ісмерліктерін дамыту олардың сын пікірін қалыптастырумен де тығыз байланысты. Біз зерттеуге алып отырған нысанаға байланысты оны алдымен біреудің жасаған затына сипаттама айту не жазудан бастаған жөн секілді. Сондықтан, мынадай талдау түрлерін қолданға болады:

- біреудің жасаған затына сипаттаулар жазу не айту;
- біреудің жасаған затын сын тұрғысында талдау;
- сол затты өзің қалай жасар едің, соны сипаттау;
- сол затты жасау технологиясын жазып не сөз түрінде айтып шық;
- сол затты жасауда пайдаланған заттарға сипаттаулар жазу;
- оны сен өзің қандай заттардан жасар едің, соны жазу;
 - сол заттың қажеттілігін басқаша айтқанда, мәнділігін дәлелде.

Оқу-шығармашылық мәселе және оқу-шығармашылық тапсырмаларды орындамайынша, студенттердің шығармашылық ойлауын қажетті деңгейде дамыту мүмкін емес. Мұнда мынадай үш ұғымның басын біріктіріп, студенттердің ісмерлік дағдыларын қалыптастыруды көздедік. Олар: қолөнер бұйымдары - қазақтың оюы мен өрнектері арқылы түрлендіру; тігу және көркем тігу; нәтижеде жаңа, заманалық, бірақ ұлттық сипаттағы зат, бұйымдар алу.

Басты мәселе студенттерді шығармашылық ойлау арқылы жаңа, қазіргі күнде өзгеріп тұратын бұйым үлгілеріне сай өнім жасауға, оған ұлттық сипат беруде үйлесімділікті іздестіріп табу жолдарын меңгерту; ойлап тапқан жобаны іске асыруда ісмерлік дағдыларын тиімді қолдануға шарт түзу.

Бұл жерде біз шығармашылық деп қазақтың ұлттық бұйымдарын қазіргі заман технологиялары негізінде орындау, үй ішінде талғаммен орналастыру, оларды тиімді таңдау немесе жаңасын жасау, оны көркемдеп тігу, сөйтіп жасалған заттың құндылығын арттырып, бағасын көтеру, нәтижеде бұл оның бәсекедегі ұтымдылығын қамтамасыз етеді. Бұған қол жеткізу, тігіншілік өнерінің негізі болған ісмерлік дағдылардың дамып, қалыптасуына байланысты. Ісмерлік дағдылар - материалдарды (мата, жүн, жіп т.б.) үйлесімді және ұтымды орналастырып тігуді асқан шеберлікпен орындау үшін қажетті дағдылар жүйесі. Ол шапшаң, көркем, ұтымды, үйлесімді, тиімді деген секілді іс-қимыл түрлерімен қатар ине шаншу тәсілдерінен тұратын технологиялық, жүн түсіне сай жіп таңдау, ою, өрнек таңдау секілді компоненттерден де құралады.

Қорыта айтқанда, еліміздің болашақ мамандары қоғам талабына сай жан-жақты қарулануы үшін төмендегі міндеттерді әрбір оқытушы орындауы қажет: әрбір ұстаздың өз пәнінің білікті, білімді шебер маманы екенін көрсете білу, студенттің актуальды және іргелес даму деңгейін дәл анықтауға бағыт беріп, келешекпен байланысты сенімді қалыптастыру, студенттің әрбір пәннің мамандыққа қатысты мәселелерін ынтымақтастықпен шешу қабілеттерін дамыту, студенттің кәсіби білікті, білімді шебер тұлға қасиеттерін санасына кұйып шығармашылық және дүниетанымын кеңейту.

Әдебиеттер тізімі

1. Арғынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері. Ғылыми зерттеу еңбегі. Алматы: Өнер; 1987-128б.
2. Әмірғазин К. Қолданбалы көркем өнер. Алматы РИК 1995, -50б.

3. Коменский Я.А. Великая дидактика. Избр. пед. соч. в 2-х т. Москва, Педагогика, 1982, 570 с.
4. Ю.К. Бабанский. Педагогика: Учебное пособие для студентов педагогических институтов. М. Просвещение, 1988-479с.

Аннотация: В этой статье рассматриваются некоторые подходы народной педагогики. Определено основное содержание народных педагогики, которые применяются при разных подходах смысл обучения выведены основные подходы профессионального и прикладного искусства для использования игр в учебном процессе. Следовательно разрабатывается многие виды и вспомогательных при изучении профессионального обучения. Таким образом разработанная нами процесс профессионального обучения доказала проблемы учебного процесса, при преподавании этнокультуры нашего народа в развитии творчества студентов, пропаганде путей развития национального искусства, при изучении особенностей народной педагогики, эффективных методов обучения студентов посредством народной педагогики и определена роль преподавателей художественных предметов. Студенты во время при изучении национального искусства применяли в школе на уроках разные рисунки и образцы декоративного прикладного искусства. Также заняты студенты применяли формы и методы обучения по прикладным искусствам на занятиях.

Abstract: This article discusses some of the approaches of folk pedagogy. The main content of folk pedagogy has been determined, which is used for different approaches. The meaning of learning is derived. The main approaches of professional and applied arts for the use of games in the educational process have been derived. Consequently, many types and subsidiary ones are developed in the study of vocational training. Thus, the process of vocational training developed by us proved the problems of the educational process in teaching the ethnoculture of our people in developing students' creativity, promoting the development of national art, studying the characteristics of folk pedagogy, effective methods of teaching students through folk pedagogy and defining the role of art teachers. Students during the study of national art used in school at the lessons of different drawings and samples of decorative arts. Also, students applied the forms and methods of teaching applied arts in the classroom.

УДК 37.016

Дуйсеманова Ж., Атемов У., Арипбаева Л.
магистр, аға оқытушы АӘИУ, Шымкент, Қазақстан
аға оқытушы АӘИУ, Шымкент, Қазақстан
магистр, оқытушы АӘИУ, Шымкент, Қазақстан

ОҚУШЫЛАРДЫ ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕРІ АРҚЫЛЫ ШЕБЕРЛІКТЕРІН ЖЕТІЛДІРУДІҢ ЖОЛДАРЫ

Түйін: Бұл мақалада ұлттық өнер түрлерін талдау арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін ашу әдістерін талқылайды. Көркемдік және ою-өрнектің түрлерін талдау арқылы студенттердің шығармашылық қабілеттерін ашып көрсету әдісі. Қазақ халқының қолданбалы өнерінің негіздерін ғылыми теориялар. Қолданбалы өнердің ерекшелігі - эстетика, дизайн, мәнерлілік және күнделікті мәдениеттің ажырамас бөлігі. Оқушылар үйірме жұмыстарымен шектелмей сонымен қатар табиғаты да бақылай отырып, ондағы суреттерді материалдарына пайдаланып, эстетикалық жақтарын, қасиеттерін көріп, білуге үйренеді. Табиғат оқушыларға тек қана сәндік композицияны айтып қоймай, эстетикалық жасалу жолдарының терең көзі болып есептеледі. Себебі халық шеберлерінің өзі табиғат көріністерінен өздерінің шығармаларына образдар жасаған. Сәндік қолданбалы өнерді үйретудің нәтижесінде балалардың бойында материалдың сәндік жасалу формалары қалыптасады. Осы сабақтарда эстетикалық және тәрбиелеу элементтері бір – бірімен

тығыз байланысты, бірде көркемді жағын ескеру, бірде еңбек ету кезектесіп отырады.

Кілттік сөздері: оқушылар, өнер, шеберлік, сән, жастар, үйірме, мәдениет, қолөнер

Алғашқы адамдар үшін тірі қалу жолындағы қажеттілік болған талай құбылыстар, күнде бір – бір өнерге айналып отыр. Алғашқы адамдар үңгірді мекендеген шақта, қазіргі сәулет өнерінің талаптарын ойлаған жоқ, олар үшін үңгір суықтан пана, желден ық табиғат құбылыстарынан қорғаныш болып табылса, осындай даму ой – сананың қалыптасуы нәтижесінде сәулет өнері дамыды. Қаймағы бұзылмаған таза табиғатты көзбен көргенмен, оған басқа қайран қыла алмаса, бергін келе бейнелеу өнері одан қол өнерінің бірнеше түрлері дүниеге келді.

Алғашқы адамдар үшін киімнің керектілігі неде? Әрине, ол тұста адамзат аталары сұлу көріну немесе сәнді жүру үшін киінбегені ақиқат.

Олар суықтан сақтану, ұятты жерлерін жабу, жауларынан қорғану үшін, аң терілерін, ағаш қабығы мен бұталарын тағы басқа табиғи материалдарды пайдаланды. Осылайша адамзатқа қызмет ететін сонымен бірге жасап келе жатқан өнерлердің қатарына тағы бір өнер «сән» өнері қосылды.

«Сән» өнері адамзат игілігіне қызмет етуде басқа өнер түрлерінен кем соққан жоқ. Қайта басқа өнер түрлеріне қарағанда күнделікті қолданыста жүретіні және сан алуан сапалық жағынан керек болғанын айтуымыз да, мойындауымыз да керек.

Қазір жастар, яғни, біздер сән әлеміндегі өзгерісті бірде аңғаруымыз және оны қабылдауға бейім тұрамыз. Киім киюдегі талғамдар мен мәдениетті өте жақсы қабылдаймыз.

Ендігі мақсат біз өзіміздің батылдығымызды, алғырлығымызды, шапшаңдылығымызды дұрыс пайдалана отырып, сол тәрбиенің нәтижесінде үлгілеріне жаңалықтарды, өзгерістерді, ерекшеліктерді де батыл түрде енгізу керек.

Оқушылар үйірме жұмыстарымен шектелмей сонымен қатар табиғатты да бақылай отырып, ондағы суреттерді материалдарына пайдаланып, эстетикалық жақтарын, қасиеттерін көріп, білуге үйренеді. Табиғат оқушыларға тек қана сәндік композицияны айтып қоймай, эстетикалық жасалу жолдарының терең көзі болып есептеледі. Себебі халық шеберлерінің өзі табиғат көріністерінен өздерінің шығармаларына образдар жасаған. Сәндік қолданбалы өнерді үйретудің нәтижесінде балалардың бойында материалдың сәндік жасалу формалары қалыптасады. Осы сабақтарда эстетикалық және тәрбиелеу элементтері бір – бірімен тығыз байланысты, бірде көркемді жағын ескеру, бірде еңбек ету кезектесіп отырады. Сәндік қолданбалы өнер бұйымдарын жасау жұмыстарын бірнеше этаптарға бөлінеді. Алдымен халық шеберлерінің шығармаларымен танысу қолданатын өнер төңірегінде болады және теориясын меңгеру, жасалу түрлерінің жаңа формалары, сәндік образдары жасалады. Содан кейін жұмысты жасай беруге болады. Оқушыларға эстетикалық тәрбие беруде музейлерге экскурсия жасау, оқушылардың халық шеберлерінің туындыларын жасаған бұйымдарынан көрме ұйымдастыру жұмыстарының маңызы зор. Үйірме мүшелері осыдан көпшілік орындарына жиі барып, анализ жасауды үйренсе олар өздерінде жасаған жұмыстарының қасиетіне эстетикалық баға беріп отырады еліміздің жекелеген аудандарында оқушылардың үйірме жұмыстары халық қолөнері сақтап қалуға және дамытуға көмектеседі. Үйірме жұмыстарын халық өнерін сақтап қалуға және дамытуға көмектеседі. Үйірме жұмыстарының ішінде сәндік қолданбалы өнер жұмысы өзінің интенсивтілігіне қарамай оқушыларды жалықтырмайды, себебі жасалынатын бұйымдардың әртүрлі тәсілдері кездесіп отырады. Оқушылар эстетикалық еңбектік және политехникалық оқытуды терең түсіне біледі, мамандыққа деген қызығушылықтарын оятады.

Үйірме жұмыстарын ұйымдастыру алдымен жұмыс орын дайындаудан басталады,

сосын керекті құрал – жабдықтар болуын қамтамасыз етеді. Өйткені үйірме мүшелерінің саны осыған байланысты және жасалынатын жұмыс болашағы да. Үйірме жетекшісі бірінші сабақта староста сайлап алу керек, өзіне көмекші ретінде барлық сұрақтарға жауап алуы керек. Староста кезекші белгілеуі керек. Кезекші бұрын келіп үйірме жетекшісіне сабаққа қажетті – жабдықтарды дайындауда көмектесуі керек. Сабақтан соң кезекші жұмыс орнын қалпын келтіруге тиіс. Практикалық тапсырмалардан өзге көрмелерге, музейлерге экскурсия жоспарлауы керек. Қолөнер шеберлерімен кездесулер өткізіп және ұлттық қолданбалы өнердің ұрпақтан – ұрпаққа беріліп отырғанын осынау мәңгі бір өмпейтін түрі тұрмысымызда күні бүгінге дейін өзгермейтініне көз жеткізуіміз керек. Сәндік – қолданбалы өнерді үйірме жұмыстарына 14 – 15 жастағы жасөспірімдерден бастаған дұрыс.

Қолөнер — халық өмірімен, тұрмысымен бірге жетіліп, біте қайнасқан өміршең өнер. Шеберлердің қолынан шыққан қолөнер туындыларын халықтың өмірінен, тұрмысынан бөліп алып қарау мүмкін емес. Өйткені, бұл заттар ел тұрмысына сән беріп, адамдарға рухани ләззәт әкелген. Көз салып, байыптаған адамға қолөнер бұйымдарына салынған түрлі түсті ою-өрнектерден адамзат дүниесінің табиғатпен біте қайнасқан сонау заманнан келе жатқан қарым-қатынасын, бөлінбес бірлігін көруге болады. Қолөнер шеберлері табиғат сұлулығын өнер туындыларына арқау ете білген. Осы туындылардың бет-бедеріне ширатыла түскен ғажайып өрнектер өзгеше бір тілмен ақтарыла сыр шертетіндей. Қолөнер дүние жүзінің әр халқына тән, бұл — халық қазынасы, ғасырлар мұрасы. Соған орай әр елдің әр халықтың тарихи дамуына, тұрмысына, табиғат ерекшелігі мен эстетикалық таларамына байланысты қолөнері өзіндік ерекшелігімен халық өмірінде өшпес із қалдырып отырған.

Қазақ қолөнерінің бүгінгісі мен болашағын айтар болсақ оның өткеніне назар аудармай кете алмаймыз. Ұлттық өнердің өзіндік ерекшелікпен қалыптасуына үлкен әсерін тигізген жайт — көп ғасырларға созылған көшпелі өмір. Демек, күнделікті тұрмысқа қажетті қолөнер бұйымдары көшіп-қонуға ыңғайлы, пайдаланар орнына сәйкес сыртқы формасын тауып, әр шебердің талғамына, ой-өрісіне тән ою-өрнекпен нақышталып беріліп отырған. Алдымен бұйымның мықтылығы, өнімділігі қарастырылды десек те, олардан бояуы, әсемдігі жағынан табиғи үндестік байқалады.

Адамзат дамуының қай сатысында болсын қоғаммен бірге дамыған қол өнері әр дәуірде өзінің өшпес ізін қалдырып, әлеуметтік көркемдік жағынан дәуір тынысын қалт жібермей әсерін тигізіп отырады. Көне заманнан келе жатқан қазақ қолөнері де өз халқының дәстүрлі көркемдік мұрасын сақтап қалған. Қазақстан территориясында археологиялық қазба жұмыстары кезіндегі табылған әр кезеңде жасалған қолөнер бұйымдары соны дәлелдейді.

Осы бұйымдардан ғасырлар бойы жинақталған тәжірибе, халықтың даналығы мен таланты байқалады. Оқушыларды еңбекке дайындау мынадай талаптарға сай болуы керек: тұрақтылық, белсенділік, екпінді еңбек үлгіге сәйкес емес шешім қабылдап білу, тапқырлық, жеке жауапкершілік тәріздес қасиеттерді қалыптастыру. Қазақстан Республикасының білім беру және еңбекке баулу тұжырымдамасына көрсетілгендей оқушылардың эстетикалық талғамын жетілдіру, оқушының істейтін жұмысының практикалық жағына басым көңіл аудару жақтарын қарастырылған.

Қазақ қолөнерінде пайдаланылған негізгі шикізаттың бірі және ең бастысы — жүн болды. Материалды терең зерттеп, оның бар сырын, бар мүмкіндіктерін аша білу — қол өнері үшін маңызды жәйт. Халық шеберлері материалдың табиғи қасиетіне зер салып, оны өңдеуде техникалық тәсілінің барынша тиімді және күнделікті тұрмысқа ең қолайлы жақтарын қарастыра отырып, әсемдік, әдемілік дүниесіне де көңіл бөле білді. Күгі бүгінге дейін өз маңызын жоғалтпай келген сондай дәстүрлі өлөнер үлгілерінің бірі – киіз басу.

Оюлап киіз басу өнерімен басқа халықтардың да айналысқаны белгілі. Бірақ туысқан халықтарда жекелеп кездесетін киізді оюлау әдісінің тәсілдері Қазақстан территориясының барлық аудандарында кездеседі. Сондықтан да оюлап киіз басу өнері қазақ халқының еншісіне тиген қол өнері деп атауға әбден хақымыз бар.

Киіз пайдалану мақсатына байланысты қалың не жұқа, тығыз да мықты немесе босаң етіп басылады. Киіз үйдің сыртына жабылатын туырлық пен үзік, түндік суықта жылу ұстайтындай, шілденің аптабында ыстық өтпейтіндей қалың, жаңбырлы күндері су өтпейтіндей тығызда шымыр етіліп ерекше ұқыптылықпен басылады. Киіздің қазақ колөнерінде тек құрылыс материалы ретінде практикалық жағы, сапасының мықты болуы ғана емес сонымен бірге әдемілігіне де ерекше көңіл бөлінген. Мысалы: дөдегеге арнап жеке киіз басылған. Сонымен қатар киізден тұрмысқа қажетті текемет басып, сырмақ ойыстырып, түскиіз тігіп, әр түрлі аяққаптар, тендер, дорбалар, шалкиіздер жасалынған. Жұқа басылған ақ киізден әр түрлі бас киімдер мен сырт киімдер тігілген.

Әлгі аталған заттардың тұтыну ерекшеліктеріне байланысты киіз басу тәсілінің процестері өзгеріп отырады. Киіз басу әдісін өзгертіп отыратын негізінен киізге өрнек салу тәсілі. Ал енді қарапайым киіз басу тәсілінің өзі Қазақстанның әр бұрышында әр түрлі. Ал оған өрнек салу, оюлау деген тіпті де сан алуан.

Киіз сапасының мықты болып, көңілден шығуында киіз басуға алынған қой жүні мен қойдың тұқымы ерекше орын алған. Киіз басуға алынатын қой жүнінің талшықтары және оның сапасына қойылар талап өз алдына бөлек әңгіме.

Киіз басу өнерінде халық арасында кең таралғаны — текемет басу, сырмақ ою түрлері. Текемет — тұрмыста жылу ұстағыш, екінші жағынан киіз үйдің ішкі интерьеріне сән беріп, керегеге ілінген әсем кілем, түскиіз, бау-басқұрлармен үндесіп, толықтырып тұрған. Текемет басу тәсілінің негізгі ұзын-ырғасы бір болғанымен, оның бетін әр түске боялған жүнмен оюлау әдісі ар елдің өзіне тән белгілі бір жүйемен жасалынады.

Киіз басу, текемет ойыстыру ісі алдымен жүн сұрыптаудан басталады. Негізінен, киіз басуға көбіне қойдың күзем жүні мен қозы жүні қолданылады. Осы орайда жүн түрлеріне қысқаша анықтамабере кеткен жөн секілді.

Жабағы жүн қойдан күн жылып, мамыражай болғанда, яғни жазғы-тұрым қырқылады. Жабағы жүннің қырқылуы оның теріден тұтас көтеріле бастаған кезіне сай келуі тиіс. Өйткені, қой терісінде жаңа түктердід өскіндей бастауы жабағы жүнді көтеріп, біріншіден, қырқым жұмысын оңайлатады, екіншіден, мал терісін зақымдаудан сақтайды, үшіншіден, ысырапқа жол берілмейді.

Күзем жүн қойдан күз мезгілінде қырқылып алынады. Тағы да жергілікті жердің ауа райын ескере отырып, қара суыққа ұрындырмай, қойды бірнеше рет тоғытып, жүні кепкеннен кейін қырқады.

Қозы жүні — қозы туған жылғы бірінші қырқылған жүн. Сапасы жағынан талшықтары нәзік, ұйыспаған, күзем жүнге ұқсас келеді.

Текемет, киіз басу жұмысына осы жүндерден араластырып пайдалануға немесе бір маусымдық жүнді пайдалануға да болады.

Егер жабағы жүн шайырлы әрі лас болса, әбден жуылып, кептірілгеннен кейін ғана пайдаланылады. Жуылған жабағы жүн қайшымен ұсақталады. Өйткені оның талшықтары ұзын, ұйысып, қол байлайды.

Осы сұрыпталған жүндерді одан әрі өңдеуге кірісу қажет.

Алдымен жүн сабалады. Жүн сабау да оңай жұмыс емес. Оған ең алдымен ұзындығы метрден артығырақ сабау таяқ керек. Сабауды жыңғылдың, ырғайдың бұрын тегістеп немесе бұтақсыз жас талдың қабығын сыдырып, кептіріп жасайды.

Жүн сабайтын жер тегіс әрі кең болуы керек. Жүнді тулақ үстінде аула ішінде сабайды. Ал, ондай мүмкіндік болмаған жағдайда, бөлмедегі нәрселерді шаң-тозаң, қиқым түспейтіндей етіп түгел қымтап жауып тастаған соң ғана жүн сабауға кірісуге болады.

Сабар алдында жүн 2—3 сағат күн көзінде жатса тіпті жақсы.

Тулақ — жүн сабауға арналып, ірі малдын терісін шикілей керіп, кептіріп жасалады. Кепкен тулақты пайдаланар алдында сүт бүркіп жібітеді. Сонда жүн сабау кезінде тулақ сынып кетпейді.

Текемет немесе киізге жабағы, күзем, қозы жүндерін араластырып пайдаланған кезде, бір тулақ жүн, яғни бір сабамға орта есеппен бір қойдың күзем жүні, бір қойдың жабағы жүнінің төрттен бір бөлігі, бір қозы жүнінің жартысы алынады. Бұл жүндерді араластырып немесе жеке-жеке сабауға да болады. Жүн тым лас немесе қоқымы көп болса, онда сабалып жатқан жүнді бөлек жинай тұрып, тулақты сілкіп тазалап алу керек. Өйткені сабаған кезде көң-қоқыстың бәрі бірдей жүннен ажыратылмай, араласып кетуі мүмкін.

Әдетте тулақты айнала отырып 4 адам сабайды (8 сабау). Жүн үлбіреп көпсіп, біріккені жазылған сәтте сабауды тоқтатады. Бір киіз немесе бір текеметтің астыңғы бетіне осындай 7 сабам жүн керек. Ал үстіңгі бетіне қойдың өңкей күзем жүнінен 9 сабам жүн кетеді.

Негізінен киіздің бетіне, текемет басу үшін күзем жүн пайдаланған дұрыс.

Сұрыпталған жүн сабалып, реттеліп, келесі өңдеу жұмыстарына әзірленеді. Ол үшін ені екі жарым құлаштай 6 құлаш ши керек. Екі шиді қабыстырып бір-біріне шуда жіппен тігеді немесе шидің шеттік жіптерін байластырып қояды.

Шидің бір шетінен бастап аралас жүнді (күзем, жабағы) біртегіс жайып салады да мол етіп ыстық су шашып, ұқыптап орап отырады. Осы орауды аз уақыттан соң жазып, әлгі жайылып салынған жүн қабатының үстіне текеметтің бетіне арналған жүнді (күзем жүннің өзін) тегістеп жаяды немесе жүннен бетіне түр тартылады. Жүн жайылған соң бастапқы әдіспен қазанда қайнап жатқан судан ожаумен алып себелейді. Су барынша біркелкі себілуі үшін сыпырғыш немесе тегіс тақтайға шашырата құмалап тұру керек. Керекті мөлшердегі су құйылып біткенде, жүн суға қанды деп есептеліп, шиді орап, екі шетін тұйықтап жабады. Бұдан кейін шиді бес жерінен қатты буып байлайды. Әрқайсысы 7 құлаштан екі немесе үш қосымша арқанды шидің 2—3 жерінен айқастыра өткізіп, екі ұшын екі жаққа шығарады. Егер екі арқан болса — 4 адам, үшеу болса — 6 адам қарама-қарсы тұрып, әрлі-берлі тарта жүріп жүн бірігіп қатайғанша тебеді. Киіз тебуге қарама-қарсы 10—12 адамға дейін қатысады. Айқастырыла салынған арқанмен кезек тартып, ауната отырып әбден тепкілейді. Тебу бірнеше сағатқа созылып, ши сыртына жүн қылшықтары көріне бастағанда тоқтатылады. Киіз неғұрлым көп тебілсе, соғұрлым ширақ болады.

Егер текеметке түр салынса, шидің орауы жазылып, түрі қисаймауы қадағаланады. Осыдан кейін 7—8 адам киізді шидің тігісіне қарсы жарты сағаттай білектеп, жарты сағаттай алақандайды.

Білектеу дегеніміз 7—8 адам қатарынан тізерлеп отыра қалып, текеметті білегімен әрі-бері ырғап ұрғылау. Білектеу киіз әбден ширап піскенше 4—5 рет қайталаынады. Сонан соң шиден шығарып, екі енін қарама-қарсы орап әкеліп соғады. Бір жағын екінші шетіне жеткенше ширата бүктеп, соқ-соқтайды. Бұл жұмыс 3 қайтара жасалады. Бұдан кейін кезекпе-кезек оң-терісін алмастыра отырып киізді ұзыны қалыптағыдай болуы үшін ұзындайды. Бұған да 10—12 адам қатысады. Енді киіз жазылып, ұзыны екі бүктеледі. Екі басы біріктіре дөңгелектеліп, шуда жіппен тігіледі. Осыдан кейін сол 11—12 адам дөңгеленіл тігілген киізді сағат тілінің бағытымен тігіс ұшынан ұстап айналдыра қарпиды.

Киіз қарпу 1 сағатқа созылады. Киіз қарпығанда бірікпей бос қалған қыл-қыбырынан тазарады. Ал текемет киізге қарағанда азырақ қарпылады. Осыдан кейін жіпті сөгіп, енімен орайды да қайтадан 7—8 адам білектеп, алақандайды. Содан кейін киізді ұзынынан 3 қабаттап бүктеп, екі шетінен 2 адам (киіздің қақ ортасынан 1 адамды отырғызып) кезекпе-кезек жерге ұрып тегістейді. Содан соң күннің көзіне кепкенше

жайып қояды. Ал текеметті тегістемейді, себебі салынған өрнегі қисайып кетуі мүмкін.

Текеметті түр ойыстырып басу немесе түрді шүйкелеп салу деп екі түрлі әдіспен басады.

Түр ойыстырып басатын текеметтің, астыңғы бетін киіз басудағыдай етіп бөлек дайындап алады. Киізге қарағанда жүні тегіс әрі жұқалау болады. Бұл жұмысты кей жерлерде талдыру (жұқа киіз) деп атайды. Үстіңгі бетін, яғни түрін бөлек, алдын ала талдырып, кептіріп алады. Содан соң әркімнің қалауынша үлгілермен қиып дайындалған оюды (түрді) текеметтің астыңғы беті деп аталатын талдырылған киіздің үстіне рет-ретімен орналастырып, су себелеп, шиге орайды да киіз басу одан әрі жалғастырылады.

Түрді шүйкелеп салу әдісінде боялған жүнді күні бұрын біркелкі шүйкелеп созады. Текеметтің астыңғы бетін су бүркіп орап тастайды да қайта жайған кезде әлгі шүйкеленген түрдең тездетіп, қалаған ою-өрнекті келтіріп, су себелеп орайды. Түр жайылып, бояу оңбас үшін ыстықтау су себіледі. Одан әрі қарай киіз басу процесі қайталанады.

Далаға жайып кептірілген киізді шет-шетін тегістеп қияды да, қағып сілкіп, төсеніш ретінде пайдалана беруге болады.

Ал текеметті жайып кептіргеннен кейін боялған жүннен жіңішкелеп жіп есіп (әркім шеберлігі мен қалауына қарай), екі түрден қосарлап, оны ширатады. Екі тінді бір бағытта ширатса оң ширату дейді. Ал, есілген жіптің бағытын қарама-қарсы (бірі оңға, бірі солға) ширатса, солақай ширату деп аталады. Пайдаланған кезде солақай ширатылған жіп тек *құстаңдай* деп аталатын өрнек шығарады. Ол өрнек былай шығарылады.

Шеті тегістеліп, қиылған текемет ширатылған жіппен жиектеледі. Жиектеуге, яғни ширатпаны текеметке бастырып тігуге боялған жіп немесе шуда жіп пайдалануға болады. Әуелі текеметті айналдыра жиектеп алады да содан кейін салынған ою-өрнектің шетін бастыра жиектейді. Жиектелген текемет әсемділігімен көз тартады әрі төзімді келеді. Сондай-ақ жиектеу салынған түрдің шетін түтеленіп, әлде көтеріліп кетуден сақтайды.

Текемет басудағы біраз жұмыстар көбіне жалпы киіз басуда туырлық, үзік, түндік, ақ киіздер және сырмаққа арналған киіздерде қайталанады. Түр салынбайтын киіздер бұл процестерден басқа кірлеу әдісі қолданылады. Мұнда киізді ұзынынан бір бүктеп, енінен дөңгелете 4—5 орап, тігінен қойып, үстінен қайнаған ыстық су құяды. Бұл киіздің әбден кірігіп, шымырлауына, бойындағы кір судан тазаруына, сөйтіп одан әрі кіріге түсуіне әсер етеді.

Кірлеу әдісі ақ-қара түсті текеметтер басуда да қолданылады. Ал, боялған жүннен түр салған текеметтерге бұл әдістік қажеті жоқ. Себебі, химиялық бояулар (анилин) кірлеу кезінде ыстық сумен бірге ағып кетеді де, тез оңады.

Текеметке түр салуға негізінен қызыл, сары, жасыл, қара бояулар пайдаланылады. Соңғы кезде кек түстер де араластырылып жүр.

Ақ текеметтерден басқа қара, қоңыр түсті текеметтердің негізгі ою-өрнегі ұсақтау немесе ортаңғы бөлігі бірнеше қатар ұсақ ромбыға бөлініп, әр түрлі әшекейлі өрнектермен түрленеді. Бұндай өрнектеу тәсілінде де текеметтің негізгі түсі айшықты болады.

Талдырма салу әдісі Қазақстанның көптеген облыстарында кең тараған. Ол үшін әр алуан түске боялған жүнді жеке-жеке жұқа әрі босаң етіп киіз басу әдісімен басып алады да, одан ою ояды. Дайын оюды шидің үстіне шабақталып, біртегіс тартып салынған жүннің үстіне орналастырады да, жоғарыда айтылған әдіс бойынша текемет басып шығады. Текемет дайын болғанда оның өрнегі анық, ою жиектері айқын көрініп тұрады. Талдырма саду әдісі сондай-ақ Жетісуда да кездеседі. Оның Батыс Қазақстандағыдан айырмашылығы — талдырмада ойылған оюлар жіңішке емес, жалпақ, сырмақ оюлары секілді болып келеді. Бұл тәсіл текеметтің көркемдігін арттыра түседі. Оюдың осы түрін жергілікті жерде «жалайыр текемет» деп атайды.

Кейбір жерлерде текеметтің екі жақ бетіне ою салып басу әдісі де бар. Ол үшін алдымен шидің үстіне басқа түске боялған жүннен өрнек салынады, оның үстіне бір қабат

жүн тартылады. Онан сон жүнді сабаумен шабақтап алады да қайтадан жүн тартып салып, текеметтің негізгі түрі салынады. Текемет әбден басылып болғанда оның екі жақ беті бірдей өрнекті болып шығады. Әсіресе, текеметтің негізгі бетінің өрнегі әдемі, көркемдік жағы басым келеді.

Текемет бетіне басқа түске боялған түр көбіне шүйкелеген жүннен созып салынады. Бұл түр текеметке ерекше сән беріп тұрады. Текемет түрінің бояуларының үйлесе жайылған жиектері акварель бояулары секілді, заттың көркемдік дәрежесін арттыра түседі. Бұл әдіс тек қазақ текеметтеріне ғана тән. Ал түрікмен елімен шекаралас жерлерде түрге салынатын жүнді бұрап, ширатып салу әдісі де кездеседі. Бұл әдіспен дайындалған бұйым да талдырма салған бұйымдай негізгі өрнек жиектері анық көрініп тұрады.

Текемет бетіне жек орналастырудың бірнеше түрі бар. *Бірінші түрі* — ортаңғы бөлікті айқындап, жиек оюларын түсіру. Ол төмендегідей тәртіппен орналасады. Текеметтің орталық бөлігіне бірнеше ромбы (екі-үш немесе төртке дейін) түсіріп өрнектеледі.

Сондай-ақ осы орталық бөліктегі ромбы орнына дөңгелек шеңбер де түсіруге болады. Шеңбер іші бірнеше қатар кесте оюлары секілді сәл ұсақтау әр түрлі оюлармен толтырылады.

Ал текемет бетіне тұтастай өте ірі екі-үш ромбы түсіріп өрнектеуде айнала жиек оюы пайдаланылмайды. Мұндай текеметтің көркемдік дәрежесі де жоғары болады. Геометриялық, өрнек тобына жататын ромбы өрнегін Орталық Қазақстанда айшық, Солтүстік Қазақстан облыстарында, Омбы Тюмень жерінде екі көзді деп, Қазақстанның оңтүстік және шығыс облыстарында шаршы деп атайды.

Киіз басу ісімен қазақ халқы өте ертеден таныс. Ғасырлар бойы көшпелі өмірге ыңғайлы тұрмыстық бұйымдардың бірқатарын киізден жасап келгендіктен киіз басу технологиясын әбден меңгерген. Қазіргі заманғы киіз басу процестері де соған ұқсас, тек бұрын қолмен атқарылған жұмыстар механикаландырылған. Киіз өндірісінде жүн арнаулы машиналармен көпсітіліп, майланып, араластырылады да, тарақтап тұту машинасымен түтіледі. Түтілген жүн жасалатын бұйым пішіміне сай тартылып, талдыру машиналарында дірілдеткіш қызған тақталар көмегімен талдырылады, күкірт қышқылының ерітіндісі сіңіріледі. Сөйтіп басу машинасына жіберіледі. Мұнда ол білектену процесінен өтіп нығыздалады, соның нәтижесінде бұйымның көлемі қажетті мөлшерге дейін кішірейеді. Білектену бірнеше рет қайталанады.

Әр білектелген сайын бұйым кергіш машиналармен түзетіліп отырады.

Киіз етік пен қалпақтарды қалыпқа кигізіп, ал киізді булы кептіргіштерге жайып кептіреді. Киіз басу процесі әрлеу, түгін қырқып тазалау, престеу, кесу т. б. жұмыстармен аяқталады. Шұға өндірісіндегі басу тек өндеу процесінің бірі боп саналады.

Әдебиеттер тізімі

1. Еңбекке баулу әдістемесі./бастауыш сыныптарға арналған/.Қ.Дәулетова, М.Сулейменова, Л.Жайманова. «Фолиант» Астана-2010, 350-бет.
2. Киім дайындау технологиясы. М.Нұржасарова, К.Кучарбаева, А.Рустемова. Оқу құралы. «Фолиант» Астана-2011, 284 бет.
3. Жиентаева Б.Ж. Халықтық дәстүрлі қолданбалы өнер - ұлттық тәрбие құралы. Жезқазған, ЖезУ, 2000,106.
4. Жиентаева Б.Ж. Халық мұрасындағы ұлттық қолданбалы өнерді оқытудың тиімді әдістері. Жезқазған, ЖезУ, 2000, 90б.

Аннотация: В данной статье рассмотрены методы раскрытия потенциала творческих способностей учащихся путем анализа видов национального искусства. Методы раскрытия потенциала творческих способностей учащихся путем анализа видов искусства и орнамента. Научные теории основы прикладного искусства казахского народа. Особенности прикладного

искусства это эстетика, дизайн, выразительность и оно является неотъемлемой частью бытовой культуры. Учащиеся изучают не только круговую работу, но и природу, отслеживая свои образы и учась видеть свои эстетические качества. Природа - это глубокий источник эстетического мышления, а не просто декоративная композиция для студентов. Потому что сами народные мастера сделали образы природы в своих произведениях. В результате декоративно-прикладного искусства дети разрабатывают декоративные формы материала. В этих классах эстетические и образовательные элементы тесно взаимосвязаны, и иногда важно учитывать художественную сторону или работу.

Abstract: The article deals with the methods of analyzing papist creative ability. The article deals with the methods of analyzing papist creative ability, is about scientific theory which is the foundation of applied arts of Kazakh nation. Peculiarity of applied arts is aesthetics, design, expressive and it is the main part of social culture. Learners learn not only the circle work, but also the nature, tracking their images, and learning to see their aesthetic qualities. Nature is a deep source of aesthetic way of thinking, not just decorative composition for students. Because folk masters themselves have made images of nature in their works. As a result of decorative applied art, children develop decorative forms of material. In these classes, aesthetic and educational elements are closely interconnected, and sometimes it is important to consider the artistic side or work.

ӘОЖ: 82

Омаров Н.Қ., Қалшабек А.Б., Шәріп С.Н.

ф.ғ.к., доцент М. Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан,
ф.ғ.к., доцент М. Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
Филология факультетінің 6М020500 – Филология мамандығының
1 курс магистранты М.Әуезов атындағы ОҚМУ Шымкент, Қазақстан

М.ӘУЕЗОВТІҢ «ЖАПОНИЯ» МАҚАЛАСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНА ӘСЕРІ

Түйін: ХХ ғасырдың алғашқы ширегі қазақ халқының жаңа жүйеге және өмірі мен өнеріндегі жаңа бетбұрыстарға үйрену кезеңі болды. Бұл уақытқа дейін қазақ топырағында Абай бастаған кәсіби поэзия болды. Бірақ, проза мен драматургия, журналистика мен әдебиеттану салаларының деңгейі төмен еді. Осы кезеңдерде қазақтың оқыған азаматтарының барлығы дерлік қазақ халқының өнері мен мәдениетін дамытуға өлшеусіз күш салды. Әдебиетке ақын болып келгендер проза мен драматургия салаларында да тер төкті. Журналистика саласын айтпаса да түсінікті болар.

Осындай әлі буыны қатып үлгермеген, қалыптасу үстіндегі мемлекетке, халыққа үлгі етер мемлекет, бағыт алар бағдаршам керек еді. Сол кезеңдердегі Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов бастаған зиялы қауым өкілдері осы бағытты, жолды іздеді. Ал жол жапон топырағынан табылған болатын. Көптеген ізденістер мен зерттеулердің нәтижесінде қазақ мемлекеті Жапония мемлекетінің жолымен дамуы керек немесе осы жолмен дамыған жағдайда ұлттық болмысымызды сақтап қала аламыз деген сыңайда көптеген мақалалар жарық көрді. Солардың ішіндегі ғылыми тұрғыда, жан-жақты зерттеліп, зерделеніп жазылған дүниенің бірі М.Әуезовтің «Жапония» атты мақаласы еді.

«М.Әуезовтің «Жапония» мақаласы және оның шығармашылығына әсері» атты мақалада 20 жасар, енді қалыптасып келе жатқан жазушының тың ізденістерін тілге тиек етіледі. Заңғар жазушының «Жапония» тақырыбына ізденістері кейінгі шығармашылығына мысқалдай болса әсер еткенін, жазушы өміріндегі ешбір ізденіс із-түссіз жоғалмайтыны осы мақалаға жүк болған. Сонымен қатар, қазақ әдебиетіне ХХ

ғасыр басындағы жапон әдебиетінің әсері туралы да бірқатар мәселелер қозғалды. Ал жапон мен қазақ халықының тамырластығы жалпы мақаланың сыртқы қалыбын құрып тұр.

Кілттік сөздер: М.Әуезов, Жапония, Абай, мешеулік, жапон, проза, мақала, Мэйдзи реформасы, Қорғансыздың күні, Құнанбай, Абай жолы, Кеңестік реализм, қызыл өкімет, Кеңес, Ж.Аймауытов, Елес, Акутагава.

Жапон халқының аңыздарының бірінде өздерінің осы аралдарға ит соңынан еріп келгендері туралы баяндалады. Аңыз түбінде белгілі бір деңгейде шындық жататынын ескерсек, еріксіз мұз басу дәуірінің соңғы кезеңінде Азиядан Америка құрлығына ауған прототүркілер, біз үндіс деп білетін тайпалар жайында ойлануға тура келеді. Өйткені, тарих ғылымындағы соңғы жаңалықтарда Азиядан жаңа құрлыққа бизон соңынан Беринг бұғазы арқылы асқан халықтар ит жетектеп өткені туралы деректер кездеседі. Бұған ежелгі үндіс иттерінің ДНК сараптамасының Азиялық иттермен сәйкес келуі толық дәлел болған. Шығысқа қарай ит жетектеп жылжыған ежелгі түркілердің бір бөлігі бүгінгі жапон аралдарын мекен етіп қалғаны туралы да болжам жасауға толық негіз бар. [1] Бұл болжамға жапон халқының өздерін Алтай тауларынан тарататынын тағы қосыңыз. Бүгінде күншығыс елін зерттеп, көптеген еңбектер жазып жүрген Ш.Жылқыбаева екі халықтың тіліндегі ұқсастықтарды алға тартады.

«Көбіне өзгеріссіз қалатын сан атаулары қазақ-жапон тілдерінде ұқсас. Тіпті, қазақтың «жетіген» аспабына ұқсас жапондықтарда «шичиген» атты жеті ішекті аспап бар. «Шичи» - жеті, «ген» - ішек деген мағына береді».[2] Жалпы екі халықтың тамырын байланыстыратын осындай деректерді көптеп келтіруге болады. Мұны тарих десек, рухани-мәдени және экономикалық дамуда да екі елдің байланысы бар. Дәлірек айтқанда ХХ ғасыр басындағы зиялы қауым өкілдері қазақ елінің даму бағыты ретінде Жапонияның даму жолын ұсынған еді. Олардың ішіндегі бұл тақырыпты алғаш қозғаған – Мұхтар Әуезов болатын.

М.Әуезов атакты «Жапония» мақаласын жазған кезінде небары 20 жастағы азамат. Яғни бұл мақала 1918 жылдары жазылған. Жаңа құрылған қызыл өкіметтің бұл кезеңдерде алыс қазақ жеріне қанды қолы толық жете алмай жатты. Сондықтан болар алғашқы кездерде аталмыш мақалаға аса назар аударылмаған еді. М.Әуезовтің мақаласының мазмұнындағы ойларды Алаш зиялылары ішінен А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Аймауытовтар да біршама қозғады. «Неге?» деген заңды сауал туады, әрине.

Бұл сұраққа М.Әуезовтің мақаласынан нақты жауап таба аламыз: «...тарихтың осы айтылған жолы Жапонияға келгенде өзгеше бір рақымдылыққа түсіп, өзі демеп, бойын зорайтып, көркейтп, қалпына бүткіл дүниені әрі шамдандырып, әрі қызғантып, ішін қайнатып отыр.

Жапонияның әуелгі мешеу болып, дүние жарығынан меңіреу болып, өзінің, өзгенің не күйде екенін білмей отырған қалпынан шығуына себеп болған нәрсе – өзге Англия, Франция, Голландия секілді білімді жұрттардың Жапония надандығымен пайдаланғысы келген қомағайлығы болды», [3]– деп негізгі ойын бастаған 20 жасар М.Әуезов Жапония тарихындағы ең үлкен өзгерістердің бірі – Мэйдзи реформасына кеңінен тоқталады.

Жалпы ХХ ғасыр басындағы Азия халықтарының Жапонияға еліктеуіне таңданар түк те жоқ. Өйткені бұл кезеңдегі Азия елдерінің барлығы дерлік дамымаған, мешеу, басқа алып мемлекеттердің боданындағы елдер болатын. Солардың ішінде жалғыз Жапония өз алдына дербес ғұмыр кешті.

М.Әуезовтің 1918 жылдардың өзінде күншығыс мемлекеті турасында осынша көп білетіндігі тағалтады. Заңғар жазушы аталмыш мақаласын жазушылық эмоцияға

салынбай, нағыз ғалым ретінде салқын жазып шыққан. Ол өз еліне жапон жолын қаншама үлгі етсе де, табынуға ұрынбайды. Біз мұны мақаланың соңғы жағынан, Жапонияның әлсіз тұстары туралы жазған тұстарынан анық байқаймыз.

«Өзге жұрттың ептеп жай жеткендерінің бәрін түгелімен тез сіңіріп ала қою мүмкін жұмыс емес. Мұндай бірбеткей, сыңаржақ қалғандық Жапонияның ішкі хал-жайын тексерсек көрінеді. Әуелі Жапониядағы оқу жолын қарастырайық.

...Жапония оқушыларына осы күнге дейін қиындығы кетпей жүрген бір нәрсе – Қытай мен Жапония әдебиетінің ерте қосылып кеткендігі; бұл қосылу себепті Жапонияның жазба сөздерінің бәрін қытай тілі кернеп, Жапонияның өз тілін жеңіп кеткендік. Міне, сондықтан Жапонияның кітап тілі мен сөйлейтін тілі жат, екі басқа», [3] – дей келіп, ары қарай Жапониядағы әйелдер тақырыбына тоқталады.

Шындығында да жапон тілі қытай тіліне жеңілген тіл болатын. Әдебиеті де солай. Бірақ ХХ ғасыр басына қарай осы олқылықтың орны тола бастады. Яғни Жапониядағы кітап тілі, жапонның тілі қытай тілін бағындырып, қалыпқа түсе бастаған еді. Бұған дәлел ретінде ХХ ғасыр басындағы бірқатар жапон жазушыларын алға тарта аламыз. Әрине, олардың басында К.Оэ, Я.Кавабата, Р.Акутагавалар тұр. Бұл жазушылар жапон ұлттық прозасының негізін қалаушылар болып саналады. Десек те, бұл кезеңнің өзінде жапон әдеби тілі қалыптасып, оқыла бастағанда да жапон жазушылары қытай мифтері мен аңыздарынан алыс кете алған жоқ. Иә, өздеріне тән мінезі мен көркемдігі болды, бірақ желі қытайлық. Мұның да жауабы М.Әуезовтің мақаласында бар. Жазушының Жапонияның діні турасында айтатын тұсын есіңізге алыңызшы: «Жапония бір дінді тұтқан халық емес, қашаннан неше дінді ұстанып келе жатқан жұрт. Бұлар Будда дінін де, Конфуци дінін де тұтынды».

Ал Конфуцидің ілімінің астарында қытай халқының танымы мен түсінігі жатқаны белгілі емес пе?

Жоғарыда айтқан жапон жазушыларының шығармалары көп кешікпей қазақ топырағына да жете бастаған. Әсіресе Р.Акутагава көптеп оқылғанға ұқсайды. Қазақтың кәсіби прозасы ХХ ғасыр басында, қалыптасып келе жатқан кезеңде қазақ ертегілерінің үлгісінен нәр алып, соңыра әлем әдебиетіне бірден бет бұрды. Әсіресе осы кезеңдерде күншығысқа көптеп үңілген қазақ жазушылары прозаның да негізгі даму жолы ретінде жапон әдебиетіне жіті мән берді. Ж.Аймауытовтың:

– Жазам ба? Жазбаймын ба? Онда сіздің жұмысыңыз жоқ. Менің жазуымды тергейтін сіз емес, журналшылар, – деп сырт бердім. Одан жаман әкіреңдеді.

– Танымасаң, танытармын. Одан да шыныңды айт! [4]– деп басталатын «Елес» әңгімесі есіңізде болар. Жапон жазушы Р.Акутагаваның да дәл осылай елеспен жазу, дүниенің сыры төңірегінде тілдесетін «Түнектегі диалог» атты әңгімесі бар.

Сонымен қатар, өзіміз сөз етіп отырған М.Әуезовтің алғашқы 1921-1925 жылдарда жазылған «Кінәмшіл бойжеткен», «Қаралы сұлу», «Жетім» әңгімелерінен жапондық нәзіктік байқалады. Бұл кездерде М.Әуезов Семей қаласындағы мұғалімдер училищесінде қызмет атқаратын.

Жапон прозасы негізінен орыс жазушысы Ф.Достаевскийдің шекпенінен шыққан болатын. Әрине, толықтай емес. Бірақ психологиялық иірімдер мен адам жанының ішкі бұралаң жолдары мен сүрлеулерін суреттеуде жапон жазушылары Ф.Достаевскийге еліктейтін. Осы ұшқын ХХ ғасыр басындағы қазақ жазушыларында да байқалады. Яғни қазақ әдебиетіндегі проза қаз-қаз тұра бастаған шағынан-ақ әлем әдебиеті мен қазақ танымының арасынан өзінше жол тапқан еді. М.Әуезов, Ж.Аймауытов, Б.Майлин секілді қаламгерлердің ХХ ғасырдың алғашқы ширегіндегі туындылары біздің осы сөзімізді шегелей түседі. Қазақ қаламгерлері екі, тіпті одан да көп халықтардың синтезінен өз жолын тапқан тұста «кеңестік реализм» деген жасанды жанр пайда болды. Пайда болған жоқ, қызыл өкімет күштеп енгізді. Бұл әдеби ағымда шығарманың формасы маңызды

емес. Мазмұны ғана маңызды. Әсіресе, партия мен өкіметті жақсы қырынан суреттеген тұстары ғана.

М.Әуезов Жапония туралы мақаласын жазу кезінде көптеген ізденістерге барғаны байқалады. Әрі ол өз шығармашылығы үшін үлкен пайдасын тигізді.

Мысалы М.Әуезовтің «Жапония» мақаласы мен «Қорғансыздың күні» әңгімесі арасында да үлкен байланыс барын байқауға болады. Мақаладағы жапон мешеулігі турасында: «Бұдан соңғы бір жаңалығы: Бұрын Жапонияда әрбір тайпаны бір даймоис, яки князь билейтін. Бұлардың бәрі де қол астындағы халқынан алым алып, қолдарына көп батырлар, яки әскер сақтайтын. Бұлардың өзі білімсіз, өзі жуан болған соң елге келтіретін зияны көп болды. Жаңалық оларды да орынан домалатты», – дейді.

«Қорғансыздың күні» әңгімесін де осындай еріккен бай мен оның жылпос көмекшісінің қарапайым халыққа қанша қасірет сыйлайтыны туралы айтылмай ма? Мақалада айтылған әрбір тайпаның «даймоисы» біздің болыстар да, болыстың ұстайтын батырлары мен әскері барымташылар. Олар да мешеу Жапонияның даймоистары секілді халыққа зияны көп болатын. Жалған намысты ту етіп, барымташыларына өзгенің малын шаптырып, ел мазасын алар еді. М.Әуезов әңгімесіндегі қорғансыздардың жанайқайына, Ғазизаның өліміне адам емес, қоғам, сол кездегі сондай билікке мүмкіндік берген заман кінәлі.

Жазушының «Қорғансыздың күні» әңгімесі 1921 жылы «Қызыл Қазақстан» газетінде басылған. «Жапония» мақаласынан кейін 3 жылдан соң. Яғни жазушы мешеу жапон мен өз тұсындағы қазақтың проблемаларын қос векторлы параллел қарай алып, өз шығармалары арқылы әдебиет айдынында Мэйдзи реформасын жасағысы келген деуімізге де болады.

Әңгіме: «Ғазизаның шашы азырақ дудырап қапты. Денесінің жартысын қар басқан. Әкесінің бейітіне жабысып, қасіретті өмірдің ақырғы қуатын сол жерде берген екен. Өлер сағатына шейін қабағын басқан қайғы бұл уақытта жадыраған ізі қалған жоқ. Балалық жүзінде: «Менде жазық жоқ, мен тазамын»,— деген ашық тазалықтың белгісі, қайғы-қасіреттен сейілген жас баланың ажары бар.

Жауыздықтың жас құрбаны қасіретке толы өмірінің азапты ақ түтегінен адасып өліп, мәңгі толас тапқандай, – [6] деп аяқталатын еді. Бәлкі жазушы әңгіменің соңғы шешімі арқылы мұндай болыскейлерден ертерек құтылмасақ, бастықсымақтардың ертерек көзін жоймасақ көрген күніміз Ғазизаның күні деп айтқысы келгендей. Өкініштісі сол, бұл шығарма Кеңес өкіметінің оң жамбасына келіп, байлар мен болыстарды жерге тыққан шығарма деп танылған. Арғы мәні мен ойы ол заманда қаралған жоқ.

М.Әуезов Жапонияны зерттей жүріп, өзінің көркем шығармашылығына да бірнеше ықпалды дүниелер тапқанын осылайша байқауға болады.

Мақаладағы: «Жапонияның бұларға қарсы бетке ұстайтын қаруы болмады. Көп айлалы, қомағай, білімді жұрттардың ортасына түсіп, өзіндігінен айырылып, халыққа жем болатын уақыт келді. Осы себеп қамшы болып, Жапонияның сүйегіне сіңген ұлтшылдық, жігерлілік қаны оянды. Айлалы, азулы, жауға өзінің ұстап келген қаруындай қару ұстап, өзінің сүйенген тәртібіндей тәртіпке сүйенбесе, басқа лаж болмайтын болды. Жұрт басшысы, қамқорлары бұл халді ұғып, осының жолына бастарын сарп етіп, жаңа жол табуға ізденді», – деген сөздер кездеседі.

Біздіңше М.Әуезов осы пікірді айтар тұста Абай мен әкесі Құнанбайдың арасындағы диалогты негізге алса керек. «Абай жолы» роман-эпопеясындағы әке мен баланың диалогын еске түсірейік:

– ...Үшінші, орысшылсың. Солай қарай ден қойып барасың. Дін, мұсылман жат санайтынын ескермейсің! – деді.

– ...Үшінші, орысты айттыңыз. Халық үшін де, өзім үшін де дүниенің ең асылы – білім-өнер. Сол өнер орыста. Мен барлық тірліктен ала алмаған асылды содан алатын

болсам, ондай жер жатым бола ма? Жатырқап, қашықтауым надандық болса болар, бірақ қасиет болмас... – деді. [5]

Жазушы М.Әуезовке де, ғалым М.Әуезовке де, журналист М.Әуезовке де Абайдың әсері аз болған жоқ екенін осыдан-ақ байқауымызға болар. Тек М.Әуезовке емес, сол замандағы барша қазақ зиялыларына Абайдың әсері зор болған.

Абай мен әкесі Құнанбай арасындағы бұл диалог ертеден белгілі. Шындығында да өмірде болған әңгіме. Тек біршама басқа болған еді. Бұл туралы М.Әуезовтің өзі жазады. Ол «Абайтану» атты ғылыми монографиясын 4 рет қайта өңдеп бастырған. Соның алғашқы екі басылымында Абай әкесінің орысшылсың деген мініне: «Заман орыстыкі, ол – жеңген, біз – жеңілген елміз. Ендігі күнде алысатын дұшпанның айласы мен әдісін білмесең, алысқа шығудан мағына жоқ. Мен орыстың өзін сүймесем де, өнері мен ебінен үлгі алуға керек», – [7] деп жазылған болатын. Кейіннен «Абайтану» монографиясына саясаттың араласуымен соңғы екі басылымында бұл сөз жоғарыда «Абай жолында» жазылған диалогтың қалпына түсті.

Жапония туралы мақаласы М.Әуезовтің кейінгі шығармашылығына әсер еткен жоқ, оның алғашқы еңбектері де «Жапония» мақаласын тереңдеп жазуға үлкен жол ашқан. Мысалы М.Әуезовтің 1917 атақты «Адамдық негізі – әйел» атты мақаласы жарық көрген. Яғни ол қазақ қоғамындағы әйелдер тақырыбына ертеден мән берген. Жапония туралы мақала жазарда да ол жапон әйелінің тұрмысына үңіледі. Өйткені, адамдықтың негізін әйел деп танитын қаламгер дамыған елдің әйелдері туралы да жазып, өз халқы үшін жол көрсетуі керек емес пе?

«Енді Японияның әйелінің хәліне келейік. Бұрынғы уақытта Японияның әйелі елеусіз күйде болып, ескі ата-бабалар салтымен әйелге өсіп-өну салтымен қарайтын. Бұл күнгі жаңалық ағымы ол салтты қалдырып, әйелді де мемлекеттің құрметті мүшесінің бірі деп біліп, қатарға кіргізіп барады. Әйелдер үшін төменгі дәрежелі мектептер өз алдына жоғары дәрежелі мектептер де салына бастады. Японияда әйелдер оқитын мектептердің тәртібі бұл күнде Европа әйелдерінің мектептерінен артық түр тапты. Әйел оқығанда бір жағынан үй ішінің шаруасын үйрену керек, бір беткей оқумен кететін Европа әйелдері үй шаруасына ыңғайы аз, еркек секілді сөлекет болып кетеді, өмірден алыстап кетеді деп, бар әйелдер мектебінде шаруа жағын құнттап тәрбие қылады». [3]

Мақаладан байқағанымыздай, автор жапон әйелінің күніне қызығушылық танытады. Олардың оқып, көзі ашылып жатқанына және батыстың қарадүрсін білімімен емес, таза жапондық үлгіде білім, тәрбие алып жатқаны жазушыны қатты сүйсінтеді. Шынтуайтына келгенде бұл мәселе бүгінгі күнге дейін өз шешімін толықтапқан жоқ. Тек бұл емес, XX ғасыр басында жазылған «Жапония» мақаласындағы көптеген мәселелер біздің қоғамның әлі де әлсіз тұсы болып отыр.

Әдебиеттер тізімі

1. Жылқыбай Д. Азиядан ауған америкалықтар //«Ақ желкен» журналы. №2 сан, 2018ж.
2. Жылқыбаева Ш. Қызыл қақпаның құпиясы.- Алматы: Жалын баспасы, 2013. - 192 бет.
3. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. – Алматы: «Дәуір», «Жібек жолы», 2014. 1-том: Мақалалар, пьесалар.
4. Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. Үшінші том. Повест, әңгіме, аудармалары. - Алматы: «Алаш» баспасы, 2005. - 304 бет.
5. Әуезов М. Абай жолы. Роман-эпопея. Бірінші кітап. – Алматы: «Жазушы», 2004. – 368 бет.
6. Әуезов М. Қорғансыздың күні. Әңгімелер мен повестер.– Алматы: «Атамұра», 2002.– 432 бет.
7. Әуезов М. Абайды білмек парыз ойлы жасқа. – Алматы:«Санат», 1997. – 416 бет.

Іргелес отырған Жанту жөне Жантас аулының екі жігіті шабындыққа таласып қалады. Ақырында бірін-бірі көрмеуге серт берісіп, екеуі ат кекілін кеседі. Ай өтеді, жыл өтеді. Бірақ екеуі татуласпай қояды. Өкелері мен аталарының ақыл-кеңесіне мойынсұнбайды. Осыны естіген би араздасқан жігіттерді шақыртады. Төленің үйіне екі жақтан келген екі жігіт аттарын бір қазыққа байлап үйге кіреді. Тізе бүгіп, биге қол беріседі: Би ләм-мим демей, екі жігітпен сыртқа шықса, екеуінің аттары бірін-бірі қасысып тұр дейді.

- Япырм-ай, мына екеуінің татуын қарашы? - дейді Төле қасынып тұрған аттарды көріп.

- Кекілдері де келісті екен. Бидің осы сөзінен екі жігіт қол алысып, татуласады.

- Жолдарың болсын! - дейді оларға Төле би.

Төле би бір жұма намазда өзінің би, болыс, жүз басы, мың басыларымен Түркістанға келіп, Қожа Ахмет Иассауи мешітіне кіреді, намазға тұрады. Намаз тамам болған соң, мешіт бөлмелерін аралап, құдайы садақасын беріп, көпшілікке қарап былай депті:

- Біз бүткіл ұрпағымызбен Ақсақ Темірге алғыс айтуға тиіспіз және оның аруағы алдын да қарыздармыз. Ол біздің елге зор жаңалық әкелді. Қожа Ахмет Иассауи күмбезін тұрғызды. Мұндай ғажап күмбез бұрын-соңды жұртымызда бой көрсеткен емес. Бұған дейін даламыз өлі секілді еді. [Ақсақ Темір](#) сол әлі даламызды шырқ ұйқыдан оятып, екінші Мекке салдырды. Меккеде - Мұхаммед. Түркістанда - [Ақсақ Темір](#). Бұл екеуінен күдіретті, киелі әулие жоқ. Осындай халқымызға жақсылық сыйлаған қолбасшының аруағына әр дайым дұға оқып, оны еске аламыз"-деп ақылды нақыл сөз, өсиетнамаларды кезінде Төле би көп айтқан. Төле би мен Орта жүздің аға биі Қазыбек Келдібекұлы, Кіші жүздің аға биі Әйтеке Байбекұлы бәрі Өз-Тәуке ханның бас кеңесшісі, ақылшысы болды. Төле би «Тәукенің Түркістан қаласын орталық етіп, үш жүз ұлыстарын бір орталыққа бағындыруға, сөйтіп бірегей қазақ хандығын нығайтуға жоңғар-ойрат шапқыншылықтарына қарсы бауырлас қазақ, карақалпақ, кырғыз және өзбек халықтарының жауынгерлік одағын құруға бағытталған шараларын жүзеге асыруға қатынасады. Ол Ресеймен Ұлы жүз арасындағы қарым-қатынастарды қалыптастыруға және оны нығайтуға көп еңбек сіңірген».

Әдебиеттер тізімі

1. Шульц Д.П., Шульц С.Э. Қазіргі психология тарихы. 11-басылым. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы қоғамдық қоры. 2018. 448 б.
2. Акажанова А.Т. Қазіргі психология тарихының дамуы, жағдайы, бет-алысы, – Алматы, 2012.
3. Жарықбаев Қ.Б. Қазақ психологиясының тарихы. – Алматы, 1996.
4. Жунисбекова Ж.А., Қойшыбаева Н.И. Қазақша-орысша педагогикалық, акмеологиялық, психологиялық терминологиялық сөздік. Алматы, Нұрлы Әлем, 2016, 260 б.
5. Мәдени мұра. (Адамзат ақыл-ойының қазынасы). 10 томдық кітап сериялары. - Алматы, 2005-2006. 138-147 б.

Аннотация: В данной работе авторы раскрывают роль исторических личностей, казахских биев в решении актуальных, правовых, социальных, общественных и бытовых проблем казахского народа. В статье приведены некоторые исторические материалы об известных в народе фактах «по всем ссорам, обидам, дракам и другим дразгам, неизбежным в домашнем быту, судом биев и стариков. Каждый бий и старик при разбирательстве дела считает священным долгом оказать участникам полную беспристрастную справедливость; он терпеливо выслушивает все малейшие подробности - как приносимой жалобы, так и оправдания и потом уже объявляет свое решение, принимаемое всегда беспрекословно свято исполняемое». В истории Казахстана есть немало фактов, связанных со временем правления Тауке хана, которое опиралось в своей политике на степных «судей». Это придало им огромный авторитет среди народа и решающее значение при развитии и укреплении Казахского ханства.

Abstract: In this work, the authors reveal the role of historical figures, Kazakh biys in solving topical, legal, social, social and domestic problems of the Kazakh people. The article contains some historical materials about the famous people the facts, "all the quarrels, the insults, fights and other squabbles are inevitable in the home, the court of biys, and elders. Every Biy and an old man in the proceedings of the case considers it a sacred duty to provide participants with full impartial justice; he patiently listens to all the slightest details - both the complaint and the justification and then announces his decision, which is always unquestioningly sacredly executed." In the history of Kazakhstan there are many facts related to the reign of Tauke Khan, who relied in his policy on the steppe "judges". This gave them great authority among the people and crucial importance in the development and strengthening of the Kazakh khanate.

Қалшабек А.Б., Омаров Н.Қ., Исабек Ә.Ү.

ф.ғ.к., доцент М. Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан,

ф.ғ.к., доцент М. Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

Филология факультетінің 6М020500 – Филология мамандығының

1 курс магистранты М.Әуезов атындағы ОҚМУ Шымкент, Қазақстан

АБАЙДЫҢ «КИТАП ТАСДИҚ» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ «ТОЛЫҚ АДАМНЫҢ» СИПАТТАРЫ

Түйін: Мақалада көтерілетін негізгі мәселе – Абайдың 38 қара сөзіндегі бір рет аталып өтілетін «Толық адамның» елеулі сипаттары сөз болады. «Толық адам» – адамзат баласының рухани санасын өрістететін бірден бір ілім. Оның негізі Ислам дінінен бастау алады. Сол үшін де Абай өз шығармаларында: Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, сонда толық боласың елден бөлек деген қағидасын алғы шартқа қояды. Қазақта: бір жылдығын ойлаған – бидай егеді, он жылдығын ойлаған – тал егеді, мың жылдығын ойлаған – ізгілік егеді деген жөні бөлек, жосығы ерек қанатты сөз бар. Ендеше осы ұлы ойды бастамашы ете отырып нағыз «Толық, кемел адамның» сипаттарын талдауды жөн деп таптық. Қазіргі глобализация дәуірінде жеке бастың қамын күйттеп кеткен уақытта қоғам осы бір «адамзаттың қарызы үшін еңбек қылу» деген қағидаға жүгінер болса, біз сөзсіз тазарған идеалды, жаңаша ойлайтын толық адамды қалыптастырған теңдессіз ұлтқа айналарымыз сөзсіз.

Кілттік сөздер: Қалып, көпшілікшізм, рисала, ғақлия, глобализация, дін, рух, ұрпақ

Қазақ әдебиеттану ғылымындағы Абайтану саласының ХХІ ғасырдағы бас ғалымы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, профессор Мекемтас Мырзахметұлы қызыл империяның кезінде-ақ Абай дүниетанымына салынған темір құрсауды бұзып Абай әлеміне ұлы бетбұрыс жасады. Өйткені ұстаз-ғалымның алдына қойған ұлы мақсат – Абайдың нағыз мұсылман екендігін тамам жұртқа жария ету болатын. Ал империяның көздегені ұлтты – мұсылманышылықтан адастыру, дәстүрден қашық, әдет-ғұрыптан біржола мақрұм ету. Карл Маркстың 1843 жылы ашқан «дін – апиын» деген жалған ұраны өз үстемдігін білгенінше жүргізіп отырды. Соның салдарынан елдіктің жаршысына айналған ұлттық сана сондай шолақ белсенділердің жалған саясатының жемтігіне айналды. Ақылға қонымсыз ұстанымның нәтижесінде орыс билік құрған дәуір Құдайсыз, паракор, жалақор, мәңгүрт ұрпақты дүниеге әкелді. «Дін – апиын» деген жалған идеология бастапқыда өз ойын жүзеге асырды десе де болады. Сондай көзқарастан аман алып қалатын біздің қолымызда ұлылардан қалған қалқан боларлық асыл дүниелеріміз бар еді. Қалқанмен қорғанбақ түгіл, Абай айтқандай: *«Көзбен көрген нәрсенің де сыртын көргенге ақ тойдық. Сырын қалай болады деп көңілге салмадық, оны білмеген кісінің несі кетіпті дейміз. Біреу кеткенін айтса да, ұқпаймыз. Біреу ақыл айтса: «Өз білгенің – өзіңе, өз білгенім – өзіме», «кісі ақылымен бай болғаниша, өз ақылыңмен жарлы бол» деген дейміз, «өй, тәңірі-ай, кімнен кім артық дейсің!» - дейміз, артығын білмейміз, айтып тұрса ұқпаймыз»* [1, 316] деген ойдың кебін кидік. Ақыры ұлттық санамыз жаңа арнаға емес, теріс қарай кері арнаға бағытталды. Оған өзіміздің де кінәміз бар. *«Көп айтса көнді, жұрт айтса болды»* [1, 109] деген салқын психологияның ығында кете бардық. Абай данышпан бұл идеалсымақтарды да қатты сынады: *«Оған Құдай тағала айтып па, көптен қалмасаң болады деп, көпке қаһарым жүрмейді деп не? Көпке тұзағым жетпейді деп не? Ғылым көпке келіп не? Біреуден тарап па? Хикмет көптен тарай ма? Бірден тарай ма? Көпке қорлық жүрмей ме? Бір үйдің іші түгел ауырса, жеңіл тие ме? Жоқ жарымы ауырып, жарымы сау болса, жеңіл тие ме? Жер білмеген көп адам адасып жүрсе, бір жер*

білетұғын кісінің керегі жоқ па екен? Көп кісі жолаушының бәрінің аты арығаны жақсы ма? Жоқ, жарымы арыса, жарымысының күйлісі жақсы ма? Жұт келсе, елдің бәрінің түгел жұтағаны жақсы ма? Жарым-жартысы аман қалғаны жақсы ма? Осы көп ақымақтың бір ақымаққа несі жұбаныш?» [1, 331] деп көпшілікке деген жалған ұраншылдыққа арнайы анализ жасай отырып реформатор ақын ақыры мынадай нәтиже шығарады: «Сократқа у ішкізген, Иоанна Аркті отқа өртеген, Файсаны дарға асқан, пайғамбарымызды түйенің жемтігіне көмген кім? Ол – көп, ендеше көпте ақыл жоқ. Ебін тап та жөнге сал» [1, 348]. Міне, көпшілікке идеясының жарға апарып соғар тұсы. Сана сүзгісінен өткізе білгенге бұл үлкен мәселе. Мейлі ұлттық идея болсын, адамзат баласының тағдырына қатысты мәселе болсын. Көпшілік һәм көптің ойы ұлттық дәрежеге көтеріле алмаса ол сөзсіз тобырлық санаға дейін түсіретін өте көкейтесті мәселе. Тобырлық сана – Алланың ең сүйікті құлы Мұхаммед (с.а.с.) пайғамбарымыздың дәуірінде һәм оның басында болған қасірет десе де болады. Ардақты пайғамбарымыз 40 жасқа толғанда Жаратушының тарапынан оған «рисала» (уахи, бұл жерде Құран аяттары) келіп жатқан тұсы болатын. Жәбірейіл (а.с) періштенің ұлы дүниені хабарлауға келгендігін эзиз тұлға жүрегіне жақын адаммен бөлісуді жөн санайды. Мұхаммед (с.а.с) ақыры бұл нәрселерді жұбайы Хазіреті Хадишаға баяндап береді. Хадиша анамыз бұ жағдайларды жеті рет өлшеп бір рет кесіп ақыры уақиғаларды өзінің қарттық мендеген, христиан дінінің өкілі немере ағасы, Уараһа ибн Нәуфал деген кісіге айтуды ұйғарады. Жұбайы Мұхаммедпен (с.а.с.) бірге Нәуфалға келіп, бастан аяқ Пайғамбарымыз (с.а.с) көрген білгенін баяндап береді. Бұл сөзді тыңдап түрлі толғанысқа түскен Уараһа ибн Нәуфал: «Құддыс! Құддыс қой көргенің! Сен періштемен жолыққансың, кәдімгі бір кездері ұлы Алланың Хазіреті Мұсаға (а.с.) жолдаған періштесі, яғни «Намус Әкбардың» (бұл жерде Жәбірейіл періштенің есімі) нақ өзі! Сен осы үмметің пайғамбарысың», – деп сәл үнсіз қалды да, терең күрсініп:

«Сен халқыңды дінге шақырған кезде мен де жас болғанымда ғой, шіркін. Өз қауымың сені өгейсіп елден қуатын сәтте мен тірі болғанымда... Өттең, ол күндерді көру қайда енді?!» – деді. Тек түсінбегендері: нәліктен Мұхаммедті (с.а.с.) өз қауымы өзекке теуіп, елден шығаратындығы. Ойларына келген түйткілді жасырып қала алмады, бүкпесіз оны да сұрады.

«Иә», – деді Уараһа, «Небір күндер туар басыңа. Сені халқың туған мекеніңнен қуып азаптайды. Өйткені мына көптің арасынан ұлы қызметке таңдалған, Жаратушыдан уахи алған сен ғана, қызғанып, пендешілікпен қастандық ойлайтындар да көп кездеседі. Егер сол күнге жетсем, аянбай саған көмектесер ем» [2, 121] деп енді мүмкін емес болса да Уараһа әлемнің сүйікті тұлғасының жәрдемшісі болуды мақсат тұтқанын көруге болады. Иә, бұл біз мысал етіп келтірген Абайдың жоғарыдағы «Пайғамбарымызды түйенің жемтігіне көмген кім? Ол – көп, ендеше көпте ақыл жоқ» деген сөзіне келтірген мысалымыз. Өкінішке орай Ислам дінінің ардақты пайғамбарына ізгілік жолында көптеген шабуылдар мен рухани соққылар жасалды. Мұның бір дәлелдері: Бірде Пайғамбарымыз (с.а.с) Қағбада намаз оқып, сәжде де жатқан мезетінде меккелік мүшріктер сойылған түйенің ішек-қарны, қан-жынымен Мұхаммедтің (с.а.с) үстіне әкеп төгеді. Содан барлық мушрик Пайғамбарымызды әжуалап, келеке етіп күледі (Бұхари, Муслим). Абайдың да содан ғой 37 қара сөзінде: «Пайғамбарымыздың түйенің жемтігіне көмген кім? – деп налитыны. Оның көпшілік тарапынан көргені манағы біз айтқан – тобырлық сананың нәтижесі. Ал Абай ұлтының «тобырлық санадан» алшақ болғанын қалады:

Төңкеріліп құбылған жұрт – бір сағым,

Шынға шыдап, қоса алмас ынтымағын.

Көптің аузын күзетсең, күн көрмейсің,

Өзіңді өзің күзет, кел, шырағым, – [1, 262] деуінде адам ақыл қуатымен тек өзін-өзі билесіндеген программа жасайды. Бұл тобырлық сана қазақ ұлтына өздігінен келіп жабыса

салған дерт емес. Ол әрине орыс империясының мықты саясатының салдарынан ұлтты жайлап мендеген рухани індет болды. Қазақтың ойлау системасына тойтарыс беру арқылы жүзеге асқан процесс бұл. Діні ойсырап, тілі талмаусыраған ұлт қалайша еркін ойлансын?! Еркін ой, азат пікір де ұлттық идеологияның бір бөлшегі. Ұлт өзіндік еркін ойлау системасынан айырылса:

Көп айтса көнді,

Жұрт айтса болды –немесе

Ақсақал айтты, бай айтты,

Кім болса, мейлі, сол айтты, – деген [1, 67] қатерге душар болады. Абай мұны «Әдегі – надан адамның» деп сынайды. Демек біздің ұлттық дінгеімізге «тобырлық сана» қатерімен қоса «наданизм» атты емделуі өте күрделі дерт келіп ұлттық санамызға өзінен өзі жабыса кетті. Қош, біз ХХ ғасырда діндік, рухтық, саналық жағынан ірі катастрофаны бастан кешірдік. Сол катастрофадан бізді жарқын өмірге алып, адам баласының рухын толығымен тазартып шығаратын ол – Абай хакімнің «Толық адам» ілімі.

Зады біз толық адамның сипаттарын бір ғана мақалада қамти алмақ емеспіз һәм ол мүмкін де емес. Себеп бұл өте терең әрі негізі әрі де жатқан өте салмақты дүние. 38 қара сөзде бір-ақ рет ауызға ілінетін бұл «Толық адамның» ең елеулі сипатын данышпан өзі былай деп түсіндіреді: «Енді біліңіздер перзенттер! Құдай тағаланың жолы деген ниһаятсыз болады. Оның ниһаятына (шегіне, өлшеміне) ешкім жетпейді. Бірақ сол жолға жүруді өзіне шарт қылып кім қадам басты, ол таза мұсылман, толық адам делінеді».[1, 366] Яғни Жаратушының жолы шексіз, адамзат баласы шектеулі ақылымен Жаратушыны тани алмайды. Оның жаратқандарын жаратылыстарын толыққанды танып білу де бек мүмкін емес. Алайда екі аяқты, жұмыр басты пенде сол жолда жүруді өзіне шарт етсе болды ол «толық адамның» санатына кіре бастайды. Күллі адамзат баласында екі-ақ түрлі мақсат болады. Ол: «Кейбіреулердің бар өнері, мақсаты киімін түземек, жүріс-тұрысын түзетпек болады да, мұнысын өзінше бір дәулет біледі. Бұл істердің бәрі өзін көрсетпек, өзін-өзі базарға салып, бір ақылы көзіндегі ақымақтарға «бәрекелді» дегізбек. «Осындай болар ма едік» деп біреулер талаптанар, біреулер осындай бола алмадық» деп күйінер, мұнан не пайда шықты? Мұнша әуреленіп, сыртыңды бір сүйген қауымыңа ұқсатарсың? Сыртқа қасиет бітпейді, Алла Тағала қарайтұғын қалыбыңа боямасыз ықыласыңа қасиет бітеді. Бұл айнаға табынғандардың ақылы қаншалықты әсер дейсің? Ақыл өссе, ол түпсіз терең жақсылық сүйемектікпен әсер»[1, 366] дегенінен-ақ ақын адамдарды 2 топқа бөліп классификация жасайды. Бірі – айнаға табынушылар. Бірі – жүрегіне бағынып, түпсіз терең жақсылықты аңсайтындар. Біз айтып отырған №2 категория толық адамның сипаттарынан. Абай айтып отырған қалыб бұл жерде араб тілінен аударғанда (بالق) – жүрек дегенді білдіреді. Яғни хакім өзінің бір өлеңінде:

Жүректің көзі ашылса,

Хақтықтың түсер сәулесі.

Іштегі кірді қашырса,

Адамның хикмет кеудесі, дейді. Ал жүрекке боямасыз қасиет бітсе ақыл өседі. Ақыл өссе – жоғарыда айтылғандай түбі жоқ, терең жақсылықты сүйемектікпен өседі екен. Ал сол сүю проблемасын Абай да өз өлеңдерінде көтеріп кеткен:

Махаббатпен жаратқан адамзатты,

Сен де сүй ол алланы жаннан тәтті.

Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,

Және хақ жолы осы деп әділетті, демек әуелі өлшеусіз махаббатымен бізді сүйіп жаратқан Алланы бізде махаббатпен сүйіп оны тануымыз керек. Одан кейін адамзатты сүйіп, сонан соң барып Алланың әділетін сүйсек, толық адамдар санатынан табыларымыз сөзсіз. Демек: толық адамның қағидасы – бұл қара қан бастың қамын емес, мұқым адамзат баласына пайдасы тиетін амалдарды атқарудың негізгі тетігі. Ойымызды сабақтай келе 37

қара сөзде баяндалғандай: Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың; адамдықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, Алланың сүйген құлының бірі боласың [1, 348]. Міне, бар мәселе осында жатыр. Қазіргі глобализация дәуірінде жеке бастың қамын күйттеп кеткен уақытта қоғам осы бір «адамзаттың қарызы үшін еңбек қылу» деген қағидаға жүгінер болса, біз сөзсіз тазарған идеалды, жаңаша ойлайтын толық адамды қалыптастырған теңдессіз ұлтқа айналарымыз сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі

1. Абай Құнанбаев «Өкінішті көп өмір кеткен өтіп» Өлеңдер, поэмалар, қара сөздер Алматы: Раритет, 2008, 384 б

2. Дамира Өмірзаққызы Ибрагим «Адамзаттың асыл тәжі» (бесінші басылым) Алматы: Ұлы мұра қайырымдылық қоры 2016, 600 б

Аннотация: Основной вопрос, поднятый в статье – это замечательный черты Единого человека, который упоминается однажды в 38 стихах Абая. «Полный человек» - единственное учение, которое добавляет духовному сознанию человеческой расы. Вот почему Абай работает в своих трудах: принцип мудрости, мужества и сердца такой же, как и в стране, которая полна. На казахском языке: один год считался пшеницей, десятилетняя мысль – тысяча лет – что-то хорошее. Таким образом, мы нашли основу этой великой мысли, которая будет проанализирована, чтобы проанализировать истинного «совершенного, совершенного человека». В эпоху нынешней глобализации, когда общество обеспокоено принципом «работать на долг человечества», мы обязательно станем беспрецедентной нацией, которая создала идеального, совершенно нового, полноценного человека.

Abstract: The basic question raised in the statue is that it is a remarkable monster who is thought to be one of the 38 abiahs. "Полный человек" - a single flight, which adds to the spiritual perception of the human soul. Being able to work Abay works in his own work: the principle of fertility, the bride and the horde, as well as in the country, which is a pole. На казахском языке: one year was counted as a decade, a decade - a year - a bit better. By the way, we found out that this is the essence of the great man, so it will be explored to analyze the original "superhuman, superhuman human." In the era of globalization, when the society is suppressed by the principle of "working on a long - term humanity," we are obliged to take on a nonprecedent Nazi, making the ideal, succeeded, new, full

ӘОЖ: 93/94 (574)

Мақұлбек А.Б., Джазылова А.М.

Ф.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

Оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ – ҰЛТТЫҚ ДҮНИЕТАНЫМНЫҢ НЕГІЗГІ ДІҢГЕГІ

Түйін: Елбасымыз жаңа мақаласында төл тарихымыз бен мәдениетімізді жіктей келе тарихи сананы жаңғырту мәселесін көтеріп, өте маңызды жобаларды, ұсынып отыр. Сондай ақ түркі дүниесінің қара шаңырағында түркілер өркениеті жобасын қолға алу мәселесі де қозғалған. Бұл қозғалған мәселелер өсіп келе жатқан жас буындарымызды тарихын құрметтеуге, елін сүйетін нағыз патриот болып өсуіне жетелейтіні сөзсіз. Халқымыздың өткен тарихи –мақтан тұтуға әбден тұратын тарих. Көрсетілген мақалада Елбасы «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласымен ұлт тарихын танып-білудің жаңа дәуірін бастап берді. Аталған мақалада ата-бабаларымыздың жер бетін билеп, ерлік жасағанын, сөйтіп ұланғайыр даланы иеленген. Елбасымыздың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы ешқандай баға жетпейтін құнды дүние болып табылады.

Кілттік сөздер: Елбасы, Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру, Ұлы даның далаңың: кеңес дәуірі, орта Азия, Еуразия, Батыс Сібірі, Түркі елі

Қазақстан Республикасының президенті Н.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласын «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасының заңды жалғасы ретінде қабылдау керек. Бұл мақала қазақ халқының көкейінде жүрген талай ойды қозғады. Мәселен, біз Қазақ хандығының 550 жылдығын тойлағанда қазақ ұлты осы кезден бастап қалыптасты деген сөз тумаса керек. Қазақ хандығы құрылғанға дейін түркі халқы қалай өркендеді, ұлттық салт-дәстүр Ұлы Далада қалай қалыптасты, мақала осы мәселенің төңірегінде ой қозғайды.

«Ұлы Даланы мекен еткен біздің ата-бабаларымыз ұланғайыр далада көшпелі және отырықшы өркениеттің өзіндік өрнегін қалыптастырып, өнер мен ғылымның және әлемдік сауданың орталығына айналған ортағасырлық қалалардың гүлденуіне жол ашты» [1, 2], - деп көрсетті Елбасы Н.Назарбаев өз мақаласында. Ежелгі түркі жерінде өркениетті дамыған мемлекет болғандығы, көшпелілердің жарты әлемді бағындырғандығы тарих жазбаларынан белгілі. Мақалада біздің арғы ата-бабаларымыздың еліміздің солтүстік өңірінде жылқыны қолға үйретіп, атқа міну мәдениетін қалыптастырғаны, әрі оны әскер құрамына пайдаланғаны, салт атты сарбаздардың киімінің қимыл-қозғалысқа ықшамдылығы, аттың үстіне қаққан қазықтай отыруы, тіпті садақты қалай мергендікпен ататындығы жайлы да сөз болады.

Осыған дейін кейбір отаршы елдің тарихшылары Қазақ жерінде өндіріс орындары болмаған, – деген жалған пікірді дәлелдеуден жалықпады. Ал көне тарихи жазбаларда, мұрағаттарда Орта Азия мен Тұран жерінде заманға сай өндіріс технологиясының болғанын дәлелдейді. 1969 жылы Есік қорғанынан табылған «Алтын адам» соның бірден-бір айғағы. Мұның барлығы да қазақ жерін мекендеген біздің ата-бабамызда ғылымның, зиялы ортаның және мәдениеттің жоғары деңгейде болғандығын дәлелдейтін басымдықтар болса керек. Қазақтың өнері мен мәдениетіне, фольклорына, этнографиясына қатысты сүбелі еңбек жазған Ақселеу Сейдімбек: «Жұрт сені танып жатса жақсы, ал, енді өзінді өзін танымасаң ол үлкен қасірет» [2, 15], - деген болатын.

Отарлау саясаты салдарынан қазақ халқы танымдық жағынан көп өзгерістерге ұшырады. Дж. Перу атап көрсеткендей: «тарихты көбінесе жеңгендер мен басқыншылар жазғандықтан, олардың саяси мүддесіне қайшы келетін отаршылдық, тоталитарлық елді-мекен, жер-су атауларының сырын ашуға заманында ешкімнің де батылы жете бермеді деп», - көрсетеді М.Мырзахметұлы [3, 64]. Отарланған елдің ең бірінші санасы тұмшаланады, тамырынан қол үзе бастайды, озық ойлы мәдени жетістіктері қолдау таппай шет қалып отырады.

Мысалы, кезінде А.Македонский Батыстан келіп Шығысқа, Орта Азияға отарлау саясатын жүргізгенде Еуропа ғалымдары оны батыр, қолбасшы, өз елінің нағыз қаһарманы ретінде суреттеп, тарихты бұрмалап жазды. Ал, Күлтегіннің өз елін қорғау үшін Батысқа жасаған жорықтары тұрпайылық, басқыншылық, қатыгездік тұрғыда сипатталды. Яғни, біздің танымдымызды солай қалыптастырып, өздеріне ыңғайлы түсінікті санамызға сіңіріп бақты. Әрине, мұндай кереғар көзғарасты қалыптастырудың астарында үлкен мән бар. Еуразия ойкуменасында соңғы үш мың жыл бойы үстемдік құрған салт атты көшпелілер өркениеті, олардың мейлінше жарқын әрі толтума мәдениеті, адамдардың айрықша кісілік қалыптары, салт-дәстүрлері сияқты қасиеттерінің қай-қайсысы да бүгінгі ұрпақты бейтарап қалдырмайтыны белгілі. Сондықтан да Ұлы Даланың ұрпағы болу – бүгінгі сол жерде өмір сүрген кез келген этнос ұрпағы үшін мерей-мәртебе.

Ұлы Даланы мекен еткен халықтың, оның ішінде көшпелі қазақтардың қоршаған ортамен етене өмір сүріп, өздерін табиғаттың ажырамас бір бөлігі санағанын мына бір мәтін үзіндісінен байқауға болады: «Қазақтарға тән өзгеше қасиеттердің ішінен есту мен

көргенін жадына сақтау қабілеттерінің айрықша екенін айту керек. Рас, көшпелі халықтардың бәрі мұндай қабілетпен ерекшеленеді. Бұған көптеген шығыс елдерін толассыз аралаған кезімде айтарлықтардан, тувалықтардан және басқа да Сібірдегі түркі халықтарынан ғана емес, арабтардан да, күрдтерден де, түркі халықтарының бәрінен байқадым. Бірақ бұл халықтардың ішінен осы қабілеттерінің шектен тыс дәрежеде дамуымен мені қазақтардай таң қалдырғаны есімде қалмапты. Қазақтардың тұрмыс-тіршілігін зерттеген ғалымдардың барлығы да қазақтардың мұндай ерекшеліктеріне таң қалған» [4; 46],– деп жазады өткен ғасырдағы орыстың «Гумбольдт» атанған белгілі саяхатшы П.А. Чихачев.

Расында Ұлы Даланы мекен еткен халықтардың қай-қайсысы болмасын географиялық объектілерді көру арқылы қабылдаған. Бұл тұрғыдан келгенде көшпелі қазақтардың географиялық болмыстың түсін, пішіні мен көлемін, басқа да ерекшеліктерін «көзбен шолу» арқылы санаға қабылдай білген. Ұлы Даланы мекендеген халық үшін географиялық кешен сол маңның немесе басқа бір жердің әрбір тұрғынының (мал асыраушының) зердесіне сақталған ерекше бір картаны «көзбен шолу» арқылы елестете білген. Ұлы Даланы мекен еткен халыққа жер-су атауларына кіретін географиялық атаулардың бірін еске салсаңыз болды, аталған географиялық объектіні «көзбен шолу, ой картасын», былай айтқанда «кеңістікті» ой картасына бірден көз алдына келтіре білген. Мәселен, егер мал Ұзынбұлақтың басында жайылып жатыр деген хабар берілсе, бұл хабарды қабылдаушы Бесжал тауының солтүстігіне қарай, Қаратас жарының батысындағы (жақын жеріндегі) елді мекеннің батыс тұсындағы Кеңсай жырасының оңтүстігінде жайылып жатқан малды «ой картасына» елестете білген. Егер мал жайылып жатқан жерді дәлірек елестету керек болса, онда аталған географиялық объектінің маңында орналасқан өзіндік белгі қызметін атқаратын қосымша географиялық нысан аталған.

Бұдан біз Ұлы Дала халқының ұлттық рухани болмысын бейнелейтін географиялық ортаның өмірде маңызды орын алып, олардың шексіз дала алқабы мен шөлді жайылымдарда көші қон кезінде жануарларды тұрмыста пайдаланғанын, олар көшпелілердің рухани бағдарын айқындап отырғанын байқауға болады. Қарап отырсақ ата-бабаларымыз қоршаған ортамен сабақтастықта өмір сүріп, өздерін табиғаттың ажырамас бөлшегі санаған. Тұрмыс-тіршілік, өмір сүру, аң аулау Ұлы Даланы мекендеген халықтардың дүниетанымы мен құндылықтарын қалыптастырды.

Қазақ халқының ұлттық рухани болмысын бейнелейтін географиялық ортаның өмірде маңызды орын алып, олардың шексіз дала алқабы мен шөлді жайылымдарда, әсіресе, көші-қон кезінде белгілі бір қызмет атқарғанын көруге болады. Мұны Ұлы Дала халқының тұрмыс-салтымен, этномәдени шаруашылық түрінің өзіндік ерекшеліктерімен байланысты түсіндіреміз.

Адам баласының таным-түсінігі толысқан сайын өзіне дейінгі ұрпақтар жасаған мұраларды зерттеп, игеруге деген қажеттілік арта түспек. Бұл тұрғыда Елбасы Н.Назарбаев өзінің «Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласында: «Тарихқа деген дұрыс ұстаным болу керек. Сол арақылы түп тамырымызды білуге, ұлттық тарихымызға терең үңіліп, оның күрмеулі түйінін шешуге мүмкіндік туады»[1, 1],- деген болатын.

Сонымен қатар орасан зор кеңестікті меңгере білген түркілердің ұланғайыр далада көшпелі және отырықшы өркениеттің өнері мен ғылымы ортағасырлық мәдениеттің дамуына жол ашты. Осы тұрғыдан келгенде Кеңес дәуірінде жарық көрген «Тюркизмы в русском языке» деген сөздікте түркі халықтары сөзінің шығу этимологиясы көрсетіледі. Мысалы, Махмуд Қашқаридің сөздігінде орыстардың «утюк» сөзінің теріні қалыпқа келтіріп, сырт киім жасау үшін «үйіту» сөзінен шыққаны тілге тиек етіледі. Осы тұрғыдан келгенде Елбасының осы мақаласында «Атқа міну мәдениеті», «Аң стилі» туралы терең мағлұматтар береді.

Орыс халқының бүгінде аңшылық туралы «капкан» деген сөзінің шығу

этимологиясын өздері ашып айта алмайды. Бұл түркі тіліндегі «қакпа аң» дегеннен шыққан, яғни аңды «қағып ұстайтын» құралды атайды. Ұлы Дала көшпелілерінің сөз қолданысын, олардың лексикалық қорын этимологиялық тұрғыдан зерттесек, біраз мәселенің беті ашылады. Ұлы Дала халқының өркениетті мемлекет болғанын ешкім жоққа шығара алмайды. Мақала авторы айтқандай адамзат баласы мәдениеттердің әр түрлілігімен әр тектілігімен бай. Сондықтан да өркениетті дамыған мемлекеттің қатарына қосылу үшін өткен тарихымызды біле отырып, оны мақтан тұтып, бүгінгі табыстарымызды бағалай біліп, болашаққа оң көзқараспен қарауға тиістіміз.

Әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н. Ұлы Даланың жеті қыры. Егемен Қазақстан. №223, 21-ші қараша, 2018ж.
2. Сейдімбек А. Шығармалары. Т.№2. Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау. Астана. фолиант, 2010, 816б.
3. Мырзахметов М. Жер тарихы – ел тарихы. Алматы; Таймас, 2016, 224б.
4. Цыбульский В.В. Народные экспедиции по Казахстану. Алма-Ата, 1988, 226с.

Аннотация: В своей новой статье глава государства, освещая историю и культуру нашего народа, поднимает вопрос модернизации исторического сознания и представляет очень важные проекты. Вопрос тюркской цивилизации также обсуждался в тюркском мире. Эти проблемы, безусловно, движут подрастающее поколение молодых людей, уважать свою историю и быть настоящим патриотом и любить свою страну. История людей нашего прошлого - гордая история. В этой статье Президент начал новую эру истории отечественной истории со статьи «Семь ступеней Великой степи». Эта статья рассказывает нам о том, что наши предки жили на земле, совершали героические поступки и завоевывали славные степи. Статья главы государства «Семь чудес великой степи» считается очень ценной.

Abstract: The head of the state, in his new article, highlighting the history and culture of our people, raises an issue of modernizing historical consciousness and presents very important projects. The issue of the Turkic civilization was also discussed in the Turkic world. These problems, of course, make the younger generation of young people to respect their history and be a real patriot and love their country. The our past story of the people- is a proud story. In this article, the President began a new era in the history of national history with the article "Uly dalaninzhetikiri(The Seven Steps of the Great Steppe)" This article tells us that our ancestors lived on earth, committed heroic deeds and conquered glorious steppes. The article of the head of the state "Seven Wonders of the Great Steppe" is considered as a very valuable.

Мырзахметов М., Омаров Н.Қ., Кайимов М.

ф.ғ.д., профессор, М. Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан,
ф.ғ.к., доцент, М. Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
Филология факультетінің «6D020500» – Филология мамандығының
1 курс докторанты, М.Әуезов атындағы ОҚМУ Шымкент, Қазақстан

**ҰЛЫ ДАЛА КЕМЕҢГЕРІ – БҰҚАР ЖЫРАУ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ
ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР**

Түйін: Бұқар шығармаларынан өзі өмір сүрген дәуірдегі қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, мәдениетін, қоғамдық-саяси ахуалын және әлеуметтік жағдайын анық көруге болады. Бұқар жырлаған тақырыптар өзгелерге қарағанда, әлдеқайда кең: ол жалпы өсиет-нақыл да айтады, Абылай ханға ақыл-кеңес бере толғайды, жеке адамдардың (Абылай ханның, Бөгенбай батырдың, өзінің) іс-әрекеттердегі портреттерін береді, енді бірде руаралық дау-жанжалды басатын билік сөздер айтады, бірер толғауын жеке адамдардың салтанатын, байлығын, жиһазын суреттеуге арнайды. Яғни мақаламыздың негізгі тақырыбы да – «жұрт», яғни қазақ елдігі, оның тәуелсіздігі («үш жүздің басын құрау»), өзге халықтармен қарым-қатынасы жайлы айрықша атап өтілмек. Бұқардың поэзия әлемінде үлкен бір мектепті – жыраулар мектебін тіл жағынан да жинақтап, түйіндеуші ретінде көрінетін өзге тұстары да аз емес. Жыраулар – дала философтары, ойшылдар. Сондықтан олардың сөздерінде даусыз болмысты танытатын баяндау мол екендігі белгілі. Сол констация етістік шақтарына бейтарап, әрдайым болып жататын, белгілі бір іс-әрекетті білдіретін – ар жұрнақты есімше арқылы беріледі.

Кілттік сөздер: Хан, қосын, қожа, пір, шора, енжіл, кәләм, иман, лауқы, дәуіт

XVIII ғасырдың ең алғашқы онжылдықтарынан бастап соңғы онжылдықтарына дейін жырау ретінде танылып, әдеби мұра қалдырған Бұқар – қазақтың өте ертеден келе жатқан жыраулық мектебінің ең ірі, ең соңғы уәкілі, қазақ поэзиясы дүниесіндегі осы дәстүрге тән жанрды тақырып пен мазмұн жағынан толықтырып, тиянақтаушы қайраткер.

Ең алдымен, Бұқар жырау өзіне дейінгі қазақ поэзиясы тілін түгелімен пайдаланып, оны әрі қарай жалғастырушы болса, екіншіден ол XVIII ғасырға дейінгі екі-үш жылдықтар бойы жасап келген әдеби тілдік дәстүрді түйіндеуші. Бұқар жырау тіліне зерттеушілер: «Бұқар – халықтың өнеге-оқуы – дидактикалық поэзия мен азаматтық позицияның жыршысы», - деп өте жоғары баға берген [12, 148 б.]. Ол «Бірінші тілек тілеңіз», «Ай не болар күннен соң?», «Айналасын жер тұтқан» сияқты өлеңдерімен өзіне дейінгі халықтық дидактикалық поэзия дәстүрін ілгері дамытса, «Абылай ханның қасында», «Ай, Абылай, Абылай, Сені мен көргенде», «Ханға жауап айтпасам», «Керей, қайда барасың» әрі «Бірінші тілек тілеңіз» сияқты өлеңдерімен арғы жерде Асанқайғы, Шалкиіз, Жиёмбет жыраулардан басталған азаматтық поэзияны тақырып және түр жағынан жетілдіріп, кемелденген поэзия үлгісін жасады» [12, 148 б.].

Толғау түріндегі дидактикалық поэзия – жыраулар мектебінің дүниесі. Бұл жанрдың басты белгісі – стильдік стандартты берік ұстау, яғни дәстүрлі амалмен көпшілікке тікелей үлгі-өнеге, өсиет-ақыл айту немесе айтпақ идеясын өмірден білген-түйгендерін (дүние танымы мен философиясын) баяндау арқылы жанамалап білдіру.

Бұқар жыраудың «жаманмен істес болма, жақысымен дос бол» деген ақылды айту үшін, яғни:

Бір жақсымен дос болсаң,

Азбас-тозбас мүлкі етер.

Бір жаманмен дос болсаң,

Күндердің күні болғанда,

Жүмле ғаламға күлкі етер, - деген сентенцияны (нақыл сөзді) ұсынар алдында «шағырмақ бұл жай тастайтынын, ағытқан қойды жол бастайтынын» ... айтып алады. Осындай өмір шындығы бар екендігін тыңдарманның басын изеткеннен кейін, оған жақсымен ғана дос болу керектігін мойындатады [67, 148 б.].

Қозғайтын мәселелерінің осындай кеңдігі Бұхар поэтикасына көптеген жаңа образдар келтірген, жаңа лексикалық топтар енгіздірген. Жырау толғауларындағы *тұрымтайдай ұл, өкпеңменен жарылма, аргын деген арысын, сен – бұзау терісі шөншіксің, мен өгіз терісі – талысын, бірі етек, бірі жең болған, ежелден саған ел болған, найзасының ұшы – алтын, қазақтың қамал қорғаны құлау, бұтақты мүйіз бұғысы саласында жайылған, ормандай көп Орта жүз, бәйгелі жерде бақ болған, қара судың бетінде сығылып аққан сен едің, арпалап атты қуантқан, алғын-шығын арқалау, бәйтөбеті маңқылдап сияқты образдар бұрынғы жыраулар тілінде кездеспейді. Мұның көпшілігін туғызған.*

Өз кезеңінің саяси-әлеуметтік хал-ахуалын сөз еткен жырау тілінде *азаткер, құл, күң, кедей, бай, саудагер, жарлы, байғұс, базар, дау, жиын, патша, хан, би, төре, қара, ақсүйек, бек, аталы, атасыз, қосын, қожя, пір, шора, бикеш, азамат, жақсы, жаман, батыр, ханзада, қарашы* т.т. атаулар өздерінің тура мағынасында жұмсалады.

Мұсылманша сауатты болған Бұхардың тілінде қазақтың өзге жырауларына қарағанда араб-парсы сөздері көбірек ұшырасады: *кітап, енжіл, кәләм, ақ «Хақ», хат, Мейман, баһар, иман, лауқы, дәуіт, қалам, нәубат* сияқты сөздері өзге жыраулардан көп кездестіре бермейміз [10, 156.].

Бұхардың теңеулері де өзіне дейінгі әдеби тіл қоймасындағыдай: *Ұрғашының жақсысы Әбжыландай есіліп... Боз жорғадай бұлғаңы.* Байырғы қазақ поэзиясында және халық ауыз әдебиетінде *әбжыландай бұралу (толғану, есілу)* – әдеміліктің, сиқырлы көз тартарлықтың символы, жорғаның жүрісі де – қазақ үшін әсемдіктің көрінісі. Әрбір онжылдық адам өмірінің бірін *ағып жатқан бұлаққа, екіншісін ерттеп қойған құр атқа, үшіншісін жарға ойнаған лаққа* т.т. теңеуі де, *құланы құлындай тулаған, түлкісі иттей шулаған* деген теңеулері де, аттың сынын бергенде, *от орнындай тұяқтым, саптаяқтай еріндім* деген салыстырулары да – баршасы өмірден, айналадан алынған әрі бұрыннан бар кәнігі образдар.

XV-XVII ғасырлардағы қазақ поэзиясы тілінен келе жатқан көркемдеуіш құралдардың бірі – кейбір мағыналық топтағы сөздердің тек қана эпитеттермен жұмсалатындығы. Мысалы, орда сөзі: *қалайылаған қасты орда, ақ ала орда, еңсесі биік боз орда; жұрт, алаш сөздері: ауыр жұрт, он сан алаш* тіркесінде келеді. Бұл жердегі ауыр сөзі «көп» деген мағынаны білдіреді. Ал қару-жарақ аттарының көбіне-көп тұрақты эпитетпен қолданылатындығын жоғарыда атап көрсеттік. Ол – барлық жырауларға тән құбылыс (мысалы, бір ғана Доспамбетте: *толғамалы ақ балта, ала балта, алдаспан ауыр қылыш, алты құлаш ақ найза, қанды көбе* т.б.). Осы дәстүрді Бұхар да бұзбайды. Онда да *орда* сөзі жай ғана аталмайды, *ол алтыс басты ақ орда; сарай* болса: *еңсесі биік кең сарай.*

Бұхарда кездесетін *сегіз қырлы шартарап, толғамалы қамшы, алтын тұғыр, қисапсыз қол, ежелгі дос, асыл сөз, күпшек санды күрең* сияқты бұрыннан қолданылып келген кәнігі тіркестер болса, *үшкілсіз көйлек, қу таяқты кедей, тұрымтайдан ұл, қызыл аяқ мал* дегендер басқа үлгілерде кездеспеген тіркестер.

Бұхардың поэзия әлемінде үлкен бір мектепті – жыраулар мектебін тіл жағынан да жинақтап, түйіндеуші ретінде көрінетін өзге тұстары да аз емес. Жыраулар – дала философтары, ойшылдар. Сондықтан олардың сөздерінде даусыз болмысты танытатын баяндау мол екендігі белгілі. Сол констация етістік шақтарына бейтарап, әрдайым болып жататын, белгілі бір іс-әрекетті білдіретін –ар жұрнақты есімше арқылы беріледі. Бұл – мақалдарға тән грамматикалық тұлға, өйткені мақал-мәтелдерде де шындықты констациялап барып, сол арқылы ғибрат, өсиет, өнеге айту мақсаты көзделеді. Жыраулар толғауларының мақал-мәтелдерге ұқсайтын тұстары да осы жерде.

Бұқар жырлаған тақырыптар өзгелерге қарағанда, әлдеқайда кең: ол жалпы өсиет-нақыл да айтады, Абылай ханға ақыл-кеңес бере толғайды, жеке адамдардың (Абылай ханның, Бөгембай батырдың, өзінің) іс-әрекеттердегі портреттерін береді, енді бірде руаралық дау-жанжалды басатын билік сөздер айтады, бірер толғауын жеке адамдардың салтанатын, байлығын, жиһазын суреттеуге арнайды. Осылардың ішінде ең негізгі тақырыбы – «жұрт», яғни қазақ елдігі, оның тәуелсіздігі («үш жүздің басын құрау»), өзге халықтармен қарым-қатынасы.

Өз заманының абызы атанған Бұқар шығармаларынан өзі өмір сүрген дәуірдегі қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, мәдениетін, қоғамдық-саяси ахуалын және әлеуметтік жағдайын анық көруге болады. Жоғарыда талдап өткен Бұқар шығармаларындағы этнолингвистикалық атаулар 550 жылдық тарихи бар қазақ этносы тарихының тамыры терең екендігін дәлелдейді.

Әдебиеттер тізімі

1. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. Алматы, 2006, 904 б.
2. Сыздықова Р. Абай шығармаларының тілі. Лексикасы мен грамматикасы: Көп томдық шығармалар жинағы. Алматы, «Ел-Шежіре», 2014, 384 б.
3. Қазанбаева А.З. Этнолексикалық қолданыстардың тілдегі көрінісі (мақала) <http://www.rusnauka.com>
3. Байтұрсынұлы А. Қазақтіл білімінің мәселелері / Құрастырған Ғ.Әнес. («Әдебиеттанушы» кітабы. 235-453бб.). Алматы, «Абзал-Ай» баспасы, 2013, 640 б.
4. Өмірәлиев Қ. ХҮ-ХІХ ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі. Алматы, 1976, 269 б.
5. Шорманова Қ.К. Хандық дәуір әдебиетінің зерттелуі. www.rusnauka.com. 7 б.б.
6. Исаев С. Жыраулар шығармаларының тілі. (Ғылыммақала). mtdi.kz сайты, «Тілшіғалымдар» айдары, Алматы, 2013, 3 б.
7. Құдайбергген Мәмбетов. Қазақ хандығы және жыраулар поэзиясындағы мемлекет мүддесі. Жұлдыз, №5. 2015.

Аннотация: Из произведений Бухара вы можете ясно увидеть жизнь, культуру, социально-политическую ситуацию и социальное положение казахского народа, жившего в эпоху. Эти темы намного шире, чем другие. Поэтому главной темой нашей статьи является «народ», казахская нация, ее независимость, ее связь с другими народами. В поэтическом мире Бухары нет ни одной школы - школы поэзии, которую можно рассматривать как сборник этой школы. Поэты - философы, мыслители. Хорошо известно, однако, что слова в его словах в избытке в слове. Это созвездие является напоминанием о каждом аспекте глагола, который сопровождается искаженным, характерным ощущением действия. Из произведений Бухара ясно, что он является воплощением своего времени, быта, повседневной жизни, культуры, общественно-политической ситуации и социального положения казахского народа в его эпоху

Abstract: In Bukhara's poetry world, there is not a single school - a school of poetry, which can be seen as a compilation of the school. Poets - philosophers, thinkers. It is well known, however, that the words in his words are abundant in word. This constellation is a reminder of every aspect of the verb which is accompanied by a distorted, distinctive sense of action. This is a glamor-like person, because in the proverbs he also establishes the truth and provides an insight into the meaning, the testament, the tradition. Here are some of the puzzling verses of the poets.

ӘОЖ 391/395

Ормолдаева М.А., Байгунова Д.М., Төлеуов Е.С.
аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
магистр, аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТАҒЫЛЫМЫ МОЛ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІ

Түйін: Мемлекет басшысының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласының жалғасы іспеттес. Қазақтың тарихы мен салт-дәстүрін одан әрі зерттеуге, ұлттық құндылықтарды тереңінен танып білуге даңғыл жол ашқан мақалада қазақ халқының сан ғасырлар бойы жинақтаған мол тәжірибесі, танымдық мұрасы мен дүниетанымы, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, ұлттық ойындары туралы айтылады. Мақалада қазақтың қонақжайлық, асар, ерулік, қарулық, қалжа, шілдехана, беташар т.б. салт-дәстүр, той-мерекелері, ұлттық ойындары туралы жан-жақты мәліметтер беріліп, бүгінгі күні қолданыстағы формаларының өзгеріске ұшырауы, жаңашылдығы жайлы айтылады. Тарихи әрі рухани байлықты сақтап, әрі қарай дамыту, Ұлы дала кеңістігінен шыққан өркениеттік жетістіктерді ұмытпау әрі дәріптеу - келер ұрпақтың үлесінде. Қазақ «қазақ» деген атын осы кезге дейін қазақи салт-дәстүрлерімен, ырымдарымен, той-мереке, тағы басқа да жол-жосындарымен талай елді таң қалдырып келеді. Ата-бабамыздың қалдырған асыл мұрасын қадірлеп, жоғалғанды жаңғыртып, қайта жаңартатын ендігі болашақ ұрпақтың өз қолында.

Кілттік сөздер: рухани жаңғыру, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, өркениет, ұлттық ойындар

Қазақ - көне дәуірден бастау алатын күрделі де бай тарихы, сан қырлы мәдениеті, өзіндік игі ғұрып-дәстүрі бар, этнографиялық ахуалы әр қилы, пейілі өзінің байтақ даласындай кең де қонақжай халық. Халқымыздың бітім болмысын зерттеген этнограф ғалымдардың атап өткеніндей, қазақ – жайшылықта тәубешіл, жаугершілікте тәуекелшіл, зерделі де ойшыл, сабырлы да төзімді, шыдамды да жомарт, елгезек те еліктегіш, кеңпейіл де кішіпейіл, ерегескенмен ерегесетін, доспен дос бола алатын, әділдікті бағалай білетін халық.

Қаз дауысты Қазыбек бидің сөзімен айтқанда:

«Біз қазақ деген мал баққан елміз,
бірақ ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз.

Елімізден құт - береке қашпасын деп,
жеріміздің шетін жау баспасын деп,
найзаға үкі таққан елміз.

Ешбір дұшпан басынбаған елміз,
басымыздан сөз асырмаған елміз.

Досымызды сақтай білген елміз,
дәм-тұзды ақтай білген елміз»

Елбасымыз Н. Назарбаевтың әрбір бастамасы әрдайым дүйім елдің дүр сілкіндіретіні көпшілікке аян. Кеше ғана жарияланған «Ұлы даланың жеті қыры» атты ұлт тарихын дәріптеп, тарихи жәдігерлерді насихаттауға шақырған мақаласыда алты алаштың рухын көтеріп, халықтың көңіл-пернесін дөп басқан бастама болды. Мақаладағы қадау-қадау көтерілген мәселелер ұлт көшбасшысының өткен жылы жарық көрген имандылыққа, ұлттық бірегейлік пен тұтастық мәселелерін сөз еткен «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласының жалғасы іспеттес. Мемлекет басшысының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы қазақтың тарихы мен салт-дәстүрін одан әрі зерттеуге, ұлттық құндылықтарды тереңінен танып білуге даңғыл жол ашты. Бұл туындыны

оқи отырып біздер, осынау ұлан байтақ жерімізді мекендеп, ұлы даланы жайлаған ұлтымыздың ұлылығына, бабаларымыздың батырлығы мен даналарымыздың түп-тамырымызды білуге, дәстүрлерін дәріптеуге, оның күрмеулі түйінін шешуге мүмкіндік туғанын пайымдаймыз.

Қазақстан-ұлан-байтақ территориясы бар әлемдегі ең үлкен тоғыз мемлекеттің бірі. Жоңғар шапқыншылығынан бұрын қазақтар ең көп санды түркі халқы болған секілді. «Қазақ көп пе, масақ көп пе» деген түрікпен мәтелі осыны меңзейді. Халықтың өз ата-қонысында азшылыққа айналуы - қазақтар секілді өз тарихында әлденеше рет жойқын қасіретке ұшырап, тағдырдан көп теперіш көрген елде ғана болатын жәйт. Кең - байтақ атамекеннің әрбір қарыс сүйемін сан ғасыр бойы ата - бабамыз сыртқы жаудан сом білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен қан төгісіп, жан берісіп қорғап, ұлтжандылық, отансүйгіштік рухын бойға сіңіруді келер ұрпаққа аманаттаған. Алайда тіршілік теңінен өткен, жастарды ұлттық үрдіске тәрбиелеуде маңызы бар көптеген дәстүрімізден де жазып қалғанымыз белгілі. Өмірдегі бар сүреңсіздік, адам бойына көлеңке түсіретін бүкіл жаманшылық атаулы ата салтына, елдік дәстүріне солқылдақтықтан екені белгілі болып отыр. Ұлттық тәрбиеден қағажу қалып бара жатқан жастардың отаншылдық сезіміне де кесірі тиетінін өмір дәлелдеп береді. «Ата салтың - халықтық қалпың» дегендей, өз жұртының қадір-қасиетінен мәлімет беретін ғұрып қасиетпен, оған мейлінше құрметпен қарау - ұлтымызға, елдігімізге сын. Тындар құлаққа, көрер көзге, сезінер жүрекке танымал, басқа елдерде жоқ дәстүр өрнектері, ортақ мұралары, тұрмыс-тіршілігіндегі керемет салт-ғұрпы мақтаныш сезімін тудырып, жұртшылықты жалпы отаншылық пен елжандылыққа тәрбиелеуде маңызды міндет атқармақ. Қазақ халқының рухани тіршілігінде, қарттарды құрметтеу, үлкендерді сыйлау, балаларға жанашырлық, жастарға қамқорлық ету, ата-ананы ардақтау, әйелдерді аялау ізгі дәстүрге айналған. «Қасқа қатал, досқа адал болу» - қазақ халқының негізгі мінез - құлқы. Қазақ халқында тым ертеден келе жатқан көптеген әдет - ғұрыптар бар. Солардың әрқайсысына жеке-жеке тоқтала кетсек.

Қазақ халқы тарихтан бері өте меймандос халық болған. Сондықтан меймандостықтан әдет-ғұрыпын айта келсек. «Меймандостық». Қазақтар үйіне келген әр қандай мейманды (оның қайсы ұлт болуына қарамай) таныса да, танымаса да жылы шыраймен құшақ жая қарсы алып, сыйлап күтеді. Өзінің аяаулы асын қонақасыға береді. «Қонақасы – қазақтың бөлінбеген еншісі» болып есептеледі. Қонақ келсе «қой сойып, қол қусыру» - қазақтар үшін аса абыройлы іс және жалтартпайтын міндет. Өте қадірлі қонақтарға тай сойылып, қонақасы беріп аттандырады. Сойылатын малды асаба алдымен қонақтар отырған үйдің босағасына әкеліп бата тілейді. Қонақтар бата жасаған соң мал сойылып, ет асылады. Ет піскенше меймандарға кең дастарқан жайылып, дастарқанға құрт, ірімшік, бауырсақ, жент, сары май қойылып, қаймақтаған шай құйылады, шайдан соң жаздыгүні болса қымыз, қыстыгүні болса езген құрт беріледі. Осы мезгілде әдетте үй иесі жағынан домбыра шертіліп, күй тартылып, ән айтылады. Ет піскен соң қолға су құйылып, ет тартылады. Қонақтар алдына қойылған қойдың басы, жамбасы, сүбесі тағы басқа жіліктерден жасалған табақ тартылады. Қонақтың ең сыйлысы бастың оң езуінен бір кесіп жеп, оң құлағын кесіп табаққа қойып, басты үй иесіне қос қолдап қайтарады. Бұл асабаның құрметіне білдірген разылық болып есептеледі. Мейман күтуде малдың он екі жілігінің өз алдына мәртебесі бар. Жасы үлкен сыйлы қонақтарға бас пен жамбас, күйеу мен келінге асықты жілік пен төс тартылады. Балаларға тіл, құлақ, бүйрек, жүрек беріледі. Тамақ жеп болған соң ас қайтару, яғни бата тілейді, қонақтардың қолына су құйылады. Міне, қазақ халқының мейман күту дәстүрі осылай.

«Ерулік». Көшпелі қазақ халқы көші – қонды аса келелі іс санады, көшу – қазақтар үшін салтанат есептелді. Қазақ санасында көше алмай жұрттан қалудан үлкен қорлық жоқ, қазақ қауымы көшкен күні – еруде кимейтін жақсы киімдерін киеді, көштегі жүк артқан түйеге кілем сырмақтарын оң бетін сыртына қаратып жауып салтанат етеді. Еру отырған

ауылдар жанына келіп қонған ауылды жабыла қарсы алып, «қоныс жайлы болсын» айтып, олардың жүгінтүсірісіп, үйін тігіседі және «ерулік» апарды. Бұл ерулікке дастарқан көтеріп, шай апару, сабалап қымыз апару, тіпті қой сойып апару істері де болады. Бұл көшіп, шаршап келген туыс -жұрағаттарына жасалған сый- құрмет және қамқорлық еді. Бұл істер ағайын арасында «еруге қару» ретінде алма-кезек болып отырады. Мұны қазақтар «ағайын берекесі» деп атайды.

«Үме» яки «Асар». Қазақ арасында ертеден келе жатқан салттардың бірі – «үме» яки «асар салу» деп аталады. Бұл салт бойынша, көпшілік күш біріктіріп, бір – бірінің жұмысына қолқабыс көрсетеді. Қауырт күш жұмсауды талап ететін жұмыс кезінде, яғни қой тоғыту, қой қырқу, жүн сабап, киіз басу, үй көтеру, жылқы күзеп, тай таңбалау, бие байлау, соғым сою, егін ору, шөп шабу және жинау, үй-жай, той жасау, ас беру, өлім ұзату және т.б. істерде ауылдастар мен руластар жабыла жұмылып, бұл істерді істеп келеді. Үй қожасы осы көмекке келіп, қолқабыс істегендерді тамақпен сыйлайды, асар салғанда көбінесе мал сойылады, бірақ қолқабыс істеушілер істеген жұмысына ақы алмайды. Бұл қарапайым малшылар арасында өзара көмектің бір түрі, яғни еруге – қару жолмен алма-кезек болып отырады. Бұл «асарға» ат салыспаған адам өз басына іс түскенде басқалардың көмегінен құр қалады. «Үме» яки «Асар» қазақ арасында өзара көмектің бір түрі болып дәстүрде мәңгі қалады. «Жылу жәрдем». Қазақ арасында өзара көмектің осы бір түрі тым ерте кездегі рулық қауым құрылысынан бері келе жатқан әдет – ғұрыптарға жатады. Бұл әдет-ғұрып бойынша: табиғи апатқа-жұтқа, өртке, селге т.б. да дүлей күш кесіріне кенеттен кездесіп, мал -мүлкінен, баспанасынан айрылып, күн көрісі қиынға соққан адам өзінің туыстары мен руластарынан жылу-жәрдем сұрайды. Бұған ағайын-туған-туыстары мен руластары түгел көмектесіп, жылу-жәрдем жинап береді, одан ешкім де бас тартпайды. Бұл «жұртшылық жәрдемі» деп аталады.

Қазақтың байырғы салты бойынша, мүлде панасыз қалған жетім – жесірлерді және қарайтын адамы жоқ, салт ба қарттар мен мүгедектерге ағайын туғандары яки руластары асырап, бағып-қағуға міндетті болған. Халық бұқарасы ішінде мұндай көмектің өмір сүруі қазақ қоғамында қайыршылардың болмауына игі әсер етіп отырды. «Той-мереке, тағы басқа жол-жосындар». Мал шаруашылығымен шұғылданған көшпелі қазақ өмірінде жаздың үш ай жайлауы «өмірдің жаннаты» есептеледі. Гүл-бәйшешекке бөленіп, масатыдай құлпырған жасыл жайлау үсті мал тойынып, ақ молайып, бие байланып, елдің жұмыстан қолы босап сергіген кезі болады. Қыс қысымын көріп келген қазақтар жаз жайлауда жадырап жазылып, барлық той-томалақ, ойын сауық, сән салтанатын осы жайлауда өткізген. Қазақтың «қыс қысыл, жаз жазыл» деген сөзі осы өмірден туған. Қазақтар үшін «той» тек той жасаушы жеке отбасының қуанышы ғана емес, тіпті бір тайпа елдің ортақ мерекесі болып есептеледі. Соның үшін, бір отбасы той жасаса, оның ағайын-туған жұрағаттары, тіпті бүкіл бір тайпа ел түгел аттанысқа келіп, үйлерін апарып тігіп, биелерін байлап, астарын әзірлесіп, қонақ күтіп той жұмысын атқарады. Қазақ өміріндегі ұлылы-кішілі той-томалақ пен ырым-кәделердің түрлері де сан алуан.

Қазақ өмірінің әрбір белесі тойсыз, өлеңсіз өтпейді. Қазақтойлары «тойбастар» жырыменжәнешашуменбасталады. «Қалжа мен шілдеханатойы». Бірбаланындүниегекелуі тек сол бала туғанотбасыныңқуанышығанаемес, күлліауылаймақтыңортаққуанышы.

Әсіресеұлбаланыңтууынқазақтарқаттықастерлеп, «ұлтуғанғақұнтуады» дейді. Байырғықазақсалтыбойынша, бала туғанкүнісолотбасында той басталып, «қалжа» сойылып, маңайдағыабысын – ажын, тағыбасқаәйелдержиналып, «баланыңбауыберікболсын» айтыпқұттықтайды. Ал кешке қыз-боз балажиналып, түні бойы ән салып, домбыра шертіп, өлеңайтып «шілдехана» күзетеді, түрліойын – сауықкейдеөткізеді. «Бесік тойы».

Жаңа туған балаға ат қойып, оны алғаш бесікке бөлеу жорасы «бесіктойы» депаталады. Бұған көбіне сол төңіректегі әйелдер шақырылады. Келген әйелдер балаға

арнап шашу, көйлек-көншек, тан-моншақ, үкі, т.б. тойлықтар әкеледі. Атқойылатын баланың оң құлағына үш рет, сол құлағына үш рет «сеніңатың.....» депайтады. Ұрпақөсіргенүбірлі – шүбірліқадірменәйелбір – екікеліншектіңкөмегіменбесіктжабдықтайды. Сәбидіңәжесі не шешесітүбектіңтесігіненбалаларғатәттібауырсақүлестіреді.

Онан соң әлгі баланы тұңғыш реет бесікке бөлейді. Тойға жиналғандар дастарқаннан дәмтатып, баланыөміріұзақ, бауыберік, бақыттыболуынтілеп бата беріптарасады. «Баланы атқамінгізу». Қазақ балалары бес жасынан бастап атқа салт мінуге жаттығады. Ата – аналары баланың алғаш атқа мінуді қуанышты, той жасайды. Атқамінетін бала жаңа киім киіп, басынаүкітағып, «ашамай» депаталатынекіқасы «Х» түріндейшықталыпжасалғанергемініп, туған-туысқандары мен руластарынаралайды. Туыстары оған шашу шашып, айыл - өмілдірік, құйысқан, жырым – шеттік, шыбыртқы-камшысияқты ер-тұмандарынбайғазығабереді. Көшпелі тұрмыстың қажетіне сай, қазақта адам баласына бірден ер – тоқымболады. Қазақ ішінде ат-көлік табу оңай, ер-тұман табу қиын. Өйткені қазақтың өмірінің көбі ат үстінде өтеді. Қазақтар «ер атымен, құсқанатымен» деп, атты ер адамның қанаты есептейді. Атқа мінудің алдыңғышарты ер-тоқым, атқажайдақмінудіжаяушылықтанжаманкөреді. Сондықтан «аттабылады, ер табылмайды» дейді. «Сүндеттойы». Ислам денінің жол-жосығы бойынша қазақтар ұл баланы бес жаста яки жетіжаста сүндеткеотырғызады. Осыған байланысты той жасалады. Той қарсаңында сүндеттелетін баланы басына және екі иығына үкі тағып атқа мінгізіп, жақынтуыстары мен жұрағаттарынаралатады. Барған жеріндегі туыстары шашу шашып құттықтайды. Балаға үкі қадайды, кепешкигізеді, әл-ауқатынасайлақ, козы, құлын сияқты жас төлдің бірінен салып береді.

Қазақ арасындағы бала сүннеттеу ісін осы кәсіппен шұғылданатын «қожалар» жүргізеді. Бұл қожаларды қазақ қауымы «Мұхаммед пайғамбардың әулеті» деп ардақтайды. Баланы сүндетке отырғызу төркіні ислам дінінен келген, кейін келе бұл ұлттық ғұрып - әдетке айналған. Баланың сүндет тойын, халық іс жүзінде оның қара құлақ болып, қатарға қосылуыныңалғашқы бір белесін тойлау деп санаған. «Қыз ұзату және келін түсіру дәстүрі». Қазақтың қыз ұзату және келін түсіру дәстүрі толып жатқан той-томалақ, ырым-кәделері арқылы болады. Бұлардың бәрі жалғасып, жұртқа түсінікті салтқа айналған. Ең алдымен қыз айттыратын жақ қыздың ата-анасына кісі салып, құдалық сөйлеседі. Құдалық сөйлесіп, келісімге келген соң, күйеу жақ қалыңдық жаққа өлтірі (қоржын) апарды. Осы жолы «өлтірі тойы» өткізіледі. Бұл күні ақ сойылып, ақ бата жасалады. Қалыңдық ұзатылып барған соң, келін түсіру тойы жасалып, жаңа түскен келін қайын атасының үйіне енгізіледі. Осы кезде сабына қызыл-жасыл әлем байлаған қамшы ұстаған бір жігіт келіннің бетін ашады. «Беташар» жыры арқылы жаңа түскен келін жиылған жұртқа таныстырылады, келінге ақыл насихат айтылады, әзіл-қалжың араластырып, жұртты күлдіріп отырады, келін ата-енесіне, қайынағаларына сәлем етеді. Үлкен үйдің отына май салады, май құйылған от лап етіп жанғанда, отырғандар; «От-ана, Май ана, жарылқа!» деп сыйынады. Бұл қазақтардың ислам дініне кіруден бұрынғы отқа табынатын кезінен қалған ырымдардың бірі екені даусыз. «Неке қию» салты осы келін түскен тойда өткізіледі, некені молла қияды. «Өлең той». Өлең той бұл күйеудің қайнына ұрын барған тойына қосылып өткізілетін «түнгі той». Күйеу жақ «өлең кәде» аталатын тай, құлын тәрізді бір малды ала барады, бұл кәдені алған үй күйеу мен құдаларды, тойға жиналғандардың бір бөлігін шақырып, мал сойып қонақасы беріп, «өлең той» өткізеді. Кеш батқанан таң атқанша осы аылда ақындар айтысы болады. Бұл тойға жиналған жастар домбыра шертіп, ән айтып, би билеп, сауық-сайран жасайды. Өлең тойға қатысушылардың көпшілігі жастар болады. Қазақ өміріндегі той-мерекелерде көптеген ойындар өткізіледі. Бұл ойындардың көпшілігі ашық далада, ат үстінде ойналатын спорттық сипаттағы ойындар. Олар: «Қыз қуар», «Көкпар тарту»,

«Теңге алу», «Жамбы ату», «Ат шаптыру», «Ат қарғыту», «Жорға салу», «Аударыспақ ойнау», т.б. Қазақ халқының көнеден келе жатқан салт – дәстүрлері, ырымдары өте көп.

ҚР Президентінің аталған мақаладағы ең басты көңіл бөлген мәселесі – тарихи сананы жаңғырту. Мемлекет басшысы оны бірнеше ірі жобалар арқылы бастау қажет деп есептейді. Ол жобаларды төмендегіше көрсетіп берген: Архив – 2025; Ұлы даланың ұлы есімдері; Түркі әлемінің генезисі; Ұлы даланың ежелгі өнер және технологиялар музейі; Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы; Тарихтың, кино өнері мен телевизиядағы көрінісі.

Бұл аталған жобалар біздің еліміздің тарихи жылнамасындағы ақтаңдақтарды қайта қалпына келтіруге жол ашқан «Мәдени мұра» бағдарламасының жалғасы болып табылады. Сондай-ақ ол Президенттің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында айтылып, бүгінгі күні кезегімен, ретімен жүзеге асырылып жатқан руханият саласындағы игі істеріміздің де жалғасы. Осы бағдарламалар жүзеге асқан уақытта Түркі жұртшылығының, түркі өркениетінің әлемдік өркениетке қосқан үлесін сезінеді, біздің Ұлы тұлғалар шоғырын басқа елдер мен өңірлердің халқы да білетін болады. Бұл біздің жас ұрпаққа білімді дәріптеуге, ұлан-байтақ елімізде туризмді дамытуға үлкен мүмкіндіктер жасайды. Ұлы даланың бай мифологиялық және фольклорлық материалдарын жас ұрпақтың санасына сіңіру арқылы олардың руханиятын, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін қалыптастырып, ұлттық кодын сақтауға ықпал етеді. Бір сөзбен айтқанда, Мемлекет басшысының бұл мақаласы ұлтымыздың өз рухани құндылықтарын құрметтеуге, сыйлауға, аялауға және танып-білуге бастама болатын бағдарлама деп түсінгеніміз жөн.

Қазақ халқының сан ғасырлар бойы жинақтаған мол тәжірибесі, танымдық мұрасы мен дүниетанымы, салт-дәстүрі, әдет-ғұрыпы, өлең-жырлары, ұлттық ойындары, музыкалық мұрасы, аспаптары баға жетпес асыл қазына. Сол тарихи әрі рухани байлықты сақтап, әрі қарай дамыту да міндеті тұрғанын шәкірттеріміз әрқашанда ұмытпайды деп білеміз. Ұлы дала кеңістігінен шыққан өркениеттік жетістіктерді ұмытпау әрі дәріптеу - келер ұрпақтың үлесінде.

Қазақ «қазақ» деген атын осы кезге дейін қазақи салт-дәстүрлерімен, ырымдарымен, той-мереке, тағы басқа да жол-жосындарымен талай елді таң қалдырып келеді. Ата-бабамыздың қалдырған асыл мұрасын қадірлеп, жоғалғанды жаңғыртып, қайта жаңартатын ендігі болашақ ұрпақтың өз қолында.

Әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н. Тарихтолқынында. Алматы: Атамұра, 2003, 288 б.
2. Назарбаев Н. «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы. 21 қараша 2018.
3. Арғынбаев Х. Қазақтың отбасылық дәстүрлері. Алматы: Қайнар, 2005, 215б.
4. Бегманов Қ. Халқы мықтының – салты мықты: / этнографиялық сыр-сұхбат. Алматы: «Өлке», 2010, 480 б
5. Қалиев С., Оразаев М., Смайлова С. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Алматы. Рауан, 1994, 210 б.

Аннотация: Статя главы государства «Семь граней Великой степи» является продолжением статьи «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания». Статя об истории и традициях Казахстана, глубоких знаниях национальных ценностей, рассказывает о многовековом опыте казахского народа, его познавательном наследии и мировоззрении, традициях, традициях и национальных играх. В статье представлены казахский хоспис, танец, приманка, призрак, весёлый, дублин, бетасар и другие. обычаи и традиции, праздники, национальные игры, и в наши дни существующие формы подвержены изменениям и новизне. Сохранение и дальнейшее сохранение исторических и духовных сокровищ, память о достижениях цивилизации Великих степей - это будущие поколения. Казахское название "казах" до сих пор поражает казахские

обычаи, традиции, праздники и многое другое. Именно в руках будущих поколений, которые ценят благородное наследие, оставленное нашими предками, возрождают и возрождают утраченное.

Abstract: The head of state's article "The Seven Facets of the Great Steppe" is a continuation of the article "Looking into the Future: Modernization of Public Consciousness". An article about the history and traditions of Kazakhstan, in-depth knowledge of national values, tells about the centuries-old experience of the Kazakh people, their educational heritage and worldview, traditions, traditions and national games. The article presents the Kazakh hospice, dance, bait, ghost, funny, dublin, betasar and others. customs and traditions, holidays, national games, and in our days, existing forms are subject to change and novelty. Preservation and further preservation of historical and spiritual treasures, the memory of the achievements of the civilization of the Great Steppes are future generations. The Kazakh name "Kazakh" still amazes Kazakh customs, traditions, holidays and much more. It is in the hands of future generations who value the noble heritage left by our ancestors, revive and revive the lost.

UDK 483.11

Suyuberdieva A.A.¹, Arslanova B.K.², Abdulla X.²

¹Can.ped.sci., senior teacher, M. Auezov SKSU, Shymkent, Kazakhstan

² senior lecturer, International University Silkway, Shymkent, Kazakhstan

² Master student, International University Silkway, Shymkent, Kazakhstan

ENGLISH TOPONYMY AND ITS CULTURAL VALUE

Abstract: It is difficult to imagine the modern world without geographical names. Every toponymy bears the various information: historical, geographical, linguistic as place names are certificates of historical conditions of epoch when they arose, were formed and extended in those or other countries. The term "toponym" means the proper noun, the name of any geographical object: rivers, lakes, seas, cities, villages, mountains, islands, streets, squares etc. They appear and function in close connection with nation's geography, history and ethnography. That is why toponymy presents the valuable material for linguistics, as it is not only the reflection of language, but also a reliable source for its history. Toponyms provide us with the data about former migrations of one or another nation, about contacts with other nations, and about the pattern of human settlement on new territory, about geographical peculiarities of this territory.

Key words: toponymy, modern world, foreign languages, to learn, historical research, translators, to apply

Learning foreign languages is not only about learning the language itself but as well as about learning all aspects of this language. Nowadays it is clearly seen that the learning foreign languages encompasses the cultural aspect of the language. Moreover, the need of learning the cultural aspect of the language and the national peculiarities of the target language is growing. The consideration of such aspect allowed us to come close to the languages and become aware of national and geographical and historical peculiarities of English people. The knowledge of the lingo cultural aspects of the language is thought as the crucial side to the improvement of the knowledge of the target language. The object of the cultural linguistics is the system of language with consideration its cultural aspect, the national mentality of the nation and the toponymy which is part of national world view. In addition nowadays the English language has popularity in all spheres of life. There are changes in our life and new demands to specialists in our country who is required a good knowledge of English language [1].

It is difficult to imagine the modern world without geographical names. Every toponymy

bears the various information: historical, geographical, linguistic as place names are certificates of historical conditions of epoch when they arose, were formed and extended in those or other countries. The term “toponym” means the proper noun, the name of any geographical object: rivers, lakes, seas, cities, villages, mountains, islands, streets, squares etc. They appear and function in close connection with nation's geography, history and ethnography. That is why toponymy presents the valuable material for linguistics, as it is not only the reflection of language, but also a reliable source for its history. Toponyms provide us with the data about former migrations of one or another nation, about contacts with other nations, and about the pattern of human settlement on new territory, about geographical peculiarities of this territory. The toponyms themselves are the evidence of the historical past; they reflect time, area, historical situations of the toponym origin. On the other hand, the toponym history frequently helps to reveal the history of the nation itself. The word “toponymy” first appeared in English in 1876 since then, toponymy has come to replace “place-name” in professional discourse among geographers. It can be argued that the first toponymists were the storytellers and poets who explained the origin of specific place names as part of their tales; sometimes place-names served as the basis for the etiological legends. The process of folk etymology usually took over, whereby a false meaning was extracted from a name based on its structure or sounds. In toponymy there is a deficit of theory and methods which consider a linguistic analysis of toponym structure in parallel with a detailed cultural analysis of the socio-historical significance of toponyms and processes of toponymy. Documenting patterns of pristine toponymy, or toponymic knowledge in locations where people remember the locations and histories of people and events associated with extant place names, seems a worthwhile endeavour in linguistically pristine island environments, i.e. islands that were uninhabited prior to ceanization. As for the characteristic of geographical names, they are divided on official and unofficial toponyms. The principal research question for the study sought to establish whether the difference between official and unofficial toponyms and processes of toponymy in the island environments was a consequence of the degree of linguistic, cultural and ecological embeddedness of these toponyms and toponymic processes.

1. The president of our country N.Nazarbayev pays special attention to the usage of the English language and there are many different programs where the English language is in the centre of education. Nowadays, Kazakhstan has a policy of three languages and among them is the English language which is of great demand in our country and studying the English language is important according to the Law about Languages [2].

The long-interest attracted by toponyms can be explained not only by their unusual functions, mysterious origin of most of them, distinctions of their grammatical features from the other word class, i.e. appellatives, but, also by the fact that they are rich in information needed to solve ethno genetic problems. The role of toponyms as accurate landmarks grows considerably in the process of the establishment of information-oriented society. An important task is then the development of a unified toponymic service as well as thoroughly checked regional toponymic databanks. In these bilingual and multilingual conditions canonical lists of place-names in different languages and a system of transliterating place-names from one language to another are to be created. Place-names as well as other manifestations of the people's spiritual culture, i.e. folklore, rites, believes etc. reflect peculiar national features and mentality. This makes protection of cultural heritage extremely important. The toponymy of English language represents to us the most astonishing linguistic richness and diversity As for the British place names it should be stated that the English toponyms was a complicated one. The result is that English place-names come from a variety of languages: possibly pre-British, British, Latin, Old English, and Old Norse of two varieties and Norman French. Each of these languages has contributed place names and influenced the form of existing place names.

In the annual message delivered on November, 2014, President N. Nazarbayev noticed

about the important role of the English language. Good specialists as competitive translators are of great value [3].

The study of place names plays an important role in linguistic, archaeological and historical research. As for linguistic culture of toponymy it has the structure of semantic, lexical and grammatical meaning. During the investigation we found the definition like toponyms are the proper names of geographical objects, which impart the multifarious connotation including the linguistic and extra linguistic data. Toponym – geographical name proper noun applied to real world entity. Toponym – proper name of a place, both inhabited and uninhabited. Generally, in all definitions toponym is defined as proper noun. It should be applied to topographic feature, real world entities or place. The interest to the geographical place names and to its meaning was appeared in the earliest times of the human civilization. In the antique period the tradition to explain the toponyms was seen in the historical-geographical works.

However, in previous time it was difficult to find out the etymology of toponyms. The first description and allusion about place names was found in the works of Herodotus “History”, Strabo “Geography”, and Pliny the Elder “Natural History”. As for the foreign toponymic study actively it was developed in the XX century. Many countries have developed their own toponymic school. Toponyms are deeply studied by prominent linguists such as Russian linguists, as V.I. Dal, A.V. Superanskaja, L.V. Uspensky N.A. Arystov, V.V. Bartold, G. E. Grum-Grzhymailo, G.A. Levshina, P. Melioransky, P. Pallas, G. N. Potanin, V. V. Radlov, S. M. Tyan-Shansky and others were engaged in toponymic problems. The big contribution to studying English toponymy have brought the Swedish linguist E. Ekwall, the English linguist R. Coates, English toponymy-researcher M Gelling. Also toponyms were engaged in research such English and American linguists, as O. Padel, R. Ramsay, A. Smith, G. Stewart, V. Watson and many other scientists.

In R. Coates’ research, studied features of toponyms Norman island, counties of Gempshir and Sussex, and in work “A new explanation of the name of London” has offered new etymology of the name “London”. And M. Gelling was engaged in research of toponymy of counties Berkshire, Oxford and Shropshire.

Despite long history of researches and presence of powerful quantity of the works devoted to studying toponymy, still there is a set of the problems complicating interpretation toponymy, the questions at issue connected with definition of sources toponyms and demanding to more steadfast attention not only from linguists, but also historians.

Thus, the given theme is the most important in the process of studying lexicology and especially English onomastics and the diploma work will prove this fact. For object in view achievement it is necessary to carry out following problems: to consider typology toponymy, problems of toponymics, feature of those English toponymy which exist in territory of Great Britain and to carry out the analysis of place names. We shall try to show the contemporary problems dealing with the present theme especially in the sphere of studying lexicology.

In conclusion we would like to say that the toponyms are presented of interest not only to linguistics, but also to history, geography, culture therefore the toponymics has long history of researches and existence of powerful number of the works devoted to studying of toponyms. Despite it, still there is a set of the problems complicating interpretation of toponyms, the controversial issues connected with definition of sources of toponyms and demanding to themselves closer attention not only from linguists, but also historians.

References

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заңы» 27 шілде 2007, №319.
2. Ekwall, E. English River-Names. Oxford, 2009, 125 p.
3. Топоров В. Н. Из области теоретической топонимистики // 1962, № 6, С.23-27
4. Stewart, G. Names on the Globe. Oxford University Press, 1975, 194p.

5. Суперанская А. В. Что такое топонимика? М. 2007, 180 с.

6. Cameron, Kenneth. English Place-Names. London: Methuen&Co. (6th, revised edition: 2002, 278p.

Аннотация: Трудно представить современный мир без географических названий. Каждая топонимика несет различную информацию: историческую, географическую, лингвистическую, поскольку географические названия являются свидетельствами исторических условий эпохи, когда они возникли, были сформированы и распространены в тех или иных странах. Термин «топоним» означает собственное существительное, название любого географический объект: реки, озера, моря, города, деревни, горы, острова, улицы, площади и т. д. Они появляются и функционируют в тесной связи с географией, историей и этнографией страны. Вот почему топонимика представляет собой ценный материал для лингвистики, поскольку она является не только отражением языка, но и надежным источником его истории. Топонимы предоставляют нам данные о прошлых миграциях той или иной нации, о контактах с другими народами, о характере расселения людей на новой территории, о географических особенностях этой территории.

Түйін: Қазіргі әлемді географиялық атауларсыз елестету қиын. Әрбір топонимия әртүрлі ақпаратқа ие: тарихи, географиялық, лингвистикалық, өйткені географиялық атаулар дәуірдің тарихи жағдайларының дәлелі болып табылады, олар түрлі елдерде қалыптасып, таратылды. «Топоним» термині өзінің аты-жөнін, кез келген географиялық объектінің атауы: өзендер, көлдер, теңіздер, қалалар, ауылдар, таулар, аралдар, көшелер, аландар және т.б. білдіреді. Олар еліміздің географиясына, тарихына және этнографиясына жақын келіп, жұмыс істейді. Сондықтан топонимика лингвистика үшін құнды материал болып табылады, себебі бұл тек тілдің көрінісі ғана емес, сонымен қатар оның тарихының сенімді көзі болып табылады. Топонимдер бізге өткен ұлт көшуіне, басқа елдермен байланысқа, жаңа аумақта адамдардың қоныс аудару сипатына, сондай-ақ осы аумақтың географиялық ерекшеліктеріне деректер береді.

ӘОЖ 81' 442

Тілеубердиев Б.М., Сматава А.Е.

филолог.ғ.д., профессоры М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
6020500 – Филология мамандығының докторанты
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

ҰЛЫ ДАЛАНЫ ТАЛУДАҒЫ ҒАЛАМНЫҢ ТОПОНИМИЯЛЫҚ БЕЙНЕСІ

Түйін: Зерттеу жұмысының өзектілігі қазіргі кезеңдегі тіл білімі ғылымының дамуы антропоцентристік бағытта жүргізіліп жатқан зерттеулермен сипатталады. Антропоцентристік парадигма тілді санамен байланысты қарастырады: тілдік таным процесстеріне, тілдік тұлғаға, яғни тілді адам арқылы анықтауға осы бағыт басты назар аударады. Қазақ жалқы есімдерінің табиғатын, сипатын, қызметін «тіл-сана-ұлт» үштік тұтастықта жан-жақты қарастыру бүгінгі таңда қазақ ономастикасының өзекті мәселесі болып саналады. Когнитивтік лингвистика тұрғысынан қазақ онимиясын бағамдай келсек, жалқы есімдердің тек тілдік сипаттарын қарастыру жеткіліксіз болып көрінеді. Жалқы есімдердің бойындағы рухани және материалдық мәдениетті ұлттың танымдық тәжірибесімен сабақтастыра отырып, ментальді-когнитивтік түрде таңбаланғанын қарастырумен ерекшеленеді. Зерттеу тұжырымдары мен нәтижелерін жаңа ғылыми пән – когнитивтік ономастика мен ономастикалық лингвоконцептологияның теориялық және практикалық мәселелерін әрі қарай зерттеуде, оқытуда монографиялар, жоғары оқу орындарына арналған оқу құралдарын дайындауда, сонымен бірге ономастика,

топонимика, лингвомәдениеттану, когнитивтік лингвистика, элеуметтік лингвистика пәндері бойынша өткізілетін арнайы курстар мен семинарларда қолдануға болады.

Кілттік сөздер: топонимия, бағыт бағдарлық модель, анатомиялық терминдер, шеңберлі модель, географиялық орны, мифтік кеңістік, ментальды модель

Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында: « Орасан зор кеңістікті игере білген түркілер ұланғайыр далада көшпелі және отырықшы өркениеттің өзіндік өрнегін қалыптастырып, өнер мен ғылымның және әлемдік сауданың орталығына айналған ортағасырлық қалалардың гүлденуіне жол ашты [1,2] –деген болатын. Елбасының бұл туындысы бұдан бұрынғы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының жалғасы ретінде қабылданды.

Елбасы «Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласында ұлттық тарихқа, жер-су атауларына қатысты кеңістік пен уақыт өлшемі туралы өз пікірін былайша білдіреді: «Уақыт пен кеңістіктің көкжиегі тоғысқан кезде ұлт тарихы басталады. Бұл – тарихқа деген дұрыс ұстаным. Сол арқылы түп тамырымызды білуге, ұлттық тарихымызға терең үніліп, оның күрмеулі түйінін шешуге мүмкіндік туды. Қазақстан тарихы да жеке жұрнақтарымен емес, тұтастай қалпында қазіргі замануи ғылым тұрғысынан қарағанда түсінікті болуға тиіс. Оған қажетті дәйектеріміз де жеткілікті » [1,2] -деген болатын.

Халық болмысының өткенін, бүгінін және болашағын бір тұтас құбылыс ретінде қарағанда ғана шындықтың шоқтығына қол жеткізуге болады. Қалай болғанда да халық біртұтас феномен. Оның шынайы болмыс - бітімін ақыл – ойы, санасы мен ойлау танымы , ішкі рухани дүниесімен тұтас қалпында қабылдау арқылы қарастыруға болады. Ұлы Даланың рухани мәнділік пен құндылыққа ие топонимдердің, қазақ этносының ішкі және айнала қоршаған болмысын ғасырдан ғасырға білім тәжірибелерінің қоры ретінде зерттеп, қарастыру керек деп білеміз. Сонда ғана Ұлы Дала көшпелілерінің өмір-салты мен тіршілік көздерінің өздері ғұмыр кешкен даламен тамырлас екенін білуге болады. Қара жерден айырылса қауқары құритын Антей сияқты, осынау Ұлы Даладан көз жазған ұрпақ көшпелі өмір салтын сол далаға қалдырып кеткен сияқты. Біздің ұрпағымыз Ұлы Даладан кіндігін үзген соң көшпелі өмір салтын ғана жоғалтып қойған жоқ, сонымен қатар құмға сіңген су сияқты далалық болмыс бітімінен де айырылды. Екі, үш ұрпақ ауысқаннан кейін отырықшы болып шыға келдік. Сол себепті де Елбасы тарихтың тұңғыш тереңінен бастау алатын рухани үрдісті зерттеп қарастыруды өз мақаласына өзек етіп отыр.

Қоршаған ортаны танып, Ұлы Даланың топонимиялық бейнесін суреттеуде негізгі бірнеше ұстанымдар, яғни қағидалар арқылы жүзеге асырылады. Кеңістікті танып, игергенде, сол тану, игеру нәтижесін тілде, яғни топонимияда белгілегенде Л.И.Дмитриеваның көрсетуінше үш қағида «жұмыс істейді»: ол қағидаларды топонимикалық тұлға санасындағы ментальді модель деп те атауымызға болады – *бағыт-бағдарлық (маршруттық) модель, шеңберлік (радиальдік) модель, тұрмыс-тіршіліктік кеңістік моделі* [2,22].

Осы тұрғыдан келгенде Ұлы Далада өмір сүрген этностың дүние көрінісін белгілейтін топонимиялық бейнесі жеке адамдардың ғаламды (дүниені) суреттейтін топонимиялық көріністерінен құралады. Этностың ғаламды бейнелейтін топонимиялық көрінісін жеке тұлғалардың дүниені бейнелейтін топонимиялық көріністерінің жиынтығы деп түсінуімізге болады.

Адамзат қауымындағы ең алғашқы топонимдердің пайда болуы осы маршруттық моделдің арқасында, негізде іске асырылды деп жорамалдауымызға болады. Басқашалап айтсақ, ежелгі адам кеңістікті игеру барысында көкөніс, жеміс-жидек, шөп тамырларын іздеп, жүру бағыттарын салғанда географиялық нысандарды атай бастаған. Көшпенділерге тән мал жаю, малмен бірге көшіп-қону шаруашылық тұрмыс тіршілігінде кеңістікті игеру,

тану, нысандарын атау осы бағыт-бағдарлық (маршруттық) модель арқылы іске асырылды. Ең алғашқы немесе негізгі топонимиялық көрініс (бейне) көшіп-қонып, кеңістікті танып, игеріп жүргендегі дүниенің топонимиялық бейнесі болып саналуы керек сияқты.

Бағыт-бағдарлық модель негізінде кеңістікті танып, игеріп, нысаналарын атап отырған адам (этнос) дүниенің төрт тұсын және өзінің соған қатысты атап отырған географиялық нысандарын бағдарлауы қажет еді. Осы уәждік негізге байланысты дүниенің (ортаның) топонимиялық бейнесінде бірқатар географиялық терминдермен (апеллятив) жер-су аттары пайда болды. Көне түркілік және қазақ қауымдарында дүниенің горизонтальді кеңістік моделі төртбұрышты (*төрткүл*) болып танылған: сол себепті географиялық бағдарлауда «оң-сол», «алды-арты», «оң-теріс» сияқты түсініктер қолданылған. Сонымен қатар біздің ойымызша, маршруттық модельде кеңістікті немесе географиялық объектілерді атауда, тануда (тілде, санада бекітуде) адам өз дене мүшелеріне қатысты ментальді түсініктерді қолданған көрінеді. Осы үрдісті біз географиялық апелляциятер құрамынан және топонимияда кездесетін анатомиялық (соматикалық) атаулардан байқауымызға болады. Қазақ топонимдері мен апелляциятер құрамында төмендегідей анатомиялық терминдер кездеседі: *бас, төбе, аяқ, ауыз, табан, қойын, бауыр, көз, мұрын, арқа, төс, қабырға, бет, қабақ, тамақ т.б.*

Кеңістікте орналасқан табиғи объектілерді бағдарлап айқындауда, географиялық нысандардың өзін сипаттауда адам немесе жануарлардың дене мүшелерінің орналасу тәртібіне сүйену – адамдардың ментальді түсініктерін көрсетеді. Сол танымдық түсініктер аясында қоршаған орта, оның нысандары жалпы айтқанда адамға, адам немесе жануар дене мүшелеріне ұқсатылған. Осыған қарағанда әлемді тану процесі, әлемнің тілдік көрінісі, соның ішінде әлемнің топонимиялық көрінісі адамның өзінен басталады, яғни адам – дүние құрылымының моделі, үлгісі болып табылады. Тілдің дүниетанымдық көріністері көбінесе адамның ішкі дүниесі сияқты адамға қатысты сөздер арқылы көрінеді. Адами танымды сипаттауда соматикалық тіркестер – *бас, аяқ, көз, құлақ, тамақ, мойын, иш, өкпе, ми, тырнақ, тіл, бет, жүрек, сүйек, тән, қан, арқа т.б.* Бұлар – географиялық терминдердің де құрамында көптеп кездеседі және семасиологияның ұқсату заңына байланысты апелляция терминдерге алдеқашан айналып кеткен адами таным негізінде екінші рет атау болған сөздер. Қоршаған ортаны, кеңістікті бағыттық тану моделіндегі дүниені адамиландыру, антропоморфыландыру көне адамдардың (қоғамның) мифтік, мифопоэтикалық танымына, мифтік санаға да байланысты болған. Ежелгі замандарда орын алған мифтік сана бірден толығымен жойылып кетпейді, оның сарқыншақтары күні бүгінге дейін жеткен. Қазақ топонимиясындағы жоғарыда аталған анатомиялық географиялық терминдер мен топонимдер соның тілдік көріністері. Кеңістікті тану, тілдік (апелляциятік және онимиялық) бірліктермен қоршаған ортаны (кеңістікті, оның нысандарын) белгілеу (таңбалау) жоғарыда қорсетілген бағытта да іске асырылады. Осы үрдістің тілдік нақты айғағы ретінде төмендегідей жер-су аттарын мысал ретінде келтіруге болады: *Сарыарқа, Арқалық, Алғабас, Мұзарт, Қарауыз, Аяққамыр, Бастөбе, Бауыр, Тасбел, Сарыбет, Қарабүйір, Табан, Мойынды, Қазақ, Иекті, Көзбұлақ, Кіндікті, Еренқабырға, Маңдайтас, Төскейбет, Мибулақ т.б.*

Ұлы Даланың топонимиялық бейнесін суреттеудегі бағыт-бағдарлық таным моделінде тек қана көлемі шағын келетін кеңістікке тән микротопонимдік атаулар ғана қолданылмаған, осы бағыттық модель аясында біздің пікірімізше, өте үлкен, көлемді географиялық нысандар да атау объектілеріне айналған. Мәселен, *Арқа (Сарыарқа)* атауының түрлі этимологиясы бар – соның бірі: тарихи мәні бар – «артымыздағы ел», «арт жақта орналасқан жұрт» дейтін болсақ, дегенмен *арқа* апелляцияінің түпкі мағынасы анатомиялық *арқа* (жон арқа, «спина») деген сөзге тірелетін сияқты. Сол Ұлы Жонның (Сары Арқаның) шығыс бүйіріне көне қазақтар *Ерен Қабырғаны* орналастырған, яғни Тянь-Шань тауына сондай атау берген.

Ұлы Даланың топонимиялық көрінісіне тән тағы бір ерекшелік – кеңістікті бағыт-бағдарлық модель арқылы игергенде визуалды факторға үлкен мән беру керек болып табылады. Басқа сөзбен айтқанда кеңістіктің бағыттық моделінде, жылжу барысында (бағыттық саяхатта, көшу жолында, малды жаю қозғалысында) географиялық нысанды, әсіресе алыстан, көзбен байқап, көріп сол табиғи объектінің ең алғашында түр-түсіне назар аударылады. Сол себептен географиялық жалқы және жалпы есімдерде түске байланысты атаулар жиі кездеседі. Е.Ә.Керімбаевтің мәлімдеуінше, Қазақстан оронимдерінің 20% өзінің құрамында түсті білдіретін сын есімдерден құралған: *қара, ақ, сары, көк, қызыл, ала, шұбар, қоңыр, боз, жирен, қу, құба, шағын, ұлан т.б.* [3,17].

Әлемнің топонимиялық көрінісіндегі атауыштық процесінде орын алған радиальді (шеңберлі) модель, қағида төмендегі ерекшеліктерімен белгіленеді. Кеңістікті радиальді модель тұрғысынан құрылымдағанда кеңістіктің ортасы, кіндігі және сол кіндіктен: этникалық, семантикалық рухани т.б. орталықтан бірінен кейін бірі орналасқан шеңберлей келген кеңістіктерден құрылады. Қазақ мифологиялық дүниетанымында *Көктөбе, Қазығұрт, Байтерек* немесе басқа да киелі табиғи нысандар жер кіндігі, жер ортасы болып табылады. Сол жер кіндігінде қазақ халқының ел ортасы, атамекен шеңберін кеңістігін құрайтын тау, өзен, бұлақ, дала, ағаш-орман, сай-сала т.б. географиялық нысандар орналасқан. Рухани, этникалық орталықтан алыстай келе көп жағдайда жау, жат болып келетін танымайтын, бөгде кеңістіктер орналасқан. Жорыққа немесе саяхатқа шыққан эпикалық ертегілік кейіпкерлер жат елдерде, алыстағы кеңістіктерде жалмауыз, мыстан, албасты, дию, перілермен кездеседі. Топонимиялық танымдағы радиальді моделде «алыс» - «жат, жау», ал «жақын» - «ел, жұрт» деген ментальді-топонимиялық түсініктерді топонимиялық атаулар арқылы да білдіре білген. Әр топонимикалық тұлғада жүрегіне ыстық естілетін, мәңгілік жадында қалатын атамекен атаулары бар десек, артық айтпаған болар едік. Атамекен атаулары кіндік қаны тамған, балалық шағы өткен, еш уақытта ұмытылмас, қимас Отанының, ата жұртының символы іспеттес екені баршамызға аян, сол себепті осындай киелі ұғым қазақ топонимиялық әлем көрінісіне тән деп айтуымызға болады.

Алыстағы жат жерлерді, жат елдерді топонимияда белгілеу үшін *Барсакелмес, Итжсеккен, Балқантау, Ұрым, Қырым т.б.* топонимиялық атауларды қазақтар қолданған. Жоғарыда келтірілген жер-су аттары біріншіден, алыс», «алыстағы жер» деген ұғымды білдіреді, екіншіден, *Барсакелмес* және *Итжсеккен* атаулары жағымсыз коннотацияға ие болған болса, *Балқантау, Қырым* топонимдері жағымды коннотацияларға ие деп айтуымызға болады.

С.Қондыбай: *Балқантау* – алыста жатқан қиял белгісі, құпиялық пен киеліліктің метафорасы дей келе, географиялық кеңістікте реальді *Балқан таулар* бар екендігін көрсетеді: «Гора, часто используемая в фольклоре как метафора отдаленности, таинственности и сакральности. У казахов сохранился только отрывок древнего стихотворного текста.

Барар жерің Балқантау,

Ол да біздің көрген тау.

Стремление дойти до этой горы – мечта кочевника. Она имеет мифологическую нагрузку. Кроме европейских Больших Балкан, название которых связана с булгарами или огузами, известно еще несколько Балкан: первые находятся в Северо-Западной Туркмении, это – Балханские горы, известные в казахских эпосах крымского цикла под названием Ок-Балкан. Вторые – в Центральном Казахстане, северо-восточной окраине Сарыаркинских гор, это гора Ку Балкантау. Третья и четвертая – в Западном Башкортостане, в Давлеканском районе, около озера Асылыкуль и в Кунчакском районе, вблизи р. Дема» [4,94-95].

Қазақ танымындағы кеңістікте топонимдер арқылы құрылымдаудың тағы бір дерек

белгісі мына бір тұрақты сөз тіркесінен аңғарылады:

Ұлың Ұрымға, қызың Қырымға кетсін.

Дәстүрлі танымда *Ұрым* да (кейде – *Үрім*), *Қырым* да – алыс, жетуі қиын шалғай жер мен ел. Әдетте, ғылыми әдебиеттердің өзінде ұрымды көне *Рум (Рим)*, ал *Қырымды Крым* түбегімен сәйкестіндіреді. С.Қондыбай еңбектерінде мифоэпикалық *Ұрым* мен *Қырымды* жоғарыдағыдай сәйкестендіру қате екені көрсетіледі. Мәселен, *Ұрым* жөнінде С.Қондыбай былай жазды: «Никому не пришло в голову, что у древних тюрков и их потомков в мифопоэтической системе существовал другой, архаический Рум – Урум. Образ подобного Урума сохранился в протобулгарской традиции. По-видимому, булгарский Урум в VI-XII веках локализовался в Северо-Кавказском регионе, в Покубанье и на Таманском полуострове, где в VI-VII веке существовало протобулгарское государство, например, название страны Урум, зафиксированное в надписях Культегина (VIII век) связано именно с тюркоязычными булгарами (утригуры и кутригуры) [4,239].

Термин «Крым» не имеет ничего общего с реальным географическим объектом, полуостровом Крым», - деп жазады С.Қондыбай [192,165]. Осы зерттеушінің пікірінше, Үстірттің көне атауы *Қыр* болған, XIV ғасырда Үстірт (Маңғыстау) аймақтарында алғашқы қазақ қауымы («есен-қазақтар») қалыптасқан, сол ортадан шыққан батырлар *Қыр (Қырым) батырлары* – «Қырымның қырық батыры» атанып, Үстірттің бастапқы атауы (*Қыр*) ұмытылып, *Қырым* - өте алыста жатқан жер, ел деген топонимиялық ұғым пайда болған.

Бағыт-бағдарлық топонимиялық модель бойынша құрылымданған кеңістікте тағы да қазақ халқына кеңінен танымал *Жиделі Байсын*, *Жерұйық* сияқты топонимдер бар. «Алпамыс» эпосында *Жиделі Байсын* Алпамыстың, қоңырат елінің ата жұрты. *Жиделі Байсын* жер атауы Өзбекстандағы Сурхандарья облысы Байсунтау өлкесінде кездеседі.

Жерұйық топонимінің географиялық орны, мекені белгісіз, себебі бұл топоним мифотопоним, яғни мифтік, қияли жер-су атаулар қатарына жатады. *Жерұйық* – киелі жер, *ұйық* – көне түркі тіліндегі ыдук («киелі») («ыдук йер-суб» - «киелі жер-су») сөзінің фонетикалық варианты.

Жоғарыдағы дерек-келтірімдерді есепке алатын болсақ әлемнің топонимиялық көрінісінде кеңістік бағыт-бағдарлық модель екі түрлі тұрғыда берілген: шағын аумақтағы кеңістік (маршруттық саяхат, мал жаю, көшу-қону барысындағы) және орасан кең, аумақты геокеңістік (*Балқантау*, *Итжеккен*, *Ұрым*, *Қырым*, *Барсакелмес*, *Жиделі Байсын*, *Каф (Қап)* таулары т.б.). Ментальді топонимиялық құрылымдағы кеңістіктің осы екі түрі де топонимиялық көріністің *шеңберлі (радиальді) типіне* де жатқызуға болады, себебі кіші кеңістік (кеңістіктіктер) шағын радиустағы «атажұрт, атамекен» кеңістігіне жатады, ал үлкен кеңістіктің шет шекарасында немесе одан ары «жат территория» немесе «мифтік кеңістіктер» орналасқан.

Тұрмыс-тіршіліктік (болмыстық) кеңістіктің әлемнің топонимиялық көрінісіндегі берілуі, яғни құрылымындауы өз ерекшеліктерімен, өзгешіліктерімен айқындалады. Осы модель бойынша кеңістікті ментальді өрісте құрылымдау, құрамдау шаруашылық факторының ықпалына, әсеріне байланысты болып келеді. Географиялық кеңістікті, ортаны тілдік санада және тілдің өзінде (лексикада, топонимияда) белгілі бір дискретті нысандарға, бөлшектерге айқындап бөлу, атау, тану, игеру, тілдік және ментальді айналымға енгізу жоғарыда аталған экстралингвистикалық, лингвистикалық т.б. көптеген факторларға байланысты екені мәлім және кеңістіктің *ландшафттық* ерекшеліктеріне де қатысты екені дау туғызбайды. Басқаша айтқанда, кеңістік жүйелі түрде өзінің санадағы ментальді көрінісін және тілдегі топонимдік (лексикалық) құрамын, келбетін көрсете алады. Осы бүгінге дейін қазақ топонимика саласында жүргізіліп келе жатқан барлық дерлік зерттеулер негізінен топонимдердің тілдік (лексикалық, яғни топонимдік) көрінісін айқындап, сипаттап келеді, ал когнитивтік ономастика (топонимика) қағидалары бойынша

кез келген ономастикалық бірліктер жүйесінің ментальді, когнитивтік (ой-санадағы) көрінісі, болмысы бар.

Кеңістікке қатысты ментальді және тілдік көріністер бір-бірімен өзара изоморфтық түрде байланысқан, яғни кеңістіктің тілдік көрінісі ментальді (когнитивтік) болмыстың айнасы, айғағы іспетті болса, ментальді (тілдік ой-санадағы) көрініс өз таңбасын, бедерін кодталған түрде тілде, яғни топонимиялық (лексикалық) жүйеде тайға таңба басқандай қалдырған. Сол себепті орыс зерттеушісі Л.М.Дмитриева айтқандай, топонимиялық жүйенің онтологиялық болмысы заңды түрде оның ментальдік қызметімен, болмысымен біте қайнасып бірлескен, сондықтан да топонимиялық жүйенің сол тілде сөйлеушілер санасында өз орны бар.

Экстралингвистикалық факторлар [шаруашылық және тұрмыстық (материалды) және рухани мұқтаждықтар (құндылықтар)] топонимикалық жүйенің құрамы мен құрылымын жасауға детерминанттар (себепші негіздер) болып келеді, сонымен бірге топонимиялық жүйенің (топонимдер жиынтығын) этнос және жеке топонимикалық тұлғаның ой-санасында құрылымдануына және орнығуына өз ықпалын тигізіп, шешуші рөлін іске асырады.

Ұлы Даланың топонимиялық көрінісі динамикалық процестерге ұшырайды, әр тарихи заманда (дәуірде) өзгеріп тұрады, кейбір элементтері (фрагменттері) ескіреді, ұмыт болады, ал қайсыбірі жаңаланып дүние, кеңістік туралы ментальді ұғым-түсініктерді толықтай түседі. Қазақ топонимдерінде (топонимиялық жүйеде) дүние, адам, қоғам, рухани және метариалды мәдениет жайында сан қырлы орасан мол когнитивтік мәліметтер мен ақпараттар жинақталған. Сонымен қатар Ұлы Далада ұзақ уақыттан бері өмір сүріп келе жатқан түрлі этностың дүниетанымы, ой-санасы, тарихы, шаруашылығы, мәдениеті, ғасырлар бойы жинақталған сан-салалы тәжірибесі тілдік жүйеде, сол жүйенің құрамдас бөлігінде – жалқы есімдер жүйесінде, ал дәлірек айтсақ топонимиялық жүйеде өз тілдік көрінісін сақтаған.

Әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. Ұлы Даланың жеті қыры. Егемен Қазақстан. №223, 21-ші қараша 2018.
2. Дмитриева Л.М. Онтологическое и ментальное бытие топонимической системы (на материале русской топонимии Алтая). Автореф. дис... д-ра филол.наук, Екатеринбург, 2003, 38 с.
3. Керимбаев Е.А. Лексико-семантическая типология оронимии Казахстана: Автореф. дис... канд. филол. наук, Алма-Ата, 1988, 24 с.
4. Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. Үшінші кітап. Алматы, Дайк-Пресс, 2004, 520 б.

Аннотация: Актуальность исследования определяется антропоцентрической направленностью современной лингвистической парадигмы, исследующей связи языка с мышлением, языковым сознанием, познавательной и социально-практической деятельностью человека. Современная когнитивная лингвистика предоставляет новые возможности для исследования казахских собственных имен с позиции триады «мышление – язык – культура», где собственное имя рассматривается как знаковая когнитивная категория, интерпретирующая, репрезентирующая с помощью ментальных представлений фрагменты языковой картины мира в процессах концептуализации и категоризации знаний о мире. Исследование когнитивной и лингвоконцептологической природы казахских онимов обусловлено формированием интегративных подходов в казахской ономастике, переосмыслением традиционных понятий и становлением инновационных направлений в изучении собственных имен.

Объектом исследования является концептосфера казахской ономастики, представляющая собой совокупность ментально-когнитивных структур ономастических

концептов. Исследованию и научному анализу в когнитивной и лингвоконцептологическом аспекте подвергнуты казахские собственные имена и их ономастические концепты на основе обширного фольклорного материала, словарей, исторических источников текстов художественной литературы и т.д. Теоретическая и практическая значимость исследования состоит в том, что результаты, материалы и теоретические положения работы могут быть использованы при дальнейшем разработке теоретических положений казахской лингвоконцептологии и когнитивной ономастики при написании учебных пособий и спецкурсов на ономастике, топонимов, лингвокультурологии, когнитивной лингвистике и т.д.

Abstract: The urgency of research is defined by anthropocentric direction of contemporary linguistic paradigm, studying links of language with thinking, language consciousness, cognitive and sociopractical activities of a person. Contemporary cognitive linguistics presents new possibilities to investigate Kazakh proper nouns on the basis of «thinking – language – culture » triad, where proper noun is considered as a symbolic cognitive category, interpreting, representing by means of mental notions fragments of the world language picture in the processes conceptualizing and categorizing knowledge of the world. Investigation of cognitive and linguaconceptological nature of Kazakh onemes is caused by forming integrative approaches in Kazakh onomastics, reconsidering traditional notions and establishing innovation tendencies in studying proper nouns.

Object of research – conceptsphere of Kazakh onomastics, presenting a complex of mental – cognitive structures – onomastic concepts. Kazakh proper nouns and their onomastic concepts have been investigated and subjected to scientific analysis in cognitive and linguaconceptological aspects on the basis of extensive folklore material, dictionaries, historical works, texts of fiction, etc. Theoretical and practical value of the research is that results, materials and theoretical grounds of the work may be used in further developing theoretical statements of Kazakh linguaconceptology and cognitive onomastics, while writing instruction textbooks in special courses on onomastics, toponymics, linguaconceptology, cognitive linguistics etc.

УДК 793

Турдиева А.А., Биманова Б.М., Баубеков М.К.

магистр, преподаватель, ЮКГУ им. М.Ауэзова, Шымкент, Казахстан
магистр, преподаватель, ЮКГУ им. М.Ауэзова, Шымкент, Казахстан
ст.преподаватель, доцент, ЮКГУ им. М.Ауэзова, Шымкент, Казахстан

ТАНЕЦ ДРЕВНЕЙШАЯ КУЛЬТУРА ЧЕЛОВЕЧЕСТВА

Аннотация: В данной статье авторы рассматривают казахский народный танец в хореографической образности, которая диктует свои законы отображения действительности, основанные не на буквальном соответствии жизненного и художественного материала, а на степени верности метафорическому, поэтическому отражению жизни в которых за искусством танца, сохраняется лишь право на “правдивую идеализацию” действительности. В статье приводятся постановки, которые общепризнанно стали лучшей школой, лучшими проводниками реалистического метода в хореографии. Авторы приходят к выводу, что в способе организации и художественного воспроизведения объективной реальности в образе, надо исходить из того, что отмеченные начала в искусстве всегда предстают в диалектическом взаимодействии. Нельзя выразить

какое-либо явление в искусстве, не изображая его. Отличием для них являются манера исполнения, разнообразие выразительных средств, направленность и т.д.

Ключевые слова: культура, музыкальный фольклор, хореографическая образность, лексика, действительность, танец, художественность, реальность, искусство, народный, педагогика.

Казахский народный танец имеет древние формы своего развития. Являясь составной частью духовной культуры народа, он отображал его поэтические, правовые, философские, религиозные взгляды, художественно-эстетические идеалы и способствовал формированию у людей определенного отношения к жизни и обществу в целом, его институтам.

На современном этапе при всем богатстве и многообразии движений и элементов танцевальной пластики в казахском народном танце остро встают проблемы сохранения подлинно народных танцевальных традиций в обучении, а также в балетмейстерском и исполнительском творчестве, которые можно решить путем углубленного изучения этноса, традиционной национальной культуры казахского народа (этногенез, декоративно-прикладное искусство, устное народное творчество, музыкальный фольклор, национальный костюм и др.).

Между различными танцевальными культурами с их богатейшими национальными традициями существует неразрывная связь. Казахский народный танец изучается как самостоятельная дисциплина в вузах культуры и искусств Республики Казахстан, а также входит в учебную программу курса "Народно-сценический танец" всех хореографических отделений. Казахское танцевальное искусство проявляет себя в неповторимом слиянии самобытных национальных форм, ритмов, красок.

Обучение казахскому народному танцу на высокой профессиональной основе в вузах культуры и искусств станет возможным при комплексном подходе, систематизации терминологического аппарата по теории и методике преподавания данного курса.

Перспективы развития и совершенствование казахского народного танца предполагают внедрение инновационных педагогических технологий в учебно-творческий процесс, свободный выбор их в соответствии с целями, возможностями и условиями взаимосвязанной деятельности педагога и студента вуза культуры и искусств.

Казахский народ за свою многовековую историю создал богатую и самобытную духовную культуру, важной и составной частью которой является танцевальное искусство. Смысл танца состоит в опозитизированном эмоциональном самовыражении человека, породившего все самодеятельное и профессиональное искусство танца.

В искусстве танца отражено все прекрасное, возвышенное, трагическое, комическое в отношениях человека к миру. Это положение имеет преимущественное значение для понимания многогранной сущности исторического процесса становления и развития казахского народного танца. Именно в этом заключается социально значимая идея, смысл к постижению которых побуждает современных исследователей духовная потребность, профессиональный долг, удовлетворяемые лишь в процессе историко-культурного наследия казахского народа.

Феномен становления казахского танцевального творчества относится к тому периоду истории, когда все рождалось из образного представления и претворялось в образ. Образно понималось и чувство как внутренний мир человека, как отражение окружающей среды. Это и давало мощный эмоциональный импульс танцевальному творчеству на ранних ступенях общественного развития.

В функционировании казахского народного танца выявлено семь форм синтеза искусств: синкретизм, соподчинение, коллажное взаимодействие, симбиоз, снятие,

концентрация, трансляционное сопряжение.

Казахский народный танец является синкретическим видом искусства и неразрывно связан с устным народным творчеством, декоративно-прикладным искусством, национальным костюмом, музыкальным фольклором, обычаями и традициями казахского народа. Национальный танец казахов подразделяется на следующие группы:

- 1) ритуально-обрядовый;
- 2) воинственно-охотничий;
- 3) бытово-подражательный;
- 4) массовый.

Отличием для них являются манера исполнения, разнообразие выразительных средств, направленность и т.д.

С развитием материальной и духовной культуры народа, созданием театров, хореографических училищ, концертных организаций в Казахстане берет свое начало профессиональное танцевальное искусство.

Лучшие умы разных эпох, понимая истинное значение народного творчества, всегда стремились к изучению и постижению его. Только высокий уровень культуры определял и определяет сегодня интерес к народному творчеству прошлого и современному фольклору.

Танец, как один из древнейших видов художественного творчества, неразрывно связан со всеми сферами культуры общественного развития и отвечает общему мировоззрению общества. Изучение сохранившихся в памяти народа традиций танцевального творчества дает основание утверждать о художественном значимом уровне культуры казахского народа и ее влиянии на весь процесс развития национального танца в Казахстане. Синкретичное единство художественного мышления указывает не только на древность казахского танцевального творчества, но и придает ему эстетическую характеристику.

Казахский народный танец неразрывно связан с развитием различных танцевальных культур с их богатейшими национальными традициями. Танцевальное искусство ярко проявляется в единстве разнорационального. Причем, единство выступает не как единотипичность, не как копирование одних национальных культур другими, а как единство при многообразии, неповторимом слиянии самобытных национальных форм, ритмов, красок. Конечной и основной целью развития национальных танцевальных искусств является не унифицирование их, не стирание различий между ними, не взаимное растворение их друг в друге, а взаимное обогащение при сохранении самостоятельности и самобытности. Наряду со всем массивом, включенных в состав традиционных объектов культуры, танцевальная культура имеет свое назначение в развитии как народного творчества, так и профессионального искусства в целом.

Однако в силу обстоятельств влияние современной моды, казахский народный танец претерпевает сегодня определенную эволюцию. Это ставит во весь рост проблемы его сохранения, сбережения от псевдонаучных изысков, фальшивости в исполнении, усложняющих задачу воссоздания народного танца во всем его великолепии и определения новых методов изучения и преподавания. Крайне необходимым стало повышение профессионального мастерства в преподавании, возросла педагогическая ответственность за воспитание подрастающего поколения. Педагогическая практика показала, что для успешного развития казахского народного танца на современном этапе актуальной задачей является внедрение инновационных педагогических технологий в преподавании и обучении национальному танцу в вузах культуры и искусств. Инновационные педагогические технологии предполагают: возможность разработки различных выверенных педагогических технологий специалистами, свободный выбор технологий в соответствии с целями, возможностями и условиями взаимосвязанной деятельности педагога и студента. Совершенствование методов обучения национальному

танцу в вузах культуры и искусств на современном уровне - актуальнейшая проблема уровне - актуальнейшая проблема эстетического воспитания молодого поколения и профессионального базового образования в Казахстане.

Современные проблемы педагогики отличаются поиском новых нетрадиционных решений воспитательно-образовательной деятельности, созданием условий для наиболее полного развития и самоосуществления личности.

Принципиально новым в обучении национальному танцу в вузах культуры и искусств Казахстана является индивидуальный подход к природным ресурсам студента, разработка новых приемов, средств и методов формирования индивидуального стиля деятельности, обусловленного типологическими свойствами нервной системы. Это предполагает признание разных, но равноценных по эффективности способов осуществления учебно-творческой деятельности, соответствующих объективным требованиям деятельности педагога и индивидуальным свойствам личности студента. А также достижение цели - совершенствования методов обучения казахскому народному танцу в вузах культуры и искусств заключается в глубоком изучении большинства дисциплин по теории и методике преподавания танцев разных народов по блочному, интенсивному методу. Как первостепенную задачу в методике обучения для хореографов нашего времени мы выдвигаем определение значений фольклора и его использование в профессиональной хореографии.

Танец и музыка всегда были нераздельны в историческом прошлом. Казахи же испокон веков славились в Великой степи как замечательные музыканты и природные певцы.

Особая роль в становлении песенного и танцевального искусства игра музыкальный инструментарий. В силу традиционности, неизменяемости быта кочевников, у казахов - наследников традиционной культуры и духовности кочевья, огромную роль играло мифологическое сознание, ставшее неизбежно базовой частью традиционной культуры. Сакральность музыкального языка, скрытая в его основополагающих моментах, напрямую сплавлена в различных языках культуры (слово, быт, орнамент, музыка, древнейшее искусство наскальной гравюры) и должно восприниматься в этом нерасторжимом единстве. Связь и "переплавка" различных видов искусства выполнялась через культового связника - шамана - баксы, а с распространением и развитием культуры в целом, через народных избранников - творцов слова и музыки - сал, сере, акын, жырау; певцов и танцоров.

Инструмент шамана - кобыз - как многое в традиционной культуре кочевников, даже самим своим строением имеет магический смысл - его форма напоминает лебедя, одну из самых почитаемых в мире птиц, являющуюся тотемом многих племен прототюрков.

Родословная другого важнейшего инструмента казахского народа - домбры - уходит в седую древность. Описание ее предшественников находятся в работах аль - Фараби, ибн - Сины, аль - Хорезми. Строение домбры осознавалось предками как антропоморфное образование, где колки, на которые натягивают струны осознавались как голова, гриф - как шея и грудь, дека инструмента - ноги. Строение грифа, разделенное передвижными ладами, тоже имело сакральное значение - как смысл человеческой жизни от рождения и до смерти. Эмоционально - образный строй музыки кюев отличается богатством и разнообразием, в них отражена мудрость народа, его мироощущение, представления о прекрасном.

Танцевальное творчество, как одна из форм художественного народного мышления, в своей эстетике создавало пластические и утверждало нравственные идеалы, отвечающие общему мировоззрению казахского народа. В танцевальной пластике нашли свое выражение характер, нравы, обычаи, тончайшие нюансы чувств и переживаний человека.

Танцевальные традиции теснейшим образом были связаны со всеми формами

художественного творчества и в первую очередь с декоративно-прикладным искусством. В декоративно-прикладном искусстве, складывавшемся в процессе трудовой деятельности в соответствии с бытовыми условиями жизни казахов кочевья, самое большое значение имел орнамент. Как уже упоминалось ранее, тематика орнамента тесно связана с мифологическим и сакральным мышлением кочевников и имеет большое разнообразие. В орнаменте обширной форме отразилось эстетическое отношение к окружающей действительности - природе и труду. В стилизованном мире орнаментальных узоров имеются космогонические, растительные и геометрические мотивы. Самым распространенным являются "кошкар муйиз" (бараний рог), "Айшик гуль" (лунный цветок), "Шыккан кун" (восход солнца), "Торт муйиз", "Ушкуль" и многие другие. Важно отметить, что мотив рогов и следов скота, основы жизнедеятельности кочевников, имел и магическое значение.

Именно эти орнаментальные узоры специфически воспроизводятся в сохранившихся традициях казахских танцевальных движений. Не только в рисунке построения танца, в его динамических передвижениях, но и в отдельных движениях рук и ног своеобразно воспроизводится национальный казахский орнамент. Соединяясь в различных сочетаниях и чередуясь друг за другом в зависимости от тематики танца и его музыкально - ритмической образности, эти элементы создают глубокий смысл, образную речь - танец, раскрывающий чувства и характер народа.

Определены основные методические принципы обучения казахскому народному танцу в вузах культуры и искусств: учебная программа должна представлять собой целостную систему последовательного осознания связей казахской традиционной культуры, единство эмоционального и сознательного начала в работе студента на уроке при его общей повышенной эмоциональной содержательности, содержательное единство учебного материала и системы методики преподавания, повсеместное внедрение многоуровневой системы хореографического образования специалистов по казахскому народному танцу, совершенствование системы обучения путем стандартизации для единого образовательного процесса и обеспечение интеграции отечественных достижений в сфере казахского народного танцевального искусства.

Список литературы

1. С.Ш. Тлеубаев, Г.Ж. Шагитова "История хореографического искусства"/ (Учебное пособие) Шымкент, ЮКГУ им. М.Ауезова, 2008, 70с.
2. Шагитова Г.Ж. История казахской и зарубежной хореографии. /Курс лекций. Шымкент, ЮКГУ им.М.Ауезова, 2011,57с.
3. К.Диярова. Шара = Шара / Кураст. Алматы: Өнер, 2005,240с.
4. З.Б. Ажибекова "Практическое рук-во преподавания казахского танца" (уч. пособ) Шымкент, 2006, 256с.
5. Г.Р. Дильдебаева "Методика исполнения казахского танца". /Учебное пособие. Шымкент, ЮКГУ им.М.Ауезова, 2013,88 с.

Түйін: Бұл мақалада авторлар қазақтың халық биін хореографиялық бейнені қарастырады, ол өмір мен көркемдік материалдың шынайы сәйкес келуіне емес, сонымен бірге бидің өнері тек «шындықты» сақтайтын өмірдің метафоралық, ақындық көрінісіне адалдық дәрежесіне негізделген шындықтың өз заңдарын бекітеді. Мақалада хореографияның шынайы әдісінің ең үздік дирижерлері, ең үздік мектеп деп танылған шығармалар көрсетіледі. Екіншісі бейнелеуде объективті шындықты ұйымдастыру және көркемдік түрде жаңғырту жолында, өнердегі басталған әрдайым диалектикалық өзара әрекеттесуде пайда болатындығынан бастау керек, оны бейнелеместен өнерде ешқандай құбылыс білдіруге болмайды. Авторлар сурет салуда объективті шындықты ұйымдастыру

және көркемдеу жолында өнердегі басталған әрдайым диалектикалық өзара іс-қимылда көрінетіндігіне сүйену керек. Өнердегі кез-келген құбылысты оны бейнелеместен көрсету мүмкін емес. Олардың айырмашылығы - орындау тәсілі, әр түрлі мәнерлі құралдар, бағыт және т.б.

Abstract: In this article, the authors consider Kazakh folk dance in choreographic imagery, which dictates its own laws of reality, based not on the literal correspondence of life and art material, but on the degree of loyalty to the metaphorical, poetic reflection of life in which the art of dance retains only the right to “true idealization” of reality. The article presents the performances that are universally recognized as the best school, the best conductors of the realistic method in choreography. And the second come to the conclusion that in the way of organizing and artistic reproduction of objective reality in an image, one must proceed from the fact that the noted beginnings in art always appear in dialectical interaction. One cannot express any phenomenon in art without depicting it. The authors come to the conclusion that in the way of organizing and artistic reproduction of objective reality in an image, one must proceed from the fact that the noted beginnings in art always appear in dialectical interaction. It is impossible to express any phenomenon in art without depicting it. Differences for them are the manner of performance, a variety of expressive means, direction.

ӘОЖ 930.85 (574)

Туякова А.Е.

т.ғ.к., доцент м.а. «Жалпы білім беру» кафедрасының меңгерушісі,
ҚЭҚХСУ, Астана, Қазақстан

ҰЛЫ ДАЛА ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

Түйін: Мақалада, Ұлы дала Еліндегі тарихи сананы нығайту жолдары қарастырылды. Оның бірі Қазақ елінің егемендігі және тәуелсіздігі нығайған сайын халықымыздың тарихына көп мән берілуде. Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласына тоқталды. Соның ішінде Ұлы тұлға, Ұлы Дала, «Мәдени мұра» және Ұлы халық мәселелері айтылған. Қазіргі таңда, ұрпақ алдында бабалар қол жеткізген игілікті сақтау, қайта қалпына келтірілген мемлекетімізді нығайту және дүниежүзілік қауымдастық талаптарына сай жаңа сапалық деңгейге көтеру міндетін көрсетіп кетті. Бүгін біздің еліміз халықаралық дәрежеде танылудың жаңа сапалық деңгейіне көтерілді. Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты тепе-теңдікті сақтаумен, прагматизмділігімен, дипломатиялық шеберлігімен және көп векторлығымен ерекшеленеді. Себебі, әр халықтың шежіресі қаһармандыққа, жеңістер мен трагедияға толы, оны сол күйінде қабылдаған абзал. Ол үшін ғылыми тұрғыдағы көзқарас қажет.

Кілттік сөздер: Ұлы тұлға, Ұлы Дала, «Мәдени мұра», құғын-сүргін, сыртқы саясат, өнер, бейнефильмдер

Қазақ елінің егемендігімен қатар тәуелсіздігі нығайған сайын Ұлы Дала еліндегі тарихи сананы нығайтуға үлкен мән берілуде. Халықтың ұзақ жылдардан кейінгі өзін-өзі тануының жаңа кезеңі ұлттық ғылыми ортаға қоғамның ілімдер тарихының өзектілігі артып, маңызды орынға көтерілді. Қазақ халқының қоғамдық санасындағы түбегейлі өзгерістер тарихи тағдырдың тәлкегімен ұмыт болған ұлттық дәстүр мен этномәдениетті қайта жаңғыртумен сипатталды. Олай болса, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» - атты

мақаласының аса көрегендік пен халықты тарихқа құрметпен қарауға және зерделеуге, өткеннен сабақ үйренуге шақырады[1].

Тәуелсіздік жылдарында халқымыздың өткенін зерттеуге қатысты көптеген жұмыстар жүргізілді. Мысалы, 1995 жылы Президент жанындағы мемлекеттік саясат жөніндегі Ұлттық кеңестің «Қазақстанда тарихи сананы қалыптастыру тұжырымдамасы» қабылданды. Мұнда тарихтың, әсіресе, қоғам дамуының өтпелі кезеңдерінің ерекше маңызы көрсетілген, тарихи білімнің негізгі басымдықтары, тарих ғылымының проблемалары, тарихи білім беру мен ағарту ісінің келешегі белгіленді. Ел басымыздың тапсырмасымен тарихи танымға үш жыл арналды. Біріншіден, 1997 жыл – «Қоғамдық келісім және саяси құғын-сүргін құрбандарының еске алу жылы». Яғни, «қазағым», «елім» және «жерім» - деп зарлап кеткен зиялы қауымды жалған айыптан босатып, жастарға Ұлы Дала тұлғаларының ерліктерін ескере отырып тәрбиелеу мүмкіндіктері туды. Нақтылай келсек, ата –бабамыздың тарихын жетік білу арқасында ұлттық сана күшейеді. Екіншіден, 1998 жыл – «Халық бірлігі мен ұлттық тарих» жылы. Бұл жылдың маңызымен мақсатына келетін болса, қазақ мемлекеттілігіміздің тарихи төркіндеріне, оның басынан өткен қилы кезеңдердің объективті және субъективті себептеріне, сол арқылы бүгінгі егеменділігіміз бен тәуелсіздігіміздің тарихи құқықтық негізділігіне әлеуметтің көзін жеткізу еді. Өз тарихымызды өзімізге таныту және қазақ тарихын зерттеу жазу, жариялау міндеттері қойылды.

Үшіншіден, 1999 жыл – «Ұрпақ бірлігі мен сабақтастығы» жылы деп жариялаудың нәтижесінде, «Халық тарихи толқынында»[2] бағдарламасы жарық көріп, бағдарлама аясында Президент Н.Ә.Назарбаевтың «Тарихи толқынында» кітабі баспадан басылып шығарылды. Сонымен қатар, ҚР Президенті Н.Назарбаевтың «Қазақстан -2050» Стратегиясы: бір халық – бір ел – бір тағдыр» атты тақырыппен өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының XX сессиясында сөйлеген сөзінде жарияланды[3]. Осы бағдарлама бойынша Мемлекеттік хатшы Марат Тәжин жұмыс тобын құрып, тапсырма берді. Нәтижесінде, Білім және ғылым министрлігі жинақталып жатқан тың тарихи деректерді сараптай отырып, ұлттық тарихымызды дамыту қолға алынды. Шет елдерде жасалып жатқан зерттеулерге аса мән беріп, қолға түскен деректерді орынды қолдануға мүмкіндіктер туып, түрік танушылармен байланысты нығайтылды. Аймақтардағы мұражайлар мен тарихи орындарды жаңғыртылды. Жасөспірімдер мен балаларға барша ел халқының тарихи патриотизмді сіңіру жұмыстары жүргізілуде.

2003 жылы Қазақстан халқына Жолдауында Президент Н.Ә.Назарбаев бұрын – соңды болып көрмеген «Мәдени мұра» бағдарламасын қабылдау керектігі жариланды[4]. «Мәдени мұра» бағдарламасының мақсаты, елдің тарихи-мәдени мұрасын зерттеу қалпына келтіру және сақтау, тарихи – мәдени дәстүрлерді қайтару, шет елде Қазақстанның мәдени мұрасын үгіттеу болды. Нәтижесінде, тарих пен мәдениеттің 78 ескерткішінде реставрациялық жұмыстар аяқталды. 26 ғылыми – қолданбалы, 40 археологиялық зерттеу жүргізілді. Еліміздегі ескерткіштердің масштабы инвентаризация өткізілді және республикалық 218 объектіні және жергілікті 11277 объектісі маңызы бар тарих пен мәдениет ескерткіштерінің тізімі қабылданды.

Қытай, Түркия, Моңғоли, Ресей, Жапония, Мысыр, Өзбекста, Армения және АҚШ пен Батыс Еуропаға ғылыми зерттеу экспедициялар нәтижесінде 5 мыңнан астам құнды тарихқа этнографияға, Қазақстан өніріне байланысты архивтік құжаттар, қолжасбалар мен баспа шығарылымдары алынды.

Қазақстан 537 кітап бір жарым миллионнан астам тиражбен шығарылды, олардың арасында тарихқа, археологияға, этнографияға, жаңа энциклопедиялық сөздіктерге байланысты қайталанбас сериялар кездеседі.

Қазақтың дәстүрлі әндерінің «Мәңгілік сарын: қазақтың 1000 күйі, 1000 әні» антологиясы шығарылды. Тарихи – мәдени орталықтар және кесене қалпына келтірілді.

«Казахфильм» АҚ киностудиясы ұлттық мәдениеттің маңызды тарихи орындары мен мұралары туралы 20 деректі фильм түсірген. «Мәдени мұра», «Қорқыт. Күй тарихы», «Номадтардың музыкалық мұрасы», «Ежелгі Түркістан сәулет ескерткіштері», «Жүсіп-Ата кесенесі» және басқалар циклындағы деректі фильмдер шығарылды.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Тәуелсіздік толғауы» сөйлеген сөзінде[5]: Халқымыздың қастерлі Тәуелсіздігі мен Мәңгілік Еліміздің болашағы мені үнемі толғандырады. «Тәуелсіздіктің өмірлік философиясы қандай болуы керек?» деген сауалды мен өзіме сәт сайын қойып отырамын. Осы жайындағы ой орамдарын қағазға түсіріп «Тәуелсіздік толғауы» деп атағым келді. Ол азат еліміздің күллі азаматтарына, жалынды жастарға бүгінгі буынның ерен істерін лайқты жалғастырып, ертеңгі ұрпаққа арналады» деп атап кетіп. «Ұлы дала» идеясын ұсынады:

- жарты әлемді алып жатқан кең жері және көшпелі болуы;
- түркі әлемінің қара шаңырағы;
- халықтарды бірегейлікке шақыратын идеология;
- тәуелсіздік құндылығы оны сақтау және қадірін білу;
- өзге елдердің тәуелсіздігіне құрметпен қарау;
- Мәңгілік Ел идеясы.

Соның ішінде, «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының басты құндылықтары төмендегідей болып табылады.

- Қазақстанның тәуелсіздігі мен Астана;
- қоғамдағы ұлттық бірлік, бейбітшілік және келісім;
- зайырлы қоғам мен асқақ рух;
- индустрияландыру мен инновация негізіндегі өсім;
- жалпыға ортақ еңбек қоғамы;
- ортақ тарих, мәдениет және тіл;
- жалпы әлемдік, аймақтық мәселелерді шешудегі ұлттық қауіпсіздік пен еліміздің жаһандық қатысуы.

Ұлы Дала еліндегі тарихи Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан әлемдік қауымдастықтың толыққанды мүшесі болды, оның бастамалары тәжірибе жүзінде әрқашан кең қолдау тапты және нақты іс жүзіне асырылып отырды. Бүгін біздің еліміз халықаралық дәрежеде танылудың жаңа сапалық деңгейіне көтерілді. Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты тепе-теңдікті сақтаумен, прогматизмділігімен, дипломатиялық шеберлігімен және көп векторлығымен ерекшеленеді. Орталық Азия мемлекеттерімен 2007 жылы Астанада Бағдат – Ашхабад – Ақтау – Бішкек – Ташкент – Пекин әлемдегі ең үлкен сауда жолын құрды. Ресей Федерациясы екі мемлекеттің шектесетін шекарасы 7591 км. Ресейде 1 млн қазақ тұрса, Қазақстанда 3 млн орыстар тұрады. Қарым – қатынасының бағыттары: достық дипломатия, отын – энергетика, көлік коммуникация, әскери – техникалық, өнеркәсіп, мәдениет т.б. АҚШ негізгі бағыттары: қауіпсіздік, мәдени, терроризммен күрес, әскерни, білім мен ғылым салаларында байланыс орнатқан. Әлем экономикасының 40% иеленген мемлекет жыл сайын 20 млрд.\$ инвестиция әкеледі, соның 1 млн қайтарымсыз. Ислам елдері Мысыр, Иордан, Түркия, Катар, Сирия, БАӘ, Сауд Арабия т.б. Осы мемлекеттердің қолдауымен әл – Фараб, Яссауим, ИБН Халдун, Қорқыт, Бейбарыс кесенелері салынды.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Әлем ХХІ ғасыр» атты мүлдем жаңа құжатпен таныстырылды. Бұл айтулы актіде адамзат үшін, тағдыр шешті соғыс және бейбітшілдік мәселелері бойынша Қазақстанның ұстанымы туралы, сондай-ақ халықаралық қоғамдастықтың ядролық қарудың толық тыйымына таман іргерлеуден бас тарқан жағдайда ядролық мәселелері бойынша Қазақстанның ұстанымы туралы, сондай-ақ халықаралық қоғамдастықтың ядролық қарудың толық тыйымына таман ілгерілеуден бас

тартқан жағдайда ядролық апокалипсисінің қаупі хақында баяндалған.

2015 жылы 7 желтоқсанда БҰҰ Бас Ассамблеясының 70-ші сессиясында Ядролық қарудан азат әлем құрылысы туралы жалпыға бірдей декларация қабылдады.

«Бүгінгі күнді түсініп-түйсіну үшін де, болашақтың дидарын көзге елестету үшін де кешегі кезеңге көз жіберуіміз керек» - деп Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев атап айтқандай, Біздің тарихымыз – Қазақстан халқын біріктіретін қуатты күш, барлық азаматтарды жігерлендіру көзі. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев жүйелі мақаласында аса көрегендік пен халықты тарихқа құрметпен қарауға және зерделеуге, өткеннен сабақ үйренуге шақырады. Себебі, әр халықтың шежіресі қаһармандыққа, жеңістер мен трагедияға толы, оны сол күйінде қабылдаған абзал. Ол үшін ғылыми тұрғыдағы көзқарас қажет.

Елбасымыз Халыққа Жолдауында[6]: Біздің ұрпақ алдында бабалар қол жеткізген игілікті сақтау, қайта қалпына келтірілген мемлекетімізді нығайту және дүниежүзілік қауымдастық талаптарына сай жаңа сапалық деңгейге көтеру міндеті тұр,- деп, жастарға зор сенім мен үміт артып отыр. Сол сенімді ақтап, болашағымызды жарқын ету, елімізді өркендету үшін білімді жастар керек. Кез келген ел өзінің болашағын өскелең ұрпағымен байланыстырады. Әр ұрпақтың пешенесіне жазылған тарихы, кезең тынысы болады. ХХІ ғасыр бүгінгі ұрпаққа, яғни жастарға бұйырған - баға жетпес бақыт. Елімізді өркендетіп, мемлекетімізді көркейту үшін сапалы білім мен саналы тәрбие алу - жастардың басты міндеті екендігін ескергеніміз жөн. Олай болса, Елболашағы жас ұрпақтың қолында. Сондықтан, қазақстандық жастарымыздың тарихқа тағзым етіп, салт-дәстүрі мен Ұлы тұлға ерліктерін естеріне сала отырып тәрбиелеу әр қайсымыздың міндеттері болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Н. Назарбаев, Қазақстан Республикасының Президенті: Ұлы даланың жеті қыры/ Егеменді Қазақстан №223 21 қараша 2018ж.
2. «Халық тарих толқынында бағдарламасы». Источник: <https://e-history.kz/kz/contents/view/331> © e-history.kz
3. Тәуелсіздік шежіресі. Жасампаздықтың әр жылы: 1997 жыл - «Қазақстан-2030» стратегиясы - ұлттың ұлы мақсаттары межеленген жыл» Барлық құқықтар қорғалған. [inform.kz](https://www.inform.kz/kz/tauelsizdik-shezhiresi-zhasampazdyktyn-ar-zhyly-1997-zhyl-kazakstan-2030-strategiyasy-ultyn-uly-maksattary-mezhelengen-zhyl_a2415207) белсенді сілтемені пайдаланыңыз https://www.inform.kz/kz/tauelsizdik-shezhiresi-zhasampazdyktyn-ar-zhyly-1997-zhyl-kazakstan-2030-strategiyasy-ultyn-uly-maksattary-mezhelengen-zhyl_a2415207
4. «Мәдени мұра» бағдарламасы: жазба деректерді жинау және жариялау мәселелері Источник: <https://e-history.kz/kz/contents/view/892> © e-history.kz.
5. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан Республикасының президенті: «Тәуелсіздік толғауы» Вақ.kz 15 желтоқсан 2014.
6. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халқына жолдауы. 5 қазан 2018.

Аннотация: Автор рассмотрел пути укрепления исторического сознания в Стране Великой степи. По мере укрепления суверенитета и независимости казахского народа, больше внимания уделяется истории. Глава государства Н.А. Назарбаев остановился на статье «Семь сторон Великой степи». В центре внимания великая личность, Великая степь, «Культурное наследие» и «Великие народные проблемы». В настоящее время благосостояние предков в поколении продемонстрировало задачу укрепления восстановленного государства и качественно вывести его на новый уровень в соответствии с требованиями международного сообщества. Сегодня в нашей стране появился новый уровень международного признания. Внешняя политика Республики Казахстан характеризуется сбалансированностью, прагматизмом, дипломатическими способностями и многовекторностью. Потому что история каждой нации полна героизма,

побед и трагедий, и это желательно принять. Это требует научного подхода.

Abstract: The author examined ways of strengthening the historical consciousness in the Land of the Great Steppe. With the strengthening of the sovereignty and independence of the Kazakh people, more attention is paid to history. The head of state Nursultan Nazarbayev focused on the article "Seven sides of the Great Steppe". The focus is on a great personality, the Great Steppe, "Cultural Heritage" and "Great National Problems". Currently, the welfare of the ancestors in the generation has demonstrated the task of strengthening the restored state and qualitatively bring it to a new level in accordance with the requirements of the international community. Today a new level of international recognition has appeared in our country. The foreign policy of the Republic of Kazakhstan is characterized by balance, pragmatism, diplomatic abilities and multi-vector. Because the history of each nation is full of heroism, victories and tragedies, and this is desirable to accept. This requires a scientific approach.

УДК:72 03(574)

Юсупов А.Н., Дуйсен Б.И., Бекен С.М., Нұрлыбеков С.Д.
к.арх., доцент кафедры «Архитектура»
ЮКГУ им. М.Ауезова, Шымкент, Казахстан
магистранты, кафедры «Архитектура» ЮКГУ им. М.Ауезова,
Шымкент, Казахстан

АРАЛ АЙМАҒЫ ТАРИХИ-МӘДЕНИ ЕСКЕРКІШТЕРІМЕН ЭКОЛОГИЯСЫН ТУРИЗМГЕ БЕЙІМДЕУ МӘСЕЛЕСІ

Түйін: Мақалада Сырбойының тарихи-мәдени және экологиялық ескерткіштеріне туристік бағыттар ашу мәселесі баяндалады. Мақала авторы 1984 жылы Жетіасар ескерткіштерін зерттейтін Мәскеу археологиялық экспедициясына қатысқан болатын. Оны белгілі ғалым Л.М.Левина басқарды. Сырдарьяның ескі арналарында 400 жуық ескерткіштер аумағы орналасқан (б.д. IV ғасыр және XVII ғасыр аралығы). Мақала авторлары бірнеше картографиялық деректерді біріктіріп (тарихи-мәдени және экологиялық ескерткіштер және жер асты суының қоры т.б.) карта құрастырған. Мақалада Жетіасар, Бұланды және аң-құс мекендеген экологиялық аумақтарда агротуристік мекендер ұйымдастыру мәселесі қаралады. Аталмыш ескерткіштер жанында агротуристік фермер қожалығы орналасуы тиіс. Аң -құс мекендейтін сексуілді сайларда неолит дәуірінің қамыс шатырлы тұрақтары табылған, оларды жаңғыртуға болады т.б. Қазіргі кезде «Архитектура» кафедрасында тарихи-мәдени ескерткіштер маңында кіші саяжайлар жобалары ғылыми негізде дайындалып жатыр.

Кілттік сөздер: тарихи-мәдени және экологиялық ескерткіштер картасы, агротуристік мекендер ұйымдастыру.

«Жас алаш» газетінде (12 шілде 2018) « Жас ғалымдар Аралды зерртеп жүр» атты мақала басылды. Онда Qazaq Geograpyhu қоғамдық бірлестігі ұйымдастырған экспедицияның зертеулері баяндалып , туризмді дамыту туралы мәселе көтерілген болатын. Осы мәселеге орай бұл мақалада Сыр бойының тарихи- мәдени мұрасын Рухани жаңғыру бағдарымен туризмге бейімдеу мәселесі баяндалады.

Осы мақала авторы 1984 жылы Сыр бойының ескі арнасына жайғасқан көне ескерткіштерді зерттейтін Мәскеу археологиялық экспедициясына қатысқан болатын.,

Экспедиция Жетіасар ескерткіштерін зертеуге арналып, оны белгілі кеңес ғалымы Л. М. Левина басқарды.

Ол кезде тарихи ескерткіштері бар егістіктерге жаңа совхоздар салынатын. Сол себепті, аталмыш жаңа совхоздарды туризмге бейімдеп жобалау туралы ғылыми еңбек жаздым. Ол үшін жеті картаны біріктіріп Сыр өлкесінің тарихи-мәдени, экологиялық ескерткіштері картасын сыздым: Мәскеу археология институты карталары, өсімдіктермен аң-құс мекен -жайлары, жер асты су ресурстары т.б. / төменде карта сызбасы берілді/.

Картада көрсетілгендей, Қармақшы ауданы, Интернационал колхозынан 30 км, Сырдарияның ескі арнасы Қуандария бойындағы тегістікте, қиылған конус пішінді Жетіасар төбелерінде бекіністер жайғасқан. Олардың биіктігі шамамен 15-20 м., өзара қашықтығы 5-6 км, көкжиекке дейін тізбектеле жалғасып жатқан қолтумалы төбелердегі бекіністерді аралағанда фантастикалы ай пейзажында жүргендей әсерге бөленесіз! Мысалы Топақасар төбесіндегі бекіністің төрт биік мұнарасы бар, олар өзара галериямен жалғасқан. Бекіністің ішкі бөлігінде 20-25 шақты пәтерлер жайғасқан. Ал, Алтынасардың баурайында артезиян құбыры бар, ол кішігірім көл спетті, оған шопандар малдарын суаратын.

Ғалымдардың пайымдауынша Жетіасар мәдениеті (б.д.д. У-1У және б.д. УШ-1Х ғасырлар), Отырар мәдениетінің, Ташкент аймағындағы Қауыншы мәдениетінің жалғасы ретінде Қаңлы мемлекеті құрамында болған.

Мәшһүр кеңес археологы, С.П.Толстов 1958жылы Қармақшы ауданы Бұланды ауылын 15 км жерде орналасқан көне күмбезді ғимаратты зерттеп – бұл дүние жүзіндегі ең тұңғыш салынған күмбезді құрылым екенін дәлелдеді! Ол атақты адамдарды жерлеуге арналған дөңгелек формалы кесене .С.П. Толстов бұл күбезді ғимаратты б.д.д. IV-II ғ.ғ. жатқызып, румдықтардан 100 жыл алдын салынғанын жазды.. Ғалым румдықтар күмбезді сырттан алып пайдаланған, өйткені олардың сәулет тарихында күмбез эволюциясы жоқ, ал қазақтарда айқын, күмбезді ғимарат эволюциясы киіз үйден бастау алады деп жазды. С.П. Толстовтың дерегі бойынша, күмбезді ғимаратты алғаш салған арғы қазақтар еді. Олар күмбезді бөлмеге беделді аталарын жерлеген. Өйткені әруақты дәріптеу (культ предков) ұлтымыздың салт-дәстүрі екені аян. Әдетте күмбездің іргесінде ығыстру күші пайда болады. Олар күшті тежеу үшін, күмбез салынған бөлменің сыртын орап, қосалқы бөлмелер салған/<http://kzvesti.kz/kv/fourthband/23910-unikalnyu-ramyatnik-drevnego-zodchestva.html/>.

С.П. Толстовтың дерегіне сай, румдықтар бұл ғимаратқа еліктеп әйгілі Пантеон ғимаратын салған. Бұланды жоспары, кесіндісі, жалпы құрылымы тікелей көшірілгені соншалық, биік күмбезді Пантеонға жарық шаңырақ пішінді дөңгелектен түседі. Ірі мемлекет қашанда шеткі елдер идеясын ұрлайды. Мысалы, қара нәлділердің ырғақты әуені АҚШ заманауи музыкасын жаңғыртып жібергені баршаға аян.

Картада көрсетілген, аталмыш ескерткіштерге арнаулы көліктермен, туристік бағыттар ашуға болады. Ол романтикаға толы болмақ. Жол жөнекей ұшы қиыры жоқ, жусан исі аңқыған тегістікте, жылқылар үйірі жарысып шабады дейсің ... Аталмыш ескерткіштер жанында агротуристік фермер қожалығы орналасуы тиіс. Аң -құс мекендейтін сексуілді сайларда неолит дәуірінің қамыс шатырлы тұрақтары табылған, оларды жаңғыртуға болады т.б.

Агро-туристік қожалық туристерге салт атты экскурсия, ұлттық тағамдар, музыка, т.б. ұлттық танымды қызметтер көрсетуі мүмкін. Сонымен қатар мұнда аталмыш ескерткіштер туралы БАҚ басылымдары, картасы, буклеттері, осы ескерткіштердің ғылыми-танымды видеофильмдері болуы тиіс. Мысалы, М. Әуезов атындағы ОҚМУ Архитектура кафедрасы ғалымдары ортағасырлық Отырар қаласының компьютерлік реконструкциясын ғылыми негізде орындап, 12 минуттық видеофильмін Шәуілдір ауданы әкіміне табыс етті /көне отырарды қайта қалпына келтіру бойынша тың бастама

http://shymkenttv.kz/kz/news/culture_art/kone-otyrardy-kaita-kalpyna-keltiru-boiynsha-tyn-bastama/.

Руханият бағдары бойынша жүзеге асатын мұндай іс-шаралар, ауылдық жерлерде жұмыс орындарын ашып, тарих пен мәдениет, экология ескерткіштерін туризмге бейімдеуге болар еді. Қазіргі кезде «Архитектура» кафедрасында тарихи-мәдени ескерткіштер маңында кіші саяжайлар жобалары ғылыми негізде дайындалып жатыр.

Әдебиеттер тізімі

1. Басенов Т. Қазақстан архитектурасы. Том 2. Алматы. Онер-1546.
2. Байпаков К. М. Великий шелковый путь на территории Казахстана. Алматы, 2007 - 500с.
3. Юсупов А. Н. Историко-культурные и природные факторы в процессе формирования сельского расселения. Автор реферат канд. дис. Московский архитектурный институт, 1985

Аннотация:Статья посвящена организации туристических маршрутов в историко-культурные и экологические памятники бассейна реки Сырдарья у Аральского моря. Один из авторов статьи участвовал в Московской археологической экспедиции в 1984 году, которая изучала Жетиасарские памятники под руководством известного ученого Л. М. Левиной. В старых руслах Сырдарьи имеются около 400 ареалов историко-культурных памятников, которые датируются в основном с IV вв до нашей эры по XVII века. Авторы статьи составили карту, которая объединяет сведения из нескольких картографических материалов: археологические и архитектурные памятники, подземные водные ресурсы, ареалы растительного и животного мира и др. В статье изложены пути организации агротуристических объектов у подножия памятников Жетиасар, Буланды и экологических ареалов с богатым растительным и животным миром. На данный момент на кафедре «Архитектура» готовятся реальные проекты на научной основе возле памятников истории и культуры.

Abstract: The article is devoted to the organization of tourist routes to the historical, cultural and environmental monuments of the Syrdarya river basin near the Aral Sea. One of the authors of the article participated in a Moscow archaeological expedition in 1984, which studied the Zhetiasar monuments under the guidance of the famous scientist Levina L. In old beds of the Syrdarya there are about 400 areas historical and cultural monuments, which date mainly from the IV century BC to the XVII century. The authors of the article have compiled a map that combines following information: archaeological and architectural monuments, underground water resources ecological areas, ect. The article outlines the ways of organizing agrotourism sites under the monuments Zhetiasar, Bulandy and environmental habitats of flora and fauna.



2 секция

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛЫ МЕКЕНДЕРІ - ОТЫРАР МЕН ТҮРКІСТАН; ВЕЛИКИЕ ГОРОДА ВЕЛИКОЙ СТЕПИ - ОТРАР И ТУРКЕСТАН

ӘОЖ 94 (574)

Алдабергенова М.К., Насурлаева Г.О.
PhD, доцент м.а., ОҚМПУ, Шымкент, Қазақстан
магистр-оқытушы, ОҚМПУ, Шымкент, Қазақстан

ТҮРКІСТАН ӨНІРІНДЕГІ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАЛА ЖАЙЛЫ ТАРИХИ ДЕРЕКТЕР

Түйін: Ортағасырлық Сауран қала жұрты өзінің әлі де жартылай сақталған биік қорған қабырғаларымен, қоғамдық құрылыстары, көшелер желісімен, қала жұртын тарамдала кескіндеген керемет кәріздерімен, қала маңы құрылысы мен ежелгі егістік қалдықтарымен Қазақстанның археологиялық және архитектуралық ескерткіштерінің құндыларының бірі болып саналады. Қала жұртында табылған тұрғын жай қалдықтары мен қазба барысында аршылған ғимарат қалдықтары Сауран қалашығы тұрғындарының архитектуралық ескерткіштер салуда жоғары дәрежеге жеткендігінің бір белгісі деп қарастыруға болады. Қолөнершілер орамдары мен қала сыртындағы қоныс жайларда жүргізілген қазба жұмыстары, қала территориясынан табылған керамика мен теңгелер, тұрмыстық заттар Сауранның өңірдің басқа қалалары секілді Қазақ хандығының дамуына өз үлесін қосқан саяси, экономикалық және мәдени орталығы болғандығын дәлелдейді.

Кілттік сөздер: Сауран, ортағасырлық қала, қала мәдениеті, жазба деректер, археологиялық деректер

Кіріспе. Сауран– Орта Сырдариядағы белгілі ортағасырлық қалалардың бірі. Қала құландылары Түркістан қаласынан солтүстік-шығыста 35 шақырым жерде орналасқан. Қала жөнінде алғаш жазба деректер X ғ. жарық көрген. Абу-л-Касым ибн Хаукалдың «Жолдар мен елдер» атты кітабында «Сабран- ғұздардың бейбіт заманда сауда келісімдерін жасау үшін бас қосатын қаласы. Ол өз заманына сай гүлденген қала» [1, с. 20-62]. Кейіннен Сауран туралы Ибн әл Асир мен Якут Қазақстанның оңтүстігіндегі ірі сауда-қолөнер орталығы ретінде айтып өтеді. XIII ғасырдың ортасындағы армян елшісі Гетумның жүріп өткен жолының бағытында ол «Савран» деген атпен Сығанақ (Сгнах), Қаршық (Карачук) және Йасымен қатар көрсетілген [2, с.224].

Теориялық талдау. XIV ғ. бірінші жартысында Жошы заманында Сауран Жошының ұлы Орда Ежен негізін салған, Ақ Орда хандығының астанасы да болған. Қала бұл статусты кейін де сақтайды. Сауран қаласына XVI ғ. Рузбихан сипаттама беріп, мынадай жолдар келтіреді: «Сауран қаласы айтарлықтай жанға жағымды, ашық әрі тегіс дала төсіне орын тепкен, адам санасына қуаныш пен күш сыйлайтын сергітетін таза ауасы бар. Әр түрлі ағаш тұқымдары өсетін қала маңында қой отары тәрізді жабайы ешкілер жайылып жүреді. Қаланы жау қолынан қорғайтын биік қорған дуалдар қоршаған, ал оның сыртынан ор қазылған» [3, с.116]. Сауран қаласы жөніндегі құнды деректер 1514-1515 жж аралығында осында өмір сүрген ақын әрі жазушы Васифидің мемуарларында беріледі. Қаладағы айтулы архитектуралық ескерткіштердің бірі – шайқалып тұратын екі мұнарасы бар медресе жөнінде мынадай жолдар келтіреді: «Оның айванының иықтарына ерекше биік екі мұнара қойылған. Оларға шынжыр бекітілген, ал әр қайсысының күмбезінің астына бөрене орнатылған, егер біреу күшпен бөренені қозғалтатын болса, қарама-қарсы тұрған мұнарадағы адамға мұнара құлап келе жатқандай көрінеді. Ал бұл әлем кереметінің

бірі» [4].

Сауран өз кезеңі үшін алдыңғы қатарлы фортификациялық жүйесі мықты дамыған ірі қамал болғандығы жайлы ортағасырлық авторлардың көпшілігі сөз етеді. Мәселен, Хафиз Таныштың «Шараф-наме-йи шахи» атымен белгілі шығармасында келтірілген мынадай жолдар дәлелдей түскендей: «Сауран бекінісінің тірегі мықты бекітілген, өте күшті әрі ірі қамал болып табылады, тіпті тағдыр қолы ешқашан да оның дуалының түбіне жете алмады». Шығармада Сауранның сол кезеңнің жасыл-желекке оранған, гүлденген қала екендігін айқындайтын мынадай жолдар кездеседі: «Хан қалаға түскі намаз уақытында жетіп, қала шетіндегі бау-бақшада аялдады да, қала төңірегін, мұнараларын, дуалын, қалаға кіретін және шығатын қақпаларды асықпай қарауға көшті» [5, с.17-18]. Сауран қаласының қорғаныс жүйелері мен қамалының мықтылығы жайлы автор мынадай жолдар келтіреді: «Сауран қаласы жақсы бекінген қала. Аспан астында мұндай мықты бекінген, қорғанының биіктігі аспан денелеріне дейін жететін. Қамал орының тереңдігі сонша ағып жатқан өзенге ұқсайтын. Осы ордан қорғанның ең биік нүктесіне дейін 50 гыз шамасында ... ». Қорған дуалының биіктігі қазіргі біздің биіктікті өлшеу мөлшеріне сәйкестендірсек, 4350 см, яғни 43,5 м құрайды. Сауран қаласын қоршауға алған Абдаллах ханның әскерінің азық-түлігі таусылып, аштыққа тап болады [6]. Сауранның бекіністер жүйесіндегі қамалдың мұнаралы қабырғаларын, шығатын-кіретін қақпаларын, қамал дуалдары мен орларын атап өткен ортағасырлық автор сөздерінің дәлелі ретінде 1598 ж. Абдуллах ханның әскері қаланы қоршап алған кезде Бұхарадан тасатқыш машиналар әкелінген болатын. Солардың көмегімен қаладағы тұрғын жайлар мен құдық шегендері қиратылды. Қамал қабырғаларының астынан өтетін жер асты жолы жасалып, орлармен су жіберілді, бірақ қамал ұзақ уақыт берілмеді.

1697 ж. көктемде Федор Скибиннің Қазақ Ордасы мен Бұқарадағы жолдар жайлы сұрастыру барысында Тобол жарлықтар үйінде түзілген Сызбаға қосымша Сібір жарлығынан сырғытпа үзіндісінде «Сыр өзенінен жоғары қарай жүрсек үш күндік жолда Сайран (Сауран – М.А.) қаласы орналасқан. Савран кірпіштен тұрғызылған, онда саудагер бұқаралықтар көп мекендейді. Савраннан Тәуке ханға Түркістанға бару үшін салт атты үшін жарты күндік жол, жаяу жүргінші үшін бір күндік жол» [7, 43 б.]. XVII ғ. қатысты бұл деректегі гүлденген қала өмірі XVIII ғ. ортасына дейін жалғасты, ал одан кейін қала «Түркістан маңындағы ұсақ мекенге айналды» [8, с.18-19] деген деректер кездеседі. Батыс еуропалық Н.Витсеннің хабарлауынша Тәуке кезінде Сауран қаласын – «Қаз-султан» (болашақ Әбілқайыр ханның әкесі Қажы) биледі [9]. Қазақтың ханы Әбілмәмбет 1759 ж. қытай елшісімен жолыққанда өзіне қарайтын қалалар туралы айтқанда 21 елдімекендерді ішінде Сауран да, аталады [10, 73 б.]

Сауранды археологиялық зерттеу жүз жылдан астам уақыт бұрын басталған. Ол жөнінде П.И.Лерхтың, П.И.Пашиноның жазбаларында, А.И.Федченконың есебінде аталып өтеді. Олардың бәрі көне қала орны мен оның қабырғалары жақсы сақталғандығын, медресе үйінділері жөнінде жазады. Мәселен Н.И.Веселовскийдің «Қазалыдан Ташкентке дейінгі жолдағы көне қалалар құландыларына сипаттама» атты шығармасында «Сауран қалашығы осы уақытқа дейін көрген қалалар көлемі бойынша артта қалдырады. Қала құландылары цитадельдің солтүстік-батыс және шығыс жағында орналасқан және қала жайласқан бүкіл кеңістік Сырдариядан келетін арықтармен тілімделген. Цитадельде күйдірілген кірпіштен қаланған табаны жартылай бұзылған және іргетасы ғана сақталып қалған екі мұнарадан басқа тұрғын үй қалдықтары байқалмайды. Цитадельден 2-3 верст қашықтықта саздан тұрғызылған ғимарат қалдықтары табылды, ол өзінің ішкі өңделуі бойынша Сығанақтан табылған мешіт құрылысына өте ұқсас. Сондықтан Сауранда да күйдірілмеген кірпіштен тұрғызылған мешіттер де болған екендігін байқатады», - деген мәліметтер қаланың ерте кездегі топографиясы жайлы мәліметті толықтыра түседі [11, с.31-33].

Алғашқы археологиялық зерттеулерді өткен ғасырдың 40-жылдарының соңында А.Н.Бернштам басқарған ОҚАЭ-сы жүргізді [12, с.82]. Көне қала топографиясы дамыған ортағасырлық қалаларға жатады. Онда қамал, шахристан және рабад анық көрсетілген. Дегенмен рабадты айнала қоршаған бірнеше қабырғаның қалдығы бұл жерде Сауранның болғандығының бұлтартпас дәлелі. Бұл географ Максиди жазған жеті қатар қабырғаның қалдығы екендігі даусыз. Олай болса, Сауран VI-XII ғғ. Қаратөбе көне қаласының орнында орналасып, ал XIII-XVIII ғғ. Сауран осы аттас ескерткіш тұрған қазіргі орнына көшірілген.

1987 ж. Қазақстан Ғылым академиясының тарих, археология, этнография институты археологиялық экспедиция ұйымдастырып, қалаға 1:1000 масштабындағы аэрофототүсірілімдер жасайды. Нәтижесінде қала топографиясы, басты көшелердің бағыттары, ірі ғимараттардың орналасуы жайлы толығырақ жаңа мәліметтер алынды. Қала маңындағы шаруашылығы дамыған аймаққа жасалған аэрофототүсірілімдердің нәтижесінде 350-ге жуық жеке қоныс орны байқалған, қазба барысында археологтар қала ішінде орналасқан 9-10 құланды орнын тапқан. Құландылар орнында бұрынғы қабырғалар орны, кірпіш қаландылары анықталды. Алайда бұл құландылардың қандай мақсатта тұрғызылған ғимараттар екендігі белгісіз. Негізгі зерттеу жұмыстары Саураннан солтүстікке қарай 0,8-1 км жерде орналасқан қала аумағында жалғасқан.

Соңғы жылдардағы зерттеулер мен Сауран көне қала орнының аэрофотосуреттер шифрларын айырып оқу нәтижесінде қалаға мынадай сипаттама беруге болады: Қала аумағы сопақша пішіндес, жан-жағы қамал дуалдарымен қоршалған. Бұл жайлы ортағасырлық автор әл-Макдиси өз (X ғ.) «Ахсан ат-такасим фи-марифат ал-акалим» атты шығармасында «Сауран (Савран, Сабран) – үлкен қала, бірінен кейін бірі жеті қабырғамен қоршалған, онда рабад бар. Мешіт қаланың ішкі жағына салынған. Ол - оғыздар мен қыпшақтарға қарсы салынған шекаралық қамал» [13, с.185],- деп келтірілген деректерге сәйкес, қала дуалы бастапқыда сүйір күмбез тәрізді жақтаулары кертпе, қабырғаның жоғарғы жағының ені 3-4 м, ал төменгі жағы одан жалпақтау болған. Қамал дуалдары шикі кірпіштен қаланған. Қалаға кіретін екі қақпа бар, солтүстік-шығыс бөлігінде орналасқаны бас қақпа болып саналады. Қамалды айналдыра тереңдігі 3 м, ені 15-20 м болатын ор қазылған. Солтүстік шығысы қақпадан басталатын үлкен көше (ені 10 м) оңтүстік-батысқа қарай бағыттталып, қаланы екіге бөледі. Бұл көше қамал дуалдарына 150 м жетпей, солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай бағыттталған тағы бір перпендикуляр көшеге келіп тіреледі. Бұл екі көшеден басқа қалада шағын тұйықтар мен қуыстар саны жетерлік. Орталық көше көлемі 120x40 м болатын орталық алаңға келіп тіреледі. Алаңның оңтүстік-батыс бөлігінде зәулім ғимарат орны байқалады. Күйдірілген кірпіштен қаланған қабырғалары, мұнаралар орнының табылуы, оңтүстік-батысқа бағыттталған михраб іздерінің табылуы – бұл ғимараттың қаланың жұма мешіті қалдықтары деген болжам айтуға болады. Бұл болжамды ТАЭ-сы 2001 ж. жүргізген қазба жұмыстары растайды [14]. Орталық қираған үйіндінің айналасындағы 1,0-1,5 шақырым радиуста әрбіреуі үйден және қабырғамен қоршалған телімдерден тұратын жеке тұрғын жай қалдықтары бар. Телімдерде бау-бақша, жүзім және дәнді дақылдар егілген [14, 11-57 б.].

Сауран қала жұртында XIX ғ. II жартысында медресе мен мешіт құландылары, минарет қалдықтары жайлы зерттеуші шығыстанушылар ежелгі архитекторлар мен құрылысшылардың шеберлігі жайлы таңдана жазған. Қолөнершілер орамдары мен қала сыртындағы қоныс жайларда жүргізілген қазба жұмыстары, қала территориясынан табылған керамика мен теңгелер, тұрмыстық заттар Сауранның өңірдің басқа қалалары секілді Қазақ хандығының дамуына өз үлесін қосқан саяси, экономикалық және мәдени орталығы болғандығын дәлелдейді. Қала өмірінің сан қырын ашуда жазба деректердің алар орны да ерекше. Қаланың топографиясы, қаладағы құрылыс ескерткіштері,

фортификациялық жүйелердің мықтылығы жайлы деректер жазба мәліметтермен толыға түседі. Сауран қаласындағы құрылыс орындарының жақсы сақталғандығын және аймақтағы алатын орнын ескере отырып, Сауран қаласын ашық аспан астындағы мұражайға айналдырып, мемлекет бақылауына алынуы оның қайталанбас ескерткіштерін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуге үлкен септігі тиер еді деген ойдамыз.

Әдебиеттер тізімі

1. Байпаков К.М., Настич В.Н. Клад серебряных вещей и монет из Отрара // Казахстан в эпоху феодализма: Проблемы этнополитической истории. Алма-Ата, 1981, 229 с.
2. Киракос Гандзакеци. История Армении/ пер. с древнеармянского; предисловие и комментарий Л.А. Ханларян. Москва, Наука, 1976, 360 с.
3. Фазлаллах ибн Рузбихан Исфохани. Михман-наме-йи Бухара («Записки бухарского гостя») / пер. с персидского Р.П.Джалиловой; под ред. А.К.Арендса.Москва. Главная редакция восточной литературы изд-ва Наука, 1970, С.55-167
4. Болдырев А.Н. Зайнаддин Васифи -таджикский писатель XVI в. Москва, 1957, 355 с.
5. Пищулина К.А.Присырдарьинские города и их значение в истории казахских ханств в XV - XVII веках // Казахстан в XV - XVIII веках. Алма-Ата, 1969. С.5-50
6. Хафиз-И Таныш Ибн Мир Мухаммад Бухари Хафиз-И Таныш Ибн Мир Мухаммад Бухари / Перевод с персидского, введение, примечания и указатели М.А.Салахетдиновой; Отв. Ред. Н.Д.Миклухо-Маклай. Москва. Наука, 1983, 431 с.
7. Сафи ад-дин Орын Қойлақы. Насаб-нама / қолжазбаны транскрипциялаған және кіріспе мен көрсеткіштерді дайындағандар Ә.Қ. Муминов, З.З. Жандарбек., Түркістан. Мұра, 1992, 366 б.
8. Рычков П. Топография Оренбургская. Санкт-Петербург: Императорская Академия наук, 1762, Ч.1. 405 с.
9. История Казахстана в западных источниках. Алматы. Санат, 2006, Т.6.312 с.
10. Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. Цин патшалық дәуірінің мұрағат құжаттары. Қытай деректемелерін аударған, түсіндірмелері мен ескертулерін жазған Б.Еженханұлы. Алматы, 2006, Т.3, 154 б.
11. Веселовский Н.И. Рукопись «Описание развалин древних городов по дороге из Казалы в Ташкент» ф. № 111 опись № 1 ед. хр. № 243, 58 с.
12. Бернштам А.Н. Проблема древней истории и этногенеза Южного Казахстана // Известия АН Казахской ССР. Серия Археология, 1949, №67(2), С. 59-99
13. Материалы по истории туркмен и Туркмении. VII-XV вв. Арабские и персидские источники. – Москва, Ленинград. АН СССР, 1939,Т.1, 612 с.
14. Байпаков К.М., Смағұлов Е.А. Ортағасырлық Сауран шаһары. Алматы. Кредо баспасы, 2005, 202 б.

Аннотация: Средневековый Сауран является одним из ценностей археологических и архитектурных памятников Казахстана, с сохранившимися до сих пор высотными курганными стенами, общественными строениями, сетью улиц, хорошей канализацией, отделяющими городище, пригородной застройкой и древними пахотными отходами. Найденные в городе остатки жилых помещений и вскрываемые в ходе раскопок остатки зданий, можно считать одним из примеров того, что жители городища Сауран достигли высокого уровня в строительстве архитектурных памятников. Раскопки проводимые в кварталах ремесленников и загородных поселениях, керамика и монеты, предметы быта, найденные на территории города, свидетельствуют о том, что Сауран стал политическим, экономическим и культурным центром, внесшим свой вклад в развитие казахского ханства, как и другие города региона.

Abstract: Medieval Sauran is one of the values of archaeological and architectural monuments of Kazakhstan, with still preserved high-rise mound walls, public buildings, a network of streets, good sewage separating the settlement, suburban development and ancient arable waste. The remains of residential premises found in the city and the remains of buildings uncovered during the excavations can be considered as one of the examples that the residents of Sauran settlement have reached a high level in the construction of architectural monuments. Excavations carried out in the quarters of artisans and suburban settlements, ceramics and coins, household items found in the city, indicate that Sauran has become a political, economic and cultural center that contributed to the development of the Kazakh khanate, as well as other cities in the region.

ӘОЖ: 15,14,01

Артықбаева А., Нубидинова Т., Тілеубаева Ж.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы, Шымкент Жоғары педагогикалық колледжі,
Шымкент Қазақстан
физика пәнінің оқытушысы, Шымкент Жоғары педагогикалық колледжі,
Шымкент Қазақстан
тарих пәнінің оқытушысы, Шымкент Жоғары педагогикалық колледжі,
Шымкент Қазақстан

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ – РУХАНИ ЖАҢҒЫРУДЫҢ НЕГІЗІ

«Кеңістік – барлық нәрсенің, ал уақыт – бүкіл оқиганың өлшемі. Уақыт пен кеңістіктің көкжиегі тоғысқан кезде ұлт тарихы басталады» Н.Ә.Назарбаев

Түйін: Кәсіптік және техникалық білім беретін мекеменің ұстаздары ретінде біздер болашақ мамандарды жоғарыда аталған негіздерге сүйене отырып, барынша рухани бай, ата дәстүрін дәріптейтін азамат етіп тәрбиелеу жолында үлкен мақсаттар қойып отырмыз. Рухани байлықты сырттан емес, өзімізден шығарып сіңіруіміз керек. «Жастары жалындап тұрған ұлттың оты сөнбейді!». Жалынды жастар қоғам қаруы – қандай үлгі көрсетсең, бағытында айқындайсың. Мемлекет пен ұлт құрыштан құйылып, қатып қалған дүние емес, үнемі дамып отыратын тірі ағза іспетті. Ол өмір сүру үшін заман ағымына саналы түрде бейімделуге қабілетті болуы керек. Жаңа жаһандық үрдістер ешкімнен сұрамай, есік қақпастан бірден төрге озды. Сондықтан, заманға сәйкес жаңғыру міндеті барлық мемлекеттердің алдында тұр. Сынаптай сырғыған уақыт ешкімді күтіп тұрмайды, жаңғыру да тарихтың өзі сияқты жалғаса беретін процесс. Екі дәуір түйіскен өліара шақта Қазақстанға түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар арқылы болашағын баянды ете түсудің теңдессіз тарихи мүмкіндігі беріліп отыр. Мен барша қазақстандықтар, әсіресе, жас ұрпақ жаңғыру жөніндегі осынау ұсыныстардың маңызын терең түсінеді деп сенемін. Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы. Өмір сүру үшін өзгере білу керек. Оған көнбегендер тарихтың шаңына көміліп қала береді.

Кілттік сөздер: рухани жаңғыру, мәдениет, тарихи сана, Ұлы Дала, жаһандану

Ұлт Көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың 2017 жылдың 12 сәуірінде жарық көрген «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы мемлекетіміздің жаңа тарихының ұлттық және жалпы адамзаттық сабақтастықтағы дамуына зор серпіліс әкелді. Ал Елбасымыздың қазір жарияланып жарыққа шыққан «Ұлы даланың жеті қыры»

атты мақаласы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласының жалғасы. Аталмыш мақалада Қазақ халқының тереңнен бастау алатын тарихи және мәдени ерекшеліктеріне сондай-ақ, әлемдік өркениетке қосқан өзіндік үлесі туралы жазылған.

Еліміздің жастарының басты мақсатының бірі - Ұлы дала елінің сан ғасырлық мұрасын ұрпақ санасына сіңіру, Ұлт тарихының өзекті мәселелерін кеңінен насихаттау, ұлт тарихына деген көзқарастарын қалыптастыру. Мемлекеттің нығаюы қарулығының күші мен дипломатиялық қарым-қатынаспен ғана өлшенбейді, мәдениеттің күштілігіне де байланысты. Мәдениет халықтың ғасырлар бойы жинақталған бай рухани және материалдық мәдениеттерінің жиынтығы. Мақалада бүгінгі жаһандану жағдайында ұлттың бірегейлігін сақтау барысында халықтың ғасырлар бойы жинақталған бай тарихын танып әрі ашылмаған қырларын зерттеуге шақырады. Жаһанданудың мәдени теориясының өкілдерінің пайымдауларына егерде ұлт өзінің рухани және материалдық дүниетанымдарын меңгермесе, қайнап жатқан қазанда өзінің бірегейлігінен айрылады. Қазіргі жаһандану жағдайында әрбір қазақ өзінің түп-тамырын ұлттық бірегейлігін білдіретін құндылықтар жүйесіне көңіл аударып оны әрі қарай жетілдіру жолында.

Жаһандану жағдайында ұлттың рухани және материалдық құндылықтары дұрыс арнада қалыптаспаған елдер үшін қауіптілік үрдісі арта түспек, әсіресе, енді ғана есін жиып, жоғалтқан құндылықтарын түгендеп жатқан қазақ ұлты үшін. Жаһандану заманында қазақ ұлты өз орнын сақтап қалуы үшін, сонымен қатар, басқаларға адамзат өркениетіне қосқан үлесімізді көрсете білуіміз керек. Біз кездейсоқ пайда болған, әлемдік периферияда кездейсоқ факторлар әсерінен қалыптасқан ұлт емеспіз. Біз мыңдаған жылдар бойы адамзат өркениетінің қалыптасуына әрқашан үлес қосып қоймай, тіпті үлкен әлемдік тарихи процестердің ортасында болдық. Біз Жібек жолының бойында емес – біз Жібек жолының тоғысқан орны болдық. Біз Батыс пен Шығыс арасындағы өркениеттерді байланыстырдық. Сол арқылы қазақ мәдениеті өз алдына бөлек өркениет болып қалыптаса алды.

Қадыр Мырза Әлі ағамыздың «Біздің тарих бұл да бір қалың тарих, оқулығы жұп-жұқа бірақтағы» дегендей біздің оқулығымыз жұқа болып өскен ұрпақпыз. Кез келген ұрпақтың өкілі өзінің бабасының қандай болғанын көріп, байтақ тарихын сезініп, онымен мақтануы керек. Өзінің ұлтының, халқының төл тарихымен мақтана білу үшін, әуелі сол тарихты оқып-біліп, өзгеге жеткізе білу де – ардың ісі. Өткенімізді танып-білу арқылы біз болашаққа нық қадам жасай аламыз. Тарих – біздің асыл қазынамыз. Президент бұл жолы ұлттық болмысымызды сақтап, тарихымызды жаңғырту жайына кеңінен тоқталған. Бұл мақала – «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жалғасы. Мақала «Ұлт тарихындағы кеңістік пен уақыт», «Тарихи сананы жаңғырту» атты бөлімдерден тұрады. Жас буынды ұлттық тәрбиемен сусындату керектігі жазылған. Ұлт қаһармандарын үлгі тұту үрдісін қалыптастыруға жол ашатын іс-әрекеттердің көп болғанын қалап отыр. Біздің даңқты батырларымыз, ойшылдарымыз бен ел билеушілеріміз тек Қазақстан ғана емес, сондай-ақ, бүкіл әлем бойынша еліктеуге лайықты тұлғалар екендігін Елбасы тілге тиек еткен.

Елбасы өз мақаласында дала өркениетінің жеті қырын санамалап қана қоймай, бабаларымыздан қалған мол мұраны өміршең ету мақсатында нақты тапсырмалар жүктеді. Енді ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейінгі барлық отандық және шетелдік мұрағаттар дүниесіне елеулі іргелі зерттеулер жүргізу үшін «Архив – 2025» жеті жылдық бағдарламасы жүзеге асатын болады. Сондай-ақ, атақты тарихи тұлғаларымыз бен олардың жетістіктерінің құрметіне ашық аспан астында ескерткіш- мүсіндер қойылатын «Ұлы даланың ұлы есімдері» атты оқу- ағарту энциклопедиялық саябағын ашу міндеті қойылды. Сонымен бірге, қазіргі әдебиеттегі, музыка мен театр саласындағы және бейнелеу өнеріндегі ұлы ойшылдар, ақындар және ел билеген тұлғалар бейнесінің маңызды галереясын жасауды қолға алу тапсырылды. Еліміздің тарихи кезеңдерін кеңінен қамти отырып әзірленетін, «Ұлы Дала тұлғалары» атты ғылыми-көпшілік сериялар да

көптен көкейде жүрген ойды дөп басып отыр. «Түркі өркениеті: түп тамырынан қазіргі заманға дейін» атты жоба да көптің қолдауын иеленіп қана қоймай, рухани өмірімізде тың серпіліс туғызары сөзсіз. «Ұлы дала фольклорының антологиясы», «Ұлы даланың көне сарындары» жинағын құрастыру мен іздеу-зерттеу экспедицияларын ұйымдастыру – ғалымдар мен мәдениет қайраткерлері абыроймен атқаруы тиіс маңызды бастама. Тарихымызды кинокартиналарға айналдырудың алғашқы қадамдары бұған дейін де жасалды. Тәуелсіздік жылдарында «Көшпенділер», «Жаужүрек мың бала» сынды фильмдерді көрермендер жылы қабылдаса, «Қазақ хандығы» сериалы отандық кино саласындағы ірі жоба болды. Елбасы мақаласында «тез арада Қазақстанның өркениет тарихының үздіксіз дамуын көрсететін деректі-қойылымдық фильмдердің, телевизиялық сериалдар мен толықметражды көркем картиналардың арнайы циклін өндіріске енгізу керек» деген міндет бұл салаға жаңа серпін сыйлап, төл тарихымызды тиімді құралдармен насихаттауға жол ашары сөзсіз. Қорыта айтқанда, Елбасының бұл мақаласы дер кезінде жарияланып, өзекті мәселелерді сөз етіп отыр.

Қазақ халқының өмір сүру дағдысы, тұрмысы, салт-дәстүрі жайлы білу, соны сақтап кейінгіге үйрету ұрпақтарының парызы. Ашқан жаңалықтарын, жеткен жетістіктерін кейінгіге аманаттап кетеді. Көсбасшымыз өз сөзінде: «Бүгінгі ұрпақ ертеңгі болашақ» Болашақты дұрыс жоспарлау қажет». Жастардың дұрыс қанат сермеуі, олардың өркендеуі жасалған жағдайға байланысты. Осы жолда мемлекет тарапынан қарастырылып жатқан қолдаулар көп. Елбасының жастарды қолдауының өзі жаңашыл саясат. Даму мен бәсекелестіктің белең алған заманында білім мен тәрбиені жаңашыл бағытта қолдана білу осы біздің ұтқырлығымыз деп білемін. Жаһандану заманында тәрбиемен игерілген сапалы білім ғана мемлекетті алдыңғы қатардан көрсететіні анық. Жоспарланған жұмыстар мен жобалар көптің қасы. Ұлан байтақ, кең жерімізді қайта жаңғырту, елімізді дамытып, таныту мақсат. Өз сөзінде: «Мен көріп отырған қазақстандықтардың жаңа буыны – Қазақстанның ең орасын жетістігі, Мемлекет басшысы ретіндегі менің жұмысымның нәтижесі. Сіздермен кездесіп отырғаным үшін өте бақыттымын. Мен Қазақстанда Жастар жылының басталуымен құттықтаймын! Біздің көз алдымызда жаңа жаһандық өркениет келе жатыр. Цифрлық қоғамның, экономика мен білімінің дәуірі келді. Менің буынымда мектеп оқып жүргенде, әсіресе ауылда теледидар да жоқ еді. Радио енді ғана шыға бастаған еді. 100 жыл тарих үшін тым қысқа уақыт. Қазір бәрінің 10 жылдың ішінде қалай өзгеріп жатқанын көре беріңіз. Сол үшін біздің мемлекет уақыт алға тартып отырған тегеуріндерге жауап бере алуы керек», - деді Мемлекет басшысы. Сол аманатты Түркі әлемінің бесігі – Тәуелсіз Қазақстанның жастарына «Жастар жылын» жариялай отырып, шыққан тектерімен таныстырған мақала жолдап отыр. Ал осыны оқитын ұрпақ төл тарихын білуге ұмтылып, тарихи санасы жаңғырып, мақалада айтылған керемет идеяларды қолға алып, жобаларға атсалысатынына сенеміз. «Ұлы дала есімдері» атты оқу-ағарту энциклопедиялық саябағын ашу, «Ұлы дала тұлғалары» атты ғылыми-көпшілік кинофильмдер шығарып тарату ұлтымыздың қаһармандарын өз елімізде ғана насихаттамай, шет елдерге де шығарып, әлем халқымен таныстырады. Келер ұрпақ өзінің арғы тегіндегі ұлт батырларын үлгі тұтып өсетін болады. Бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның даласынан күллі әлемге тараған түркі халықтарының тарихын тірілтетін «Түркі өркениеті: түп-тамырынан қазіргі заманға дейін» атты жоба да қолға алынбақшы. Тағы бір қуантатыны, түркі халықтарына ортақ туындылардың онлайн кітапханасын ашу да маңызды болып отыр. Ең негізгісі Ұлы даланың жеті қырымен таныса отырып, арғы тегімізді түгендеп, тарихымызды жаңғыртып, келер ұрпақ мақтанып айта жүретіндей жобаларды қолға алмақшымыз.

Кәсіптік және техникалық білім беретін мекеменің ұстаздары ретінде біздер болашақ мамандарды жоғарыда аталған негіздерге сүйене отырып, барынша рухани бай, ата дәстүрін дәріптейтін азамат етіп тәрбиелеу жолында үлкен мақсаттар қойып отырмыз.

Рухани байлықты сырттан емес, өзімізден шығарып сіңіруіміз керек. «Жастары жалындап тұрған ұлттың оты сөнбейді!». Жалынды жастар қоғам қаруы – қандай үлгі көрсетсең, бағытында айқындайсың. Мемлекет пен ұлт құрыштан құйылып, қатып қалған дүние емес, үнемі дамып отыратын тірі ағза іспетті. Ол өмір сүру үшін заман ағымына саналы түрде бейімделуге қабілетті болуы керек. Жаңа жаһандық үрдістер ешкімнен сұрамай, есік қақтастан бірден төрге озды. Сондықтан, заманға сәйкес жаңғыру міндеті барлық мемлекеттердің алдында тұр. Сынаптай сырғыған уақыт ешкімді күтіп тұрмайды, жаңғыру да тарихтың өзі сияқты жалғаса беретін процесс. Екі дәуір түйіскен өліара шақта Қазақстанға түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар арқылы болашағын баянды ете түсудің тендессіз тарихи мүмкіндігі беріліп отыр. Мен барша қазақстандықтар, әсіресе, жас ұрпақ жаңғыру жөніндегі осынау ұсыныстардың маңызын терең түсінеді деп сенемін. Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы. Өмір сүру үшін өзгере білу керек. Оған көнбегендер тарихтың шаңына көміліп қала береді.

Әдебиеттер тізімі

1. «Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» Егемен Қазақстан 12.04.2017.
2. Назарбаев Н.Ә. «Ұлы даланың жеті қыры» Егемен Қазақстан 21.11.2018.

Аннотация: Как преподаватели учреждений профессионально-технического образования, мы ставим перед собой большие задачи - обучать будущих специалистов на основе вышеупомянутых принципов, а также воспитывать наиболее духовно богатых, отцов традиций. Нам нужно впитывать духовные сокровища изнутри, а не извне. «Огонь пылающей нации умирает!». Сверкающие молодые люди являются оружием общества - что вы можете сделать в указанном вами направлении. Государство и нация похожи на постоянно развивающийся живой организм, а не на холодный, замерзающий мир. Он должен быть в состоянии с умом адаптироваться к ходу дня, чтобы жить. Новых мировых тенденций никто не спрашивал, и дверь пронеслась через дверь полтора. Поэтому задача модернизации - встать перед всеми государствами. Время без сдвига никого не ждет, и возрождение - процесс, который может быть столь же историческим. В эпоху двух эпох у Казахстана есть уникальная историческая возможность возродить свое будущее посредством радикального обновления и новых идей. Я надеюсь, что все казахстанцы, особенно молодежь, поймут значение этих рекомендаций для модернизации. В новом случае внутреннее стремление к модернизации является важнейшим принципом нашего развития. Вы должны быть в состоянии измениться, чтобы выжить. Те, кто не уверен, останутся в пыли истории.

Abstract: As teachers of vocational and technical education institutions, we set big goals to educate future professionals on the basis of the above-mentioned principles as well as educate the most spiritually rich, the father of traditions. We need to absorb spiritual treasures from within, not from outside. "The fire of a nation that is flaming dies!". Blazing young people are a society weapon - what you can do in the direction you specify. The state and the nation are like a living body that is constantly developing, not a cold, freezing world. He must be able to adapt wisely to the course of the day to live. The new global trends did not ask anyone, and the door swept through the door one and a half. Therefore, the task of modernization is to stand in front of all states. The shiftless time does not wait for anyone, and the revival is a process that can be just as historical. At an epoch of two epochs, Kazakhstan has a unique historic opportunity to revive its future through radical renewal and new ideas. I hope that all Kazakhstanis, especially young people, will grasp the significance of these recommendations for modernization. In the new case, the inner aspiration to modernize is the most important principle

of our development. You have to be able to change in order to survive. Those who are insecure will remain in the dust of history.

ӘОЖ 930(091)

Баймаханов Н.Б., Әмірхан Е.Ә., Төрегелдиева Ә.М.

гуманитарлық ғылымдар магистрі М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
гуманитарлық ғылымдар магистрі, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

КӨНЕ ҚАЛАНЫҢ ӨТКЕНІ МЕН БҮГІНІ

Түйін: Бұл мақала Көне қаланың өткені мен бүгінгі туралы Түркістан - Қазақ хандығының астанасы болған тарихи, мәдени қала. Тарихқа көз тастасақ, мұнда сан мәрте ұлтымыздың тағдыры талқыланып, түрлі шешім қабылданған. Ал қалада қазақтың небір ұлы тұлғалары дүниеге келген. Тарихи деректер бойынша, Түркістан атауы "түркілер елі, мекені" деген мағынаны білдіреді. Қаланың іргетасы V-VI ғасырларда қаланып, атауы бірнеше рет ауысқан. Бүгінде Түркістан Қазақстанның тарихы мен мәдениеті бай, адамдардың рухани күш жинауға келетін орны. Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақаласында Қазақстан – күллі түркі халықтарының қасиетті «Қара шаңырағы» деді. Бүгінгі қазақтың сайын даласынан әлемнің әр түкпіріне тараған түркі тектес тайпалар мен халықтар басқа елдер мен өңірлердің тарихи үдерістеріне елеулі үлес қосты.

Кілттік сөздер: Шауғар, Қаратау, Елбасы, Оңтүстік Қазақстан, Түркістан, Орта Азия, Тұран, Ұлы Жібек жолы, Ясы, Күлтөбе, Самарқан, Шымкент

2018 жылы 19 маусымда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысының кейбір мәселелері туралы" заңына қол қойды. Осылайша, Оңтүстік Қазақстан облысының әкімшілік орталығы Шымкент қаласынан Түркістан қаласына көшіріліп, Оңтүстік Қазақстан облысы "Түркістан облысы" деп аталған еді.

Түркістан - Қазақ хандығының астанасы болған тарихи, мәдени қала. Тарихқа көз тастасақ, мұнда сан мәрте ұлтымыздың тағдыры талқыланып, түрлі шешім қабылданған. Ал қалада қазақтың небір ұлы тұлғалары дүниеге келген. Тарихи деректер бойынша, Түркістан атауы "түркілер елі, мекені" деген мағынаны білдіреді. Қаланың іргетасы V-VI ғасырларда қаланып, атауы бірнеше рет ауысқан. Негізінен алғашқы атауы - Шавғар саналады. Шавғарды "Шауғар" деп те атайды. Ол сақ тілінде "Қаратау" деген мағынаны білдіреді. Қаланың атауы араб жазбаларындағы деректерде кездеседі. Арабтардың тарихшы-географы әл-Истахри ибн Кордаубех ат-Танрази өз жазбаларында Шавғар жайлы айтқан. "Көне Шавғар XI ғасырға дейін өмір сүріп, XI ғасырдан бастап қала орталығы Ясыға көшті", - деген ол. Түркістан - Орта Азия мен Тұран даласындағы ең көне қала. Отырықшы мәдениет өркендеген кезде Қазақстанның әр жерінде қалалар саны арта бастады. Әсіресе, Оңтүстік Қазақстан өзінің тарихи орындарымен белгілі. Шавғар қаласы пайда болғаннан кейін оның аймағында Қарнак, Шағылжан, Қарашық, Шур (Сури) қалалары бой көтерген. Тарихи деректерге сүйенсек, Шавғар қаласы арқылы Ұлы Жібек Жолының бір тармағы өткен. Керуен Сырдария бойын қуалай жүріп, ірі қалалар Отырар-Фараб пен Шавғар арқылы өтеді. Ал Шавғардан ары Янгикентке жол тартып, Қарақұм арқылы Хорезмге барады. Янгикент оғыз тайпасының астанасы болған. [1].

Ұлы Жібек жолы және Қазақстанның ежелгі қалалары Ұлы Жібек жолындағы сауда

керуені IX-X ғасырларда ірі қалалар қатарына қосылған Шавғар "Яссы" болып өзгертіледі. Яссы - Ұлы Жібек Жолының сауда орталығы және округі болған. Ал XII ғасырдың I ширегінде қидандар шабуылынан Шауғар құлағаннан кейін, Ясы өлкенің орталығына айналды. Араб тіліндегі еңбектерде бұл қасиетті қалада исламның рухани мұрасын байытқан атақты адамдардың дүниеге келгені жазылған. Солардың бірі - ғұлама, ғалым, сопылық философияның Орта Азияда негізін салған, "Диуани Хикмет" (Даналық кітабы) көне түркі тіліндегі діни өлеңдер топтамасын жазған Қожа Ахмет Яссауи. Ол Ясыға келгеннен кейін атақ-даңқы шыға бастаған. Ал, қайтыс болғаннан кейін қабіріне шағын кесене салынған. Сөйтіп, Ясы қаласы XIV ғасырда түркі тілдес халықтардың діни орталығына айналды. Тіпті оны "Хазреті Түркістан" немесе "Кіші Мекке" деп атаған. Айта кетейік, Ясы жерін қазақстандық археологтар да зерттеген. Олар Ясының орны қазіргі Күлтөбеге сәйкес келетінін дәлелдеп отыр. Өңір Түрік қағанатына қараған, IX ғасырда қарлұқтар мен оғыздардың қол астында болды. Бұл өңірге 809-819 жылдар аралығында Хорасан билеушісі әл-Мамун, X ғасырдың соңында саманилік билеуші Наср жаулаушылық жорық жасаған. [2].

"Яссы-Күлтөбе" қалашығы, ашық аспан астындағы музей Күлтөбе қалашығы. Қалашық Қожа Ахмет Ясауи кесенесінен оңтүстікке қарай 350 метр жерде орналасқан, сопақша келген, биіктігі - 9 метр, аумағы 150x120 метрді алып жатқан ауқымды төбешік. XV ғасырдан бастап Ясы қаласы Түркістан деп аталды. Қазақтың атақты ханы Есімнің тұсында Түркістан Қазақ хандығының астанасы болған. Есім хан ойрат қалмақтарымен күресте ерлік пен батылдықтың өнегесін көрсетіп, "Еңсегей бойлы ер Есім" атанған. Шығай ханның баласы. Туған ағасы Тәуекел ханнан кейін ел билігін қолға алған. Есім хан Қазақ Ордасын 1598-1628 жылдары басқарды. Түркістан қаласында тұрып, билік жүргізді. Сұлтан кезінде ағасы Тәуекел ханмен Түркістаннан Самарқанға дейінгі жерді Қазақ хандығы құрамына қосқан. Түркістан Есім хан билегеннен бастап XIV-XVIII ғасыр аралығында хан ордасы қызметін атқарған. Қазақ хандары мен сұлтандары, билері мен батырлары Күлтөбенің басына жиналып, кеңес құрғаны белгілі. "Күлтөбенің басында күнде жиын" деген сөз бекер емес. Қазақстандық археологтар Түркістан орны көне Күлтөбе жерімен сәйкес десе, онда қаланың Қазақ хандығы тарихында ерекше орын алатыны сөзсіз. [3].

Есім хан кесенесі - Түркістан қаласында XVII ғасырдан сақталған архитектуралық ескерткіш. Қожа Ахмет Яссауи кесенесінің батыс мұнарасынан оңтүстікке қарай 12 метр жерде орналасқан. Кесене Қазақ хандығының ханы Есім ханның қабірінің басына тұрғызылған. Ортағасырда Түркістан Қазақстан жеріндегі ірі білім орталығы болған. Мұнда жазылған туындылардың авторлары көпке мәлім. Олар - Ахмет Яссауиден бастап, шәкірті Сүлеймен Бақырғани, Ахмет Иүгнеки, Жүсіп Баласағұн. Сонымен қатар, Түркістан білім ғана емес Сырдария өңірінің саяси және экономикалық орталығына да айналған. 1598 жылы ол біржолата қазақ хандығының орталығы болды. Бұған дәлел - Ахмет Яссауи кесенесі төңірегіне қазақ хандары, батырлары мен билерінің жерленуі. Олар Шығай, Есім, Жәңгір, Тәуке, Абылай хандар мен Қазыбек, Әйтеке билер, Қанжығалы Бөгенбай, Тобықты, Мамай, Қоңырат Сырғак, Нияз, Дулат сияқты батырлардың да құлпытасы бар. Орта ғасырдағы Сыр бойындағы Сығанақ, Сунақ, Сауран сияқты ірі шаһарлардан біздің ғасырға жеткені Түркістан. Ол моңғол-татар, жоңғар шапқыншылығын, қазіргі Орта Азия мен Қазақстанда сол кезде өмір сүрген мемлекеттер мен хандықтардың жаугершілігін көрген. Соған қарамастан қала іргесі құламай, бүгінде Түркістан облысының орталығы болып отыр. Сол себепті Түркістанды "ержүрек, батыр қала" дейді. Түркістандағы Яссауи кесенесі, 1871-1872 жылдар. Этюд суретші Верещагин Василий Васильевичтің Түркістанға барған екінші сапарында салынған, 1869-1870 жылдар. Картина Мәскеудегі орыс бейнелеу өнерінің аса ірі музейі Третьяков галереясында орналасқан. [4].

Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарқын жұлдызы Мағжан Жұмабаев та Түркістанға арнап өлең жазған: "Түркістан - екі дүние есігі ғой, Түркістан - ер түріктің бесігі ғой . Тамаша Түркістандай жерде туған, Түріктің Тәңірі берген несібесі ғой". Тарихи деректерге сүйенсек, патшалық Ресей Түркістан аймағын басып алу мақсатында түрлі саясат жүргізген. Ал Түркістан халқы оған қарсылық көрсетуімен болған. Ақын Мағжан туған жылдары Түркістан аймағы түгелімен патшалық Ресейдің езгісінде еді. Мағжан Ресейдің Түркістан аймағында отаршылдық саясатын күшейту мен славян тектес көшпенділерді жаппай Түркістан территориясына қоныстандыруына қарсы шыққан халықтың 1916 жылғы көтерілісіне де куә болыпты. Мағжан Жұмабаев - ұзаққа созылған бодандық кезеңінде келімсек отаршылдардың халық жадынан өшіруге тырысқан рухани байлығын сақтап қалуға бүкіл ғұмыры мен әдеби күш-жігерін арнаған ұлы тұлғалардың бірі. Ол жанын құрбан еткен қасиетті күрес тек оның өлімінен кейін жеңіс тапты. Ал ол армандаған бақытты күндерде қазіргі ұрпақ өмір сүруде. [5].

Бүгінде Түркістан Қазақстанның тарихы мен мәдениеті бай, адамдардың рухани күш жинауға келетін орны. Ол жаңадан Түркістан облысының әкімшілік орталығына айналды. Қаланың шығысы тарихи Отырармен, солтүстігі Кентау қаласы және Созақ ауданымен, батысы Қызылорда облысының Жаңақорған ауданымен шектеседі. Әкімшілік аумағы 7,4 мың шаршы шақырымға жетеді. Кезінде білім орталығы болған қалада қазір 1992 жылы құрылған Халықаралық Қазақ-Түрік университеті бар. Түркістан қаласы - Қазақстанның тарихи туризмінің таптырмас ордасы. Әсіресе, туризм кластерінің басым бағыты, көлік инфрақұрылымы қолайлы жолға қойылған. Қала халықаралық көлік магистралінің желісінде орналасқан. Түркістан-Сібір магистралі өтетін қалада 60 шақырым шойын жол торабы, 1583,6 шақырым автокөлік жолы бар. Сонымен қатар, Түркістан қаласын Шымкент-Самара автомагистралі кесіп өтеді. 2000 жылы ЮНЕСКО шешімімен Түркістан қаласының 1500 жылдық мерейтойы әлемдік деңгейде атап өтілді. Ол тарихи қаланың дамуындағы айтулы кезең болды. Ал 2002 жылы онда Дүниежүзі қазақтарының II құрылтайы өтті. [6].

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры » бағдарламалық мақаласында Қазақстан – күллі түркі халықтарының қасиетті «Қара шаңырағы». Бүгінгі қазақтың сайын даласынан әлемнің әр түкпіріне тараған түркі тектес тайпалар мен халықтар басқа елдер мен өңірлердің тарихи үдерістеріне елеулі үлес қосты. Түркістан Қазақстанның ежелгі астанасы халқымыздың рухани орталығы ғана емес, сондай-ақ, бүкіл түркі әлемі үшін киелі орын болып саналады деп айтты . «Осыдан бір жарым жыл бұрын жарияланған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламасының жалғасы ретінде жарық көрген мақала тарих пен болашақты байланыстырмақ. Мәселен, орта ғасырдағы Отырар қаласы әлемдік өркениеттің ұлы ойшылдарының бірі - Әбу Насыр әл-Фарабиді дүниеге әкелсе, түркі халықтарының рухани көшбасшыларының бірі Қожа Ахмет Яссауи Түркістан қаласында өмір сүріп, ілім таратқан. Осы Ұлы далада өмір сүріп отырған бүгінгі халық, өзімізді адамзат өркениетіне өлшеусіз үлес қосқан ұлттың ұрпағы және мәңгілік дамуға жаңа бағыт берген мәдениеттің өкілі екенін ұмытпауымыз керек. Бірлік пен ынтымақты, татулық пен тұрақтылықты, сайып келгенде, Тәуелсіздікті баянды, Ұлы дала елін мәңгілік, Түркістанды түркі дүниесінің текті төрі және мәдени-рухани орталығы болары хақ. [7].

Әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар:Рухани жаңғыру» Егемен Қазақстан 12.04.2017.
2. Назарбаев Н.Ә. «Ұлы даланың жеті қыры» Егемен Қазақстан 21.11.2018.
3. Назарбаев Н.Ә. «Тарих толқынында» Алматы. Атамұра 1999.
4. Назарбаев Н.Ә. «Тәуелсіздік дәуірі» Астана 2017.

5. Кан Г.В., Тугжанов Е.Л. Ұлы Дала тарихы: учебное пособие/ Астана, Zhasyl Orda, 2015.
6. Аяған Б.Ғ., Әбжанов Х.М., Махат Д.А. Қазіргі Қазақстан тарихы, Алматы, 2010.
7. «MANGI EL» халықаралық ғылыми-көпшілік тарихи журналы, Алматы, 2014.
8. Ұлттық жаңғыру – туған жер тұтастығы мен болашағының негізі. «Қала мен Дала» газеті 2017.

Аннотация: Статья посвящена истории и современному древнему городу Туркестану. Туркестан-исторический, культурный город, став столицей Казахского ханства. В этой связи, в соответствии с указом президента Республики Казахстан "о кардинальных мерах по улучшению условий для предпринимательской деятельности в Республике Казахстан" от 27 февраля 2014 года № 757 правительство Республики Казахстан постановляет: А в городе родился великий казахский народ. По историческим данным, название Туркестана означает "страна тюрков, место". Фундамент города был построен в V-VI веках и переименован в несколько раз. В основном первое название-Шавгар. Шавгару также называют "Шаугар". Он в Сакском языке означает "Каратау". Название города встречается в источниках арабских надписей. В Словаре Реализован Двухсторонний Перевод.Б. В программной статье Назарбаева «семь граней Великой степи» Казахстан – священный «Шанырак» всех тюркских народов. Сегодня с казахской степи тюркские племена и народы, распространенные в разных уголках мира, внесли значительный вклад в исторические процессы других стран и регионов. Туркестан отметил, что древняя столица Казахстана является святым местом для не только духовного центра нашего народа, но и всего тюркского мира

Abstract: This article is devoted to the history and modern ancient city of Turkestan. Turkestan is a historical, cultural city, becoming the capital of the Kazakh khanate. In this regard, in accordance with the decree of the President of the Republic of Kazakhstan "on drastic measures to improve conditions for entrepreneurial activity in the Republic of Kazakhstan" dated 27 February 2014 No. 757 of the government of the Republic of Kazakhstan decides: And the town is the birthplace of the great Kazakh people. According to historical data, the name of Turkestan means "country of Turks, place". The Foundation of the city was built in the V-VI centuries and renamed several times. Mostly first name of Shavgar. The Shavgar is also called "Cougar". It means "Karatau" in Saka language. The name of the city is found in the sources of Arabic inscriptions. In The Dictionary Implemented Two-Way Transfer. In Nazarbayev's program article "seven facets of the great steppe" Kazakhstan – sacred "Shanyrak" of all Turkic peoples. Today, from the Kazakh steppe Turkic tribes and peoples, common in different parts of the world, have made a significant contribution to the historical processes of other countries and regions. Turkestan noted that the ancient capital of Kazakhstan is a Holy place for not only the spiritual center of our people, but also the whole Turkic world
ӘОЖ 94(574)

Баймаханов Н.Б., Ибраш Н.

Гуманитарлық ғылымдар магистрі №84 жалпы орта мектебінің тарих пәні мұғалімі
Шымкент, Қазақстан
Циолковский атындағы №84 жалпы орта мектебі 7 сынып оқушысы
Шымкент, Қазақстан

ОРБҰЛАҚ ШАЙҚАСЫ - ҰЛТ БІРЛІГІНІҢ ҮЛГІСІ

Түйін: Бұл мақала Орбұлақ шайқасы- ұлт бірлігінің үлгісі Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» және биыл жарық көрген «Ұлы даланың жеті қыры» мақалалары Қазақ елінің болашағына бағдар беретін аса маңызды құжат. Елін, жерін сүйген батыр ұлдарымыз бен инабатты қыздарымызды бүкіл әлемге қазақ халқының тұлғасын дәріптейтіндей тәрбиелеу мәселесі осы тұста өзекті болмақ. Менің мақалам қазақстандық патриотизмге тәрбиелеп, туған жердің тарихын білуді мақсат етеді. 1643 жылы жазында басталған Қазақ хандығының қолын басқарған Жәңгір хан мен жоңғар қолын басқарған Батыр Қонтайшы арасында өткен Орбұлақ шайқасы туралы. 2018жыл Орбұлақ шайқасындағы ұлы жеңістің 375 жылдығы республика көлемінде кеңінен тойланды. Орбұлақ шайқасы – маңызы орасан шайқастардың бірі. Бұл – қазақ жасақтарының Жоңғар басқыншыларына ымыралықпен, бірлікпен байласа, біріге тосқауыл берген алғашқы нәтижелі ұрыстарының бірі. Сондықтан да шайқастың тарихымызда маңызы ерекше.

Кілттік сөздер: Орбұлақ, Жоңғар, Түркістан, Қазығұрт, Самарқан, Орта Азия, Қоянды, Аламантау, Жетісу, Сарытау, Боқан

Өткен тарихымызда ауыр әрі қасіретті кезеңдер көп. Ел үшін, жер үшін талай ғасыр күресіп келген ата-бабаларымыз шайқастың небір түрін көрді. Ел есінде қалып, қазақ батырларының ерлігі аңызға айналған айқастың бірі — Орбұлақ шайқасы. Жоңғарларды ойсырата жеңген бұл соғыстың халқымыз үшін маңызы зор. Тәуелсіз еліміз Орбұлақтағы тарихи бетбұрыстың 350 жылдығын алғаш рет 1993 жылы атап өткені белгілі. Биыл Орбұлақ шайқасындағы ұлы жеңістің 375 жылдығы республика көлемінде кеңінен тойланды. Осы орайда Түркістан облысы, киелі Қазығұрт ауданы арқылы Өзбекстанға қарай өтетін, халықаралық күре жолдың бойында Орбұлақ шайқасы батырлары Салқам Жәңгір хан мен Самарқан әмірі, Жалаңтөс баһадүрге арналған еңселі ескерткіші ашылды. Қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы ұлт-азаттық соғысы ұлт қаһармандарының ел мен жер тағдырын батыл шешіп, халқын қорғай алатындығын дәлелдеп, көрегендік саясатының мызғымас беріктігін көрсетті. Орбұлақ шайқасы – [қазақ халқының Жоңғар шапқыншылығына](#) қарсы азаттық соғысындағы алғашқы бетбұрысты оқиғалардың бірі. [1].

Бұл шайқас 1643 жазында [Қазақ хандығының](#) қолын басқарған Жәңгір хан мен жоңғар қолын басқарған Батыр Қонтайшы арасында өтті. XVII ғ. 30-жылдарындағы бытыраңқы [ойрат](#) тайпалары біртұтас мемлекетке бірігіп, [Жоңғар хандығының](#) негізін қалады. [Қазақстан](#) мен [Орта Азия](#) турасында ойраттар ұстанған сыртқы саясаттың күшейуі қазақ-жоңғар қарым-қатынасын шиеленістіріп, жиі-жиі әскери қақтығыстарға әкеліп соқтырды. Жоңғарларға қарсы күресті [Есім ханның](#) ұлы [Салқам Жәңгір хан \(1629-1680\)](#) басқарды. Алғашқы шайқас [1635](#) жылы шайқастардың бірінде [Жәңгір хан](#) жеңіліс тауып, тұтқынға түседі. Бірнеше жыл тұтқында болған Жәңгір өзара бітімнен кейін босап, қазақ даласына оралды. Осыдан кейін Жәңгір жоңғарлармен бітіспес жауға айналады. [1640](#) жылы жоңғарлар қазақ даласын нысана ретінде қарастырған құрылтай өткізеді. [Батыр Қонтайшының](#) өзі бастаған ойрат қолы қазақ даласына қарай қозғалды. Батыр қонтайшы

он тоғыз жыл (1634-1653) билеген кезінде Қазақ хандығына үш рет ірі әрі жойқын шапқыншылық жорықтар жасады.. Екінші соғысы 1643 жылы өтіп, Орбұлақ шайқасы тарихта ерекше орын алды. [2].

Орбұлақ қолайлы қорғаныс және соғыс жүргізу үшін қазақтарға өте ыңғайлы болды. Қорғаныс желісі мен шабуылды ұтымды әрі тиімді ұйымдастырды. Жалаңтөстің жасақталған кәсіби әскері жоңғарлардың тас-талқанын шығарып, ту-талақай етті. Мысын басып, біраз шығынға батырды Батыр Қонтайшы бастаған ойрат-қалмақ елу мың қолмен қазақ елін жаулап алуға аттанғаны жөнінде Салқам Жәңгір өз шолушыларынан мәлімет алады. Орбұлақтағы ойрат пен қазақтың тектілері Қарахан патшаның тұсында «Арамызды шаһар байласын, шаһар байламаса, заһар шайнасын» деп анттасқан көрінеді. Маруан-Аһра би «Орбұлақ тектілердің ат-тізгінін тартып тоқтаған тәтті жері еді. Ойраттар анттан аттады. Орбұлақтың бойында улы жебемен қарсы алыңдар. Бұл жерге қылыш көтеріп келгендер өз қанына өзі тұншығады. Ойраттар елу мың болса да 600 сарбазың жетеді. Қостоқты бастаған қолың, Сүлеймен бастаған сексен мергенің бар, қия тұмсықты біз барғанша төтеп беріңдер» деп Салқам Жәңгірге хабар жібереді. Жәңгір бастаған қазақ қолы Орбұлақтың қия беткейіндегі 600 қойтасты паналап ор қазып алып, жауын улы жебемен қарсы алады. Сонымен қатар Сасықтекенің түтінін де пайдаланады. Улы жебе адамға жанап кетсе болды, безгек тигендей мәңгілікке сұлап түседі екен. Ал Сасықтеке деген гүл таутекелер күйлеген кезде иіскейтін және сол уақытта гүлдейтін болса керек. Соны суға қайнатып, оған шүберек малып кептіреді де, жағып жіберсе түтіні жан-жануарды уландырып тастайды. Салқам Жәңгір әскерінің бас қолбасшысы Қостоқты батыр 600 сарбазын із суытар жерге тастап, ойраттардың алдынан өзі шығады. Оларды алдаусыратады да «Сасықтеке» түтініне ұрындырады. Қазақ қолының аз екенін білетін жау жапырып тастамақ болып лап бергенде улы түтінге, онан соң улы жебеге ұрынады. Міне, осындай амал-айла арқасында қалмақ қолы ойсырай бастайды. Аузы-басын тұмшалап, ешкінің майымен майлап алған қазақ жауынгерлеріне улы түтін әсер ете қоймайды. Уланғандары қымыз бен мендуананы араластырып ішіп, тазарып аман қалады. Ал аттары уланса тұмсығына құйрық маймен ұрып тазартады. Алғашқыда не болғанын түсінбей қалған ойраттар мәнісін кейіннен біледі. Он мыңдай жасағынан айырылған олар кейін шегініп ақылдаса бастайды. Осы кезде жиырма мың қолымен Жалаңтөс Баһадүрдің қолы тықсыра бастайды Жоңғарлармен шайқаста Жәңгір тапқырлық көрсетіп, дұрыс шешім қабылдады. А.И.Левшин: «Ол ашық шайқастан қашып, аздаған адамдарының бір бөлігін екі таудың арасымен сайға орналастырды. Олар жерді терең етіп қазып, биік қорған дуалын жасады, ал жауынгерлердің екінші бөлігі таудың арғы жағында тығылып отырды. Жоңғарлар қорғанға таяп келіп, оған шабуыл жасады. Көп адамынан айырылған соң, оларды қоршап алуға алаңның тарлығы мүмкіндік бермеді. Сол кезде Жәңгір олардың ту сыртынан шабуылдады. Ойламаған жерден болған соққының, әрі жауынгерлердің батылдығының арқасында, мылтықтарының өте сапалы болуынан Батыр қонтайшыға қатты соққы берді», – деп сипаттайды. [3].

Жоңғарлардың отрядтары ойлы-қырлы жерлермен кезеңге шығып, оқты қарулармен қаруланған қазақтармен соғысуға мәжбүр болды. Жоңғарлардың қару-жарақтары туралы Ю.Крижанович: «Қалмақтар соғысқа өте мықты қаруланып шығады. Дулығамен, найзамен және сауытпен. Олардың садақтары мен қылыштары біздердікінен қысқа және ұшы қайырылмаған. Оны римдіктердің «siscae» атты қаруларымен салыстыруға болады. Өздері оны лақтыратын найза деп атайды. Дегенмен де соғыса келе, олар өте жақсы ойланған қақпанға түскендерін, кезеңге шабуыл жасаудың оларға жеңіс әкелмейтінін түсінді. Бірақ әскерді тоқтату мүмкіндігі тіпті болмады. Артта келе жатқан әскерлер олардың тығыздығын көбейте бастады. Ол жоңғарлардың жауынгерлік ұрандарын, көпшілігінің тез алға ұмтылуын әлсіретті. Ақырында мағынасы жоқ шабуылды тоқтатудың сәті түсті. Барлық әскерлерге команда жетіп, олар төменгі жерге түсіп, қазақтың жауынгерлерін

өзеннің маңайында айналып өтуге шешім қабылдады. Жоңғарлар төменге бет алды. Айнабұлақ өзенінің ағысының ойылған жерінде өткел бар, оны альпинистер «цирк» деп атайды. Қазақтың атқыштары оларды сол жерге қуып тықты. Осы арада жоғарыдан асылып тұрған тастар төмен құлай бастады. Ол атқа немесе әскеріне тиіп, қырыла бастады» – дейді. Аман-есен шыққандары қазақ жауынгерлерінің оғынан қаза тапты. Шайқас бір жағдайда ғана тоқтауы мүмкін еді, ол – жоңғарлар жағдайды түсініп, кезеңге шығу үмітінен бас тартулары тиіс. [4].

Қазақ әскерлерінің бір бөлігіне таулардың арасындағы қалмақтар бекіністен тар өткелмен өткенде қоршап алу бұйырса, екіншісіне тауда жасырыну бұйырды. Ол қалай ойласа, солай болды. Қоңтайшы бекініске шабуыл жасады. Содан ерлікпен қорғана бастады. Осы кезде Жәңгір сұлтан жауға сырт жағынан шабуылдады. Винтовкасымен соққы берді. Жаулар жағынан 10000-ға дейін адам қырылды» – деп сипаттайды. Жоңғарлар тағдырмен ойнамай, кейін шегінді. Таудағы шайқас Жәңгірге қанат бітірді. Таудың ішінде Жәңгір жағдайды зерттеп, жартылай таныс жерлерде алдағы қимылдың жоспарын жасады. Артта Алтынмел шыңы бар. Қоянды тау шыңының бауырының шығыс жағында Күреңкей тау, Аламантау, Куянатытау, Сарытау, Боңқан таулары созылып жатыр. Көкжеті тауының арғы жағы жоңғарлар. Бұл жер тактикалық жағынан қызықтырады: ұзындығы 200 метрдей екі биік таудың сілеміндегі тар сай, биіктігі 2000-2500 метр теңіз биіктігімен өлшегенде. Батыстан Қоянды тауының шыңдарында Күреңкейдін шығуға қиын шыңдары, Оңтүстік батысында Кача-таудың жоталарында терең сай бар. Ол жерге көп салттыларды орналастыруға болады. Ал оның сол жағындағы жерден қазылған бекіністің тастармен қаланған жерінде қазақтың ерікті жасақшылары орналасқан. Әскерлердің бұл бөлігінің басшылығына Жиёмбет және Жақсығұл батырларды қойған. Тактикалық әдіс түрінде Орбұлақ шайқасы күштерді біріктіре білгендікті көрсетті. Қазақ хандығының әскери өнерінің тарихында тұңғыш рет оқпана қазып соғысу тәсілі қолданылды. [5].

Қазақ шежірелерінде және халық аңыздарында соғыс жоңғар Алатауында, Орбұлақ деген жерде болған. Бұл шайқас қазақ халқының тарихында басқа да ірі оқиғалармен бірдей орын алды. Жәңгір «Салқам» (айбатты) деген құрметті атқа ие болды. Бұл соғыс ойрат қоғамына өз әсерін тигізді. Олардың өзара қырқысын бастауға әкеліп соқты. Ескі феодалдар арасындағы өзара қайшылықтары жарыққа шықты. Жәңгір хан бірегей қолбасшы, әрі епті стратег екенін дәлелдеді. Ол оқиға болып жатқан кезде не істеу керектігін тез ұға білді. Шешуші кезеңде жауынгерлерді жігерлендіріп өзінің тікелей соғысқа қатынасуымен шешіп кетіп отырды. Осы ерекшеліктерімен Орбұлақ шайқасында көзге түсті. Қазақ жауынгерлері өздерінің ерліктерімен, өздерінің жан аямайтындықтарымен өз жерінің тәуелсіздігін және халықтың бостандығын қорғай алатындығын дәлелдеді. Шайқас қазақ халқының тарихындағы аса ірі жеңістердің бірі әрі бірегейі болды. [6].

Орбұлақтағы Салқам Жәңгір мен Самарқанның әмірі Жалаңтөс баһадүрдің жоңғарларға қарсы қол біріктірген шайқасының жеңісі, бұдан бірнеше жылдан кейін Ордабасыда үш жүздің хандары мен батырларының, билерінің ауызбіршілікпен жиналып, ортақ тіл табысып, бірігуінің тарихи маңыздылығы барлығын дәлелдеп, ой салды. Бұдан былай бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, басқыншы жауының бетін қайтарып отырды. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» және биыл жарық көрген «Ұлы даланың жеті қыры» атты мән-маңызы жоғары әрі өміршең мақалалары келешектегі түйткілді мәселелерді тағы да жаңғыртып, ел мен өлке тарихына шынайы ықылас аударуға ықпал етті. [7].

Салқам Жәңгір мен Жалаңтөстің қолбасшылығымен басталған ұлт тағдырын жоқтатып, ойлантқан, өздерінен күші басым аса ауыр шайқаста шапырашты Қарасай, арғын Ағынтай, алшын Жиенбет, қаңлы Сарбұқа, найман Көксерек, дулат Жақсығұл, суан

Елтінді, қырғыздар Көтен мен Табай батырлар Жетісудан жауды қуып шығып, жанқиярлықпен ерлік көрсетіп, азаттықтың ақ таңын атырды. Бұл соғыс қазақ халқының ауызбіршілігін, бір-біріне деген жанашырлығын, ынтымақты жарастығын, қиын-қыстау кездегі бір-біріне қамқорлық жасағанын тағы да дәлелдеп берді.

Қазақтың салқам Жәңгір бастаған сарбаздарына Самарқан әмірі Жалаңтөс баһадүр 20 мың әскерімен көмекке келіп үлгеріп, дұшпанның арман-мақсатының құлпаршасын шығарып, жеңіліс дәмін таттырды. Орбұлақ шайқасы ұлттық тарихтың жауынгерлік даңқ шежіресінде ерлік пен қаһармандықтың және отаншылдықтың өнегесі болып айшықталып қалды. Ел қорғаны болған батырларымыздың қай-қайсысы да біз үшін әрі құрметті, әрі қасиетті.[8].

Әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. Алматы, Атамұра, 1999.
2. Жолдасбаев С. Орта ғасырдағы Қазақстан тарихы. Алматы-Атамұра, 2012ж.
3. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. Т.1. Алматы. Атамұра, 2010;
4. Бакина Н.С. Жанақова Н.Т. Қазақстан тарихы Алматы. Атамұра, 2017.
5. Тұрғараев Б. Орбұлақ шайқасындағы ерлік үлгісі Егемен Қазақстан 2018.
6. Өтениязов С. Жалаңтөс Баһадүр. Ана тілі №14 (1428) 2018.
7. Ұлттық жаңғыру – туған жер тұтастығы мен ел болашағының негізі: «Қала мен Дала» газеті 2017.

Аннотация: Данная статья является важнейшим документом, который ориентирует на будущее казахского народа статьи Президента Республики Казахстан Нурсултана Абишевича Назарбаева «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» и «Семь граней Великой степи», опубликованные в этом году. В этом плане актуальна проблема воспитания личности казахского народа во всем мире. О Орбулакской битве, которая состоялась летом 1643 года между Ханом Жангир-ханом и Батыром Контайши, возглавлявшим руки Казахского ханства. В этом году 375-летие Великой Победы в битве Орбулак широко отмечалось в республике. Орбулакская битва-одна из самых значимых сражений. Это один из первых результативных сражений казахских отрядов, которые связывают с примирением и единством джунгарских захватчиков. Поэтому битва имеет особое значение в истории.

Abstract: This article is a critical document, which focuses on the future of the Kazakh people article of President of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev "modernization of Kazakhstan's identity" and "Seven Facets of the Great Steppe" published this year. In this regard, the problem of education of the Kazakh people around the world is relevant. About Orbulak battle that took place in the summer of 1643 between Khan Zhangir Khan and Concise Batyr, who led the hands of the Kazakh khanate. This year, the 375th anniversary of the great Victory in the battle of Orbulak was widely celebrated in the Republic. The battle of orbulak is one of the most significant battles. This is one of the first productive battles of the Kazakh troops, which are associated with reconciliation and unity Dzhungarian invaders. Therefore, the battle is of particular importance in history

Губайдуллин Ө., Қуат А.

ҚР еңбек сіңірген қайраткер, профессор, АӘИУ, Шымкент, Қазақстан
аға оқытушы, АӘИУ, Шымкент, Қазақстан

МАХАМБЕТ ЖЫРЛАРЫ, АСҚАҚ РУХТЫҢ ҮНІ.

Түйін: Бұл мақалада Махамбет Өтемісұлының өмірі мен шығармашылығы қарастырылады. Ол атақты отбасының ұрпағы, соған қарамастан, қарапайым халықтың мүддесін қорғады. Бұл Махамбет поэзиясында көрініс тапқан. Махамбет Өтемісұлы сияқты Сырым Датов, Кенесары Қасымов қазақ халқының болашағы үшін күресті. Өз халқының бостандығы үшін күресте ол өз өмірін құрбан етті. Махамбет қазақ халқының антиколониалды, ұлт-азаттық көтерілісінің ұйымдастырушысы және идеологтарының бірі болып табылады. Ерте ауызша әншілік шығармашылықпен әуестеніп, оның таланты суырып салма ақын халық массасында көптеген табынушыларды тапты. Махамбет тек ақындық шеберлікпен ғана емес, ең алдымен өзінің даналығымен және адамгершілігімен жалпыға ортақ құрметке қол жеткізді. Ол өзінің өлеңдерінде, ең алдымен, қазақ қоғамының әлеуметтік-психологиялық аспектілеріне, қарапайым халықпен болып жатқан процестерге, әділдік пен алдау, жақсылық пен жамандыққа өзінің жаман көз қарасымен қарайтыныны көрсетті.

Кілттік сөздер: батырлар, ақын, жыр, жырау, өлең, егілу, зарлау, көтеріліс, бұқарашылдық, шешендік, нақыл сөз, атамекен.

Махамбет-халық арасында келеңсіз құбылыстарды, келелі істерді өлеңіне арқау еткен өр рухты, асқан ақындығына қалың жұртшылық бас иген ақын. Ақын өлеңдері – саяси бағыт. Махамбет ақын өзгеде жоқ, өзінде ғана бар құдіретті қасиетімен батырлар тарихында да, ақындар тарихында да жарық жұлдыздай жарқырап жеке тұратын теңдесі жоқ дара да, дана тұлғада екі арман кетті, біріншісі – елдік екіншісі – ерлік.

Елдік – қай дәуірдің болмасын асыл үні. Махамбет жырларында егілу, сарнау, зарлау сарыны жоқ. Отаршылдық тәртібі бұғау болып басқа киілгенімен, одан құтылып шығудың реті жоғын көрсе де Махамбет, егілмейді. Бұғауға көңісі келмей бұлқынады. Жалаулы найза алып, жау тоқтатар күнді аңсайды. Елдік аман сол-тар қапасақ тап болған халқын еркіндікке жеткізе алмады. Халқын тәуелсіздікке жеткізу жолында ақынның асқақ рухын:

“Еділдің бойы ен тоғай,

Ел қондырсам деп едім”-деген жолдардан айқын көруге болады. Ақынның барлық дерлік өлеңдері бостандық пен әділдікті жақтайды, халқына рух береді. Дауылпаз ақынның ерлік арманы сол-ата жаумен қан майданда айқасып, қаруын қапысыз сілтеп, қан кешіп жүріп мерт болмады, бұғып келген қарақшының қолынан қапыда кетті. Осы орайда ақын Сағат Әбдуғалиевтің мына бір өлең жолдары еске түседі:

“Бөрілермен бөрілерше белдескен,

Сен менен бақыттысың, Махамбет!” Демек, елі үшін айқасқан ақынның еш арманы жоқ.

Әрі қиын да, әрі сұлу тағдыр! Оның есімін айталғанымызда жүзі лапылдаған, көз жанары өңменіңнен өтетін, сөйлесе сөзі өткір, әрі ыстық, өне бойын өлең мен аттан өрілгендей жаралымы бөлек жарқын бейне көз алдымызға келеді. Үстінде сауыт, басында дулыға, бас қаруы түп-түгел. Астында сынық құлақ арғымағы, ерулі аты жетегінде, Исатайдың шашақты туының астында, балтырдан сәл кейін сар желіп келе жатқандай.

Бұқарашылдық идеясын айқын танытып, қазақ қауымындағы қайшылықтың шиеленіскен кезін хан-феодалдар мен еңбекші халық арасындағы кескілескен күресті нағыз шындық тұрғысында жырлап өткен ақын – Махамбет Өтемісұлы еді. Ол езілген

елдің жоғын жоқтап, ар-намысын қорғаған күрескер ақын, Исатай Тайманұлы бастаған шаруалар қозғалысына бастан-аяқ қатынасқан, сол қозғалыстың ең бір табанды сарбазы, өз кезеңінің ірі қоғам қайраткері: Еліне, халқына шын беріліп, сол үшін шыбын жанын пидә еткен асыл ер, қалың бұқара мақсатын жоғары ұстай білген азамат ақын.

Махамбет Өтемісұлы 1804 жылы Батыс Қазақстан облысы, Орда ауданы, Нарын құмында дүниеге келген. Әкесі Өтеміс өз кезінде Айшуақ, Жантөре, Бөкей ханның беделді билерінің бірі, әрі Беріш ауылының старшыны болған. Сондықтан болар Өтеміс бидің кедей болмағандығы көрінеді. Өтемістің төрт әйелі болған деседі. Бірінші әйелінен – Тоқтамыс, екінші әйелінен – Бекмахамбет, Махамбет, Қожахмет, Ыбырайым, Әліп, Жакен, үшінші әйелінен – Ысмайыл, Сүлеймен, төртінші әйелінен – Досмайыл дүниеге келеді.

Біз Өтемістен туған он едік,
Онымыз атқа мінгенде –
Жер қайысқан қол едік – дейтіні осы.

Көтеріліс! Қара қазақтың ұғымында, халықтың жалпақ тілінде бұл Исатай батырдың Жәңгір ханмен жауласуы.

Жауласудың басы не? Әрине тіл ғана және Исатай мен Жәңгірдің бас араздығы емес. Бұның көптеген саясат-элеуметтік себептері болды. Ең бастысы Еділ мен Жайықтың арасын жайлаған қазақтың шаруа ауылдарына Жәңгір ханның қоныстан қысым көрсетуі, онсызда кедей сорлыны үсті-үстіне түрлі алым-салықпен тыштықтатуы.

Көтеріліс тұтанғаннан кейін ең алғаш хан жасағымен Исатай бетпе-бет келген Қилы мола деген жер еді. Осы қозғалысқа себепші жауыздың бірі ханның қайын атасы Қарауылқожа еді. Тарпа бас салуға бата алмай, екі жақ ақыры осы мола түбінде ашық майданға шығады. Осы қан төгіс көтерілісте ауылдың түгел серілері жиналып, оның ішінде Махамбет батыр, Исатай батыр сияқты жауынгер жігіттер қожаның найзагерлерімен жұлысып жекпе-жекке шығады. Бәрі де қарсы жақтан дәулірімдерін шетінен аттан жұлып түсе береді: Сонда топты айналып келіп:

Қарағайға қарсы бұтақ біткенше,
Еменге иір бұтақ бітсейші.
Қыранға тұғыр қыларға.
Ханнан қырық туғанша,
Қарадан бір-ақ тусайшы,
Артымыздан біздердің
Ақырып теңдік сұрарға!
Халықтың кегін қусайшы ! – деп Махамбет батыр тебіренеді.
Сені көлден айырған,
Лашын құстың тепкіні.
Мені елден айырған
Хан Жәңгірдің екпіні.
Айтып айтпай немене?
Құсалықпен өтті ғой,
Махамбеттің көп күні, — деп толғанады ақын.

Махамбет Өтемісұлы қанша ұрыста елдің елдігі, халықтың теңдігі үшін күресіп, маң далада жаумен айқасқа түскенде, оның бұрқырап тасыған қайратын көрген халық риза болып батыр сайлады.

Махамбет өлеңдері көтеріліс, күрес, тартыс үстінде туды. Оның өлеңдері сол көтерілістің ақындық үні, шежіресі болды. Махамбет өлеңдері көбінде шешендік өрнекке құрылған-нақыл, терме, толғау түрінде келеді. Мысалы:

Аз сөйлер де көп тыңдар
Хас асылдың баласы...

Жаманнан туған жақсы бар

Атасын айтса нанғысыз,-деген өлең жолдары қанатты сөзге айналып кеткен. Дауылпаз ақын: «Халқының қамын ойламаған азамат- азамат емес, жігіт- жігіт емес»- дейді. Қаншама жалғыздық тауқыметін, жеңіліс қасіретін бастан өткерген ақынның жүрегінен шыққан сөзі- туған елге, атамекенге деген сүйіспеншілігі екенін байқаймыз.

Абайламай айырылдым,

Ар жақтағы елімнен

– Анау Нарын деген жерімнен.

Тірі кеттім демеймін,

Кем болмады өлімнен,- деген сөздері кімнің болса да сай- сүйегін сырқырататыны сөзсіз. Тегінде ақын туған елді, жерді осылай сүймесе, халқын азаттыққа, елін еркіндікке бастамас еді. Махамбет ерлік жайында қай ақыннан да асыра, жеріне жеткізе жырлаған.

Ереулі атқа ер салмай,

Егеулі найза қолға алмай,

Еңку-еңку жер шалмай,

Қоңыр салқын төске алмай,

Ерлердің ісі бітер ме?-деп, бойындағы бар жігер- қайратын сездіреді.

Асылдан болат ұл туса,

Екі жақ болып тұрғанда,

Егескен жерде шарт кетер,

Жауырынынан өтіп алса да,

Жамандарға жалынбас - деп, сын сағатта шыдас беретін өжеттікті, өрлікті, намысқойлықты мадақтайды. Ісіне адалдық, алған бетінен айнымау, сенімділік, батырлық секілді қасиеттер- азаматтың асыл қасиеті дейді ақын. Бір ғажабы, ердің ері ғана өте алатын ауыр жолдардан Махамбеттің өзі өткен, ердің ері ғана шыдайтын сынақтарда Махамбеттің өзі шыдас берген. Жырларын көпшілік мүддесі үшін жұмсаған Махамбет- асыл сөздің кені, көркем тілдің ұстасы, ерлікке үндейтін жалынды үгітшісі еді. Махамбеттің от жалынға толы поэзиясымен тегеуірінді күйлері Құрманғазы шығармаларының ерекше қалыптасуына игі әсерін тигізді

Қорлықта жүрген халқыма,

Бостандық алып берем деп, — Махамбет жырлағанды.

Батыр Махамбеттің 1846 жылғы күзде Қарый деген жерде Баймағамбет сұлтанның жіберген адамдарының қолынан аяулы түрде қаза табуы халықтың жүрегін зар жылатты.

Осыдан 173 жыл бұрын 1846 жылы қазан айында Орынбор қазақтарының батыс бөлігінің билеушісі сұлтан Баймағамбет Айшуақов Махамбетті өлтірудің жоспарын жасайды. Және де ақынның өзі тірідей қолғатүсіріп әкелген адамға ескі патша ақшасымен 1000, ал басын әкелген адамға 500сом төлейтінін жария еткен. Мұндай қылмысты жүзеге асыратын адамдар да табылады.

Махамбеттің басын Баймағамбетке Ықылас қызыл подноса салып, бетін мақпал матамен жауып әкеледі. Сұлтан: «Қандай сыйлық әкелдің?» - деп матаны қанжардың ұшымен ашып қалғанда, подноста Махамбеттің басы жатады.

Қарыйдағы осы трагедияға биыл 173 жыл толды. Бірақ барлығы дәл сол күнгі кештегідей халық көңілінде хаттаулы да жаттаулы... «Заманнан заман оралған сайын» осы бір қазаның өкініші мен ашуы жанға бата түскендей, жүректі сыздатқандай. Өйткені Махамбеттің халық кегі үшін еткен еңбегі ұлан ғайыр. Ал құдіретті жырларының халық үшін қымбаттылығы соншалық!

Қорытындылай келе, ғасырлар, жылдар алмаса келе талай оқиға көмескі тартары заңдылық. Ал Махамбеттің ісі мен жырларына ондай қауіп төнбек емес. Оның өлең ағыны-өмірдің өзіндей тоқтаусыз. Ақынның жыр-толғауы бір кезеңнің баяны ғана емес, күллі адамзатқа тән азаттық пен теңдіктің өшпейтін ұраны. Махамбет сонысымен мәңгілік.

Әдебиеттер тізімі

1. Ахмедияров Қаршыға. «Шашақты найза шалқар күй», Алматы, 2002.
2. «Махамбеттің жыр жебесі» И. Тасмағамбетов. Алматы, 2016.
3. «Махамбет мұралары» И. Кенжеалиев, Алматы, 2014.

Аннотация: В данной статье рассматривается жизнь и творчество Махамбета Утемисова. Он потомок знатной семьи, несмотря на это защищал интересы простого народа. И это отражено в поэзии Махамбета. Махамбет Утемисов как Сырым Датов, Кенесары Касимов боролся за будущее Казахского народа. В борьбе за свободу своего народа он жертвовал своей жизнью. Махамбет является одним из организаторов и идеологов античности, национально-освободительного восстания казахского народа. Раннее устное пение было вдохновлено творчеством, его талантливый поэт нашел много поклонников в толпе. Махамбет завоевал всеобщее уважение не только своим поэтическим мастерством, но прежде всего своей мудростью и человечностью. В своих стихах он был прежде всего связан с социально-психологическими аспектами казахского общества, процессами простых людей, его злополучными глазами справедливости и обмана, и показал это.

Abstract: This article discusses the life and work of Makhambet Utemisov. He is a descendant of a noble family, despite this he defended the interests of ordinary people. And this is reflected in the poetry of Makhambet. Makhambet Utemisov as Syrym Datov, Kenesary Kasimov fought for the future of the Kazakh people. In the struggle for the freedom of his people, he sacrificed his life. Makhambet is one of the organizers and ideologists of antiquity, the national liberation uprising of the Kazakh people. Early oral singing was inspired by creativity, his talented poet found many fans in the crowd. Makhambet won universal respect not only for his poetic skill, but above all for his wisdom and humanity. In his poems, he was primarily associated with the socio-psychological aspects of Kazakh society, the processes of ordinary people, his ill-fated eyes of justice and deception, and showed it.

Губайдуллин У¹., Исаев Б².

¹ҚР еңбек сіңірген қайраткер, профессор, АӘИУ, Шымкент, Қазақстан

²ҚР мәдениет қайраткері, профессор, Сырдария университеті,
Түркістан облысы, Қазақстан

ХАЛЫҚ АСПАПТАРЫ ОРКЕСТРЛЕРІ МЕН АНСАМБЛЬДЕРІНІҢ БІЛКІТІ ЖЕТЕКШІЛЕРІН ДАЯРЛАУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Түйін: Мақалада халық аспаптары оркестрлері мен ансамбльдердің жетекшілерін даярлауға қойылатын заманауи талаптар қарастырылған. Қоғамдағы саяси – әлеуметтік өзгерістер мен ұлттық рухани құндылықтарға жаңаша көзқарастың қалыптасуына байланысты, рухани мәдениетіміздің басты белгісі болып табылатын ұлттық музыка өнеріне және сол өнерді орындаушы, насихаттаушы музыканттар ұжымының жетекшілерін сапалы даярлау заман талабы болып отыр. Дирижердың жұмысын бір - бірімен тығыз байланыста жүргізілетін идеологиялық, педагогикалық, ұйымдастырушылық және көркеми - шығармашылық бағыттардағы төрт аспектіге бөліп қарауға болады. Бұл жұмыстардың әр бағыты жетекшіден терең білімділікті және кәсіби шеберлікті талап етеді.

Оркестрлік ұжымның жетекшісі ретінде оған эстетикалық, идеологиялық, әлеуметтік және саяси - экономикалық бағыттардағы мемлекеттік ұстанымдарды оркестр музыканттарына түсіндіріп, насихаттау міндеттері жүктеледі. Авторлар болашақ маман дайындау ісінде студенттердің әлеуметтік – психологиялық ерекшеліктерін ескерудің маңызы зор болатындығын атап көрсеткен.

Кілттік сөздер: Музыкалық – эстетикалық тәрбие, музыкалық аспаптар, аспаптық музыка өнері, музыкалық эксперименталдық шеберхана, халық әндері, күйшілік өнер, оркестрлік орындаушылық, орындаушылық шеберлік, концерттік репертуар, дирижер, аспаптардың өзара үндестігі.

Қоғамдағы түбегейлі өзгерістер жоғары оқу орындарына білікті, саяси, әлеуметтік мәселелерді терең түсінетін, қоғамның өзгеру заңдылықтарын бағдарлай алатын кәсіби маман даялау міндетін артып отыр.

Осындай міндеттер саяси, әлеуметтік тәрбиелік мәні зор мәдени іс - шараларды ұйымдастыра алатын, жастарды әсемдікке, еңбекке, отанын шын сүйуге баулитын, халықтық өнер ұжымдарын басқару ісін меңгерген мәдениет қызметкерлерін дайындау өнер мен мәдениет жоғары оқу орындарының алдына да қойылып отыр.

Мәдениет саласында халық аспаптары оркестрлерінің жетекші - дирижерларының ерекше орны бар. Себебі, халық музыкасын сүйіп тыңдауға, халық музыкасы арқылы әр халықтың салт - дәстүрін, мінез - құлқын, ішкі жан - дүниесін түсінуге болады. Халық музыкасы арқылы тыңдаушы тек әсемдікке кенеліп, жанға жайлы әуендерге тербеліп қана қоймайды, сонымен қатар халықтық өнердің эстетикасын түсінеді, оның таусылмас қазынысынан сусындайды, өз халқына деген шексіз сүйіспеншілікке ие болады.

Халық аспаптары оркестрінің дирижерына – ұжымның жетекшісі ретінде эстетикалық, идеологиялық, әлеуметтік және саяси - экономикалық бағыттардағы мемлекеттік ұстанымдарды оркестр музыканттарына түсіндіріп, насихаттау міндеттері жүктеледі.

Жетекші:

- ұжымның жұмысын ұйымдастырады және оларға педагогикалық жетекшілік жасайды;

- оркестр музыканттарын өнердің теориясы мен тарихы жайлы мағлұматтармен қаруландырады;
- оркестр мүшелерінің көркеми – шығармашылық талғамын дамытып, орындаушылық шеберлігін арттырады;
- ұжым мүшелерінің саналылығын, адамгершіліктік мінез – құлқын қалыптастырады;
- көркем насихат жұмыстарының ұйымдастырушысы ретінде көрерменнің эстетикалық талғамын қалыптастырады;
- өнер құралдары арқылы халықтың әлеуметтік белсенділігін арттырумен айналысады. Дирижердың жұмысын бір - бірімен тығыз байланыста жүргізілетін идеологиялық, педагогикалық, ұйымдастырушылық және көркеми - шығармашылық бағыттардағы төрт аспектіге бөліп қарауға болады. Бұл жұмыстардың әр бағыты жетекшіден терең білімділікті және кәсіби шеберлікті талап етеді.

Идеологиялық аспектідегі жұмыстар жалпы методологияға, эстетика мен мәдениет теориясына, өнер мен мәдениет саласына деген мемлекет саясатына және қоғамдық өмірдің құбылыстарына талдау жасай отырып, оларды ұжымның ішкі тәрбие жұмыстарында қолдана білуіне негізделеді. Бұл аспект ұжым жетекшісінен саяси – тәрбие жұмыстарын жүргізу тәжірибесі мен шеберлігін талап етеді.

Оркестр жетекшісінің педагогикалық аспектідегі қызметі үйретудің қағидалары мен жалпы педагогиканың дидактикалық заңдылықтарына, музыка үйрету және адамның музыкалық қабілетін дамыту заңдылықтарына, ұжым құрудың және оның даму ерекшеліктеріне, түрлі әлеуметтік – демографиялық топтарға музыканың әсер ету ерекшеліктеріне негізделеді.

Ұйымдастыру аспектісі ұжым жетекшісінен ұжымды басқару мен оның жұмысын ұйымдастыру қабілетін, ұжымның жұмысын жоспарлап, шығармашылық дамуын қамтамасыз ету, ұжымдық дәстүрлерді қалыптастыру, белсенді қоғамдық маңызды істерге тартуға қажетті білімділігін, шеберлігін және тәжірибесін талап етеді.

Көркеми шығармашылық аспект ұжым жетекшісінен музыкалық – тәрбиелік жұмыстарды іске асыру үшін кәсіби музыкалық білімді, шеберлік пен дағдыны, музыкалық шығарманың идеалық – көркемдік құнын айқындай білуді, оны оркестр ұжымына үйретудің әдістемесін меңгеруді, музыка тарихы мен оның бүгінгі таңдағы зерттелу бағыттарын білуді талап етеді.

Мәдени – тынығу жұмыстары мамандығының оқу процессін бақылап, оқу жоспарлары мен пәндердің бағдарламаларын қарайтын болсақ, біз, музыкалық пәндер мен мәдени – тынығу жұмыстарын ұйымдастыру пәндерін оқыту барысында болашақ маманды, бірі – бірімен үйлестірілмеген, екі бағытта тәрбиелеу жұмысының жүріп жатқанын аңғарамыз: олар - жалпы мазмұндағы мәдени іс – шаралар ұйымдастырушысы және музыкалық ұжымдардың жетекшісі – дирижері. Осы жерде музыкалық ұжымдардың жұмысын ұйымдастырушы, болашақ маманды педагогикалық - психологиялық аспектіде дайындау ісі аса ескерілмейтінін байқаймыз. Мұндай құбылыстар екі цикл пәндерінің өзара жеткілікті жағдайда логикалық тұрғыда үйлестірілмегендігінен. Тек жекелеген оқытушылар ғана мәдени – тынығу жұмыстарының әдістемелерін студенттің болашақ мамандығына сәйкестей отырып, музыкалық – орындаушылық жұмыстарды мәдени іс - шараларда пайдаланудың жолдарын көрсетеді. Осының нәтижесінде студент мәдени – тынығу жұмыстары циклінің пәндерін терең меңгерудің қажеттігіне мән бермей, болашақ жұмысының мазмұнынан аз хабардар жағдайда қалып отырады. Осының салдарынан мәдени – тынығу мекемелері жағдайында көпшілікпен музыкалық – ағарту ісін ұйымдастыру әдістері қажетті деңгейде меңгерілмей қалады.

Музыкалық пәндерді оқытуға келетін болсақ, оларды мәдени мекемелердің жағдайына лайықтап оқытудан алшақтап, музыкалық ұжым жетекшісін орындаушы музыкант ретінде тәрбиелейді. Музыкалық өнердің насихатшысын, педагогын дайындаудың

қажеттігі өз деңгейінде есепке алынбайды.

Маман дайындаудың сапасы, студенттердің оқу пәнінің мақсаттарын айқын түсінуіне көп байланысты. Оқу пәндеріне әр студенттің ынтасы, ықыласы әр түрлі болатындағы белгілі. Әрине, шәкірттің оқуға түскенге дейінгі білімі мен орындаушылық дағдысы пәнді жақсы меңгеруге өз әсерін тигізеді.

Болашақ маман дайындау ісінде студенттердің әлеуметтік – психологиялық ерекшеліктерін ескерудің зор маңызы бар. Оқу орнына келген жас жігіттер мен қыздар өздерінің өмірге көзқарасы, дүние танымы, мәдениеті мен әлемдегі болмыстардан хабардарлығы бұрынғы жылдар студенттерінен әлдеқайда асып түседі. Кейбір студенттердің оқуға, білім алуға деген ынтасының аздығы да байқалады. Сондықтан студенттердің оқу процессіне деген ынтасына әсер етуші кейбір объективті және субъективті жағдайларды оқытушының білгені абзал. Олар:

- оқытушының тұлғасы, жеке басының үлгісі мен қатаңдығы;
- аралық бақылаулар мен емтихан сессиясы;
- оқу тобы жетекшісінің ықпалы;
- студенттің ата – анасының сенімі;
- студенттің тұрмыстық жағдайы;
- оқулық және өндірістік практика;
- марапаттау, жазалау т.б. факторлар.

Студенттің оқуға деген ынтасы мен жауапкершілігін арттыратын ең әсерлі фактор – ол оқытушының жеке басының үлгісі мен оның қатаңдығы деп атар едім. Кейбір кезде бұл фактордың өзі де әсерлі бола алмай қалады. Ол мынадай жағдайларға байланысты:

- университет оқытушылары студенттерге білімнің саласы бойынша бірден – бір білім көзі болудан қалды. Студенттер интернеттен, электрондық оқулықтар мен оқу құралдарынан, теледидардан, радио арналарынан т.б. ақпарат көздерінен өзіне керекті мәліметтерді ала алады;
- кейбір оқытушылардың сабақ беру әдістемелерінің студенттің заманауи талаптарына жауап бермеуі;
- жастар арасында жоғары оқу орнының оқытушылығы мамандығына деген қызығушылықтың аздығы;
- студенттер мен оқытушылар арасындағы жолдастық, әріптестік және шынайы шығармашылық қарым – қатынастың болмауы;
- оқытушылары жайлы студенттердің бір жақты ғана білуі.

Осылардың бәрі жинақтала келе студенттердің оқуға ынтасының төмендеуіне, оқытушының кісігерлік қасиетінің болашақ маман иелерін қалыптасуға жасайтын ықпалының азайуына келіп соқтырады.

Музыкалық тәрбиені жан – дүниесі бай, асқақ арманды адамдардың қалыптасуына әсер ету тұрғысынан қараған жөн. Музыкаға ынтықтық, талғамдылық және музыканы меңгеруге талпынуды адамға тән басқа қасиеттерден бөліп алуға болмайды. Олар адамның моральдық бейнесімен, мінез – құлқымен, рухани ішкі дүниесімен тығыз байланысып жатады. Музыканы толыққанды меңгеру, қайсыбір жандар ойлайтындай, қарапайым, оңай нәрсе емес. Тыңдаушыларымыз музыканың ғажайып әлеміне енуі үшін, оларға қажетті әдістемелік жәрдем берілуі керек. Мұндай міндеттерді жоғары дәрежедегі музыкалық мамандармен қамтамасыз етілген мәдениет ұжымдары ғана атқара алады. Сондықтан, музыкалық оқу орындарының алдында тұрған басты міндеттердің бірі – студенттерді музыкалық білім мен музыкалық өнерді жан – жақты насихаттау ісінің әдістемелік тәжірибесімен қаруландыруымыз керек. Ол студенттермен жұмыс жасаудың әлемдік практикада қолданылып, жақсы нәтижелерге ие болып отырған жаңа әдістерін үйренуге шақырады.

Әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» Қазақстан халқына жолдауы. 2010.
2. Аспапты музыканы дамытудың кейбір мәселелері/Ғылыми мақалалар жинағы.- Шымкент: ОҚМУ, 1998
3. Вопросы истории и теории музыки Казахстана/отв. ред. П.И.Аравин. Алматы, Онер, 198, 2016
4. Момынов П. Музыкалық – эстетикалық тәрбие, Алматы, Қазақпарат, №2, 2006.

Аннотация: В статье рассматриваются современные требования к подготовке руководителей оркестров и ансамблей казахских народных инструментов. Руководитель должен уметь подбирать художественный репертуар и организовать репетиционные работы оркестрового коллектива с учетом их возрастных особенностей, умением играть на музыкальных инструментах. Кроме того руководитель оркестра должен уметь организовать воспитательные работы с молодыми музыкантами коллектива. Будущего руководителя оркестра и ансамбля народных инструментов мы должны подготовить к умению проводить воспитательные работы в следующих взаимосвязанных аспектах: идеологических, педагогических, организаторских и художественно – творческих, где трубуется от руководителя множество теоретических знаний и практических умений. Авторы статьи большое внимание уделяли на заинтересованность студентов в получении теоретических знаний и практических навыков по избранной специальности.

Abstract: The article discusses the modern requirements for the training of orchestra leaders and ensembles of Kazakh folk instruments. The leader must be able to select the artistic repertoire and organize the rehearsal work of the orchestral group, taking into account their age features, ability to play musical instruments. In addition, the head of the orchestra should be able to organize educational work with young musicians of the group.

We must prepare the future leader of the orchestra and the ensemble of folk instruments for the ability to carry out educational work in the following interrelated aspects: ideological, pedagogical, organizational and artistic and creative, where a lot of theoretical knowledge and practical skills are used by the leader.

The authors of the article paid great attention to the interest of students in obtaining theoretical knowledge and practical skills in their chosen specialty.

Есеналиев А.Е., Торғаутова Ш.А., Рыстанбекова Ж.М.

заң ғылымдарының кандидаты, доцент «Қазақстан Халықтар Ассамблеясының» арнайы кафедрасының меңгерушісі. М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан тарих магистрі, Ғылыми-зерттеу басқармасының бас маманы, ҒЗБ «Мұра» жас зерттеушілер және шығармашылардың Кіші Академиясының жетекшісі М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан тарих пәнінің жоғары санат оқытушысы, Шымкент көлік колледжі, Шымкент, Қазақстан

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҚЫРЫ МЕН СЫРЫ ОТПАР

Түйін: Бұл мақалада ел тарихындағы Қазақ Елімен және шетелдердің инвестициялық заңнамасының дамуының жалпы заңдылықтары мен негізгі тенденцияларын тану үшін және оның заңнаманың дербес саласы ретінде пайда болуы мен қалыптасу тарихын зерттеуге қажетті деректемелер жазылды. Отырар – Қазақстанның орта ғасырлардағы әйгілі қалаларының бірі. Тарихи деректерге үңілер болсақ, Отырар кезінде Фараб деген атпен де белгілі болғанға ұқсайды. Ұлы ғұлама, данышпан бабамыз Әбу-Нәсір әл Фарабидің туған қаласы көптеген ғасырлар бойы батыс пен шығысты байланыстырып тұрған күретамыр орталығы болған. Археологиялық қазба жұмыстарының нәтижелері көрсеткендей, бұл қала сол кездің өзінде–ақ озық ойлы жобалармен тұрғызылғаны анықталды. Тарих айтады: Ұлы Отырар Кіндік Азия Қазақстандағы ғана емес, бүкіл әлемдік өркениетке аты мәшһүр қала.

Кілттік сөздер: Ұлы дала, Отырар, қалыптасу, деректер, археология, қазба жұмыстар, өркениет,

Отырар – Қазақстанның орта ғасырлардағы әйгілі қалаларының бірі. Қаланың қалдығы Отырар төбе деген атпен белгілі, қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданының Шәуілдір елді мекенінің жанында орналасқан. Отырар қаласы туралы көшпеген саяхатшылардың жазба деректерінде айтылады. Тарихи деректерге үңілер болсақ, Отырар кезінде Фараб деген атпен де белгілі болғанға ұқсайды. Алғаш сол аймақтың аты Фараб атанып, астанасы Отырар болған, ал кейіннен қаланың өзі де Фараб атанған (ҮІІІ ғасырда). Сонымен бірге қала ІХ ғасырдың басында Тарбан деп де аталған. Қаланың мұндай аты Білге Қағанға арналған ежелгі түрік руникалық жазуында кездеседі. Ал ХІІІ ғасырдан өмір сүруін тоқтанғанға дейін қала Отырар атанған. Отырар қаласының атының дәуірлеп шыққан кезі Шыңғыс хан жаугершілігі тұсында 1218 жылы Шыңғыс хан Қайырхан басқарған қазақ қаласына 450 адамнан тұратын саудагерлер елшілігін жіберді. Саудагерлер керуені Отырарға келген кезде Қайырхан олардың арасында «жансыздар» бар екенін естіп, сенімсіздік білдіреді де, тұтқынға алып жазалайды. Осы уақиға монғолдардың қазақ даласына жаугершілік жасауына себепші болады. 1219 жылы құмырсқадай қаптаған монғол қолы Отырарды қоршап алып, бес ай бойы жанкешті ұрыс жүргізеді. Ақырында өз іштерінен шыққан әскери басшы Қараша қожаның сатқындығынан қала монғолдары ойранына ұшырап, қайсар да ержүрек басшы Қайырхан қолға түседі.

Осындай есеңгіреткен қырғыннан кейін де Отырар қайтадан ес жиып, бұрынғы қалпына келіп отырды. Бір жағынан тоғыз жолдың торабында – Жібек жолының бойында орналасқандықтан, қала экономикалық жағынан тез өркендеп өсті. 1248 жылы қалада алғаш рет Отырар белгісімен ақша соғылды.

Ұлы ғұлама, данышпан бабамыз Әбу-Нәсір әл Фарабидің туған қаласы көптеген ғасырлар бойы батыс пен шығысты байланыстырып тұрған күретамыр орталығы болған. Археологиялық қазба жұмыстарының нәтижелері көрсеткендей, бұл қала сол кездің

өзінде—ақ озық ойлы жобалармен тұрғызылғаны анықталды. Қаланың бір елең еткізетін, мамандарға ой салатын жері - оның су жүйелерінің қазіргі қалалардағы жүйелерге тән ұқсастығы. Онда үйлердің әр бөлмесіне су құбырлары жүргізілген. Құбырлардың жасалуы да әрі ықшам, әрі әдемі, ернеулеріне нақышты өрнектер салынған. Үй мен үйдің арасын жалғайтын құбырлар бұлардан едәуір жуандау болып келеді. Сонымен қатар кейбір бөлмелерде жуынып шайынатын бұрыштар, тіпті ванналар кездеседі – деді 1975 жылы археологиялық қазба жұмысына қатысқан зерттеуші, өнер танушы Әбдуәли Төлебиев.

Отырар тарихы біздер үшін ерекше. Біріншіден, бұл қала – адамзаттың екінші ұстазы атанған әл-Фарабидің отаны. Осының өзі-ақ Отырардың атағын шығаруға жетер еді. Ал, бұл жерден одан бөлек тағы 33 әл-Фараби шыққан. Екіншіден, Отырар өз заманындағы руханият астанасы болған. Александриядан кейінгі әлемдегі ең үлкен кітапхананың осы қалада орналасуы тегін емес. Үшіншіден, Отырар өзінің қаһарман қорғаушыларымен өшпес даңққа бөленген, батырлықтың, отансүйгіштіктің теңдесі жоқ баламасына айналған. Сондай-ақ бұл жерде Қожа Ахмет Иассауидің ұстазы Арыстанбаб жерленген. Жалпы қазақ жерінде өмір сүріп жерленген әулиелердің үлкені Арыстанбаб екенін көне жұрт бекер айтбаса керек «Сайрамда бар сансыз баб, Түркістанда түмен баб, ең үлкені Арыстанбаб».

Бұл тек қазақ халқының аузындағы әңгіме емес Орта Азияда тұратын түркі тілдес халықтарының жадындағы теңеу, аңыз-әңгіме. Арыстанбаб Фараби мен Қорқытты қасына ертіп Қазығұрт тауының бойында ауа-райы мен аспан денелерін зеріттейді және де көптеген зерттеліп зерделенген дүниелерді Қожа Ахмет Иассауиге тапсырады деген жазба деректер табылуда. Д. Қонаевтың ел ішіне тараған әңгімесінде Сауд-арабия бір адамның туған жері мен өлген жерін әруағын ардақтап, әлемдегі алдыңғы қатардағы мемлекеттердің қатарында көркейсе, ерте ме, кешпе Арыстанбабтың сондай киелі жер ретінде әлемге танылуы әруақтарды сыйлаудан деп тегін айтпаса керек.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Орталық Азия халықтары орта ғасыр дәуірінде жоғары дәрежедегі жарқын мәдениет жасай білді. Отырар, Тараз, Сайрам сияқты тағы басқа қалалар, ірі-ірі мәдени орталықтарға айналды» десе, Үкіметіміз 2004 жылдың 30 қыркүйегінде «Көне Отырарды қалпына келтіру» туралы №1009 қаулы қабылдады. Өйткені, тамырын тереңге тартқан Отырар тарихының айтары мол, аңғартары одан да көп еді. Сонау көне заманның әр қырынан айғақ берер деректері мен дәйектері өмірдің өзіндей шексіз болатын.

Тарих айтады: Ұлы Отырар Кіндік Азия Қазақстандағы ғана емес, бүкіл әлемдік өркениетке аты мәшһүр қала. Күллі әлемге ғылым мен білімнің, ерлік пен қаһармандықтың өнегесін паш еткен еңселі, өркениетті орда. Біздің Ұлы қаламыз – Отырар туралы баба тарихымыз енді-енді, тіл қата бастады. Қадым заманнан қалған көне ескерткіштер, құм астында көміліп қалған көзелердегі көне жазулар, бүкіл түркі дүниесінің алтын қазыналары ежелгі Отырар тарихы туралы сыр шерте бастады.

Отырар тұтас қазақ елі мен ұлттың бөлінбес меншігі, қайталанбас жауһары, алтын қазығы. Бұл ұлы даланың ұлағат тұнған, ырыс қонған бір бөлшегі. «Отырарды Отырар еткен де оның шарапханасы мен мейрамханасы емес, кітапханасы еді» деген қытай саяхатшысы Лу Цзиннің сөзі еске түседі...

Отырар тарихы – аса көне тарих. Тарихта қазақ халқының түп төркіні б.д.д. VII ғасырдан бастап жазба деректерде кездеседі десек, сол кезеңде Жетісу өңірі мен Шу, Талас және Сырдария алқаптарынан мұнаралы қорғандар мен қоршалған қала орталықтары қалыптаа бастағаны анықталып отыр. Солардың көпшілігі Тянь-Шаньтауының етегінде, Арыс өзені мен Сырдарияның орта және төмендегі ағысындағы алқаптардан табылды. Тарихи жазбаларда Сүткент, Аргубанкент, Аққорған, Өзгент, Ашнас, Баршыкент, Жанкент, Фараб(Отырар), Испиджаб (Сайрам), Кедр, Қарнак, Сығанақ, Сауран, Жөлек қалаларының аттары бірге аталады. Бұл тізімдерге Баласағұн, Тараз, Алмалық т.б. қалалардың аттарын

да қосуға болады.

Жалпы тарихи-географиялық орнына қарай Отырар қаласы ірі сауда нүктесіне орналасқан. «Орта Азияда бұдан ең қолайлы, ең қауіпті орынды табу қиын болатын» (А.Н.Бернштам). Отырардан шыққан сауда жолы Тараз бен Баласағұнға, Шығыс Түркістанға, Шаш, Соғдыға, Мерв пен Нишапураға, Хорезмге, Кавказға қарай кететін.[1] Отырарда сонымен қоса ғажайып үлкен қыш ыдыстар – хумдар көптеп кездеседі. Олардың кейбірінің үлкендігі адам бойындай зор болып келеді. Ол ғажайып ыдыстарда, құмыраларды астық, жем сақталатын болған. Қазір Отырар қазынасының аса бір көзге елеулі көрінетіні – оның керамикалық ыдыстары, күміс, қола құмғандары және түрлі қыш қақпақ дастархандары. Әсіресе Отырар керемикалары өзінің композициялық құрылымы жағынан, Ою-өрнектерінің күрделілігі, ерекшелігі жағынан назар аударады. Қаншама ғасыр өтсе де табақтардағы бояулар өз сапасын жоймаған. Бояу түрлерінің бір-бірімен жымдасуы, әдемі нақышты өрнегі, жасалу сапасы берік.

Кейінгі қазба жұмыстарының нәтижесінде Отырарда сәулетті сарай, мешіттердің болғанын дәлелдейтін олардың қалдықтары аршылып алынады. Бұл жағынан Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының Ш.Уәлиханов атындағы археология, тарих және этнография институтының Оңтүстік Қазақстан кешенді экспедициясының 1970 жылдан басқарып, жемісті еңбек істеп келе жатқан атақты археолог ағаларымыз Кемел Ақышев пен Кирл Байпақовтың ашқан жаңалықтарының арқасында Отырар қазынасы жалпақ жұртқа әйгіленді.[2]

Көне **Отрар жерінен шыққан** күні бүгінге дейін 33 әл-Фараби анықталып отыр. Олардың қатарына Әбу Насыр әл-Фарабиден бастап 1.Аббас әл Жаухари әл-Фараби 2.Әбу Насыр әл-Фараби 3.Әбу Ибрахим Исхак әл-Фараби 4.Исмаил әл Жаухари әл-Фараби 5.Әламаддин әл Жаухари әл-Фараби 6. Әбумұхаммад әл Мұқаддаси әл-Фараби. 7. Әбілфады Сыдық әл-Фараби 8. Саадәлмүлк әл Уасиджи әл-Фараби (Уасидж- қазіргі Оқсыз). 9. Әбухабз Омар ибн әл Хасан Әбдиқан әл-Фараби. 10. Яхия бин Ахмад Абу Закария әл-Фараби. 11. Ахмед әл-Фараби. 12. Мұхаммадін Хүсейн Нәжидадин әл Усуршани Мұхаммад бин Хүсейн әл-Фараби. 13. Аррахасан әл-Фараби.14. Әбілфаді Тахир ибн Мұхаммад әл-Фараби. 15. Абдолла бин Мұхаммад бин Юсуб Насыр әл-Фараби әлазий.16. Абуәли Хасан әл-Фараби. 17. Әбдассамат әл-Фараби. 18. Бұрханаддин Ахмед әл-Фараби.19. Әбілқасым Әлфариabi әл-Фараби. 20. Махмұд әл-Фараби. 21. Қааумаддин әл-Фараби. 22. Әмірғали ибн Әміркәфи әл-Фараби. 23. Ундададдин әл-Фараби. 24. Қиомаддин әл-Фараби. 25. Әләдин Әбілхарис әл-Отрари. 26. Мәджидаддин әл-Отрари. 27. Саид Джалаладдин Әлиқаді әл-Отрари. 28. Маудо Мұхаммад әл-Фараби. 29. Бадраддин әл-Фараби. 30. Хосамаддин Әбу Али Ахмед әл-Отрари. 31. Әбдүлләтип әл-Фараби. 32. Камалладин Әбунасыр Юсұф әл-Фараби. 33. Мұхаммад Абдолла әл-Фараби. Осы Отырар қаласынан шыққан ұлы ғұламалар - әл-Фарабилердің саны 33-ке жеткенін шығыстанушы, дінтанушы, әдебиет зерттеушісі, филология ғылымдарының докторы Әбсаттар Дербісәлі мәлімдеді. Осы салада зерттеу жұмыстарын жүргізіп жатқанына 40 жылға таяған ғалымның айтуынша, сонау 10-шы ғасырдан бері қарай, шамамен 14-ші ғасырға дейін Отырардан шыққан ғұламалар әл-Фараби болып аталып келген екен. Арабтар ол кезде Отырар шаһарын Фараб деп атаған. Бертін келе, ғұламалар әл-Отрари деп атай бастаған.

Ауыл үстінен өтетін үш өзеннің – ұзына аққан арыстың, кішілі үлкенді, оманның арғы басы Талды арық талының желекті саясын саялап, **Жетімнің қырын**, Талды арықтан Д. Алтынбеков каналының сол беткейінде **Ақ төбе** болса, оң беткейінде жатқан көне төмпешіктер қазіргі атауы **Жалпақ төбе, Көк мардан, Бесік төбе, Шөл төбе, Алтын төбе, Күл төбе, Қара келіншек** атауындағы бұрынғы қыпшақ өркениетін кеңге жайған Ұлы Жібек жолында орналасқан қалалар, қызықтарын қойнына қаптап, үнсіз-тілсіз томсарып жатыр! «Мені ұмыттың» деп ту сыртын беріп, томаға – тұйық қалып танытатын

да секілді. Ал ауданның батыс жағында орналасқан қазіргі «Арыстанбаб» кесенесінің шығыс жақтау беткейінде жатқан «Отрар төбе». Бұрынғы Отрар қаласы «Араб» деректерінде 8-ші ғасырдан бастап кездеседі». Олардың қатарындағы «Мұхаммад Абдолла әл-Фараби соңғы жарты жылдың төңірегінде табылды, - деді ұстаз ғалым ағамыз Әбсаттар Дербісәлі. - Бұл жөнінде маған бір кісі көмектесті. Ол: «Сіз осы әл-Фарабилерді іздеп жүрсіз ғой. Мына Мұхаммад Абдолла әл-Фараби деген ортағасырлық ғұлама сіздің тізіміңізде жоқ. Бұл кісінің кітабы Американың Принстон университетінің кітапханасында жатыр»- деді. Бұл ғұлама өз заманында логика саласының маманы болған екен.

Сонымен әл-Фарабилердің саны 33-ке жетіп отыр.» Туған жеріме тереңдей жіберген тамырымды ешкім қозғай алмас деуші еді. Қайда-ан! Көне қалалардың өмір күнкөріс қамы халықты әр тарапқа таратып, тарыдай шашып жіберді, ақыры. Туған жерге бәрібір кіндігімнен байланып, діл-тамырыммен жалғасқанмын деген халық. Жүйе – жүйкемді оған деген махаббат пен сағыныш сыздата өріп, күндіз түгілі, түнде де тынышымды алады демекші, сол кездегі, Отрардан шыққан данышпан шешешдер мен данагөй ақсақалдар. Иншалла, осы сезім, осы қасиет тарпаң уақыттың табанында тапталып қалмады. Ел ішін, күллі қоғамымызды әлсін –әлі тітірете дүр сілкініп өтер өзгерістер дүмпуі Ел басымыздың «Ұлы даланың Жеті қыры» мақаласының әсері. Туған жерге деген ұлы сезім, сүйіспеншілігі сол, бәз – баяғы қалпында өз тұғырында туын жықпай желбіреп тұру!

Бір қызығы, туған жерге табаным тисе болды, оның дем-тынысын бағзы кездегідей сезініп, көңілде қалған ғажап көрініс-елестерді қайта тірілткім-ақ келеді. Кей кездері ауданның пәлен мың шаршы шақырым жазғы жайылымдығын Сырдан тасыған мұздақты су басып өзінің табиғи мінезін танытып отыратыны көпке аян.

Баяғыда Маңғол шапқыншылығынан қорғану үшін ұйымдаса «Жаңа қорған» мен «Қызыл қорғанды» тұрғызып, жауға қарсы тұрып, күресіп, ерлік танытқан қалалар. Осы елден шыққан Қайырхан мен оның замандас қайсар батырлар қазақ мемлекетінің қалыптасуына, кейінгі ұрпаққа шежіре. «Отырардан шыққан қос батыр» аттымен Ұлы Отан соғысында отанын қорғаған Отырарлық Кеңес Одағының Батырлары Т. Ибрагимов пен С. Әшіров туралы көптеген деректер мен мағұлматтар айтылып, әскери-патриоттық әндер жазылды. Қазақ халқының бір туар қайраткерлері Н. Оңдасынов, Ө. Жәнібеков, Н.Төрекұлов, С.Қожанов, Ш. Қалдаяқов секілді азаматтарды аудан халқы теберік ретінде таниды. Берідегі бірнеше ондаған ақын – жазушылар, ғалымдар мен өнер-майталмандары, батыр аналар- барлығымыздың ортақ мақтанышымыз болды. Оларды бір-бірімізден бөле жармадық. Көпшіліктің игілігі жолында тындырған тірліктері кейінгіге үлгі болсын дейміз.

Сыр бойында осы ұлы адамның өнерінің жалғастырушысы болып, байтақ Қазақстанға танымал болған көптеген ақын, жырау, сөз зергері молынан шыққан. Олар: Майлы қожа, Аяған қожа, Қыпшақ Бұдабай, Балқы Базар, Қаратамыр, Дүр Оңғар, Шораяқтың Омары, Қарасақал Ерімбет, Ешанияздың Жүсібі, Таубайдың Жүсібі, Нұртуған жырау.

Бір кездегі батыр, билерін, халыққа қайырымды тиген байлары мен бектерін тоған тұрғызып, арна тартып, ортақ игілікті еселеуге үлестерін қосқан арлы азаматтарын кастерлеп, осындай ерлерімен толыққан елдің тарихи жадын жақсы ісімен жаңғыртар батырлары жарқ етіп көрінер. «Отрар Ұлылар мекені» демекші, оның бір туар ұлдары Қажымұхан ағамыздан ізін жалғаған Сидней олимпиядасының жеңімпазы қазақтың батыр ұлы Б. Саттархановты айтқым келеді. Әйтеуір, бұл үміт, арман ғана болып қалмас. Ел қаһармандарын қайталап туар. Туып та жатыр. Оның әлі-ақ үлкен шоғырға айналары да анық.

Мысалы, Бүгінде кемеліне келген меценат, іскер азамат, белгілі ғалым Серікжан Сейітжановтың бұрнағы жылы кәсіпкерлік құрылымдарын қаладан ашып, өзінің өскен жері «Шілік» ауылының аузына ең қиын сәтте су тамызып, мектеп пен мешіт тұрғызып,

жұмыс орындарын көбейтіп, ел-жұртының кезерген ернін аққа жарытқан азамат елдің есінде, оның ізбасарларыда қазіргі таңда өздерінің туған жер – ұлы Анамызбен еш құдірет ажырата алмастай кіндігіміз бір болып діл – тамырымызбен біте қайнасып кеткеніміз, бала кезіміздегі «біріміз – бәріміз үшін, бәріміз – біріміз үшін» деп, қандай игілікті болсын ортақ ету тұрғысындағы тәрбиенің әсері ме әлде... Әйтеуір, бұл біздің буын үшін жақсы үлгі болды. Өзімізді ауылға қарыздар сезінетінімізде содан. Күш шуағымен айналып, Арыс пен сылқым Сырдың суына шомылып, құмына аунатып, самалымен сүйіп, еркін де бұла өсіргендігінен де болар, ұлы Анамыздың қойнындағы бұйырған несібеміз қара нан, қара шайдың дәмі әлі күнге таңдайымыздан кетпейді.

Туған жерге деген асқақ сүйіспеншілік сезіміміздің қызғылт жалты оның бұрнағы жасыл желегі семіп, реңі солғынданып, шаң мен тозың кебір тартқан табиғаты аясында өсіп, жетіліп келе жатқан бүгінгі ұрпақтың бойында жүр ме екен?! Олар біз секілді арманшыл ма? Атаның емес, Отанның ұлы болып бой түзеп келе ме? Осы ойлар бізді жиі мазалайды да жүреді...

Әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан Республикасының Президенті. Ұлы Даланың жеті қыры Егеменді Қазақстан. №223 21 қараша 2018.
Назарбаев Н.Ә. «Халық тарих толқынында» бағдарламасы. Электронный ресурс. «Халық тарих толқынында бағдарламасы». Источник: <https://e-history.kz/kz/contents/view/331>© e-history.kz.
2. Бернштам А.Н., Древний Отрар, “Изв. АН КазССР”, Серия археологии, 1951, С.108
3. Акишев К.А., Байпаков К.М., Древний Отрар, Алма-Ата, 1972.
4. Байпаков К. Ежелгі Отрар. Алма-Ата, 1997.
5. Айтаханов Қ. Рухы мықты елдің еңсесі биік. Шежірелі Отрар кітабы. Алматы қ, 2005.
6. Аманжолова М.К., Беркінбекова А.М., Әбілқасов Ғ.М. Мәдениеттану (барлық мамандықтардың студенттеріне арналған). Оқу құралы. Қарағанды. ҚарМУ, 2004. 117 б.

Аннотация: В данной статье приводятся детали, необходимые для признания общих закономерностей и тенденций развития инвестиционного законодательства Республики Казахстан в истории страны и изучения истории возникновения и становления ее законодательства как самостоятельной отрасли законодательства. Отрар - один из самых известных городов Казахстана в средние века. Исторически сложилось так, что Отрар также был известен как Фараб. Великий город нашего великого предка Абу Насра аль-Фараби был центром архетипа западного и восточного веков. Как показали результаты археологических раскопок, в то время этот город также был построен с использованием современных конструкций. История говорит нам, что Великий Отрар Сердце Азии - это город не только в Казахстане, но и в мировой цивилизации.

Abstract: This article provides the details necessary to recognize the general laws and trends in the development of investment legislation of the Republic of Kazakhstan in the history of the country and to study the history of the emergence and formation of its legislation as an independent branch of legislation. Otrar is one of the most famous cities of Kazakhstan in the Middle Ages. Historically, Otrar was also known as Farab. The great city of our great ancestor Abu Nasr al-Farabi was the center of the archetype of the Western and Eastern centuries. As the results of archaeological excavations have shown, at that time this city was also built using modern constructions. History tells us that the Great Otrar Heart of Asia is a city not only in Kazakhstan, but also in world civilization .

ӘОЖ: 15.12.

Оспанова Г.Р., Ирисматова Т.М.

педагогика және психология пәнінің оқытушысы, Шымкент Жоғары педагогикалық колледжі, Шымкент, Қазақстан
педагогика және психология пәнінің оқытушысы, Шымкент Жоғары педагогикалық колледжі, Шымкент, Қазақстан

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ – ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ

Түйін: Бала тәрбиесі – қиын да күрделі процесс. Біз баламыздың тәрбиелі де өнегелі болып өсіп, өз қатарының алды болғанын қалаймыз. Бірақ баламызды осы мақсаттарға сай тәрбиелеу үшін үлкен еңбек, күш-жігер қажет екенін бәріміз білсек те, мойнымыз жар беріп, бала тәрбиесімен айналыса бермейміз. Кейін баламыз есейген сәтте, «сен маған тартпағансың, мынаны олай істемедің, ананы бұлай істемедің, ештеңеге қырсызсың» деп кінәлап жатамыз.

Еліміздің көркейіп, өркениетті елдің қатарына қосылып, халықаралық деңгейге шығуы бүгінгі ұрпақ бейнесімен көрінеді. Шығыс ғұламасының бірі болып саналатын Жүсіп Баласағұнның дастандарында отбасы тәрбиесі көп айтылады. Мемлекеттің беріктігі тек ел билеуші қайраткерлерге әділ заңға, күшті әскерге ғана емес, әр отбасының беріктігіне байланысты екендігін сипаттайды.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Еліміздің болашақта гүлденуі бүгіннен басталады» баяндамасында отбасының беріктігі, жұбайлардың бір-біріне, ең бастысы, балаларының алдындағы жауапкершілігі де көп нәрсеге байланысты.

Кілттік сөздер: отбасы, тәрбие, құндылық, ар-ұят, педагогика

Отбасы – адамның өте маңызды, өте жауапты жанұясы, себебі отбасы адамға бақыт, толық мәнді тыныс-тіршілік әкеледі. Отбасы қоғамның құрылымның кіші тобы, алғашқы ұясы. Отбасының негізгі міндеті – тәрбиелеушілік міндет. Баланы өмірге әкелгенмен, оны әлеуметтік-мәдени ортаның құндылықтарын қабылдаттыру, ата-бабаларымыздың тәрбиесін жас ұрпаққа жеткізу, бойына сіңірту, балаларын өздерін қоршаған ортаға және қоғамға пайдалы азамат етіп өсіру- әке-шешенің ең маңызды міндеті. Ата – ана баланы туғанынан жүріп-тұруға, үлкендерді құрметтеп сыйлауға, өз міндеттерін таза атқаруға, еңбекті құрметтеуге, қоршаған табиғатты сүюге тәрбиелейді. Бұл қоғамның алдындағы әке-шешесінің абзал борышы. Балаға дұрыс тәрбие беру – ата-ананың моральдық қана емес, заң жүзіндегі міндеті. Бала жас кезінен көргенін істейді, сондықтан балаға үлгі болуға тырысқаны жөн. Бала әке-шешесінің перзенті, ұрпағы, қуанышы. Қазақ отбасында әке-шеше – жанұя ұстаздары болады. Бала ата-анасынан ақыл-ой, адамгершілік, әдептілік, ар-ұят, ана тілін ұлттық сананы сіңіреді. Отбасы тірегі – тіл. Тіл кез келген ұлттық мақтанышы, ұлттық белгісі. Тіл – халықтың тарихы, тіл ұлттың қазына, тіл – біздің намысымыз, байлығымыз. Тіл сөйлеу ғана емес, өмір сүрудің құралы. Әр ұлтты өркендететін, әр халықтың өзінің ана тілі, тарихы, мәдениеті бар. Ана тілі – өткен өмір, бүгінгі – шындық, ертеңгі – өрісті болашақ. Қазақстанның болашағы қазақ тілінде жатыр. Жас ұрпақтың ана тілін құрметтеуі, дәріптеуі отбасы тәрбиесінен бастау алады.

«Тәрбие басы – тал бесік» деп қазақ халқымыз бекер айтпаған. Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Әл-Фараби атамыз айтқандай «Тәрбиесіз білім – адамзаттың қас жауы, апаты». Халқымыз қашанда бала тәрбиесіне ерекше мән берген. Сәби дүниеге келгеннен бастап, оның өсіп, дене бітімінің дұрыс қалыптасуына, ақыл-ойының жетілуіне назар аударған. Шыр етіп туған күннен бастап тәрбиенің негізін қалаған халық ұрпақ

тәрбиесіне ерекше мән берген. Сәбидің жүріп, сөйлей бастағанынан әдепке, мәдениетке баулу, жақсыдан үйренуге, жаманнан жиренуге тәрбиелеу отбасынан басталар мақсатты халықтық педагогикалық заңдылығы. Балаға үнемі әдептілік тәрбиесін беру арқылы оларды дұрыс жолға бағыттау өмір заңы. Бала өсе келе көп нәрсеге үйренеді, халқының, ұлтының кім екенін айқын түсіне бастайды, отаншылдық сезімі арта түседі. Кіндік қаны тамып, туып өскен мекенін, табаны тиіп тұрған топырағын аялауға бастайды.

Қазақ жері – қазақ даласы! Қандай керемет, қандай шуақты ұғым! Жаныңа жүрегіңнен де жақын, ыстық... Халықта «Балаңды өз тәрбиенмен тәрбиеле, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген мақал бар. Жан-жақты мәдениетті тұлғаны тәрбиелеу отбасынан басталады. Қазақ халқы балаға тәрбие берудің өзіндік әдет-ғұрып дәстүрлерін жинақтады. Әділдік, адалдық, имандылық, адамшылдық, байырмалдық, шыдамдылық, парасаттылық, қамқорлық, кеңпейілділік т.б. адамның рухани-моральдық нормаларын бала жанына сіңіре білді. Домбыраның, қобыздың, сазсырнайдың сиқырлы да сазды үнімен, айтыс, терме өнері, ән әуендері, ертегілер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, аңыз-әңгімелермен тәрбиелей білген.

Сондықтан халық педагогикасынан нәр алып, бала ата-баба өсиеттерін сіңіріп, салт-дәстүрлерді біліп, халық қамын ойлайтын, тілін, дінін терең біліп, өз ұлтын, өзге ұлтты сыйлай білетін білімді етіп тәрбиелеу ата-ананың басты мақсаты. Ұлттық тәлім-тәрбиеде тәрбиеленген, ата-дәстүрімізді, ұлттық тіліміз бен дінімізді сақтайтын, рухани құндылықтарды құрметтейтін, ұлттық рухын ұстайтындай ұрпақ - әр отбасының мақтанышы.

Мектептерде бұл халық педагогика тағылымын танытатын оқулықтары молынан енгізілуі жөн. Сондықтан балаларға білім беруде ұлттық тәрбие дәстүрлерін басшылыққа алу – басты талап.

Адамға ең бірінші білім емес, рухани тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі...”(Әл-Фараби) – дегендей балаға әуелі білімнен бұрын, тәрбие берілуі тиіс.

Бала тәрбиесі туралы сөз ете қалғанда «Алты айлық баласын тәрбиешіге әкелген ата-анаға, сіз балаңыздың 1,5 жыл тәрбиесін өткізіп алдыңыз, баланы іштен тәрбиелеу керек» деген еврей халқының мысалын келтіріп жатамыз.

Бала тәрбиесі – қиын да күрделі процесс. Біз баламыздың тәрбиелі де өнегелі болып өсіп, өз қатарының алды болғанын қалаймыз. Бірақ баламызды осы мақсаттарға сай тәрбиелеу үшін үлкен еңбек, күш-жігер қажет екенін бәріміз білсек те, мойнымыз жар беріп, бала тәрбиесімен айналыса бермейміз. Кейін баламыз есейген сәтте, «сен маған тартпағансың, мынаны олай істемедің, ананы бұлай істемедің, ештеңеге қырсызсың» деп кінәлап жатамыз.

Еліміздің көркейіп, өркениетті елдің қатарына қосылып, халықаралық деңгейге шығуы бүгінгі ұрпақ бейнесімен көрінеді. Шығыс ғұламасының бірі болып саналатын Жүсіп Баласағұнның дастандарында отбасы тәрбиесі көп айтылады. Мемлекеттің беріктігі тек ел билеуші қайраткерлерге әділ заңға, күшті әскерге ғана емес, әр отбасының беріктігіне байланысты екендігін сипаттайды.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Еліміздің болашақта гүлденуі бүгіннен басталады» баяндамасында отбасының беріктігі, жұбайлардың бір-біріне, ең бастысы, балаларының алдындағы жауапкершілігі де көп нәрсеге байланысты. Ата-аналар балаларына, ал балалары ата-аналарына қамқор болуға тиісті деп атап өткен.

Әдебиеттер тізімі

1. Батурина Г.И. Кузина Т.Ф. Народная педагогика в современном учебном воспитательном процессе. Москва, 2003. 215 б.

2. Беркімбаева Ш.К. білім алушыларға ұлттық тәрбие берудің педагогикалық мазмұны, Алматы, Этнопедагогика №1, 2005, 12-15 б.
3. Құрсабаев М.Қ. Білім алушылар ұйымында ұлттық тәлім тәрбие жүйесін кешенді пайдаланудың жолдары// Вестник университета «Қайнар» № 4/1, 2005. 11 б.
4. Ұлттық тәрбиенің нәтижелерін тексеру жолдары// Қожахметова К.Ж. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары (оқу құралы). Алматы: Әлем, 2000. 89 б.
5. Поляков С.Д. Технологии воспитания, Москва, Владос, 2003. 129 б.

Аннотация: В статье рассматриваются проблемы семейного воспитания как основного института формирования личности. Необходимость исследования процесса семейного воспитания в данном контексте продиктована объективными условиями развития современного казахстанского общества, которое является многофункциональным по своей социально-политической структуре. Воспитание детей - сложный и сложный процесс. Мы хотим, чтобы наши дети росли и росли и стали одним из них. Но даже при том, что мы все знаем, что нам нужно много работы и усилий, чтобы привести наших детей к этим целям, мы не сдаемся и не рожаем ребенка. Затем, когда наш сын становится старше, мы говорим, что «ты не ударил меня, не делай этого, не делай этого, ты осторожен во всем». Тот факт, что наша страна присоединяется к цивилизованной стране и выходит на международный уровень, отражается в сегодняшнем поколении.

Abstract: The article deals with the problems of family upbringing as an institution of personality formation. The need to study the process of family education in this context is dictated by the objective conditions for the development of modern Kazakhstan society, which is multifunctional in its socio-political structure. Raising children is a complex and complicated process. We want our children to grow and grow and become one of them. But even though we all know that we need a lot of work and effort to bring our children to these goals, we do not give up and do not give birth to a child. Then, when our son gets older, we say that "you did not hit me, do not do this, do not do this, you are careful in everything." The fact that our country joins a civilized country and goes to the international level is reflected in today's generation.

3 секция

МЕМЛЕКЕТ ПЕН ҚҰҚЫҚТЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ, ҚАЗІРГІ ЗАМАННЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ; СТАНОВЛЕНИЕ ГОСУДАРСТВА И ПРАВА, АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ СОВРЕМЕННОСТИ

UDC 378:12

Salybekova F.M.

1st- course PhD on speciality 6D010300-«Pedagogy and psychology»,
M.Auezov South Kazakhstan State University. Shymkent, Kazakhstan

4Cs MODEL AS A NEW LEARNING PARADIGM IN KAZAKHSTAN EDUCATIONAL SYSTEM

Abstract: This article considered the possibilities of realizations the 4C's educational model as a new learning paradigm in Kazakhstan. The 21st century workforce is very different from the workforce of our predecessors. With the rise in automation and technology there are new demands that are being placed on employers to produce goods that are faster, more personalized, and more accessible. Today a rapidly changing global economy continues to put pressure on educators as to how to effectively prepare students for an unknown future, there is an increasing realization among pedagogues that education designed to equip graduates of the Digital Economy requires the teaching of new skills rather than the traditional core subjects. This realization has led to the emergence of what is called the New Learning Paradigm in Kazakhstan which postulates that students now need to be taught the skills most in demand in the 21st century. In order to meet these demands, this generation of employees must have a skillset that complements these demands. This skillset includes communication, collaboration, critical thinking, and creativity (4C) skills. The problem of practice addressed in this article is the lack of 4C skills among students currently at the university educational system, and the lack of opportunities students have to develop these 4C qualities.

Keywords: higher educational institution, 4C's educational model, creativity, critical thinking, communication, group work, cooperation, pedagogical process.

Nowadays, education plays an important role in Kazakhstan. In the Republic of Kazakhstan (RK) education is recognized as one of the most important priorities of long-term Strategy «Kazakhstan – 2050». The common aim of educational reforms in Kazakhstan is the adaptation of its education system to the new social and economic environment, international educational standards. In present-day interconnected society communication plays an increasingly important role due to the prominent digital and multimedia technology, which makes part of our daily tasks and life. Indeed, this technology makes the whole process of communication and peer-to-peer collaboration easier, by which pupils are able to critically interpret messages, convey their own points of view and show their creativity in solving problems.

In 2018, Kazakhstan adopted a new approach to the definition and measurement universal competencies of the 21st century. Today, more than ever, the problem of assessing the level of creative thinking has become more acute. This is primarily due to the fact that in modern society the need for specialists capable of creative activity has increased. State of the nation address of President of the Republic of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev, October 5, 2018

Growing Welfare of Kazakh Citizens: Increase in income and quality of life. In his speech President talk about improving the quality of pre-school education. And also our President emphasises in education is shifting towards the 4Cs model: creativity, critical thinking, communication skills and co-working. In this area we need to review qualification requirements, training methods, the labour remuneration system for teachers and other employees of kindergartens [1].

Today a rapidly changing global economy continues to put pressure on educators as to how to effectively prepare students for an unknown future. Many challenges confront teachers of the 21st century, one of which is the need to educate the learner to ensure they develop the knowledge and skills needed for global competency. Shifting the educational paradigm from a major emphasis on core subject knowledge, to 21st century learning implies a significant change in teaching tools and methodologies. What makes this paradigm shift difficult is that all interested parties have their own theory of what defines education.

The 4Cs model allows productively combine both of traditional and innovative methods of implementation of the educational process. In the current moment the educational paradigm of our country is changing. Questions of realization of 4Cs model in the universities and organizations of secondary education of various countries are considered. In world practice 4Cs model became an integral part of modern education. We showed the purposes of 4Cs model in universities of Kazakhstan.

21st century learning paradigms catered reasonably well for the pursuit of the moral purpose of education in turning out school leavers with specialized skills that were applicable in highly compartmentalized and specialized Industrial Age economies, 21st century skills require a new paradigm”. Teaching our students so that they become well-equipped with the 21st century skills is the new learning paradigm”. To extend an understanding of the meaning of the New Learning Paradigm Kivuja explains that: The New Learning Paradigm is the new philosophical approach to pedagogy which posits that for education to truly meet “the moral purpose of education and help produce citizens who can live and work productively in increasingly dynamically complex societies”, learning, teaching, assessment and curricula need to equip graduates with the skills that will enable them to contribute effectively to productive capacities of the 21st century economy. These are the skills demanded by employers across all sectors of modern economies.

The notion of 4Cs was created in 2002 by the Partnership for 21st Century Skills, an educational think-tank that brings together the U.S. Department of Education and a series of leading companies and organizations. It appeared “out of concern that American education was failing graduates because they were graduating without the skills needed to be productive citizens in the Digital Economy,” and includes the following four non-disciplinary core competences: “critical thinking and problem solving; communication; collaboration; and creativity and innovation” [2].

The “4C’s”- Critical thinking and problem solving, Creativity and innovation, and Communication and Collaboration describe key skills we and our students need for success in our increasingly complex, interconnected, information- and data-rich, and rapidly changing world. Many frameworks for teaching and learning, such as such the Partnership for 21st Century Skills Framework, include the 4 C’s as primary components.

4Cs of 21st Century learning key competencies can be identified on the basis that they make a measurable contribution to educational attainment, relationships, employment, and health and well-being outcomes learning and innovation skills are increasingly recognized as those that distinguish students who are prepared for more complex life and work environments in the 21st century from those who are not. A focus on the 4C’s of 21st Century Learning: Critical Thinking, Communication, Collaboration, and Creativity and Innovation are essential to prepare students for the future.

In recent years Kazakhstan has achieved significant success in education. It is not

surprising that today the question of a new content of education is at the center of the agenda all over the world. Currently, experiments on the formation of competencies of the 21st century are actively developing in different countries. The system of higher education is faced with the task of developing Critical thinking Communication, Collaboration, and Creativity, helping students to master creative ways of solving scientific and life problems, to build their own world of values, to form the capacity for self-education and self-education. Currently, scientists have noted an insufficiently high level of students' ability to organize the process of obtaining knowledge; participate in joint decision making; implement the course of evidence, argumentation; take a stand in discussions and defend one's own opinion, confront uncertainty and difficulties.

Critical Thinking

Critical thinking in the 21st century is described as the ability to design and manage projects, solve problems, and make effective decisions using a variety of tools and resources. It highlights the challenge of designing educational experiences that address local issues and real-world problems for which there may be no clear answer. Thinking critically requires students to acquire, process, interpret, rationalize, and critically analyze large volumes of often conflicting information to the point of making an informed decision and taking action in a timely fashion.

Digital tools and resources can support the process of critical thinking, particularly when used to create authentic and relevant learning experiences that allow students to discover, create, and use new knowledge. The knowledge and digital era is demanding people with higher order thinking skills: the ability to think logically, and to solve ill-defined problems by identifying and describing the problem, critically analyzing the information available or creating the knowledge required, framing and testing various hypotheses, formulating creative solutions, and taking action.

Communication

Communication in a 21st century context refers not only to the ability to communicate effectively, orally, in writing, and with a variety of digital tools but also to listening skills. Many international frameworks include information and digital literacy in the concept of communication. Other frameworks, such as 21st century skills, have distinct information, media, and technology skills. Some jurisdictions include information and communications technology (ICT) skills with literacy and numeracy as foundational curriculum. Digital tools and resources represent a new realm of communications interaction in which the ability to navigate successfully is essential for success in the 21st century. Each tool has its own rhetoric (e.g., an effective blog post is different from an effective tweet or persuasive essay). The issue is not just learning to use new communication tools but mastering many forms of rhetoric – a more challenging task.

Collaboration

Collaboration in a 21st century context requires the ability to work in teams, learn from and contribute to the learning of others, use social networking skills, and demonstrate empathy in working with diverse others. Collaboration also requires students to develop collective intelligence and to co-construct meaning, becoming creators of content as well as consumers. New skills and knowledge are necessary to enable team members to collaborate digitally and contribute to the collective knowledge base, whether working remotely or in a shared physical space.

Creativity and Innovation

Many studies demonstrate the importance of creativity for social development, the ability to compete in business, and the ability to generate economic growth. Innovation results note the connection between high academic achievement, problem solving, and creativity. Creativity is often described as the pursuit of new ideas, concepts, or products that meet a need in the world.

Innovation contains elements of creativity and is often described as the realization of a new idea to make a useful contribution to a particular field.

Creativity includes concepts of economic and social entrepreneurialism and leadership for action. Creativity in schools gives students experiences with situations in which there is no known answer, where there are multiple solutions, where the tension of ambiguity is appreciated as fertile ground, and where imagination is honoured over rote knowledge.

These skills help develop the qualities that the students need to possess in the 21st-century for success in college, careers and citizenship. Today's students are moving beyond the basics and embracing the 4Cs that are the super skills for the 21st century. The first of the 4Cs is Creativity and Innovation which implies trying new approaches to get things done which equals innovation and invention. The second is Critical Thinking and Problem Solving which focuses on looking at problems in new ways and linking learning across subjects and disciplines. The third is Communication through which thoughts, questions, ideas and solutions are shared. The last of the 4Cs is Collaboration which is a process of working together to reach a goal by putting talent and expertise to work.

In Kazakhstan 21st Century Skills presented the 4Cs of critical thinking and problem solving, communication, collaboration, and creativity plus innovation, as the super skills in the 21st century because they are foundational essentials for success in college, university, career, and life outside educational institutions. On graduation, students will enter a highly competitive world of commerce, business and life that demands more skills than those evident in graduates of the Industrial Age. As rightly 21st century industry requires "graduates with skills that will allow them to be immediately productive in the workforce". The 4Cs are super skills because they provide a core of skills which, when combined with the traditional Core Subjects skills, help students to develop and demonstrate a sound understanding and greater effectiveness and efficiencies in the Career and Life skills and the Information, Media and Technology skills all of which comprise the New Learning Paradigm.

Through the understanding of the importance of modelling the 4Cs not only in the classroom practice but also among educators. Communication, collaboration, critical Thinking and creativity are skills that are essential to achieving meaningful and effective partnerships. In the past decade, these four skills have taken on even more significance for students and educators due to globalisation and the rise in the use of technology. Expressing thoughts clearly, crisply articulating opinions, communicating coherent instructions, being able to problem solve efficiently, all while being able to motivate others with original ideas, are crucial skills.

These skills have always been of value in any workplace. In the education sector, the 4Cs are essential because they are inherent in the nature of how successful teams and partnerships are effectively formed. The global market is driven by creativity and innovation. It is dominated by critical thinkers and problems solvers communicating and collaborating resulting in stellar solutions and products. Educators have a civic and academic responsibility to teach students the 4C's where utilizing technology provides a logical, efficient means to better prepare learners for global citizenry. I highlight three interwoven pedagogical strategies educators can utilize to achieve these lofty goals: (a) becoming versed and literate in Web 2.0 tools; (b) assigning real world challenges and issues for students to resolve using the Net; and (c) creating collaborative problem-based learning experiences utilizing technology. Instructors need to teach students how to think critically by scaffolding higher levels of thinking to posed problems, instruct and role play appropriate communication skills with a special focus on netiquette, and to cultivate and encourage creativity and innovation by exploring ideas and various forms of artistic expression. Our nation's education is at a crossroads. It is time to embrace the technological pace and 21st century skills students need in order to be successful and competent global citizens.

References

1. State of the Nation Address of President of the Republic of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev, Growing welfare of Kazakh citizens: increase in income and quality of life October 5, 2018 №1 P.3
2. Charles Kivunja. Exploring the Pedagogical Meaning and Implications of the 4Cs “Super Skills” for the 21st Century through Bruner’s 5E Lenses of Knowledge Construction to Improve Pedagogies of the New Learning Paradigm School of Education, The University of New England Creative Education, 2015, №6, P. 224-239.
3. Andy Halvorsen 21st Century Skills and the “4Cs” in the English Language Classroom, University of Oregon 2018, P.5
4. Zholdasbekov A.A., Ospanov B.A., Zholdasbekova K.A. Creative psychology: Manual, Almaty, 2013. P.410.

Аннотация: В статье рассмотрены возможности реализации образовательной модели 4К как новой парадигмы обучения в Казахстане. Рабочая сила 21 века сильно отличается от трудов наших предшественников. С ростом автоматизации и технологий появятся новые требования к работодателям для производства товаров, которые быстрее, более персонализированы и более доступны. Сегодня динамично изменяющаяся мировая экономика продолжает оказывать давление на педагогов, т. е. касается эффективной подготовки студентов к неопределенному будущему, образование для снабжения выпускников цифровой экономики среди педагогов требует обучения новым навыкам, а не традиционным основным предметам. Эта рассматриваемая проблема ведет к появлению новой парадигмы обучения в Казахстане, формулирует, что студенты должны обучаться в 21 веке, охватывая наиболее востребованные навыки 4К. Чтобы удовлетворить эти требования, подготовка будущих учителей к подготовке востребованных специалистов, овладевших навыками 4К. Этот набор 4К включает в себя навыки креативности, критического мышления, коммуникативности, групповой работы, сотрудничества. Рассматриваемая в данной статье Проблема в настоящее время рассматривает возможности формирования и развития у студентов навыков 4К в образовательном педагогическом процессе университета.

Түйін : Мақалада Қазақстанда оқытудың жаңа парадигмасы ретінде 4К білім беру моделін жүзеге асыру мүмкіндіктері қарастырылған. 21 ғасырдың жұмыс күші біздің ізашарларымыздың еңбектерінен қатты ерекшеленеді. Автоматтандыру мен технологиялардың өсуімен жұмыс берушілерге тауарларды өндіру үшін қойылатын жаңа талаптар пайда болады, олар тезірек, анағұрлым дербестендірілген және анағұрлым қолжетімді. Бүгінгі күні қарқынды өзгертін әлемдік экономика педагогтарға қысым көрсетуді жалғастыруда, яғни студенттердің белгісіз болашаққа тиімді дайындалуына қатысты, педагогтар арасында сандық экономика түлектерін жабдықтауға арналған білім беру дәстүрлі негізгі пәндерден емес, жаңа дағдыларды оқытуды талап етеді. Бұл қарастылып отырған мәселе Қазақстанда оқытудың жаңа парадигмасының пайда болуына жетелейді, студенттерді 21 ғасырда неғұрлым сұранысқа ие 4К дағдыларын қамтып оқытылуы тиіс деп тұжырымдайды. Осы талаптарды қанағаттандыру үшін, болашақ мұғалімдерді 4К дағдыларын меңгерте отырып сұранысқа ие маман дайындау заман талабы. Бұл 4К жиынтығы креативтілік, сыни тұрғыда ойлау, коммуникативтілік, топтық жұмыс, ынтымақтастық, дағдыларын қамтиды. Осы мақалада қарастырылатын мәселе қазіргі уақытта университеттің білім беру педагогикалық үдерісінде студенттердің 4К дағдысын қалыптастырудың және дамытудың мүмкіндіктерін қарастырған.

Алмағамбетова А.А., Жарылғапова Д.М. Әбітаева Ұ.Ә.
п.ғ.к., Қорқыт ата атындағы ҚМУ, Қызылорда. Қазақстан
п.ғ.к., Қорқыт ата атындағы ҚМУ, Қызылорда. Қазақстан
п.ғ.м., Қорқыт ата атындағы ҚМУ, Қызылорда. Қазақстан

СЫНЫПТАН ТЫС ЖҰМЫСТАР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУ

Түйін: Мақалада сыныптан тыс жұмыстар арқылы оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту зерттелді. Қай пәнді оқытуда болмасын сыныптан тыс жұмыстарды оқытылатын материалмен байланыстыра отырып, жүйелі жүргізу өте маңызды үдеріс. Себебі, оқушыларды орта мектептің оқу бағдарламасының шеңберінен тыс ерекше қызықтыратын, толғандыратын, зерттеуге талпындыратын мәселелер болады. Заманауи техниканың дамуының жылдамдығы сондай, мектептің физика курсына физикалық заңдар мен құбылыстардың зерттеу аумағы, оның техникадағы қолданысы туралы айтып үлгірмей жатамыз. Сыныптан тыс жұмыстардың артықшылығы – онда оқушыны ғылымдағы соңғы зерттеулердің бағытымен, техниканың сан түрлі салаларында қолданысымен таныстыра отырып, оның жан-жақты дамуына ықпал етуге болады. Осындай шығармашыл тұлғаларды қалыптастыру мақсатында мектептерде оқушылар арасында оқушылардың ғылыми ұйымдарын құруға болады. Мұндай ұйымның болуы оқушылардың қабілеттерін ашуға, ғылымға алғашқы қадам жасауға, ғылым мен техникадағы болып жатқан жаңалықтардан хабардар болуға, оқушылардың мамандық таңдауына бағыт береді.

Кілттік сөздер: сыныптан тыс жұмыстар, физикалық кештер, физика-техникалық көрмелер, экскурсия, оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстары.

Қай пәнді оқытуда болмасын сыныптан тыс жұмыстарды оқытылатын материалмен байланыстыра отырып, жүйелі жүргізу өте маңызды үдеріс. Себебі, оқушыларды орта мектептің оқу бағдарламасының шеңберінен тыс ерекше қызықтыратын, толғандыратын, зерттеуге талпындыратын мәселелер болады. Көп жағдайда жекелеген оқушылардың пәнге деген ерекше қызығушылығы мен ықыласы ерекше болып, өз потенциалын осы бағытта жүзеге асыруға ниетті болуы да мүмкін. Мұндай жағдайда пән мұғалімдерінің сыныптан тыс жұмыстарды асқан шеберлікпен ұйымдастыра білуі оқушының қандай да бір бағытта өз мүмкіндіктерін іс жүзінде көрсете білуіне (ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізу, физикалық эксперименттер қою, ғылыми мақалалар жазу, конференцияларда баяндама жасау және т.б.) соның нәтижесінде, өздігінен жұмыс жасай білуіне үйретеді.

Сыныптан тыс жұмыстар жүргізу үшін бірнеше дидактикалық талаптар қойылады. Соның ішінде ең бастысы- оқушының осы іспен айналысуға өзінің құлшынысының болуы, қойылған талаптарды орындай алатындай жеке басының мүмкіндігі ескеріліп, ұсынылып отырған жұмыстың ғылымилығы, оқушыны қызықтыруы, зерттеуге ұсынылып отырған жұмысқа қажетті ақпараттың қол жетімділігі қамтамасыз етілуі керек. Оқушыға ұсынылатын жұмыс бүгінгі күні қоғамда, ғылымда өзекті мәселе болуы да назардан тыс қалмағаны жөн.

Сыныптан тыс жұмыстарды жүргізудегі шешілетін басты міндеттер-оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру, оқушылардың физикалық эксперимент жасай алу икемділігі мен дағдысын қалыптастыру, өзі қалаған бағытта ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу арқылы зерттеушілік және шығармашылық бейімділіктерін дамыту.

Себебі кейбір оқушылардың техникаға, физиканың, физика мен басқа ғылымдардың түйісіндегі көптеген ғылым салаларына қызығушылығы мектеп қабырғасында-ақ байқалады. Сондықтан осындай оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмыстарына баулып, олардың қандай бір іске икемділіктері мен бейімділіктерін ескере отырып, келешек мамандық таңдауына бағыт бағдар беруге болады.

Заманауи техниканың дамуының жылдамдығы сондай, мектептің физика курсына физикалық заңдар мен құбылыстардың зерттеу аумағы, оның техникадағы қолданысы туралы айтып үлгірмей жатамыз. Сыныптан тыс жұмыстардың артықшылығы – онда оқушыны ғылымдағы соңғы зерттеулердің бағытымен, техниканың сан түрлі салаларында қолданысымен таныстыра отырып, оның жан-жақты дамуына ықпал етуге болады. Бұл оқушы үшін үлкен көмек. Себебі оқушы мектеп физика оқулығында жоқ нәрселерді өз бетімен әр түрлі ақпарат көздерінен оқып-біледі. Қазіргі уақытта барлық оқушының ақпаратты ең бірінші кезекте ғаламтор желісінен іздейтіндігін ескерсек, соншалықты зор ақпарат тасқынынан қажетті материалды іріктеуге қауқары жетпей, алған ақпаратын қорытып, өз бетінше қорытынды жасауға мүмкіндігі келмесі анық. Осы жағдайда пән мұғалімі және ғылыми кеңесші тарапынан бағыт-бағдар берілу керек. Олай болмаған жағдайда оқушының қандай да бір зерттеу жұмысына қызығушылығы, бейімділігі, зерттеу жұмысын толығымен аяқтауға жетерлік білімі, қажыр-қайраты мен ынтасы жойлу мүмкін. Оқушының қызығушылығын, білім деңгейін ескере отырып, оған дұрыс бағыт-бағдар беретін мұғалімі мен ғылыми кеңесшісі болғанда ғана ол жақсы нәтижеге жетеді.

Сыныптан тыс жұмыстарды жүргізуде орта мектеп физика курсының бағдарламасындағыдай шектеу қойылмайды. Бұл мәселеде оқушының өзі таңдаған жұмысты игеру мүмкіндігі, алға қойған мақсатқа жетудегі табандылығы өте маңызды. Бұл сыныптан тыс жұмыстарды жүргізудің бір артықшылығы болып есептеледі. Сондықтан оқушының жан-жақты дамуына, оның білім көкжиегінің кеңеюіне сыныптан тыс жұмыстардың тигізетін маңызы зор. Оқыту саласындағы түрлі реформаларға, енгізіліп жатқан жаңа педагогикалық технологияларға сәйкес сыныптан тыс жұмыстардың да формасына түрлі өзгерістер енгізілуде. Жалпы алғанда сыныптан тыс жұмыстардың түрлері өте көп. Сыныптан тыс жұмыстарды қатысатын оқушы санына қарай жаппай және фронтальды (кеш, конференция), топтық (үйірме, секция) және жеке жұмыс (жеке оқушының баяндама не ғылыми зерттеуіне жетекшілік) деп бөлсе, оның жүргізілу мерзімінің ұзақтығына қарай жүйелік (бір оқу-жылы немесе ұзақ жылдар бойына жүйелі түрде өткізілетін үйірме, техникалық мұражайлар жабдықтау) және эпизоттық (кездесулер, экскурсия, физикалық қабырға газеттері) деп бөледі. Дегенмен, сыныптан тыс жұмыстарды жаңа педагогикалық оқыту әдістерінің негізінде түрлі форматта ұйымдастыруға болады. Бұл пән мұғалімі үшін өте тиімді. Өйткені жаңа форматтағы мұғалім оқыту әдістерінің кез-келген жаңа формасын өз мақсатында қолдана алады. Мысалы, оқушы өзі жүргізген зерттеу жұмысының желісі бойынша бейнеролик, билбордтар жасап, түрлі форматта іс-шаралар өткізуіне болады. Мұндай жұмыстарды мектепте өтетін пәндік онкүндіктер мен апталықтар аясында өткізген тиімдірек.

Сыныптан тыс жұмыстарды жүргізу кезінде туындайтын басты мәселе оқушылардың жас ерекшеліктері болады. Мысалы 7-8 сынып оқушыларымен сыныптан тыс жұмыстары кезінде қызықты физикалық тәжірибелер, тарихи оқиғалар туралы кештер ұйымдастыру өте тиімді болса, жоғары сынып оқушылары арасында дебат және дөңгелек үстел, конференция, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу ыңғайлы болады.

Соның ішінде оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру өте күрделі, ауқымды жұмыс. Зерттеу жұмысын жүргізетін оқушы саны шектеулі және оған зерттеу жұмысын жүргізуге ынталы, өз ісінен нәтиже шығаруға тырысатын, жігерлі, білімді оқушыны іріктеп алған жөн. Себебі ауқымды, шағын ғылыми зерттеу жұмысы табандылықты, білім мен ұқыптылықты талап етеді. Сол себепті ғылыми жұмыс

жасайтын оқушыға белгілі жауапкершілік артылады.

Қазіргі кезде мектеп оқушыларының ғылыми зерттеу жұмыстарына қойылатын деңгей өте жоғары. Олардан өздерінің ғылыми зерттеу жұмысы барысында «жаңалық ашу» талап етіледі. Біз педагог ретінде оқушылардың ғылыми жұмыстарын жүргізу кезінде оның қандай да бір жаңалық ашуы міндетті емес деп санаймыз. Ғылыми зерттеу тақырыбын беру, оның қандай деңгейде, қандай көлемде орындалуы, оның оқушының игере алуы ғылыми жетекшінің алдын-ала оқушының шама-шарқына, қызығушылығын, жасын ескере отырып жасаған жоспары мен болжамдарына тікелей байланысты болады. Бұл пән мұғалімі мен ғылыми кеңесшінің бірлесіп, ойласа отырып жасайтын келісімінің негізінде жүзеге асырылды.

Оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастырудағы басты мақсат оқушының «ғылыми жаңалық» ашуы емес. Керісінше, мектеп физика курсына оқытылмайтын, бұрын ашылған жаңалықтардың негізінде ғылыми зерттеу жүргізе отырып, өзінің ғылыми ізденіске, ғылымға жетелейтін жолын табуы. Яғни, зерттеудің әдістерін меңгеру керек.

Келешекте өзін қызықтыратын ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында зерттеудің түрлі әдіс-тәсілдерін қолдана білуге үйрету. Себебі, ғылыми зерттеу барысында зерттеліп отырған құбылыс не болмаса нысан жөнінде жаңа білім қоры жинақталады және осы білімнің негізінде сол құбылыс не нысан туралы нақты қорытынды жасалады.

Ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында көптеген мұғалімдер озат оқушыларды таңдайды. Дегенмен ғылыми зерттеу жұмысын жүргізу барысында пән мұғалімі оқушыны жан-жақты зерттеуі керек. Кез-келген зерттеу жұмысы қиындықсыз болмайды. Оқушының қызығушылығы басты назарда болып, зерттеу жұмысын ұйымдастырып жүрген жетекшілермен кездесу арқылы зерттеудің мақсаты мен міндеттерін, ғылыми болжамы мен жоспарын құру өте маңызды. Себебі ғылыми жұмыстың жоспары оқушының ғылыми жұмысты игеру потенциалына байланысты болады. Бір ғылыми жұмысты екі оқушы екі деңгейде зерттей алады. Көп жылдық тәжірибемізден оқушыларды көбінесе мынадай жаһандық мәселелер қызықтыратынын бақыладық: жаһандық жылыну себептері және оның алдын алу, қоршаған ортаның экологиялық ластануының физикалық аспектілері, энергия өндіру жолдары (Күн энергиясын, жел энергиясын, су энергиясын, заманауи ядролық энергетика және т.б.), электрмагниттік толқындардың адам ағзасына әсері, ғарыштық техника және т.с.с. Оқушылардың мұндай ауқымды мәселелер туралы зерттеу жұмысын жүргізу барысында көптеген ғылыми әдебиеттермен жұмыс жасайды, көптеген зерттеулермен танысады. Соның нәтижесінде оқушылар ғылыми-зерттеу әдістерін меңгереді.

Оқушылардың ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізуде зерттеу жұмысына қойылатын талаптар қатаң сақталғаны дұрыс.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізе білген оқушы шығармашылықпен жұмыс жасауға үйренеді. ҚР «Білім туралы» заңында «Әр баланың жеке қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы, жеке адамның дарындылығын дамыту» мәселесі енгізілген. Олай болу себебі сапалы біліммен қаруланған, білікті мамандардың шығармашылықпен жұмыс жасауға қабілеті болады. Оқушы зерттеу жұмысын жүргізу барысында ізденеді, шығармашылық ізденіс үстінде болады, осының нәтижесінде шығармашыл тұлға қалыптасады.

Осындай шығармашыл тұлғаларды қалыптастыру мақсатында мектептерде оқушылар арасында оқушылардың ғылыми ұйымдарын құруға болады. Мұндай ұйымның болуы оқушылардың қабілеттерін ашуға, ғылымға алғашқы қадам жасауға, ғылым мен техникадағы болып жатқан жаңалықтардан хабардар болуға, оқушылардың мамандық таңдауына бағыт береді.

Үйірме жүйелі түрде, тұрақты құрамдағы оқушылардың қатысуымен жүргізілетін

сыныптан тыс жұмыстардың бір түрі. Физика пәнінен үйірменің көмегімен оқушылар өздерінің физикадан алған білімдерін молайтады, пәнге қызығушылығын туғызады, алғашқы ғылыми-зерттеу дағдысы мен машығы қалыптасып, шығармашылық бейімділіктерінің мүмкіндік жасайды. Үйірме жұмысы сәтті жүргізілуі үшін бірқатар талаптар орындауы қажет. Үйірмені жүргізуде мұғалім жетекші рөл атқарады. Ол оқушылардың өз еріктерімен қызығуымен келуін қадағалай отырып, оқушылардың өзіндік зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруға басшылық жасайды. Үйірме жұмысын ұйымдастыруда бір сыныптың оқушылары, не болмаса тетелес топтардағы оқушылардың болуы керек.

Әсіресе төменгі сыныптарда сыныптан тыс жұмыстарды үйірме арқылы жүргізу өте тиімді. Себебі төменгі сынып оқушылары бірден зерттеу жұмысын жүргізуге, жүйелі тәжірибелер жасауға дағдыланбаған. Төменгі сыныптағы оқушыларға өз бетінше жұмыс жасағаннан мұғалімнің басшылығымен жұмыс жасау жақсы нәтиже береді. Төменгі сыныпта қоршаған ортадағы болып жатқан үдерістерді қарапайым физикалық тәжірибелер негізінде танып білуге бағытталған «Табиғат физикасы», «Табиғи құбылыстар физикасы», «Қоршаған орта физикасы» сияқты үйірмелер өткізген тиімді болса, жоғарғы сыныптар үшін «Физик және техника», «Физикалық құралдар», «Электр энергиясын өндіру», «Баламалы энергия көздерін пайдалану» және т.б. да оқушылардың конструкторлық шеберлігін шыңдайтын үйірмелер жүргізудің пайдасы зор.

Қорыта келгенде, физикадан сан түрлі сыныптан тыс жұмыстар жүргізу арқылы оқушылардың қызығушылығынан туындаған мәселелерін өз беттерінше зерттеуге жағдай жасауға, олардың нақты физикалық білімін толықтыруға, физиканың техникамен байланысы арқылы техникалық сипаттағы мәселелерді шешу жолдарын қарастыруға, болашақ мамандық таңдауда бағыт беруге болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Ланина И.Я., Внеклассная работа по физике, Просвещение, 1977.
2. Құдайқұлов М., Қ.Жаңабергенов. Орта мектепте физиканы оқыту әдістемесі. Алматы.1998.
3. Методика преподавания физики. /Под ред. В.П.Орехова, А.В.Усова т.І. Москва, Дрофа, 2001.
4. Методика преподавания физики. /Под ред. В.П.Орехова, А.В.Усова т.ІІ. Москва, Дрофа, 2002.
5. Каменецкий С.Е.Современные проблемы методики обучения физике.–Н-Новгород, 2001.

Аннотация: Благодаря проведению внеклассных работ по физике учащихся могут сосредоточиться на вопросах самостоятельного изучения, дополнять свои знания, изучать пути решения технических вопросов, связанных с предметом и выбором будущей профессии. В статье излагаются способы, с помощью которых учащиеся могут развивать творчество посредством внеклассных занятий. К примеру, рассмотреть пути привлечения заинтересованных в физике учеников старших классов в организацию выставок и вечеров, а также экскурсии в местах производственных организации. Для формирования таких творческих личностей школьники могут создавать студенческие научные организации. Наличие такой организации приводит учащихся к раскрытию своих способностей, делает первый шаг в науке, осознает, что происходит в науке и делает выбор специальностей учащимися.

Abstract: Thanks to the extracurricular activities on student physics, they can focus on self-study questions, supplement their knowledge, explore ways to solve technical issues related to the subject and

choice of future profession. The article outlines the ways in which students can develop creativity through extracurricular activities. For example, consider ways of attracting high-school students who are interested in physics to organizing exhibitions and evenings, as well as excursions to places of production organizations. For the formation of such creative personalities, students can create student research organizations. The presence of such an organization leads students to the disclosure of their abilities, makes the first step in science, is aware of what is happening in science and makes the choice of specialties by students.

ӘОЖ 78.01

Балабеков Е., Лесбек Ү.

п.ғ.к., доцент, АӘИУ, Шымкент, Қазақстан

студент, АӘИУ, Шымкент, Қазақстан

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА МУЗЫКАЛЫҚ – ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДЕГІ МҰҒАЛІМНІҢ РӨЛІ

Түйін: Мақалада мектеп қабырғасында оқушыларға музыкалық – эстетикалық тәрбие берудің кейбір мәселелері қарастырылған. Музыка өнер ретінде адамның сезіміне әсер етеді. Музыканың әсер ету мүмкіндігі ешқандай басқа өнер тундысында кездеспейтіндей пәрменді әрі тыңғылықты. Сондықтан музыкалық өнерді мектептегі эстетикалық тәрбиеде ең басты құралдардың бірі ретінде пайдаланады. Авторлар мектептегі эстетикалық тәрбие ісінде музыкалық өнердің мүмкіндіктерін пайдалануда оның жанрларын пайдалану жолдарын, оқулық және көркем – шығармашылық репертуарын оқу – тәрбие жұмыстарында қалай қолдану жолдарын қарастыру. Мұндай тәрбиені жүзеге асыруда тәрбиеленушілерге мәдениеттің озық, прогресшіл үлгілерін, адамның рухани өмірін байыта түсетін шынайы көркем құндылықтарды көрсеткен жөн. Қоғамдағы рухани жаңғыру жағдайында жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру процесінде эстетикалық тәрбиенің маңызы бұрынғыдан да арта түсуде.

Кілттік сөздер: Музыкалық – эстетикалық тәрбие, музыкалық аспаптар, аспаптық музыка өнері, музыкалық эксперименталдық шеберхана, халық әндері, күйшілік өнер, оркестрлік орындаушылық, орындаушылық шеберлік, концерттік репертуар, дирижер, аспаптардың өзара үндестігі.

Жастар тәрбиесінде маңызды рөлдің бірін, әлбетте – музыкалық өнер атқарады. Музыкалық тәрбие оқушының өсіп жетілуі барысында ойын ұшқырлап, қиялына қанат бітіреді, халықтың рухани – мәдениетін меңгеру арқылы патриоттық сезімі қалыптасады, сонымен қоса, музыкалық сабақ арқылы оқушының азаматтық белсенділігі, эстетикалық талғамы қалыптасады. Сондықтан, музыкалық сабақ кезеңінде оқушылардың музыкалық-эстетикалық талғамын қалыптастырудың жолдарын анықтауды біз негізгі мақсатымыз деп таныдық.

Эстетикалық тәрбие жүйесінде музыкалық тәрбие маңызды роль атқарады. Ол ақыл – ой және адамгершілік тәрбиесімен тығыз байланысты, қиялдау, есте сақтау, ерік - жігер, шығармашылық қабілеттерді қалыптастыруды көздейді. Музыкалық тәрбие музыкалық оқыту мен музыкалық білім беру элементтерін қамтиды. Олардың өзара қимылы мен өзара байланысы толыққанды, жан – жақты музыкалық дамуды қамтамасыз етеді. Эстетикалық тәрбие еңбектің сұлулығын сезініп, түсінуге үйретеді және адам үшін еңбек әрекетіне итермелеуші қуаты болып табылады. Эстетикалық тәрбие адам бойында бейнелі ойлай білу, терең эмоциялық толқыныс, шығармашылық және әсемдік заңдарына сай мінез –

құлық қабілетін дамытады.

Мұндай тәрбиені жүзеге асыруда тәрбиеленушілерге мәдениеттің озық, прогресшіл үлгілерін, адамның рухани өмірін байыта түсетін шынайы көркем құндылықтарды көрсеткен жөн. Қоғамдағы рухани жаңғыру жағдайында жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру процесінде эстетикалық тәрбиенің маңызы бұрынғыдан да арта түсуде. Эстетикалық тәрбие адамгершілік тәрбиемен тығыз байланысты. Музыка пәнінің мұғалімі педагог – музыкант ретінде оқушылардың музыкалық – эстетикалық білімі мен тәрбиесін ұлттық өнердің негізінде жетілдіруге байланысты көптеген іс-шаралар ұйымдастырады.

Өнер арқылы тәрбие беру жүйесінде музыка мен театр ерекше маңызға ие. Әдемі ән әуені, тамаша музыка адамдардың жан дүниесін жадыратып, көңіл-күйін сергітеді, ой-өрісін байыта түседі. Жалпы музыка әуені адамдарға алғаш дүниеге келген күндерінен бастап-ақ зор әсер етеді. Өйткені, ол жан дүниесінің азыға іспеттес, сондықтан ол эстетикалық тәрбиенің негізгі бір басты саласы боп саналады. Музыка тілмен жеткізе алмайтын адамның тереңде жатқан нәзік сезімінің құралы. Атамыз Абай "Құлақтан кіріп бойды алар, әсем ән мен тәтті күй" - десе, Л.Н.Толстой, "Жақсы музыка- көңіл-күйдің, жан-сезімнің шежіресі"-деген.

Жас ұрпаққа тәрбие беруде музыканың ықпалы ерекше, себебі оның эмоциялық ықпал ету күші бір мезгілде жүздеген көрермендерді өзіне тартады. Оның өзіндік ерекшеліктері бар. Ол - әдебиет, сөз өнері, музыка, бейнелеу өнерлерінің амал-тәсілдерін бойына жинақтаған синтездік өнер. Мұндай жиынтық сахна мен көрермендердің, олардың ойлары мен сезім-күйлерінің өзара байланысын, ортақтастығын орнатады. Жалпы сахна аясында адамның эстетикалық талғамының дамуына ықпал жасамайтын ұсақ-түйек нәрсе жоқ. Өнерпаздың сахнаға шығуынан бастап, оның киген киімі, сөйлеген сөзі, өзін ұстай білуі, сөйлеу мәнері - бәрі көрермендерді сұлулық ләззатына бөлеп, талғамдарын қалыптастыруға, адамгершілік қасиеттерін шыңдауға үлкен ықпал етеді. Тіпті концерт залдары мен театрлардың, мәдениет сарайларының сахналары көрермендерге тек ізгілік пен әсемдіктің жарқын үлгілерін ұсынады. Біздің қоғамымыздың жас мүшесінің нағыз азаматтық көзқарасының қалыптасуы тек білімге ғана негізделмейді, оған қоса өзінің сезім түйсігінен, ар-ожданның елегінен өткен ақыл-ой қызметі қажет. Бұл жерде өнердің алатын орны ерекше, ғасырлар бойы халқымызда жинақталған бай тәжірибесінің арнасын одан әрі кеңітіп, дамытуымыз керек.

Оқытушылардың музыкалық тәрбиесінің тәжірибелік алғы-шарттары олардың оқушыларға беретін білімі мен музыкалық-эстетикалық дамытуы болып саналады. Оқушылардың жеке музыкалық дамуын бақылау, олардың өнер жолында өсуін қамтамасыз етуге мүмкіндік туғызады. Бұл мәселелерді көптеген ғалымдарымыз зерттеді. Қазақстандағы музыкалық өнер саласында әр кезеңдерде белгілі музыкатанушылар Б.Ерзакович, М.Ахметова, А.Темірбекова, Л.И.Гончаров, З.Қоспақов, Б.Қарақұлов және А.Райымбергеновтар еңбектеніп, музыканың танымдық, тәрбиелік мүмкіндіктерін анықтады.

Музыканы түсініп қабылдау, әрине күрделі процесс, осыған орай Д. Кабалевский былай деп жазды: «Музыкаға деген қызығушылық музыкаға әуестену және оны ұнату, оның ғажайып сұлулығын түсіну үшін қажетті шарт. Сонда ол өзінің тәрбиелік және танымдық ролін атқара алатын болады. Ал музыкаға қызықпаған, онымен айналыспаған, оны ұнатпаған адамға білім мен тәрбие беремін деу сәтсіздікке ұшыратпай қоймайды»

Әрбір оқушының сана- сезімі, мінез-құлқы, мәдениеті, өмірге көзқарасы, музыкалық қабілеті бірдей болып келе бермейді. Олардың өзіндік ерекшелігі - тәрбиесіне, шыққан ортасына да байланысты. Демек, оқытушы өзінің тәрбие жұмысында әрбір оқушыға өз алдына жеке-жеке педагогикалық тәсілдер қолданады. Болашақ маманның ең негізгі міндеті – таңдаған мамандығы бойынша теориялық білім мен тәжірибелік дағдысын

менгеру болса, кәсіби тұрғыдан қалыптасуына педагогикалық іс-тәжірибе кезеңінің зор көмегі болады. Адамның тұлға болып қалыптасуы жолында халық музыкасының әсері ұлан-ғайыр. Музыка өнері тек эстетикалық құрал ғана емес, оның өзге сипаттары да бар: - ұлттық болмыс, мазмұн, жанрлық ерекшелік. Бұл турасында, орта мектеп бағдарламаларында осы тұрғыдан әдістемелік тәсілдеріміздің мазмұнын байыта түсуіміз керек. Сондықтанда, жастардың тәрбиесіне ықпал ететіндей жаңаша әдіс-тәсілдердің түрлерін іздестіру керек сияқты. Байқасақ, әрбір жүргізілген музыка сабағының тәрбиелік мәні өте зор. Мектепке мұғалімдерді кәсіптік мамандыққа сәйкес даярлауда негізгі нысана музыка болуы керек. Бастауыш сынып оқушыларының әсемдікті көре, түсіне, жасай білуі мен рухани өмірін байыту, туған еліне, жеріне, табиғатына деген сүйіспеншілігін және ұлтымыздың бай қазынасы - қазақ фольклорына қызығушылығын арттыра отырып, олардың бойында эстетикалық мәдениетті тәрбиелеу – бүгінгі таңда өзекті мәселе болып отыр. Оқушының әсемдік пен әрсіздікті, жақсы мен жаманды, мейірімділік пен зұлымдықты, қуаныш пен қайғыны түсініп ажырата білуіне байланысты оның эстетикалық мәдениеті мен мінез-құлық дағдылары айқындалады. «Жаратылыстың, һәм өнердің сұлу заттары адам жанында сұлулық сезімдерін оятады. Сондықтан баланың сұлулық сезімдері әр түрлі нәрседен - музыкадан, сұлу суреттен, поэзиядан оянымпаз болады. Тәрбиешінің міндеті балада өнердің қандай түріне ынтасы бар екенін анықтап, сол ынтасына сай өнердің түрлері туғызатын сұлулық сезімдерін өркендету», - деп А. Жұбанов айтқандай, бастауыш сынып оқушыларының эстетикалық мәдениетінің дамуы сынып жетекшілерінің және пән мұғалімдерінің шеберлігі мен тәрбие құралдары қазақ фольклор жанрларын тиімді қолдана алуына, әдіс-тәсілдеріне байланысты. Оқушылардың музыка өнеріне дүниетанымын қалыптастыру әдістері алуан түрлі және ол оқушының жас мөлшеріне тәуелді. Музыка өнеріне дүниетанымын қалыптастыру әдістерін көрнекі және ауызша деп бөлуге болады.

Педагогикалық ғылым мен практика оқушының шығармашылық қабілетінің арттырудың неғұрлым тиімді әдістерін анықтап отыр. Олар: оқушылардың музыканы қабылдауы мен эстетикалық мәдениетінің бастапқы көріністерін дамытуға бағытталған сендіру әдістері. Шығармашылық қабілетті қалыптастыруда қолданатын сендіру әдісінің ерекшелігі оны қабылдайтын құбылыс әсем болған жағдайда ғана пайдалану керек екендігі. Оқушыда эмоциялық үн қосу өнер шығармаларымен тікелей ұшырасқанда пайда болады. Бұл әдісті көрнекілік, сондай-ақ ауызша әдіс деп те санауға болады.

Үйрету - жаттықтыру әдісінің мәні - оқушыны тыңдай, көре бағалай білуге және соған сәйкес белсенді іс-әрекет етуге үйрету. Үйрету, жаттықтыру әдісі көп қайталауды талап етеді және түрлі жағдайларда қолданылады. Аталған әдістерді кешенді пайдалана отырып оқушының қабылдау белсенділігін тәрбиелеу керек. Оқушылар әдебиетті оқуға, музыканы тыңдауға ынталы келеді. Әртүрлі әдеби, музыкалық шығармалардағы іс-әрекеттің оқиға желісін дұрыс түсіну үшін оқушыларды көп ізденуге үйрету, бағыт беру ұстаздың міндеті. Оқушылардың шығармашылық қабілеті және белсенділігі тұтас педагогикалық процесте дамиды. Сондықтан оның барлық еңбегі, демалысы шығармашылық бағытта тиімді ұйымдастырылса, ол өз өміріне әдемілік элементтерін енгізе алады. Қазіргі таңда жас ұрпаққа тәрбие беру саласында көп өзгерістер жаңалықтар болып жатыр. Бүгінгі күнде негізгі мақсат жан-жақты дамыған білімді тұлғаны тәрбиелеу. Өзгерістер өнер саласын да қамтыды. Тәрбиелеудің бір құралы кең сан қырлы ұғымды қамтитын музыкалық өнер. Халық тағлымының байлығын өн бойына жинақтаған, ертеден қалыптасқан педагогикалық тәжірибеде, тәлім-тәрбиеде оқу-ағарту мәселелері әлі де жетерлік. Музыка адамзаттың рухани азығы, жан серігі, ұшқыр қиялы, нәзік сезімі. Домбыра сөйлейді, қобыз жеткізеді, сыбызғы білдіреді деген сөз тіркестері қазақ мәдениетінде кездейсоқ кездеспейді. Сабақта оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуда музыка мұғалімінің негізгі міндеті толықтырылған кеңейтілген бағдарлама

негізінде оқу-тәрбие үрдісін және ұстаздың педагогикалық шеберлігін дамыту. Жас өспірімнің бойында талғампаздық эмоциялық сезімпаздық қалыптастыруында, оның мәдениетті болып өсуінде музыка әлемін түсінуде мектептегі музыка тәрбиесінің алатын орны ерекше. Әр түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды тану, музыкадағы түрлі кезеңдермен көңілді ажыратуда оқушының музыкалық шығармашылығын дамытады. Жас өспірім – тыңдаушы, орындаушы музыкаға деген өзінің ой-пікірін көрсететін, түсінетін оқушы. Сондықтан музыкалық шығармашылық қабілеттің басты саласының бірі - ол музыка арқылы тәрбие. Эстетика мен музыкалық шығармашылық қабілеттің ортақ мәселесі адамның табиғат пен өмірдегі әсемдікті қабылдап бағалауға және түсінуге тәрбиелеп оқыту. Мұғалімнің міндеті оқушының жай ғана музыкалық икемін дамытып, оған музыкалық білім ғана беру емес, оның шығармашылық белсенділігін арттыру. Музыкалық тәрбие әдебиет, бейнелеу өнері, тіл, тарих тағы басқа пәндермен байланысты. Сонда ғана біз оқушының мәдениетті жан дүниесі бай ой-парасаты кемелденген білімді оқушы етіп тәрбиелей аламыз. Музыка тіл айтып жеткізе алмайтын адамның киелі нәзік сезімі. Музыка бұл сезім тілі, адам жанын баурап алатын, моральдық сезімдік эстетикалық бірлігі болып табылады. Мектептегі музыка пәні оқушыларға басты тәрбие құралы болып есептеледі. Олардың рухани өмірі мен тәжірибенің музыка әлемін түсініп қабылдауы. Оқушының талғампаздығы, эмоциялық сезімталдығы, білімділігі, мәдениеттілігі, жас өспірімге ақыл-ой, сана-сезімдігі жақсы мінез-құлықтың қалыптасуына әсерін тигізеді. Музыканың қажеттілігі – ол музыка өнерінің негізімен оның өмірі мен байланысы жайлы түсінігін жетілдіру, баянды меңгеруіне көмектесу. Музыкалық тәжірибелік іскерліктерін дағдыларын қалыптастыру болып табылады. Оқушының бойында рухани мәдениеттің маңызы мен ажырамас келбетін байытатын музыканың әсері мол. Олардың бойында түсінігі, сезімдік қабілеттілігінің тұрақтылығы музыка тілінің ерекшелігін меңгеру. Музыка сабағында, сыныптан тыс уақыттарда бастауыш сынып оқушыларымен музыкалық тәрбие жұмысын жүргізе білуге, күнделікті өмірге музыка өнерінің тәрбиелік мүмкіндіктерін кеңірек пайдалана білуге даярлау. Музыка пәнінің мұғалімінің негізгі мақсаты - оқушының бойында рухани мәдениеттің аса маңызды, ажырамас бөлігі музыкалық мәдениетті қалыптастыру арқылы шығармашылық қабілетін арттыру. Отанға, өз халқына деген сүйіспеншілік, халық музыкасына, өз халқының рухани мәдени мұрасына, салт-дәстүріне деген оң сезімдерін оятады. Балалардың музыка арқылы түсінігін сезіну қабілетін музыка ерекшелігін меңгеру. Бүгінгі таңда балаларды жастайынан өнерге баулу музыкалық тәрбие арқылы жаңа тұлғаны, жаңа адамды тәрбиелеп қалыптастыру. Сухомлинский былай деді: «музыка адамның табиғаттың әсемдігіне, еңбекке деген құлшынысын арттырады, музыканың арқасында адамның айналаға, өмірге, тіпті өзіне деген көзқарасты өзгертеді». Қорыта айтқанда, оқушыларға музыкалық - эстетикалық тәрбие беруде музыка пәнінің мұғалімі басты рөлге ие.

Әдебиеттер тізімі

1. Айтмұқаев Б. Өнерің өнегелі – өсер ұрпақ. Алматы. Жерұйық 1993.
2. Педагогическая энциклопедия в 4 томах, М: – 1965.
3. Ұзақбаева С. Балаларға эстетикалық тәрбие берудегі халық дәстүрі. Алматы. 1990.
4. Хамиди Л. Талант яркий, самобытный. Огни Алатау. 1983.
5. Ұзақбаева С., Төлебаева Ж. Сырлы саздар тағылымы. Алматы. 1999.

Аннотация: В статье рассматриваются вопросы музыкально – эстетического воспитания детей в условиях школы. Музыкальное искусство способно воздействовать на чувства человека, побуждает к сопереживанию, формирует стремление к преобразованию окружающего. Влияние музыки неповторимо, ничем не заменимо. Наряду с художественной литературой, театром, изобразительным искусством она выполняет

важнейшую социальную функцию.

Авторы уделяют внимание на важность правильного подбора учебного и художественно-творческого репертуара. Рассматривают каждый из них по отдельности, выделяя важность в обучении и воспитании исполнительского мастерства и мировоззренческое отношение к духовным наследиям народа. При проведении такого вида обучения важно, чтобы учащиеся демонстрировали прогрессивные модели культуры, подлинные художественные ценности, обогащающие духовную жизнь человека. Эстетическое воспитание приобретает все большее значение в процессе формирования полноценной личности в духе духовного возрождения в обществе.

Abstract: The article deals with the issues of musical - aesthetic education of children in school. Musical art is able to influence the feelings of a person, encourages empathy, creates a desire to transform the environment. The influence of music is unique, nothing is interchangeable. Along with fiction, theater, visual arts, it performs an important social function. The authors pay attention to the importance of proper selection of educational and artistic and creative repertoire. Consider each of them separately, highlighting the importance in training and education of performing skills and worldview to the spiritual heritage of the people.

When conducting this type of training, it is important that students demonstrate progressive cultural models, genuine artistic values that enrich the spiritual life of a person. Aesthetic education is becoming increasingly important in the process of forming a full-fledged personality in the spirit of spiritual revival in society.

ӘОЖ: 930.24: (574)

Джалилов А.М., Жамелов Б.А.

Магистр, оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
Магистр, оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

АЙТЫЛҒАН ТАРИХТЫҢ ҒЫЛЫМ РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСУЫ

Түйін: Айтылған тарих – тарих ғылымың жас бағыты. XX ғасырдың жартысында Батыс Еуропада қалыптаса бастаған бұл тарихи ғылымның бағыты микро үрдістерге ерекше мән береді. Алғашқы кезде бұл ғылым Италия, Германия, Франция сияқты мемлекеттерде дами бастады. Батыс Еуропа елдерінде Айтылған тарихтың зерттеу әдіс тәсілдері, методологиясы қалыптасты. Негізінен Айтылған тарихтың ғылым ретінде қалыптасуына герман тарихшылары А.Людке және Х.Медик зор үлесін қосты. Алайда Айтылған тарихты ғылыми айналымға ендірген «Анналар» мектебінің атақты өкілі, француз тарихшысы Ф.Бродель еді. Айтылған тарихтың зерттеу объектісі бұл экономикалық құбылыстар мен саяси үрдістер емес, осы бағыт ең алдымен адамзаттың күнделікті тарихы және оның мәселелерін зертейді. Айтылған тарих немесе күнделікті тарих – тарих ғылымының жас бағыты болғанымен, әлем тарихшыларың назарын ерекше аударуда. Айтылған тарих тек қана макро тарихи үрдістерді ғана емес, сонымен қатар микро тарихты зерттеу керектін дәлелделі. Мақалада Айтылған тарихтың ғылым ретінде қалыптасуы қарастырылған.

Кілттік сөздер: айтылған тарих, бағыт, зерттеу әдістері, тарихнама, герман қоғамы, азаматтық, демография

Айтылған тарих – тарих ғылымының бағыты болып табылады. Айтылған тарих ғылым ретінде XX ғасырдың ортасында қалыптаса басталды. Айтылған тарихтың зерттеу объектісі – бұл адам өмір, еңбек және демалыс жағдайы. Сондай-ақ адам мінез-құлқына,

саяси-әлеуметтік қалыптасуына әсер етуші факторларды зерттейді. Айтылған тарих - тарихты жасап отырған адамдардың тарихы және үнсіз, атаусыз қалғандардың тарихы. Айтылған тарих Батыс Еуропа елдерінде тарихи білім дағдарысқа ұшыраған кезде жаңа буын тарихшылардың үлес қосуымен дамыды. Яғни ірі тарихи оқиғалардан «кішігірім өмірлік әлемді» зерттей отырып, қарапайым азаматтардың өмірін зерттеуді қолға алды.[1]

Герман қоғамы елдің әлеуметтік-экономикалық өмірінің түбегейлі өзгеруіне сенімсіздікпен қарауы осы бағыттың дамуына әкелді. Көптеген тарихшылар күнделікті тарихты альтернативті қозғалыс пен тарихнама ретінде қарастырды. Француз тарихнамасында М.Блоктың, Л.Феврдің, М.Де Сароның, П.Бурдьенің еңбектерін қарастыруға болады. Ф.Бордель материалдық өркениет, экономика және XV-XVIII ғасырлардағы капитализм мәселелеріне назар аударды. Ф.Бордьенің “Күнделіктің құрлымы” еңбегі сол кездегі адамдардың күнделікті арманына және тұрмыс-тіршілігіне арналған. Ал М.Серто мен П.Бурдье этнология және әлеуметтану мәселелерін қарастырды. Ұлыбританияда Айтылған тарихтың дамуына жаңа Британ әлеуметтік тарихтың атасы Э.Томпсонның 1963 жылы жарыққа шыққан “Ағылшын жұмысшы табының құрылуы” атты монографиясы әсер етті. Сонымен бірге әлеуметтік тарих саласында зерттеулер жүргізген тарихшылардың әсері де болды. Германияда Айтылған тарих ғылымы әртүрлі тарихшылар тарапынан қатты сынға ұшырап отырды. Олардың айтуы бойынша, Айтылған тарих рационалдықты теріске шығарып тұрған бағыттардың бірі. Германияда тек 1980 жылы ғана тарихшылар қауымы Айтылған тарихты тарихи білімнің бір бөлігі екені мойындады. [2] [3]

Германияда Күнделікті тарих және аймақтық тарих бойынша құжаттау орталығы (Dokumentationszentrum fuer Alltags-und Regionalgeschichte der Berliner Geschichtswerkstatt) құжаттары және фотосуреттерді жүйелеумен айналысады. Сондай – ақ осы орталық Ұлтшыл – социалистер билігінің тұсындағы немістердің күнделікті өмірін зерттеуде. Орталықтың бейне мұрағатында сирек кездесетін фотосуреттер сақталған. [4, 45 б.]

Бүгінгі таңда Айтылған тарихта 2 бағыт дамуда. Біріншісі - күнделікті қайталанып отырған үрдістерді негізге алса, екіншісі - өзгерістерді зерттеуде. Айтылған тарихтың дерек көзі ретінде көне мәтіндер, шіркеулік метрикалық жазбалар, емдік мекемелердің құжаттары, неке шарттары, күнделікті тұрмыстық заттар және ауызша сауалнамалардың деректері негізге алынып отыр. Айтылған тарихтың арқасында неміс қоғамы қылмысты, жұмысшы табының отбасылық өмірі және кедейлер мен қаңғыбастардың өмірін зерттеуге мүмкіндік алды. Германияда айтылған тарихтың дамуына Д.Блазиустың “Буржуазиялық қоғам және қылмыс”, К.Тенфелдьенің “XIX ғасырдағы Рур шахтерларының әлеуметтік тарихы”, К.Кюхтердің “Көшедегі адамдар” және т.б тарихшылардың еңбектері үлес қосты. Күнделікті тарих қолданбалы әлеуметтанудың, тарихи демографияның, антропологияның, әлеуметтік психологияның, мәдениеттанудың зерттеу әдіс-тәсілдерін кең қолдануда. Сонымен бірге сандық әдістердің, микроанализдың қолданысы да көзге түсуде.

Айтылған тарих ғылымына Ресей тарихшыларының назары XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басында түсті. Ғалым А.А.Аникеевтің айтуы бойынша, айтылған тарих адам өмірін зерттеуге бағытталған ғылым деп түсіндірді. С.И. Ожеговтың сөздігінде: “Айтылған тарих - бұл адамның тұрмыс-тіршілігі, еңбек етуі, демалысы, қозғалуы”. Академик Ю.А. Поляков: “Айтылған тарих өткен және жақын сәттерде өміп сүріп жатқан миллиардтаған адамдардың тағдыры”. Айтылған тарихтың мақсаты адамдардың өмірін тарихи тұрғыда баяндау және жеке маңызды оқиғаларды бөліп көрсету. Зерттеуші Н.Л.Пушкареваның айтуы бойынша айтылған тарихтың объектісі – адам өмірінің әртүрлі саласын баяндайтын тарихи-мәдени, саяси-оқиғалық, этникалық және конфессиялық контекстінде көрсету. А.С.Сенявский : “Айтылған тарих- өмірді толғырақ баяндаудың

тарихы және дәлдікті талап етеді”. Ресей тарихшылары Айтылған тарихты микротарих деп те атайды. А.В.Курьянович: “айтылған тарих үшін адам ішкі әлемінің эволюциясын, даму логикасын анықтау өте маңызды”. Ресей тарихының тарихнамасында айтылған тарих XX ғасырдың 90 жылдарында пайда болды.

2018-2019 оқу жылында университет басшылығының тарапынан басты назар аударылып, «Философия» және «Саясаттану» мамандықтары ашылды. Берілген білім беру бағдарламасы бойынша бакалаврларды дайындау білім берудің ұлттық үлгісінде құрылған, көп мәдениеттілікке, коммуникативтілікке ие, қазіргі ғылыми-тәжірибелік деңгейде шығармашылық және жоғары міндеттерді шешуге қабілетті кәсіби жаңа формациядағы мамандарды дайындауға бағытталған.

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде «Жастар саясаты» оқу пәні енгізілген. «Жастар саясаты» пәні студенттерге жастар саясатының тұжырымдамалары туралы қазіргі білімдерді беруге бағытталған және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес әзірленген.

Әдебиеттер тізімі

1. Дастан Шерехан. «Жастар саясаты – бүгінгі күннің өзекті мәселесі» // <http://arhar.kz>
2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясаты туралы Заңы, 2005, 15 б.
3. Абдрайымова Г.С. Социология молодежи. – Алматы: Жибек жолы, 2008, 278 б.

Аннотация: Сегодня, молодежь - это одна из самых организованных, социально-активных слоев населения, она объективно является генератором новых идей, жизненной силой и энергией общества. Молодежь не просто будущее страны, это ее настоящее. Последние годы были знаковыми для молодежной политики Республики. Государственная молодежная политика является одним из приоритетных направлений в деятельности многих стран. Основным нормативным правовым документом, регулирующим сферу отношений государства и молодежи в Республике Казахстан, является Закон «О государственной молодежной политике в Республике Казахстан» 9 февраля 2015 года, в котором определены его цели, задачи, направления, а также механизмы государственной поддержки молодежи, ее социальные и политические права. Проведены заседания трех Конгрессов молодежи Казахстана при непосредственном участии Президента страны Н. Назарбаева. Государственная молодежная политика в Республике Казахстан осуществляется в целях создания социально-экономических,

правовых, организационных условий и гарантий для духовного, культурного, образовательного, профессионального становления физического развития молодежи, раскрытия ее творческого потенциала в интересах всего общества.

Abstract: Today, the youth is one of the most organized, socially active segments of the population, it is objectively the generator of new ideas, the life force and energy of the society. The youth is not just the future of the country, it is its present. Recent years have been significant for the youth policy of the Republic. State youth policy is one of the priorities in the activities of many countries. The main regulatory legal document regulating the sphere of relations between the state and youth in the Republic of Kazakhstan is the Law "On State Youth Policy in the Republic of Kazakhstan" on February 9, 2015, which defines its goals, objectives, directions, as well as mechanisms of state support for young people, its social and political rights. Sessions of three Kazakhstan Youth Congresses were held with the direct participation of President N. Nazarbayev. The state youth policy in the Republic of Kazakhstan is carried out in order to create socio-economic, legal, organizational conditions and guarantees for the spiritual, cultural, educational, professional development of the physical development of young people, to reveal their creative potential in the interests of the whole society.

ӘОЖ 373.81

Камалова Г.А.

магистрант, Сырдария университеті, Жетісай, Түркістан облысы, Қазақстан

БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП ҰСТАЗДАРЫН КӨРКЕМ ЕҢБЕКТІ ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ТҮЛҒАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Түйін

Бастауыш сыныптарда көркем еңбек пәні мұғалімі, педагогикалық тұрғыда өздерінің кәсіби шеберліктері мен әдістемелік даярлықтарын қайта қарау мүмкіндіктеріне ие болуда. Себебі, тек қана көркем еңбекті практикалық тұрғыда үйретпей, оны ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етудің жолдары арқылы жаңаша шешімдерін іздестіретіні айғақ. Көркем еңбекті оқушыға үйретудің әдістемесіне де, жаңаша бетбұрыстар келуде. Оқушыны өзіндік іздену әрекетіне, оқу-әдістемелік материалдарымен таныстырып, тапсырмалар беріліп, тек қана мектептегі сыныпта ғана емес, сыртта, мұражайда, галереялар да іске асыруға болады. Бұл жаңаша бастама, өзіндік бағытымен, шетелдік тәжірибе негізінде қолға алынуда.

Мақалада болашақ бастауыш сынып ұстаздарына көркем еңбек пәнін оқыту арқылы шығармашылық тұлғасын қалыптастыру және кәсіптік білім беру, кәсіби бейімделу, кәсібилену, кәсіби шеберлік, кәсіби қызыреттілік ұғымдарына түсінік беру мәселелері қарастырылған.

Кілттік сөздер: көркем еңбек, көркемдік білім, бейнелеу өнері, еңбекке баулу, кәсіптік білім, кәсіби бейімделу, кәсібилену, кәсіби шеберлік, кәсіби қызыреттілік, технология.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың жолдауында «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласында «...Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек деп нақты алдымызға мақсат қойып берді. Бұл мақсатқа жетуге, білім алуға, саламатты өмір салтын ұстануға, кәсіби тұрғыдан жетілуге басымдық бере отырып, осы жолда әр нәрсені ұтымды пайдалануды тапсырды. Бұл заманауи әлемдегі бірден-бір табысты үлгі ол ұлттық құндылықтарымызды жаңа үлгіде жаңғыртуымыз керек[1].

Өркениетті қоғамның гүлденуі өскелең ұрпақтың рухани байлығы мен

мәдениеттілігін, еркін ойлау қабілеті мен шығармашылығын, кәсіби біліктілігі мен білімін талап етеді. Қазіргі кезеңде ұлттық көркем мәдениеттің үлгілерін заман талаптарына сай жаңартып, жас ұрпақтар тәрбиесіне қолдану жоғарғы оқу орындарында педагог кадрларды дайындау жүйесіне де инновациялық өзгерістер әкеліп, ізденістер жасау қажеттігін туындатып отыр. Сондай қажеттіліктердің бірі көшпенді халықтың бүкіл әлемге өзінің ұлттық ерекшелігімен таныта білген қазақ халқының қолөнері.

Бүгінгі таңда болашақ көркем еңбек мамандарына көркемдік білім беруде қоршаған орта мен ондағы табиғат құбылыстары адамзат дамуында маңызды қызмет атқаратыны сөзсіз. Осы орайда қазіргі еліміздегі төртінші өнеркәсіптік төңкеріс үдерісіндегі заманауи өнер саласындағы экодизайн технологияларының мүмкіндіктерін жан-жақты қарастыру қажеттілігі туындап отыр.

Бүгінгі Қазақстанда жалпы орта білім беру бағдарламалар мазмұнының жаңартылуы аясында болып жатқан кіріктірулер барлық пәндер бойынша жүргізілуде. Соның ішінде көркемдік білім беру бойынша мектептегі «бейнелеу өнері», «еңбекке баулу» және «технология» пәндерінің бірізділігі сақталу арқылы «көркем еңбек» білім беру мазмұны жаңартылып, ендірілуде. Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты-білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериялды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың жаңаша әдіс-тәсілдерін қолданудың тиімділігін арттыруды қажет етеді.

Жоғары білім беру жүйесінің басты міндеті- болашақ маман даярлауда ұлттық сана мен ұлттық құндылықтар маңызын түсіндіруде ғылым мен білім, өнер мен өмір тәжірибе жетістіктерін өз кәсіби шеберлігінде, адами болмысында тиімді пайдалануға бағыттау.

Болашақ мамандардың өнердің белгілі бір саласы бойынша көркем шығармашылықпен кәсіби деңгейде айналысу жағдайында білімі мен іскерлігінің ұштасуы, этнокөркемдік білімі бар адамның жоғары деңгейде бағалануы, этномәдени талғамының артуы арқылы кәсіби даярлықтың басты бағыттары мен алғышарттарын қарастыру (Ә.И. Ысқақ) [2];

Білім беру саласында болып жатқан жаңартулар, жоғары көркемдік білім беру ісінде жаңашаландыруға әкелуде. Дегенмен де, тек қана болашақ маман даярлауда ғана емес, бастауыш сыныптардағы көркем еңбек пәні мұғалімдерінің де, өздерінің өзгермелі жаңалықтарға қайта даярлау мен бейімділіктерін бұру қажетті болып отыр. Себебі, жаңартылған көркем еңбек пәні мазмұнында қойылған мақсаттар мен әдістемелік бағыттар ғылым мен өнер байланысы негізінде құрылып, берілген. Көркем еңбек пән мұғалімдері практикалық бағытта өз біліктілігін айғақтай алатынын ескерген жағдайда, әдістемелік даярлық деңгейінің ғылыми тұрғыдан негізделуін талап етілетінін атап өтуіміз қажет. Тек қана сурет нұсқасын қойып қана, көркем еңбекті студентке оқыту әдістемесі бұл жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша күзiреттiлiктерге жауап бере алмайды. Яғни, мұғалімнің ғылыми-әдістемелік даярлығы мен өнертанымдық білімін жетілдіруі аса маңызды. Осы орайда, жаңартылған білім беру бағдарламалары негізінде осы күнге дейін болашақ бастауыш сыныптардағы көркем еңбек пәні мұғалімінің кәсіби шеберлігі сұранысы мен қажеттілігі бүгінгі қоғам дамуында аса маңызды.

Көркем еңбек пәні мұғалімі, педагогикалық тұрғыда өздерінің кәсіби шеберліктері мен әдістемелік даярлықтарын қайта қарау мүмкіндіктеріне ие болуда.

Себебі, тек қана сурет салуды ғана практикалық тұрғыда үйретпей, оны ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етудің жолдары арқылы жаңаша шешімдерін іздестіретіні айғақ. Сурет салуды оқушыға үйретудің әдістемесіне де, жаңаша бетбұрыстар келуде. Сурет салғанға дейін оқушыны өзіндік іздену әрекетіне, оқу-әдістемелік материалдарымен таныстырып, тапсырмалар беріліп, тек қана мектептегі сыныпта ғана емес, сыртта, мұражайда, галлереялар да іске асыруға болады. Бұл жаңаша бастама, өзіндік бағытымен, шетелдік тәжірибе негізінде қолға алынуда.

Сондықтан да, ең алдымен кәсіптік білім беру, кәсіби бейімделу, кәсібилену, кәсіби

шеберлік, кәсіби қызыреттілік ұғымдарына түсінік беруді көздедік.

Кәсіптік білім беру – жеке тұлғаның кәсіби білім, білік және дағдыларын типтік үлгідегі әлеуметтік және кәсіби мәні бар қасиеттеріне қарай бағыттау арқылы жетілдіру.

Кәсіби бейімделу – өз бетінше кәсіби бағдар айқындауда игеруі тиіс әлеуметтік жаңа бағыт, яғни кәсіби қызмет дағдыларын үйренуге өз бетінше тәжірибе жинақтау.

Кәсібилену – кәсіби ұстанымды қалыптастыру, маңызды кәсіби қасиеттер мен дағдыларды ұштастыра білу, кәсіби қызметті жоғары біліктілікпен атқара алу.

Кәсіби шеберлік – жеке тұлғаның кәсіби қызметін жоғары шеберлік деңгейіне жеткізіп, шығармашылықпен жұмыс істей алу қабілетімен ұштастыруы.

Осы орайда, біз ғылыми еңбектерге жасаған талдау ресейлік және отандық ғалымдардың берген анықтамаларын былайша топтастыруға болатынына көз жеткіздік:

-*кәсіби шеберлік* – жеке тұлғаның кәсіби қызметін жоғары шеберлік деңгейіне жеткізіп, шығармашылықпен жұмыс істей алу қабілетімен ұштастыруы. Авторлық қызмет жүйесіне ену. Осы аталған кәсіби біліктіліктердің ең жоғарғы шегі – кәсіпті игерудің түпкі мақсаты – кәсіби шеберлік деңгейіне жетіп, өз ісінің маманы атану (Э.Ф. Зеер) [3];

- кәсіби шеберлік құрылымы: тұлға аралық – ұжымдық жұмыс жасау процесіндегі қарым-қатынас пенөзара әрекеттесудегі іскерлік пен дағдылар; кәсіби қызығушылық пен мотивтерге байланысты тұлғаның кәсіби-маңызы қасиеттері және тұлғаның жеке және бірігіп шешім қабылдауға байланысты қабілеттері, оның осы өмірдегі орнын түсіну және қоғамдық құндылықтарға, кәсіби ұжымның бағыттарына, жалпы қоғамға жауапкершілікпен қарау қажет.

- шеберлік пен білімді меңгеру деңгейі, шеберлік пен білімнің кеңдігі және диапазоны, арнайы тапсырмаларды орындауға қабілеттілік; түрлі жағдайларда өз білімін, шеберлігін қолдана білуге қабілеттілігі (техника, технология, еңбек ұйымдастыру мен оның шарттары өзгерген жағдайда, тез бейімделу);

-«шеберлік іс-әрекет атқаруға қабілеттілікті, белгілі бір әлеуметтік кәсіби мәртебесі бар адамдарға қатысты қолданылады, оның орындайтын міндеттері мен шешетін күрделі проблемаларының нақты деңгейіне сай білім мен іскерлігінің сәйкесті бөлігін анықтайды»;

-...кәсіби біліктіліктердің ең жоғарғы шегі – кәсіпті игерудің түпкі мақсаты – кәсіби шеберлік деңгейіне жетіп, өз ісінің маманы атану;

-кәсіби шеберлік – бұл кәсіби іс-әрекеттегі тиімді технологиялар жүйесін меңгеру (білім және іскерлік деңгейде). Осындай меңгеру процесі тұлғаның кәсіби маңызды қасиеттеріне байланысты болады;

-*кәсіби құзырлылық* -бұл атқарған қызметі бойынша міндеті мен борышын орындауға еңбек субъектісі ретінде қабілеттілігі мен әзірлілігі. Сондықтан кәсіби құзырлылық еңбек нарығының талаптарына сай негізгі көрсеткіштерінің бірі болып саналады;

-*кәсіби құзыреттілік* – бұл адамның іскерлігі мен қабілеттері, оның кәсіби маңыздылығы бар және жеке тұлғалық қабілеттері, жоғары деңгейлі технологиялылықтың, мәдениеттің және шеберліктің, қызметті ұйымдастыруға шығармашылықпен қараудың, өзін-өзі дамытуға үнемі дайын болудың жинақталған, біріктірілген түбегейлі білімнің жиынтығы – деп Б.Кенжебеков айтқан [4].

Болашақ бастауыш сынып ұстаздарына көркем еңбек пәнін оқыту арқылы шығармашылық тұлғасын қалыптастыру үдерісін негізге алғандықтан, шығармашылық технологияларын тиімді, әрі мазмұнды пайдалану ерекшеліктеріне сипаттама беруді қажеттігі туындады. Олай болса, бүгінгі жаһандану заманында жас ұрпаққа әлемдік стандартқа сәйкес Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі қалыптасу үдерісінде болашақ маманның жеке тұлғалық болмысын жетілдіру ісінде нәтижеге бағытталған білім беру жүйесіне көшуде жаңа технология мен озық тәжірибелерді тиімді пайдалану жолдарын жан-жақты қарастыруымыз қажет.

Болашақ бастауыш сыпып көркем еңбек пәні мұғалімдерін әдіснамалық және ғылыми-теориялық даярлығын жетілдіру – жоғары оқу орындарында көркем еңбек пәні мұғалімін кәсіби даярлау жүйесінің маңызы зор.

Әдебиеттер тізімі

1. Елбасы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы: «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласы. Астана, 2017 ж. 12 сәуір.
2. Ысқақ Ә.И. Болашақ сәндік өнер мамандарының кәсіби даярлығын этнокөркемдік білім беру арқылы жетілдіру: дисс...пед.ғылым.канд. Шымкент, 2010, 170 б.
3. Зеер Э.Ф. Психология профессий [Текст]: текст лекций / Э.Ф. Зеер. Свердловск, СИПИ, 1988, 55 с.
4. Кенжебеков Б.Т. Маманның кәсіби құзіреттілігінің теориялық негізі // Батауыш мектеп. Алматы, 2004, №7. Б. 24-28.

Аннотация Методика преподавания в начальных классах претерпевает модернизацию, в связи внедрением «Художественного труда», где рассматриваются изучения художественные произведения. Так как производить учащимся начальных классов художественные произведения не посильно. Поэтому в содержание организации урока по «Художественному труду» должны вводятся экскурсии в художественные галерей, мастерских художников, художественные выставки для формирования визуального представления по художественному произведениям.

В статье рассматриваются процесс формирования творческой личности будущих учителей начальной школы путем обучения художественному труду.

Abstract: Primary art school teachers have a teaching point of view of their professional skills and methodological review of the training opportunities. Because, art teaches not only a practical point of view, it certainly searches its scientifically-methodological support through the new solutions. New methodologies are coming to teaching artistic work to the pupils. Students can be taught self-seeking activity by introducing of teaching materials, tasks, and it can be implemented not only in the classroom, but outside, at museums, also Galleries. This new initiative is being implemented on the basis of foreign experience. The article deals with the formation of creative professional education, professional adaptation, professionalism, professional competence.

The article discusses the process of formation of the creative personality of future teachers of primary school through the teaching of artistic work.

ӘОЖ 821 (091)

Оразалиев С.

ф.ғ.к., доцент, «Абайтану» ғылыми-оқу орталығы
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

МЕДИАЦИЯ ЖӘНЕ АБАЙ

Түйін: Мақаланың негізгі мақсаты Абай шығармашылығын танытудағы тағы да бір қыры медиация заңы туралы сөз болады. Қоғамдық сананың құқықтық мәдениетін қалыптастыруда сот жүйесіндегі аса ауыр емес қылмыстарды ара ағайындық жолмен шешу заң аясында медиация атауымен аталып жүр. Ұлы Дала тұрмысында ру басы, ақсақалдар алқасы, билер кеңесі арқылы жанжалсыз екі жақты келісімге келтіру өз нәтижесін беріп келген. Осы тұрғыдан қарағанда, Абайдың Семей қазақтары үшін

қылмысты істерге қарсы 93 бабтан тұратын заң ережесін жазғанында медиацияны көруге болады. Қай қоғамда болса да күрмеулі істерде медиация рөл ойнаған. Бірақ, ол әр түрлі орындалып отырды. Мәселен, Кеңес кезінде 1966 жылы Үндістан мен Пәкстан арасындағы соғыстың алдын алған СССР мемлекеті келісімге келтіргені тарих беттерінде қалды. Бүгінгі күнгі саяси медиация, Сириядағы соғысты тоқтатуда ара ағайындық жасаушы Астана қаласы жеті рет келісім есігін ашты.

Кілттік сөздер: Абай, заң, медиация, бітімдестіру, татуластыру, билер соты, қазы.

2011 жылы 28 қаңтар Қазақстан Республикасының тарихында тұңғыш рет «Медиация туралы» Заң қабылданды. Бұл заң қарапайым тұрғындар арасында сот тәсілімен қаралатын жанжал-егесті азайту әсіресе, соттан тыс реттеудің баламалы әдістерін соның ішінде екі жақты жарастыру, келістіру. Абайдың Қарамола съезіндегі заңнамасы Абайдың заң саласында да ерен еңбегі бар екендігін заңгерлігі өзінің тікелей әрекетімен орындалған; 1885 жылы Абай жазған 93 бабтан тұратын Семей қазақтары үшін қылмысты істерге қарсы заң ережесін бекітті. Олардан: «Ұрлыққа жәрдем еткен адамдар ұрымен бірдей жаза тартады» (40-баб), «Егер қалыңдығы өліп қалып, балдызы жездесіне бармаймын десе алған қалың малын қыз әкесі күйеуіне қайтарады» (46-баб) (1, 500) деп, медиатор қызметін атқарады. Бұдан былай билер, осы заң аясында билік айтатын болды. Абай мұрындық болған заң ережелері бүгінгі Қазақстан Республикасы Ата Заңындағы (Конституция) 16,18 бабтарының 1-тармақтарына негіз болғандығын көреміз. Бұл тәсіл біздің халқымыз қазақ үшін қолайлы екендігіне көз жеткізгендігі; ата-бабаларымыз ру басы, жүз басы, билер, аймақтық қазылар арқылы медиацияны ежелден-ақ қолданып әділ шешіліп келген. Тентегін тезге салып, итің ұры десе намыс көретін, қызын қырық үйден тыйған ағайынарасы дау-дамайға бармай-ақ шешімін тапқан. Оны орындайтын арада жүрген дәнекер-делдал келістірушіні «...посредникке сайлап алып біте берсе ...сонда дау ұзамай бітім болар еді.» (2, 161) деп бітетін Абайдың 3-қара сөзінде; екі жаққа да тәуелсіз болуы, бейтарап қалыс, құпиялылықты сақтаумен қатар, ол сөйлеген сөзін өткізе алатын дуалы ауыз шешен ел алдында беделді болу керек. Бүгінде белгілі кәсіби маман болмағандықтан «жибили» (Абай) табиғи қабілеттілігімен қоса «біліктілігі бесіктен басталған» (мақал) жан болуы керек.

Қазақ даласында түрме болмады сонда да қылмыс болды оның шешімі екі жақты бітімдестіру (медиация) арқылы шешілді. Біз айтқалы отырған медиацияның биік шыңы сөзге тоқтаған қазақта болса керек-ті.

Бір егделеу адам жаяу су жағасына келіп судан өте алмай тұрғанда, тағы бір атты жолаушы келіп қалады. Судан өткізіп тастамақ болып жасын сыйлаған көлік иесі аттың еріне отырғызып өзі артына отырады. Судан өткен жаяу жолаушы аттың иесіне «аттан түс бұл менің атым, өйткені мен алдында отырмын» деп қиянатқа көшеді. Екеуі жақын маңдағы қазыға жүгінеді. Қазы екеуін екі қараңғы бөлмеге жеке-жеке қамап оларға тыңшы қояды. Аттың иесі Тәңіріне жалбарынып: «жалғыз атымды да көп көрдің бе? Жаратқан бар болсаң өз атымды қиянаттан құтқар» деп зар илеп, жаны жай таппайды. Ал, жол жөнекей «ат менікі» деп жабысқан ол, «тисе терекке тимесе бұтаққаның» керін келтіріп жата береді. Төрелік айтатын Қазы сырға қанық болып алдына келген екеудің атын өз иесіне қайтарыпты.

«Медиация [лат. посредничество] – посредничество в международном споре третьего, не участвующего в споре, государства.» (3, 308). Мазмұны: медиация латын тілінен алынған, татуластырушылық – әлемдік мемлекетаралық екі жақты таласты үшінші жарастырушы. Сонымен қатар бітімдесу, келісім, мәміле, жарасым, татуласу, түсіністік, ұнасым, үйлесім, араағайындық сияқты мағыналарға ие. Көшпенділердің Батысқа мүдделі болғандығының бір көрінісі бейбітшіл-түсіністік пен емін-еркін ашық ара ағайындық

басқаша сипат тапты. Кеңес үкіметі 1959 жылдан бастап бітістіруші сот (арбитр) қызмет етті.

Ен далада тергеу де, сот та, түрме де, қонақ үй де, асхана да болмаған кеңпейілді халық билігі қолында болған елімізде өзара бітімдесу болмауы мүмкін емес еді. Егер сотқа (ссуд, суд – пайда) жүгінетін болса, әрбір сатыда істі қараудың өзіндік бекітілген мерзімдері бар, қашан шешім шыққанша

Дорбаны сауып тыныштықсыз

Бір ай түгіл, жыл өтті.

Алтындай жүзі сарғайды, (2, 126) дейтін кездері де болады. Бұл арада сыбайластық жемқорлыққа мүмкіндік туады. Ол шешім бір тарапқа ауғандықтан шағымданудың түр-түрі (апелляция - латын тілінен алынған, шағым; кассация – латын тілінен алынған, тоқтату) жүзеге шығып сенімсіздік пайда болады.

Бүгінде халқымыздағы ежелден келе жатқан бір-бірімен мәмілеге келіп үйлесім тауып келгені Ұлы даланың жазылмаған Заңы еді, бүгінде жаңашаланып «медиация» атымен ендіру заң айналымын толықтырды. Адамдар арасында ұзаққа созылып, сотсыз шешімін таппай дау-жанжалға айналған күрделі мәселелер, ақысыз, адвокатсыз (латын тілінен алынған, шақырамын) орындалып келді. Медиацияның заңы бойынша негізге алынған даулы мәселелер бір ай ішінде шешімін табуы тиіс. Бұл уақытты үнемдеуге құқықтық білімі жоқ қарапайым тұрғындар үшін қолайлылығы қарастырылған.

Медиация Абайдың өз басын да айналып өтпеген сыңайлы, Семейде жаламен тергеліп жатқанда: «Салтанаттың өзіне Абайды кепілге бермейтін бопты. Сонда қыз қаладағы үй-мекені бар белгілі «киізші Дүйсеке» дегенмен өзі барып сөйлесіп, Абайға кепіл болуға өзі көндіріпті. ...Залогқа салатын ақшаны Салтанат өз жанынан қолма-қол бергізген.» (4, 184). Қыз бойындағы не деген биік санат, десеңізші! «..ер мінезді, зор намыскер, азамат сыпатты» (осы бетте).

Ел арасы кикілжіңсіз, дау-дамайсыз бір сыдырғы бола бермейтінін ескерсек, адамдар арасындағы келіспеушіліктерді сотқа жүгінбей-ақ өзара түсіністік жағдайда бейбіт жолмен «Кеселді түйін шешілсе» (2, 42) дейтін тәсіл. Негізінде дау-дамай заңды тұлғалар мен қарапайым тұрғындар арасында көбірек пайызды құрап жүргендігі бүгінгі өмір тәжірибесінен белгілі. Әсіресе, қазақ арасындағы күрмеуі қиын «жер дауы мен жесір дауы».

Адамдар арасындағы ең үлкен қателік; оңай нәрсе басқаға ақыл айту болса, ең қиыны өзін-өзі тануы. Жеке тұлғалар өзін-өзі білуден қалып, өзін кіршіксіз керемет санайтындар арасында түсініспеушілік сот табалдырығын аттауға мәжбүр етуде. «Әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар» (Ата Заңның Адам және Азамат бөлімінің 13-бап) десек те, әрбір жеке адамның бұзылған құқығы заң жобасында медиация арқылы шешілуінде заңды айналып өту емес, керісінше ынтымақ-бірлікпен шешу медиацияның негізгі бағыты. «Бақ қайда барасың, ынтымаққа барам» деген бабалар қағидасын бір сәт те ұмытпағанымыз жөн. Абайдың 3-қара сөзінде: «Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолын», өз Тәуке ханның Күл төбенің басындағы күнде кеңес болғанда «Жеті жарғысын» білмек керек.» (2, 160) - деп ескертіп кетеді.

Медиацияның көздеген нысанасы тек азаматтық емес, ел арасы тіпті мемлекет арасындағы татулықты негізгі нысан етіп алады. қылмыстық істер болсын, (әрине ауыр қылмыстар емес) екі жақтың өзара келісімімен шешімін тауып кететін тұстары да кездеседі. Ол үшін медиацияның түрлі амал-тәсілдері мен әдістері қолданысқа түседі.

Мәселен, Үндістан мен Пәкстан арасынан шыққан қарулы жанжалды жою мақсатында Кеңес Одағы бітімгершілік (медиаторлық) қызметін атқарған болатын. Пәкстан президенті Мұхаммед Айюбхан мен Үндістанның премьер-министрі Ләл Баһадүр Шастридің 1966 жылы 4-10 қаңтар аралығында Ташкенттегі кездесуінде келісім шартқа қол қойып бейбіт қатар өмір сүрді. Оны Мәскеуден шығатын орталық Бас «Правда» газеті «Қарулы қақтығыстың болмауы, екі елдің дипломатиялық, экономикалық, мәдени, суада-

саттық қарым-қатнасы түбегейлі орнына келді» деп жазды. Екі жақтың арасындағы теңдікті сақтай отырып, бейбітшілікке қадым басты. Сол кездегі имандылықтың көрінісі болатын.

Қазіргі кезде Астана қаласында (2016-2017) Сирия мәселесімен халықаралық кездесу 7 раунд (ағылшын тілінен алынған, айналым, кезек) өткізсек те жер шарында бүлініп жатқан оқыс әрекеттерді сабасына түсіру мүмкін болмай тұр. «Биліктің жаңаша басқара алмауы, халықтың бұрынғыша өмір сүре алмауынан» (К.Маркс) келіп шығатын бүгіндегі ішкі саяси-әлеуметтік бірліктің жетіспеуінен болса, сыртқы саяси құрылым мемлекетаралық бәсекенің шарықтау шегі ме деп те қаласыз.

Тағы да айтарымыз, 1982 жылы Өзбек Елі Ферғана аймағында жергілікті өзбектер мен 1944 жылы Сталиннің солақай саясатының құрбаны Грузин Елінен көшіріп алып келген Ақысқа түріктерімен болған қақтығыстан соң, билік Ақысқа түріктерін Ташкент аймағы Паркент ауданына (Ташкен қаласынан 48 шақырым Күншығысы) алып келіп орналастырғанмен халық қабылдамай, әлде де болса, өзін өзегінен тепсе де өзгеге емеурін танытатын мінезін тағы да бір дәлелдеген ақ жүрек Қазақ жеріне алып келіп орналастырды. Қазіргі кезде 137 ұлттар қатарында бейбіт өмір сүріп жатыр. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев 2015 жылда Халықтар Ассамблея (француз тілінен алынған, жиналыс) жылы деп атауы ұнасымдықтың жоғарғы көрінісі медиаторлығы деп атар едік.

Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясындағы ағайынды Құнанбай мен Бөжей арасындағы дау-дамайды Алшынбайдың шешуі медиацияның ұлттық сипатының көрінгендігі байқалады. Қазақ арасында шиелініскен дауды шешудің бірнеше тәсілі кездеседі. Көбінде қыз беріп қыз алысып, құданда болу жолы ең тиімді жолы, өйткені, құдасын құдайдай сыйлайтын қазақ бірін-бірі шаппайды. Ежелден келе жатқан руластар арасында бала беріп, бала алысу дәстүрі бар. Сондықтан да Құнанбайдың құдасы (Абайдың бәйбішесі Ділдә Алшынбайдың Жүсіп деген баласының қызы) Алшынбай (Қаз дауысты Қазыбек бидің шөбересі) араға түсіп, Айғыздан туған Құнанбайдың қызы Кәмшатты Бөжейге бердіреді. Бұл келісімдердің маңыздылығы сонда; жазықсыз халықтың өліміне тосқауыл қою болатын.

Жоғарыда айтқан Ләл Баһадүр Шастридің 1966 жылы 11 қаңтарда Ташкент қаласында өте қажетті бітімге қол қойғаннан соң 11 қаңтарда қайтыс болады, екінші, қазақ арасындағы медиацияда Бөжейге берген Кәмшат өледі. Бұлардың өлімі маңызды емес екі жақты бітістіріп-табыстыруы маңызды болса керек.

Медиация мәселесі Құқықтық Заңға 2010 жылы Елбасымыздың қолға алуымен Үкімет судьялары мен соттарының заң жобалауына сәйкес жоспарланды. Осы жылы Астана қаласында Қазақстанның төрағалығымен өткен Еуропадағы Қауіпсіздік пен Ынтымақтастық жөніндегі Ұйымының (ЕҚЫҰ) Саммитке 60-қа жуық мемлекет басшылары қатысты, бұл Қазақ елінің әлем достастығы мен бітімгершілігін өткізуі, ЭКСПО-2017 әлемдік халықаралық көрменің өтуі медиацияның ауқымды түрі деп айта аламыз.

Әдебиеттер тізімі

1. Абай. Шығармаларының бір томдық жинағы. Баспаға дайындаған Ә.Жиреншин. Алматы, Қазмемкөркемәдеббас, 1961, 692 б. 500-бет.
2. Мұхтар Әуезов жалпы редакциясын басқарған Абай (Ибраһим) Құнанбаев шығармаларының екі томдық толық жинағы. Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл және әдебиет институты, Алматы. 1957 жылы Қазақтың мемлекеттік «Көркем әдебиет» баспасы.
3. Словарь иностранных слов. – М.: Русский язык, 1980. – 624 с. стр. 308.
4. Әуезов М. Абай жолы: Роман-эпопея. Екінші кітап. – Алматы: Жазушы, 2002. – 432 бет. 184-бет.

Аннотация: Основная цель в статье продвижение и реализация произведения Абая ещё одного граней о законе медиацией. Способствование формированию юридические науки медиация сознания, распространению новообразованных идей в отрасли великий Абая. В современности понятие медиация это – третья сторона которое хочет согласия и мирное решение между обвинителем и обвиняемым. Если посмотреть в произведения Абая он написал 93 пункта закона для казахов Семей. Понятие медиация была в каждом обществе в котором существовало человечество. Но, она исполнялось по разному. Например, в те времена союза в 1966 году СССР остановил войну между Индии и Пакистаном. На сегодняшний день можно вспомнит сем раз прийти к соглашению в Астане о прекращений войны в Сирии.

Abstract: The main goal of the article is the promotion and the work of Abai. The implementation of the work of Abai. Another facet of the law of mediations promoting the formation of legal science mediation of consciousness to the spread of new ideas in the industry great Abai. If you look at the works of Abay, he wrote 93 points of law For the Semey Kazakhs. The concept of mediation was in every society in which humanity existed. But, it was performed in different ways. For example, in those bays of the Union in 1966, the USSR stopped the war between India and Pakistan. To date, we can recall the seventh round which was held in Astana in which it was said about the termination of the war in Syria.

ӘОЖ 378

Тәңірбергенов М.Ж.,¹ Тленчиева Н.С.,² Камалова Г.А.²

¹п.ғ.д., профессор ОҚМПУ, Шымкент қ. Қазақстан

²п.ғ.к., доцент, Сырдария университеті, Жетісай, Түркістан облысы, Қазақстан

²магистрант Сырдария университеті, Жетісай, Түркістан облысы, Қазақстан

БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП ҰСТАЗДАРЫН КӨРКЕМ ЕҢБЕК АРҚЫЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ТҰЛҒАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Түйін: Халықтық мәдениеттің бір саласы болып табылатын көркем еңбек басқада рухани мұрамыз сияқты оны жинауды, сараптауды, насихатауды қажет етеді. Көркем еңбек – жеке адамның өмір сүру мақсатымен құндылық жүйесімен, адамның өмір сүрген ортасымен қарым-қатынаста танылады. Бұл дегеніміз қазіргі уақытта жоғары білім беру саласында жаңа кәсіби білімді терең меңгерген мамандарға деген сұраныстың артуы олардың әдістемелік білімі, қабілеті мен біліктілігінің қазіргі талаптарға сай болуын, кәсіби даярлығының білім стандарттарының талаптарына сәйкес қалыптастырылуын талап етеді.

Сонымен қатар мақалада кілем тоқу, киіз басу – мұның барлығы ертеден келе жатқан қазақтың төл өнері жайында мәліметтер жинақтаған. Ұлтымыздың салт-дәстүрінен сыр шертетін бейнелер суреттелген ою-өрнек бұл қазақтың гобелен өнері. Бұл кәсіп аса ұқыптылықты, ыждаһаттылықты талап етеді. Өмір шынайылығының баршылық және пәлсапалық қатынасына негізделген көшпенді өмірдің дәл осы принциптері суретшілердің барлық туындыларында көрініс тапқанын көрсеткен.

Кілттік сөздер: Бейнелеу өнері, суретші-график, шығармашылық, клем, гобелен, текемет, халықтық мәдениет, көркем еңбек.

Халықтағы өнер бұлағының қайнар көзі ешбір толастаған емес, ата-бабаларымыздың нәсер шабытынан, ұшқыр қиялынан, шебер қолынан пайда болған өнер туындылары Отанды сүйеге үйретеді, жас ұрпақтың туған өлкеге деген сүйіспеншілігін тәрбиелеуге

кемектеседі.

Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты халыққа жолдауының екінші бөлімінде «Жоғары білім беру ісінде оқу орындарының маман дайындау сапасына қатысты талаптар күшейтіледі...деп нақты айтып өтті. Бұл міндеттердің ойдағыдай жүзеге асырылуы педагогикалық жоғары оқу орындарының шығармашылық ойлау қабілеті, кәсіби-педагогикалық біліктілік деңгейі жоғары жаңа тұрпаттағы педагог мамандарды даярлау мәселесіне жаңа тұжырымдамалық тұрғыдан келуіне тікелей байланысты.

Бұл дегеніміз қазіргі уақытта жоғары білім беру саласында жаңа кәсіби білімді терең меңгерген мамандарға деген сұраныстың артуы олардың әдістемелік білімі, қабілеті мен біліктілігінің қазіргі талаптарға сай болуын, кәсіби даярлығының білім стандарттарының талаптарына сәйкес қалыптастырылуын талап етеді. Сондықтан жастарға тәрбие мен білім беру ісі қоғамдық маңызға ие болуы тиіс.

Профессор А.Қамақов: «Қазақ халқының сәндік қолданбалы өнері – оқушыларға эстетикалық тәрбие беру мүмкіндігінің бірі. Бұл іс-әрекетті атқару үшін мұғалімге ерекше бір педагогикалық қызмет даярлығы қажет», - деп түсіндірген. Сонымен қатар көркем еңбек мұғалімінің әдістемелік қызметінің мәселелерін зерттеушілер арасында профессор Қ.Болатбаевтың орнын ерекше атау орынды. Ол: «Халықтық педагогика - тәрбиенің ерекше түрі. Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрінің элементтерін көркем еңбек сабақтарында қолдану қажет. Бұл бағытта бояулардың түстерінің атаулары, бейнелеу терминдері мен атауларын болашақ ұрпаққа таныстыру қажет, - деп айқындаған.

Белгілі ғалым п.ғ.д., профессор Б.Әлмұхамбетов: «Бейнелеу өнері сабақтарында халқымыздың даңқын шығарған халық суретшілерінің шығармаларымен таныстыру қажет. Ол үшін сол суретшілердің белгілі еңбектерімен таныстыра отырып, болашақ педагогикалық қызметке даярлау маңызды», - деп дәлелдеген.

Сондықтан да көркем еңбекті зерттеуші ғалымдардың тұжырымдарына сүйене отырып халық арасындағы дәстүрлі кол өнерін яғни кілем өнерін жаңғыртып жаңаша әдіс технологиялармен шығармашылық жұмыстар жасап, көрмелерге қатысып жүрген суретші-гобеленші Құттыбек Тыныбековтің шығармашылық жұмыстарына зерттеулер жүргізсек.

Халық арасында «**Текеметті төрге шығарған Құттыбек**» деп айтуының өзі Жұртшылықтың жүрегінен ойып тұрып орын алу өнер адамының бәріне бірдей бұйыра бермейтін бақыт. Сол бақыттың құсын басына қондырып, өнер өлкесінде үздік үлгісімен дараланған азаматтардың бірі – Шымкенттік белгілі суретші, ҚР Суретшілер Одағының мүшесі, ҚР Мәдениет қайраткері Құттыбек Жақыпов. Ол – кәсіпқой қолданбалы қолөнер шебері, кілемді өрнектеп, киізге ою басқан, қазақи дәстүрлі өнерге жаңаша леп әкелген азамат.

Кілем тоқу, киіз басу – мұның барлығы ертеден келе жатқан қазақтың төл өнері. Ұлтымыздың салт-дәстүрінен сыр шертетін бейнелер суреттелген ою-өрнек бұл қазақтың гобелен өнері. Бұл кәсіп аса ұқыптылықты, ыждаһаттылықты талап етеді. Себебі, өрнектелген әрбір туындыда астарлы ой, пәлсапалық мағына тізбектелген моншақтай бір-бірімен үндесіп жатуы тиіс. Осынау мехнаты мол жұмысқа өмірін арнаған Құттыбек Тыныбекұлының әрбір туындысында көшпенді қазақ өмірінің тұрмыс салты жаңғырып, Сақ дәуірінен бастап қазіргі түркі халықтарына дейінгі орнаменттер үйлесім тапқан. – Дәстүрді, тарихты ешқашан аяқ асты етпеу керек. Қолөнер дегеніміз, бұл ата-бабадан мұра болып келе жатқан шоқтығы биік өнер. Бұл туындылардан қазақ халқының жүріп өткен жолын аңғаруға болады, – дейді шебер суретші.

Осы айтылған төл өнерімізді жаңғырту мақсатында Шымкентқаласындағы облыстық бейнелеу мұражайында Құттыбек Жақыповтың Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған «Жаңғырық» атты шығармашылық көрмесі бұқаралық халыққа ұсынылды. Өнерсүйер қауымға ерекше сюжетті текемет, тоқыма, гобелендік

шығармаларын таныстырған шебердің көрмесіне қала мен облыс жұрты өте көп жиналды. Әсіресе, суретшінің «Жекпе-жек», «Сүйінші», «Құйын», «Шағылыс», «Тұңғыық» атты гобелендері келушілердің көңіліне ой салып, сүйсінісін тудырды. Көрмеге қойылған ең таңдаулы 40-тан аса еңбегін 3 жылдай уақыт жасағанын және қазақтың тоқымасы, киізі, кілемі, текеметі, қазіргі тілмен айтқанда, гобелені – ата-бабамыздан келе жатқан асыл мұра, бұл қазіргі таңда ұмыт болып бара жатыр. Міне, соны қазіргі ұрпаққа көрсетіп, төл қолөнерімізді жаңғыртып төрге іліп, биікке көтеру қажет, – деп санайды суретші гобеленші Қ. Жақыпов.

Құттыбек Тыныбекұлының өмір жолын қысқаша баяндасақ, ол шығармашылық жұмыспен 1981 жылдан бастап айналысып келеді. Жастық шағында белгілі қылқалам шебері, қазақтың ұлттық гобелен өнерінің негізін қалаушы, туған ағасы Құрасбек Тыныбеков секілді елге танымал суретші болуды армандады. Құрасбек Тыныбеков өзінің өте қысқа, бірақ мазмұнды шығармашыл өмірін ұлттық өнерге қызмет етуге және оны дамытуға ойлады. Шығармашылық жұмыстарымен қатар өз елінің дамуы үшін қоғамдық өмірге де белсенді атсалысты. Суретші гобелен өнерінде жас ұрпаққа мәңгілік өнеге болардай жауһар дүниелер қалдырды. Құрасбек аға монументалды-сәндік өнер саласына да көп еңбек сіңірді және сол еңбектері үшін бірнеше мәрте жоғары марапаттарға ие болды.

Қ.Тыныбековтың шығармашылығындағы ең басты жетістік ретінде оның ұлттық көркем тоқыма өнерінде өзінің қайталанбас авторлық қолтаңбасын қалыптастырғанын айта кету керек. Оның гобелен жанрында ойлап тапқан жаңа техникасын әлемнің көптеген елдерінде шеберлер өз шығармашылықтарында қолданды. Суретшінің туындылары Қазақстан көркем тоқыма шеберлері үшін көркемөнер каноны-эталоны болды. Сол кезеңдерде көркемөнер саласындағы дәл осындай «канонизация» Қазақ ССР-нің басқа да ұлттық аймақтарына тән құбылыс болды. Әр ұлттың көркем тоқыма мектептерінің «негізін қалаушылары» Мәскеуде өтетін жыл сайынғы Қазақ ССР Суретшілер Одағының бүкілодақтық көрмелерінде кездесіп, бір-бірімен тығыз қарым-қатынаста шығармашылық байланыс орнатып, тәжірибе алмасып, гобелен өнері саласында әрдайым жаңа тәсілдер мен құралдарды ізденуде болды. Осылайша Қ.Тыныбековтың шығармашылық жолы еуразиялық кеңістіктегі атақты суретшілермен түйіскен еді.

Түрік елдерінің мәдениетіне тән рухани, материалдық және тұрмыстық бөліктеріндегі ғарыштық тепе-теңдік көшпенді халықтың санасында дүниені танудағы өзінің шынайы бейнесінің қалыптасуына мүмкіндік берді. Сондықтан да көшпенділердің ерте заманда «Жер кіндігі - Жерұйық» деген түсінігі олардың жаны жай таппай жер шарлап іздеген нақты бір жер емес, өзінің туылған жері – Отаны екенін түсінген. Өмір шынайылығының баршылық және пәлсапалық қатынасына негізделген көшпенді өмірдің дәл осы принциптері суретшінің барлық туындыларында көрініс тапқан. Әрбір өсіп кележатқан өнерлі жастарға үлгі болды.

Болмасаңда ұқсап бақ демекші Құрасбек Тыныбековке еліктеп осы ойдың жетегімен Құттыбек Тыныбекұлы 1977 жылы Н. Гоголь атындағы Алматы көркемсурет училищесіне түсіп, оны 1981 жылы үздік тәмамдады. Кейіннен 1996 жылы Ленинабад мемлекеттік университетін бітірді. Ашхабад қаласындағы (1985 ж.) Бүкілодақтық, Ташкент қаласындағы (1986 ж.) республика аралық көрмелердің лауреаты және жеңімпазы атанды. Оның жұмыстары республикалық, бүкілодақтық, шетелдік журналдарда жарық көрді. Еңбектері Мәскеу қаласындағы Шығыс мұражайының, Ашхабад қаласындағы Түркіменстан бейнелеу өнері мұражайының, ҚР Мәдениет министрлігінің Көркемсурет көрмелер дирекциясының, ТМД және шетелдердің галереяларының меншігінде сақтаулы.

Құттыбек Тыныбекұлының 26 жасында, яғни КСРО Суретшілер одағының Қазақстандағы ең жас мүшесі болғанын замандастары әлі күнге дейін аңыз етіп айтады. Шебердің айтуынша, ол 1990 жылдардағы еліміздегі тоқырау жылдарында күнкөріс қамымен басқа

салада еңбек етіп көріпті. Дегенмен, «Ат айналып қазығын табар» дегендей, өзінің сүйікті өнеріне қайта оралып, кәсіби шеберлігін арттыруды мақсат еткен. Он саусағынан өнері тамған шебер туралы оның әріптестері мен ұстаздары әрдайым әсерлі әңгіменің тиегін ағытады.

Белгілі суретші, ҚР Суретшілер одағының мүшесі Насыр Рүстемов былай дейді: Құттыбек Тыныбекұлы туып-өскен Төле би ауданының табиғаты әсем, керемет мекен. Оның жұмыстары – осы тамаша өлкенің сұлулығын қамтыған ғажап гобелендері. Құттыбектің өзі де әрбір туындысында тұмса табиғатпен біте қайнасады. Ол – өнерде өзінің қайталанбас ізін қалдырған біздің замандасымыз. Құттыбекті өнердің жілігін шағып, майын ішкен мамандар – КСРО-ның халық суретшісі, Мәскеу академиясының өнертанушы докторы В. Макаров және Өзбекстанның халық суретшісі, өнертанушы докторы, академик, миниатюрист Чингиз Акмаровтың мойындап, талантына тәнті болуы да тегін емес.

Зерделеп қарасақ, шынында, Құттыбек Тыныбекұлының жасаған әр туындысында терең философиялық пайымдар, нәзік иірімдер үндестігі, тебіреніске толы ойлар, ең бастысы қазақи болмыс көрініс тапқан. Осының бәрі де көзге ерекше эстетикалық ләззат береді. ҚР еңбек сіңірген өнер қайраткері, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Амандос Ақанаев жоғарыдағы ойымызды қуаттай түседі. Құттыбек ұлттық құндылықтарға жастайынан сусындап өскен. Ол шежірелерді, аңыздар мен ертегілерді, өсиет әңгімелерді терең білетіндігімен ерекшеленеді.

Сондықтан болар, оның шығармалары нағыз құндылықтарға, Отанына, халқына және оның мәдениетіне деген шынайы махаббатпен астасып жатыр, – дейді белгілі суретші А. Ақанаев. Шымкенттік шебердің қазіргі тыныс-тіршілігімен жақынырақ танысу үшін таяуда шеберханасына барғанбыз. Шағын ғана бөлменің іші көздің жауын алған картиналар мен гобелендерге толы екен. Тапсырысқа сай қызметкерлердің қызу жұмыс жүргізіп жатқанына да куә болдық. Ата-бабаларымыздың тұрмыста кең қолданған бұйымының бірі – текемет. Әсіресе, көшпенділер өмірінде текеметтің алатын орны өзгеше болған. Ол қазақтың дәстүрлі баспанасы – киіз үй ішіне жылылықпен қатар, әсемдігімен де ерекшеленіп тұрған.

Сонымен қатар, шаңырақ ішіндегі адамдарды астынан өтетін сыздан қорғаса, бір жағынан түрлі аурудың алдын алу рөлін де атқарып отырған. Менің арманым, халқымыздың ертедегі мәдениеті мен дүниетанымынан хабар беретін осы текеметтер кескіндеме өнерімен бірдей төрде ілініп, жарқырап тұрса деймін. Осы бағытта жұмыстарымды жандандырып, жобаларымды жасап жүрмін, – дейді шебер. Құттыбек Жақыповтың айтуынша, қолөнер бұйымдарына еліміздің әр өңірінен қызығушылық танытып, тапсырыс беретіндер де бар көрінеді. Туындылар көлеміне қарай әр түрлі бағаланады. Сатып алушылардың ішінде ұлт руханиятына үлес қосуды көздеген меценат азаматтар да, іргелі мекемелер де жетерлік. Мәселен, жуырда шебердің «Мәңгілік ел» туындысы 7 мың АҚШ долларына бағаланып, оны бір мекеменің басшысы аттай қалап сатып алыпты. Шүкір, мемлекет тарапынан еңбегіміз де лайықты бағаланып жатыр. Былтыр жыл соңында «Ерен еңбегі үшін» төсбелгісімен марапатталдым. Жалпы, суретшілердің жеке шығармашылық көрмесін өткізуге облыстық Мәдениет басқармасы да қолдан келген көмегін аяп жатқан жоқ, – дейді Қ. Жақыпов.

Халықтық мәдениеттің бір саласы болып табылатын бейнелеу өнері басқада рухани мұрамыз сияқты оны жинауды, сараптауды, насихатталуы қажет етеді. Бейнелеу өнері – жеке адамның өмір сүру мақсатымен құндылық жүйесімен, адамның өмір сүрген ортасымен қарым-қатынаста танылады. Ол – тұтынушы, өнер шебері және тапсырыс беруші арасындағы өзара қарым-қатынас нәтижесінде қалыптасатын ерекше құбылыс.

Халық шығармашылығы негізінде адамдардың өмірлік ұмтылыстары мен әлеуметтік көзқарастарын табиғи ортаға деген қарым-қатынасын бейнелейді. Халқымыздың бейнелеу

өнері ұлттық және әлеуметтік сананың оянуына маңызды қызмет атқарады. Дамыған 30 елдің қатарындағы елдермен бірге іргелі ел болуға, ұлт болуға, мемлекеттік тілді, халқымыздың тарихы, мәдениетін, өнерін жаңғырта білетін, қазақтың жанын ұға алатын, елінің саясатынан хабардар өз саласының бәсекеге төтеп бере алатын нағыз маманын дайындау қазіргі Елбасымыздың алдымызға қойған басты міндеті. Сондықтан бұл жерде балаларды көркем еңбекпен сусындататын көркем білім беру жүйесі өте жоғары деңгейде мамандар дайындау басты шарт.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыр атты Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2018 ж. 5 қазан.
2. Жақыпов Қ. «Ғасырлар үні», Альбом. Астана, 2016ж. 86 б.
3. Тәңірбергенов М.Ж. Көркем білім беру жүйесінде мәдени құндылықтарды жаңғырту. Хабаршы. Абай ат. ҚазақҰПУ, №3, 2018ж.

Аннотация: Художественное произведение, являющееся одной из ветвей национальной культуры и духовного наследия, требует сбора, анализа и распространения их так как они признаются во взаимоотношениях личности, системой ценностей, жизненной средой человека. Это означает, что растущий спрос на специалистов, обладающих глубокими знаниями в области духовного наследия. В связи с чем, содержания образования по подготовке специалистов учителей начальных классов по художественному труду, должны рассматриваться в контексте национальной достоянии. Также в статье рассматриваются традиционная технология изготовления коброткачества, войлока, алаша и т.п. кочевного народа.

Изобразительное искусство, которое является одной из отраслей народной культуры, необходимо собирать, анализировать и размножать, а также другое духовное наследие. Изобразительное искусство признается во взаимоотношениях личности с ценностной системой жизни окружающей средой человека.

Abstract: Artistic work, which is one of the branches of national culture, requires the collection, expert and propagation, as well as our spiritual heritage. Artistic work is recognized in the relationship with the purpose and value of the individual, the environment in which the human being lives. This means that the increasing inquiry for professionals who have a profound knowledge in the field of higher education. Also requires their methodological knowledge, skills and qualifications to be up-to-date, and the professional training needs to be adapted to the educational standards. In addition, the article includes carpet weaving, making a felt - all of which is about the ancient Kazakh original art. An illustrative ornament illustrating the tradition of our nation is the art of Kazakh, called gobelin. This business requires carefulness and compassion. These principles of nomadic life, based on the existence and philosophical attitude of the truth.

The exciting art, which is one of the most important cultural heritage of the world, is unquestionable, it is impossible to analyze and share, as well as to love the soul. Endangered art is a prerequisite personality in the life of an ordinary human being with an average human life.

ӘОЖ: 94-059.2 (574)

Турумбетова Г.С.

тарих пәнінің жоғары санат мұғалімі, №125 жалпы орта білім беретін мектебі,
Шымкент, Қазақстан

ҰЛТТЫҚ КОД НЕГІЗІ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕДЕ

Түйін: Мақалада ұлттық код негізі ұлттық тәрбиеде зерттелді. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында жаңғырған қоғамның тереңнен бастау алатын рухани коды болатыны айтылады. Сондай-ақ, мақалада ұлттық рух пен ұлттық сананың кемелденуіне, ұлттық салт-дәстүріміз бен тілімізді, мәдениетімізді сақтауға, бағалауға, дамытуға баса назар аударылады. Салт-дәстүрімізде көрініс тапқан ғұрыптық жоралғылар түптен келгенде тәрбиемен ұштасады. Осы жерден қазақтың мәдени кеңістігінің қаншалықты кең екенін көруге болады. Мәдениет бар жерде, әдебиет те бар, әдебиет бар жерде өмір де болады. Президент мақаласы Қазақстан халқының мінезін, сындарлы ұлттық басымдықтарды қамтып, ұлттың мәдени кодын көрсетеді. Ұлттық кодтың негізі ұлттық тәрбиеде жатыр. Ұлттық код ұлттың негізі екенін ұмытпауымыз – ұрпақ алдындағы парызымыз болмақ.

Кілттік сөздер: ұлт, код, тәрбие, қазақ, сал-дәстүр, мәдениет, ұрпақ, сана

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында жаңғырған қоғамның тереңнен бастау алатын рухани коды болатыны айтылады. Сондай-ақ, мақалада ұлттық рух пен ұлттық сананың кемелденуіне, ұлттық салт-дәстүріміз бен тілімізді, мәдениетімізді сақтауға, бағалауға, дамытуға баса назар аударылады.

Ұлттық код мәселесіне келгенде әрбір сөзіміз рухани тамырымызбен сабақтасуы қажет. Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы Нұрлан Оразалинның республикалық «Айқын» газетінде жарияланған мақаласында: «Көшбасшымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты халықтан қызу қолдау тапқан тұғырнамасын ширек ғасырды артқа тастаған Тәуелсіз Қазақстанның жаһандану дәуіріндегі рухани кеңістігіміздің жаңа бастауы деп бағалауымыз керек. Сөз жоқ, «Ұлттың рухани коды» дейтін академиялық ұғым кешелі-бүгін ғана емес, Мемлекет басшысының ой-санасында әлденеше рет елекке түскен, таразыға тартылған, сан жылдардан бері сарапталып, пісіп-жетіліп, өзінің сын сағатын күтіп келген дүние екені даусыз» деп айтылады.

Мемлекет басшысы болашаққа бағдар болған мақаласында: «Мен халқымның тағылымы мол тарихы мен ерте заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діңі ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын» – дейді. Шынында, жаһанданған қоғамға жұтылып кетпеуіміз үшін де ұлттық тамырдан нәр алуымыз қажет. Заманға тіке қарайтын кез жетті. Қазір немерелеріне ертегі айтатын әжелер некен-саяқ. Ондай әжелер болғанның өзінде «Мақтақыз бен мысық» немесе «Бауырсақтан» әрі аса алмай жатқан жайымыз тағы бар. Сондайда ұлттық рухты күшейтетін батырлар туралы ертегілер айтса ғой дейсің.

Ұрпақ тәрбиесіне әрбіріміз жауаптымыз. Сол себепті, аталар мен әкелер де балаларға ұлттық тамырымызбен сабақтасатын аңыз әңгімелерді айтып, құлағына сіңіріп отырса болмай ма?! Құдайға шүкір, қазақ даласында келешек ұрпаққа үлгі боларлық небір кемеңгерлер өткен. Олардың арасында хан да, би де, жырау да, батыр да бар екенін назарда ұстауымыз керек. Қоғам қайраткері Амангелді Айталы ағамыз «Қазақпарат» агенттігінің тілшісіне берген сұқбатында: «Бүгінгі жаһандану заманында көптеген мемлекет ұлттық құндылықтарына алаңдап отыр. Ағылшын тілінің қуаты, әлемдік

бұқаралық ақпарат құралдарының тасқыны өсіп тұрған жағдайда елдің ұлттық құндылығы, оның тағдыры қалай болады – деген мәселе көптеген мемлекетті мазалайды. Соның бірі – біз. Құнды-лықтар дегеніміз – ұлтты ұлт ететін қасиеттер. Президент өз мақаласында ұлттық рухани код туралы жазды. Бұл «қазақты қазақ ететін қандай құндылықтар, қандай мәдениеттің бағыттары» деген сөз. Біз тек тамағымыздың тоқтығына мән болмай, рухымыздың күшті-лігіне, қадір-қасиетіміздің мол-ды-ғына бүгін мән беруіміз – керек. Адамға тек жұмыс күші, материалдық өндірісті игіліктерді шығаратын тұлға деп емес, қоғамның маңызды күші, рухы биік тұлға, рухы биік қазақ, рухы биік Қазақстан мемлекетінің азаматы деп қарауымыз керек» деген ойын білдіреді.

Осы жерде қазақты қазақ ететін құндылықтардың бірі бесік жыры дер едім. Қазір бала туыла салысымен оларды ұйықтату үшін ұялы телефондардың әуендерін қосып қояды. Бала – ізімізді жалғар болашағымыз. Халқымызда «адам ұрпағымен мың жасайды» деген тәмсіл бар. «Тәрбие басы – тал бесік» деген бабаларымыз ұрпақ мәселесіне ерекше көңіл бөлген. Бесікте жатқанында құндақтағы баласын бесік жырымен өсірген. Одан өсе келе халықтық ертегілер мен аңыз-эпсаналарды айтып, небір батырлар жырлары арқылы еркіндік пен әділдікті сүйетін қазақы рухты бойларына сіңірген. Дала мектебінен тәлім алған ата-бабаларымыз болашақта ізін жалғар, тұяғын басар ұл-қыздарына осылайша тәрбие берген. Осы арқылы ұлттың тіні мен дінін ұрпақ бойына сіңірген. Абайды оқыған, Құрманғазыны тыңдаған қазақ түп-тамырынан ажырамайды. Ұлттық кодтың негізі ұлттық тәрбиеде жатыр. Елбасы мақаласында жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғыртудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайтыны айтылған. Ұлттық код туралы сөз қозғалғанда ұлттық таным-түсінік, әдет-ғұрып, салт-дәстүр де назардан тыс қалмауы керек. Өйткені, біздің әдет-ғұрымымыз күнделікті тұрмыс-тіршілігімізбен біте қайнасып жатыр. Салт-дәстүрімізде көрініс тапқан ғұрыптық жоралғылар түп-тен келгенде тәрбиемен ұштасады. Осы жерден қазақтың мәдени кеңістігінің қаншалықты кең екенін көруге болады. Мәдениет бар жерде, әдебиет те бар, әдебиет бар жерде өмір де болады. Президент мақаласы Қазақстан халқының мінезін, сындарлы ұлттық басымдықтарды қамтып, ұлттың мәдени кодын көрсетеді. Президент біздің негізгі рухани құндылықтарымыздың даму бағыттарын баяндаған: ғылым, мәдениет, білім. Еліміздің әр азаматы үшін бағдар болып отырған бірігудің және жалпы ұлттық ұқсастықты нығайтудың жаңа концепциясы ұсынылған.

Елбасының мақаласында белгіленген бағдарламалық мақсаттарды іске асыру жастарда патриотизм мен азаматтық ұқсастық сезімін одан бетер нығайтады. Қазақстан халқының қоғамдық келісімінің және бірлігінің нығаюына жағдай жасайтын болады. Патриотизм ортақ тарих пен мәдениеттен, тілден, отбасынан бастау алады. Белсенді жасампаз патриотизм елдің жетістіктерімен, біздің заманымыздың қаһармандарының нақты істері мен қуаттанып, нығайтылуы тиіс. Сананы рухани жаңғыртуға бәсекеге қабілетті, білімді елдің ғана шамасы жетеді. Елбасы рухани жаңғырудағы ұлттық сананың рөліне баса назар аударып, бірнеше міндеттерді айқындап берді. Елбасы аталған мақаладан жаңаша бастау алатын «Туған елге» ұласатын «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынып отыр. Әрбір азаматты өзінің туған жерінің гүлденуі үшін нақты үлес қосуға үндейді.

Енді болашаққа да жігеріміз мұқалмай, рухани күшіміз сарқылмай жетуіміз үшін ұлттық кодымызды сақтай білуге мүдделіміз. Атадан жалғасқан жақсы қасиеттерімізді жаңа заманмен үндестіре дамытқанда ғана ұлттық болмысымызды сақтап, жаһандандудың шеңгелінен аман өтеріміз айдан анық. Ұлттық код ұлттың негізі екенін ұмытпауымыз – ұрпақ алдындағы парызымыз болмақ.

Әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» Ақорда, 2017, 12 сәуір
2. Әшімбаев: Біз Ұлы далаға әлем назарын аударта білдік . 2018, 30 Желтоқсан Вақ.kz
3. Еңсенов Қ. Ұлттық болмысты сақтау – заман талабы Вақ.kz 2018, 20 наурыз
4. **Салқынбай А.Б.** Ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. 2017
5. Толегенова А.Б. Жеке тұлғаны ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу // Молодой ученый, 2015. №7.2. С. 64-65.

Аннотация: В статье исследован национальный код, который заложен в национальном воспитании и образовании. В программной статье «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания», Президента РК Н.А.Назарбаева видно, что возрожденное общество будет глубоко укоренившимся духовным кодом. Также статья посвящена совершенствованию национального духа и национального самосознания, национальных традиций и языка, сохранению, оценке и развитию нашей культуры. Традиции ритуалов традиционно связаны с воспитанием. Здесь вы можете увидеть, насколько широко казахское культурное пространство. Там, где есть культура, есть и литература, там есть и жизнь. Статья Президента отражает национальную идентичность народа Казахстана, национальные приоритеты и культурный кодекс нации. Основой национального кодекса является национальное образование. Наш долг перед поколением - помнить, что национальный кодекс - это основа нации.

Abstract: In the article, the national code was studied in national education. In the program article "Leading to the Future: Spiritual Renewal", the President's message is that the society that has revived will be a deep-rooted spiritual code. Also, the article focuses on the perfection of the national spirit and national consciousness, national traditions and language, the preservation, evaluation and development of our culture. Tradition rituals traditionally associated with education. Here you can see how wide the Kazakh cultural space is. Where there is a culture, literature, and literature, there is life. The President's article reflects the national identity of the people of Kazakhstan, the national priorities and the cultural code of the nation. The basis of the national code is in national education. It is our duty to the generation to keep in mind that the national code is the foundation of the nation.

4 секция

«МӘНГІЛІК ЕЛ» ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫНДА ТАРИХИ САНАНЫ ЖАҢҒЫРТУ. МОДЕРНИЗАЦИЯ ИСТОРИЧЕСКОГО СОЗНАНИЯ В НАЦИОНАЛЬНОЙ ИДЕЕ "МӘНГІЛІК ЕЛ".

ӘОЖ 821. 512. 122. 09

Абдукаримова Г.А., Сариева Т.Қ., Балқыбекова Қ.А.

ф.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

НАУРЫЗ – ҰЛТТЫҚ ЖАҢҒЫРУ, ЖАҢАРУ МЕРЕКЕСІ

Түйін: Мақалада халықтың этногенезі, яғни, тұрмыс-салты мен әдеп-ғұрпы, наным-сенімі, өмір сүру ерекшеліктері, мекен-жайы, басқа халықтармен тарихи-мәдени байланысы қарастырылады. Осы тұжырым біздің мақаламыздың да қағидасының негізін құрап, бағытын белгілейді. Көненің көзіндей тілдің қат-қабат қойнауларында сақталып қалған бұл дүниенің сыры мол. Оның тереңіне үңіліп, тарихымен тұтас қарап сырын ашу – этнолингвистиканың үлесі.

Мақалада тілдік бірліктер мәдениет пен халықтың әдет-ғұрпымен, салт-санасымен байланыстыра зерттеледі, халық наным-сенімін, түйсік-түсінігін, ой-қиялын, тыныс-тіршілігін, өмірін, дүниетанымын, сана-сезімін бейнелейтін тұрақты сөз тіркестері қарастырылады, тілдік нысандар мен деректер жаппай емес, зерттеудің нақты мақсаты мен тақырыптарына сай сұрыпталып алынып, саралай қарастырылады, қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, таным-түсінігін, наным-сенімін, дүниетанымын бейнелейтін сөздер тақырыптық жағынан топтастырыла талданады. Наурызды Қазақстанда тұратын барлық халықтар тойлайды.

Кілттік сөздер: этнолингвистика, тілдік орта, салт-дәстүр, әдет-ғұрып.

Кез келген халық өмірінің ажырағысыз рухани төлбелгісі – оның ұлттық сана-сезімі, ұлттық сәйкестігі. Бұл мемлекет дамуының маңызды бағыттарының бірі, «Қазақстанның рухани қасиеттері» жобасын жасау қажеттігін көрсете отырып, мемлекет Басшысы осы бағыттың бастауына көңіл бөлді. Қазақстандықтар өзінің мәдениет қайраткерлерінің жаңа парадигманы халықаралық ынтымақтастық аясында құруын қалайды, сонда әр уақыттағы этномәдени бірлестіктер, қазақтың материалды және рухани байлығы, әдеби және фольклорлық шығармалары халық дипломатиясына және бірін-бірі танып білу мен өзара қызығушылықтың көпіріне айналады. Жаңа тәуелсіз мемлекет болған уақыттан бастап әлемнің бәсекеге қабілетті мемлекеттерінің қатарына ену мақсатында дамудың эволюциялық жолынан өткен қазіргі заманауи Қазақстанды осы тұрғыдан қарау қажет.

Қазіргі Қазақстан полиэтникалық, көптілді, мультимәдениетті, поликонфессионалды ел болып табылады, онда достық пен бірлестікте әртүрлі этникалық топтар өмір сүріп жатыр. Осы этностардың өкілдері әртүрлі объективтік және субъективтік себептермен Қазақстанға келген, ал олардың таңдаулы өкілдері Қазақстан халқы Ассамблеясының құрамына кіреді. Өз тілдерін сақтай отырып, олар мемлекеттік тіл – қазақ тілін үйренеді және қазақ тілінде сөйлеседі, үштілділік саясатының аясында орыс, ағылшын және әлемнің басқа тілдерін үйреніп, сол тілдерде сөйлеседі. Қазақстан халқы бір-біріне деген өзара түсіністікпен және сыйласымдықпен тату-тәтті және келісіммен өмір сүріп жатыр. Мектептерде тілдердің барлық түрін – орысша, қазақша, ұйғырша, өзбекше, немісше,

ағылшынша және басқа тілдерді оқыту және этникааралық некелер санының азаймауы осының куәсі болып табылады. Сонымен қатар қазақ халқының мәдени мұрасы, қазақтар мен басқа да Қазақстанда тұратын халықтардың этникааралық және конфессияаралық бейбіт өмірдегі салт-дәстүрлерді сақтай отырып, ата-бабаларының өткен тарихы мен рухани мұрасына деген қамқорлығы біздің мемлекетіміздің дамуының басты өзегі болып табылады.

Салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар – бұл ұлт мәнінің, маңызының айнасы және оның немен өмір сүретінін, не туралы ойлайтынын, неге сенетінін көрсетеді. Қазақ әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері ойдан шығарылған жоқ, олар ғасырлар бойы қазақтың көшпелі өмірінен бастап қаланып келеді және қаншама ауыртпалықтар мен бөгеттерді бастан кешірген уақыттар арасынан сытылып шықты, әрі осы күнге дейін сақталып, қазіргі таңда жаһандану мен жаңа технологиялар кезеңіне батыл кіріскен мемлекетке айрықша ерекшелік беріп отыр. Бүгінгі күні қазақ халқы өзінің дәстүрлі тұрмыс-салт рәсімдерінің көпшілігін есте сақтап қалуы, бағалайтыны, ұлттың әрі қарай дамуының сөзсіз абыройы және оған ерекше көңіл бөлуге және жете зерттеуге сіңірген еңбегінің өзі дәлел болады. Наурыз мейрамы осы уақытқа дейін өзінің ұлылығын және әлеуметтік-мәдени мағынасын жоғалтқан жоқ. Қазақстанның барлық халқы, олардың этникалық тұрғысына және сеніміне қарамастан, Наурыз мейрамын рахаттанып қуанышпен тойлайды.

Мейрамның тарихына көз жүгіртсек бүкілхалықтық және бәрінің сүйіктісіне айналған Наурыз мейрамы, өкінішке орай, үнемі осылай кеңінен шалқып тойланбағанына және қиын тарихы мен тағдыры болғанына көзіміз жетеді. 1917 жылдан бастап Кеңес өкіметі құрылысымен, барлық бұрынғы Кеңес елдері – КСРО бойынша, оның ішінде Қазақстанда да біртіндеп тыйым ене бастады, олардың арасында Наурыз мейрамы да бар. Қазақстанның және басқа да көптеген бірлескен елдердің кеңес кезеңіндегі дамуы ұлттың өзін көрсететін, халықтың мәдени-рухани бірдейлігін сақтау және қазақтардың ғана емес, ешқашан болмаған бірыңғай ауқымды ел – Кеңес Одағында тұрған басқа барлық халықтардың ұлттық салт-дәстүрлеріне, әдет-ғұрыптарына, рәсімдеріне қатысты барлық заңдылықтарына бағытталған біршама тиымдармен сипатталады. Орыстандыру үдерісі, бірінші кезекте, этностың сыртқы бетінде, әсіресе, қазақ тілінде көрініп тұрды. Ұлт пен дәстүрдің, тіл мен мәдени мұраның бәрі сол кезеңдерде ескінің, ежелгі дүниенің сарқыншақтарына жатқызылды және анахронизм болып есептелді, тыйым салынды. Осылай, 1926 жылы Наурызды ресми түрде алып тастады, діни мұсылмандық бүкілхалықтық мейрам ретінде тыйым салынды және ұлтшылдықтың туындауы, ескілік діни көзқарасты насихаттау деп жарияланды. Алайда, бұл мейрамның тарихына көңіл бөле отырып, Орта Азия мен Қазақстан аймағында мұсылмандық тек XIII ғасырда ғана тарағанын, қазақтардың бабалары – еркін дала адамдары осыдан көптеген жылдар бұрын Наурызды өздерінің Жаңа жылы ретінде тойлағанын білуге болады. Сонымен қатар, тыйымдарға қарамастан, бәрібір Наурыз көпшілік жанұяларда, туыстар мен жолдастар арасында, шағын ортада тойланды. Қазақтар Наурыз туралы естелікті қамқорлықпен сақтап, оны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырды.

Наурыздың толықтай қайта жаңғыруы ұзаққа – алпыс екі жылға созылды, тек 1988 жылы Қазақстан басшылығы бұл мерекені ресми түрде Наурыз мейрамы ретінде жариялады. Қазақ халқының дәстүрлі мейрамы болып қала отырып, ол барлық жерде және ашық тойланатын болды. Бүгін, 22 наурыздан бастап, ай бойы бұл мерекені Қазақстан жерінде тұратын барлық этностар көктемгі күншығыс жаңа жылдық мейрамы ретінде тойлайды. Жыл өткен сайын бұрынғыдан да жарқын да маңызды оқиға бола бастады және жаңа рухани-этикалық мағынаға ие болып келеді.

Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін, Қазақстанның тұңғыш Президентінің 1991 жылы 15 наурыздағы «Көктемнің халықтық мерекесі – Наурыз мейрамы туралы»

Жарлығы бойынша мейрам мемлекеттік мейрам мәртебесін, ал осымен бірге әрі кең ауқымды қоғамдық резонанс, сондай-ақ барлық Қазақстан халқының қошеметін алды. Неге Наурыз мейрамы Қазақстанда тәуелсіздік алумен бірге қайта жаңғырғаны және Қазақ халқы мен Қазақстан үшін Наурыздың маңызы туралы Президент Нұрсұлтан Назарбаев: «Бүгін ғасырлар қойнауынан қайта оралған ерекше сүйікті көктем мейрамы. Тәуелсіздік жылдары бұл мейрамды біз жылда тойлаймыз. Оны біздің еліміздің барлық этностарының өкілдері тойлайды. Бұл достық, бірлік мейрамы, күн теңелуінің мейрамы, біз одан барлық жақсылық пен мейірімділікті күтетін шығыс жаңа жылының басы» деді.

Наурыздың идеялық қайнар көзі, бастауы халықтың салт-дәстүрлері және әдет-ғұрыптарымен тығыз байланыста, олар әдебиеттің ежелгі ескерткіштерінен, киелі тақырыптардан, ежелгі ойшылдардың еңбектерінен көрініс таба отырып туындады. Қазақтың танымал ақыны және жазушысы, қазақ салт-дәстүрлері және әдет-ғұрыптарын жете білетін Бақыт Қайырбеков Наурызды «осы уақытқа дейін қаншама ұрпақтарға даналық пен сұлулықтың үлгісі болып келген бұрынғының адамының поэтикалық көзқарасының пайымдауы» ретінде сипаттайды және «Наурыз – барлығын жеңе білетін Өмірдің алғыс ретінде берген ризығы, бойды шымырлатар билер мен табиғаттағы Қозғалыстың басталуын жырлайтын әндер. Бұдан басқа қайдан және қалай ежелгі дүниенің қойнауына түбірімен кеткен рәсімдер мен дәстүрлердің семантикасын іздеуге болады?» деп көрсетеді.

Наурыз – бұл халықтың ардақталуы, оның мақтанышы мен үміті, бар тіршіліктің үйлесімділігін жарқын нақыштайтын, әрі өмір ағыны мен мәңгілік руханилыққа оралтатын мәдениеттің маңызды құрамдарының бірінің куәсі. Наурыз әлдеқашан жеке халықтардың жергілікті шектеулерін аттап өтті және Қазақстанның барлық халықтарының ұлтаралық мейрамы болып кетті.

Қазіргі уақытта Наурыз халықтар арасындағы достық, өзара түсіністік пен өзара келісімді нығайтуда, мемлекетте де саяси тұрақтылықты нығайтуда маңызды рөл атқарады, Қазақстан халқының рухани-мәдени бірдейлігін сақтауға бағытталған. Және осының бәрі ежелгі Наурыз мейрамы бұрынғының дәстүрлері мен ғұрыптарының сабақтастығын, мираскерлігін сақтай отырып, Қазақстанның қазіргі өміріне үйлесімді ене білуінің арқасында.

Егер көптеген елдерде жаһандану үдерісі этномәдени мұраны сақтау және дамыту мәселелерін ушықтырып отырса, ал Қазақстанда, бұрынғы өткен ғасырлардан жеткен, ұрпақтан-ұрпаққа қамқорлықпен сақталып және беріліп, жинақталып, дамып келген салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары мен рәсімдерінің арқасында, халықтың мәдени ескерткіші еселеніп қайта өркендеп келе жатқанын атап өту керек. Әсіресе, осыған елдің бәрінің сүйікті Наурыз мейрамы мүмкіндік туғызады.

Жыл сайын тойланып отыратын, Қазақстанда тұратын барлық халықтың ортақ мейрамына айналған, бәрінің сүйіктісі Наурыз мейрамының өшпейтін маңызы мен құндылығы бар, себебі қазақ халқының барлық халыққа ұнайтын салт-дәстүрлері және әдет-ғұрыптары қазақтардың рухани мұрасы мен мәдениетін жарқыратып көрсетеді. Сонымен қатар Наурыз Қазақстанда тұратын барлық халыққа өз халқының салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптарын еске алуға, Наурыз күндері оларды құрметпен көрсетулеріне мүмкіндік береді, бұл халықтың рухани-мәдени бірдейлігінің және ынтымақтастығының маңызды көзі болып табылады.

Шынында да ата-бабаларымыздан бізге мирас қалған шынайы қазақи құндылықтар іргесі – прагматизмнің нағыз көрінісі. Мінез-құлық пен іс-әрекеттің, тұрмыстық мәдениеттің табиғатқа үйлесімділігі экологиялық тұрғыдан дұрыс өмір салтын қалыптастыруға ықпалын тигізетін сананы қалыптастырады.

Әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. Алматы: Атамұра, 1999, 58б.
2. Өмірзақ Т., Сансызбай Ә. Қазақ тілі. 3 деңгей. Астана: Келешек-Пресс, 2006, 224б.
3. Манкеева Ж.А. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. Алматы: Жібек жолы, 2008, 356б.
4. Керімбаев Е.А. Этнокультурные основы номинации и функционирования казахских собственных имен. Автореф. дисс. докт. филол. наук. А.: КазНУ им аль-Фараби, 2002, 61б.
5. Hutmacher Walo. Key competencies for Europe // Report of the Symposium Berne, Switzerland 27-30 March, 1996. Council for Cultural Co-operation (CDCC) a Secondary Education for Europe. Strasbourg, 1997.

Аннотация: Актуальность этой статьи связана с рассмотрением этногенеза народа, то есть традиций, верований, особенностей жизненного уклада, географического расположения, историко-культурной связи с другими народами.

Данное утверждение составляет основной принцип нашей статьи и намечает ее направление. Много непознанного, сохранившегося в языке, берущего свое начало с древности. Заглянуть в его глубины и раскрыть его секреты в единстве с историей – задача этнолингвистики.

В этой статье решаются этнолингвистические проблемы через изучение языковых единиц в тесной их связи с традициями народа, рассматриваются фразеологизмы, в которых отражены народные верования, понятия, мечты и чаяния, уклад жизни, мировоззрение, особенности мышления, рассматриваются языковые единицы не в целом, а подбирается исходя из конкретных целей и темы исследования, анализируются языковые единицы.

Abstract: The new point of this project is connected with the ethnogenesis of the people, the traditions, believes, lifestyle characteristics, geographic location, historical and cultural relations with other Nations.

In research have been used simultaneously-the descriptive, historical and comparative methods, methods of interpretation, compilation of language units,

This is the basic principle of our work and sets the main direction. There is much of the unknown, preserved in the language, originating from the ancient times. Look into its depths and reveal its secrets in unity with the history-this is a task for ethno linguistic.

Purpose - the ethno-linguistic problems through the study of linguistic units in close relation with the traditions of the people, consideration of phraseological units, which reflect the folk beliefs, concepts, dreams and aspirations, lifestyles, attitudes, especially thinking, consideration of linguistic units not in general, but to pick up, on the basis of specific objectives and research themes, analyze the linguistic units, where it is reflected lifestyle concepts, beliefs, ideology of the people.

УДК 81'1=512.12

Абитиярова А.А.¹, Қожабекова Р.Т.², Нұржігітқызы А.³

¹ к.ф.н., доцент, ЮКГУ им. М. Ауэзова, Шымкент, Қазақстан

² к.ф.н., доцент, Международный гуманитарно-технический университет, Шымкент, Қазақстан

³ Студентка группы ФИ 17-8р ЮКГУ им. М. Ауэзова, Шымкент, Қазақстан

СОЦИОЛИНГВИСТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ОБРАЗА МОДЕРНИЗАЦИИ В ЯЗЫКОВОМ СОЗНАНИИ

Аннотация. Рассматриваются социолингвистические аспекты образа модернизации в языковом сознании носителей языка. Анализируется перцепция слова «модернизация» с точки зрения частотности употребления и ассоциативного понятия. Выявлены уровни воспринимаемости данного термина в контексте. Выявление образа модернизации в языковом сознании носителей языка дает возможность понять насколько правильно трактуется значение этого слова. Значение слова - это познавательное отношение человеческого сознания к предмету, опосредованное общественными отношениями между людьми, обобщенно отражающее предмет, включенный в реальные действенные общественные взаимоотношения людей, которое определяется через функцию этого предмета в системе человеческой деятельности. Таким образом, многие вопросы, касающиеся корреляции "язык–общество" и опосредованного воздействия социальных изменений на языковую эволюцию, о лексике как сфере языка, которые наиболее чутко реагируют на внешнее влияние, можно обсудить в самом общем виде с опорой на немногие иллюстративные примеры.

Ключевые слова: модернизация, языковое сознание, когнитивно-семантический анализ, лингвистический ассоциативный эксперимент, перцепция.

В 2017 году в своей статье "Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания" Глава государства Н.А.Назарбаев объявил о третьей модернизации Казахстана и отметил следующие приоритетные направления: конкурентоспособность, прагматизм, сохранение национальной идентичности, культ знания, эволюционное развитие Казахстана.

Успешность реализации модернизационных процессов зависит от их правильного восприятия обществом, нахождения социальной поддержки. В связи с этим возникает особая необходимость в социолингвистическом исследовании сущности понятия «модернизация» и уровня его восприятия обществом.

Выявление образа *модернизации* в языковом сознании носителей языка дает возможность понять насколько правильно трактуется значение этого слова. Значение слова - это познавательное отношение человеческого сознания к предмету, опосредованное общественными отношениями между людьми, обобщенно отражающее предмет, включенный в реальные действенные общественные взаимоотношения людей, которое определяется через функцию этого предмета в системе человеческой деятельности. Формируясь в общественной деятельности, оно включено в процесс речевого общения между людьми. Речь - это форма существования сознания (мыслей, чувств, переживаний) для другого, служащая средством общения с ним, и форма обобщенного отражения действительности или форма существования мышления. Речь, заменяя отдельные фрагменты внутренней деятельности, превращает ее в знаковую деятельность, т. е. в речевое мышление [1]. Следовательно, речь фиксирует образцы (способы) внешней деятельности, преобразованной в мыслительные структуры.

Если в советское время слово «модернизация» употреблялось относительно улучшения или изменения каких-либо конкретных средств производства: модернизация

оборудования, станков, машин, то сегодня модернизация относится к терминам, содержание которых не получает единого толкования у исследователей. Например, «модернизация – [фр. *moderne* новейший, современный] изменение, усовершенствование, отвечающее современным требованиям, вкусам, напр. *Модернизация оборудования*» [2].

В социологическом словаре: «модернизация - англ. *modernization*; нем. *Modernisierung*. 1. Придание современного характера ч.-л., приспособление к современным стилям, взглядам, идеям, вкусам, потребностям. 2. Взаимообусловленные общественные процессы и изменения на базе индустриализации, которые характеризуются: ростом специализации и дифференциации труда, бюрократией, формированием полит. институтов современного типа (избирательная система, полит. партии, парламентаризм), открытой стратификационной системой, высокой мобильностью, ослаблением традиционных ценностей (семьи, религии, морали), ростом индивидуализма и т.д.».

В философии модернизация рассматривается как «процесс обновления общества на основе ассимиляции достижений более развитых стран. М. возможна как элемент движения общества от традиционализма к либерализму при условии существования эшелонов стран, уже ранее прошедших этот путь и своим примером стимулирующих потребности в М. и оказывающих определенную помощь ее проведению».

В бизнесе модернизация означает усовершенствование, улучшение, обновление машин, оборудования, технологических процессов в соответствии с новейшими достижениями науки и техники, требованиями и нормами, техническими условиями.

В юридической сфере модернизация (от греч. *moderne* - новейший) - усовершенствование, улучшение, обновление объекта, приведение его в соответствие с новыми требованиями и нормами, техническими условиями, показателями качества.

В политико-терминологическом словаре «модернизация» трактуется как «процесс социальных изменений, в ходе которых происходят быстрые качественные преобразования в соответствии с имеющимся планом развития страны, производства и т. д.».

В словаре основных политологических понятий и терминов: «модернизация – это совокупность экономических, социальных, культурных, политических перемен, происходящих в обществе в связи с процессом индустриализации, освоения научно-технических достижений».

В словаре по политологии под редакцией В.Н.Коновалова «от фр. *moderne* - современный) - стремление государства, политической системы общества приблизить менее развитые страны к лидерам. Модернизация, как правило, проводится с использованием опыта, накопленного передовыми странами, при их технологической, политической и финансовой поддержке».

В Большой актуальной политической энциклопедии: «процесс социальных изменений, за счет которых традиционные общества (их уклад жизни основан на вписывании всех инноваций в традицию и сохранение этой традиции) трансформируются в «современные» (уклад жизни основан на приветствии инноваций и постоянном переосмыслении традиции с позиций инноваций)».

Модернизация в системе образования, как реформа, обеспечивает качественное ее преобразования в условиях рыночной экономики с учетом глобализации. Реформирование образования требует создания новых правовых, научно-методических, финансово-материальных условий и адекватного кадрового обеспечения для углубления и развития этого процесса на основе сохранения накопленного в этой сфере позитивного потенциала. Ведь высокоэффективная система образования является одним из основных факторов обеспечения устойчивого роста экономики страны и казахстанского общества.

Таким образом, из анализа справочной литературы можно сделать вывод, что понятие *модернизации* представляет собой «фактор развития», «процесс», «изменение»,

«усовершенствование», «совокупность перемен», «реформу» социальной сферы.

Наибольший интерес вызывает то, как *модернизация* воспринимается обществом. Как известно, лексическое значение слов на протяжении длительного времени остается неизменным, в то время как личностные смыслы зависят от экстралингвистических факторов. Для того чтобы выяснить, каково представление о модернизации у носителей русского языка, необходимо провести социолингвистическое исследование в контексте. Приведем ряд примеров (в качестве языкового материала использованы статьи Республиканской общественно-политической газеты «Литер»): *В условиях падения цен на энергосистем и давно назревшей необходимости модернизации инфраструктуры предложения японского бизнеса могут оказаться весьма привлекательными, считает Кайрат Беков (30.10.2015, №203).*

В Узбекистане были достигнуты договоренности о реализации инвестиционных проектов на сумму более 8,5 млрд. долларов в области модернизации энергетической и транспортной инфраструктуры (30.10.2015 №203).

«...» Также он сообщил, что Национальной комиссией по модернизации разработана новая концепция развития Ассамблеи народа до 2023 года (21.10.2015, №196).

Как рассказала директор департамента по делам культуры и искусства Министерства культуры и спорта РК Актоты Райымкулова, основные изменения и дополнения сосредоточены в концепции культурной политики, направленной на модернизацию отрасли (21.09.2016, №140).

Аким города Алматы доложил Главе государства о процессе и результатах комплексной модернизации ледовой арены и горнолыжного курорта «...»

«...» в рамках реализации плана разработана концепция по модернизации работы АО «Казахфильм» с учетом внедрения передового международного опыта (21.09.2016, №140)

Модернизация судебного образования как фактор дальнейшего развития судебной системы (30.09.2016, №145).

Для достижения данного уровня Казахстану необходимо увеличить производительность труда более чем в 2 раза. Такое увеличение возможно как за счет технической модернизации производства, так и за счет повышения квалификации трудовых ресурсов (28.09.2016, №144).

Данные средства планируется направить на развитие транспортно-логистической инфраструктуры СЭЗ «НИИТ», модернизацию сетей тепло- и водоснабжения «...» (24.09.2016, №142).

В казахстанской культуре намечаются серьезные перемены, и связаны они с поставленным Главой государства задачами по развитию отрасли. Первым делом примутся за модернизацию менеджмента в этой сфере (21.09.2016, №140).

Ж.Дүйсебаев также отметил, что в Послании Президента народу Казахстана обозначена ускоренная технологическая модернизация экономики, в рамках которой поставлена задача придать импульс развитию традиционных базовых отраслей, в том числе АПК (28.02.2017, №30(3105)).

В Послании Главы государства «Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность» особое внимание уделено системе образования (28.02.2017, №9105).

«...» в долгосрочных программах обеих стран обозначена дальнейшая модернизация ядерных оружейных систем (26.02.2017, №3105).

Одним из главных приоритетов, объявленной Главой государства Третьей модернизации Казахстана является кардинальное улучшение и расширение бизнес среды (25.02.2017, №29(3104)).

Также Ашимбаев отметил, что в рамках политической модернизации необходимо полное обеспечение прозрачности деятельности государственных органов, министров и акимов (26.02.2017, №3105).

В Казахстане создана комиссия по реализации программы модернизации общественного сознания, в которую вошли не только представители высшего эшелона власти, но и главы регионов (28.02.2017, №3109).


В приведенных выше примерах речь идет о модернизации в сфере экономики, производства, культуры, конституционной реформы, заложившей основы масштабной политической модернизации, системе образования, а также модернизации общественного сознания.

Все формы познания человеком реальности и его отношение к тому или иному отражается в сознании. А сознание - это сторона развития личности, в процессе которого приобретенный опыт даёт новый взгляд на мир, его сокрытые стороны, происходит принципиальное переосмысление жизни. Именно процесс переосмысления жизни, происходящий в течение всей жизни человека, и определяет его основные мотивы к действиям, его поведение. Это есть не что иное как умение определять задачи или цели жизни, а не только их решения, а стало быть не только лишь владение знанием, но и умение его использовать на практике [3].

Деятельность же понимается как активность субъекта, направлением которой является изменение мира, производство определенного продукта духовной или материальной культуры. Но, не смотря на это, деятельность состоит всегда из определенного алгоритма, ряда актов, основанных на побуждениях или мотивах, при этом любая деятельность есть, как правило, решение той или иной задачи. Задача есть потребность, выдвинутая анализом состояния субъекта, а точнее его отношением к воспринимаемому [4].


В диаграмме 1 представлена частотность употребления слова модернизация за последние четыре года. Следует заметить, что пик употребления слова «модернизация» в речи приходится на 2017-2018 гг.

Диаграмма 1. Частотность использования слова «модернизация».



Для того, чтобы узнать с какими понятиями ассоциируется слово модернизация в языковом сознании носителей языка, нами был проведен лингвистический ассоциативный эксперимент. При анализе ответов респондентов (в частности были выбраны студенты) ассоциативного эксперимента наблюдается перцепция, связанная с понятиями «новые технологии», «изменение», «преобразование», «эволюция», «расширение», «улучшение», «совершенствование», «обновление» и др. (Диаграмма 2).

Диаграмма 2. Результаты лингвистического ассоциативного эксперимента



На основе нашего исследования можно сделать некоторые выводы.

Первое наше наблюдение касается семантической стороны употребления слова *модернизация*. Если ранее слово модернизация использовалось по отношению к конкретному предмету, то сейчас оно наряду с существовавшим значением приобрело и абстрактно-оценочный смысловой оттенок.

Следующее наблюдение относится к общей употребительности и частотности использования слова *модернизация*. С 2016 года в казахстанских СМИ употребление этого «ключевого» слова явно интенсивно растет, что свидетельствует об образе модернизации в языковом сознании общества.

Рассматривая слово «модернизация» в контексте, наблюдается частое его использование в политической, экономической, производственно-технической, научно-образовательной сферах. В качестве синонимов в обиходе служат слова *осовременивание, модернизирование, усовершенствование, апгрейд*.

Таким образом, многие вопросы, касающиеся корреляции "язык–общество" и опосредованного воздействия социальных изменений на языковую эволюцию, о лексике как сфере языка, которые наиболее чутко реагируют на внешнее влияние, можно обсудить в самом общем виде с опорой на немногие иллюстративные примеры. В этой связи следует отметить, что результаты, полученные нами в ходе исследования, являются предварительными и нуждаются в проверке и уточнении. Однако, данное направление исследования, т.е. извлечение социолингвистического знания из лингвистического и наоборот, является плодотворным в решении ряда социолингвистических проблем.

Список литературы

- 1 Шахнарович А.М., Юрьева Н.М. Психолингвистический анализ семантики и грамматики. Москва, 1990.
- 2 Новый словарь иностранных слов. Москва. Современный литератор, 2006, 1088с.
- 3 Вахтин Н.Б. и Головкин Е.В. Социолингвистика и социология языка. С. Петербург, 2004
- 4 Майер П.А. Сущность и содержание принципа единства сознания и деятельности // Молодой ученый. 2016, №15. С. 406-409.

Түйін: Мақалада тілдік санадағы жаңғыру бейнесінің әлеуметтік лингвистикалық қырлары қарастырылған. Қоғамдағы өзгерістердің тіл бірліктерінің қолданылу аясын кеңейтумен қатар олардың өзіндік семантикалық өзгерістерге ұшырауына ықпалы зор. Тіл білгірлерінің лингвистикалық санасында жаңғырту бейнесін анықтау осы сөздің мағынасын қалай дұрыс түсіну керектігін түсінуге мүмкіндік береді. Сөздің мағынасы - адамның сана-сезімін адамдар арасындағы әлеуметтік қарым-қатынастардан туындайтын

тақырыпқа, адамның қызметінде осы объектінің функциясы арқылы анықталатын адамдардың нақты тиімді әлеуметтік қарым-қатынастарына енгізілген тақырыптың жалпылама көрінісі. Осылайша, тілдің - қоғамның корреляциясы мен тілдің эволюциясы бойынша әлеуметтік өзгерістердің жанама әсері, сыртқы әсерге аса жауапты тілдік сала туралы лексика туралы көптеген сұрақтар бірнеше мысалға негізделген.

Abstract: This article discusses the sociolinguistic aspects of modernization in the image language conscience, as well as issues related to the impact of social changes on language evolution on vocabulary, which are most sensitive to external influences. Identifying the image of modernization in the linguistic consciousness of native speakers makes it possible to understand how correctly the meaning of this word is interpreted. The meaning of a word is the cognitive relation of human consciousness to a subject, mediated by social relations between people, a generalized reflection of the subject, included in the real effective social relationships of people, which is determined through the function of this object in the system of human activity. Thus, many questions concerning the language – society correlation and the indirect effect of social change on language evolution, about vocabulary as a language area that most responsive to external influence, can be discussed in a very general way based on a few illustrative examples.

ӘОЖ: 511.124.

Алдешов С.Е.,¹ Бүркіт Ә.Қ.,¹ Ишматов Ш.У.²

¹п.ғ.к., доцент. М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент қаласы, Қазақстан

¹аға оқушысы М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент қаласы, Қазақстан

²дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі, №90 жалпы орта мектебі, Шымкент қаласы, Қазақстан.

АТҚА МІНУ МӘДЕНИЕТІ

Түйін: Атқа міну мәдениеті мен жылқы шаруашылығы жер жүзіне Ұлы даладан тарағаны тарихтан белгілі. Еліміздің солтүстік өңіріндегі энеолит дәуіріне тиесілі «Ботай» қонысында жүргізілген қазба жұмыстары жылқының тұңғыш рет қазіргі Қазақстан аумағында қолға үйретілгенін дәлелдеді. Жылқыны қолға үйрету арқылы біздің бабаларымыз өз дәуірінде адам айтқысыз үстемдікке ие болды. Ал жаһандық ауқымда алсақ, шаруашылық пен әскери саладағы теңдессіз революцияға жол ашты. Жылқының қолға үйретілуі атқа міну мәдениетінің де негізін қалады. Бес қаруын асынған салт атты сарбаз айбарлы көшпенділер империялары тарих сахнасына шыққан дәуірдің символына айналды. Ту ұстаған салт атты жауынгердің бейнесі – батырлар заманының ең танымал эмблемасы, сонымен қатар атты әскердің пайда болуына байланысты қалыптасқан көшпенділер әлемі «мәдени кодының» айрықша элементі. Автокөлік қозғалтқыштарының қуаты әлі күнге дейін аттың күшімен өлшенеді. Бұл дәстүр – жер жүзінде салт аттылар үстемдік құрған ұлы дәуірге деген құрметтің белгісі.

Кілттік сөздер: Ұлы дала, дәстүр, Атқа міну, Шөген ойыны, шоқпар.

«Егемен Қазақстан» газетінде Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы жарияланды. Кеңістік – барлық нәрсенің, ал уақыт – бүкіл оқиғаның өлшемі. Уақыт пен кеңістіктің көкжиегі тоғысқан кезде ұлт тарихы басталады. Бұл – жай ғана әдемі афоризм емес. Шын мәнінде, немістердің, италиялықтардың немесе үнді халықтарының жылнамасына көз жүгіртсек, олардың мыңдаған жылды қамтитын төл тарихындағы ұлы

жетістіктерінің дені осы елдер қазір мекен етіп жатқан аумақтарға қатыстылығы жөнінде сұрақ туындайтыны орынды.

Атқа міну мәдениеті. Атқа міну мәдениеті мен жылқы шаруашылығы жер жүзіне Ұлы даладан тарағаны тарихтан белгілі. Еліміздің солтүстік өңіріндегі энеолит дәуіріне тиесілі «Ботай» қонысында жүргізілген қазба жұмыстары жылқының тұңғыш рет қазіргі Қазақстан аумағында қолға үйретілгенін дәлелдеді. Жылқыны қолға үйрету арқылы біздің бабаларымыз өз дәуірінде адам айтқысыз үстемдікке ие болды. Ал жаһандық ауқымда алсақ, шаруашылық пен әскери саладағы теңдессіз революцияға жол ашты. Жылқының қолға үйретілуі атқа міну мәдениетінің де негізін қалады. Бес қаруын асынған салт атты сарбаз айбарлы көшпенділер империялары тарих сахнасына шыққан дәуірдің символына айналды. Ту ұстаған салт атты жауынгердің бейнесі – батырлар заманының ең танымал эмблемасы, сонымен қатар атты әскердің пайда болуына байланысты қалыптасқан көшпенділер әлемі «мәдени кодының» айрықша элементі. Автокөлік қозғалтқыштарының қуаты әлі күнге дейін аттың күшімен өлшенеді. Бұл дәстүр – жер жүзінде салт аттылар үстемдік құрған ұлы дәуірге деген құрметтің белгісі. Біз әлемнің барлық түкпіріне ежелгі қазақ жерінен тараған осынау ұлы технологиялық революцияның жемісін адамзат баласы XIX ғасырға дейін пайдаланып келгенін ұмытпауға тиіспіз. Қазіргі киім үлгісінің базалық компоненттері Дала өркениетінің ерте кезеңінен тамыр тартады. Атқа міну мәдениеті салт атты жауынгердің ықшам киім үлгісін дүниеге әкелді. Ат үстінде жүргенде ыңғайлы болуы үшін бабаларымыз алғаш рет киімді үстіңгі және астыңғы деп екіге бөлді.

Осылайша кәдімгі шалбардың алғашқы нұсқасы пайда болды. Бұл салт атты адамдардың ат құлағында ойнауына, ұрыс кезінде еркін қимылдауына мүмкіндік берді. Дала тұрғындары теріден, киізден, кендір мен жүннен, кенептен шалбар тікті. Содан бері мыңдаған жыл өтсе де, киімнің осы түрі өзгере қоймады. Қазба жұмыстары кезінде табылған көне шалбарлардың қазіргі шалбардан еш айырмасы жоқ. Сонымен қатар бүгінгі етіктердің барлық түрі көшпенділер атқа мінгенде киген жұмсақ өкшелі саптама етіктің «мұрагерлері» екені белгілі. Ат үстінде жүрген көшпенділер тақымына басқан сәйгүлігіне неғұрлым еркін мініп жүруі үшін биік ер-тұрман мен үзеңгіні ойлап тапты. Бұл жаңалық салт атты адамның ат үстінде қаққан қазықтай мығым отыруына, сонымен бірге шауып бара жатып, қолындағы қаруын еш қиындықсыз және неғұрлым тиімді қолдануына мүмкіндік берді. Бабаларымыз шапқан аттың үстінен садақ тартуды барынша жетілдірді. Соған байланысты қарудың құрылымы да өзгеріп, күрделі, ыңғайлы әрі қуатты бола түсті.



Масағына қауырсын тағылып, металмен ұшталған жебе берен сауытты тесіп өтетін көбөбұзарға айналды. Қазақстан аумағында өмір сүрген түркі тайпалары ойлап тапқан тағы бір технологиялық жаңалық – қылыш. Оның оқтай түзу немесе иілген жүзі – ерекше белгісі. Бұл қару ең маңызды әрі кең таралған соғыс құралына айналды. Сарбаз бен оның мінген атын қорғауға арналған сауытты да алғаш рет біздің бабаларымыз жасаған. Еуразия көшпенділерінің айрықша маңызды әскери жаңалығына баланған мұздай темір құрсанған атты әскер осылайша пайда болды. Отты қару пайда болып, жаппай қолданысқа енгенге дейін атты әскердің дамуы біздің дәуірімізге дейінгі I мыңжылдық пен біздің дәуіріміздің I ғасыры арасында көшпенділердің ұзақ уақыт бойы бұрын-соңды болмаған жауынгерлік үстемдік орнатуын қамтамасыз еткен жасақтың ерекше түрі – айбарлы атты әскердің қалыптасуына ықпал етті.

Атқа міну мәдениетінің негізінің бірі - ұлттық Шөген ойыны. Шөгеннің отаны – Кіндік Азия, иесі – көшпенді халық. Ұлы даланы мекендеген қазақ халқы салт пен дәстүрге берік, ұлттық спорт ойындарына аса бай. Әсіресе, ат құлағында ойнаған ата-бабаларымыз көкпар, теңге ілу мен жамбы ату, қыз қуу, аламан бәйге дегенде барын салады. Ұлтымызбен тығыз байланысты ат спорты ойындарының қатарына тарихы ұзақ, тамыры терең шөген ойынын да жатқызуымыз керек. Ертеректе шөген – ірі малдың тобық сүйегінен жасалыпты. Ат құлағында ойнайтын жігіттер қолдарына шоқпар алып, әлгі тобықты ұрып ойнайтын болған. Шөгеннен бұрын «куык» доп, «жел» доп деген ойын түрлері де болған екен. Доп дегеніңіз сол кездердің өзінде-ақ малдың қуығы мен қарынынан жасалса керек. Ол да шоқпар ұстап, сойыл сүйреткен азаматтардың ат үстіндегі ойыны саналған деген деректер бар. Шөген төрт түлік мал баққан халқымыздың ұлттық спорты ғана емес, әскери жаттығу формасы ретінде қалыптасқан ойыны саналады. Бүгінде төрткүл дүние поло деп таныған ойынның түп-негізі Орта Азияда қаланып, басы осы шөген ойынынан басталғандығы туралы Халықаралық поло федерациясының ресми сайтында жазылған. Ата-бабаларымыздың шөген ойынын ойнағанына дәлел ретінде Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» (Құтты білік), Махмұд Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрік» (Түркі тілінің сөздігі) еңбектерінде жазылған шөген жайлы шежірелерін мысалға алса болады. Осыған қатысты деректерді қазақ ғалымы, этнограф Асқар Егеубаев өз еңбектерінде кеңінен атап көрсетті.

Тағы да басқа тарихи деректерде 2000 жыл бұрын көне парсылардың шөгенді ойнағандығы жазылған. Көршілес қытай халқы да полоны мың жыл бұрын өздерінің дәстүрлі ойындарының қатарына енгізген көрінеді. Бірақ осынау көне дәуірден келе жатқан ойынның негізін қалаған Орта Азияның көшпенді халықтары екен.

Бұл ұлттық ойынның түп-төркіні, тарихқа жалғанған тамыры болатыны анық. Шөгеннің де бір ұшы бұрынғы билеушілер мен тарихи тұлғаларға тіреліп жатыр. Ақсақ Темір Орталық Азияны билеп тұрған кезінде, Самарқанның түбіне шөген ойынына арналған алаң жасатқан. Сол алаң әлі күнге дейін бар. Өзбек ағайын оған тарихи ескерткіш ретінде қарайтыны жасырын емес. Бұл жағына терең бойлап, зерттесе, шөгеннің бір тамыры өзбек жерінен де табылатындығы айқын. Алайда өзбек халқы оны шөген емес, шовған деп атайды. Отандасымыз, кинорежиссер Айбек Шорабаев «Чавгон – ұмытылған ойын» дейтін сценарий жазғаны да есімізде. Осы дәлел-дәйектерді қорытындыласақ, шөген, шоған немесе човгон – бәрі көшпенді халықтардың ат спорты ойыны екенін аңғару қиын емес. Орта Азияда шыққан ойынды Үндістанның бір бөлігін жаулап алған жетісулық моғолдар сол жаққа апарған. Кейіннен Үндістанды отарлаған ұлыбританиялық шай өндірушілер 1800 жылдардың басында Манипурде шөген ойынына куә болады. Бұл уақытта үнді жұрты полоны спорттық ойын ретінде ойнайтын болған еді. Алайда 1850 жылға дейін шөгеннің британиялықтар дайындаған ережесі қалыптаспады. 1862 жылы поло ойыны Еуропаға бірінші рет ағылшындар арқылы таралды. Сол жылы

Калькуттаның батыс бөлігінде көне поло клубының негізі қаланады. Бұған қатысты деректер жеткілікті. 1868 жылы ағылшын әскерлері мен теңіз офицерлері Үндістаннан қайтар жолда Мальтада аялдаған кезінде поло ойынын ойнаса керек. Олар Үндістаннан көрген ойын туралы ақылдаса келе, өздері клуб құру туралы ұйғарымға тоқтайды. Осылайша, шөген Еуропаға жетіп қана қоймай, алғашқы поло клубының да негізі қаланды. 1869 жылы Англияда 10 сарбаздан тұратын ойыншы қатысқан бірінші командалық кездесу ұйымдастырылады. Бұл уақыттары Англияда поло «атты хоккей» деген атаумен тым танымал бола бастаған кез еді.

Таңбалы тастағы жазуларды, қазақтың қару-жарағын зерттеп жүрген ғалым, Тарих және археология институтының ғылыми қызметкері Станислав Потапов шөгеннің қазақ тарихына қатысты екенін нақты дәлелмен айтады. Станислав Потапов «Қазақта барымта бар. Барымтаға шоқпар қолданған. Ал шоқпар бата тимей қата тисе, адам мерт болады. Онда құн дауы төленеді. Барымта кезінде тізеден, иықтан, тобықтан қағып түсіру – нағыз шоқпаршылардың шеберлігі болды. Шөгенді бұрынғылар жауынгерлік жаттығу ретінде ат үстінде ойнаған. Егер шоқпарды дұрыс сілтей алмасаң, қарсыласыңның тізесіне емес, өз атыңның аяғына немесе құлақ-шекесіне тиеді. Қылышты дұрыс сілтемеген жағдайда өзің арандайсың немесе астындағы атыңды жаралайсың. Шөгенмен жаттыққан көшпенді ұланы барымтада шоқпарды, соғыста қылышты еркін сілтеген», – дейді.

Шөген туралы тарихшылар былай дейді: Поло өзінің бастауын көне заманнан алады. Тарихи деректерде бұл ойын парсы жұртына «Шоған» деген атпен танымал болғандығы, 2500 жылдай бұрын ойнағандығы айтылады. Дегенмен, бұл ат спорты түрі тыныс-тіршілігі ат пен ерге байланысты болған Орталық Азияның көшпенділерінен шыққан. Поло – ата-бабамыздан мұра болып келе жатқан көне замандарда «Шөген» деген атпен танымал болған ат ойыны. Бабаларымыздың шөген ойынын ойнағандығы туралы деректер Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік», Махмұд Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрік» атты түркі жазбаларында кездеседі.

Шымкент қаласында негізін қалағандар: «Түркістан (Оңтүстік Қазақстан) облысының шөген федерациясы» қоғамдық бірлестігінің Президенті Тастеміров Нұрлан Қуанышбайұлы, Вице-Президенттері: Айнабеков Әлімжан мен Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы. «Түркістан (Оңтүстік Қазақстан) облысының шөген федерациясы» қоғамдық бірлестігінің кеңесшісі Бекбауов Сарыбай Тастемірұлы. Оңтүстік өңірінде Шөгеннің қалыптасуы мен дамуы жолында көп еңбек сіңіріп келеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. Ұлы даланың жеті қыры. // Егемен Қазақстан, 2019 ж. 15 ақпан.
2. Төтенаев Б. Қазақтың ұлттық ойындары. Алматы, 1994, 242 б.
3. Сағындықов Е. Қазақтың ұлттық спорт ойындары. Алматы «Рауан», 1994, 186 б.
4. Интернет материалдары, el.kz. 2019.
5. Шоңов Е.Ш.. Қазақтың ұлттық спорт ойындарының тарихы мен дамуы, Тараз, 2015, 192 б.

Аннотация: Всем известно, что Великая степь подарила миру коневодство и всадническую культуру. Впервые одомашнивание лошади человеком произошло на территории современного Казахстана, о чем свидетельствуют раскопки поселения «Ботай» на севере страны. Одомашнивание лошади дало нашим предкам немислимое на тот период превосходство, а в планетарном масштабе произвело крупнейшую революцию в хозяйстве и военном деле.

Вместе с тем одомашнивание лошади положило начало культуре всадничества. Всадник на коне, вооруженный луком, пикой либо саблей, стал своеобразным символом эпохи, когда на авансцену истории выходят могущественные империи, созданные

кочевыми народами. Изображение конного знаменосца – наиболее узнаваемая эмблема героической эпохи и особый «культурный код» кочевого мира, формирование которого связано с зарождением всадничества. Мощь автомобильных двигателей до сих пор измеряют в лошадиных силах. И эта давняя традиция – символическая дань той величайшей эпохе, когда на планете господствовал всадник.

Abstract: Everyone knows that the Great Steppe gave the world horse breeding and equestrian culture. For the first time, human horse domestication took place on the territory of modern Kazakhstan, as evidenced by excavations of the Botai settlement in the north of the country. Domestication of the horse gave our ancestors the inconceivable superiority at that time, and on a planetary scale made the largest revolution in economy and military affairs. However, the domestication of the horse marked the beginning of a culture of horsemanship. A rider on a horse, armed with a bow, lance or saber, became a kind of symbol of the era when powerful empires created by nomadic peoples come to the forefront of history. The image of the equestrian standard-bearer is the most recognizable emblem of the heroic era and a special “cultural code” of the nomadic world, the formation of which is associated with the emergence of horsemanship. Car engine power is still measured in horsepower. And this long tradition is a symbolic tribute to that great era when the horseman dominated the planet.

УДК 372.853

Алмағамбетова А.А., Еркінқызы Ж., Ақжанова А.Е.

п.ғ.к., Қорқыт Ата атындағы ҚМУ. Қызылорда. Қазақстан

Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-нің магистранты. Қызылорда. Қазақстан

Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-нің магистранты. Қызылорда. Қазақстан

ФРОНТАЛЬДЫҚ ЭКСПЕРИМЕНТТІК ТАПСЫРМАЛАР МЕН ЕСЕПТЕРДІҢ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУДАҒЫ МАҢЫЗЫ

Түйін: Мақаладаға фронтальдық эксперименттік тапсырмалар мен есептердің оқушылардың зерттеушілік қабілетін дамытудағы маңызы. Оқушылардың фронтальдық эксперименталдық тапсырмалары көмегімен өлшеу құралдарымен дағдылар дамытылып, зерттеу қабілеті дамыған. Бұл мақалада жаңартылған білім беру аясында физикадағы эксперименттік мәселелерді шешудің маңыздылығы талқыланды. Фронтальды эксперименталды тапсырмалардың орындалу тиімділігін ескере отырып, мұғалімнің жетекшілігімен ең лайықты ұсынылады. Мақалада студенттердің зерттеу дағдыларын дамытатын алдыңғы-эксперименталды тапсырмалары бар. Әсіресе, өлшеулер мен эксперименттер жүргізу дағдылары мен қабілеттеріне бағытталған тапсырмалар. Физиканы оқытуда фронтальдық эксперименттік тапсырмаларды орындату 5-15 минут аралығына жоспарлануы шарт. Фронтальдық эксперименттік тапсырмаларды жаңа сабақты зерттеу кезінде, үй тапсырмасын сұрау кезінде орындату мұғалімнің педагогикалық шеберлігіне, өтілетін тақырыптың ашылуына, сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне байланысты анықталады. Сондықтан физика сабақтарын жүйелі түрде жүргізу алдыңғы-эксперименталдық тапсырмалар сапалы білімнің негізі болып табылады.

Кілттік сөздер: физикалық оқу эксперименті, фронтальдық эксперименттік тапсырма, эксперименттік есептер, өлшеу икемділігі, өлшеу дағдысы.

Оқу эксперименті физиканы оқытудағы ең маңызды, қуатты құрал. Көп жағдайда мектепте физиканы оқыту үдерісінде тәжірибеге қажетті құралдардың жеткілікті

болмауынан, ал кейде пән мұғалімдерінің физикалық оқу экспериментін жүргізуді өз деңгейінде қолдана білмейтіндіктерінен теориялық білімді практика жүзінде тексеру мәселесі олқы түсіп жатады. Ал, физика сабағының әрбір сабағы оқу экспериментінің бір түрімен (демонстрациялық, зертханалық, эксперименттік тапсырмалар мен есептер) жасақталса, білім сапасы жоғарылай түседі. Себебі, қоршаған ортаны эксперименттің көмегімен тану жаратылыстану ғылымдарының негізгі зерттеу әдісі.

Қазіргі кезде қорытынды білімді бағалау тек тест түрінде жүргізілетіндіктен физикадан есеп шығару барысында құбылыстың физикалық мәні ашылмай формула мен сандарға баса назар аударып, теориялық мәселелерді тек жаттанды түрде қолдануға (кілт формулаларды, қиын есептердің жауабын жаттап алу, т.с.с.) дағдыланады. Ал, физиканы оқытуда теория мен практиканы оқу экспериментінде ұштастыратын зерттеушілік сипаттағы тапсырмалар мен эксперименттік есептер жеткіліксіз. Ал мұндай тапсырмалар мен эксперименттік есептер оқушылардың физикалық құбылыстың ішіне терең үніліп, толықтай мағлұмат алуына мүмкіндік береді. Физика сабағында физикалық құбылысты талдау арқылы, теориялық білімін тексеруге не болмаса тәжірибенің нәтижесін теориялық мәліметтермен салыстыру арқылы теорияның шындығын бағалайтын тәжірибелерді қолданудың тиімділігі өте жоғары болады. Мысалы, шағын эксперименттік есептер мен тапсырмаларды орындау арқылы оқушы ең алдымен теорияның дұрыстығын тексереді не болмаса керісінше тәжірибенің нәтижесінен өзі қорытынды жасайды.

Екіншіден, осындай жұмыстарды жиі орындау арқылы физикалық құралдармен жұмыс жасап, олардың қолданылу шекарасын, қателігін анықтауға үйренеді, өлшеу икемділігі мен дағдысы қалыптасады, қай құралды қандай жағдайда қолданудың қажеттілігін ажырата алады, өлшеу құралдары мен өлшеу әдісін таңдай алады, олардың артықшылықтарын, кемшіліктерін біле отырып, өз орнымен қолдана біледі. Мысалы, серіппелі динамометр мен серіппелі таразының айырмасының бөлік құндары туралы, серіппелі таразы мен рычагты таразының айырмашылығы, манометр мен барометрдің айырымын біліп қай жағдайда қай құралды қолдану керектігін біледі. Кітапта көрсетілгенімен мұның барлығы оқушының қолымен ұстап, өзі жағдайда ғана есінде қалады. Үшіншіден, оқушылардың бойында зерттеушілік қабілеті дамиды. Зерттеп жатқан құбылысқа қатысты теориялық мәліметтерді іздеп, өз тәжірибелерінен қорытынды жасауға үйренеді. Өздері жасаған жұмыстың нәтижесіне қуанып, өз жетістігін бағалай біледі.

Осы орайда шағын эксперименттік есептер шығартып, фронтальдық тапсырмалар орындату өте пайдалы. Физиканы оқытуда фронтальдық эксперименттік тапсырмаларды орындату 5-15 минут аралығына жоспарлануы шарт. Фронтальдық эксперименттік тапсырмаларды жаңа сабақты зерттеу кезінде, үй тапсырмасын сұрау кезінде орындату мұғалімнің педагогикалық шеберлігіне, өтілетін тақырыптың ашылуына, сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне байланысты анықталады. Мұндай фронтальдық эксперименттік тапсырмалардың артықшылығы - барлық оқушылар бір мезгілде мұғалімнің жетекшілігімен өлшеу жұмысын жүргізді. Бұл жағдайда барлық оқушылар бірдей жұмыс жасайды және олардың барлығы мұғалімнің назарында болады. Фронтальдық эксперименттік тапсырманың тағы бір тиімді жағы білім алушылар теориялық білімдерін практикада тексеріп, өлшеу жүргізу барысында зерттеліп отырған құбылысқа зейін салып, бақылауға дағдыланады. Сонымен қатар оқушылар өз беттерімен жұмыс жасауды ұйымдастыруға дағдыланады. Жүйелі түрде орындаған фронтальдық эксперименттік тапсырмаларды орындау арқылы білім алушылардың өлшеу жүргізу икемділігі, өлшеу құралдарымен жұмыс жасау икемділігі артады. Одан кейінгі өлшеу жүргізген кезде осы дағдылары мен икемділіктері көп көмек болады.

Фронтальдық эксперименттік тапсырмалардың зертханалық жұмыстардан айырмашылығы күрделі болмауы керек. Сондықтан да фронталь эксперименттік

тапсырмаларға берілетін уақыт та өте аз. Дегенмен, оның ұқсастығы да жоқ емес. Мысалы, білім алушылардың жеке жасаған жұмыстарының нәтижелерін барлығы ортаға салып, сабақ соңында салыстыру арқылы, ұжыммен талқылауға және оны бақылауға толық мүмкіндігі болады, осындай тәжірибе нәтижесін талқылаулар әрбір тапсырманы орындағаннан кейін жүргізілуі керек. Фронтальдық эксперименттік тапсырмалар зертхана жұмысындағы тапсырмалардан жеңілдеу болатындықтан оған аз уақыт бөлінетіндіктен берілетін тапсырма да ықшам болуы керек. Фронтальдық эксперименттік тапсырмада орындалатын тапсырманың әрбір қадамы анық және оқушы оны алдына берілген нұсқау бойынша жасайды. Сол себепті фронталь эксперименттік тапсырманы орындау оқушыға аса қиындық туғызбайды. Ал эксперименттік есеп түрінде берілгенде жағдай сәл күрделене түседі. Бұл жағдайда есептің шарты бойынша құрал-жабдықтар беріліп, немесе физикалық эксперимент көрсетіліп шешуді қажет ететін сұрақ не мәселе төтесінен қойылады. Эксперименттік есепті шығару барысында оқушылардың ойлау қабілетімен қоса өлшеу икемділігі мен дағдысы да сыналады. Фронтальдық эксперименттік тапсырмалар мен эксперименттік есептерді шығарту оқушылардың өз бетімен танымдық қызығушылығының дамуы мен зияткерлік және практикалық дағдыларының қалыптастыруға тікелей ықпал етеді. Әсіресе, өлшеулер мен тәжірибелерді орындау дағдыларының машығының қалыптасуына тікелей байланысты. Сол себепті сабақ барысында фронтальды эксперименттік тапсырмалар мен эксперименттік есептерді жүйелі түрде, жыл бойы қолдану физикадан сапалы білім алуға, теориялық материалдарды практикада қолдануға негіз болады.

Кейде оқушыларының басым көпшілігі өте ізденімпаз, берілген тапсырманы тез орындай алатындай сынып кездесуі мүмкін немес оқушылардың фронтальдық эксперименттік тапсырма оқушыларына өте жеңіл болатындай жағдайларда ұсынылып отырған фронтальдық эксперименттік тапсырманы эксперименттік есепке айналдыруға болады. Ол кезде оқушы эксперименттік тапсырманың ретін, қадамдарын өздері құрастырады. Ал, егер сынып үлгісі төмен болса, онда ол сынып оқушыларына фронтальдық эксперименттік тапсырма ретінде беріген өте дұрыс болады. Екеуінде де ең маңыздысы теориялық материал тәжірибемен бекітіледі.

Фронтальды эксперименттік тапсырмалар мен есептердің жан-жақты, яғни білім беру, дамыту, коммуникативтік, тәрбиелік қызметі бар. Мұндай тапсырмалар мен есептерді орта мерзімдегі жоспарға сәйкес, зертханалық жұмыстары аз бөлімдерге көбірек ұсыну керек.

Оқушылардың зерттеушілік қабілетін дамытуға арналған қарапайым фронтальдық эксперименттік тапсырмалардан мысал келтірейік. Көбіне мектепте құрал жабдықтар болмаған жағдайда тұрмыста пайланылатын заттардың көмегімен де осындай тәжірибелерді жасатуға болады.

Тапсырма 1: Үйкеліс күшінің беттердің өңделуіне байланыстылығын салыстыру.

Қажетті құралдар мен жабдықтар: динамометр, ағаш білеуше және бірі тегіс, екіншісі кедір-бұдыр трибометрлер.

Жұмыстың орындалу реті:

1. Тегіс трибометрдің бетіне ағаш білеушені горизонталь орналастырып, оны бетпен бір қалыпты қозғалта отырып, динамометрдің көрсетуін жазып алу.

2. Беті кедір-бұдыр трибометрдің бетіне ағаш білеушені горизонталь орналастырып, оны бетпен бір қалыпты қозғалта отырып, динамометрдің көрсетуін жазып алу.

3. Екі жағдайдағы алынған үйкеліс күшінің мәндерін салыстыру.

4. Олардың неге әр түрлі шамаға ие екенін түсіндіру.

Бұл тапсырманы эксперименттік есеп түрінде «динамометр, ағаш білеуше және тегіс және кедір-бұдыр трибометрлер арқылы үйкеліс күшінің шамасын анықтандар және себебін түсіндіріңдер» деген мәтінде беруге болады.

Тапсырма 2: Стақандағы сұйықтың тығыздығын анықтау.

Қажетті құралдар мен жабдықтар: суы бар стақан, сызғыш, таразы.

Жұмыстың орындалу реті:

1. Бос стақанның массасын, одан кейін су құйылған стақанның массасын өлшеу.
2. Жоғарыдағы нәтижелерден судың массасын анықтау.
3. Стақанның табанының ауданын есептеу үшін сызғышпен оның диаметрін өлшеу.
4. Дөңгелектің ауданының формуласына салып, табанының ауданын есептеу.
5. Стақандағы судың биіктігін сызғышпен есептеу.
6. Судың биіктігі мен стақанның табанының ауданын пайдалана отырып, судың көлемін анықтау.
7. Судың массасы мен көлемінің мәндері арқылы оның тығыздығын анықтау.
8. Өлшеу қателіктерін анықтау.
9. Нәтижені кестедегі мәнмен салыстыру.

Осы тәжірибені орындату барысында оқушыларға әр түрлі сұйықтар (сұйық май, глицерин, тұзды су және т.б.) беруге болады және жалпы нәтижені қорытындылау барысында әр түрлі сұйықтың тығыздығы әр түрлі екеніне көз жеткізуіне көмектеседі. Сонымен қатар кестедегі мәніне сәйкес болуын да қадағалау керек. Оқушы өзі жүргізген шағын зерттеу жұмысында шынымен де нақты нәтиже алғанына көз жеткізу өте маңызды.

Осы фронтальдық эксперименттік тәжірибені «Таразы мен сызғышты пайдаланып стақандағы сұйықтың тығыздығын анықтандар» деген мәтінде эксперименттік есепке айналдыруға болады. Ол кезде оқушылар геометрия пәнінен алған білімдерін қолданады.

Эксперименттік есепте оқушылар алдыңғы тапсырмадағы берілген нұсқауды өздері құрастырады. Ол үшін оқушылар өткен тақырыптарда қарастырылған дененің тығыздығын анықтау жолдарын еске түсіреді. Тығыздықтың анықтамасын еске түсіре отырып, оны анықтауды тәжірибемен байланыстырады. Өлшеу жүргізу барысында мензуркамен көлемді, таразымен дененің массасын өлшейді, көлемді геометрия пәнінен өткен формулалармен есептеп табады. Сондықтан осындай тапсырмаларды орындату арқылы олардың зерттеушілік қабілетін дамытуға, өлшеу құралдарымен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыруға болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Государственная программа развития образования и науки Республики Казахстан на 2016-2019 годы. Астана, 2016 г. <http://psu.kz/images/october2014/gpro.pdf>
2. Кропотова Л.А. Проектирование и анализ современного урока – Учебно- методическое издание. – Новокузнецк: Изд.ИПК, 2001 Межпредметные связи дисциплин естественно-математического цикла: Под ред. В.Н.Фёдоровой. – М.: Просвещение, 1980.
3. Программа повышения квалификации учителей. – Второе издание. – Центр педагогического мастерства АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», 2015
4. Разумовский В.Г. Физика в школе. Научный метод познания и обучения /В.Г.Разумовский, В.В.Майер.-М.: Гуманитар.изд.центр ВЛАДОС, 2007.
5. http://uchitel-fiziki.ucoz.ru/index/vneklassnaja_rabota

Аннотация: С помощью фронтальных экспериментальных заданий учащихся формируется навыки с измерительными приборами и развивается исследовательские способности. В данной статье рассматривается о важности решение экспериментальных задач и фронтальных задании по физике в рамке обновленного образования.

Учитывая эффективность выполнения фронтальных экспериментальных заданий, под руководством учителя, предлагаются наиболее подходящие. Также в статье приводятся фронтально-экспериментальные задания, развивающие исследовательские навыки учащихся.

Особенно те задания, ориентированные на навыки и умения выполнять измерения и опыты. Выполнение фундаментальных экспериментальных заданий по физическому воспитанию должно быть запланировано на 5-15 минут. При изучении нового класса экспериментальных заданий домашнее задание определяется педагогическим мастерством учителя, открытием темы и возрастом учеников. Поэтому систематически выполнение на уроках физики фронтально-экспериментальных заданий является основой качественного образования.

Abstract: With the help of the front-end experimental tasks of students, skills with measuring instruments are developed and research abilities are developed. This article discusses the importance of solving experimental problems and front-line tasks in physics within the framework of an up education.

Given the effectiveness of the implementation of the frontal experimental tasks, under the guidance of a teacher, the most appropriate are proposed. The article also presents the front-experimental tasks that develop students' research skills.

Especially those tasks focused on the skills and abilities to perform measurements and experiments. The implementation of the fundamental experimental tasks on physical education should be scheduled for 5-15 minutes. When studying a new class of experimental assignments, the homework is determined by the pedagogical skill of the teacher, the discovery of the topic, and the age of the students. Therefore, systematically performing the lessons of physics front-experimental tasks is the basis of quality education.

ОӘЖ 37.014.68: /313/

Алметов Н.Ш., Смаханов Т.С.

п.ғ.д., доцент М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент қ., Қазақстан
«Педагогика және психология» мамандығының 1-курс магистранты
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент қ., Қазақстан

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ КОНТЕКСТІ

Түйін: Мақалада рухани жаңғыру бағдарламасы жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдердің педагогикалық ойлауын қалыптастыру мәселесі қарастырылған. Қазіргі қазақстандық қоғамдағы рухани жаңғыру үрдістерінің педагог санасына әсері, дер кезінде педагогтар санасын жаңғыртудың қоғамдағы рухани жаңғыру үдерістері ықпалына назар аударылған. Жоғары оқу орындарындағы педагогикалық мамандықтар студенттерінің педагогикалық ойлауын қалыптастырудың формалары, әдістері мен тәсілдері анықталған. Болашақ мұғалімдердің педагогикалық ойлауын рухани жаңғыру міндеттері аясында қалыптастырудың психологиялық - педагогикалық шарттары айқындалған.

Кілттік сөздер: болашақ мұғалім, педагогикалық ойлау, рухани жаңғыру, қалыптастыру, педагогтардың жаңыртылған санасы, жоғары оқу орындары, оқу-тәрбие үрдісі.

Қазіргі Қазақстандағы Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында анықталған қоғамдық сананы жаңғырту үдерістері жас ұрпақ тәрбиесімен тікелей шұғылданатын білім саласы қызметкерлерінің педагогикалық ойлауын дамытудың өзектілігін арттырады.

Қазіргі мұғалім педагогикалық іс-әрекетінің мазмұны мен сипаты үздіксіз өзгерістерге толы. Мектеп педагогы бастамашылдық, жауапкершілік, өзіндік кәсіби білімдері мен икемділіктерін ұдайы жаңғыртатын, жаңашыл, инновациялық шешімдерді батыл қабылдап, оларды оқу-тәрбие үдерісінде тиімді енгізуге даяр болуы тиіс[1].

Педагогикалық сана педагогтың ойлауында көрініс табады. Мұғалімнің педагогикалық ойлауы педагогикалық іс-әрекеттің танымдық-функционалдық құрамдасы. Педагогикалық ойлау арнаулы оқу-тәрбие міндеттерін шешуге бағытталған.

Мұғалімнің педагогикалық ойлауы дегеніміз – бұл педагогикалық идеялар іздеу және табу, яғни оқу-тәрбие үдерісін өзгерту, жақсарту үдерісі. Педагог танымының нысаны - педагогикалық шындық, ол дер кезінде педагогикалық үдерістің мазмұны, формалары мен әдістері, педагогикалық жағдаяттар және құбылыстарды кірістіреді. Педагогикалық шындық оқушылар тұлғасы мен тәрбиелеуші ұжымды да кірістіреді.

Е.К.Осипованың пайымдауынша, педагогикалық ойлау педагогикалық міндеттерді шешу үдерісі түрінде тіршілік етеді. Мұғалім күнделікті педагогикалық іс-әрекет барысында көптеген ірі немесе кіші педагогикалық міндеттерді шешеді. Педагогикалық әдебиеттерде педагогикалық ойлаудың бірнеше сапалары ажыратып көрсетіледі, олар – көп функционалдық, иерархиялылық, эвристикалылық, көптеген құрамдас бөліктерді қамтуы [2].

Автор мұғалім ойлауын дамытудың бірнеше жолдарын анықталғандығын атап көрсетеді, мысалы :

- функциональды-операциональдық (студенттерге болашақ кәсіби-педагогикалық қызметтің негізгі құрамдас бөліктеріне сәйкес бөлектенген жеке педагогикалық міндеттер ұсынылады). Мысалы, кәсіби-педагогикалық іс-әрекеттің гностикалық, конструктивтік, ұйымдастырушылық, коммуникативтік, жобалаушы құрамдас бөліктеріне сай педагогикалық міндеттерді шешу ұсынылуы мүмкін);

- конструктивті-әдістемелік (болашақ мұғалімдер нақты әдістемелік мәселелерді шешеді, мысалы математиканы оқыту әдістемесі бойынша педагогикалық міндеттерді шешуі мүмкін, мұнда студенттердің әдістемелік ойлауы қалыптасады);

- мәселелік- әдістемелік (студенттер оқу-тәрбие жұмысында пайда болатын үлігілік сұрақтарға жауап іздейді, тәжірибелік іс-әрекеттің нақты жағдайлары үшін шешімдерді шығармашылық әзірлеу қабілеттерін дамытады).

Сондай-ақ, ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде болашақ мұғалімдердің педагогикалық ойлауын дамытудың мынадай тәсілдері тиімді деп есептелінеді:

- педагогикалық жағдаяттарды модельдеу;
- конструктивтік міндеттерді шешу;
- педагогикалық ойындар өткізу [3].

Педагог шешетін негізгі міндеттер – бұл идеялық-адамгершілік, еңбек, эстетикалық, дене тәрбиесі т.б. тәрбие бағыттары мен міндеттерін шешу. Бұл міндеттердің әрбірі жеке міндеттерден тұрады. Мысалы, идеялық-адамгершілікке тәрбиелеу - оқушылардың қоғамдық санасын қалыптастыру, мінез-құлық пен іс-әрекетті қалыптастыру және ынталандыру міндеттерінен тұрады. Бұл міндеттердің өзі оқушыларда адамгершілік білімдер мен түсініктер, көзқарастар, сенімдер мен идеалдарды, мінез-құлық таптауырындары мен әдеттерді қалыптастыру міндеттерін қамтиды.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында педагог санасын жаңғырту бірінші кезекте жаңа педагогикалық ойлауды қалыптастыруды көздейді. Сондықтан, ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді теориялық талдау негізінде «жаңа педагогикалық ойлаудың» ерекше сипаттарын айқындауға әрекет жасаймыз.

ТМД елдерінде әйгілі ресейлік педагог-ғалымдар Н.Д.Никандров мен В.А.Сластениннің [4;5] еңбектеріне сүйене отырып, жаңаша педагогикалық ойлаудың өзіндік ерекшеліктерін сипаттау мүмкін. Жаңа педагогикалық ойлау қарама-

қайшылықтар нәтижесінде пайда болады: Ескірген, әдетке айналған, педагогикалық шындықтың бұрынғы жағдайларында қалыптасқан педагогикалық ойлардың жаңа жағдайларға және қоғамның жаңа талаптарына сәйкес келмеуі. Мысалы, Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстанның қазіргі қарқынды дамуы, мектепте білім берудің жаңартылған мазмұнына көшу, сөзсіз жаппай және жеке педагогикалық санада қалыптасып қалған ескі түсініктер, құндылықтардың педагогикалық шынайылықтың жаңа талаптарына қайшы келеді. Қалыптасқан ескі таптаурындар (стереотиптер) педагогикалық іс-әрекеттің жаңа, жоғары сапалық деңгейге өтуіне кедергі болады.

Жаңа педагогикалық ойлау шығармашылық, инновациялық ойлардың ескі педагогикалық шындық стандарттарының тосықтарын жеңіп өтуі арқылы қалыптасады. Мұнда педагогтың санасы өз күшін, маңыздылығын жойған, педагогикалық шындық пен тәрбиелік-дидактикалық өзара әрекеттесулерді шырмаған, дамуға бөгет болған пікірлерден арылады. Жаңа педагогикалық ойлау педагогтың және оқушылардың рухани, зияткерлік күштерін азат етеді. Енді педагогтың күші жаңа өзгерістерге сәйкес келетін, негізді, тиімді педагогикалық жүйелерді әзірлеуге, тұғырлар, құрылымдар, әдістер, тетіктер және әдістерді ізденуге жұмсалады.

Мұғалімнің педагогикалық ойлауының ұдайы жаңаруына педагогика ғылымында жаңа теориялық тұжырымдардың пайда болуы және негізделуі, жаңа әдістемелік жүйелердің және технологиялық үдерістердің ашылуы оң әсерін тигізеді. Қазіргі таңда педагогикалық іс-тәжірибені жаңғыртудың негізгі көзі - педагогикалық инновациялар болмақ, ал оның негізінде ғылыми-педагогикалық зерттеулер жататындығы құпия емес.

Рухни жаңғыру міндеттері аясында педагогикалық ойлауды жаңғырту оның алты бағытына сәйкес педагогикалық міндеттерді іске асыруды қажет етеді. Дегенмен, мұның үшін, бірінші кезекте қазіргі таңда жаппай және жеке тұлғалық деңгейде педагогтар санасында қалыптасып қалған, дағдыға айналған мынандай «шаблондардан» арылу қажет:

- оқушы тұлғасы дамуында қоғамдық әсерлердің рөлін көтермелеу, баланың жеке дара табиғи мүмкіндіктерін елемей;
- балалар ұжымының әсерін жоғары қойып тұлғаның дамудағы рөлін мойындамау, немесе өзіндік белсенділікті жоғары бағалап, ұжымдық тәрбиеге жеткілікті мән бермеу;
- педагогикалық басшылықты жоғары сатыға қойып, мұғалім мен оқушының өзара әрекеттесуін жете бааламау;
- сабақты мектепте оқытудың негізгі формасы деп жариялау, оқу үрдісін мұғалім мен оқушылар өзара әрекеттесуінің әртүрлі формалары жүйесінен құрайтындығына жете мән бермеу;
- жеке тұлғаның жан-жақты дамуын таяз түсіну, оны индивидтің барлық мәндік күштерінің қарқынды дамуы ретінде қабылдамау;
- оқушы тұлғасының дамуындағы іс-әрекеттің тұғырдың түпкі мағынасын қате қабылдау, оның тұлғаның іс-әрекет, қарым-қатынас және қатынастарда дамуына назар аудармау;
- тәрбие жұмысына функционалдық қатынас, тұтас тәрбие үрдісін бөліктерге ажыратып жүзеге асыру;
- тәрбие мен оқыту әдістерін тек оқушыларға әсер етудің тәсілдері ретінде қолдану, олардың өзіндік білім алу мен өзін-өзі тәрбиелеу дағдылары мен икемділіктерін қалыптастырудағы өзара әрекеттестік, қатынастар әлеуетін толық пайдаланбау[4;5].

Рухни жаңғыру міндеттері аясында педагогикалық ойлауды қалыптастырудың кейбір бағыттарын нақты мысалдар арқылы көрсетеміз:

Бәсекелестік қабілет бағытында болашақ мұғалімдер болашақта ұлттық білім беру жүйесінің аймақтық және халықаралық нарықта дамуы педагогтардың, мектептің бәсекелік қабілетімен анықталатындығын пайымдауы, білім, педагогикалық қызмет,

педагогикалық шығармашылық өнімдері немесе білімді педагог мамандарға деген қажеттілік өте жоғары болатындығын түсінулеріне, сенулеріне қол жеткізу керек. Сондықтан, жоғары оқу орнында кәсіби-педагогикалық білім беру мазмұнының студенттердің жаңаша педагогикалық ойлауын қалыптастырудағы мүмкіндіктерін кеңейту мәселесі туындайды. Бірінші кезекте, педагогикалық пәндер мазмұны арқылы білім саласындағы аймақтық, халықаралық бәсекелестік, мамандардың сапалы білім мен сапалы білім беру қызметінің мәні, мағынасы, мазмұны туралы білімдер ғана емес, пайымдар, сенімдер, көзқарастарды қалыптастыратын әдістерді қолдану керек. Мысалы, педагогикалық модельдеу, педагогикалық жобалау, кейс-стади, проблемалық мәселелерді шешу, пікірталастар, реал педагогикалық іс-тәжірибе үлгілерін презентациялау және талдау әдістері студенттердің педагогикалық ойлауын қалыптастырудың пәрменді тетіктері болып табылады.

Прагматизм бағытында студенттер перспективалық және ағымдағы «ақылды мақсаттар» қою, мектептің білімдік ресурстарының хал-күйін талдау және синтездеу негізінде оқу-тәрбие үдерісі сапасын арттырудың оқу жобаларын әзірлеуі, нақты педагогикалық жағдаяттарда нақты дидактикалық, тәрбиелік және дамытушылық міндеттерді шешудің алгоритмдерін жасау, мұғалімнің кәсіби тұрғыдан өзін жетілдіруі нұсқаларын дайындау, саламатты өмір салтын ұстану, жалпы кәсіби-педагогикалық қызметті ұйымдастыру мен жүзеге асыруда барлық ресурстарды ұтымды пайдалану бойынша педагогикалық міндеттерді шешуге кірістіріледі.

Сананың ашықтығы бағытында педагогикалық пәндердің кейбір бөлімдері немесе элективті пәндерді ағылшын тілінде өту, басқа жоғары оқу орындары немесе шет елдік құрдастары, профессор-оқытушылар мен онлайн-тәртіпте пікір алмасу, әртүрлі педагогикалық жаңалықтарды оқып-үйрену, оларға өз көзқарастарын білідіру және иновацияларды мектеп практикасына ендірудің схемаларын құруды ұсыну мүмкін. Студенттер педагогикалық жаңалықтарды оң қабылдауға, оларға бейімделуге даяр болуы тиіс.

Қорыта келе, болашақ мұғалімдердің педагогикалық ойлауы педагог санасын қалыптастырудың жалпы теориялық-әдіснамалық ережелері іргетасында, «Рухани жаңғыру» бағыттары аясында қалыптасуына қол жеткізу қажет. Педагогтар санасындағы дамуға кедергі жасайтын «шаблондардан» арылу, педагогикалық шындықты тануға, оң жағына өзгертуге деген талпынысты мотивациялау бүгінгі таңда студент, ал ертең мұғалім болып қызмет атқаратын тұлғаның педагогикалық ойлауын қалыптастырудың басымдық бағыты болады, деп есептейміз.

Әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан, 2017, 12 сәуір.
2. Осипова Е.К. Структура педагогического мышления учителя // Электронный ресурс: <http://vorpsy.ru/issues/1987/875/875144.htm>.
3. Зимняя И.А. Педагогикалық психология, Алматы, 2005.
4. Никандров Н.Д. Россия: ценности общества на рубеже XXI века. М., 1997.
5. Слостенин В.А., Подымова Л.С. Педагогика: инновационная деятельность. М.: ВЛАДОС, 1997.

Аннотация: В статье рассматривается проблем формирования педагогического мышления будущего учителя в вузе в контексте реализации программы духовной модернизации общества. Акцентируется внимание на влияние процессов духовной модернизации на сознание педагогов, в то же время воздействие педагогического сознания на ускорение процессов формирования общественного сознания. Раскрываются формы, методы и приемы формирования педагогического сознания студентов педагогических

специальностей вуза. Определены психолого-педагогические условия формирования педагогического сознания будущих учителей через призму задач духовной модернизации общества.

Abstract: The article deals with the problems of the formation of the pedagogical thinking of the future teacher in the university in the context of the implementation of the program of spiritual modernization of society. Attention is focused on the influence of the processes of spiritual modernization on the consciousness of teachers, at the same time the influence of the pedagogical consciousness on the acceleration of the processes of the formation of social consciousness. The forms, methods and techniques of the formation of the pedagogical consciousness of students of pedagogical specialties of the university are revealed. The psychological and pedagogical conditions of the formation of the pedagogical consciousness of future teachers are defined through the prism of the tasks of the spiritual modernization of society.

ӘОЖ: 12.14.7

Алимбаева Қ.Т.¹, Қозыбақова С.А.², Раджапова А.П.¹

¹қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы, Шымкент Жоғары педагогикалық колледжі, Шымкент, Қазақстан

²аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

¹2-курс студенті, ОҚМПУ, Шымкент, Қазақстан

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ: ТӨЛ ТАРИХҚА ҚҰРМЕТ ЖӘНЕ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Түйін: Ұлттық жаңғырудың түпкі мақсаты – ұлттық бірегейлікті сақтап, ел ішінде бейбітшілік пен келісім үйлесе отырып, ұлттық береке, бірлік салтанат құрған бәсекеге қабілетті, табысты ел болу. «Сонымен бірге, жаңғыру ұғымының өзі мейлінше көнерген, жаһандық әлеммен қабыспайтын кейбір дағдылар мен әдеттерден арылу дегенді білдіреді», - дейді Елбасы. Сондықтан рухани жаңғыру үдерісін дер кезінде қабылданған оң шешім деп танымыз. Осы рухани жаңғырудың жүзеге асырылуын біз және сіз болып, «Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып» бірлікте орындауымыз аса қажет. Бәсекеге қабілетті, әлемдік деңгейде танылған әрі дамыған рухани кемел ел болу – Елбасының асыл арманы. Ендеше, мемлекет басшысының жастарға соны серпін, тың бастама ұсынуы келешекке қамданудың әрекеті деп түсінеміз.

Ел Президенті аталмыш тұғырнамасында білім, ғылымға ерекше басымдық беріп отыр. «Терең білім – тәуелсіздігіміздің тірегі», – деген Н.Ә.Назарбаев «Мәңгілік ел» болуға қадам басқан тәуелсіз Қазақстанның ендігі жаһандану алдында ұлт ретінде жойылып кетпеуі үшін ұлттық кодын сақтаған, терең білімді, бәсекеге қабілетті, ұлттық құндылықтарын бойына сіңірген ақыл-ойы кемел тұлға болуына маңыз береді.

Кілттік сөздер: ұлт, жаңғыру, мәңгілік ел, тарих, құндылық, тарихи сана

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы Ұлы қазақ даласын мекендеген ұлттың жарқын болашағына жолдама тәрізді. Кеңістік пен уақытқа терең үңілген ел Президентінің Ұлы даланың жеті қыры деп атап көрсеткен атқа міну мәдениеті, ежелгі металлургия, аң стилі, алтын адам, түркі мәдениеті, Ұлы Жібек жолы, алма мен қызғалдақтың әрқайсысына берген сипаттамасы мағыналы, мазмұнды. Тарихқа құрмет көрсету болашаққа даңғыл жол ашатыны – сөзсіз. Бұған

ешкімнің таласы жоқ шығар, сірә. Ал тарихи сананы жаңғырту – тарихқа құрмет көрсету деген сөз.

«Дала фольклорының антологиясын жасау керек», - делінген мақалада. Бұл дегеніміз, ертегі, аңыз-әфсаналарды, қиссаларды жинақтау. Ал тарихи сананы жаңғыртудың, рухани жаңғырудың да басы – осы! Тіпті олардың электронды нұсқаларын ұсыну туралы да айтылады. Міне, керемет!

Елбасы атқа міну мәдениеті туралы философиялық ой қозғайды. Бабалар рухына тағзым ету – болар ұрпақтың белгісі. Бұл тұрғыда дәл осы мақала үлкен нәтижеге алып баратынына сенімдіміз.

Елге жолдаған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы да ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсететін келелі ой, салиқалы пікір, батыл шешімдерге құрылған маңызды құжат. Бұл мақалада сананы жаңғырту, ұлттық болмыстан, ұлттық кодтан айырылып қалмай, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, Қазақстанның игілігіне жарату жолындағы мақсат-мүдделер туралы өзекті мәселе көтеріліп отыр. Онда ел Президенті Қазақстан үшін қайта түлеудің айырықша маңызды екі үдерісі – саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға ала отырып, Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынын және бұқаралық сананы қалай өзгертетіні жөнінде алысты болжайтын көзқарастарымен бөліседі. Ал «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы осының жалғасы секілді.

Елбасы аталмыш жаңғырудың негізгі қызметі мен ерекшеліктеріне ой жүгіртіп, бұл жаңғырудың маңыздылығына тоқталады: «Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды». Саяси, экономикалық реформаларда егеменді еліміз бірқатар жақсы нәтижелерге қол жеткізгені баршаға мәлім. Ол адами құндылықтар, рухани қазына, жастарды тәрбиелеу, олардың бойына патриоттық рухты сіңіре білу жұмысында рухани салаға басымдық берудің қажеттілігін алға қойып отыр. Бұл дегеніміз – ұлтымыздың барлық ұлттық салт-дәстүрлерін, мемлекеттік тіліміз бен әдебиетімізді, мәдениетімізді, ұлттық рухымызды жаңғырту деген асыл ұғымға келіп саяды. Елбасымыздың рухани жаңғыруға, руханиятқа, білім, ғылымға маңыз беруі – үлкен көрегендік пен ұлттың алға ілгерлеуін жылдам қарқынмен жылжытатын қозғаушы күш. Бұл – тәуелсіз еліміздің бақытты болашағы мен алаңсыз келешегі үшін жасалып жатқан жұмыс. Өйткені, рухани байлықтың кемел болғаны бұл жеке азаматтарымыз үшін де, әрбір жеке тұлғадан құралған қоғам, туған еліміз үшін де өте маңызды үдеріс.

Н.Ә.Назарбаев бұл ретте, тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бірнеше бағытына жеке-жеке тоқталады. «Сананы жаңғыртудың» мазмұнын негіздей отырып, Президент жаңғырудың алты бағытын белгілейді:

1. Бәсекеге қабілеттілік; 2. Прагматизм; 3. Ұлттық бірегейлікті сақтау; 4. Білімнің салтанат құруы; 5. Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы; 6. Сананың ашықтығы.

Аталмыш бағыттардың бәрі барынша өзектендірілген және уақыттың талаптарына нақты жауап береді. «Мәңгілік ел» болуымыз үшін бізге ауадай қажетті қасиеттер мен құндылықтардың қайнары тоғысып, ақыл-парасаты толысқан, ғаламдық ғылымды игерген адамдар көп болса, еліміз өркениетті, бәсекеге қабілетті болатыны ақиқат. «Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады... Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті

алғышарттардың санатында. Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар – ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы», – деп ашып көрсетеді. Бәсекеге қабілеттілік саясат пен экономикада, білім, ғылымда, технологияда, яғни барлық салада болуы тиіс. Бәсеке болған жерде әрбір тұлға өзінің ең сапалы қызмет түрін ұсынады. Білім мен тәрбиесі ғажайып түрде үндескен, ұлттық идеологиясы темірқазығына айналған табысты ел болуымыз үшін жақсылыққа ұмтылып, жаманшылықтан арылып, саналы түрде барлық қасиеттерімізді ізгілендіріп, сананы рухани жағынан үнемі жетілдіріп, дамытып отыруға тиістіміз.

Ұлттық жаңғырудың түпкі мақсаты – ұлттық бірегейлікті сақтап, ел ішінде бейбітшілік пен келісім үйлесе отырып, ұлттық береке, бірлік салтанат құрған бәсекеге қабілетті, табысты ел болу. «Сонымен бірге, жаңғыру ұғымының өзі мейлінше көнерген, жаһандық әлеммен қабыспайтын кейбір дағдылар мен әдеттерден арылу дегенді білдіреді», - дейді Елбасы. Сондықтан рухани жаңғыру үдерісін дер кезінде қабылданған оң шешім деп танымыз. Осы рухани жаңғырудың жүзеге асырылуын біз және сіз болып, «Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып» бірлікте орындауымыз аса қажет. Бәсекеге қабілетті, әлемдік деңгейде танылған әрі дамыған рухани кемел ел болу – Елбасының асыл арманы. Ендеше, мемлекет басшысының жастарға соны серпін, тың бастама ұсынуы келешекке қамданудың әрекеті деп түсінеміз.

Ел Президенті аталмыш тұғырнамасында білім, ғылымға ерекше басымдық беріп отыр. «Терең білім – тәуелсіздігіміздің тірегі», – деген Н.Ә.Назарбаев «Мәңгілік ел» болуға қадам басқан тәуелсіз Қазақстанның ендігі жаһандану алдында ұлт ретінде жойылып кетпеуі үшін ұлттық кодын сақтаған, терең білімді, бәсекеге қабілетті, ұлттық құндылықтарын бойына сіңірген ақыл-ойы кемел тұлға болуына маңыз береді. Осы бағдарда ол бабалар ұлағатымен астасып жатқан зерделі ойы мен парасатты пайымын білдіреді: «Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу – біздің қанымызда бар қасиет. Тәуелсіздік жылдарында қыруар жұмыс жасалды. Біз он мыңдаған жасты әлемнің маңдайалды университеттерінде оқытып, дайындадық. Бұл жұмыс өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басында қолға алынған «Болашақ» бағдарламасынан басталды. Елімізде өте жоғары деңгейдегі бірқатар университеттер ашылды, зияткерлік мектептер жүйесі қалыптасты. Басқа да көптеген іс тындырылды. Дегенмен, білімнің салтанаты жалпыға ортақ болуға тиіс. Оның айқын да, бұлтартпас себептері бар». Осылайша мақалада айтылған әрбір ойдың астарында терең мазмұн мен зерделі пікір жатыр.

Ал идеология мәселесіне келер болсақ, кестелі сөз, кесек ойлары көрініс тапқан ой-толғауында Президент елес идеологияларға ермей, заманға сай амал етуге үндейді: «Өкінішке қарай, тарихта тұтас ұлттардың ешқашан орындалмайтын елес идеологияларға шырмалып, ақыры су түбіне кеткені туралы мысалдар аз емес. Өткен ғасырдың басты үш идеологиясы – коммунизм, фашизм және либерализм біздің көз алдымызда күйреді. Бүгінде радикалды идеологиялар ғасыры келмесе кетті. Енді айқын, түсінікті және болашаққа жіті көз тіккен бағдарлар керек. Адамның да, тұтас ұлттың да нақты мақсатқа жетуін көздейтін осындай бағдарлар ғана дамудың көгіне темірқазық бола алады. Ең бастысы, олар елдің мүмкіндіктері мен шама-шарқын мұқият ескеруге тиіс». Мақалада көтерілген идеологиялар туралы кесек ой да ел басқару жүйесін жаңа өзгерістер биігіне бастары айқын. Дәл осындай тәуелсіз Қазақстанды өркениет көшінің алдыңғы легіне апаратын жаңа бастамалар қашанда көпшіліктің қолдауына мен ықыласына бөленеді.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында тарихтың өткеніне көз жүгіртіп, жаңа тарихи кезеңдерге жан-жақты баға бере отырып, рухани жаңғыру арқылы болашаққа деген өзінің парасатты пікірлері мен көзқарасын білдірді. «Екі дәуір түйіскен өліара шақта Қазақстанға түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар арқылы болашағын баянды ете түсудің теңдессіз тарихи мүмкіндігі

беріліп отыр... Мен барша қазақстандықтар, әсіресе, жас ұрпақ жаңғыру жөніндегі осынау ұсыныстардың маңызын терең түсінеді деп сенемін. Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы», -деп ел келешегіне үміт артады.

Қорыта айтқанда, көрегендік пен ұзақ жылғы тәжірибе, ерен еңбектің нәтижесінде Елбасы халқымен бірге дамудың сатыларымен жоғары шығып келеді. Бұл әлемнің де назарын аудартып отырғаны бәріне белгілі. Ендеше, халқын сүйген, халқы сүйген Президентке даму жолында толағай табыстар тілейміз!

Әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н. Болашаққа бағдар рухани жаңғыру. Егемен Қазақстан газеті. 12 сәуір, 2017,
2. Назарбаев Н. Ұлы Даланың жеті қыры. Егемен Қазақстан. №223, 21-ші қараша, 2018ж.
3. Нұрмағамбетова Ә.М. Ақпараттық-коммуникативтік технологияны оқу үрдісінде пайдалану // Педагогикалық альманах, Алматы, 2010. №3-4.Б. 63-64.

Аннотация: Данная статья о Послании Президента «Рухани жаңғыру» и о важности сохранения национальных основ с обязательным приобщением при этом к мировой культуре, достижениям мировой науки. Конечная цель Национального Возрождения - стать конкурентоспособной и успешной страной, которая поддерживает национальную идентичность, единство и солидарность, поддерживает национальную идентичность и способствует миру и согласию в стране. «В то же время, концепция модернизации означает устранение некоторых способностей и привычек, которые являются более высокомерными и несбалансированными с глобальным миром», - сказал президент. Поэтому мы признаем, что процесс духовного примирения является своевременным решением. Чрезвычайно важно, чтобы мы осуществляли это духовное возрождение так же, как вы и вы, «чтобы преодолеть одну сторону и обратиться к другой». Конкурентная, всемирно известная и развитая духовная страна - благородная мечта Президента.

Abstract: This article is about the Message of the President “Ruhani zangyru” and about the importance of preserving the national foundations with the obligatory familiarization with world culture and the achievements of world science. The ultimate goal of the National Revival is to become a competitive and successful country that supports national identity, unity and solidarity, supports national identity and promotes peace and harmony in the country. “At the same time, the concept of modernization means the elimination of some abilities and habits that are more arrogant and unbalanced with the global world,” said the president. Therefore, we recognize that the process of spiritual reconciliation is a timely decision. It is extremely important that we carry out this spiritual rebirth in the same way as you and you, "in order to overcome one side and turn to the other." A competitive, world-famous and developed spiritual country is the noble dream of the President.

ӘОЖ 785.1.578

Балабеков Е.О., Кәдіш А.

п.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

ХАЛЫҚ АСПАПТАРЫ ОРКЕСТРЛЕРІ МЕН АНСАМБЛЬДЕРІНЕ РЕПЕРТУАР ТАҢДАУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Түйін: Мақалада қазақ халық аспаптары оркестрлері мен ансамбльдеріне репертуар таңдаудың мәселелері қарастырылған. Репертуар оркестр ұжымының орындаушылық шеберлігін дамытатын, халықтың рухани құндылықтарын, оның ішінде музыкалық өнерін

терең түсініп, оның эстетикалық маңызын бағалай алатын музыкант – орындаушылар тәрбиелеуге өз ықпалын тигізетін басты факторлардың бірі болып танылады. Сонымен қатар жақсы таңдалған репертуар оркестр музыканттарын әлемдік музыкалық классиканың және заманауи композиторлардың шығармаларының үздік үлгілерімен танысуына, үйреніп, орындауына мүмкіндік жасайды. Сондықтан оркестрлер мен ансамбльдерге репертуар таңдау ісіне аса ұқыптылықпен, байыппен қарау керек.

Мақала туындыгерлері оқулық репертуар мен көркеми – шығармашылық репертуарды дұрыс таңдаудың маңыздылығына көп мән берген. Олардың әрқайсысына жеке тоқтала отырып, олардың орындаушылық шеберлік арттыруда, ұлттық рухани мәдени құндылықтарға дұрыс көзқарасын қалыптастыруда алатын орнын, маңызын анықтап көрсеткен.

Кілттік сөздер; халық музыкасы, музыкалық аспаптар, аспаптық музыка өнері, музыкалық эксперименталдық шеберхана, халық әндері, күйшілік өнер, оркестрлік орындаушылық, орындаушылық шеберлік, концерттік репертуар, дирижер, аспаптардың өзара үндестігі.

Репертуар оркестр ұжымының әрбір мүшесінің музыкалық талғамының дамуына, музыкалық шығарманы түсініп, оның мазмұны мен мағынасына терең бойлай орындауына маңызды әсерін тигізеді. Ол, сонымен қатар, оркестрде ойнайтын жас орындаушылардың бойында әсемдікті сезіну, қоршаған ортадағы болмысқа түсінушілікпен қарап, оның заңдылықтарын саралау, таңдай білу сияқты қасиеттерді қалыптастырады. Оркестр мүшелерінің бойында осындай сезімталдық пен байқағыштықты тәрбиелеу көркемдік дәрежесі жоғары, әртүрлі сипаттағы (лирикалық, патриоттық, жылдам екпіндегі, көңілді немесе екпіні жәй, ұстамды) музыкалық шығармаларды репертуарға енгізу арқылы іске асады.

Оркестр орындаушылық шеберлікті артыру барысында атқаратын қызметінің сипатына байланысты репертуарды екі түрге бөліп қарауға болады:

- оқулық (педагогикалық) репертуар;
- көркем – шығармашылық (концерттік) репертуар.

Оқулық (педагогикалық) репертуар – жас музыканттардың ойнау шеберлігінің техникалық тұрғыдан өсіп – жетілуін, дамуын қамтамасыз етуге бағытталған репертуар. Әртүрлі тональносттағы гаммалар мен арпеджиолар, жаттығулар мен этюдтер, музыкалық шығармалардың жеңілдетіліп, арнайы ыңғайластырылған үзінділерін т.б. шығармаларды ойнау арқылы жас орындаушы – оркестрант өзінің техникалық мүмкіндігін (жылдамдық, дұрыс аппликатура, қағыстар мен қиын штрихтар) жетілдіреді. Сол қолдың музыкалық аспап мойнында еркін қимылдап, дұрыс аппликатураны қолданып ойнауға дағдыландырылуы мен оң қолдың әр музыкалық аспапқа тән қағыстары мен штрихтарын дұрыс ойнап үйрену осы оқулық (педагогикалық) репертуарды дұрыс таңдап, меңгеру арқылы іске асырылады. Бұл жұмыста оркестр жетекшісі әр оркестранттың ойнау мүмкіндігін, қабілетін есепке ала отырып, оқулық тапсырманы лайықтап бергені дұрыс. Кейбір жаттығулар мен этюдтер алдағы уақытта ойналатын шығармаға байланысты, оның ноталық текстінде кездесетін ойнауға қиын тұстарын тез меңгерту мақсатында ұсынылады. Оркестр жетекшісі әрбір берілген тапсырманы (гамма, арпеджио, жаттығу, этюд) оркестр мүшесінің міндетті түрде дұрыс үйреніп, жақсы орындауын қадағалап отыруы керек. Ол – оркестранттың жауапкершілігін арттырумен қатар, орындалатын шығарманың мазмұнын түсініп, шығармашылықпен ойнауға үйретеді.

Көркем – шығармашылық (концерттік) репертуар – көркемдік – идеалық дәрежесі жоғары, орындаушыдан үлкен шеберлікті талап ететін, концерттер мен конкурстарда ойнауға арналған репертуар. Көркем - шығармашылық (концерттік) репертуарды меңгеру арқылы оркестр ұжымы мүшелерінің орындаушылық шеберлігі шындалады, музыкалық

өнердің әр түрлі жанрларымен, стильдерімен, орындаушылық мектептерімен танысады, музыкалық – теориялық білімі тереңдеп, оркестрлік – ұжымдық орындаудың ерекшеліктерін байқайды, ұлттық музыка өнерінің эстетикасын меңгереді, оркестранттар арасында ұжымдық ішкі түсінушілік қарым – қатынас қалыптасады және оркестр мүшелерінің белсенділігі артады. Сондықтан, оркестр ұжымының орындауына бағытталған әрбір шығарманың жоғары идеялық мазмұны мен тәрбиелік мәні болуы репертуар таңдау ісінің ең басты қағидасы болып есептеледі.

Репертуар оркестр мүшелерінің шығармашылық өсуін, идеялық – эстетикалық тәрбие алуының басты құралы болып табылады. Оркестр репертуарын қалыптастыру ісінде, ұжым жетекшісі мына төмендегі қағидаларды басшылыққа алып отырғаны жөн болады:

- музыкалық шығарманың көркемдік құндылығы, идеялық эстетикалық мазмұны терең болуы керек;
- музыкалық шығарма күрделілігі жағынан оркестр ұжымының орындаушылық мүмкіндігіне сай болуы шарт;
- музыкалық шығарманың оркестр ұжымы мүшелерінің көңілінен шығуы, оларға тақырыптық, әуендік жағынан ұнауы міндетті.

Оркестр репертуарына алынған шығарманың көркемдік құндылығы, әлеуметтік мәні мен оркестр ұжымына алып келетін өзіндік жаңалығы болуы шарт. Тыңдаушының заманауи талғамына жауап бере алатын, бүгінгі күн тақырыбын шынайы суреттейтін шығармаларды көрермен әрдайым жақсы қарсы алып, сүйіп тыңдайды.

Оқу процессінің алғашқы кезеңінде педагогикалық репертуар ретінде мелодиясы ұғымды, өте жылдам емес, жеңілдетіліп оркестрге түсірілген халық әндері мен күйлерін, немесе қазіргі заман композиторларының көп тараған әндері мен күйлерін таңдаған дұрыс болады.

Мұндай шығармалар жас оркестранттардың ойнауына техникалық жағынан қиындық туғызбайды және қызығушылығын арттырады. Оқулық репертуар, әдетте, оркестр ұжымының алғашқы ұйымдасу кезеңінде, музыкалық аспапта ойнауды меңгеру, ұжымдық ойнаудың негізін түсіну, музыканттар мен дирижер арасындағы байланысты қалыптастыру үшін қолданылады. Одан кейінгі кезеңдегі оқу – тәрбие жұмыстарында концерттік репертуарға лайық музыкалық шығармалар беріле бастайды. Бұл айтқанымыздан «оқулық репертуар тек кластағы репетиция кезінде ойналып, кейін қалып қояды екен» деген ұғым тұмауға тиісті. Оқулық репетициялар кезінде үйренген шығармалардың көркемдік құны бар, бірқатарын концерттік бағдарламаға қосып, сахнаға алып шығуға болады. Орындаушылық шеберлігі белгілі дәрежеде дамыған оркестрлер үшін бұл шаралар тек алғашқы кезеңде қолданылып, соңынан көркемдік идеялық мазмұны жоғары, концерттерде ойнауға арналған шығармалар пайдаланылады.

Итак, в дальнейших исследованиях нами будут рассматриваться особенности формирования религиозно-духовного сознания современной молодежи в контексте мусульманских культовых сооружений и учреждений, когда будет установлена сущностная характеристика религиозно-духовного сознания современной молодежи, состоящая в том, что она развивается в тесном контакте с этнокультурными особенностями (верованиям, обычаями и традициями, мировоззренческими установками), внося свой социокультурный вклад в казахстанскую цивилизацию, выявлены региональные особенности мусульманских культовых сооружений Южного Казахстана, сформировавшегося в ходе адаптации классического или нормативного ислама к этническим культурам народов, социокультурные составляющие казахстанской модернизации, сопряженные с социально-экономическими, политико-идеологическими, правовыми и духовно-культурными переменами, отразившимися на религиозно-духовном сознании современной молодежи Южного Казахстана, что придало ей возрожденческий характер.

В ходе модернизационного воздействия религиозно-духовное сознание современной молодежи, его региональные формы бытования, а также материальные и духовные ценности мусульманской культуры претерпевают заметные трансформации, придающие ей обновленную форму, выявлен противоречивый характер религиозно-духовного возрождения в Южном Казахстане в ходе активизации радикальных и экстремистских проявлений, сопровождавшихся исламскими лозунгами, а также неприятием традиционным исламом данных духовно-культурных установок.

Известно, что мусульманские культовые сооружения играют значительную роль в социокультурной стабилизации Южного Казахстана, что проявляется в деятельности традиционного мусульманского духовенства, созидательной и культуротворческой деятельностью казахстанских мусульман, отстаивающих общеказахстанские цивилизационные ценности, противодействуя радикалистско-экстремистским проявлениям.

В перспективе необходимо комплексное изучение мусульманских культовых сооружений и учреждений Южно-Казахстанской области на основе письменных, архивно-документальных, этнографических, устных источников, социологических анализов и раскрыть их влияние на формирование религиозно-духовного сознания современной молодежи.

В международном масштабе данное направление работы будет способствовать повышению престижа современной молодежи на мировой сцене как креативных личностей, задающих уникальные параметры жизнедеятельности.

Литература

1. Назарбаев Н. Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания: Статья Президента Казахстана от 12 апреля 2017 года http://online.zakon.kz/Document/?doc_id

2. Сведения о количестве религиозных объединений, малочисленных религиозных групп и культовых сооружений в Республике Казахстан в разрезе областей и конфессий по состоянию на 1 января 2011 года // kdr.gov.kz
3. Джалилов З.Г. Ислам и общество в современном Казахстане. - Алматы, 2006; Религиозная ситуация в Казахстане// Панорама. - 2003.- 16 мая// www . freeas. Org.
4. Нысанбаев А.Н. Религия в политике и культуре современного Казахстана. - Астана, 2004. - С.289-308; Религия в политике и культуре современного Казахстана. - Астана, 2004. - С.289-308.
5. Муканова Н.А., Карабаева М.С. Практическое пособие по вопросам религиозности молодежи. – Астана: ТОО «Агроиздат», 2008. – 208 с.
6. Курганская В.Д., Дунаев В.Ю., Косиченко А.Г., Подопригора Р.А., Садовская Е.Ю., Чупрынина И.Ю. Научно-исследовательский отчет «Влияние религиозных организаций на молодежь в Казахстане». – Алматы: Центр гуманитарных исследований, 2003. – 158 с.
7. Отчет о результатах социологического исследования «Уровень религиозной толерантности среди казахстанской молодежи (город и село)». – Астана: Международный центр культур и религий, 2009.
8. Нурмамбетова Ж.Н., Толгамбаева Д.Т., Камарова Р.И., Сандыбаева У.М., Сайлаубекқызы А., Шаповал Ю.В. Научно-исследовательский отчет «Молодежь и нетрадиционные конфессии в Казахстане». – Астана, 2009.
9. Юдин В.В. Религиозность молодёжи // Социально-гуманитарные знания, 2006, № 6, С. 3.
10. Телебаев Г.Т. Особенности религиозной идентификации современной казахстанской молодежи // Проблемы религиозной идентификации в контексте национальной безопасности: Материалы международной конференции, посвященной 75-летию КазНУ имени аль-Фараби. – Алматы: Қазақ университеті, 2008Гараджа В.И. Социология религии. - М.: Аспект Пресс, 1996.
11. Косиченко А.Г. Казахстанская модель межконфессионального согласия// Н.А.Назарбаев - основоположник казахстанской модели межэтнического и межконфессионального согласия/ Сост.: А.Н. Нысанбаев, А.Г. Косиченко. - Алматы, 2010. -С. 266-284.
12. Мустафина Р.М. Мечети и медресе в Западном и Восточном Казахстане (конец 1990-х - начало 2000-х годов)//Вестник КазНУ. Серия востоковедения. - 2012. - №1 (58).
13. Бекназаров Р.А. Культовые сооружения – мечети Северного Приаралья XIX – начала XX вв.: историко-этнографическое исследование <http://e-history.kz/ru/contents/view/>
14. Кулакова Б.Э. Мусульманская духовная культура: Символические коды повседневности): Автореферат дис. ... кандидата философских наук. - Ростов-на-Дону, 2010.

Түйін: Мақала жастардың діни-ғибадат орындары мен мекемелеріне бару нәтижесінде тәрбие алуы, саналарына ислам дәстүрлерін қабылдауы мен оның өркениетті сипатын насихаттаушылығын қалыптастыратын құндылықтар мен дәстүрлерді қалпына келтіру мен өркендету мәселелерін ашады.

Бүгінгі күні Қазақстанда бүкіл мұсылман әлемі секілді мешіттер мен медреселер әлеуметтік-қоғамдық процестерде елеулі роль атқара бастауда. Дәл сол дін арқылы тұрғындардың елеулі бөлігі «Мәңгілік ел» ұлттық идеясының концептуальды ережелері және Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашаққа бағдар: қоғамдық сананы модернизациялау» бағдарламалық мақаласы аясында дәстүрлі құндылықтар мен өнегелік тұрақтылықты жаңғыртуға ұмтылуда.

Мәселе көкейкестілігі интеграциялық процестердің күшейіп, жастар арасында

радикальды күштердің сыртқы ықпалы болу мүмкіндігі жағдайында ұлттық мәдениетті сақтай отырып, ұлттық сананы өзгертуге лайықталған діни-рухани көзқарасты жаңғыртуға келіп тіреледі.

Авторлар қазіргі жастардың қызығушылық межелерін, олардың рухани құндылықтарын әрі мұсылмандық ғибадат орындарын зерттеуде өркениетті тұрғыдан келу маңыздылығын негіздеп, жастар санасын қалыптастыруда олардың рухани маңыздылығын түсінуді анықтаған.

Abstract: This article reveals the problems of restoration and development of values and traditions, education of young people as a result of visits to religious buildings and institutions, forming in the mind the correct perception of the traditions of Islam and promoting its civilizational character.

Today in Kazakhstan, as well as throughout the Muslim world, mosques and madrasas are beginning to play an increasingly prominent role in social processes. It is through religion that a significant part of the population seeks to revive traditional values and moral foundations in the light of the conceptual provisions of the national idea "Mangilik El" and the program article of the President of the Republic of Kazakhstan "Look into the future: modernization of public consciousness".

The prospect of the problem lies in the renewal of religious and spiritual views, suggesting changes in the national consciousness, which can not take place without the preservation of national culture in the context of strengthening integration processes, where there may be manifestations among young people of the external influence of radical forces.

ӘОЖ: 458.76

Таттибекова Д.

«Философия және мәдениеттану» кафедрасының ІІ курс магистранты,
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

БІРЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ – ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰСТАНЫМЫ

Түйін: Мақалада Тәуелсіз Қазақстан Республикасындағы бірлік пен татулықтың қайнар көзі мен негізі жан-жақты айтылған. Қазақстанда мемлекеттік ұлт саясаты елдегі этноқауымдастықтардың арасында татулық және келісімді нығайтуға бағытталған. Қазақстандық этноәлеуметтік қауымдастықтар бірлігі, қазақ халқының жетекші рөлі негізде мемлекеттегі этникалық топтардың жақындасып, өзара ынтымақтастықта өмір сүруін қалыптастырады. Сонымен қатар, қазақстандық ұлт саясатында адам құқығы қорғалған және жалпы адамзаттық құндылықтар айқын айқындалған. Бұқаралық ақпарат құралдары және оқу-тәрбие жүйесі арқылы ұлы Абайдың, басқа даналардың үлгі-өнеге сөздері, ақыл өсиеттері кеңінен таралған. Мемлекеттегі диаспоралар мен этникалық топтардың мүдделері толық ескерілген.

Қазіргі кезеңдегі негізгі мәселе – ұлтаралық қайшылықтар шешімінің дұрыс әдістері мен тәсілдерін, түрлерін білу қажет. Пікірлер бірлігі мен гуманизм идеясы, жалпы ұлттық мүдде, өзара тиімді шешімді іздеу, трайбализмді, шовенизмді, ұлтшылдықты, космополитизмді жеңу ең бірінші орында болу қажет. Сонда ғана осы жол арқылы қауіп-қатерден сақтанып, өзге ел халықтарымен Қазақстан халықтары арасында ұлтаралық дұрыс қарым-қатынас мәдениеті қалыптасады, әрі қарай дамиды.

Бірлік, татулық исі қазақтың қанында бар қасиет екенін бүгінде әлем мойындап отыр. Бұл ұғымдар Ұлы даланың ұстанымы болып қала бермек.

Кілттік сөздер: бейбітшілік, ұлтаралық бірлік, «Қазақстан -2050» Стратегиясы,

Ұлттық қауіпсіздік, саяси тұрақтылық, өркендеу, ұлтжандылық, отаншылдық, бірлік, келісім.

Қазақстан Республикасында бейбітшілік пен ұлтаралық бірлік, ішкі және сыртқы саясат мәселелері, соның ішінде ұлтаралық мәдениетті қалыптастыру мен патриоттық тәрбие беру мәселесі бүгінде негізгі орында.

Қазақ тарихта тағдыр талайын аз көрмеген халық. Ал ХХІ ғасырда жаһандану дәуірінде Қазақстан «Мәңгілік Ел» болып сақталып, әлемдегі озық отыз мемлекеттің қатарында болу. Бұл - ұлы мақсат.

Егеменді Қазақстанның бүгінгі жағдайында патриотизм, ұлтаралық татулық, ұлттық қауіпсіздік мәселелері жаңа мағынаға ие болып отыр. Себебі Қазақстанды Отаным деп білетін әрбір Қазақстан азаматы Қазақстанды сүйіп, соның азаматы болуы, елін қорғауы, Қазақстанның дамуына, өркендеуіне өз үлесін қосуы зор міндет.

Бүгінде қоғамдық келісімді сақтау мен нығайту мемлекет ретінде, қоғам ретінде, ұлт ретінде өмір сүруіміздің айнымас шарты болып отыр. Қазақстан патриотизмінің іргетасы – барлық азаматтардың тең құқылығы және олардың Отан алдындағы намысы, жалпы жауапкершілігі. [1]

Қазақстан Республикасының тұрақты дамуы, әлеуметтік өмірдегі, экономикадағы, саясаттағы, ғылым мен мәдениеттегі демократиялық өзгерістерінің жарқын келешегі тек бейбітшілік пен ғаламдық қауіпсіздік жағдайында ғана баянды болатындығында жатыр. Стратегиялық бағдарламалармен қатар, маңызды доктриналар қабылдануда. Сондай ақ, Елбасының әрбір Жолдауы бірін бірі толықтырып, сабақтастықтың үлгісін көрсетіп отыр.

Қазақстандағы ұлтаралық келісім мен конфессияаралық диалогты ынталандырып отыру мемлекеттік саясаттың маңызды бағыты болып табылады.

Республикадағы ұлттар мен ұлыстардың ешқайсысын алаламай, бәрінің де толыққанды дамуына нақты жағдайлар туғызып, көп этносты елдегі саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету қазақстандық патриотизмнің туындауына негіз болып отыр.

Ұлтына қарамастан Қазақстанда тұратын әрбір азамат Қазақстанды туған Отаным деп түсінуді, оның қауіпсіздігіне алаңдауы қажет. Сонда ғана адамның жүрегінде қазақстандық патриотизм өзегінің, өз Отанына деген перзенттік мақтаныш сезімнің өркен жайып тамырлануына негіз қаланады.

Біз - қазақ ұлтының патриоттары өзіміздің ұлтымызды сүйетінімізді, әрқандай жағдайда да ұлтымыздың болашағы үшін күресуге дайын екенімізді басқаларға мақтана айтуға тиіспіз. Бұл күресте біз аса білімді және жылдам болуға міндеттіміз. Ана тілінің қадір-қасиетін терең түсінетін, қазақша ойлап, қазақша сөйлейтін, жаза білетін, тілінің дамуын мақсат тұтатын жанашыр жастар «Ана тіліміз Мәңгілік Елімізбен бірге Мәңгілік тіл болды! Оны даудың тақырыбы емес, ұлттың ұйытқысы ете білгеніміз жөн» деген Елбасының пікірлерін қолдайды. [2]

Қазақтың патриотизмі оның жан дүниесінде, тегінде, қанында бар. Тек соны қайта сілкіндіріп, жаңғыртуымыз керек.

Елбасы Н. Назарбаев халқымыздың 2050 жылға дейінгі бағыт бағдарын айқындайтын тарихи құжат – «Қазақстан -2050» Стратегиясында жаңа дәуірдің талаптарын ескере отырып, жаңа қазақстандық патриотизмге ерекше мән берді.

«Қазақ баласын ұлтжандылық, отаншылдық сезімде тәрбиелеу, білім берудің мектепке дейінгі жүйесінен, жоғары оқу орнына дейінгі барлық ұйымдардың міндеті. ХХІ ғасырда өз ұлтын сүйген, бірлікте болған халық қана тұтастығын сақтап қалады», - деп атап кетті Н.Ә.Назарбаев [1]

Қазіргі заманғы қазақтар, ата-баба дәстүрлерін ұстана отырып, бірліктің, толеранттылық пен патриотизмнің, мемлекет пен қоғамға қалтқысыз қызмет етудің үлгісін көрсетіп отыр. Нәтижесінде қазақстандықтардың тарихи сана-сезімі топтасуға, өзінің

өткеніне, қазіргісіне және болашағына патриоттық қарым-қатынас қалыптастыруға жұмыс істеуі тиіс.

Мәдениеттер үнқатысуының теңдессіз еуразиялық үлгісі атанған Қазақстан халқы Ассамблеясы табысты да тұрақты дамудың ең басты шарты ретінде Қазақстан халқы бірлігінің мызғымас тұғыры бола білді.

Сондай-ақ, этносаралық және конфессияаралық қатынастардың басты тетігі ретінде де күллі әлемге үлгі болып отырған Қазақстан халқы Ассамблеясы мемлекетімізде бейбітшілік пен келісімді сақтап, қазақ жерін мекен еткен 100-ден астам ұлыстың өкілдері Отанымыздың тағдырына қатысты ортақ жауапкершілікті бірге арқалаған біртұтас отбасына айналуына шексіз үлес қосуда. Отанға, туған жерге, өзіміздің ата-бабаларымызға, өзіміздің біртұтас және бөлінбейтін тарихымызға деген сүйіспеншілік бүкіл қазақстандықтар үшін айрықша маңызға ие. Біздің асыл мұратымыз – Тәуелсіздік, бірлік, келісім және өркендеу. Оны Қазақстанның халқы өзі қалыптастырады. Сондықтан да біз бір халықпыз – бір елміз – бір тағдырмыз! [3]

Астана қаласында үш жылда бір рет өткізілетін Әлемдік және дәстүрлі дін лидерлерінің съезі конфессиялар арасындағы өзара қарым қатынасты нығайтудағы келелі бір қадам және Қазақстанның өркениеттердің жаһандық келіссөзіне қосқан қомақты үлесі болды. Елбасының бастамасымен құрылған Мәдениеттер мен діндердің халықаралық келісім үлгісін дәріптеуде, дін мәселелерін зерттеуде дәстүрлі съездер жұмыла жұмыс атқарып келеді.

Елбасы «Қазақстан -2050» Стратегиясында айрықша атап өткен қазақстандық патриотизм мен барлық этностар азаматтары құқықтарының теңдігі – тұтас стратегияның табысты жүзеге асуының кепілі. Мемлекеттік тілдің конституциялық мәртебесіне сай биікке көтерілуі, барлық этнос өкілдерінің оны ұлтты ұйыстырушы негізгі құрал ретінде жүрекпен қабылдап, ниетпен үйренуі, Ата заңымызда атап көрсетілген дін бостандығын есте сақтаумен бірге ел дәстүріне қайшы келетін түрлі ағымдардан сақ болуы, әркімнің өз ұлттық даралығын сақтай отырып, ортақ құндылық – қазақстандық мәдениет, қазақстандық дәстүр мен даралық арқылы бірігуі, түптеп келгенде, стратегияның барлық басымдықтарының түбегейлі орындалуына, сол арқылы стратегияның түпкі мақсаты Мәңгілік ел болуымызға негіз қалайды.

ҚР Президенті Н.Назарбаев бейбітшілік, ұлтаралық татулық, экономикалық даму, дипломатия ұғымдарын басты қағидаға айналдырды. Елбасы саясатының нәтижесінде мемлекетіміз көптеген асулардан асып, қамалдарды бағындырып келеді. Әлемдік жүйеде мұндай эволюциялық жолмен азғана уақыт ішінде қазіргі жағдайға еліміз секілді ешқандай мемлекет жеткен емес. Мұндай жетістіктерге жету үшін тынбай еңбек етіп, тер төгуіміз тиіс. Ішкі саясатта саяси тұрақтылық, экономикалық өрлеу орын алуы тиіс.

«Біздің қоғамның әртүрлілігі – біздің әлсіздігіміз емес, қуатымыз. Барлық азаматтар бірдей құқықты пайдаланып, бірдей жауапкершілікті сезініп, түрлі мүмкіндіктерге де бірдей қол жеткізулері керек», деді Ұлт Көшбасшысы. Оның сөзінше, біздің қоғам тарихи жағдайларға байланысты көптеген тіл мен ұлтқа ие болып, одан да мықты, әрі ынтымақты ел бола түсті. Бүгін бізді «Мәңгілік Ел» құндылықтары біріктіреді. Бұл – азаматтық теңдік, еңбекқорлық, әділдік, ғылым мен білім, төзімділік, Отанға деген сүйіспеншілік пен адалдық.

Тұрақтылық бар жерде даму болатыны сөзсіз. Сонымен, тұрақтылық дегеніміз – қоғамның саяси жүйесінің қоғамдық өзгерістерге уақытында жауап беріп, шиеленістерді дер кезінде шеше алу жағдайларын айтамыз.

Сондықтан Қазақстанның түпкі мақсаты саяси тұрақтылық арқылы Мәңгілік Елге қол жеткізу. Осы туралы Н.Назарбаев былай атап өтті: «Біз Жалпы ұлттық идеямыз – Мәңгілік Елді басты бағдар етіп, тәуелсіздігіміздің даму даңғылын Нұрлы Жолға айналдырдық. Қажырлы еңбек қажет ететін, келешегі кемел Нұрлы Жолда бірлігімізді

бекемдеп, аянбай тер төгуіміз керек. Мәңгілік Ел – елдің біріктіруші күші, ешқашан таусылмас қуат көзі. Ол «Қазақстан - 2050» Стратегиясының ғана емес, ХХІ ғасырдағы Қазақстан мемлекетінің мызғымас идеялық тұғыры! Жаңа қазақстандық патриотизм дегеніміздің өзі – Мәңгілік Ел! Ол – барша Қазақстан қоғамының осындай ұлы құндылығы».

«Біз тұрақтылықты бағалай білгеніміздің арқасында бүгінгідей табыстарға жеттік. Ешкімді кемсітпей, ешкімнің тілі мен ділін мансұқтамай, барлық азаматтарға тең мүмкіндік беру арқылы тұрақтылықты нығайтып келеміз. Біздің көпұлтты болуымыз біздің мақтанышымыз деп саяси тұрақтылық пен ынтымақтастықты, ұлтаралық татулықты бірінші кезекке қоятын мемлекет басшысы қоғамдағы тыныштықты сақтауды талап етті. Біздің кейінгі ұрпаққа аманат етер ең басты байлығымыз – Ел бірлігі болуы тиіс. Осынау жалпыұлттық құндылықты біз әрбір жастың бойына сіңіре білуге тиіспіз» деген Елбасының айтқан сөздері аса үлкен маңызға ие.

«Ел тәуелсіздігі, ұлт мұраты, ұрпақ болашағы сияқты ұлы құндылықтар ғана мәңгі... Рухы биік, еңбегі ерен, бірлігі мығым Мәңгілік Ел болу үшін бізде бәрі бар... Біздің тірегіміз – тәуелсіздік, тілегіміз – тұрақтылық, білегіміз – бірлік!», деген Н.Ә.Назарбаев ұлы құндылықтар негізіне патриоттық рухты жатқызады.[4]

Жаңа жаһандық үрдістер заманында ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында. Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар – ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы. Ұлт немесе жеке адам нақты бір межеге бет түзеп, соған мақсатты түрде ұмтылмаса, ертең іске аспақ түгілі, елді құрдымға бастайтын популистік идеологиялар пайда болады. Өкінішке қарай, тарихта тұтас ұлттардың ешқашан орындалмайтын елес идеологияларға шырмалып, ақыры су түбіне кеткені туралы мысалдар аз емес.

Бүгінде қоғамдық келісімді сақтау мен нығайту мемлекет ретінде, қоғам ретінде, ұлт ретінде өмір сүруіміздің айнымас шарты болып отыр. Қазақстан патриотизмінің іргетасы – барлық азаматтардың тең құқылығы және олардың Отан намысы алдындағы жалпы жауапкершілігі. «Біз саяси тұрақтылық пен қоғамдық келісімнің арқасында экономикамызды, саясатымызды және санамызды жаңғыртуға кірістік». [5]

Енді айқын, түсінікті және болашаққа жіті көз тіккен бағдарлар керек. Адамның да, тұтас ұлттың да нақты мақсатқа жетуін көздейтін осындай бағдарлар ғана дамудың көгіне темірқазық бола алады. [6]

Бірлік пен ынтымақтастыққа, елдің дамуы мен өркендеуіне қатысты сүбелі мәселелерді сөз еткен Ұлт Көшбасшысы: «Дамудың сыры – бірлікте, табыстың сыры тірлікте екенін баршаңыз білесіздер. Мұратқа жолын тапқан жетеді. Еңбегіміздің жанбағы біздің ортақ үйімізді бейбітшіліктің бесігі етіп, барды бағалай білуімізге байланысты. Қазақты қасиетті қарашаңыраққа баласақ, еліміздің барша этностары сол шаңыраққа уық болып қадалуы тиіс. Ортақ Отанымыз – Қазақстанның босағасын берік, шаңырағын биік етіп, түтінін түзу ұшыру – баршамыздың елдік мақсатымыз. Сонда ғана «Қазақстан - 2050» стратегиясында айтылған әлемдегі үздік 30 елдің қатарына ене аламыз. Біздің Отанымыз – ортақ, тілегіміз – бір, мақсатымыз жалғыз. Ол – жері гүлденген, елі түрленген, дамуы жедел, ұрпағы кемел Мәңгілік Елге айналу. «Саусақ ашса қылдырық, жұмса жұдырық» деген қағиданы көңілге берік түйе отырып, ұлы мақсатқа қарай бірге сапар шегейік, қымбатты отандастар» деді.[7] Мемлекет құру жолында теңдессіз, мол тәжірибие жинап, жаңа кезеңге қадам басып отырмыз. Алдымызда қандай қиындықтар кездесе де, оларды еңсере алатындығымызға сенімдімін. Біздің басты күшіміз -

бірлікте.[8] Қазақ елінің идеясы – Мәңгілік ел болу идеясы. Ұлы мақсаттар ел мүддесіне қызмет етуі тиіс деген идеяны назарға ала отырып, Мәңгілік ел идеясын ортақ үйіміздегі ұлттық бірліктің, жалпыхалықтық құндылықтардың, тұрақтылықтың, ұлттық қауіпсіздіктің кепілі ретінде қабылдаймыз!

«Соңғы кездері әлемдік саяси және экономикалық трансформация үдерістері күшейе түсті. Әлем қарқынды түрде өзгеріп келеді. Бүгінде жаһандық және жергілікті проблемалар тоғыса түсуде. Мұндай жағдайда сын-қатерлерге төтеп берудің және мемлекеттің табысқа жетуінің кепілі елдің басты байлығы – адамның даму мәселесі болып отыр.[9]

Ұлы Дала төсінде татулығымыз тұрақты, ел бірлігі мәңгілік болуы жолында әрбір азамат ішкі саяси тұрақтылық пен татулықты басты ұран етіп, еліміздің болашағы үшін нақты істердің жүзеге асуына өз үлестерін қосуы тиіс.

Ендеше, қасиетті қазақ жерін мекен еткен барша этнос өкілдері бір атаның балаларындай, «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара» бірігіп, көрнекті істің көмілмейтінін, біріге істегеннің берік болатынын көкейге түйе отырып, ырыстың бұлағы, бақыттың шырағы – еңбекке жұмылуға тиіс. Сонда ғана біз Ұлы Дала жерінде тұратын әрбір азаматтың, әрбір отбасының ұлы Тәуелсіздігіміздің желбіреген көк туының астында елі мен жері үшін атқарған ерен еңбегін мақтан тұтып, бақытты болашаққа беттегенін көреміз.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Президенті Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан - 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты, Егемен Қазақстан, 15.12.2012 ж.
2. Қазақстан Республикасының Президенті Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ», 17.01.2014 ж.
3. Н. Ә. Назарбаев « «Қазақстан - 2050» Стратегиясы: бір халық - бір ел – бір тағдыр», Қазақстан халқы Ассамблеясының XX сессиясында сөйлеген сөзі, Егемен Қазақстан, 25.04.2013 ж.
4. Қазақстан Республикасының Президенті Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсу, реформалар, даму», 30.11.2015 ж.
5. Қазақстан Республикасының Президенті Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері», 10.01.2018 ж.
6. Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», сәуір 2017 ж.
7. Н. Ә. Назарбаев «Отан – ортақ, тілек - бір», Қазақстан халқы Ассамблеясының XXI сессиясында сөйлеген сөзі, Егемен Қазақстан, 18.04.2014 ж.
8. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік», 31.01.2017 ж.
9. Қазақстан Республикасының Президенті Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру», 05.10.2018 ж.

Аннотация: В данной статье рассматривается общественное согласие как основа стабильности и развития Казахстана. Идея толерантности, духовного единения и межконфессионального сотрудничества является основой государственной политики. На этом пути главным и первым шагом должна быть гуманизация межнациональных отношений. В то же

время права человека в национальной политике Казахстана защищены, и общечеловеческие ценности четко определены. Средства массовой информации и образовательная система широко используются в форме великого Абая, других примеров и заповедей ума. Интересы диаспор и этнических групп в государстве полностью учтены. Основной проблемой в современном мире является необходимость знать правильные методы и способы решения межэтнических конфликтов. Идея идеи и идея гуманизма, общенациональный интерес, поиск взаимоприемлемого решения, трибализм, шовинизм, национализм и космополитизм должны быть на вершине. Только тогда удастся избежать опасности этого пути, развивать и развивать культуру межнационального согласия между народами других наций и народами Казахстана. Сегодня мир признает, что единство, душевное спокойствие - это качество казахской крови. Эти понятия являются положением Великой степи.

Abstract: This article examines public consent as the basis for the stability and development of Kazakhstan. The idea of tolerance, spiritual unity and interfaith cooperation is the basis of state policy. In this way, the main and first step should be the humanization of interethnic relations. At the same time, human rights in the national policy of Kazakhstan are protected, and human values are clearly defined. The media and educational system are widely used in the form of the great Abai, other examples and commandments of the mind. Interests of diasporas and ethnic groups in the state are fully taken into account. The main problem in the modern world is the need to know the right methods and ways to solve inter-ethnic conflicts. The idea of the idea and the idea of humanism, a national interest, the search for a mutually acceptable solution, tribalism, chauvinism, nationalism and cosmopolitanism must be at the top. Only then will it be possible to avoid the danger of this path, to develop and develop a culture of interethnic harmony between the peoples of other nations and the peoples of Kazakhstan. Today, the world recognizes that unity, peace of mind is the quality of Kazakh blood. These concepts are the position of the Great Steppe.

ӘОЖ 3701:544.018

Турабаева Л.К., Есболаева И.А., Балқыбекова Қ.А.

ф.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
магистр, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
магистр, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР – САПАЛЫ САБАҚ КЕПШІ

Түйін: Мақалада білім беру үрдісіне жаңа инновациялық әдіс тәсілдерді енгізу студенттердің білімге деген қызығушылығын арттыратыны туралы айтылған. Оқытуда тиімді әдіс-тәсілдерді пайдалану сабақтың жақсы өтуіне септігін тигізеді деп көрсетілген. Қазіргі білім беру жүйесінде оқытушы шығармашылық ізденіс жұмыстарын көбірек жасауы тиіс екендігі түсіндірілген. Сондай-ақ мақалада мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейтіні жайлы айтылады.

Жеке тұлғаны дамытудағы қоғамның рухани және адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруда білім беру саласына баса назар аударарлық мәселе екендігі түсіндіріледі. Қазіргі кезде бұрын тәжірибеде болмаған жаңаша оқытудың тиімді тәсілдерін қолданып, жетістікке қол жеткізуге болатыны қарастырылады. Ол үшін сабақта тиімді жаңа әдіс-тәсілдерді көбірек қолдану тұстары атап өтілген.

Кілттік сөздер: білім беру бағдарламасы, оқыту әдістері, интерактивті әдіс-тәсілдер.

Білім беру үдерісі оқу мақсаттарына жетуге және білім алушыдан алынған білім мен дағдыларды кез келген оқу жағдайында тексеруді қажет етеді. Біз өз іс-тәжірибемізде «Сын тұрғысынан ойлау технологиясын» пайдалана отырып, бағалаудың қалыптастырушы түрін енгіздік. «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау» бағдарламасының стратегияларын ұтымды пайдалану арқылы білім алушының шығармашылық қабілетін

анықтау мен күшейтуде, оқытудың тиімділігі, сапасын арттыруда ерекше маңызды екеніне көз жеткізе аламыз. Бұл бағдарламаның мақсаты – барлық жастағы білім алушыға сыни тұрғыдан қарап, ең керекті пікір, ұйғарым таңдауға, шешім қабылдауға, өзін-өзі бағалауға, бірін-бірі бағалауға үйрету болып табылады. Олардың білім деңгейін көтеруге, шығармашылыққа баулуға, ойларын еркін айтуға жетелеу үшін жұмыс жасау керек. Сын тұрғысынан ойлау сынау емес, шыңдалған, бірін-бірі толықтырған ойлау деп айтсақ болады.

Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы бүгінгі басты міндеттерінің бірі – жастарға терең білім беру. Ал, ол үшін негізі жалпы білім беретін оқу орындарында оқыту үрдісін жақсартуға білім саласына жаңа технологияларды енгізу қажет.

Оқу-тәрбие үрдісіне жаңа инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу білім алушының білімге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып өз бетімен ізденуге шығармашылық еңбек етуге жол салады. Пәндерді оқытуда тиімді әдіс-тәсілдерді пайдалану мен сабақты қызықты әрі тиімді өткізу педагогтың шеберлігіне байланысты. Ол бүгінгі білім беру кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару оқытушының қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісімен келетіні белгілі. Сол себепті де әрбір білім алушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеру әрбір ұстаз үшін маңызды.

Білім беруге заман талабы тұрғысынан, жеке тұлғаны дамыту тұрғысынан қоғамның рухани және адамгершілік құндылықтарын қалыптастыра отырып білім саласында көңіл бөлетін жайттардың бірі. Білім алушының сабаққа деген ынтасы мен қызығушылығын тудыру үшін оқытушының өзі бірнеше әдіс-тәсілдерді жіті меңгеруі керек. Әсіресе, сабақ барысында ойын технологиясын қолданудың өз ерекшеліктері бар. Мысалыға алар болсақ, «Ойлан, тап» ойыны өте тиімді тәсіл. Сурет арқылы мәтін бөліктерін шашып, одан кейін оны қайтадан тез жинату керек. Бұл жерден білім алушының жүйріктігі мен ойлау қабілетін дамыту жұмыстарының жүргізілетінін байқауға болады.

«SVOT» әдісі бұл білім алушының өзін және өзге топты бағалауына өте тиімді әдіс деп айта аламыз. Мысалы тақырыпқа сай мәтін арқылы кейіпкерлерге мінездеме беру, олардың мінез-құлық ерекшеліктерін ажырата білу, бойындағы адамгершілік қасиеттерді байқау, бағалау, т.б. арқылы оларды тани алады. Келесі ойын түрі «Тобыңменмен сырлас» ойынында өз ойларын анық, дәл, нақты жеткізе алады. Себебі, жанындағы адамға сұрақ қою арқылы түрлі жауаптар алуға болады. Осылай жанындағы адаммен пікірлесе отырып, көптеген мәліметтер алады. Келесі «Сұраққа жылдам жауап бер» тапсырмасы бойынша бірнеше қарапайым сұрақтар беру керек. Олардың сұраққа қаншалықты нақты, дәл жауап бергендері өздерінің жауаптары арқылы қандай баға алғандарын көрсетеді.

«Сюжеттік кесте» бойынша сұрақ-жауап әдісімен мәтінді қаншалықты меңгергендері мен сөйлем құрастыруын бақылай аламыз. «Сұрақты тауып ал» деген тәсіл арқылы бірнеше сөйлемдер құрастырудың нәтижесінде бір ғана сұрақтың жауабы болады.

«Сұқбат алу» әдісінде екі адам белгілі бір тақырып жайында сұқбат құрады. Ал үшінші адам сол естігендерін әңгімелеп айтып береді. «Ақпаратпен бөлісу» тәсілін сабақтың соңында қолданған тиімді. Себебі сабақты қорытындылаған кезде тақырыпқа сәйкес сөздер тізбегін жүйеге келтіру тапсырылады. Қалған ақпаратты толықтыру үшін топтағы адамдардың көмегі арқылы табады.

«Проблема айқындау», «Проблема шешу», «Проблема шешімін қолдану», «Ой қозғау». Осындағы «Проблема айқындау» кезеңінде білім алушылар сабақ мазмұнын өздерінің бұрынғы білімдерімен салыстырып, байланыстырады. Оқытушының бұл кезеңдегі басты мақсаты – білім алушыларды жаңа білім қабылдауға және игеруге белсендіру. Бұл тұста тәсілін қолдану орынды болмақ. Өйткені бұл тәсіл бойынша белгілі

бір ақпарат туралы кіріспе сұрақтары қамтылып, оқушылар өз ойларын еркін, еш құманданбай жеткізеді. Жаңа сабақта игерілетін білім жөнінде түсінік қалыптастырады.

Атақты Джером Брунер «Білім беру үдерісі» (1960) атты еңбегінде адамның танымдық қабілеті шартты түрде бөлінген үш сатыдан тұрады деп тұжырымдайды:

-белсенді (жұмыс үдерісінде білім алу);

-бейнелік (суреттер мен бейнелердің көмегімен білім алу);

-таңбалық (сөздер мен сандардың көмегімен білім алу).

Қазақ тілін оқыту барысында мынадай талаптар орын алуы қажет: 1) қазақ тілін күнделікті өмірде еркін қолдану; 2) еркін сөйлеу үшін сөз байлығын арттыру 3) әртүрлі жағдаятта тілді қолдана білу; 4) өмір талабына сай енгізіліп жатқан өзгерістерді қорқынышсыз қабылдау.

Оқу үдерісінде жүйелі жүргізілетін сөздік жұмысы, әңгіме оқу, мәтінмен жұмыс жасау, постерлермен жұмыс істеу, өлеңдер жаттау, жағдаяттық тілдесімге түсу, сахналық қойылым дайындау, белсенді әдістерді қолдану барысында, білім алушылардың сөздік қоры жетіледі.

Бұдан мынадай қорытындылар шығаруға болады. Әдіс-тәсілдерді меңгеру мен оларды сабақта тиімді қолданудың қаншалықты ұтымды тұстары бар екенін мынадан көруге болады:

1. Түрлі әдіс-тәсілдер білім алушыны шығармашылық тұлға ретінде қалыптастырады.
2. Тақырыпқа қызығушылығы пайда болады.
3. Шығармашылық қызығушылығы арта түседі.
4. Білім алушының ой-өрісін кеңейтеді.
5. Тақырыпты талдауға пікірталас пайда болады.
6. Мәтіндегі өзекті мәселеге білім алушының көзқарасы анықталады.
7. Шынайы өмірмен салыстырмалы түрде анықтай алады.
8. Топта жұмыс жасалады.
9. Мәтін бойынша жеке кейіпкерлерді, олардың іс-әрекеттерін зерттей алады.
10. Жеке кейіпкерді талдау барысында, өзге де кейіпкерлердің бейнесін тани түседі.
11. Ой қорытып, өз ойларын жазады.

Жаңартылған білім беру бағдарламасы мен бағалау жүйесін енгізу аталған міндеттерді шешу үшін қабылданған шаралардың бірі болып табылады. Осы жаңа білім беру бағдарламасының да өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл білім алушылардың оқылым, жазылым, айтылым, тыңдалым арқылы сөйлеу дағдылары бойынша проблемаларды шешу, ғылыми-зерттеу жүргізу және анықтамалық материалдарды зерделеумен байланысты дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Оқу пәндері арасында байланыс орнату білім беру бағдарламасының аясын кеңейтіп, теңестіреді, тереңірек білім алуға мүмкіндік береді, көптеген дағдыларды қалыптастырады, түсінік пен дағдыларды дамытуға көмектесе алады, оқудың анағұрлым саналы меңгерілуіне көмектеседі, оқуға деген уәжді арттыра алады.

Топтық жұмыс барысында оқытушы әрбір топтағы білім алушылардың талқылауын тыңдайды және бақылайды: кейбір білім алушылар бағалау критерийлеріне сәйкес оқу мақсатына жеткендігін жылдам көрсете алады.

Электронды оқулықтар мен электрондық кітаптар және жаңа технологияларды пайдалану белсенді оқудың қызықты тәсілдеріне жатады. Бұл білім алушының уәжін арттыра және зерттеу жүргізу, қарым-қатынас жасау, ынтымақтастық орнату және тапсырмаларды тиімді іске асыру үшін қолданылады. Білім алушылардың ақпарат іздеп, өз тәсілдерін табуына мүмкіндік бере отырып, олардың өз үлесін қосуына септігін тигізеді, өз бетінше білім алуға мүмкіндік беретін тәсілдердің бірі болып табылады.

Сондықтан да оқытушы белсенді әрекет ете отырып, білім алушылардың танымдық қабілетін дамытып, ғылым негіздерін игеруге, белгілі бір білімдердің, дағдылар мен

іскерліктерін қалыптастырып, еңбек және кәсіби дағдыларын дамытуда еңбек етуі тиіс.

Қазіргі ғылым мен техниканың дамыған кезінде оқу-білімнің, соның ішінде біздің болашағымыз бүгінгі білім алушының білімі мен тәрбиесі маңызды мәселе.

Қазіргі өркениетке жеткізетін құрал тек қана – білім. Яғни, ертеңгі күннің бүгінгіден нұрлы болуына ықпал етіп, адам баласын алға жетелер құдіретті күштің бірі білім болса, оның діңгегінің мықты да сапалы болуы үшін жас ұрпаққа заманауи білім мен тәрбие беру – қазіргі кезеңнің өзекті мәселесіне айналғаны ақиқат.

Жаңа әдіс-тәсілдерді сабақта қолдану барысында күтілетін нәтижелер білім алушылардың қалай оқу керектігін үйреніп, олардың өздігінен оқып түйінді мәселелерді іріктеп алуы, өзіне деген сенімділігінің қалыптасуы, еркін, өзіндік дәлел-уәждерін жеткізе білуі, оқуға деген қызығушылығының артуы, ынталы, сұрақ қойып, сұрақтарға жауап бере алуы, сыни пікір-көзқарастары жүйелі дамыған, сандық технологияларда құзырлылық танытатын, ақпаратты қабылдап қолдануға, саралап, даралауға, жүйелеуге дағдылануы қамтамасыз ету.

Үздіксіз білім берудегі жаңа тәсілдер оқыту әдістерін өзгертудегі жаңа бастама, бұл сындарлы оқыту теориясының негіздерін қамтыған. Бұл теория білім алушылардың ойлануын дамытуда олардың бұрынғы алған білімдері мен жаңа немесе аудиториядағы түрлі дерек көздерінен, оқытушыдан, оқулықтан және достарынан алған білімдерімен өзара әрекеттесуі жағдайында жүзеге асады деген тұжырымға негізделген.

Әрбір ұстаз әр баланың талабын оның ішкі жан дүниесін жүрегінен ұға алу керек. Жаңа формация мұғалімі – бұл пәндік білім жүйесінің, іскерлік пен дағдының, кез келген ғылыми білім сапасын меңгерген маман ғана емес, оқыту технологиясының жүйесімен, білім алушылардың өмірге дағдыландыру құзырлығын айқындау бағытындағы әдіс-тәсілдерімен қаруланған тұлға. Ал білім алушы ізденуші, білімді өз бетімен меңгеріп, тақырыптың мақсатына өзі жетуі керек. Оқудағы жаңа тәсілдер оларға оқуды өз бетінше жалғастыруға қажет білімді жинау жауапкершілігін түсінуге, оны өз мойнына қалай алуға болатынын көрсетуге көмектеседі.

Әдебиеттер тізімі

1. Әлімов А. Оқытудағы интербелсенді әдіс-тәсілдер. Алматы: Ана тілі. 2014, 137б.
2. Джером Брунер. Білім беру үдерісі. Москва. Просвещение, 1960, 167с.
3. Жантелова К. Қазақ тілін ақпараттық технологиялар жүйесімен үйрету // Қазақстан мектебі, Алматы, 2013, №3. Б.20-21.
4. Нұрмағамбетова Ә.М. Ақпараттық-коммуникативтік технологияны оқу үрдісінде пайдалану // Педагогикалық альманах, Алматы, 2010. №3-4.Б. 63-64.
5. Оқыту мен оқудың белсенді әдістері. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, Астана. 2015, 128б.

Аннотация: В статье говорится о том, что внедрение новых инновационных подходов в образовательный процесс повышает интерес студентов к знаниям. Использование эффективных методов и приемов в обучении позволяет лучше проводить занятия. В современной системе образования преподаватель должен сделать больше творческих поисковых работ. В статье также говорится о том, что организация учебного процесса на уровне государственных образовательных стандартов обязывает внедрять новые педагогические технологии.

При формировании духовных и нравственных ценностей общества в развитии личности следует учитывать, что в области образования уделяется особое внимание. В настоящее время рассматривается возможность достижения успеха, применяя эффективные методы обучения, которые раньше не были на практике. Для этого на занятии были отмечены наиболее эффективные методы и приемы.

Abstract: The article notes that the introduction of new innovative approaches to the educational process increases students' interest in knowledge. The use of effective methods and techniques in training allows you to better conduct classes. In the modern education system, the Teacher should be more engaged in creative search works. The article also states that the organization of the educational process at the level of state educational standards obliges to introduce new pedagogical technologies.

In the formation of spiritual and moral values of society in the development of the individual should take into account that in the field of education is given special attention. Currently, the possibility of success is being considered, using effective teaching methods that were not previously in practice. To do this, the most effective methods and techniques were noted at the lesson

ӘОЖ 3701:544.018

Турабаева Л.К., Есболаева И.А., Балқыбекова Қ.А.

ф.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
магистр, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
магистр, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР – САПАЛЫ САБАҚ КЕШЛІ

Түйін: Мақалада білім беру үрдісіне жаңа инновациялық әдіс тәсілдерді енгізу студенттердің білімге деген қызығушылығын арттыратыны туралы айтылған. Оқытуда тиімді әдіс-тәсілдерді пайдалану сабақтың жақсы өтуіне септігін тигізеді деп көрсетілген. Қазіргі білім беру жүйесінде оқытушы шығармашылық ізденіс жұмыстарын көбірек жасауы тиіс екендігі түсіндірілген. Сондай-ақ мақалада мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейтіні жайлы айтылады.

Жеке тұлғаны дамытудағы қоғамның рухани және адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруда білім беру саласына баса назар аударарлық мәселе екендігі түсіндіріледі. Қазіргі кезде бұрын тәжірибеде болмаған жаңаша оқытудың тиімді тәсілдерін қолданып, жетістікке қол жеткізуге болатыны қарастырылады. Ол үшін сабақта тиімді жаңа әдіс-тәсілдерді көбірек қолдану тұстары атап өтілген.

Кілттік сөздер: білім беру бағдарламасы, оқыту әдістері, интерактивті әдіс-тәсілдер.

Білім беру үдерісі оқу мақсаттарына жетуге және білім алушыдан алынған білім мен дағдыларды кез келген оқу жағдайында тексеруді қажет етеді. Біз өз іс-тәжірибемізде «Сын тұрғысынан ойлау технологиясын» пайдалана отырып, бағалаудың қалыптастырушы түрін енгіздік. «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау» бағдарламасының стратегияларын ұтымды пайдалану арқылы білім алушының шығармашылық қабілетін анықтау мен күшейтуде, оқытудың тиімділігі, сапасын арттыруда ерекше маңызды екеніне көз жеткізе аламыз. Бұл бағдарламаның мақсаты – барлық жастағы білім алушыға сыни тұрғыдан қарап, ең керекті пікір, ұйғарым таңдауға, шешім қабылдауға, өзін-өзі бағалауға, бірін-бірі бағалауға үйрету болып табылады. Олардың білім деңгейін көтеруге, шығармашылыққа баулуға, ойларын еркін айтуға жетелеу үшін жұмыс жасау керек. Сын тұрғысынан ойлау сынау емес, шындалған, бірін-бірі толықтырған ойлау деп айтсақ болады.

Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы бүгінгі басты міндеттерінің бірі – жастарға терең білім беру. Ал, ол үшін негізі жалпы білім беретін оқу орындарында оқыту үрдісін жақсартуға білім саласына жаңа технологияларды енгізу қажет.

Оқу-тәрбие үрдісіне жаңа инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу білім алушының білімге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып өз бетімен ізденуге шығармашылық еңбек етуге жол салады. Пәндерді оқытуда тиімді әдіс-тәсілдерді пайдалану мен сабақты қызықты әрі тиімді өткізу педагогтың шеберлігіне байланысты. Ол бүгінгі білім беру кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару оқытушының қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісімен келетіні белгілі. Сол себепті де әрбір білім алушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеру әрбір ұстаз үшін маңызды.

Білім беруге заман талабы тұрғысынан, жеке тұлғаны дамыту тұрғысынан қоғамның рухани және адамгершілік құндылықтарын қалыптастыра отырып білім саласында көңіл бөлетін жайттардың бірі. Білім алушының сабаққа деген ынтасы мен қызығушылығын тудыру үшін оқытушының өзі бірнеше әдіс-тәсілдерді жіті меңгеруі керек. Әсіресе, сабақ барысында ойын технологиясын қолданудың өз ерекшеліктері бар. Мысалыға алар болсақ, «Ойлан, тап» ойыны өте тиімді тәсіл. Сурет арқылы мәтін бөліктерін шашып, одан кейін оны қайтадан тез жинату керек. Бұл жерден білім алушының жүйріктігі мен ойлау қабілетін дамыту жұмыстарының жүргізілетінін байқауға болады.

«SVOT» әдісі бұл білім алушының өзін және өзге топты бағалауына өте тиімді әдіс деп айта аламыз. Мысалы тақырыпқа сай мәтін арқылы кейіпкерлерге мінездеме беру, олардың мінез-құлық ерекшеліктерін ажырата білу, бойындағы адамгершілік қасиеттерді байқау, бағалау, т.б. арқылы оларды тани алады. Келесі ойын түрі «Тобыңменмен сырлас» ойынында өз ойларын анық, дәл, нақты жеткізе алады. Себебі, жанындағы адамға сұрақ қою арқылы түрлі жауаптар алуға болады. Осылай жанындағы адаммен пікірлесе отырып, көптеген мәліметтер алады. Келесі «Сұраққа жылдам жауап бер» тапсырмасы бойынша бірнеше қарапайым сұрақтар беру керек. Олардың сұраққа қаншалықты нақты, дәл жауап бергендері өздерінің жауаптары арқылы қандай баға алғандарын көрсетеді.

«Сюжеттік кесте» бойынша сұрақ-жауап әдісімен мәтінді қаншалықты меңгергендері мен сөйлем құрастыруын бақылай аламыз. «Сұрақты тауып ал» деген тәсіл арқылы бірнеше сөйлемдер құрастырудың нәтижесінде бір ғана сұрақтың жауабы болады.

«Сұқбат алу» әдісінде екі адам белгілі бір тақырып жайында сұқбат құрады. Ал үшінші адам сол естігендерін әңгімелеп айтып береді. «Ақпаратпен бөлісу» тәсілін сабақтың соңында қолданған тиімді. Себебі сабақты қорытындылаған кезде тақырыпқа сәйкес сөздер тізбегін жүйеге келтіру тапсырылады. Қалған ақпаратты толықтыру үшін топтағы адамдардың көмегі арқылы табады.

«Проблема айқындау», «Проблема шешу», «Проблема шешімін қолдану», «Ой қозғау». Осындағы «Проблема айқындау» кезеңінде білім алушылар сабақ мазмұнын өздерінің бұрынғы білімдерімен салыстырып, байланыстырады. Оқытушының бұл кезеңдегі басты мақсаты – білім алушыларды жаңа білім қабылдауға және игеруге белсендіру. Бұл тұста тәсілін қолдану орынды болмақ. Өйткені бұл тәсіл бойынша белгілі бір ақпарат туралы кіріспе сұрақтары қамтылып, оқушылар өз ойларын еркін, еш күманданбай жеткізеді. Жаңа сабақта игерілетін білім жөнінде түсінік қалыптастырады.

Атақты Джером Брунер «Білім беру үдерісі» (1960) атты еңбегінде адамның танымдық қабілеті шартты түрде бөлінген үш сатыдан тұрады деп тұжырымдайды:

- белсенді (жұмыс үдерісінде білім алу);
- бейнелік (суреттер мен бейнелердің көмегімен білім алу);
- таңбалық (сөздер мен сандардың көмегімен білім алу).

Қазақ тілін оқыту барысында мынадай талаптар орын алуы қажет: 1) қазақ тілін күнделікті өмірде еркін қолдану; 2) еркін сөйлеу үшін сөз байлығын арттыру 3) әртүрлі

жағдаятта тілді қолдана білу; 4) өмір талабына сай енгізіліп жатқан өзгерістерді қорқынышсыз қабылдау.

Оқу үдерісінде жүйелі жүргізілетін сөздік жұмысы, әңгіме оқу, мәтінмен жұмыс жасау, постерлермен жұмыс істеу, өлеңдер жаттау, жағдаяттық тілдесімге түсу, сахналық қойылым дайындау, белсенді әдістерді қолдану барысында, білім алушылардың сөздік қоры жетіледі.

Бұдан мынадай қорытындылар шығаруға болады. Әдіс-тәсілдерді меңгеру мен оларды сабақта тиімді қолданудың қаншалықты ұтымды тұстары бар екенін мынадан көруге болады:

Түрлі әдіс-тәсілдер білім алушыны шығармашылық тұлға ретінде қалыптастырады.

Тақырыпқа қызығушылығы пайда болады.

Шығармашылық қызығушылығы арта түседі.

Білім алушының ой-өрісін кеңейтеді.

Тақырыпты талдауға пікірталас пайда болады.

Мәтіндегі өзекті мәселеге білім алушының көзқарасы анықталады.

Шынайы өмірмен салыстырмалы түрде анықтай алады.

Топта жұмыс жасалады.

Мәтін бойынша жеке кейіпкерлерді, олардың іс-әрекеттерін зерттей алады.

Жеке кейіпкерді талдау барысында, өзге де кейіпкерлердің бейнесін тани түседі.

Ой қорытып, өз ойларын жазады.

